

894.342-3  
282.  
Класс. 82.

# ИҲТАР ӘҮЕЗОВ

---

15





ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ  
М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ  
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

# МУХТАР ӘУЕЗОВ

ЖИЫРМА ТОМДЫҚ  
ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ



АЛМАТЫ  
«ЖАЗУШЫ»  
1984

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ  
М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ  
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

894.392-3


782

# МҰХТАР ӘУЕЗОВ

ОН БЕСІНШІ ТОМ




*Мақалалар,  
зерттеулер*



АЛМАТЫ  
«ЖАЗУШЫ»

1984



Редакциялық коллегия:

АХМЕТОВ З., ӘУЕЗОВА Л., БАЗАРБАЕВ М.,  
БЕРДІБАЕВ Р., ҚАРАТАЕВ М., МҮСРЕ-  
ПОВ Ф., НҮРПЕНІСОВ Ә., ТӘЖІБАЕВ Ә.,  
ШӘРІПОВ Ә.

Ғылыми түсініктерді жазып,  
томды баспаға әзірлегендер:

ӘУЕЗОВА Л., МЫРЗАХМЕТОВ М., СЕРІК-  
ҚАЛИЕВ З., ӘКІМОВ Т., ДОСЫМБЕКОВА Р.,  
МҰҚАМЕТХАНОВ Н., СЫЗДЫҚОВ К.

Он бесінші томның  
жауапты шығарушысы:


МЕКЕМТАС МЫРЗАХМЕТОВ.

- Әуезов Мұхтар.  
Ә 82 Жиырма томдық шығармалар жинағы.— Алма-  
ты: Жазушы.— Т 15. Мақалалар, зерттеулер.—  
1984. 328 бет. 4 парағы суретпен көркемд. Қазақ  
ССР Ғылым академиясы. М. О. Әуезов атындағы  
әдебиет және өнер институты.

Мұхтар Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағының он  
бесінші томына жазушының 1917—1940 жылдар аралығында жазған  
мақалалары мен зерттеулері жазылған жылдары бойынша ретпен бе-  
ріліп отыр.

Ә 4603010202—204  
402(05)—84 I-84

80



© «Жазушы», 1984

**МАҚАЛАЛАР  
ЗЕРТТЕУЛЕР**



## АДАМДЫҚ НЕГІЗІ — ӘЙЕЛ

Адамның ғұмыр кешірімек кәсібінің терең түбіне қарасақ, хайуанша күндік қоректі таспен атып, ағашпен ұрып аң аулап жеп, немесе жеміс теріп жеп, қарны тойса аңша бір жерге жата кетіп жүрген. Ер жағы қара басынан басқаға қарамай жүргенде, балаларын баулып, асырап, үйлік ұйымның басын құраған — әйел.

Адам баласы қызықты ғұмыр кешірімек боп қуанып, үмітпен өсіп, жылдан жылға қызуы басылып, суынып, ақыры кейін өледі.

Неліктен? Адамда екі түрлі қылықтың жолы бар: бірі — тіршілік қамы, бірі — адамшылық қамы. Барша дүниедегі пайда-мақтан әуелі басыма болса, немесе туысқаныма, ең болмаса аталасыма болса деп неғұрлым өзіне қарай тартып талап қылу, бұл бір ғана тіршілік қамын көздеген хайуани салахият деп айтылады. Екінші, менен жақсылық тарап, адам баласына әлім келгенше пайдамды тигізсем екен деген жол. Бұл — инсаният, яғни адамдық жолы. Бұлар бұрынғы Толстой сықылды хакимдердің айтуында, екінші, марқұм әкеміз Абайдың: «Әкесінің баласы — адамның дұшпаны, адамның баласы — бауырың» деген мақалы да, һәм пайғамбар ғалаис саламның: «Адамның жақсысы адамға пайдасын тигізген» деген хадисі де көрсетеді.

Бүгінгі дүниеде бұрынғы тіршілік кәсібіне тас пен ағаштан басқа амалы жоқ боп жүрген адамның баласының өнері қандай өскені һәммеге мағлұм. Яғни аспанға құс боп ұшады, суда балық боп жүзеді, жансызға жан бергендей от арба, кеме жүргізген сықылды санап та болмайды. Бірақ адамгершілік құлқы өспеген соң жақсылықтың бәрі жамандыққа айналып, бар дүниедегі маңдай басы елдердің үш жылдай адамның көзінің жасы



мен қанышан дария ағызып жатқаны мынау. Осы айтылған мағыналы адамшылық туралы өзіміздің ішімізге келсек, бір атаның көздің қарашығындай екі баласы бірімен-бірі аңдысып, алдына таман, алысқа қарамай, бірін-бірі қарауылдап, қыли болып отырғаны мынау. Адамның кейіп, «дүние шіркін-ай!»— деп өлмегі екі көздің бірінен күткен достығы қастық боп шығып, әмсе жерсоға бергендігінен. Әйтпесе, жасындағы алланың дүниесінің қысы, жазы, күні, түні өзгергеннен емес! Енді дүние осылай әмсе өте ме? Дауасы бар ма? Бұл туралы адамның ішкі сырып ақтара қарап, аудары сынаған кемеңгерлердің сөзіне қарасақ, әділет мархаметтің негізін былай деп шешеді:

Әуелі адам баласының келешектегі адамшылығына ірге болатын істі сол адамның шыққан ортасы бір сурет жасап беріп, соған өзі киген тонын кигізеді. Сонан кейінгі ол адамның өмір жолында көретін жақсы, жаман үлгісінің бәрі жамау, ия бояу болады. Жә, сол адамшылығымызға үлгі салатын ортаның көп түрлі-түрлі істерінің ішіндегі бізге ең әсерлісі қайсы?

Бұл туралы және сол білгіштердің шешуі мынау: адам баласы бір үлгі біреуден аларда, ең әуелі шын жүрегімен сүйген кісісінен күштеп алады. Сол сүйген кісісінен сүйіп алған үлгі жүрегіне нық орнайды дейді. Бұған қарағанда біздің ой буынымыз қатпай тұрған бала күнімізде ең әуелі елжіреп сүйетін кісі кім? Ол анамыз. Бұлай болғанда біз адамшылығымызға ірге болатын құлықты әкеміз қандай ғалым болсын, қой сауып, тезек теріп жүрген анамыздан аламыз. Бұлай болғанда өмірінде әділет, мархамет, махаббат деген нәрсенің атын естімеген ананың hareketі үй іші мен от басынан, ғайбат өсектен аспаған анадан ақ жүрек адал ниетті қамқор тууы мүмкін бе? Бұл себеп әр адам өзінің балалық күніне көз салса, бар қазақтың баласының анасынан болатын тағлімі мына түрде болады: Әуелі, ана — балаға байлық, барлықтың өзінде болғандағы бағасы, дәмі қандай, өзгеде болғандағы көзге күйіктің пайдасыздығы қандайын үйретеді. Онан соң өзің ретті құрбының өзіңе қатарласа алмай қалып жүргенін жақсы деп үйретеді. Және неше түрлі өзінің ауданы аз, түрсіз, қараңғы ойына кіретін жаман мінезінің бәрін баласының сіңіргіш жүрегіне жұққызады, бұдан кейін әр бала қызғаншақ, өзімшіл, мақтаншақ, пайдакүнем сұмырай мінездерді ойына артып

алады. Ана талқысынан асқанда бала шет жағалап әке ақылына құлақ салады.

Бірақ оның жақсы түрлері болса да әлгіндей түрі тағлім көрген балаға көбінесе жұқпай кетеді. Бұдан кейін бала құрбы арасына кіріп, құрбының мінезі мен әдетін көреді. Ол құрбылардың бәрі де әлгі баланың шыққан анасындай аналардың қолынан шыққан соң, олардағы адамшылықтың нәр жұғынының шамасы да белгілі болады.

Бұдан кейін бұл бала қандай оқысын, қандай үлгісі мол ортада жүрсін әуелгі анадан алған өрнек ішкі сырының арқауы болады. Бұл арқауының маңызы қара тастай болып салмағы бір кездегі көрген, естіген, білгенінің бәрін басып жатып алады.

Қай уақытта қай халықта болсын, білім жолында жұрт қатарына жетерлік халық болу жолында ең керекті шарт — ақ жүректі екпінді ерлер. Халықты ілгерілететін дөңгелек солар. Оларсыз мақсұтқа жақындау мүмкін емес. Бұлай болғанда алғашқы сөзімді қайта айтамын. Адам баласы тағы болып, еркегі хайуандық дәрежесінде жүргенде әйелден бала туып, ол балалардың бәрі де жастық, қорғансыздықтан анасының айналасына үйіріліп үй ішінің бірлігін, одан туысқандық ұйымын кіргізген.

Бұған қарағанда адамды хайуандықтан адамшылыққа кіргізген — әйел. Адам баласының адамшылық жолындағы таппақ тарақияты әйел халіне жалғасады. Сол себепті әйелдің басындағы сасық тұман айықпай халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал, қазақ, мешел болып қалам демесең, тағлімінді, бесігінді түзе! Оны түзейім десең, әйелдің халін түзе.

1917

## ОҚУДАҒЫ ҚҰРБЫЛАРЫНА

Өзіміз көріп жүрген қандай үлкен нәрсені алсақ, сол үлкенді үлкен қылып тұрған біраз ғана жиылып шоғырланған әлгі кішкене нәрсе. Осы кішкене нәрселер мықты болса ана үлкендеріміз де мықты болмақ. Ол морт сынғақ осал болса, әлгі үлкен нәрсе де осал болмақ.

Жә, осыған қарағанда ұлт тізгінін ұстап тұрған оқығандарымыз, солардың істерінің нардай болып үлкейіп, дабырайып көркеймегіне не шарт? Әрине, бірінші — сол оқығандардың бірлік берекеде болып шоғырланбағы шарт. Екінші — істері маңызды, орнықты, табанды болуы үшін әрбір оқығанның ақтығы, екпіні, білімі шарт. Рас, туғаннан білімді, ұлт ісіне екпінді ақ жүрек болып туа қоймалық, бірақ алдыңғы оқыған қамқор ағалар не ойлап, нені істеп, нені арман қылып жүр. Соны біз істемесек те білу, бетін ұғу керек емес пе?

Біздің мақсатымыз — мал табу, шен тағу емес, надандық неше батпан болып, үстіне артылып зілдей қылып жатқан ауыр халқымызды өрге сүйреудің әдісін, тәсілін табуға тырысу екенін ұмытуға жөн бе? Қашан да болса адал махаббат ақтыққа жастай шөлдесе, жастай сағынып талпынса ұлтын сүйоге, адамшылдыққа жетпекші емес пе?

Бұл жүректің сіңіргіш таза уақытын өткізіп алсақ, үлкейгенде жыласақ та, қалай өзімізді күйінішке жегізсек те әлгі нәрселер келер ме?

Осы туралы өзіміз ретті оқып жүрген бір буын құрбыға айтатын аз нәрсеміз бар. Бұл мезгіл халқымызға ақыры бұдан кейінгі мінез өмір бойы мінез болып қалады емес пе? Осыған қарағанда біздің көбімізде халыққа мінезімен жақсы болмақ түгіл, оқығандар деген атқа кір жүкқызатын, жаман мінездер көп, оның бірі — карта, газет бетіне қарамайтын қазақ ісінен хабарсыздық, басы құралмайтын берекесіздік, өспейтін маскарад. Жас уақытын бұнымен өткізген жігіттің үлкейгенде отты, қажымайтын отаншыл болуы дүдәмал.

Жігіттер... ендігі уақыт жазғытұрғы күншуақтай жанға жайлы емес пе? Осы рахымды күннің шуағына қызып бір азғана білімімізді, азғана қайратымыздың кішкене қызметін адамшылық жолына салып, ақтыққа жұмылайық. Халық түзеуді жол қылайық. Бұрынғы жаман әдеттерді тастауға тырысалық, әйтпесе болыстық тигізетін інілеріміз жетіп келеді деген алдыңғы ағалардың қуанышын күйінішке айналдырып, «қарғайын десе жалғыз, қарғамайын десе жалмауыз» болып жүрмелік. Онда біздің оқығандығымыз, болмағандығымыз артық.

## ФИЛОСОФИЯ ЖАЙЫНАН

Адам баласы тұтынып келе жатқан ғылым екі түрлі. Бірі — күндік керек, мұқтаждық шығарған адам баласының тіршілігіне нық байланған ғылымдар. Бірі — кең ақыл, терең қиял шығарған адамның жанын тәрбиелейтін ғылым. Алғашқы айтқан ғылымдар да, соңғы айтқан түрдегі ғылым да әр тарауға бөлінген. Бірақ соңғы айтқан ғылымның тар ойының бәрінің түйіскендегі түп негізі философия болады. Философия грек тілінде хақиқатқа, даналыққа құмарлық деген сөз. Бар ғылымның да құмары — хақиқат. Бірақ бұлардың айрылатын жолы — іздеген жолында. Өзге ғылымдар мақсатына жеткізетін басқыштаған дәлелді адамның көз алдындағы дүниеден алады. Және сол көз алдымыздағы дүниенің жеке-жеке өзгеріс сырын іздейді. Философияның құралы — толғаулы терең ой. Іздейтіні — бүтіл дүниенің ең әуелгі сыры, негізгі хақиқаты.

«Философияның басы — таңдану», — дейді Аристотель. Таңданудан барып адам бір нәрсені тексере ойлайды. Тексерген соң шыннан бұлдырды айырады. Бұлай болғанда философия — бір нәрсені тереңдеп ойлау болады. Біздің күндегі көріп жүрген өмірімізде шын тереңдеп ойлап, таза ақылмен шешеміз дерлік жасырын терең сыр жоқ. Және бұлардың көбінің соңына ылғи түскен бір беткей ғылымдар бар. Философияның кірісетін жері — қолға ұстатып, көзге көрсетерлік дәлелдер табылмайтын, таза ақыл ғана шешетін сауалдар. Философия адамның басынан шыққан бар ғылымның тамырын бір араға жиып, сол шығарған қорытындысын адамның ақылына, жанына азық қылып береді. Философияның жолымен хақиқатты іздеуге адам құлаштаған кең ақылдар ғана нұсқаған жолында болып, «терең ойдың түбіне телміре» қарауына керек. Мұндай тереңдеп ойлаған ой бірден адамның көкірегін оятып, ақыл-көзін дүниеге жайнатып ашқызады. Екінші, адамды ұсақтықтан, басқа әр түрлі мінезсіздіктен құтқарады. Қай уақытта болса да адам ақылының аймағы шынды, ақтықты іздеумен кенейген болса, ол адамның адамшылығының жүзі жарқын болмақ. Және оның жүрегіне нық бекіген хақиқы жолдың беті ездікпен толқымайды. Бұл терең ойдың, ойшылдың өз басына келтіретін пайдасы адам баласы өзінің, өзгенің дәрежесін ұғып, шын адамның мағыналы

өмір қалпына жетуі — терең ойға қожа болуына байланысты. Дүниеге таза адамшылық сипаты, таза мінездердің күші жетпейді. Олардың әлі аз, өрісі жоқ. Дүние мәңгілікке орнап қаларлық адамшылық хақиқат жеке ғана мінезге сүйеніп тұра алмайды. Бұған ең бір күшті дiңгек — бар адамның көкірегіне сіңген толғаулы терең ой. Сол себепті философия адам баласының жан тәрбиесінің, адамшылығының, бірінші — өрлейтін басқышы, екінші — көркі. Бұл терең ойдың адам баласына жолбасшылық істей бастағанына үш мың жылдай болды. Адамның әуелгі аясы аз ақылының туғызған қараңғы нанымын, меңгеру надандығын философия кетірген. Бұрынғы уақыттағы халықтың надандығы қандай болған, бұл надандықтан туған соқыр наным қандай болған, мұның бәрі тарих жүзіне қарасақ белгілі. Бірақ ол заманда оқығандар, ойшылдар болмай қалмаған. Бұлардың көбі халыққа шешен тілмен кемшіліктерін суреттеп үгіттеген. Көбі соңдарынан шәкірттер ерткен. Бұлардың артынан ерген шәкірттер ғылым үйреніп, дүниеге соқыр пашымнан құтылып, өздері жұртқа ғалым болатын болған. Сол ойшылдардың бәрінің сондағы тұтынып жүрген жолдары, айтып жүрген сөздері философия ғылымы болатын. Терең ой сондағы істеген басшылығынан әлі жаңылған жоқ. Философия заманның жай қозғалысының артынан еріп бақылап отырып, бір жол ескіруге айналса, я теріс болса, оң, жаңа жол нұсқамай қойған жоқ. Адамның өмірін көкірегіндегі ақылдың идеясы билейді дейді. Ақылдың жолы билейтін болса, ол идеяны философия билейді. Осымен адам баласының ақыл жолындағы тарақиятын<sup>1</sup> философия билейді.

Философия — дiнмен бастас ғылым. Себебі екеуінің де іздейтін мақсаты бір түрлі. Философия шыннан шынды туғызып, наман ізденетін жолда әуелгі ашпақ сыры — дүниенің ең жоғарғы негізін таппақ, қайдан жаралғанын шешпек, адамның дүниеге келген мақсатын тексермек. Бұл айтылған жолдар — дiннің де мақсаттары. Бірақ бұған ғана қарап философия мен дiн бірігуге болмайды. Философияның айтатын жолы жалғыз ғана адамның таза ақылына сүйеніп айтылады. Және ол адамның ақылы айтқан жол болған соң, сынға алып ал-

---

<sup>1</sup> Прогресс деген мағынада.

ғашқының дәлелін орынсыз тауып, әр түрлі толғап өзгертуге болады. Діннің жолы үлкен иеден келді деп танылады. Сол себепті мағынасы дәлелсіз. Даяр, анық даусыз нәрсе деп тану ғана керек... Философияның бар тәрбиелеп, орын беретіні — толғаулы терең ой.

Философияның керектігін басқа дүниауи ғылымдарымен салыстырғанда бұрынғы уақытта да, осы уақытта да бір дәрежеде. Бұрын ғылым көп тарауға бөлінбей тұрған уақыттағы айтылған шын деген жолдар философияның шын, шын емес деуіне байланушы еді. Себебі тапқан жолын қолға ұстатып, көзге көрсетіп дәлелге сүйей қоярлық дәлшіл ғылым жоқ болатын. Ол күнде философия бар ғылымның қазысы болып тұрды. Бұл уақытта ғылым көп тарауға бөлінді. Әрқайсысы өз ізденген жолындағы хақиқатын өзі таппақ. Бұлардың тапқанын дәл болмайды деуге болмайды. Ендігі табатынның бәрі де шын болмақ. Бірақ сонда да философияның керегі мол. Себебі өзге ғылымдардың бәрі де бірбеткей болып өзді-өз жағына кеткенде, әрқайсысы өз алдын ғана көретін аудансыз, тар соқпақтың үстіндегі ғылымдар болып қана табылмақ. Бұлардың тапқанының бәрін жиып қорытып, жаңадан жөн тауып, жол салып адамның ақылын тәрбиелейтін бір ғылым тағы керек; ол ғылым — философия. Философия ғылымының тарау-тарауларының бәрінің мақсатын қорытып, қысқартып әкелгендегі жетпегі екі түрлі ғана мақсаты. Бірінші мақсаты — адамның ішкі қалпын анықтап біліп, ақыл ауданын кеңейту (познание), екінші мақсаты — дүниедегі барлықты білу<sup>1</sup> (бытье). Бірінші бөлікке кіретін философияның тараулары: 1) адамның жанының сипаттарып, мінезін оқитын ғылым (психология); 2) көңілдегі ойлаған ойдың қалпын, мүсінін сынап отыратын ғылым (логика); 3) философияның тарихы. Адам баласының ақылының қай заманда тереңдігі қандай болды. Қалайша өсті. Бұл күйге қалайша жетті. Қысқасы адамның ақылының өскен жолын оқиды; 4) әлгі айтқан ғылымдардан шығады (гносеология). Адамның білімі қайдан туды. Білімнің қандай түрлері бар, дәлдігі қандай, шегі қандай екенін айырады. Екінші бөлікке кіретін дүниедегі барлықты әр жағынан қарастырып айыратын ең ауыр ғылым (метафизика). Бұл өзі бірнеше түрге бөлі-

---

<sup>1</sup> Болмысты зерттеу деген мағынада.

неді. Мұны біріншісі негізгі дәлелдерге сүйеп, мүтіл дүниедегі барлықты айырмақ (онтология); екінші, дүниенің түп иесін құдай жолын іздейді (рациональная теология); үшіншісі — дүниедегі тәннің (көзге көрініп, қолға ұсталатын нәрселердің) барлығын тексереді (рациональная космология); төртіншісі, адамның дене тірлігін қойып, жан бағасын ғана алып, жан суретін де тексереді (рациональная психология).

Философияның тарихы екі дәуірге бөлінеді. Бірі ескі философия, бірі жаңа философия деп аталады. Ескі философияның басы Ғайса пайғамбар тумастан мың жыл бұрын басталған. Бұл ғылымның алғашқы буынын бекітіп, ілгері қадам басуына себепші болған грек жұрты. Оның ішіндегі философия дүкенінің іргесін көтерушілер — белгілі тарихтағы гректің жеті данышпаны. Бұл жетеуінің ішіндегі философияның ең жақын атасы деп саналатын кісі — Фалес. Ескі философияның дәуірі 15—16 ғасырлардың ішіне шейін жүріп келген. Бұл уақытта тарих жүзінде болған белгілі үлкен өзгерістер (ғылымның кіндігі болып тұрған Стамболдың түрік қолына түсуі секілді) философияның бетінің толқуына себеп болып, жаңа философия дәуірі өрлеп кетті. Жаңа философия Декарт, Бэкон деген кісілерден бері қарай басталады. Жаңа философияның ең гүлденіп, көркейіп, өрісінің кеңейген уақыты XVIII ғасырдың орта шенінде шыққан Германияның философы — Канттың заманында болды. Тарихтың ұзақ жолында әрбір ғасырда андыздап үздік-создық шыққан кемеңгерлер әр ғылымды көтермелеп тартып, бірталай жерге ұзартып апарып тастап отырды. Философияның сондай көтермелеушілерінің ең белдісі — Кант еді. Қай ғылым болсын әр уақытта ескіріп қалып жанартуды керек қылып отырады. Философия да сол жолмен барып, Канттан біраз кейін әр түрлі жолдарға түсті. Мұның аяғы көп керіс, талас болып, ақырында осы жаңарақ уақыттарда философия қайта айналып, сол Канттың пікіріне бір иығын сүйейтін болды. Ақыры Канттан бергі философия көзге түсерлік жол тауып кете алған жоқ. Әр ғылымның тапқанын қорытам деп, философия өзінің жеке ғылымынан айрылып, бір беткей ғылымның жетегіне ғана кетіп қала жаздаған уақыты болды. Ондағы ерген ғылымы жаратылыс (естественные науки). Осы күнгі уақытта да философия жаңа жол тауып, ескірек философтардың пікірінен ұзап

кете алып тұрған жоқ. Философияның тарихын тексерушілер бұл уақытта үлкен адым істеуінің алдындағы мезгілі деп есептейді. Мұның анығын келешек заман көрсетер.

Енді философия мақсат қылған жолында, ұсағырақ мақсаттарын қоя тұрғанда, жасырын алыстағы ірі сырдың қайысысын айқын қылып көрсете алды деген сауал болуға болады. Рас бұл турада философия пәлендей мақсатына жетіп болды деп кесіп айтуға болмайды. Бірақ философияның көздеген мақсатына жетерлік басқышы — әзірге дүниауи ғылымдар. Сол ғылымдар бұл уақытта тереңдеп бола алған жоқ. Сол себепті философия да шарықтап шығып кете алмай тұр. Бірақ философия көркейеді. Көркейгендегі жемісін адамның жаны қорек қылады. Және ол қоректің алдын философия бұрнағы заманда да, бұл күнде де бермей тұрған жоқ. Адам баласының көкірегіне адамшылықтың таза нұры кіруіне үлгілі тәрбие шарт. Тәрбиенің мақсатын орындау үшін тәрбиешінің көкірегінде терең ойы болуына керек. Тәрбиенің жолымен өскен уақытта да адам баласын бауыр тұтып, бақытын ойлап, қамын жейтін болуға да терең ой керек. Адамның бойындағы қандай таза мінез болсын жалғыз ғана өзі болса, терең болуына болмайды. Билеп отырып, нығайтып әуелгі таза қалпында сақтайтын қарауылшысы — таза ақыл. Сол себепті әншейін жай адамның адамшылығын сақтауына терең ой керек болғанда, көпшіл қамқордың терең ойсыз болуына тіпті болмайды. Бұл адамдағы терең ойды тәрбиелеп жетілтетін — философия. Сол себепті философия — адамшылық жолындағы қараңғы қалтарыстарда қолға ұстайтын шамшырақ. Адам баласы жап жемісін татпай өмірдің терең мағына, шын мақсатына түсіне алмайды. Дүниауи ғылымдар күндік керекті жеңілдетіп беріп, дене тілегін күшейтпек. Бұл ғылымдардың бетінен мағына шығарып, жанға азық жиып беретін терең ой. Адамның жүрегіне бақыт, махаббат ұрығын орната алатын да көкірекке сіңген сол тұлғалы терең ой. Сол себепті философияның өркендеуін ғана тілек қылу керек.



## ҒЫЛЫМ ТІЛІ

(научный термин)

Ғылым тілі — бұл уақытқа шейін қазақ оқығанының бір қалыпқа қойып, бір негізге құра алмай келе жатқан мәселесінің бірі. Қазақ мәдениеті жер жүзіне бой көрсетіп, дүние майданына шыға алмай тұрған уақытта, бұл мәселені бір жөнге салудың пайда, зияны жұрт көзіне байқалмайды. Бірақ бұл күндегі қылтанақтап келе жатқан мәдениет — қазақ жұртынан бүгіндік қана керегі, ертең тағы тосыннан бір жол салып алуымыз оңай десек, сөз бір басқа: егер де бүгінгі жол, бүгінгі еңбек мәңгілік дейтін болсақ, ғылым тілі аса қарауды көтермейтін шетін мәселе.

Мәдениет бәйгесінде алда келе жатқан жұрттың қатесі кейінгіге сабақ. Алдыңғы келе жатқан жұрттың жығылған жары, сүрінген томары кейінгінің бетін еріксіз бұрғызады. Өзге жолдағы істерінің оң, терісін қойып, осы тіл жолындағы орыс пен жапондардың істеген қаталары бізге айқын үлгі боларлық. Орыс әдебиеті аяғын апыл-тапыл басып, буынын бекіте алмай жүргенде, жазушыларының қолданатын әдеби тілдері «церковнославянский» (дін кітаптарының тілі) болатын. Орыс әдебиетіне негіз салушы Ломоносов, Қаптемир, Тредиаковскийлер жұрттың бетін бұра алмай, өлені, қара сөзі болсын, бәрін де сол тілмен аламыштап былғап жазған. Орыс елі қатесін бері келген соң зорға түзетті.

Бұдан кейін Жапония жұрты надан күнінде жазу, оқу, аз-аз өнер үлгілерін берген апасы қытай болып, қытайды көсемі қылып алдына салып, етегінен ұстап жүріп, қытай тілін әдеби тіл қылып ұстады. Бұл күнде қытай жұртта қалып Жапония ұзап кетсе де қытай тілі әдеби тіл болып қалып, Жапонияға дерт болып, құтыла алмай, әуреді жүр. Қазіргі уақытта Жапонияның баласы өз оқуын оқудан бұрын қытай оқуын оқып, содан кейін басқа жұрттың ғылым тілдерін оқиды. Қытай оқуы Жапонияда ешбір пайдалы оқу емес; жалғыз-ақ ерте уақыттағы Жапонияның басшыларының ойланбағандығынан өз оқуларын қытай оқуына араластырып алып, өз оқуын өзінікі қылып әкете алмағандығынан керексіз бір нәрсені жамап алып отыр. Міне, осындай халге қазіргі бетімізбен жүре берсек, біз де бір күні ұрынатын секілдіміз.

Қазіргі қазақ тіліндегі оқу екі ағысқа бөлініп бара-

ды. Бірі — мұсылманша оқығандардың жолы. Ғылым тілін арабшаға, мұсылман негізіне тартады. Екіншісі — орысша оқығандар, ғылым тілін орысшаға, Европа негізіне тартады. Бұл жік тәртіпті бастауыш мектептердің һәм курстардың оқуында айқын білініп отыр. Әркімнің өз білген негізіне тартатыны мәлім нәрсе. Мұсылманша оқыған мұғалім Европаның ғылым тілін білмейді, орысша оқыған учитель мұсылманшаны білмейді. Осыдан ошақтың үш бұтын үш жаққа қаратып отырғандық — ғажаптанарлық нәрсе емес. Бірақ салыстырып, осы екі жолдың бірін алып, бәріміздің бетіміз бір жөнге сайып келуі мұқтаж. Бұл мұқтажды ұғу — бәрімізге парыз.

Қазақ мәдениетін түрік үлгісіне қарай тарта беретін мұғалімдердің тұтынатын негізгі жолдары — «пан-тюркизм», «пан-исламизм» тағы әр түрлі «пан-пәленизмдерді» жол қылып ұстайтыны белгілі. Бірақ сол «пандардың» жолына қай жұрт болсын надан күнінде ғана мойынұсынады. Мәдениетке бет қойып, басқыштан ілгерілеген сайын пандардан жұрт жиреніп, пайдасыз бір іс деп санап, далада қалдырады. Осы күнде көзін жұмып, аузын ашып, тәтті хиялды қорек қылған адам болмаса, ширақ ақылмен қараған кісіге бұдан кейінгі «пан» — саясат хаосы екені мәлім боларлық болған. Себебі: қай жұрт болсын, өз бетінде жұрттығы болмаған күнде ғана басқа, өзіне жақын жұрттың тілеуін тілейді. Өз жұрттығы буын бекітіп, бас қалқайтса, алыстағы жұртқа тілеген тілекті қайтып алып, өз жұртына жұмсайды. Бұл — адам баласының сүйегіне сіңген табиғи мінезі. Қазақ кешегі езгіде жүрген уақытында қырда жүрген қойшы-қолаңшы да бірін-біріне иіліп, мейірлендіріп отыратын: 1) дін туысқандығы, 2) сыртқы саяси қалпы, надандығы болады. Егер осы жұрттар қатардағы жұрт болып, еркіндік пен мәдениеттің төріне шыға бастаса, бірінен-бірінің берекесі, мақсаты айырылып, аздан соң қас та болып кетуі оңай. Бұның мысалын діні бір, қаны бір, тұрмыс ыңғайы бір болған Европа жұрттары баяғыдан бері көрсетіп келеді. Қашан болсын, адам баласының қазіргі «өз шыққан тауым биік болсын» деген мінезі қалмаса, еш уақытта күндегі саясат хаосының артынан ермей, бүгінгі досымен ертең қас болмай отырмайды. Бұлай болған соң ақ жолды, әулиелікті дүние жүзіне мен орнатамын деп мәдениеттің түзу, кең жолын тар,

қисық жолға салам деу — қазақтың алға басуына кедергі шығарамын дегенмен бірдей.

Бұл сөздің қорытындысы қазақ жұрты қазіргі уақытта күндегі саясатының ыңғайымен жүріп отырып, түзу жолмен мәдениеттің буынын бекітуді ғана мақсат қылуына керек. «Пан-тюркизм» қазақ мәдениетінің жолын өрлетіп, жұрттықтың бойын өсірмейді. Саясат жолына кірген жұрт туысқандық, жақындық деген нәрседен айырылады.

Енді әуелгі ғылым тіліне қайтайық. Туысқандық дегенді қолмен аз да болса бұрауға келетін саясат көтермейтін болса, бірбеткей ғылым жолы туысқан едім деп бұрауға тіпті көтермейді. Біреу оңға, біреу солға тартып, илей беруге көне беретін ғылым жолы — терінің пұшпағы емес. Әуелде қалай беттетсе, көп уақытқа шейін сол бетінде жол болып бекіп қалады. Сол себепті қазақ оқуының бетіне қандай жаңалық кіргіземіз десек те, әуелі кеңінен толғап ойланбай іс қылудың артынан талай аурулы мәселе туып кетуін ұмытпау керек.

Қазір бізде ғылым тілін арабшадан аламыз деген ағыс бар екен. Арабшадан алудың ғылыми дәлелі не? Біз ғылым тілі туралы сөйлесек, қазақтың оқуының жолын бір түзу жөнге салу турасын ғана еске алу керек. Оқу мәселесіне туысқандық, болмаса келешектегі саясат бетін қосып шешеміз деу кімнің ісі? Ешбір істі алға бастырмайтын ретсіздік сол емес пе? Болмаса, заманның өзі көрсетіп отырған дәлелге мойынұсыну керек. Ол дәлел мынау: біз ғылым тілін арабшадан аламыз дегендегі дәлеліміз — арабта да бұрынғы уақытта мәдениет болған, сол себепті ендігі бізге керек болатын ғылым арабтан табылады дейміз. Ертеде араб мәдениетті болған бір заман бар. Бірақ ойлап қараңыздар, біз осы күнде оқысақ, сол XIII, XIV, XV ғасырлардың ғылымын оқимыз деп отырмыз ба? Мәдениет «пан-тюркист» болып, сол арабта болған қалпын әлі күнге сақтап тұрма? Осы күнде дүние жүзіне жарығын шашып отырған ғылымдардың қайсысын аласыз, біреуі сол күйде ме? Алайық, медицинаны (дарлік), механиканы (машина ғылымы), химияны (химия), политика-экономиканы (саяси-шаруа ғылымы), кооперацияны (сауда ұйымдары) һәм басқаларды. Біреуі осы күйде ме екен? Бұның көбінің ол уақытта аты да жоқ еді? Ал қазіргі уақытта күндегі қолыңа ұстайтын құралың болды. Бұның бәрін

кім шығарды? Европа шығарды! Бұдан кейін қазіргі мұсылмандардың мәдениетін алайық. Мысалы, түріктің университеттеріндегі тіл, онан соң жайшылықтағы ғылым тілдері кімдікі? Түріктің бірінші университеттеріндегі басты тілдер Англия, Франция, Германиянікі. Бұған біз не айта аламыз? Сол боламыз деп отырған Түркияміздің өзі, Европа жұрттарының өз арасында солады.

Қай жұрттың білгіші бір жаңалық шығарса, сол нәрсеге өз тілінде ат қояды; бұл атты өзге жұрттың бәрі сол тілде қолданады. Біз көбінесе татар мен түріктің Европа тіліндегі сөздің «г» харпін «ғ» қылып, «к» харпін «қ» қылып алып жүрген сөздерін өз тілі деп, сырттан жала жауып жүрміз ғой деймін. Болмаса, бұл күнге шейін түріктен білгіш шығып, оның тапқан нәрсесін түрік тілімен қолданып жүрген Европа жоқ. Міне, заман көрсетіп отырған дәлел — осы.

Жә, түріктің өз бетімен тапқан мәдениеті жоқ болса, өзі де Европаның дастарқанының шетінен орын алып отырса, біздің не істеуіміз керек? Ол уақытта да мәдениеттің кіндігі болған жерге тура тартпай, өзіміздің қалпымыздағы түрікті өткел қылғанымыз — оқу ісін түзу жолға салғанымыз ба, салмағанымыз ба? Қазақтың оқуын Европа жолына салғанмен, — қазақ түріктен алыстап кетіп, оқу үлгісін түріктен алумен — түрікпен туысып кете қоюына кімнің көзі жетеді? Жұрттың рухы бірігуде тұрса, саясат ыңғайы жұрт рухының сол күйіне қарай бет алатын болса, оқу ісі, оның ішінде ғылым тілі еш уақытта алыстатып әкете алмайтынын біздің ұғуымыз керек. Бұл мәселе турасында қарсы пікірде болған кісілер болса, дәлелдерін баяндаған жөн. Осымен тезірек оқу ісін бір негізге құрып, мұғалімдер, учительдер ғылым тілінің жолында бір-ақ түрлі құралды қолдануы керек.

1918

## ОҚУ ІСІ

...Елге, елдікке мұқтаждығы саясаттан артық болмаса кем болмайтын біздің даусыз бір мұқтажымыз бар. Ол — оқу. Оқу ісінің қазіргі сыртқы көрінісін қарасақ, саясаттың бөгет қылатын ешбір реті жоқ-ақ секілді.

Оқу ісін басқаратын облыстық, үйездік земстволар бар; барлық қазақ, қырғыздың оқу ісіне аңдушы болатын 5 кісілік оқу комиссиясы бар, жақсы оқыған мұғалімдер, семинария бітірген учительдер бар. Осыдан артық оқу ісіне не керек болады? Бірақ үстірт қарамай қазіргі қазақ оқуының шын қалпына жақынырақ келіп үңіліп қарасак, түк нәрсені қиратпаған болып шығамыз. Біз де жыртық-тесігімізді қаулының астына көміп тастап, сұп-сұлу болып отырған жұрттың бірі боламыз. Бұл сөздің себебіне келейік.

Қазіргі оқу жолындағы бірінші мақсатымыз ұлт мектептерін ашу (национализация школ), бұл тәртіптің керектігіне ешкімнің дауы жоқ. Бірақ осы ұлт мектебін ашуға қазірде біздің алдымызда қиын асудай үш түрлі кедергі тұр. Бірі, бастауыш мектептің бәріне мұғалім жоқтығы; екіншісі, оқу құралдарының жоқтығы. Үшіншісі, ілгері оқитын мектептің жоқтығы һәм тез уақта бола алмайтындығы.

Бастауыш мектептерге мұғалім жетпейтіні әркімге де аян. Бірақ былтырдан бері курстар ашыла бастап, атағы болса да мұғалімдер шығарып жатырмыз. Бастауыштарға бұлардан басқа мұғалімдер жоқ. Осы шығарып отырған мұғалімдеріміз қандай? Бұлардың жартысы 2-3 айлық курстарын бітіріп, жартысы 1-2 жылдық курстарды бітіріп мұғалім болады. Көп болғанда бір жыл, я екі жыл оқыған шәкірттер барлық керекті пәндерден өздері береді, оқытатындай білім алуға бола ма? Бұның үстіне ол курстарда оқытындар — ескіше оқып, пікір, зейін жолында буыны қатайып кеткендер. Олардың курс программасындағы пәндерден жалпы ұғым алуына талай уақыт керек. Ал олар ертең бастауыш мектепте өздері шала сіңірген пәндерін жас балаға оқытпақшы. Бұның үстіне бастауыш мектепте оқытатын қазақ әдебиеті мен есептен басқа пәндердің бірде-бірінің қазақ тілінде кітабы жоқ. Бұл кітаптарды әлгі мұғалімдер басқадан перевод қылып оқытуына керек. Ол қандай перевод болып шықпақшы? Бұл мұғалімнің алдынан шыққан шәкірт ұлт мектебінен шыққан, ұлт мақсатымен өскен, жақсы тәрбие алған бала болып табыла ма? Әлде кешегі «Мухтасар» оқыған «үлкен молдадан» тәрбие алған баланың қасында бола ма? Бұл біздің бастауыш мек-

тептеріміздің халі енді сол бастауыштарға мұғалім шығарып отырған курстарға келейік.

Курстардың әзірге ашылған бірен-сарандарының оқытушылары әлгі мұсылманша оқыған мұғалімдер. Ал мұғалімдердің Россия ішіндегі мектептерде оқығандарын алсақ, ғайыпқа бұйырмасын, көбі мұғалімдіктің жалғыз құралы тәрбия ғылымын (педагогика) оқып көрмегендер. Бұлардың қолында не тұтынатын құрал жоқ. Өзге барлық пәнді тағы переводпен оқытады. Бұл ретте биыл бір мұғалім бір кітаптан өз тәртібінше перевод қылып оқытса, келесі жылы бір мұғалім сол сыныпқа басқа кітаптан басқа тәртіппен перевод қылып оқытады. Осы тәртіптермен оқытқанда, оқыту ісінің жолымен (дидактический методпен) оқытушының жалпы біліміне қарап, соған салыстырып белгілі программа тұтынуды былай қойып, бір кітаптан тұзу перевод жасап беріп отыру да оңай жұмыс емес. Міне, курстар халі осы. Бұл курстар біздің орта дәрежелі мектебіміз — бұдан тәрбие алып шығатын шәкірттер келесі жас тұқымды қазақтың шын адал ұлы қылып шығаратын тәрбиешілер — бұның үстіне надандықтың қараңғы түні қаптаған қалың елдің ортасына мәдениет шырағын ұстап барып елдікті оқытатын, үлгі жаятын, саясат, земство, кооперативтер туралы мағлұмат береді деп сеніп отырған сүйеніштеріміз. Олардың қолына осы міндеттерді атқаратын қандай құрал беріп отырмыз. Құрал сиқы әлгі.

Бұдан соң бізде бастауыш мектеп пен курстардан басқа мектеп жоқ. Басқа түрлі мектеп ашамын деп дайындалған ел де жоқ. Рас, ол мектептерге дайындалудың уақыты ертерек шығар. Бірақ бір-екі жылда оның да керек болатын уақыты келеді. Мына курсты зорға әкеле жатқан мұғалімнің ол мектептерге жарамайтыны айдан айқын. Ол мектепте оқытуға семинария бітірген учительдер де жарамайды. Бұл үшін орыстың учительский институтын оқыған учительдер керек. Ондай мұғалімдердің курстарда да кем болса бір-екеуі болуы қажет. Ал қазіргі күнде ол оқуға дайындалған ешбір оқушы да жоқ. Содан барып оқы деп жіберіп отырған хукімет те жоқ, 13—14 жылда бастауыш мектеп бітірген қазақ баласы қайда бармақшы? Бір жыл, екі жыл оқып мұғалім болуға ол балалардың көбінің жасы да келмейді. Және бәрін бірдей курсқа тыға берудің лайығы

да жоқ. Бастауыш мектепті бітіре салып, өз тілімізбен еш білім бермейтін болсақ, ұлт мектебі деп алқыну неге тұрады? Тағы қаулыны көлденең салып қойып, көркін қорек қылғаннан басқаның не орны болды?..

Ғылым жарығынан алыс қалған елден қарғыстан басқа ешнәрсе алмайды. Біз ең керекті істі салақсып артқа тастап барамыз. Көшершіліктің заманы болғанда да барлық асыл бұған-түйгенін ұмыт тастап кеткен елдің күшін байсалды болды деп айта аламыз ба?

Оқу ісіне менің ұсынатын жобам: бірінші, жалпы қазақ, қырғыз съезі сайлап шығарған оқу бөліміндегі 5 кісілік оқу комиссиясы тез уақытында іске кірісіп, барлық бастауыш мектептерге һәм курстарға белгілі бір-ақ түрлі программа жасап, оқу құралдарын толықтыру керек. Оқу құралын толықтыру үшін, арнаулы бір комиссия жасап кітап перевод қылуға отырғызу керек. Бұдан соң саясат ісінде жүрген семинария бітірген учительдердің бәрін жиып, өзінің түбегейлі пайдалы жұмысы оқытушылыққа белгілеу керек. Учительский институттарға шәкірттер жіберу керек. Екінші, жаздыкүнгі сабақтан босаған уақытында барлық қазақ ішіндегі мұсылманша оқыған мұғалімдерге жоғарғы курс ашу керек. Бұл курстағы сабақ лекциясы (сабақты сұрамай, ылғи айтып кетіп отыратын) жоғарғы дәрежелі мектептер сабағынша болу керек. Курста оқылатын сабақ тәрбие ғылымдары земство, кооператив һәм басқа халыққа пайдалы шаруа ұйымдарын жүргізу. Мұның үстіне мектептегі баланы оқытудан басқа күндегі сабақ оқытыс біткен соң, жай қара халықты оқытып, білім, үлгі тарату жолдарын үйрету. Мектептегі баладан басқа мектеп программасынан тысқары жолмен қара халықты оқыту, қырға шығатын мұғалімдердің қыр халқымен жақындасып қалаған игілік жұмыстарын жұрт құлағына тез сіңіруіне үлкен себеп болатын нәрсе — қара халықты оқыту үшін мұғалімдердің жоғарғы курстағы оқитын сабақтары: 1) халыққа қысқаша лекция (әр тараудан келетін үлгілі сөз), сөйлеудің жөні, жақсы кітаптар, газет-журналдар оқып түсіндірудің жөні. 2) Ел арасында кітапхана ашудың жөні. 3) Театр (үлгілі ойын) жасаудың жөні һәм басқалар болу керек, Мәдениетті жұрттарда қара халық ішіне шығатын мұғалімдерге әдейі мектептен тысқары оқу оқытудың жөнін үйрететін белгілі курстар бар. Бұл курстарда сабақ

беруші профессорлар да болады. Олардың мұғалімнің қамын сонша жеп жүргені: қара халық ішіне барып басы болатын білімі бар түзу адам жалғыз мұғалімдер болған соң, ел ішіндегі сүйенішіміз солар ғана деп, қамын жейді. Ондай курстарда жалғыз мұғалімдер емес, басқа неше түрлі жолдармен жүрген адамдар да оқиды. Осындай курстың бірін биылғы жазда Томскінің губернский земствосы ашып, студенттер һәм басқа неше түрлі халық ішіне барып қызмет қыламын деген адамдар оқып шықты. Біз әзірге мұғалімнің өз басының білімін толықтыратын курсты һәм мектептен тысқары сабақ оқытудың жөнін үйрететін курсты екі бөлек қылмай-ақ қояйық. Бұл екеуінің жолын бір курсқа да сыйғызуға болады. Курсқа шығатын шығын оқушылардың киім, тамағы өзінен болғанда тіпті азға түседі. Бұл турадағы түбірлі мәселенің бірі — осы курстың оқытушылары (курс оқытушылары) университет бітірген қазақ оқығандарының 2—3-еуі болу керек. Бұған бөлген үш ай өнімсіз жұмысқа кеткен уақыт болмас. Аз көрнек жолында құба төбелдігі болмаса, бір жазда одан артық елге пайда істейтін азамат бола қоймас. Егер өзімізден оқытушы шықпаса, татардан я басқа мұсылмандардың жоғарғы оқу бітірген жарамдыларынан шақырып алу керек.

Біз қараңғы түннің тұманы сейілген соң, тіршіліктің жарығын жаңа көріп отырған елміз. Біздей жұрттың мәдениет жүзіндегі алғашқы істемек ісі жас баланың мінезі секілді: көрсеқызар, желіккіш, бір бетпен солақай кеткіш үстірттігі көп болуға лайық. Қазіргі оқу ісін алсақ, тәртіппен бір ісі істелмей, саясат хаһуасы толқып кетсе, оқуды ойлайтын күн болды ма деп саясат тынышталса, «қарбаласып жүрміз қайтейік» деп, солақай қалдырып, жұбатып барамыз. Бұл — әлгі бір бетпен сыңаржақ болып үстірт кеткіш піспеген елдің қылығы. Бұл халді жұрт оқуына көбірек жауапты болатын адамдардың тезірек еске алып, іске кірісуі қажет. Қажет деп білемін.

1918

## ЕСКЕРУ КЕРЕК

Кешегі ешкімге бағынбай, елді хан билеп, көсем би билеген заман — кніз туырлықты қазақтың тарихында



әркімге белгілі бір дәуір. Ол заман өтті. Одан бергі біздің хал бұлқынбай, жатқа бағынудың жолында болды. Кең қазақ даласын әлденеше указ сайқалдап шықты. Кең өзгеріс жаңалықтар болды. Әуелгі қазақтың халықтық қалпы неше толқып, неше кішірейіп, шымшытырық түрлерге түсті. Әр түрлі указдардан шыққан өзгеріс халық бақытын мысқалдап жылжытып, құлдық құшағына тастағалы әкелді. Неше рет қазақ халқы зынданның ернеуіне келіп қайтты. Бұл уақытта заман ол тұманды сейілтті. Енді қандай өзгерістер болса да халықтық жоғалмайды; бақыт қайта оралып қарайды деген үміт халық жүрегін қуантып тұр.

Бір жұрттың басынан кешкен әр түрлі дәуір сол халықтық мінезіне, халықтық қалпына әр түрлі із қалдырып отыратыны тарих жүзінен белгілі. Бастан кешкен шапқыншылық, бұзақы тентектік, батырлар, хандар заманы қазаққа өзге бір мінез беріп, халықтық қалпын басқа бір түрге түсірген. Заман талқысы шапқыншылық, бассыздық еріксіз сондай қылып отырса да, кешегі өткен ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін елшіл билердің заманы, жұрт мінезінде ол да өзінше бір із қалдырды. Одан бергі арты бұл күнге шейін сейілмей отырған, ел қамқоры басшыдан, берекеден, тәртіптен, намыс-қайраттан айырылып, құлдық пен зорлық арқанында матаулы болған заман тағы да басқа түрлі із тастап, келешектегі жұртшылыққа өзгеше бір рухты бұл да беріп кетіп отыр. Енді бұл соңғы айтқан дәуірге басымызда оқыған біліміміз, қолға ұстаған саясат деген құралымыз барлар біз келіп ілініп отырмыз. Әрине, оқығаны бастаған бұл соңғы дәуір де қазақ жұрттығын гүлдентіп ажарлайтын дәуір. Бірақ көкіректі қарс айырған арман қуаныш болып тарқап, көксеген бақыт қанат қағып қолға елпілдеп келе жатқанда біздің қолға қазақ қандай күйде тиеді. Соған сын көзді салу керек. Өткен күннің істеген хатасын есептеу керек. Қазақ бұрын пәлендей батыр еді, ақылды, адал еді деп, күр сөзбен желіктіріп, осы күнгі жұртты батыр, намыскер қыла қояйын деген ой менде жоқ. Онымен халық селт етіп, қалпын аударма алмайтыны белгілі. Бірақ заман ыңғайы еріксіз қорқақты көп қуып батыр қылды ма, жоқ өздігінен сүйегіне сіңген мінезі ме еді, әйтеуір бұрынғы қазақтың бұл күнгіден бар мінезі ірі екені анық еді. Бұған ешкімнің дауы жоқ.

Енді өмір қалпы, жұрт тұрмысы қандай халге қойылды, соған келейік.

Ол — ата, ру, тап бөлініс. Бұл күнге шейін біздің жұрт өзіне жақын бір билікке бағынған соң, тәртіпсіздіктен біреу біреуге сүйеніп, біреуге біреу шоқынар болып, ата-тап жігі үлкейіп келді. Әуелгі уақыттағы жауынгерлік, алыс-шабыс, тиышсыздық бір туысқанды бір туысқаннан шет жайылдырмай біріне-бірін тығып, еріксіз осындай ішкі өмірдің ыңғайы әлгі ата-тап жігін шығаратын болды, шығарды. Бұдан барып көп ата жуан, аз ата жінішке болды. Сол жіктің арты бұл күнде пеге соғып отыр? Қай елді, қай тапты алсақ та, жаз жайлау, күз күзеу, қыс қыстауды атаның ортадан ойып алмағаны бар ма? Қай елде болсын, кем болса жүз үйден он үй бір тілім жерсіз келімсек болып жүрген жоқ па? Қай жерде болсын, әрекет, бүлік жуан атаның баласынан шықпай ма? Жуан ата бақ қуады, өзінше абиыр қуады, біреуге қожақтап, қорқытқысы келеді. Осының бәрінде бір тайпа (тафе) ел солардың шоқпары емес пе? Біреудің жесірін тартып алады — есеп бермейді, малын тартып, аулын шауып алады — бітім бермейді. Осындаймен ел ішіндегі бүлікке ылғи жуан ата бас болады. Елдің тыныштығы да, бүліншілігі де солардың қолында. Талай ел осындай басшысының жемінде: не шығыным деп алады, не қисын жер деп, айыбым деп алады.

Осыларды шын басшылар қосарға алса, ел қайтып елдікті ойлайтын, ретті жұрт бола алады? Жуан ел қырдағы бұзық мінездің ұясы. Қазақтың жай өмірінің шырқын бұзатын партия болса, оған солар басшы екен. Ұрлық болса, ұрыға құрық беретін тағы солар. Ел арасында жүрген жаман өзінің төрін жоғалтумен ұрлықтың тамыры құрымайды. Сол ұрылардың атасы болып отырған жуандар жақсы ұрыларын баурына басып бермей қалады, не ұры еместі ұры қылып алады. Бұған қарағанда алдымен жаман ұрыға тию қиянат секілді көрінеді. Және бір жуанға тисең бар жуан шұрқырап жиылып ара түседі. Осымен елдің шын тентегі тыюсыз кете барады. Ол уақытта ел ішіндегі жылаулар, нашар жуанның езгісі, ермегінде құлдық арқанында мойны шіріп тағы сорға қамалып жүре береді. Ертеңгі қызметін де көрермін. Қызметке келген бір кедейдің өзі бір кедейдің жалғызы болғанда, жуанның баласының он-оннан

саусылдап мырзалық құрып, нашарды зарлатып жүргенін.

Абайдың: «Мен закон қуаты қолымда тұрған кісі болсам, адам баласының мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деген сөзінің қазақ турасында еске алынатын кезі келді. Осы күнгі дүние майданының ең биік тұрғысына шығып тұрған жұрттардың қайсысын алсақ та осынша дәрежеге жетуіне әділ билік тәртібі, епті саясат себеп болған. Олардың басшысы ел қамын ұғып әуелгі мақсатына көптің қамын қойған. Осыдан басшысын көбі сүйіп, артынан ергіш болған. Біздің басымызға келіп тұрған осы күнгі заман жұқалаған, жуастық, қайырымдылықты көтермейді. Әуелгі халықтың жұрттығынан айырылуына себеп болған нәрсені қайта алып келіп, енді халықтық үкіметін құруына құрал қыламын деуге болмайды. Ол еліге алмайды, еңбекті көтермейді. Ендігі халық болуымызға ұйтқы болатын нәрсе — құрыш құрсаулы әділ, қатал билік. Ендігі хакімнің алдына нашар да, жуан да теңшілікте болып, белгілі негізге құрылған закон болмаса, жуан атаның еркі ел ішіне жүрмеуі керек. Әлі де жуан ата билеп, төстеп қадірлі болатын болса, автономия деген, бөлектік дегеннің бәрі де сырты бүтін, іші түтіннің ісі болады. Бірақ мұндай күйді бұрынғы уақыт көтерсе де, қазіргі уақыт көтермейді. Іші түтін болса, сыртында бүтіндік жоқ. Ертең күл болып көкке ұшады. Егер бұл күнге шейін келген осы жол бұдан кейін де созылатын болса, елдің елдікке махаббат рухы оянбайды. Енді нашарды өрге тартып, теңдікке алып, әділет көзбен қарап есесін өзіне тапсыру керек.

Осы жолды тұтынған хакімшілік қана жұрттың мейрімді атасы болып, шын жұрт болуға жарарлығына көз жеткізіп, жүрегіне жігер құюына болады. Әуелгі жуан ата, жіңішке ата жігінің қайта тууына себеп болған, сол көпке бірдей қорған боларлық биліктің жоқтығынан болатын. Өзге жұртты алсақ: бай өз бетіне, кедей өз бетіне, һәркім өз ісіне ерікті. Біздің жіңішке атаның балалары жуаннан бөтен іс істемек түгіл, содан бөтен ой ойлауына да болмайды. Жуанның ісінің, ойының беті нашарға діндей. Бұның түбі, ойланып қараған кісіге — құлдық. Өзге жұртта һәркім өз басы, үй ішінің қамынан басқа, баққа таласып, не бірінікін бірі ұрлап алып, біріне-бірі зорлық қылып, жұлқысып партия қы-

латындары нешуақытта болмайды. Бізде не сөзуар, не малды кісі болса, әуелі аулына қожа болып, одан ағайынына, одан ауылнай, болыс ісіне қожа болғысы келеді. Осыдап жоғарыдағы айтылған көп шатақ еріксіз шығарды. Біздің енді ескеретін нәрсеміз сол жуан мен нашар арасындағы айырмашылықты жоғалтып, жұртты бүліксіз тыныштық өмір қалпына түсіндіру.

Бұл үшін ел ішіне күшті әділ хукімет орнап, нашар мен жуанды теңестіріп, жуан зорлықшылды не қылса да елден айырып әлсіретуге тырысу керек. Осы айтылған жуан, нашар деген жік кетсе, қазақ жұрты мәдениетке шылбыр берерлік қалыпқа жақындауына болады. Бұлай болмай ел мен шын басшы біріне-бірі жақындаса алмай, жуанды басшы қылатын болса, ел ішін сары су кеулеп, жұрттың буынын бекітіп бойын өсіре алмайды. Жұрттың жұртшылыққа рухын ұялатам деген тарих жолы — мысқалдап бойға сіңген ғылым дейміз. Сол тарихтың жолы осындай өзгерісті керек қылып отыр. Біз әлі шикі жұртпыз, талай өзгеріске мойынұсынамыз. Заман еріксіз мойынұсындырады. Биылғы жастар съезінің қаулысындағы Николай заманында іс басына мінгендер енді ел ішіндегі кісілікке сайланбасын деген қаулы осы негізге тірелетін. Бұл халді һәркім де ескеру керек.

1918

## ҚАЗАҚ ОҚЫҒАНДАРЫНА АШЫҚ ХАТ

Россияның ішінде көбігі аспанға атып жүз толғанып, бұлқынып жатқан революция толқыны дүние жүзіндегі еңбекшілерді құлданған патшалықтардың бәрінің жүз жылдап құрған құлдық қорғандарын іргесімен теңселтіп, жапсарын ашып, жігін үлкейтіп тұрғаны әркімге мәлім. Енді біраз заманның ішінде осы толқын осы күйінде бетін аудармай харжыт қылса, ол қорғандар құлайтыны анық, һәм кең жалғаннан пана таба алмай, сол қорғанның түбіне тығылған ақ сүйек жуандар қалтырап отырып соның астында жан беретіні де мәлім. Бүгінгі күні кешегі қараңғы құлдық күннің күңгірт жүзді қожасы — жуандардың басына келетін ауыр күннің қаһарлы бұлттарын Россия жуандарының төбесіне заман желі айдап келіп тұр.

Мақшар күнінде ақ-қараның таразысы құрылғандағы сағаттай, өткен күннің күнәсі есіне түскен адамдар басына күн туып, қашып-пысып, сорлы жанды қорғаудың айласында жүр.

Орыстың жуаны басына айналып келе жатқан қара бұлттың қатерлі пішінінен, бірінші, өмірі үшін қорықса, екінші, кешегі күндегі істеген қаталдық жауыздығынан ары қысылып айдап отыр. Басына келе жатқан бұлттың арасынан қысылып үріккен көзіне дария болған нахақ қан, көздің ыстық жасы, қажып тозған дененің ашы арам тері көрінеді.

Осының бәрі ескі күнде өзі туғызған бақытсыздық болған соң, солардың суреті елестейді. Қорқатын жөні бар, қашпасқа шарасы жоқ.

Жә! Кешегі сол жуандардап көпшілік бұқарамен қатар қуғын көріп соққы жеген кең заманды сағынып көкसेген қазақтардың неше қилы замандағы басшысы, оқығандары қайда? Олар неден қашып жүр? Өзге жұрттың қашып жүргендерін көрсек, неше жүз жылдар елді жеп келген, қылығы асқан, жауыздар, обыр бек. Қашушының ішінде болып, қазақ оқығандары да өзінің ақ жүзіне сол қара таңбаны салғысы келе ме? Жоқ әлде олардың да жуан болып қазақтың нашарының дәнін сорған жері бар ма?

— Қой, қазақтың баласы ол күйге жеткен жоқ. Бұл күнге шейін бар қазақтың баласында бір-ақ түрлі құлдықтың ноқтасы болатын. Бірінен-бірінің қара үзіп, артып кеткен еш жері жоқ. Бәрінің көргені де өгейлік, жетімдік. Бәрінің көргені де қуғын-сүргін болатын. Әсіресе оқығандарының бой жазып кең отырған күні бұл күнге шейін болған жоқ. Қашан болса күні қысылу, бұғып қорқу болатын. Олай болса, кешегі басынан сырық, малынан құрық артпаған жауыз үкіметтің артынан қай қызығын көксеп кетіп отыр. Осы күнде сол үкіметтің жауының бәрі тік көтеріліп, совет өкіметінің қатарына кіріп отыр, қазақ оқығанының жартысы солардың ішінде. Қырда жатқан, қашып пысып жүрген жартысы не оймен жүргені мәлім емес. Оқығанының да бірінен-бірі айырылып жарылатын заманы болған жоқ секілді еді. Олай болса, осы қашудың себебі не? Жұрт артқы күндердегі күнәсінен қорқып қашса, ол күнә қазақ оқығанының мойнында жоқ. Жұрт жуан болып біреуді жылатқандығынан қашса, кісі жылатпақ түгілі

қылағанның бірі болып жігері құм болып, кең заманды қашан бересің деп жүрген қазақ оқығаны еді.

Жұрт кең заманнан пайдаланып, тиісті сыбағамды жырып алып қаламын десе, ауыр заманда ауыр бейнет, қиын жұмыста бар қайратын салып келіп, мақсаты іске асатын күні, еңбегінің жемісін оратын күні қашып кетуінің не мағынасы бар? Бұл шалалық, елдік сезімінің әлі күнге басшы мен деп жүрген оқығанның өз бойына сіңбегендік. Әйтпесе, осынша сыңар езу болуға мүмкін бе? Қазақ оқығаны екі жарылатын замандар әлі күнге туған жоқ. Оның тууына да талай жылдар бар.

Оқығанның өзі жартысын ауыр күндерде-ақ Совет үкіметіне қосып бірігіп іс қылмақ болып, енді қырға барып бұғып жатуларының ешбір көрнекті себебі жоқ. Рас бұрынғы тұрған қалаларында өшті-қасты жазықсыздан зиян келтіретін адамдары болса, басқа қалаларға бару керек. Қазіргі күнде қай қалада болса да мекеме атаулыда үйіліп, қақтығып, арызын жеткізе алмай көзін сүзіп жүрген қазақ көп. Өзге уақыттардан осы күнде олардың арыздары, мұңдары тіпті көп. Себебі көп ел ары-бері өткен казактан көп зиян шекті және мына үкімет езілген жылаулардың досы деген сөздерді оқыған соң талайдан айта алмай, сөзін жеткізе алмай жүрген қышулы мәселесінің бәрі де көп тобымен келіп айтып жатыр.

Бірақ бұрыннан саны аз оқығандардың көбі бытырап кетіп, қала-қалада жоқ болған соң, әрін әлі де жеткізе алмай, ешкіммен ұғыса алмай, бостан бос қамалып жүр. Осы халдерді ойлағанда елдің қамын жеген оқыған азаматтар не қылса да қолынан келген шарасын істеп, осы үкіметтің арасына кіріп, қазақтың есесін әперіп қалатын уақыты келді деп білеміз.

Қазақтың оқығаны елдің қамын шынымен жейтін болса, қай күнде болсын пайда келтіре аларлық шағулы жерін аңду керек емес пе? Қазіргі заман қазақтың басына келіп тұрған әрі ең қиын, әрі ең пайдалы жайлы заман, құр елдің мұңы тыңдалмайтын бірен-саран кісінің басына ғана жайлы, ет азу келген заманда ғана оны істеймін, мұны істеймін деп, анығында еш нәрсені істей алмай, шағулы заман келгенде қашып жүрсек, елдің қамы деген сөзді айтып не керек. Осы күнде не қылса да оқығанның бәрі де барын салып еңбек қылып, осы өкіметті сендіру керек. Сонымен бүгінгі мекеме атаулы-

да бос қалып жүрген қазақтардың мұң-мұқтажын орындау керек. Қашып бұғудың ешбір себебі жоқ. Қазақ оқығанының Совет өкіметіне істеген ешбір жазығы жоқ. Совет өкіметі үлкен жазығы бар адамдарды да қатарына кіріп пайдалы қызметімді істеймін десе, қумайды.

Егер қазақ оқығандары Совет өкіметінің қабағынап қорқып қашса, айтатын сөзіміз осы: оқығанның қайсысы болса да азғантай пайда келтіре аларлығы болса, тезінен қала-қалаға келіп қызметке кіруіне керек. Ел шақырып отыр. Талай-талай пайдалы жұмыстар шешілуін күтіп дайын отыр. Қазақтың қамын жейтін оқыған болса, қашқаны болсын, қашпағаны болсын, қырда бос жүргенінің бәрі де келуі керек.

Жоқ, егер де кешегі ананың қатыны маған өш еді, мынаның малшы-қосшысы өкпелі еді деп қашып жүрген болса, олардың жолы болсын, игілікті сол ұзақ жолынан тапсын.

Жылы күнде жайлы орында отырып, еріккенінен елге тәтті сөзді сайрап-сайрап, күннің түсі бұзыла бастағанда жылы жаққа ауа жөнелетін жаздың гүлі, қарлығаш тоты болмақ болса, оның жөні бір басқа. Айналып келгенде жақсы жігіттердің көбінің себебі осы болып шығатыны да мәлім. Әйтпесе, қазіргі күнде қалада отырып Совет өкіметімен қызмет қылып отырған кейбір кісілерден жазықты емес сол қашып жүргендер. Бірақ қайтеміз. Дүние дүние болғанда оған жарастық үшін де жаралатын нәрселер бар. Кейбір азаматтар, қарлығаш, тоты болғандар, дүниенің сол кетігін толтырмақ шығар. Ол да болса мақсұт, жолдары болсын.

1920

## БҮГІНГІ ЗОР МІНДЕТ

Қазіргі күнде өкімет мекемелерінің мол шаруаны меңгере алмай, ойындағы көп істерін зерттеп, тәртіпке қоя алмай жатқанына қарап, көп жұрт бұл өкімет өнімді іс істей алмады дейді. Бүлінген шаруа, шашылған дүние әлі күнге бүлінген, шашылған күйінде дейді. Мұның үстіне ел қолындағы мүлкі де күннен-күнге сусып, қолынан шығып бара жатқанын ойлап, жұрт шарасынан кеміп, әлсіреп бара жатқанын көріп, мемлекет әлсіздікке айналды, ел сымпыс шолақ кедейлікке түскелі тұр дейді.

Енді осы қалыпты ой ойлап, ел қамы, кедей қамы

үшін қайғыратын кісілер болса, төмендегі сөзге көңіл бөлсін.

Өкімет ісінің ретке түсе алмай тәртіпсіз болып отырғанына мекемелердің басында отырған жаңа адамдардың іспен таныс еместігі қаншалық себеп болса, елдің өз шаруасын өзі жөндеп ала алмай, беріп отырған нәрсеге не бола алмай отырғандығы соншалық кемшілік. Хатта бұл күнгі жалпақ мемлекеттің шаруасы күйзеліп отырғандықтан, ел шаруасына да түсіп отырған ауыртпалықты айтпай тұра тұрайық. Ол — бәріміздің басымыздағы саяси халдің салмағынан туып отырған бір ауыртпалық шығар. Бірақ бұдан басқа да арысы жалпақ елдің, берісі ел ішіндегі көзі-қарақты жігіттердің істеуін күтіп, несіз тұрған қызмет көп. Қазіргідей шаруа жүзінде күйзеулік болып, елдің қоғамдық көп тілегі орындалуға жол болмай тұрғанда елдің қамын шын жейтін азаматтар мың тілектің бірі орындалатын болса да, соған еңбегін салмаушы ма еді? Төс табандап тартып, соң да болса жемісін елге жегізем демеуші ме еді?

Мінекей сондай тың тілектің жарым-жартысы болғандай, ел өміріне өте қажет істердің бірталайын істеуге осы күнде кең орын, ашық жолдар бар. Бойына азынаулақ шыдам жиып, аз ғана еңбек қылса, көркейіп кеткелі тұрған істер көп. Ол істердің бірі деп менің айтатыным — оқу жұмысы. Совет өкіметінің заңынша оқу жұмысы қаншалық бағалы, қадірлі екенін іске араласқан кісінің бәрі де біледі. Бұл жолдағы кеңшілік, дүние аямайтын молшылық, барын бермек болып отырған мырзалық, қай жұртқа болса да жеткілікті. Оқу ісіне қазіргі өкіметтің артық екендігіне барлық жаулары да қол қойған. Ескі үкіметтердің шашпауын көтерген оқытушылар да бұл күнгі оқу жолындағы кемшілікті көріп, әбден риза болып отыр.

Жә, оқу ісіне өкіметтің істеп отырған қызметі, беріп отырған кеңшілігі қайсы? Бұған дәлел — қалың солдат, қалың жұмысшы, аяғы жалпақ кедей елдердің арасындағы қызметтер, бұған дәлел — орыс, қазақ, бай, кедей, жас, кәрінің арасындағы надандықты құртуға істеліп отырған қызметтер (ликвидация безграмотности.) Бұл — жалпақ мемлекеттің қолданып отырған ісі. Енді қазақ ішіндегі оқу ісіне келейік.

Қазіргі күнде губерниялық оқу бөлімінің жасап отырған жобасы бойынша келесі жазда қазақ ішінен 300-ден



аса мектептер салынбақшы. Оқу бөлімдерінің бәрі де осы жоба бойынша жаз шыға осы қызметтеріне кіріспекші. Бұл турада «губкомтұрада» тиісті көмегін беріп отыр. Салынатын мектептердің әрқайсысына 50 кісіден жұмысшы бөлмекші. Оның жұмысына кіріскен кісілер басқа қызметтерге алынбайды. Және де мектептерге керекті ағаш саймандар қазынадан берілмек. Енді болыс ішінен, старшын ішінен мектеп саламыз деген кісілер болса, ел ішінен жұмысшылар дайындап алып, оқу бөлімдерінен керекті көмектерін алады. Міне, осы ретпен қыр ішінен ашылатын мектептердің жұмысы реттеледі.

Енді қала ішіне келейік. Бірталай жылдардан бері қарай қазақ оқығандары қалада тұрып бас қосып, елді ағарту жолына қызмет қылар десе де, әлі күнге бір қалада қазақ халқына арналып салынған бір мектеп, бір клуб жоқ. Қазақ көшпелілігін қойып, қала болса, мәдениет тез орнар еді дейміз. Сол мәдениет қайтсе орнамақшы? Қазақтың әр жерде отырған жаңғыз-жаңғыз ауылдарын бір жерге әкеліп құр ғана үй салғанмен мәдениет өзінен-өзі қаулап кетпек пе? Ол да осы оқығанның қызметін керек қылмай ма? Біздің сол күнде қызмет өндіретін қайрат, талабымыз осы күнде неге көрінбейді? Қазақтың келешекте салынатын қалалары осы күнгі Семей губерниясындағы қалалардан үлкен болмайды. Қазақтың саны осыдан артық болмайды. Ал біздің осы қалаларда салған бір мектеп, бір клубымыз жоқ. Керек десе, салуға істеген қамымыз да жоқ.

Мінеки, қазіргі күнде қолға алынатын жұмыстың тағы біреуі — осы. Бұлардың қай-қайсысын болса да сәтті қылып, келістіріп салуына болмаса да, орташа қылып салуға болады. Қай қалада болса да ерте күндегі лавкалар осы күнде керексіз болып бос тұр. Іздеген кісілер қанша мектеп, қанша клубқа болса да сол лавкалардың ағашын алуға болады. Әрине, бұл айтылғандардың бәрі де оқу бөліміне тиіс шығар. Бірақ осының бәрін басқарып, аз уақытта ойындағы ісін істей қою олардың қолынан келмейді. Сондықтан қыр мектебінің турасында қырдағы көзі ашық жігіттер, қандай жерде барлық қызмет басындағы оқығандар оқу бөліміне көмекке келуіне керек. Оқу бөлімінің ойында жоқ істер болса, есіне салып соны басқарудың міндетін өз мойындарына алу керек. Ел ішіндегі мектептерді көбейтіп, жандарынан балалар тұратын үйлер салынса, қалаларда

клубтар салынса, ол аз қызмет емес қой. Бұл — бір.

Екінші, осы күнде қыр қазағы бұрынғы қаладан алынатын ұсақ нәрселердің бәріне де мұқтаж. Ол нәрселер айтуы ұсақ болса да бүгінгі шаруа жұрттың керектігіне қарағанда, ат-түйеден кем емес. Мысалы, қыр елдерінің мұқтаждары: бұл, былғары, ыдыс-аяқ. Бұлардың кейбірін елдің қолдан істеп жүргендері бар. Бірақ не жөнді қылып істерін білмегендіктен, не тез уақытта іс қылып шығара алмай тұр. Кейбір адамдардың әр пәрсені істеймін деген талаптары болса да, оны үйрететін, не қолына сайман тауып беретін кісі жоқ. Мінеки, осындай жұмыстардың ретінде ескеретін бір үлкен іс мынау:

Губерниялық уездің шаруа бөлімдерінің жанында қол шаруасын үйрететін (кустарный отдел) бөлімдері бар. Оның ішінде бұл тоқу, былғары плеу, шыны ыдыс-аяқ істеуді үйретеді. Түскен жігіттер әбден үйреніп болған соң, қалаған жеріне барып, мастерской ашады. Оның қолына керекті машиналарының бәрі де беріледі.


Міне, егерде осындай шаруа оқуына көп жігіттер түсіп үйренетін болса, бүгінгі мұқтаждықтың күнінде солардың қызметінен пайдалы қызмет бар ма? Және біздің естүмімізше, жоғарыдағы айтылған бұл тоқитын, ыдыс-аяқ істейтін машиналарды қолдан істеп алуға да оңай дейді. Бәрінің саймандары ағаш болса керек. Егерде осыларды қырға апарып көрсетсе, талай ыдыс-аяқты өзі істеп, шекпенін тез тоқып алып отыратын болса, онан артық олжа бар ма. Шекпен тоқитын машина тәуір үйренген кісі ұстаса, күніне бес кез бұл шығарады. Ыдыс-аяқ істейтін машина істеушінің қолында саймандары болса, күніне қанша шыны-аяқ болса да жасай береді.

Қазіргі күнде Семей қаласында сол бөлімге жиырмадан аса жігіттер берілгелі отыр.

Енді осы ретпен болыс-болыстың бәрінен жігіттер келуіне керек. Ел ыңғайлы жігіттерін жіберсін. Түбінде әр болыстың адамдары өз болыстарына шығады.

Мінеки, осы айтылған екі-үш түрлі істерге күш салып, көңіл бөлсе, талай пайдалы көрікті істер шығаруға болады. Тегінде іс қылуға көңілі бар жігіттердің бұл жұмыстарға ықласын салу борышы — бүгінгі секілді күндердің зор міндеті осылар.

1920



## ҚАЗАҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ МІНДЕТІ

Кіндік өкіметтің қазақ халқына автономия береміз деген жарлығын оқып, ілкі естіп білген қазақтардың осы күні сұрайтыны: «Автономия қашан болады? Теңдігіміз қашан тиеді? Ел қатарына қашап кіреміз?»— деген сауалдар болады. Бұл сауалдарға қарағанда, қазақ жұрты қазіргі істеліп отырған істерді, айтылып жүрген сөздерді қанағат қылмағаны.

Өзінің әр түрлі өмір жүзіндегі тілектерін алдына қойып, солардың шешуін сұрағаны. Шаруа тұрмыс жөніндегі әр түрлі ауыр халдеріне көмек тілегені. Әрине, ол тілектерінің, наразылықтарының ішінде орынсызы да көп шығар. Надаңдық, қараңғылық және түсіпбегендіктер арқасында үстірт қарайтындары да бар шығар. Тілегінің бәрі де өз аманшылығын сақтап, мемлекет халін, көпшіліктің халін ескермегісі келетін де шығар. Әйткенмен де, көп тілегінің, наразылығының ішіндегі дұрыс жерлерін біз теріске шығара алмаймыз.

Шынында, қазақтың бұл күнгі қызметіне қатысып отырған азамат қазақ елін қай қызметімен қанағаттандырады? Қандай еңбек, қандай өнер, қай ісімен ризалайды? Мен мынаны істегенім жоқ па, мынандай үлгі пайдалы істі ортаңа орнатқам жоқ па?— деп, қай қызметімен елдік буады? Мен сол сауалдарға жауап таба алмаймын.

Рас, дауласқан кісілер айтар, қазақтың тілегін орындаймын десең, алдымен разверсткеге малып алғанды тоқтат, қара жұмысқа кісісін алғанды тоқтат, жуанына ауыздық салып, ерік бермегенінді тоқтат, сонда ғана жағасың, сонда ғана наразылығыңа құтыласың деп. Бірақ мен мұны орынды жауап деп білмеймін. Елге бұның бәрін пышақ кескендей қып тастамай-ақ, жартылап орындасаң да жағатының шын шығар.

Елдің, жалшы халінің нашарлығын ойлап, шаруасының күйзелгендігін ойлап, ауыр салықтарды аздап кемітсе, мұқтаж болып отырған өте қажет нәрселерінен аз ғана берсе, ел үсті-үстіне алғыс айтып әрі қуанып, әрі риза болып азаматын мақтап кететіні шын. Бірақ елдің арлы қызметкері болсаң, алдында жауап бергенде жалғыз осы секілді шаншулы мәселелеріне ғана жауап беріп құтылмайсың ғой. Әрі надаң, әрі әлсіз, айласыз, көмексіз елге қызмет қылу, басшы болу мінде-

тіне көп мойнына мінген соң оның барлық кем-тарына ем іздеу, жетпегеніне жалғасу — азаматтың міндеті. Бұл міндеттен қазақ азаматының партиядағысы болсын, партияда емесі болсып, қайсысы болса да құтылмайды. Бұған себеп: қазақтың надандығы, өзге жұрттан төмендігі, саяси пікірінің оянбағандығы, жалпы тарихи халінің нашарлығы. Осы себептерден қазақ оқығандары социальный революцияны мақсұт қылса да, қазақтың қараңғыда жатқан қалың елінің бір тілегі соңынан қалмайды. Ол тілегі: елді мәдениетке жеткізіп ағарту, өнер-білім таратып, құралдандыру, дүниенің халін көруге көзін ашу, шаруасын түрлеп, ішінеп жетілту. Міне, бұл тілектердің бәрі де азаматтың мойнына қарыз. Бұл тілектің дұрыстығын ешкім теріс деп айта алмайды. Егер бұл тілектерді теріс деп, біз бұл міндеттерді атқаруға міндетті емеспіз дейтін азамат болса, ол қазақ жұртының қызметкері емес. Ол елдің басшысы да, уәкілі де емес. Бұл міндеттерді қарызым еді деп, мойнына алмайтын азамат болса, оның қазақ ішінде қызмет қылуында мағына жоқ. Не ол адам қазақ қызметінен шығып, кең байтақта міндеті аз жерлерде қызмет қылуына керек. Егер оны да істей алмай, не міндет мойнына алмай, жылы орында жайланып отырмақ болса, оған айтар сөз де жоқ. Ол құдайдың берген қонағы. Елдің кішкене қазанына ортақ болып, еріксіз кірген еркелері.

Енді елдің жоғарыда айтқан тілектеріне келейік. Ел тілегі белгілі — ағарту, көзін ашу. Мүмкін қадар шаруасын түзеп ортасына өнер-білімнің жарығын, үлгісін орнату.

Міне, қазіргі күнде осы тілектерді орындауға уақыт жетіп, кезі келген секілді. Қазақтың автономиясы жарияланып, кіндік өкіметі іргесін орнатып, ісіне кірісіп отыр. Қазақ азаматтарының іс қылуға жарарлық өнерлілері сол кіндікке жиылып, қызмет басына мініп отыр, ал қазақ даласын билейтін комитетінің сайланып, іске кірісе бастағанына жылдан асты. Осы күйді естіп білген кісінің басына еріксіз келетін сауал: «Ендігі бөгет неде? Неге іс істелмейді, не себептен ойдағы қиял іске аспайды?»— деген болады.

Бұл сауалдарға әлі күнге орынды жауап берілген жоқ және істелген істің де ешбірі көзге көрінген жоқ. Жолына ешбір бөгет жоқ, ашық жолды оқу жұмысын

алсақ, өніп кеткен еш нәрсе әлі көзге көрінген жоқ. Не қалада, не қырда мектептің үйі, я пәлендей үлгілі жақсы мектептер салынсын деген де ниеттер, жобалар естілмейді. Ал ел ішіндегі шаруа жұмыстарына келсек, істелетін жұмыстар бастан асып жатыр. Бұның өзге жұмыстарын қоя тұрып, бүгінгі елдің мұқтаж болып отырған істеріне келсек, толып жүрген жігіттерді қолөнеріне үйретіп, елдің мұқтаж нәрселерін жасатып отырса, қазіргі күнде ол да үлкен қызмет болар еді. Міне, осы секілді істердің не жайда болып жатқаны, қандай мақсұттар бар екені әлі күнге елге мәлім емес. Сондықтан ел қашан қатарға қосыламыз деген сауалы орынды секілденеді. Көңілге шынымен айтылған сөз секілденеді.

Және осы секілді сауалдарына елдің қайдан жауап алары белгісіз. Кіндік өкіметтің тілі болып отырған газеттерді алсақ, олардың бетінен жартымды хабар алуға болмайды. Жазылған сөздің көбі түпсіз терең мәселеге арналады. Бүгінгі күнде үнемі жоқ, ұзақ қиял. Шұбатылған жобаға арналады. Кіндік өкіметтің тілінен күткен хабарын ала алмаған кісілер аздан соң оқуға да көңілсіз тартады. Терең пікір, ұзақ сөздердің орны бар, егер сонымен қатар іс істеліп отырса. Әйтпесе, «мың сіз-бізден бір шыж-быж» деушілерге айтарлық дауымыз да қалмайды.

Мінекей, осы сөздерді айтып келгендегі менің ойымдағы пікірім: Қазіргі уақыттағы барлық күшті де, уақытты да, сөзді де бүгінгі күнде өнетін оқу жұмысына, шаруа жұмысына салу керек. Түбінде қазақ жұртының басынан әлденеше өзгерістер өтер. Бірақ іс басында жүрген азаматтардың, сол замандардан белгі болып қалмауы ұят. Қолдан іс келетін заманда елдің бір тілегін орындай алмау — ұят іс. Істейтін уақытты сөзбен өткізсек, қараңғы елдің алдындағы міндетімізді сөз деп ұқпапымыз, одап басқа жауапқа орын да қалмайды.

1921

## ЕГІНГЕ ДАЙЫНДАЛЫҢДАР

Қазіргі күнде егін саламын деген елдер кез келген жерден тұқымдық астық, соқа-сайман таба алмайтындықтан һәм ендігі егін салушылар үкімет көмегіңсіз іс

істей алмайтындықтан, Семейдің губерниялық жер бөлімінде келесі жаздың шаруасына істеліп жатқан қамдарын барлық оқушыға да һәм егінші елдерге де білдірмекшіміз.

Губерниялық жер бөлімінің бұл жұмысы туралы алдымен істеп отырған қаулысы — Семей губерниясындағы елдердің бәрін егін салуға міндетті қылу. Бұл міндет артылмайтындар жерлеріне, егін шықпайтын елдерге, не олар қай жерде отырған елдер һәм қай ел екені жер бөліміне белгілі. Бұлардың жеріне егін шықпайтыны бұрынғы шыққан землемерлердің сөзімен һәм ғылыми дәлелдерімен анықталған елдер болады. Міне осындай елдерден басқаның бәріне де белгілі бір мөлшерге шын егін салу түгел міндет.

Бір болыс елдің салатын егінінің ең көбі қаншалық болады. Оны жер бөлімі көрсетеді. Егер егін салушы елдер сол межеден артық салатын болса, оларға айрықша сый есебінде бұл, шай, ұн секілді нәрселермен көмек берілмекші.

Жер бөлімінің бұдан соңғы ойлап отырған иреті егін салушы елдердің бәріне де тұқым беру һәм жетісінше соқа-сайман беру, тұқым берудің қамына жер бөлімдері қазіргі күннен бастап кірісе бастады. Әрбір уездерге арналған тұқымдық астық уездің жер бөлімдеріне осы февральдың 15-не шейін түгелімен беріліп болмақшы. Содан ары қарай уездік жер бөлімдері өз беттерімен елге тарата бастайды. Жер бөлімінің іс сөзінің өзімен шығатын болса және жол біткенге шын ел-елге тиісті тұқымдық астықты қолдарына беріп, жерлеріне ерте жеткізіп алатын қылмақшы. Онан соң елге берілетін астық тобымен бір болыс елге бір-ақ беріледі. Оны жер бөлімдерінен алып, елге таратушы исполкомдар болады. Жеке ауылдарға, старшиндарға әуел бастан бөлініп берілмейді. Тұқым, соқа-саймандар туралы жақында губерниялық жер бөліміне 1500—2000 шамасындай соқа келеді. Бұл да егінші елдерге таратып беруге арналған нәрселер. Жалғыз-ақ, берілгенде облысполкомдардың пұлына беріледі және алушылар майын ғана ұстайды. Соқаның басы жер бөлімдерінікі болып саналады. Мезгілінде не бұзылып, не сынып қалған жері болса, түзетіліп берілетін болады. Бұл екі мың соқа ел санына қарағанда көп болмаса да, жылдағы берілетін санына қарағанда, көп деуге болады. Бұрын

бір губернияға 400—500-ден артық соқа берілмейтін. Биылғы жыл бұрын саймандардың көбі қазақ халқына берілетін қисыны бар. Себебі жер бөлімдерінен егінге бойұсынбай келе жатқан қазақ халқы іске үйретем, қаракетке түсіремін деп отыр. Қазақтың көбінде соқа-саймап жоқ. Орыс егіншілері қазаққа қарағанда бұрыннан саймапы көп. Шаруасы ретінде және де жылда келетін саймандардың көбі соларға берілетін. Міне, осы себептерге қарағанда жер бөлімдері қазіргі ойлап отырған шеттерінен адаспаса, көп соқасын қазаққа беруіне керек. Және де бұл айтылғандардың үстіне губерниялық жер бөлімі Семей губерниясындағы егіншілерді үш жікке бөліп отыр. Бұның біріншісі — дефицитный район (егінді не өзі салмағандықтан, не салса да аз салып ішерлігін ала алмай өзге жерлерден сатып алатын елдер) бұл жікке кіретін Семей уезіндегі қыр жақта тұратын елдер секілділер. Екінші жігі — астық разверсткасының елу процентін толтырған елдер. Үшіншісі — астық разверсткасының 50 процентін толтыруға әлдері бар болса да соны толтырмай отырған елдер. Бұл соңғы екі жікке кіретін крестьяндар. Жер бөлімінің бұларды жікке бөліп отырғандағы мақсаты — әрқайсысының ыңғайына қарай беретін көмегін ерте күшпен межелеп алу.

Мұндағы бөлімнің қазіргі мақсатына қарағанда, көмектің көбі жоғарыда айтылған бірінші жікке кіретін елдерге берілмекші. Қазақ халқының тұқымнан да, соқа-сайманнан да биылғы жыл өзгеден артық алуына тағы бір дәлел — осы.

Кіндікте болып жатқан съездердің «енді шаруаны түзейміз» деген ұранының арқасында биылғы жылы күштің көбі осы егін жұмысына салынбақшы. Жұрттың бәрі де арысы мемлекетті ашықтырмас үшін, берісі өзі ашықпас үшін жаз шыға егін жұмысына жұмыла кіріскелі отыр. Өкімет тарапынан осы егін жұмысын ойдағыдай қылып аяқтаңдырып, ретке салып, істерінің бәрін тездетіп бітіріп отыру үшін, посевком деген бөлімдер ашылып отыр. Посевкомдер губернияда, уездерде де түгелімен болмақшы. Егін салу турасында жұмысы болған кісілердің бәрі де посевкомдермен сөйлесіп, тиісті көмектерін, мұхтаждарын солардан алады.

Мінеки, қазіргі егінге дайындалу турасындағы біздің білдіретін хабарымыз — осы. Бұдан былай да осы

жұмыс турасынан шыққан қосымша, не өзгертілген жол-жоба болса, оны басып тұрмақшымыз. Егін жұмысы қазақ шаруасына ең пайдалы, ең ірі жұмыс болғандықтан, уездерде қызмет қылатын барлық оқыған азаматтарға, әсіресе қазақ бөлімдеріне ендігі қатты тапсыратынымыз: бірінші, егін турасындағы жол-жобамен түгел танысып посеvкомдермен тізе қосып іс қылу. Күндегі істеген істерінен мағлұмат алып хабарласып тұру. Екінші, ел-елге осының жайын ерте күннен құлақтандырып тұқымды, соқаны қалайша алудың жөнін ұқтыру һәм волнсполкомдар арқылы берілген астық, соқалар ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетпейтін қылып, ретке салып аңдушы болу. Үшінші, қай ел не нәрсе алды, қай ел ала алмай қалды, не себептен алмады, соны біліп тұру. Ала алмаған елдерге осыны әперудің қамын істеу; төртінші, қалаларда қызмет қылатын жігіттердің бәрі де осы жұмысқа жұмылып іс шығару. Канцелярияда отырып қағаз шимайлаумен уақытты ұсақ нәрселерге жоғалтуды қою, бастарын қосып, егін жұмысын бөлісіп алып, барлық күшті соған салу; бесінші, егін жайындағы жұмыстардың реті қандай болып отыр, соны губерниялық қазақ бөліміне білдіріп отыру; алтыншы, газетке сөз жазатын жолдас-тардан сұрайтын өтінішіміз: біреу пәлендей ішік алды, біреу пәлендей тазы ит, қаршыға алды, біреудің көңлінде пәлендейлік жуандық жүр, бірінің көңлінде арамдық жүр деген сөздерді, мүмкін болса, азайтыңқырап, біреудің көңіліндегі күңгіртті болжамай-ақ, көз алдында көрініп тұрған елдің шаруа жайын айтса екен деймін. Әсіресе, осы айтылған егін жұмысы қай ретте болып отыр, қандай жақсылық, қандай кемшіліктері бар, соларды білдіріп отырсаңыздар екен. Бұдан былай сондай хабарларға газет бетінен кең орын берілетін болады. Бүгінгі күнде біздің ең маңызды мәселе деп отырғанымыз — осы.

Қосымша: волнсполкомдар жоғарыдағы айтылған ретпен соқаны алғанда, алдымен ең мұқтаж кедейлерге беріп, олардың жұмысы бітуге тақағанда ауыстырып, екінші мұқтаж кісілерге беріп отыруға міндетті. Және исполкомдардың бір міндеті ерте бастан посеvкомға ел ішіндегі егіншілердің саны һәм мөлшері қаншалық тұқымға мұқтаж, қолдарында қаншалық тұқымы бар, соның жайынан мағлұмат түсіруіне керек. Бұл — ең



алдымен ескеретін жұмыс. Және исполкомдардың жанынан пысық, ел қызметіне ерінбейтін кісілерден волпосевкомдер жасалуына керек.

1921

## ҚАЗАҚСТАН ЕЛШІЛЕРІНІҢ ХАБАРЫ

Баспахананың жұмысы уақытша тоқтап қалғандықтан, газетіміз мезгілінде шыға алмай, елшілер хабарының көбі кешендеп қалды. Құлағын түріп отырған елдің көбі күнбе-күн күтіп отырған хабарларының көбін қызу үстінде есіте алмай, дағдарып қалды. Сондықтан хабарлардың қызулы кезі өтіңкіресе де, ел құлағына есітілуі қажет болған хабарларды қорытып жазбақшымыз.

Қазақстан елшілері Омбыға келіп, жұмысқа кіріскеннен бері Семей қызметкерлері Меңдешов жолдаспен екі рет төте телеграфпен сөйлесіп, үш-төрт рет жай телеграмма алды.

Жолдас Меңдешов 13 апрельде, ең алғашқы сөйлескен жолында Сибирревкоммен келіскен сөздерінің қорытындысын айтып және Семей облысының ішіндегі көңіл мен күшті көбірек аударатын уездер жайын айтты.

Бұл жолдағы сөздерінің қысқасы: Семей облысы екі шегіне уақытша Бұқтарма уезін қосып, түгелімен Қазақстанға қосылатын болды.

Ақмола облысындағы даулы жер — Омбы уезінің шегі, оның кесігін Мәскеу айтады, одан басқа уездер түгелімен Қазақстанға қарайды, губерниялық кіндігі Қызылжар болады дейді.

Бұл губерниялар 20 апрельден бастап Қазақстан ауданына кірген болып саналады. Иелері — Орынбордағы ҚирЦИК бұдап былай тығыз жұмыс болса, Омбыдағы елшілермен асығыссыз жұмыс болса, Орынбормен сөйлессіңдер дейді.

Семей губерниясының хал-жайы турасында Меңдешов жолдастың көп сұрағаны қыстың қалай өткендігі, жұрт қазасына ұшыраған елдердің жайы, оларға беріп отырған күш-көмек қандайлық, жалпы қазақ шаруасын түзетуге, көтеруге қандайлық көмектер берілді, ел астық алды ма, пұл, шай алды ма, бұл жолда істелген

қандайлық шара, қамдар бар,— солардың жайынан сұрады.

Меңдешов жолдастың бұдан соңғы көбірек айтқаны Зайсан уезіндегі қазақтардың жайы болды. Жұрттың көбіне мәлім, Зайсан уезінің Қытаймен шендескен жерлерін жайлаған қазақ болыстарының көбі Кеңес өкіметінің салықтарына «кніз туырлықты қазақ болғалы көзіміз көрмеген құқайымыз, апат қазамыз» деп ескі әдетіне салып, ауа көшіп, Қытай кеткен. Қарық боламыз деп барған кең ырыс, шалқар қоныстағы құдадалары бұларды қарық қылудың орнына айдап барған малдарына өздері қарық болып, мал-мүлкін олжалап үлесіп алған. Сонымен бал орнына у жұтқан Зайсанның «ауғыштары» сендей соғылып, арлы-берлі жосылуда болатын.

Бұлардың жай-жапсары Меңдешов жолдасқа мағлұм болған соң, солардың арасына не қылса да күшкөмектің көбін соларға аударып, бұрынғы орындарына орналастыру керек. Кеңес өкіметінің бағыты, мақсатымен таныстырып, олардың досы екенін ұқтыру керек. Беталды елеусіз, ескерусіз адастырып жібермеу керек деп, Зайсан уезінде алдымен іс бастауға тығыз бұйрық айтты.

Семей облысын Қазақстан ауданына қолма-қол кіргізіп алу үшін, комиссия мүшелерінен екі-үш кісі 20-сынан соң жіберілмекші. Бұл кісілер Ақмоланың губерниялық мекемесі сайланып жатқандықтан, әзірше Семейге келе алмай тұр.

Меңдешов жолдастың пікіріне қарағанда, Ақмоладағы ретпен Семейдің де губерниялық, уездік атқару комитеттері өзгеріп, жаңа адамдар сайлануға мүмкін.

Губернияда партия жұмысын, жаңа мекеме жұмыстарын алып жүруге лайықты кісілердің кейбіреулерін Меңдешов жолдас кіндіктен ала келген көрінеді.

Губерния Қазақстанға кіруге айналғаннан бастап, Сибирревком жергілікті қазына-мүліктеріп һәм жергілікті қызметкерлерді басқа жерге көшіруді, ауыстыруды тоқтатқан.

Бұл хабарлар алынып, елшілермен қатынас түзелгеннен бері қарай Семейдегі қазақ азаматтары келешектегі іргелі жұмыстар туралы алдын ала жол-жоба жасап, қамданып жатыр. Әзіргі қамдарға қарағанда,

бұрынғы уездер мен губерния арасында болған алыстық, шалғайлық — барлық партиядағы һәм партия емес азаматтардың басында болған мең-зеңдер, ісінде болған салқындық, салғырттық, әрі-сәрілік тамырымен жойылмақшы, жоғалмақшы.

Ендігі біздің бет қойып отырған мақсатымыз — етек-жеңді түрініп серпілу, пирау, екпінді іске кірісіп, елеусіз жүрген, қаққыда келген қалың елді қолға алу. Сөзді, қыңқылды қойып, білек сыбанып, іске кірісу. Іс жүзінде бостандық жемісінің дәмін ел аузына таттыру.

Бұл жұмыстар турасындағы жасалған қаулылар, негізгі жолдар газетіміздің келесі номерлерінде жарияланады, һәм барлық уездерге телеграмма, почта арқылы жіберіледі.

1921

## ХАЛЫҚ ӘДЕБИЕТІ ТУРАЛЫ

Әдебиетті әдебиет тарихы бойынша тексергенде екіге бөлінеді. Бірінші, халық әдебиеті, екінші, жазба әдебиет.

Халық әдебиеті деп бір халықтың мәдениет жүзінде жас болып, оқу, оқыту деген нәрселер болмаған надан шағында сол халықтың арасында ауыздан ауызға көшіп, бірден бірге қалып айтылып жүрген: өлең, жыр, ертең, мақал, жаңылтпаш, айырым бесік жырлары, діндар өлеңдер, үлгілі әңгімелер, жын, шайтан, аруақтар туралы айтылған әр түрлі хикаялар, халық дәрігерлігі, олардың жері, сиқырлар, албастылар һәм басқа да осылар сияқты сөздердің бірсыпырасы халық әдебиетіне жатады. Халық әдебиетінде жоғарғылардың кім айтып, кім шығарғандығы, анық емесі мәлім болмайды. Ескі білетіп кісілерден кім ұғып жаттап айтса, сол не болып, бірден-бірге тапсырылып жүре береді. Ондай белгілі несі болмаған сөздер жалпы халыққа ортақ мүлік есебінде қалып отырады. Сондықтан жоғарғы айтылған адамның құлқына, тіршілігіне пайдалы жалпы халыққа ортақ сөздер халық әдебиеті деп аталады.

Жазба әдебиет болса, халықтың әлгі мәдениетке аяқ басып, араларына өнер-білімнің таралған, сөздің қадірі артқан, іштеріне белгілі ақындар, шешендер шыққан

шағында, солардың қолымен жазып, яки тасқа бастырып шығарған өлеңдері, үлгілі сөздері жазба әдебиетке жатады.

Жазба әдебиеттің қайраткерлері туысынан талантты болған, маңайындағы көрінген түрлі көрініс, оқиғаларды ашық суреттеп отыратын заманның тілшісі болады. Оқымыстылар бір халықтың келешектегі болатын бағасын тексергенде алдымен сол халықтың әдебиетін қолға алып қарайды. Бұл халыққа тұлға болатын негізгі ірі нәрсенің бірі сол халықтың әдебиеті деп санайды.

Біздің қазақ-қырғыз халқы әдебиетінің тарихын тексерген шет жұрттың оқымыстылары қазақ-қырғыз халқының әдебиетіне қарап, қазақ-қырғыз халқы өзі тұрғылас халықтардың арасында халық әдебиетіне бай. Басқалардан бұлардың болашағы гүлді, түбінде іргелі ел болады деп ой жүргізетін нәм біздің өз жазушыларымыз да қазақ-қырғыз елінің халық әдебиетін басқа жұрттың халық әдебиетімен салыстырып, халық әдебиетіне баймыз, болашағымыз гүлді деп жобалап қуанатын. Бірақ біздің халық әдебиетіне баймыз деп ауызбен айтып құр жұбанып, құр қуанғанымыз болмаса, әлі күнге халық әдебиетін жарыққа шығару туралы аса күрделі іс істеп жүргеніміз жоқ. Халық әдебиеті жиналып, жазылып қағаз бетіне түспесе, бірден бірге ауызға тапсырылып жүргенде, қайта жоғалып өшпесе өнбейді.

Халық әдебиетінің өркендеп дәуірлеген шағы — халықтың шаруасы күйлі, жері кең, үдере көшіп ен жайлап, сауық-сайран, мереке қызықпен күнелткен көшпелі тұрмыста болған шақтарында болды. Егер халық көшпелі тұрмыстан қалып отырықшы тұрмысқа айналса, отырықшы халықтың кәсібіне кіріп, еңбекпен күнелтіп, бос жүретін іссіздікті тастаса, бұрынғы ойын-той, сауық-сайран сиреп жоғала бастайды.

Халық бір түрлі тұрмыстан екінші тұрмысқа көшкен соң, бұрынғы тұрмыстың шағында қолданған гұрып-ғадет түрлі ресімдердің бәрі де ескіріп, тотыға бастайды. Осымен қабат бұрынғы сауықшыл кездегі ауыздан ауызға көшіп жүрген өлең, жыр, тақпақ, мақал, айтыс өлеңдер сияқты халық әдебиеті де тотығып жоғала бастайды.

Екінші, бөгде, көршілес отырған халықтармен кәсіптері бір, қатынасы мол болған соң, олардың салттары да зор әсер беріп, бұрынғы тұрмысы үсті-үстіне тотықтыра

бермекші. Кейінгі жаңа буынның жастары жақын көршілес халықтың салтын әуес қылып қолдана бастайды. Ел арасына сыбайлас көрші отырған халықтың түрлі рәсімдері, өлең-жырлары тарала бастайды. Міне осы ретпен халық бұрынғы кездегі салтынан, қолданып жүрген халық әдебиетінен заман өте-өте бүтіндей тотығады. Ескілікті өлең-жырларды жаңа буын жастары білмейді.

Аздап кәрі құлақты ескі кісілердің ғана жадында қалады. Ондай ескілікті халық әдебиетін әуес қылатын адамдардың өзі де ел арасында сирек қалады.

Қазіргі уақыттағы қазақ-қырғыз халқының жалпы халін алсақ, жоғары айтқандарды тап басады. Шет халықтармен сыбайлас отырған жердің жаңа буын оқымаған жастары бұрынғы уақыттағы:

Ала бием тай табар,  
Мінсем көңлім жай табар.  
Мен қалқамды сағындым  
Сәлемімді айта бар,—

деп атайтын ескі халық өлеңдерінің орнына:

Ах-ау не дарит, не шумит,  
Биуаш гуляйт.  
Гуляйт болмасаң черномайт  
Ах-ау не дарит, не шумит,

Болмаса:

Люблю, люблю, мамажай,  
Люблю тебе айуажай.  
Черт тебе ох, милай мой  
Ташкен уезжай.

Міне осы сияқты іске аспайтын өлеңдер халық арасына сіңіп орын алып, қазіргі күнде бұрынғы тақпақ, үлгілі билер сөзі ел арасында атымен жойылып барады деп айтуға болады. Ел тағдырын қолына алған пысықша атқамінерлер, аздап шала-пұла орысша білетін зақуншік болыстар, олардың бәрі де бұрынғы үлгілі сөзді билердің орнып баспақ түгіл қазақтың түзу екі сөзінің басын қосып сөйлей білмейді.

Ел арасында халық әдебиетінің көмескілене бастауына екі күшті себеп: соғыс әлегі, ашаршылық апаты болды. «Бір күн ашыққаннан қырық күн ақыл сұрама» дегендей шаруасы күйзеліп, естен тандырып бас көтерместей қылып кетті. Талас жоқ, қашанда болса халықтың

шаруасы күйзеліп тұрмысы нашарласа, халық әдебиеті көмескіленіп жоғала бастайды, сондықтан халық әдебиетін жинап жарыққа шығаруды мақсат қылушылар ел арасында халық әдебиетінің аз тұзы бар кезінде жинап қалуға қам қылу керек. Егер салақтық қылып, ермек еткен сияқты оқтын-оқтын үн шығарып ескі үйреншікті әдетімізге салынсақ, біраз жылдың ішінде халық әдебиетінен жұрдай болуымыз айдан анық.

Ел арасынан халық әдебиетін жинау туралы бұл күнге шейін Түркістан Білім Комиссариятының біраз еңбегі болмаса, жай құрғақ сөзден басқа көзге көрінерлік еш нәрсе де істелген жоқ. Қазақстан мәтбуғатында халық әдебиетін жинау туралы 20-жылы «Еңбек туында» бір мақала һәм 22-жылы «Бостандық туында» бір-бір мақала басылып еді. Одан бері олардың да мәтбуғаты<sup>1</sup> халық әдебиеті туралы «жым-жырт» ойлағандай болып жатыр. Енді өткенге салауат, бірақ жұртшылығымызды ашық көрсетіп халық әдебиетін жинаудың шарасына кірісуіміз керек. Меніңше, халық әдебиетін жинауға қолайы бар адамдар, оқыған шәкірттер болуы. Шәкірттер жаз елдеріне бара алған жақтарында халық әдебиетін жинап, керекті тауып пайдаланатын, басылып жарыққа шығаратын баспасөз майданына түсетін жерге жеткізуі керек. Және жинаушы шәкірттердің аса күш салып жинайтыны ескі халық арасына өлеңдері көп тараған ақындардың өлеңдері, олардың өмірі, қай уақытта болғандығы туралы мағлұмат жинауға кірісуі керек. Әсілі ескі әдебиетімізді жинауға жас оқығандарымыз күш көрсетпесе, халық әдебиеті мен аз жылдың ішінде ашық қостасамыз. Мұны оқыған сергек, әдебиеттің қадірін білетін азаматтар еске алуы өте қажет.

1924

## ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР

(Ел әңгімесіндегі Қобыланды, ел қиялының ұлы батыры)

Бұрынғы заманда неше алуан хандық құрған түрік жұрттарының көбінің тойын бірге тойлап шыққан бір ел қазақ елі екені тарих жүзінен белгілі. Нағыз қазақ бірлігі XV ғасырлар ішінде шықты десек те, сол бірлікті

<sup>1</sup> Баспасөзі

жасаған рулардың көпшілігі ертерек заманда болған. Алтын Орда, Қазан хандығы, Ноғайлы, Өзбек бірлігі сияқты хандықтардың бәріне де кірген, солармен бірге ыстығына күйіп, суығына тоңып ірі тарихи уақиғаларды бастарынан бірге кешіріскен. Бұл мағлұматтың шындығын жалпы тарих жүзінен бір көрсек, ел қиялы жасаған, ел есінде сақталып қалған ескіліктен екінші рет тағы көреміз.

Кейінгі заманда қазақ бірлігін жасаған рулар бұрын Алтын Орда бірлігінде болған. Бері келе кейбірі Қазан хандығына, көпшілігі Ноғайлы бірлігіне қосылған. Ноғайлыдан айрылған рулар өзбекпен бір болған. Осы сияқты тарихи дәуірлердің әрқайсысынан қазақтың бүгінде сақталып келген әдебиетінде айқын із болмаса да, долбар жасатарлық ұлы сұрлеу бар.

Қазақ руларының бұрынғы заманда қоныстасып отас болған елдіктердің бәрінің тұсынан алып шыққан ырымы, жүлдесі бар.

Бәрінен де қазақ ескілігінде сақталып қалған белгі бар. Алтын Орда бірлігінің мезгілінен Едіге батыр әңгімесін алып шыққан. Одап бері Алтын Орда бірлігі құлап, жалпы саяси бірлік жоғалған уақытта бұрынғы бірлік көзі жақсы кездей болып ұмытылмай жүреді. Ел көңілінде ашық күнді жақсы мезгілдей инет бірлігі, тілеу бірлігі жоғалмай жүрген бір кез болады. Сол кездің белгісі сияқты әңгімелер: Ер Тарғын, Шора, Қобыланды әңгімелерінде Алтын Орда құлаған кезде соның екі шетінде екі жаңа хандық жасалады. Бірі — Қазан, бірі — Қырым хандығы. Қазанның ішіне Тама, Қыпшақ кіреді. Қыпшақтың Қазан бірлігінде болғандығының белгісі болып Қара Қыпшақ Қобыланды әңгімесі қалған. Одап бері де қазақтың бірталай руы ноғайлымен бірігеді. Ноғайлы бірлігінде болады. Оның ішінде де Қыпшақ болған. Кейінгі қазақ бірлігіне кірген рулар ноғайлы бірлігінің кезінен Сайын әңгімесін алып шығады.

Ноғайлы-қазақ бірлігін жалғыз Сайын әңгімесі емес, ел аузында сақталып қалған басқа өлең жырлардан да сезуге болады. Соңғы замандарға шейін қазақтың кейбір домбырашыларының ноғайлы-қазақ айырыларда тартылған күй деп шертетін күйлері болса керек. Одан беріде ноғайлы-қазақ айырылардағы өлеңі мынау:

Жылау, жылау, жылау күй,  
Жылаған зарлы мынау күй,

Қазақ пен ноғай айырылды,  
Қазақ сартқа қайрылды.  
Ноғайлының ну елі  
Күйренді, кайғырды,  
Қара Қышақ Қобыланды,  
Қара орнынан айырды.  
Ел қанаты қайрылды,  
Зор күн туды, зор күндер,  
Кетті күлкі мол күндер.  
Жылау менен коштасу  
Келер ме қайтып ол күндер,—

деген.

Бұл өлең бұдан неше ғасырлар бұрын болған уақиғаны өлең өлшеуіне бір түсіп алған соң, ел есінің қаншалық жерге сақтап келетінін білдіреді. Сайын өлеңі де — сол сияқты бірлік кезінен алып шыққан әңгіменің бірі.

Ноғайлыдан соң қазақ руларының көпшілігі өзбекпен бір болған. Өзбек бірлігінің кезінен Қамбар батырдың әңгімесін алып келеді.

Сонымен қазақтағы батырлар әңгімелерін басынан аяғына шейін анықтап тексеріп қарағанда, бізге тіпті анық қылып тарих бетін ашып береді демесек те, сол ескі тарих көлемінде болған ірі мезгілдердің барлығының да ұлы суретін побаймен, дұспалмен көрсеткендей болады.

Рас біз елдің тарихын ылғи батырлар ертегісінен құрап тізбейміз, бірақ ел аузының ескілікті тарихқа қапшалық жәрдемші болатыны кімге де болса белгілі.

Бұл турада қазақ елінің ішінде сақталып қалған батырлар әңгімелері бүгінгі ел әңгімесі сияқты ескілігін жоғалтқан түрік тұқымдарының барлығына да тарихтың жаңа бір бетін ашып бергендей болатын сияқты. Бұрыңғы түрік тілдеріндегі ескі сөздерді қарастырған Европа ғалымдарының қазақ елінде ескі заманның сарқыны мен белгілері көп болуға керек деген тұспалдары батырлар әңгімесі сияқты қазақтың ескі жыр, ескі өлеңдерінен аныққа шығып айқындалғандай болады.

Жоғарыда саналған батырлар әңгімелерінің әрқайсысының ішінде тарих ауданына сиярлық шындық қайсы, тарих уақиғаларынан қалған із, сүрлеу қайсы, әрбір әңгімеде ел мінезі, ел қиялы, жалпы ұғымы. Бірлік әңгімесі де қаншалық дәрежеде күшейіп, қаншалық қалыпқа шейін жететін, көрінетін жерлер аз емес.

Алғашқы жасаған долбарымыз қазақтың тарихын тексеріп жүрген азаматтарға орынды көріңсе, «Таң»



журналының кейінгі сандарында өзгелердің жайынан да жалпы ой жүргізбекшіміз.

Менің әзірше қарастырмағым — Қобыланды батырдың әңгімесі. Қобыландының ел әңгімесіндегі мезгілі мен қалпын сынаудан бұрын әуелі Қобыланды жайындағы өзім естіген шынға жуық мағлұматтарды білдірмекшімін.

Ел есінде сақталып келген батырдың, шынында, болған адамнан тарайтын әңгімесі де болады. Кейде жалғыз ғана ел қиялының өзі туғызатын да батыр болады. Қобыландыны әуелі осы жағынан қарастырайық.

Орынбор архивная комиссиясының мағлұматында Қобыландының бейіті Илецкий Зашитадан ауылға қарай жүретін қара жолдың үстінде Қобыланды деген бекет бар. Соның жанында Қобыландының бейіті деген бейіт бар дейді. Сол маңайдың қазағы Қобыланды жайынан әңгіме де айтады. Бұл — Қобыландының болған адам екеніне бір дәлел.

Екінші, ақсақалдардың шежіресінде ескіліктен қалған әңгіменің ретінде: Өз Жәнібек пен Әбілқайыр ханның тұстасы болады. Қыпшақтың Әбілқайырға жағымды басты адамы — қадірлеген батыры болады.

Әбілқайырға Қобыландымен қадірі тең түсіп жүретін Арғын Дайырқожа деген ел жақсысы болады. Қобыланды мен Дайырқожа кектесіп жүргенінде, далада кездесіп батыр Дайырқожаны өлтіріп кетеді.

Әбілқайыр Қобыландыны беруге Қыпшақтың наразылығынан қорқып шыдай алмайды. Үш кісінің құнын алып біт дегенге Арғын тоқтамайды. Сонымен ноғайлыдан кейінгі заманда қазақ бірлігіне кірген рулардың көпшілігі айырылады. Жоғарыдағы ноғайлы мен қазақ айырылардағы өлеңі осы тұста айтылған болады.

Қобыланды өлтірген Дайырқожаның әкесі Қыдан тайшы, Қыдан деген өлеңші болады. Ел аузында сақталып қалған ескіліктің бірінде сол Қыдан ақын айтқан өлең деп мына өлең айтылады:

Қара Қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным,  
Сексен асып таянғанда тоқсанға  
Тұра алмастай үзілді ме жұлыным.  
Адасқанын жолға салдың.  
Бұл ноғайлы ұлышы.  
Аққан бұлақ, жанған шырақ,  
Жалғыз күнде құрыдың,

Қара Қыпшақ Қобыландыда  
Нең бар еді, құлыным.—

деген.

Бұл сияқты ескілікті сөздер Қара Қыпшақ Қобыландының болған адам екенін анық, айқын білдіргендей болады. Затында қазақ ескілігіне кіретін батыр әңгімелерінің көпшілігіндегі батырлар ылғи елдің қиялы туғыза берген адам емес, көбінесе болған адамдардан туатын сияқты. Жалғыз-ақ ел қиялының көтеріп, ірілетіп, әуелгі пішіннен өзгертіп, өңдеп әкететіні бар.

Біз көрген батырлар әңгімелері де сол қалыпты.

Қобыланды әңгімесі — ел қиялының сондайлық қылып көтерген, келістіріп суреттеп шеберлеп әңгімелеген сөзінің бірі. Шеберлеп әңгімелегені барлық батыр әңгімесінің ішіне кіретін адамдардың мінез-қалпын толық қылып шығарудан, батыр жорығын сұлу қылып жырлауынан білінеді. Тағы да батыр пішініне ел мінезін сыйғызып, ел тілегі мен үмітін батыр өзінің көлеміне шеберлеп сыйғызғанынан білінеді. Қобыланды әңгімесінің әңгімелік жолындағы маңызын, бағасын айтудан бұрын, бұл әңгіме тарих ауданына қарағанда қай мезгілде, қандай тарихи уақиғалардың салдарынан туғанын айтайық.

Жоғарыда Дайырқожаның өлімі үстінде айтылған өлең Әз Жәнібек, Әбілқайыр ханның заманында, ноғайлы-қазақ бірлігінің тұсында болған делінеді. Қобыланды ол заманның демі болса, онда XV ғасырдың орта кезінде өмір сүрген болады. Мен қазіргі заманда Қобыландыны не арғы, не бергі замандікі деп дауласпақшы емеспін.

Әдебиет тарихының көзімен қарағанда, біздің алдымыздағы міндет — Қобыландының жорығы. Батырлық сапары тарихтың қай кезіне жақындауға мүмкін, соны тексеріп қарау. Елдің есінде ескіден сақталып қалған әңгімені жалпы тарих шеңберіне сиғызып көру.

Қобыландының үлкен жорығы Қазан қаласына аттанудан басталады. Ел жыры Қобыландыны Қазан қаласымен соғыстырады.

Қобыландының батырлық әңгімесі ел өлеңінде осы уақиғаның айналасында болады.

Біз ел әңгімесінің осы жерін тарихтың қай кезіне келетінін тексермекшіміз.

Әңгімеде Қобыланды Қазан қаласымен соғысады.

Әңгімедегі аталған Қазан қаласы қай Қазан? Бізше, бұл бұрынғы Қазан хандығының астанасы болған бүгінгі Еділ бойындағы Қазан қаласы. Бұның дәлелі әңгіменің өзінен көрінеді. Қобыланды аттанып барған Қазан екі қала екен дейді, бірі — сырлы Қазан, бірі — қара Қазан. Бүгінгі Қазан қаласы XIV—XV ғасырлардың шекарасында екі жерде болғаны рас. Әуелі Қазан XIV ғасырдың аяқ кезінде әуелі «Ғызан» деген судың құятын жерінде балқардан шыққан Алтыпбек, Қалымбек салған қала болады. Алтыпбек, Қалымбек балқардың Ғабдолла ханының баласы бұның елдігін Ақсақ Темір ойрандап, өзіне қаратып алғанда, ханның екі баласы Еділді өрлеп кетіп, жоғарғы Қазан қаласын салған, артынан XV ғасырдың бас кезінде Алтын Ордадан бөлінген бір-пеше рулар келіп, Еділ бойының хандығын жасайды. Оның астанасы Қазан қаласы болады. Бірақ бұлардың тұсында Қазан қаласы бұрынғы ескі Қазаннан 7 шақырым төмен жерден салынады. Кейінгі уақытта Қазан хандығының астанасы да сол болады.

Мөлшермен есептегенде Қазан хандығы 1430 жылдардан 1552 жылға шейін еркін өмір сүрген, өзгеден елдігі, іргесі бөлек бір хандық болады. Өз бетімен еркін өмір сүріп тұрғанда, Қазанда 14 хан болған. Алғашқысы Махмұт, соңғысы 1552 жылы Иван Грозный Қазан қаласын алған уақытта хан болып тұрған Ядгар. Бұл екі арада болған 14 ханның ішінде біздің әңгімеде аталатын Қазан деген хан жоқ. Бұл ат Қазан қаласының атына ұйқастырып, елдің өз қиялы қосқан ат болуға керек.

Біздің ел әңгімесіне карағанда, Қобыланды батыр Қазан хандығының құлайтын мезгілінен көп бұрын өлген адам болады.

Бірақ әңгіме Қобыландыны Қазанға аттандырады. Соған келелік. Ел әңгімесі, ел қиялы тарихтың пәлен жыл мен пәлен жыл арасындағы уақиға деп санайтын өлшеуінен бірде ілгері, бірде кейін кетіп отырады. Тарихта дәлді болып өткен мезгілді ел әңгімесінің кейде білмей шағастыратыны да болады. Кейде әдейі біле тұра бір сүйген мезгіліне, не есінде ұмытылмастай болып нық орнап қалған тарихи уақиғаның тұсына, ертеде болған уақиғаны, кейінгі заманда болған уақиғаны да түгелімен алып келіп, бір жерге басып қосып, үйіп-төгіл қоятыны да болады. Сондықтан көп жұрттың ескілікті

әңгімелерінен белгілі бір хан мен патшаның айпаласына жиналады. Кейде бір үлкен тарихи дәуірге әкеп жиып қояды. Орыс жұртының батырлар ескілігінің барлығының (Владимир Красное солнышко) айпаласына жиналғаны сияқты, араб жұртының ескіліктегі әңгіме ертегісінің көбі Харун Рашид айпаласына жиналған сияқты. Бергі заманда көп елдікке бөлінген түрік жұрттарының сондай дәуірі Алтын Орданың кезі болады. Өзге елдерден іргесін бөлек қылып алып шыққанда, қазақ ескілігінің көбі Әз Жәнібек ханның да тұсында болады. Міне, осы сияқты жалпы тарих шеңберінен бөлініп, үзіліп шыққан бір мезгіл өзінің тұсына бұрынғы соңғы замандарда болған ірі уақиғаларды, ірі батыр бағландарды түгелімен жинап алатыны болады. Оны жинайтұғын ел қиялы.

Қобыланды да қазақтың ұлы батырларының бірі. Ұлылық бұның ерекше туысында, ел жақсының туысы туралы өзінің нық орнаған көзқарасынан айрылмайды. Ел қиялы бір сүйген түрінен ауыспайды да, адаспайды. Сондықтан Қобыланды ерекше туыспен туады. Бұның жаратылысына да әулие мен пір аралас ерекше қылып туғызады.

Қобыландының алғашқы жорығы Қазан қаласына аттанудан басталады. Әңгіме Қобыландының Қазанды шауып, егескен жауын жеңіп, жолдағы еске алған жауларына жолшыбай шабуыл жасап, содан қайтып келгенде, өз елінде болып қалған ірі уақиғаға кездесіп, елін шапқан қалмақтың Алшағыр деген батырымен соның елін шауып кегін алуымен бітеді. Бұл уақиғалар бірінің артынан бірі тізіліп келетін ұзақ әңгіме болса да, барлығы Қобыландының алғашқы батырлығы басталып, алғашқы батырлық жолындағы көрсеткен өзгеше қайратын жыр қылып әңгіме қылумен тоқталады.

Қобыланды бұл әңгімеде ел қорғаны болған, елінің мақтаны, айдыны болған батыр Қобыландының батырлық мінезін, батырлық туысын ел әңгімесі өзінше толық қылып, батырдың бүтін пішінін жасап шығарғандай болады. Қобыланды алғашқы жорығының өзінде алыстан тоят іздейді. Ежелден кекті болған алыстағы мықты жауға аттанады. Жауға аттанарда қарындасымен, Құртқамен қоштасқан сөзінде өзін-өзі қайраттандырып, жауландырын шын батырдың тасқындаған бір сөзімен жауап береді.

Қора толған қойымды,  
Аш бөріге тапсырдым,  
Азу тісі балғадай  
Жас бөріге тапсырдым.  
Тоғай толған жылқымды  
Жасанған жауға тапсырдым,—

деген сияқты желпінген сөздер, шын батыр аузынап ғана шығатын сөздер болады.

Қобыланды барлық әдетінде батыр әдетін істейді. Ол жалғыз жүріп шабуылды жалғыз жасайды, қауіпті жау ішінде болса да, еркімен ұйықтап, еркін салғырт жүреді. Қобыланды әйел тілін алмайды, әйел тілін алу қаншалық жақсы алар досы болса да, азғанмен бір есеп деп біледі. Қобыланды әйел көмегін алғысы келмейді. Дұспаннан жақсылық аянышын алғысы келмейді. Дұспаннан дұспандық қапа күту керек. Дұспандығына қайратпен ғана жауап қайыру керек деп біледі. Сондықтан дұспан қолынан келген жақсылық пен кеңшілікті қабыл алмайды. Көбіктінің қызы Қарлығаның істемек болған көмегін, беріп тұрған бостандығын сол себепті алмайды. Құртқаның болжал қылып елінді жау шауып, әке-шешен құл мен күң болып, бізді егескен жаудың мықтысы әкеткен заманда келерсің деген сөзі де Қобыландыға тоқтау болмайды.

Қобыланды жорықта олжа үшін, табыс үшін жүрген, дүние қуған батыр емес, ол жақсылық атақ үшін жүрген батыр, айдын үшін жүрген қол. Сондықтан жорық жолында не кез келсе де, бағасына, ажарына Қобыланды қарамайды, олжа деген жолдастың бәрі тілегенін алып отырады. Сол ретті қарағанда Қобыландының өзін тілеп, өзінікі болмаққа ізденген Қарлығаны олжа деп алып кетеді. Барлық жолдың олжасы да Қият тобы мен Қараманда болады.

Қобыланды — елдің қиял қылған батыры. Бұл — өз руының мақтаны. Елінің қорғаны. Жаугерлік, тыныштығы жоқ заманда, жағалай шабыс құба қалмақ заманы сияқты аума-төкпе заманда, амандықты, тыныштықты тілеген ел батырды қиял қылған. Сондағы тілеген қиял қылған батыры — Қобыланды. Бұл серікке қол алмайды. Елге ауыртпалық түсірмейді. Елдің құр ғана қорғаны емес, өзі де ізденеді, жақындағы түгіл алыстағы жаудан да ізденіп барын өшін алады.

Қобыландының бір басында әрі басшы батырдың, әрі артынан ерген қолдың да міндеті бар.

Қобыланды сияқты батыры, айдыны болған заманда Қыпшақ елін аларлық жау жоқ. Алса қапыда алады. Қобыланды жоқта қамсызда, бейбітте алады. Бірақ Қобыланды тұрғанда елге өлім жоқ. Ер тіршілігін сақтаушы бар.

Қобыландыдан соңғы әңгімедегі екінші орын алатын Құртқа. Құртқа — Қобыланды сияқты ерекше туған батырдың теңі болып туған көңілдегідей жақсы жары. Онда жарға лайықты шыдам бар. Тоқтаулы мінезділіктен басқа жарын сыйлаған кең сабыр бар. Ол тілеуі дұрыс. Барлық ой, барлық ниетімен жар жолына барын сарп қылған жолдас. Сондықтан ол Қобыландының келешегін ойлағандықтан, болжал айтады, Қобыландының үйде отырған есі-ақылы — Құртқа. Қобыланды қайрат несі болғанда, Құртқа — ақыл-ой несі. Екі жартыдан екі жақсы сыпаттан құрылған жарастықты бір бүтін өмір — бұл екеуінің біріккен өмірі болады.

Құртқаның өз басына арналған тілегі мен ойы жоқ. Ол — Қобыландының өміріне тілеуі мен қызметін қосып жіберген жан. Сондықтан ол дұспал айтудан гөрі басқа түс те көреді. Түсінде Қобыландыны тауып отырады. Құртқа — елдің Қобыланды сияқты батырға қиял қылып қосқан жары. Көбінесе Құртқа Қобыландыдан есті, тартымды болады.

Қызметі: Қобыландыға Тайбурылды асырап жетілтіп, жолдас қылып беру — Құртқаның өзіне мақсат қылған жұмысы болады. Тайбурыл — Қобыландының Құртқадан соңғы серігі, жолдасы. Тайбурыл — көшпелі елдің батырына арналған ат. Көшпелі елдің қысылғанда сенім қылатын қыл құйрықты жел жетпес, есті серігі. Жорыққа сапарға шыққанда артта қалған елден де, үйден де жалғыз сүйеніш сезімі аты болады. Сондықтан ол ат құрғана мінгіш, құрғана жүйрік, берік болудан басқа есті де болу керек. Сондықтан Тайбурыл керекті жерінде (тіл бітіп) сөйлеп те кетеді. Көтерген қиял Тайбурылды өзге малдан жат қылып ірілетіп әкетеді. Тайбурылдың бұлай болуына Құртқаның тәрбиесі себеп болады.

Құртқа Тайбурылды баласындай тәрбиелейді. Тайбурыл өзгеден өзгеше тәрбие көрген, Құртқа тәрбиесіннен шыққан. Сондықтан өзгеден жат ісін көрсетеді.

## «ШАНШАР» ЖУРНАЛЫ

Апрельдің аяқ кезінде Семейде «Шаншар» журналының бірінші саны алынды. «Шаншар»— қазақтың тұңғыш күлкі журналы.

Қазақтың аз да болса ілгері қарай басып келе жатқан өнер білімінің тұсында «Шаншар» мезгілімен шыққан журнал. Білімді елдің үлгісімен қазақ оқушысы аз танысқандай болып, осы күнде баспасөздің неше алуан түрлерін көріп келеді. Қазақ баспасөзі түр тауып мотайған сайып оқушы да қалыптанып екшеле бермек. Бұрын біз қазақтың хат таныған баласының бәрі бірдей оқушы деп есептесек, осы күнде ондай көп оқушы бар деп санамаймыз. Бірақ оның есесіне саяси санасы артқан, сынап оқитын нағыз оқушы шыға бастады дейміз, бүгінгі шығып жатқан газеттер, журналдар мен пән кітаптарын көріп оқығаннан бері, әрбір жазылған сөздің құр ғана мағынасын ұғып қоюмен тоқтамай сынайтын да болып, ұнатқан түріне еліктеу, қостау да көбейіп келеді. Солардың санын көбейтіп боратып жазып та жүр еді. Біздің бұл күнде көпшілігіміз сондай көп жазушының етек алып жайыла бергендігін ұнатпаған да боламыз. Ол ұнатпау келе жатқан жастың өнерін, жақсылығын қызғанғандық емес.

Көбінесе, қазақ әдебиеті, қазақтың жас өнері құр қарасын ұлғайтып, санын көбейте беруге тырыспасын, нені алса да талғап, таңдап алуды дағды қылсын, аз болса да нәрлі сөзді алатын болсын. Көп аламыш, дәнсіз болса, жас өнердің бойын өсірмейді дейміз.

Бұл сөздер қазақ білім өнерінің тазалық саулығын ойлап айтқан да дұрыс шығар. Бірақ сол сөзді айта жүрсек те естен шығармайтын бір сөз бар. Ол өнері аз болса да, жазушының көбейгенін тілеу. Бүгін солар көп болса, ол жақсы белгі. Біздің оқушы оқып ұғумен қанағаттанбай, өзі де араласқысы келсе, өзі де көп күшпен істелетін істің көмекшісі болғысы келсе, оның өнері көптігіне қарамай-ақ жалғыз сол талабының өзіне қуану керек. Бұндай жас жазушылардың көптің сезім-біліміне беретін жемі аз болса, ең болмаса өз басы мен өз ойына жиятын сезім мен білімі әншейін оқушы ғана болып жүрген күндегісінен әлдеқайда тереңірек, орнықтырақ болады. Олай болса біз бүгінгі көп жазушы, көп сын-

шының барлығын ең алдымен жақсы есті оқушы деп тануға керек.

Сол оқушыны бастау, баулу, сын сезімін тәрбиелеу — бүгінгі баспасөздің міндеті, баспасөз сол оқушының жетекшісі, неше тарау жолға қарай беттетіп басшылық ететін себепшісі деп білу керек.

Қазақтың жас оқушысының ой-сезіміне жем боларлық баспасөзге қандай жаңа түр, жаңа үлгі қосылса, барлығы да әлеуметтің сапалы тіршілігіне бір бағалы қосымша сияқты, жалпы әлеумет өнерінің бір жаңа табысы сияқты болады. Осы жағынан қарағанда бұрыннан шығып келе жатқан газеттер, журналдардан соң солардың ішінде бір алуан жаңа үлгінің түрін көрсететін күлкі журналдар алдыңғылардың қалпына қосылған бір жаңа кесте, жаңадан салған қошқар мүйіз сияқты. Оқушының ойы мен сезімін күлкісіз салқын түспен отырып тәрбиелейтін баспасөздің ішінде күлкі журнал орынды болып шықса, тәуір сөздің тұздығы сияқты болады. Бұл да тәрбиеші, бұл да ой сезімді бастайтын жетекші, басшы, бірақ бұның өзгелерден әдісі бөлек. Бұның өзгеден айырмасы сыртқы пішінінде ғана. Күлкі журнал да ойды жетілтіп, сезімді ұстартпақ. Сондықтан ол күле отырып, біле отыр дейді. Ойнап отырып, ойлап отыр. Біреудің мініне күлсең, өзің сол міннен бойынды арши отыр дейді.

Күлкі журналдың оқушысы неше алуан ел. Оның меншіктейтін елі өзге баспасөздің барлығынан саңына қарағанда да мол болады.

Бұл журнал сол неше алуан елдің барлығының да әлеумет алдындағы міні мен кемшілігін білу керек. Әрбір кемшіліктің әлеумет тіршілігінен ең залалды, ең жұқпалы жерін тауып, соны көпке паш болған пішінінде көрсетіп, орнымен ажуалай білу керек. Орынды күлкі өткір мысқылмен міні барды түзетуге тырысып, сол мінге жақындап жүрген адамдарды бойып жиғызып жирентетіп болу керек. Негізгі мақсұттарына келгенде күлкі журнал да барлық баспасөздің «үйретемін, үлгі айтамын, бастаймын» деген негізімен жүреді, бірақ олардан ісі қиынырақ. Олар ұзын сонардың, өрісті сөздің бетімен жүрген болса, мынау аз сөзбен, емеурінмен, побай тұспалмен, күлкімен білдіру керек. Әрқашан күлкі ұзақ сонар әңгімемен келсе, қырғын күлкі бола бере алмайды. Күлкі тез шығып, тез басылатын, қылт етпе,



нек артпаны іздейді. Күтпеген жерде тосыннан, оқыстан келгенді сүйеді. Бұл да шығуы мен таусылуының арасына қарағанда ақындық сөзінің ішіндегі лирика (сыршылдық) сияқты. Сыршылдық неғұрлым бір күрсіну, бір өксеу, жылау, не болмаса қабақтың бір ғана шытынауы сияқты болып жанды күйінде туып, жанды күйінде басылатын болса, дәмді болады. Көпке белгілі жүрек күйін тақылдатып, бақайшағына шейін айтпай, емеуріпмен ым қағып қана тоқтаса, сол күйінде ерекше тәтті көрінеді. Күлкі де сондай: әлемге мәлім жайды ұзақ сонарламай, не болмаса құр ғана сөздің сырт пішіні күлкі болғанына қанағаттанбай нағыз күлкіні алу керек. Нағыз күлкі сөзде емес, күлкі қылған халде болады. Күлкі сөздің шатасынан тумайды. Сырт пішіні дарақы оспадарлау келген сөзден шын күлкі шықпайды. Онымен біреп-саранды болмаса, көпті күлдіре алмайды. Бұл туралы «Шаншарда» «қатын аламын» деген сөз сондай кемшілікті, мінді сөздің мысалы сияқты. «Адресім: город Албасты, Сұмырай көшесі, Оспан қажының сныр қорасына қарсы дом, боқбасар» деген сияқты сөздерде не ойға, не сезімге әсер беріп, қарқылдатып күлдіріп жіберетін қанша күлкі бар? Бұл құр ғана сөздің өрескелдігімен күлкі тудырамын деген сөз. Оның ішінде былғаныштау былапыт сөзбен күлкі шығарғысы келгендік. Біздің қазақ күлкісіне бұл соңғы хал ертерек еске алып, шама келгенше сақтанатын кемшілік болар. Үйткені қазақтың ел қалжыңының көбі сол сияқты әдепсіз оспадарлау сөздермен келеді. «Шаншардың» қулары Тонтай, Текебайлардың қулығы да көбінесе сондаймен келген. Бірақ олардағы күлкі сөзінде емес, көбінесе күлкілі ерекше халдарында болады. Күлкі іспен аралас келсе, бір жағы шынға тіреліп, қысылшаң кезде ауыр мен жеңілдің жапсарында келсе, көбінесе оқыс қиындыққа ұшырап қалатын жерден туса, сонда дәмді болмақ. Сол кезде тәтті дәмді күлкі болатынын бұрынғы ел күлдіргілері әбден білген. Қазақ өзі күлдіргі күлкісі мол, мысқыл мазақшыл ел. Оған күлкі, әңгіме жат емес. Күлкі журнал орыңды күлкілермен шықса, ел ортасынан оқушыны көп табатынына дау жоқ. Журналдың күлкі әңгімесін ел де сынап біледі. Сондықтан жазып отырып, ойланып отырып күлдірмек болсаң, бір жағынан елді де күлдіре алатын, бұл елді күлдіру үшін, өзінен өзі сөзсіз-ақ күлкі боларлық жайларды алу керек. Әлеумет тіршілігінде

ондай хал өте көп. Сондай жайдың кейбірін «Шаншардың» тауып күлгені де бар. «Шаншардың» өзі айтқан шапыраш» айнасына құр ғана бұралқы сөздің күлкісін түсірмей, өмірді түсіру керек. Күлкі журналы — аз сөзден көп мағына шығаратын, аз суреттен көп әңгіме тұғызатын журнал. Бұл өмірдің тұзу қисығын сөз қыламын деген соң сол қалың көптің өміріндегі ерекше үлгі боларлық мінез (типичное в жизни) сияқтыларды алу керек. Әлеумет тіршілігінің қай саласын алсаң да, өзінің барлық әдет, барлық құрылып қалыптанған салт-сапасымен ерекше бір күлкі күйде тұрған халдер көп. Күлкі қылып ажуалағанда сондай жайды алу керек.

Күлкі журналдар жайынан айтқан осы сияқты жалпы мөлшер сөзбен «Шаншарға» келсек, «Шаншар» осы қойылған шарттардың бірталайын өзінің негізі сияқты қылып белгілеген көрінеді.

«Шаншар» кім? деген мақалада негізі мен бағыты не болатынын қалжыңдап отырып толық айтқан. Қазақтың өз тілінде шығып жатқан баспасөздің әр түрін көріп, аз да болса талғауды үйренген қазақ оқушысы «қазақ тілінде шығатын күлкі журналы қандай болар екен?» — деп асығып күткендей еді. Сол күткен оқушыға журнал көңілдегідей үлгілі болып көрінді. Қазақ пішінді күлкісі бар, қазақша мысқылы, сайқымазағы бар, көп күлкісі қазақтың бүгінгі әлеумет тіршілігінің мініне арнаған, есті, орынды күлкі.

Осы ретпен жазылған сөздер: «Шаншардың өлеңі», жатып атардың «Не жазамыны?», Бақалшының «Әнке тасы» сияқтылар. Журналдың басындағы «Шаншар кім?» деп негіз бен бағыт белгілеген сөзде: «Заманға мойынұсына алмай, жаңаға көне алмай, ескіні қолдан бере алмай» жүргендерді мүйізіне ілмек. «Елді араламақ, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны сараламақ, тура жолдан аяғы шалыс басқанды біздеп жараламақ» дейді.

Негізі: «Шындық, тұзулік, әділдік қылышын қолына тұтып, кеңес жолына түсіп, шын кедейлер жаршысы» болмақ.

Бұл сөздер шаншардың күлкілі жүзі арқылы көрініп тұрған шын тұзу пішінін көрсетеді. Жалпы журналдардың негізіндегі өзіне айқып көрініп тұрған мықты негізі барлығын білдіреді.

Жоғарғы санап өткен мақалаларда осы бағытын

ақтап, анықтап, мағыналы маңызды күлкімен әр түрлі кемшілікті ажуалайды.

Бүгінгі қалың бұқараның, шала хат танытып оқушының тілі боламын деген газеттердің кей кезде жазушының өзі адасатын сөз шытырманының ішіне кіріп келіп, сөзіне оралып қалатын жерлерін мысқыл қылғаны — орынды сөз. Арабшаны оқытқан ескі молданың «мән бір мән» деп қазақшалағаны сияқты тіл біздің көзі ашық әдебиетте орынсыз екенін, күлсек те айтқанымыз орынсыз болмайды. Осы сияқты анкетаның да сұрағы мен жауаптарының көбі орынды, мезгілді сөздер. Бірақ арасына: «Ағза не нәрсе? Адамның бір мүшесі»—«Көпшелі не нәрсе? Қазақ», «Магнит не нәрсе? Сұлу әйел болса керек», деген сияқты сұраулары мен жауаптары маңыз мағына жағынан өзге сұраулардан төмен сияқты көрінеді.

Күлкі журналдың халін, елді есіне алып, өзінің мол әңгіме мен мол мін табатын жері сол қалың елдің іші екенін әбден түсінгендігін жатып атардың сұраулары жақсы көрсетеді.

Жатып атар, бар сұрауларында ел ішіндегі кемшіліктерді атайды. Кеңес өкіметінің заманында ел ішінде жаңа құралып келе жатқан жаңа әлеумет адамдарының кемшіліктерін санаумен бірге ескі қалып, ескі салттың сарқыны сияқты «алты қатыннан үйір салып» жатқан байлар мен «500 танап» жері бар қосшы мүшесін де шымшып өтеді.

Жатып атардың сөздері сол атаған сұрауларының қайсысын жазса да, босқа желге кететін емес. Нысанға толық болып ілінетін үлкен шоғыр, қалың топты тауып қадалатын сөздер сияқты.

«Шаншар» ел ішін көбірек сүзу керек. Күлкінің нысанасы боларлық мінді денесі мол болып, сөлекет болып біткен көптерілі топтардың көбі ел ішінде. Бұндай жандар туралы елдің өз ішінде ескілі-жаңалы әңгімелер өте көп. Сондай өрескел адамдарды өмірбойы «Шаншар» сияқты күлкі журналдың міндетін атқарып мазақ, мысқыл қылып өтетін қулар да көп. Журналға сондай ел ішінің айтқан күлкілерді суретімен басса, орынсыз сөз болмас дейміз.

Журналдың маңызы мен пішінін білдіретін бір бөлімі — суреттері. Бұл жағына келгенде суреттің бәрі бірдей күлдіргі, бәрі бірдей шын шапшулы жерден тиген

орынды деп айтуға келмейді. Тәуір суреттер: «Өзіме пайдалы жерде, пайдасыз жерде» дегені мен «салықтан құтылу амалы» дегендері. Бұлар көп жерде кездесетін көп қауымның міні сияқты. Одан басқа суреттердің көбі ұсақ жайларға арналған, жаппай күлдіргі боларлық та суреттер емес. Бұлардың ішінде бізше әсіресе орынсызы: «Бәрі де ұлт қамы», «Жоғалсын, уақытты босқа өткізу» деген сияқты суреттер. Бұлар журналдың нағыз қазақ пішінді болуына кемшілік келтіріп, кімге арналғаны белгісіз болып қалатын суреттер сияқты.

Ондай мін жалғыз қазақта емес, жалпының міні: қай ел болса да кез келе беретін кемшіліктер. Қайта сол жалпының ішінде «бетіне опа жағамын» деп уақытты босқа өткізетін қыз қазақта тіпті аз шығар.

«Шаншар» жайынан жалпы айтатын сөзіміз: тұңғыш күлкі журналы аз міндері болса да қолға алмақшы болып белгілеген кемшіліктеріне қарағанда негізді, маңызды, күлкілі боларлық түрі бар.

Қазақ баспасөзіне жаңа қосылған түр, жаңа өрнектің бұдан да артып, көп жасауына тілеулеспіз.

1925

## ЖАЛПЫ ТЕАТР ӨНЕРІ МЕН ҚАЗАҚ ТЕАТРЫ

Театр — сымбатты өнердің ішіндегі ең зор өнердің бірі. Ешбір өнерді тілек, құрғақ бұйрық туғызбайды. Қай елдегі, қай түрдегі өнерді алсақ та сән-салтанатпен ырғалып-жырғалып, бір күннің ішінде ғайыптан көшіп келген жоқ. Барлығы да болымсыз кішкене ұрықтан жайлы топыраққа көміліп, белгілі шартпен бағылып, қағылған уақытта ғана бой жасап өсіп-өнген. Ана жатырында баланың бітуі сияқты сәті келген сағатта тіршілік белгісін бастап, тоғыз-тоқсан құбылып, ащы толғақ, ауыр азап ішінде туады. Олай болса, әрбір өнердің иесі болған ел сол өнерді туғызып өсірген анасы есебінде. Әрбір өнер өзінің туып-өсу жолында, анайы топырағы сияқты болған еліне міндетті. Ел тіршілігінің өткен күні сол өнердің бойы өсуіне қажет болған шарттың барлығын берген болады. Сондықтан елдің өз денесінен жаралған өнер әуелгі кезінде, өз елінің әдет-салтын, ұғым-наңымын, мақсұт-тілегін өзгеден бө-

лек пішінде, сол елдің өзіне ғана хас болған суретте қабылдайтын болған. Бұл халден тысқары жолмен өскен ешбір ел жоқ. Қай өнерді алсақ та әуелде өз елінің халық өнері болып, содан ілгері қарай басқан сатысында ғана көптікі болып, жалпы адам баласының ортақ теңізіне барып құяды.

Бүгінгі күнде қазақ елі бір туыстың үстіне жетіпті. Қазақтың театры туатын мезгіл болды деген пікірге келіппіз. «Өзімізден бірдеме жасалса екен» деген тілекті де тілейтін болдық. Сондықтан біз жаңағы айтылған жалпы сөзді екі салаға бөліп, соның екі тарауына да ойланып қарап, көз салуымыз керек.

Жоғарғы айтқан жалпы пікірдің ішінде әрбір жұрттың өнері әуелі әр елдің тіршілік қалпындағы белгілі шарттарынан туады. Әуелгі туысында ұлт өнері болып туады дедік. Бұл халдің анығын білу үшін қазірде біз көтеріп отырған театр мәселесі өнерлі елдердің өмірінде қандай сатыдан өтті, театрдың өсіп-өрбіген тарихы не айтады. Соның тәжірибесі біздей елге қандай сыбаға ұсынады, соған көз салу керек. Мәселенің екінші жағы қазақ елінің өз қалпында театрға арналған қандай ұрық, қандайлық мүмкіндік бар, соны тексеруге арналу керек.

Осы жікке қарап мәселені мен екі бөлімге бөлемін. Біреуі, Европа театрының тарихынан азырақ мағлұмат беру болады. Екінші, қазақ топырағында театр өнерінің мүмкіндігі қандай, соған арналады.

Европа театрының тарихы өте кәрі заманнан басталады. Театр өнерін алғашқы туғызған ел — грек жұрты. Грек театрының басы осыдан екі жарым мың жыл бұрын басталған. Енді жоғарыда айтылған сөз бойынша театр тарихын қарағанда осы өнердің грек топырағында тууына қандай шарт, қандай халдер себеп болды? Сол шарт, сол себептерден туған грек театры қаншалық дәрежеде ел театры болды?

Осы мәселелермен танысуымыз керек. Екінші, осымен бірге қарастыратын мәселе — жалпы театр өнері гректе, я басқа жұртта белгілі заманда қандай халде болды? Өнер есебіндегі маңыз-мағынасы қандайлық еді? Театр тарихының қай буынына жетіп еді, сол жағынан қарау керек. Қай жұрттың театрын алсақ та барлығын да осы сияқты екі түрліден қарайтын боламыз. Осы әдіспен қарасақ, кейінгі қазақ театрына келген заман-

да да біздің жалпы пікір, мақсатымыз анығырақ, ұғымдырақ болар деймін.

Гректің театры — көншіліктің театры, халық театры деп саналады.

Себебі бұл театрды туғызған жалпақ елдің әдет-салты мен ұғым-папымы, жалпақ елдің бәріне бірдей ортақ мүлік болып саналатын ескілікті грек театры, бір жағынан, елінің ұлттық пішінін айқын көрсетіп, екінші жағынан, жалпақ елге бірдей болған діни әдеттен туған.

Ілгері-соңғы заманда тарих жүзінде аты шыққан елдердің ішінде грек жұртындай ақындық қиялы бай, ақындық өнері мол ел болған емес. Гректің дінінің өзі ақындық қиялының туындысы сияқты. Бұл көп құдайға табынған ел болатын. Сондықтан дүниені түсінуі де, жасырын сырын ұғуы да түгелімен сол көп құдайдың сыр-сипатын ұғынумен бірге ұғынып, сонымен бірге білетін. Дүниедегі ерекше көзге түсетін денелі зат пен денесіз заттар болсын, яки адамның табиғатына біткен неше түрлі жақсылық, жаманшылық салахияты болсын, — осының барлығының өзіне арнаулы жеке-жеке құдайы бар. Ескі дінді көп құдайды құр санап айтқанмен дін тұтушы адамның көкейіне толық сурет қонбайды. Ақыл жолында бала күйінде жүрген адам құдайын танымауға мүмкін. Ұғынса, таныса да шала ұғынып, көмескі күйде түсінуге мүмкін. Сондықтан әрбір құдайлар жайынан арнаулы әңгімелер айтылатын. Не қызықты, не қайғылы ертегілер — мидодер жасалатын. Мұның мысалы қай түрдегі дінде болса да бар. Мұсылман дінінде хазіреті Ғали, Хасан, Хұсайын, Сейітбаттал әңгімелері — соларға ұқсаған дін ертегілері. Бері келген заманда ел білім-мәдениет жолында ілгері басқан соң ақыл-сапасы да қадам басып бойы өсіп, артқы күні балалық күні сияқты ескіріп, татымсыз, мағынасыз нәрсе сияқты болып қалды.

Сондықтан ескінің дін деп, хақиқат деп таныған нәрссені кейінгі есі кірген адам көргенде жансыз әңгіме, ертегі деп қате түсінетін болған. Бергі заманды қай елдің ертегісі болса, барлығы да бір заманда шын нанымнан, шын деп түсінген ұғымнан туып, артынан өзі үстірт сөз сияқты болып саналатын болды.

Бірақ грек жұртының жоғарыда айтқан көп құдайға табынған дәуірі — дін жолында өзінше ең өрлеп, ең тереңдеп тұрған дәуірі болатын. Ол күнде құдайлар

жайындағы әңгімелерінің барлығы да жалпақ елдің ортасында ешбір қалтқысыз, ешбір күдіксіз анық сеніп, анық қадірлеген әңгімелер болатын. Сол әңгімелер бойынша бір елдің ішінде әрбір құдайына арнаған белгілі күндерінде арнаулы тойлар, ел мейрамдары болатын. Дін әдеті грек жұртының ел әдеті, ел салты, ғұрып-заңы сияқты болып кеткен.

Гректің құдайларының шынында адам бойындағы әр түрлі салахияттың әрқайсысына арналған несі құдай болатын дедік. Сондай құдайлардың ізгілік құдайы, сұлулық, өнерлілік құдайы, яки жаманшылық, қастық құдайы болса, тағы бір құдайы қызық, сауық, ішкілік құдайы болатын. Бұл құдайының аты — Дионис. Дионис — аспан мен жердегі судың, діннің құдайы. Судан болып, өсімдік шығарып, жаңа туыс туғызатын қасиет несі.

Қызық-сауық құдайынан жыл сайын арнаулы күндерде құрбан шалып, той қылып, жалпақ ел мейрам жасайтын. Бұл мейрам әм сауық құдайына арналған соң түгелімен сауық, қызық күні болу керек. Құдайға құлшылық, тілек ретінде әуелі құрбан шалады. Құрбандығы теке болатын. Сол текені шалып тұрып, айналасына бар халық жиналып, Дионистің өмірі турасындағы әңгімелерді өлең қылып айтатын. Сол өлеңнің ішіне адам баласына істелген жақсылығы үшін сыйынып, қасиеттеген сөздері де кіретін. Мейрамның дін әдетіндегі парызы — осы. Осы біткен соң жалпақ елдің ішіндегі той, ойын, би, ән-күй басталатын. Дионистің мейрамына шалатын құрбандығы теке болатын. Себебі баяғыда бір теке виноград жемісін жеп алып, мас болғанның белгісін көрсетіпті. Мұны көрген адамдар текенің неден мас болғанын ойлан келіп тапқан. Бірақ бізге осы сырды тапқызған Дионистің өзі ғой, олай болса бұдан былай Дионистің мейрамына құрбанға теке шалайық деп, соны салт қылып әкеткен.

Текені грекше «трагус» дейді. Сондықтан Диониске құрбан шалған жерде айтатын өлеңді де теке жайындағы өлең деп атаған. Өлең грекше — «оде». Бері келген заманда осы сөздерден әлгі «трагедия» деген сөз шыққан. Бүгінгі заманда біздің қанды оқиға деп жүргеніміз сол Европа тілінде трагедия деп аталатын қайғылы оқиғаны білдіретін пьесаны айтады. Құлкілі пьесаны «комедия» деп атау да сол заманнан қалған сөз. Дионистің

тойында теке жайындағы өлең екі түрлі айтылатын. Өлеңінде Дионистің өмірін баяндайтын әңгімесін жалғыз өлеңші айтып келгенде, айналада тұрған көп халықтың «хоры» (көптің әні) аяғына қосылып, көп дауыспен көтеріп әкететін. Міне, осы әдеттің өзінде жалпы драма түріне тиісті болатын екі кісінің әңгімесі бар. Берірек келген заманда жүре бастайтын жалғыз өлеңші өзінің өнеріне түр қоса бастаған. Айтылып тұрған оқиға елге қызығырақ болып, жаңдырақ көріну үшін өлеңші денесінің қозғалысымен, пішінін құбылысымен басына үлкен маска (қолдан жасаған дін тұлғасын) киіп, сол құдайлардың өздерінің халіне түсіп, суретін толығырақ келтіріп ойнайтын болған.

Осы халмен дін мен салттан туған қалың елдің мейрамын гректің атақты ақыны Эсхилдың заманына келгенде, бұрынғы қалпына жаңа түр қоса бастады. Дионис мейрамының құрбан шалардағы өлеңінде бұрын оқиға хормен, жалғыз өлеңші екі-ақ кісі сияқты болып араласатын болса, Эсхил бұл мейрамды бұрынғыдан көрпекті қылып көрсету үшін жаңағы оқиғаның ішіне тағы ойнаушыны қосқан. Ол құр ғана ойыншы емес, бұрынғы Дионистің әңгімесіне араласатын құдайлардың біреуін кіргізген. Сонымен Эсхил заманындағы драмаға араласатын ойнаушылар үшінші кісі болған. Содан кейінгі замандарда драмаға кірушілердің саны көбейе берген. Эсхилдан соң Софокл, одан кейін Эврипид заманында бұрынғы Дионистің тойында айтылатын «теке жайындағы өлеңмен» әдебиеттің ең сұлу, ең зор түрінің бірі болған драма, трагедиялар туған.

Бірақ грек трагедиясы өзінің ең жоғарғы биігіне жеткенге шейін елдің әуелгі салтынан, әуелгі ұғымынан бөлініп-жырылып келген жат нәрсе сияқты болған жоқ.

Ақындар жазған трагедияның барлығы да ең алдымен құдайлар өмірінен, онан соң құдай мен адамның ортасындағы саты сияқты болған алыптар, асыл заттар өмірінен жазылатын, барлығы да елдің бәріне мәлім әңгімеден алынатын. Трагедиялар елдің баяғы дін мейрамдарына арналған күнінде ойналып, сонымен өнер түріне кірген. Ақын қиялымен жазылған трагедияның өзі де қалың елдің қара өзегін жарып шыққандай, ел топырағынан шыққан.

Жылдағы арнаулы күндерінде қалың ел дін мейрамын қызықтап тойлауға баяғысынша жнылып келіп,



бұрынғы жалғыз теке жайындағы өлеңді естіп көрудің орнына үлкен қайғылы оқиға, терең сырлы халдерін көріп ұғынып қайтатын, Бұл жиынға келген елдер баяғыша мұсылманның айт күні мешітке жиылғанындай, дің парызын, салт-әдет парызын атқаруға келетін. Сонымен бірге үлгі, өсет өнерден де жұғындар алатын.

Осы жағынан қарағанда грек театры, бір жағынан, кейінгі ұрпаққа өнер есігін ашып бергендей болса, екінші жағынан, ол заманның халқына діни қызметін де атқаратын болған. Сондықтан гректің атақты философы Аристотель өз заманының театрын сөз қылғанда: «Театр елдің ең терең, ең асыл сезіміне әсер етсін, театр тыңдаушы мен көрушінің денесін мұздатып, жүрегі еліккендей болсын. Көңілді ыстық сезім, ұлы толқын қалпына жеткізсін»— деген.

Адам баласына театр өнерінің алғашқы асыл қазынасын ашып берген — грек жұртының театры. Осындай жайдан туып-өскен бұл өнер елдің қолындағы тесік моншақ сияқты болымсыз кішкене ұрықтан басталып, заман өткен сайын бойы өсіп жетіле-жетіле келіп, қалың елден бір уақыт бөлініп кетпестен аясында қараңғы елдің өзін жетектеп отырып, ең биік өнердің қақпасына бір-ақ келіп кіргізіп жібергендей болған.

Кейінгі заман театрының барлығы да сол үлгіні осы грек театрынан алған Эсхил, Софоклдердің драмалары шыққан соң Дионистің тойы кез келген жерде жасалмай, арнаулы театрда көрсетілетін болған. Ол заман театры өте үлкен болатын. Бір қаланың бар халқы сиятындай орындары бар, төбесі ашық: ойын күндіз болатын. Ойын сондай үлкен үйдің ішінде болғандықтан, екінші, ойнайтын оқиғаларының барлығы құдайлар жайынан болғандықтан, артистер әншейін адам қалпында шықса, көзге қораш болады, дауыстары жөндеп естілмейді, бойлары көрінбеуге мүмкін. Сондықтан әрбір артист жоғарыда айтылған маскадан басқа ауыздарына дауыс зорайтатын мұржа сияқты құрал тығып, сонымен сөйлейтін. Бойларын зор қылып көрсету үшін, котурна дейтін айрықша биік етік киетін. Грек театрында бүгінгі театрдағы белгілердің барлығы да бар-ды. Ең әуелі қазір «театр» деген сөзден бастап, «хор», «оркестр», «сахна» дегендер — барлығы сол грек театрының қосқан аттары болатын. Кейінгінің барлығы алған үлгі — грек үлгісі.

Грек жұртынан соң тарихта үлкен орынға ие болған көрнекті ел — Рим халқы. Бірақ бұл елдің барлық жаратылыс қалпында, мінез салтында гректерге ұқсамайтын бір зор айырмасы бар еді. Ол айырмасы — қиял мен сезімге бай емес, салқын ақыл мен іске қолайлырақ болған. Қиялдан келетін пайдадан да қолына түсіп, көзіне көрінетін пайданы артығырақ көрген пысықтық, ширақтық жағы басымырақ болған ел. Сондықтан оларда театр өнері гректікіндей болып дәуірлеп, гүлденген жоқ. Гүлденбеген себебі — елдің қалпы мен салтында театрды туғызатын шарт болмағандықтан. Римде сезім-қиялды тәрбиелейтін трагедияның орнына, көңіл көтеріп күлдіруге жарайтын күлкі ойындар «комедиялар» көбірек орын алған. Бірақ сондай дінді жасаушылар ел көзінде төмен сапалатын болған.

Сондықтан Римде бері келген заманда театр әуелгі грек жұртында болған асыл қасиеттерінің барлығынан айрылып, көбінесе цирк түріне айналып кеткен. Римнің ақсүйектері, қара халқы — барлығы да циркте тұтқын құлдардың жекпе-жекке шығып бірін-бірі өлтіргенін, сүзген бұқамен алысып қаза тапқанын, яки піл, жолбарыс сияқты жыртқыш хайуандармен алысып өлгендерін қызық көріп, соларды қарауды салт қылып кеткен. Әрине, жалпы театр өнеріне бұл сияқты салттан пәлен дерлік жақсы үлгі жамалған жоқ.

Театр өнерінің үшінші дәуірі орта ғасыр театры болады. Бұл театр христиан дінінің шеркеулерінен туған.

Ол заман — елдің діні өте күшті болған заман; ел тіршілігі, елдің әдет-салтын, мінез-ғұрпын түгелімен дін кісені мықтап тұсап алған заман; бүкіл дүниені, бір тарының қауызына сыйғызғандай, дін уысына түгел сыйғызып, ешбір сезікті шашау шығарып, шет жайылдырмайтын заман болған. Сондықтан бұл кездегі театр түгелімен діннен туып, дін жолында қызмет етсе, елге жат нәрсе болып саналмаған. Орта ғасырдағы шеркеу драмалары сол замандағы ірі мемлекеттердің барлығында да болған. Әсіресе, гүлденген жері — Испания, Франция, Италия. Бұл замандағы шеркеу драмаларының жалпы аты мистерия. Көрсетілетін әңгімелерін алмасак, сыртқы үлгісінің барлығы да ескі театрынан алынған. Ойналатын оқиғалары гректікі сияқты ескі дін әңгімелері болып, дін мейрамдарында ойналады. Ойна-

латын жері бас кезінде ылғи шеркеуде болатын. Ойнаушылар, көбінесе дін адамдары болған. Сондағы мақсат дін нанымынша хақиқат деп сапалатын уақиғаларды ел көзіне іс жүзінде көрсетіп, сонымен діндар жұрттың көңіліне дін уағызын, дін мақсұтын ұғындыру мақсатымен ойналатын. Мистериялардың ішінде көп ойналатын драмалар: Адам пайғамбардың, Ғайсаның, Ғайса шәкірттерінің, яки Мариямның өмірі, я болмаса солардың тіршілігіне қастық қылған, жаманшылық істеген бұзық адамдардың өмірінен алынған әңгімелер болатын.

Театр алғашқы кезде шеркеудің ішінде жасалатын болған. Сахнаның бір жағы ұжмақ, бір жағы дозақты көрсететін. Сауаптылар ұжмаққа жіберіліп, дозақы күнәкәрлер болса қолма-қол дозағына баратын. Шіркеу драмасын ойнайтын артистер алған міндетін дұрыс атқарып, репетицияға адал келіп тұруына — інжилді кеудесіне ұрып ант береді екен. (Тегі біздің артистердің салдыбалақтығы ол заманда да болса керек.)

Мистериялардың өз заманында бағасы халыққа өте зор болған, ел өте қадірлеп қатты қызықтаған. Бұл да өзінше заманының халық театры болған. Мистерия ойыны көпке тарап, қалың ел түгел қызықтайтын болған соң, берірек келген заманда шеркеуден шығып, сырт жерде ойналатын болды. Қалың елдің түгел қызықтағанының белгісі — үлкен қалалардан ойын болардың алдынан маңайдағы ауылдардың халқы бар жұмысын тоқтатып қалаға ағылатын болған. Қалада ойын болардан бірнеше күн бұрын салт атты жаршылар жүріп, көше-көшеде сыбызғы тартып, белгі беріп, өлеңмен сауын айтады. Ойын күні қала халқы түгелімен театрға жиналатындықтан, барлық үйлердің қақпалары жабылып, сауда-саттық, қызмет атаулы тоқтап, қаланың шеттерінде талап-тараж болмас үшін мықты күзет қойылады. Ойын мұнда да күндіз болады.

Сондықтан ойын күні жұрттың бәрі күн шықпастан театрға жиылып келіп, орын алысады. Бұл уақыттағы драмалар күніне сегіз сағаттан ойналып, кем болғанда үш күнге созылады. Кейбір драмалар он, жиырма бес, қырық күнге шейін созылатын да болған. Театрға жиналған халыққа дауыстама деп, айқайлап тұратын қарақшылар болады. Дауыстап, тәртіп бұзғандар болса, ұстап алып дозаққа жіберетін әдеті бар. Сондықтан

кейбір көрушілер ықтиярсыз, ойда жоқтан артистің міндетін атқарып кететін де болған.

Ойын басталардың алдында бар халық артистермен қосылып намаз оқып алады. Онан соң ойынның уақытында Ғайса, Мариям сияқты құрметті жандар құдайға құлшылық қылып, сажда қылған уақытта, театрда отырған халықтың барлығы да орындарына жалп-жалп жығылып қоса сажда істейтін.

Орта ғасырдың шеркеу туғызған театрының жайы — осы. Бұл театрлар әрбір елдің ұлт театры болмаса да, жеке елдің әдет-салтынан тумаса да, жалпы христиан дінін тұтыған елдердің бәріне бірдей ортақ болған салт-санадан туғандығы анық.

Сондықтан көпшіліктің тіршілігімен, сезім-тілегімен пық байланысы барлығында дау жоқ.

Бірақ шеркеу драмасы өзінің негізі мен қалпын мәңгілікке сақтап қала алған жоқ. Қауымның ақыл-сезімі өсіп, бой жете бастаған сайын театр әуелі шеркеудің іргесінен шығып алып, содан кейін біраз заманда дін таңбасынан да айығып, серги бастады. Ел әр-берден соң театрға үнемі дін мақсатымен қарамай, бір жағынан, өнер есебінде сүйетін болып, екінші жағынан, көңіл көтеретін сауық-қызық есебінде де қадірлейтін болды.

Сондықтан орта ғасырдың аяқ кезінде шеркеу драмасының негізгі пішіні әр елде әр түрлі болып бұзыла бастайды. Театрда дін әңгімесі ойналмай, әр елдің әдет-салтын көрсететін жеңіл күлкі, мысқыл-мазақ сияқты қызықты нәрселер ойнала бастады.

Шеркеу театрынан жаңа бұтақ шығып, жаңа бір ағымның белгісі басталады. Французда шеркеу драмасынан шығып, жаңа түр болып жайылған күлкі ойындары «Фарс» деп атайды.

Германияда бұған ұқсайтын ойындар «фастнахт-шпиль» деп аталған. Бұлар орта ғасырдан кейін туатын жаңа заман театрының басы сияқты, я болмаса дін театры мен дүниелік театрдың ортасындағы өткел, саты сияқты. Күлкі ойындарды жасаушы артистер шеркеуден біржолата алыстай бастайды. Көбіне, дін атынан лағынет оқылып қуғын да жасалады. Бірақ әрбір елде көпшілік солардың ойынынан өзінің өмірін көріп, әдет-салтын сезген соң, күлдіргі ойыншылардан айрылмайтын болды. Күлдіргілердің қолында жазылған арнаулы театр кітаптары болған жоқ. Көпке жайылған күлдіргі

әңгімелерді алып, соларды көрсетуді салт қылған. Мәселен, пемістің бір фастнахтшпилі — «Кәрзенке» әңгімесі. Мұның қысқаша оқиғасы: бір мырза өзінің қызметкерін дүкенге барып, арақ әкелуге жібереді. Қызметкер көшеде келе жатса, бір ерлі-қатынды кісі ұрсысып тұр екен. Ұрысқан себебі — қатын қолына ұстап келе жатқан кәрзенкені:

— Енді сен алып жүре бер,— деп байына береді. байы алмайды.

Қатыны:

— «Алмасаң қой»,— деп тастап кетеді. Байы соған ашуланып қатынын ұрады.

Осы оқиғаны қарайын деп бағанағы қызметкер кешігіп қалып, үйге келгенде мырзасы: «Неге кешіктің?»— дейді. Қызметкер көргенін айтады. Мырза сол арада «байыңікі дұрыс, мен де алмас едім»,— дейді.

Мырзаның қатыны:

— Алар едің, мен алғызар едім,— дейді.

Байы:

— Иә, алғызар едің, өйтетін болсаң мен де сені сойып салар едім.

Қатыны:

— Мені ме?

Байы:

— Сені.

Қатыны:

— Қайтып ұрасың? Қане ұрып көрші,— дейді.

Сонда байы:

— Мә, олай болса,— деп қатынын сабайды.

Қызметкер өзінің қатынына келгенде малшы қатын: «Бай мен бәйбіше неге ұрысты?»— дейді. Қызметкер көргенін айтады. Бұл арада қызметкердің қатыны да әлгіні істейді. Соған соң байы ұрады.

Мінеки, осындаймен басында шеркеуден шыққан театр ел өміріне қарай жылжи бастап, осыдан кейінгі сатысында Европа мемлекеттерінің барлығында жаңа заманның театрларын туғыза бастайды. Бұдан кейінгі театр әрбір елдің өзді-өзінің театры болады. Өзінің әдет-салтын, өзінің ұғым-сезімін өзгеден бөлек пішінде, өз бетімен қалыптайтын жолға түсе бастайды.

Европа театрының ұзын-ырға тарихына қарасаң грек театрынан соңғы дәуірлерде екі түрлі ағым байқалады.

Мұның бірі— елдің өз әдет-салтынан туған емес,

өзгеден алған үлгі сияқты, көпке бірдей ортақ болған ағымдар.

Екінші — әр елдің өзінің әдет-заңынан, өзінің дін сауығынан, өзінің ұрығынан өсіп шыққан ағым.

Орта ғасыр театрлары алсақ, алғашқы ағым шеркеу драмалары, шеркеуден шыққан өнер болады. Шеркеуден шыққан театр барлық христиан жұртына ортақ үлгі еді.

Сондықтан француз, неміс, ағылшын халқы — барлығы да сол өнерді көптің салты сияқты қылып қолданады. Бірақ осымен қатар орта ғасырлардың аяқ кездерінде жоғарыда айтылған әр елдің әдет-ғұрпынан туған театрдың белгісі көріне бастаған.

Орта ғасырдан соң жаңа заманда театрда тағы да жаңа ағым болды.

Мұның бірі — анық шеттен келген үлгі, грек театрының үлгісі. Ескі грек өнеріне еліктеуден туған түр.

Екіншісі — жоғарыдағы француздың фарсы, немістің фастанхтшиллі сияқты әр елдің өз әдетінен туған белгілерді ұлғайтып, кестелеп, соның бағытымен өскен бытовое театр. Өмірден туған, халықтың ұғымына жақын күндегі дін сауығынан дән алған.

Жаңа заман театрындағы алғашқы ағым — театр өнерінің сән-салтанат жағына (гуманистическое классическое направление) бет бұрған дәуірі деп аталады.

Бұл бағыт дін сандырағынан айығып, таза өнер дегенге бас июден туған. Қайдан шықса да өнерді ғана қадірлеп, соны ғана ұстатпақ болған мақсаттан туған. Бірақ дін жұғынын жоғалтумен бірге салтанатты театр әр елдің өмірінен де алыстап кетіп, елдің әдет-заңына, ақыл-сезіміне жанаспайтындай болды. Сондықтан көпшіліктің, халықтың өнері болмай, санама жақсылардың, ақсүйектердің, білімділердің ғана өнері болуға айналды. Бұл заманға шейін қай түрде болса да қалың елдің қызығы болған театр енді көптен қол үзіп, сытылып шығуға айналды. Салтанатты театрды қызықтаушы қолдаушылар кім болғанын білсек, бұл түрдегі театрдың елмен қатынасы аз болғанын да білеміз. Жаңа замандағы салтанатты театр барлық Европа мемлекеттерінде ылғи ғана патшалар сарайында, ақсүйек алпауыттар сарайында жасалатын болды.

Әрине, ондай театр бұрынғы көп елдің ортақ өнері бола алмады. Ескі грек трагедиялары өз заманында,

өз топырағында қаншалық жанды, қызықты өнер болса да, қаншалық халық елдің жан тамырына тиіп, көптің жүрегін бір мұздатып, бір ысытуға жараса да жаңа заман театрына келгенде бұрынғы қолқа бауыры араласқан түбірінен айрылып қалды. Салтанатты театр сарайдың ғана қызық сауығы, жақсылардың ғана салтанаты болып қалды.

Бірақ қалың елдің сезім-тілегі салтанатты театрдан қанағаттана алмаған қалпында шөгіп қалған жоқ. Бұл өзінен шығып бірден жол қарап, әдет-заңынан, өз өмірінен жаңа түр туғызуға талаптанады. Сол ізденудің себебінен елдің бұрынғы дің сауығынан болсын яки өмір қалпынан болсын, жаңа театр қайта тууға айналды.

Бұл театр тағы да көптің, қалың елдің театры болды. Жаңа замандағы салт театрының басы фарс, фастнахт-шпильде бар деп едік. Соларға туыс, жақын бір үлгі. Италиядан шықты. Италияда да сарайдың салтанатты театры болған. Бірақ ол қаншалық көркейіп, гүлденіп тұрса да жоғарғы ретпен, онан жем ала алмаған. Көпшілік жаңадан күлкі ойындар шығарады.

Италияның комедиясын ойнаушылар артистік өнерін кәсіп қылған, кәдүескі қалыптапқан ойыншылар болатын. Бұлар қаладан қалаға қыдырып жүріп ойнайды. Әңгімелер елдің салтынан, әдет-ғұрпынан, сол замандағы өмірінен, әңгіменің ішіндегі адамдары сол замандағы көп халыққа тегіс белгілі болған күлкі адамдар болады. Бұл комедияның өзгеден ерекше жері — ойналатын оқиға туралы жазылған кітап жоқ. Оқиғаны құраушы кісі белгілі адамдардың өміріндегі керекті халдерді алады да, солардың ортасындағы оқиға неден басталады, немен бітеді, сонысын ғана белгілейді. Әңгімеге қанша адам араласатынын, қашан кіріп қашан шығатынын айтады. Содан соңғы іс пен сөздің барлығы ойнаушылардың өз өнеріне тапсырылады. Қалжың сөз, күлдіргі іс, ақыл өсиет, талас-тартыс болса, барлығына лайықты сөз, лайықты мінезді ойнаушылардың өздері сахнада жапынан шығаруға керек. Сондықтан ол комедияның ойыншысы өзі ақып, өзі жазушы сияқты болуға керек.

Комедиялардың екінші айырмасы — бұлардың қай түрдегі ойындары болса, барлығына бірдей үнемі араласып жүретін, үнемі жоғалмайтын арнаулы типтер

(алуаны бөлек адамдар) болады. Бұлардың бірі, мәселен, әйелқұмар, ішкілікқұмар, кәрі шал, өзі аңқау болады, бала-шағасы, малшы-қосшысы болса, түгелімен мұны алдап күлкі қылып жүреді.

Екінші, тағы бір шал, ол анадан оқымысты, құрғақ данышпан, ылғи керексіз, орынсыз жерде білмей, керек сөз айтамын деп, күлкі болып жүретін адам. Сөзінің барлығы сырт қарап тұрған кісінің беті көрінбейді деген сияқты қырындық болады.

Бұдан соңғы бір алуан адамдары — қызметкер, мұның бірі — қалжыңқой, тапқыш ку, күлдіргі, екіншісі — аңқау, ақымақ. Комедияның ішінде осы адамдар үнемі болады. Әрбір ойында бұлардың өмірінде кездескен әр түрлі оқиға, әр түрлі жаңа әңгімелер ойналады.

Ойынның түпкі адамдары өзгермейтін болған соң, әлгілердің әрқайсысына арналған белгілі киім және бір белгілі маска болады. Сондықтан бұл комедияны кейде маскалар комедиясы деп те атайтын. Италияның осы комедиясынан кейінгі замандардың театрында осы күнге шейін сақталып келе жатқан екі тип бар. Оның біреуі — Арлекин, екіншісі — Пьерд, бұл екеуі маскалар комедиясында жаңағы екі қызметкер болатын. Италияда Арлекин ақымақ қызметкер еді. Бірақ комедия де Льертениң үлгісі французға көшкенде, Арлекин өткір, сөз тапқыш, шешен болып кетті.

Италияның комедиясы артистік ақын сияқты өнерлі болуын керек қылушы еді. Сол шартты Италиядай зейінді, туысы өткір, шешен елдің орындауына әбден жараған. Комедияның негізі, көбінен, елдің өз аузында жүрген күлкі әңгімелерден туды. Қазақ өмірінен мұндай күлкі әңгімелердің мысалын іздесең, Алдар Көсе, Жиренше шешен, я болмаса, бергі замандағы Торсықпай, Айдарбек сияқты көп күлдіргі қулардың әңгімелері әбден үйлесуге болады.

Жаңа заман театрының басы осы сияқты ел күлдіргісінен басталған. Осыдан кейінгі сатысында жаңа заман театры ғылым, өнердің үлкен жолына шыға бастады.

Құпбатыс Европаның ірі мемлекеттерінен атақты драматургтер, ірі жазушылар шықты. Бұлардың драмалары сарайдың салтанатты театрының жолымен кеткен жоқ. Түгелімен бұрынғы ел өнерінде белгі беріп келе жатқан, орныққан, өсіп-өніп барлығы да өз елде-



ріне салт театрын, халық театрын жасап беріп, елін өнерге жетектеп әкелгендей болды. Испанияда «ақындық негізі» деп аталған Лопе де Веганың салт театрын түзеді, ағылшында Шекспир, Германияда Ганс Ракт, Францияда Мольер — барлығы да өз елдерінің өмірімен, салт-санасымен, әдет-қалпымен нық байланысқан «Бытовой реалистический театрды» жасады. Осы айтылатын ірі ақындар, ірі жазушылар шыққан соң, театр өнерінің бет-бағыты нығайып, қалыптанып, енді іргесі мықты, өнер атын алып, дүние майданында бірден бірге тарап жайыла бастады. Бұлар театр өнерінің, драмашылдық өнерінің тарихында асқар тау сияктанып тұратын ұлы тұрғылары. Кейінгінің көбі талай ғасырлар өтсе де, солар нұсқаған бет, солар көрсеткен жол, солар берген үлгіден шетке жайылған жоқ, адасқан жоқ. Бірақ Шекспир, Лопе де Вегалар заманы туралы айтылатын бір сөз — бұлардың тұсында театрдың ішкі мағынасы сияқты болған пьесалар қалыптанғанмен, театрдың өзі олардың кезінде XVI—ғасырда Англияның патшасы Елизавета деген әйел болатын. Ағылшын театры Шекспир мен Елизаветаның тұсында бұрынғыдан көп ілгерілеп, көп ірілеп кетті деп тарих айтады. Бірақ бүгінгі күнде Шекспирдің Гамлетін ойнап жүрген театр мен ол замандағы театрдың жайын салыстырып көрсек, ескі театрдың таң қалдыратын үлгісі көрінбейді. Ең әуелі мұнда да ойын күндіз болатын. Театр — төбесі ашық, түсетін жарық сәуле — күн сәулесі. Сахнада бүгінгі театрдағы шымылдық, декорация, кулиса деген болмайды. Оқиға күндіз болса, көк кілем ілінеді, түнде болса, қара кілем іліп қояды. Осы сияқты сахнада бір нәрсенің суретін көрсету керек болса, болымсыз белгісін қояды. Одан арғысын жұрт өзі ұғуы керек. Мәселен, бір түйір шымға екі ағашты шаншып әкеп қойса, оны бақша деп білу керек. Оқиға бақшаның ішінде болатынның белгісі. Патшаның сарайын көрсетудің орнына, тақты әкеп қояды. Шеркеуді көрсетудің орнына, шеркеуде намаз оқитын орындықты қояды. Шекспир заманындағы театрдың табысы — бұрынғы бір сахна үстінен екінші бір сахна жасалған. Егер әңгіменің ішінде оқиға биік тау басында болатын болса, сол екінші сахнаға шығып ойнайтын. Шекспир театрының халқы да бүгінгіге ұқсамайтын. Театрға жиылған елдің ішінде қадірлі кісілер көппен бірге зал-

да отырмайды. Сахнаның екі жағында отырып қарайды. Және ірі кісілер дін басталмай тұрып келуді бойына лайық көрмей, орындарынан сахнада ойын ойналып жатқанда, артистердің арасынан өтіп баратын. Ақсүйектер ойынға жалғыз келмейді. Көп қызметкерлермен келеді. Қызметкерлер мырзаларына ойын үстінде темекі жасап әкеп беріп жүреді. Ойын үстінде темекі тарту, сусын ішу, алма, қияр жеу — бар халықтың әдеті болатын.

Театрда ойналатын әңгімелердің жайын жазып қоятын қара тақтай болады. Кейде сол тақтайға театрдың ішінде қолға түскен ұрыларды халықтың өзі апарып байлап қоятын әдет те болған. Шекспир заманындағы театрдың суреті осындай.

Бұған қарағанда, пьеса мен театрдың өсіп көркеюі біріне-бірі байланбайтын сияқты. Пьеса жақсы болғанмен, театрдың көңілдегідей жақсы болуы шарт емес.

Шекспир театрынан соңғы заманда жалпы Европа театры заман өткен сайын түр тауып көркейе берді. Бір елде шыққан жаңалық болса, екіншіге үлгі болып, жайыла бастайды. Сондықтан бұдан кейінгі дәуірлерде театрдың қалпы қандай болғанын айтудың орнына театрда ойналатын пьесалардың қандай өзгеріс, қандай жаңа бағыттары болды, сол жайынан біраз сөз айтпақшымыз.

Бұл турада XIX ғасырдың аяқ кезінен бері қарай соңғы заманда шыққан жазушыларды айту керек.

Театр өнері жалпыға бірдей өнер болған соң, пьесалар әдебиет пен театрдың ішіндегі ең қасиетті бұйымдары болған соң, соңғы замандағы жазушылар өз елінің өмірін суреттеуден басқа жалпы адам баласының көңіл күйін суреттеп, жалпының мінін, жалпының кемшілік, жақсылығын пьесаға кіргізетін болды.

Жазушының өнері өз елінің шеңберінен шығып, адам баласының ортақ қазынасына, көбіне бірдей мүлік болып қосылатын болды. Бұл түрдегі пьесалар адам баласының бәріне бірдей болған білім, мәдениеттің, толғаулы ақыл, терең сезімінің туындысы сияқты болып кетті. Сол үлгіні көрсететін жаңа ағымды шығарған жазушының бірі — Норвегияның драмашылы Ибсен. Бұл бір елдің әдет-салтын көрсетудің орнына барлық пьесасында адам баласына тиісті болған жан сыпатын, мінез бітімін тереңдетіп көрсете бастады. Мұның пьесалары

көбінесе адамның ішін сыртқа шығарғандай, іштегі пішінді көп мүсінден, сезім мен мінездің талай қараңғы бұрыштарын суреттейді.

Ибсеннен соң тағы бір жаңа үлгіні шығарған адам — Бельгияның жазушысы Метерлиник. Бұның адамы ұғымға Ибсеннің адамынан да қиынырақ. Метерлиниктің әдебиеттегі беті — символизм. Бұл көпке ұғымды, жабайы жалпыға бірдей тілмен сөйлемейді. Сұлу белгімен, емеурінмен, күйімен сөйлейді. Сондықтан Метерлиник пьесасындағы адамдарда ақыл, сезім, қайрат бітімі түгел біткен, толық пішінді адам жоқ. Әдейі қансыз, денесіз қылып жаратқан сурет, көлеңке сияқты. Бұлар белгілі қауымның үлгі айнасы болатын типтер емес. Адам көңіліндегі сезім, кілең қиял мен халдің шеберлеп құраған кестесі сияқты. Метерлиник пьесаларында екі мағына болады. Біреуі — көзге көрінетін оқиға мен көз алдыңыздағы адамдардың әңгімесі. Екіншісі — сол оқиға, сол әңгімеден туатын терең-терең мағына. Метерлиник пьесасы құрғақ сөзбен айтқанда ұғымсыз болуға мүмкін. Сондықтан «Соқырлар» деген бір пьесасының қысқаша әңгімесін айтып өтейік.

Жаңбырлы күздің күнінде бейуақытта тоғай ішінде бірнеше соқырлар отырады. Күздің суық желі соғады. Құраған жапырақтар сылдырлайды. (Метерлиник пьесаларында табиғат үнемі араласып отырады.) Соқырлар бір приютта жатқан кем-кетіктер. Бұларды тоғайға әкелген — поп. Соқырлар поптан айырылып қалған, қайда кеткенін білмейді. Сол келгенше приютқа қайта алмай, күтіп отырады. Соқырлар неше алуан: кейбірі туа соқыр, кейбірі жүре соқыр болған. Көпшілігі — қатын. Ішінде әрі соқыр, әрі жынды бір қатын бар. Мұның қолында кішкентай жас баласы бар. Жалғыз көзі сау — сол. Соқырлар поп қашан келеді деп сөйлесіп күтеді. Жынды қатын әр нәрсе айтып, өз бетімен сөйлейді. Қолындағы бала шырылдап жылайды. Бір жаққа қарай талпынады. Соқырлар маңындағы жерді қолымен сипалап, жаңбыр жауып тұр, жел соғып тұр деп, әрқайсысы сезгенін айтады. Попты көп күтеді. Ақырында жердегі жапырақ сылдырлайды. Біреу келе жатқан сияқтанады. Отырғандар поп шығар дейді. Келген ит болады. Ит бір соқырдың қолын жалап, қыңсылап, артынан ерткісі келеді. Соқыр ереді. Қолын созып, сипалап келе жатып соқырлардың ішінде отырған бір адамның басына қолы

тиеді. Бетін сипаса, үлкен сакалы бар беті мұздаған поп болады. Поп соқырлардың ортасында отырып өлген екен. Білгі көзі жоқ кем-кетіктер басшы поп келеді деп бос күтіп отырған болады. Басшысы өздерінің ортасында отырып әлдеқашан өліп қалған. Өлгенін білдірген — ит.

Мінеки, «Соқырлар» деген пьесаның сыртқы әңгімесі мен көрінісінің барлығы осы. Бірақ ішкі мағынасын тексерсек, терең философия болады. Көп соқырлар — дүниедегі зор қиял, зор мақсұтынан айырылып, көңлі көр болып, жұғап отырған адам баласы. Дене тіршілігі болмаса, жаны әлдеқашан өлік болып қалған адам қауымы. Бұлардың бұл күнге шейін басшы қылып, соңына еріп келгені дін болатын. Поп діннің белгісі, бірақ бұл заманда дін қартайды, өлді. Соқырлардың ортасында отырып өлді. Бірақ оны көретін көз ешқайсысында жоқ. Көп соқыр әлі де болса, поп келер, бастар дейді. Көптен бөлек жалғыз сөйлеп отыратын жынды қатын — ақындық өнері, поэзияның белгісі. Ол көптің жолына бағынбайды. Өз бетіне бірдеме тілеп, бірдеме іздейді. Үмітсіз халдің үстінде отырған бар соқырлардың ішінде жалғыз көзі сау жынды қатынның қолындағы кішкене бала. Ол — ақынның шабыты. Метерлинк жаратылыстың жарық сәулесін сезетін жалғыз ғана ақынның, есі жоқ бала сияқты, шабыты деп есептейді. Пьесаның ішіне араласатын ит: адам баласының дүниедегі ұзақ тіршілігінің ішінде өзінен басқа мен несінің ішінен тапқан жалғыз-ақ досы бар. Онысы — ит. Сол жацағы соқырлар сарғайып жүдеген уақытта өзінің достығын көрсетеді.

Мінеки, «Соқырлар» пьесасындағы терең сыр, терең ой белгісі — осы. Метерлинктің жазуы қара халық үшін емес, оқыған, бойы өскен, сезімді, білімді қауымның тілегіне арналған, соңғы замандағы зорайған мәдениет, терендеген білім, етек алып жайылған кестелі өнер туғызған жазу. Сондықтан бұл — бір ұлттыкі, бір таптыкі емес; жалпы адам баласының жай-күйін білдірмек болған жалпыға ортақ өнердің бір саласы.

Ибсен, Метерлинк үлгісі — бұрынғы әр елде болған салт театрларының үстіне келіп қаланған үлгі. Бұлар — білім жолында жетіліп толған қауымға ғана ұғымды.

Біз Европа театрының қысқаша тарихын шолып өткен соң, қазақ жайына көшуден бұрын енді өзімізге

жақын тұрған орыс театры туралы аз сөз айтып өтейік.

Орыс театры жоғарыда айтылған жалпы Европа театрлары басып өткен басқыштың барлығын да басынан атқарған. Сол дәуірлердің кейбірі толық күйде туылса, кейбірі шала-шарпы, жарым-жарты күйде тұрған. Қалайда болса, орыс топырағында да орта ғасырдың шіркеу театры, сарайдың салтанатты театры, өзгелің үлгісіне еліктеген театры — барлығы да болған.

Орыс қауымындағы қалың топтардың нағыз өзіне тиісті болған салт-санасын, мінез қалпын анық көрсетіп, ел тіршілігін ең алғашқы рет ашық қылып көрсете бастаған жазушы Островский деп саналады. Орыс елінің өзіне біткен заңы мен өзіне біткен мінез-әдетті Островский орыстың саудагер купецтерінің салтынан алып жаза бастады. Сондықтан нағыз орыс пішінін көрсететін, орыс иісін танытатын, көп өміріне жанасатын атасы Островский болады. Содан кейінгі Толстой бастаған жазушылар орыстың көп елінің өмірін әлденеше жағынан алып, неше алуан салт пьесаларын туғыза бастады. Бұрынғы шеттен келген жат өнер осылардан кейін ғана орыс елінің өз өнерін құрауға айналды.

Орыс театрының Островскийден соңғы бір алуан үлгісі Чехов театры болған. Мұның драмалары да осы қауымның өз өмірінен алынған салт драмалары. Бірақ Чеховтың пьесаларында жаңалық — драма оқиғаларының барлығы көңіл күйінен құралады. Сол себепті Чехов театры — көңіл күйінің театры деп аталады. Бұның пьесаларында патша заманындағы орыс тіршілігінің бір орнынан қозғалмай қатып тұрған қалпы суреттелген. Сол сурет өте сұр пішінді, өте жансыз болғандықтан, жазушының көңілінде қайғы күйін күшейтеді. Барлық драмаларында қайғымен құлазып жүдеген жансыз ауыр күйлер шертіледі, тіршіліктің бейуағы сияқты тыныс бітіп, жан үзіліп бара жатқандай мұздап, жұтап тұрған халдер көп болады. Адамдары белгілі мақсұт құған, белгілі тілектің соңына салынған еті тірі адамдар емес. Көңіл мен Островскийдің адамдарындай ашық пішінді адамдар емес. Мінездерінің нобайы, ыңғайы ғана көрінетін адамдар. Сондықтан Чеховтың жасаған типтерін ойнаушы артистер жазушының әдейі тұлға қылып көрсетпей қойған мінезі мен күйлерін өз жанынан қоса толтыруға міндетті. Чеховтың пьесалары ойнаушының ең ірісін таңдайтын пьеса.

Сол шартты орындауға жараған артистер — Вера Комиссаржевская бастаған артистер болды.

Бұлардан соңғы жаңа заман театрлары болса, көпшілігі мәдениетті қаланың бойы аспанға шығып жатқан қызулы, шулы тіршілігінің айнасы болады. Сатырлап жатқан машина ағындап бара жатқан өнерлі тұрмыстың ағымына салынған жаңа үлгінің жаңа өмірдің театры. Бұл театр шеберленген өмірдің биікке кеткен өнері сияқты. Сондықтан ол жайындағы сөзді ұзартпай, жалпы театрлар тарихын осы мағлұматтармен тоқтатып, енді қазақ театрының мәселесіне келеміз.

Жоғарыда саналған елдердің театрларына қарасақ, көпшілігі өз бастарынан екі түрлі күй кешірген: біреуі — шеттен келген, өзгеден алған үлгі сияқты ақсүйектер, сарайлар орнатқан өнер; екіншісі — ел тіршілігінің іргесінен шыққан, ел салтындағы ойыннан, ел аузындағы әңгімелерден, көп елдің той мейрамынан, ұлы жиында айтылатын өлең, ән-күйлерінен шыққан өнер. Өзге жұрттың тарихына қарағанда, кең өріс, даңғыл жолға ие болған соңғы түрі. Алғашқы түрдегі өнер көп елде аз ғана топтың ғана қызығы сияқты болып, көпшілікке жат күйінде қалды. Сондықтан бойы өсіп, өрістей алған жоқ. Көпке шейін жоғалмай, салт театрымен қатар жасасып келсе де көптің сүйген, тілеген өнері сияқты болып өміріне жанасып кете алған жоқ.

Мұнымен қатар, елдің болымсыз ойынынан, болымсыз күлдіргі әңгімелерінен, ертегі жырларынан шыққан кішкене театрларды алсақ, олар заман озған сайын буын-буын болып тұрған ірі жазушылардың тартуына ілініп, бәйгіге қосылған аттай ілгерілеп, алды ашыла берген, ел тіршілігінің дәл өз топырағынан туған кішкене театрлар кейінгі заманның ірі жазушыларына бет-бағыт белгілеп бергендей болды. Қай елдің жазушысы болса да, драмаларында алдымен өз елінің өмірін, өз жұртының салт-әдетін, мінез жаратылысын көрсетуді міндет деп санады. Барлығы да еліне салт театрын жасап берді. Басында елдің өз денесінен болымсыз ойын-сауықтан шыққан кішкене театрлар аяқ кезде салт театрына айналған уақытына шейін бір мезгіл елді тастаған емес. Бұл көптің қызығы, қалың елдің театры болудан айныған жоқ. Ел өмірі, ел қалпымен қол ұстасып қатар отырды. Барлық салт театрының бетімен жазылған нәсалар бұл сөздерге дәлел.

Енді осы жайды еске алып, қазақ қалпына келсек, бізде жасалып, қалыптанып тұрған театр жоқ. Театрдың орнында әзірше бірнеше сұрау тұр. Қазақтың өз театры бола ма? Өз театры боларлық мүмкіндігі бар ма? Келешегі қандай? Болса қандай театр болмақ? Онан соңғы ақырғы сұрау: қазақ театрының бүгінгі күйін қандай деп білеміз? Бұл сұрау қазіргі театр мен қазірде көзге көрініп жүрген пьесалар, онан соң артистер жайына тиісті сұрау болады.

Мәселенің шешуін «Қазақтың өз театры бола ма?»— деген сұрақтан бастайық. Бұған ұзақ жауап қажет емес; болуына керек, болады дейміз. Себебі барлық ел мен қауым тіршілігінің үлкен шарты — өнер. Сымбатты өнер болмаған елде мағыналы тіршілік жоқ. Қандай қауым, қандай тапты алсақ та қаны мен жанының суретін өнер айнасына түсірмей отыра алмайды. Өнерден қуат алмаса, тіршіліктің шырағы өшеді.

Күн шуақты, жылы күнді көрмей қуарып солған гүлдей болып семіп, суалады. Сондықтан театр өнер есебінде «керек-керек!» дейміз.

Бұл сұрақтың екінші буыны «өз театры бола ма?»— деген мәселе. Мұның жауабын да ойланбай-ақ беруге болады. Өз театры болуға керек. Себебі өнер атаулының барлығында қай елде, қай түрде туса да сол өз ортасының шартынан, өз топырағының қалпынан туады. Сол ортасының түйінін киіп, соның іші-бауырынан шыққан суреті сияқты болып туады.

Өнердің ғылымнан айрылатын жері де — осы. Ғылым анайы топырақты білмейді, еркін, отансыз, анасыз зат. Бұған қарағанда, өнер қаны, жаны бар денелі зат сияқты. Бұл анасының ұрпағы болып қана туа алады. Солай болып туа алса ғана өсіп-өніп дәурен сүреді. Елінің тонын киіп, елінің өз ісімен шықпаса, өнер ерте күннен өрістен айрылып, тығырыққа қамалып, өлімге қарай бас иідеу керек. Сондықтан қай ел болса да, өз өнері әлсіз, көріксіз болса да, өзгенікінен артық көреді; өзгенің алтынына өзінің қара темірін айырбастамайды. Расында ойланып көрсек, Бетховеннің сонаталарына қазақ «Саймақтың сары өзенін» сатар ма еді? Рафаэльдің Мадоннасы, Репиннің суреттері қазақ топырағына келсе, өз жеріндегі ұғылып, өз еліндегідей көрген жұртты еліктірер ме еді? Не болмаса, Шекспирдің «Гамлетіне», Гетенің «Фаустына» қазақ өз елінде болған, заман шерін айтқан Асан-

қайғыны, толғау айтқан Бұқар жырауды айырбастар ма екен. Рас, бір заманда осының бәріп қазақ та өзгерлердей ұғатын болар. Бірақ елді сол заманға жеткізетін, сол санаға шейін жетектеп апаратын өз өнері болады. Әзірше әлгінің бәріне қазақ өзінің қолындағысын айырбастамайды дейміз. Себебі оның бәрі — өнер. Өнер — елдің бел баласы. Қарға баласын аппағым десе, қазақ та өз өнерін аппағым, асылым, үміт, қуанышым дейді. Олай болса театр өнеріне келгенде біз өзге елден алсақ, сыртқы үлгіні ғана аламыз. Өз өнерімізді қалыптауға себеп болатын көпке бірдей заңын, өлшеуін ғана аламыз. Солардан басқа өнердің жапы мен денесі боларлық бұйымның барлығын өз елімізден, өз етімізден өз пішініміз сияқты қылып шығарамыз. Сол себепті қазақ театры қазақ елінің өз театры болуға керек дейміз. Театр жайында бүгінгі күнде біздің алдымызда тұрған екінші сұрақ: «Қазақтың өз театры боларлық мүмкіндігі бар ма?» — деген мәселе. Қазірде, театр әңгімесін жаңа қолға алып отырған жерде біздің ең көп қадалып қарайтын мәселеміз осы. Театрдың кіндік мәселесі осы болғандықтан біз енді бұл күнге шейін көп айтып келген «ел», «ел» деген еліміздің қандай жай-күйі барын тексеріп, сынап шығуымыз керек.

Өзге жұрттың мысалына қарағанда, театр өнерінің ұрығы елдің әдет-салтынан, ойып-сауығынан, ән-күй, өлең-жырынан басталған. Театр өнерін туғызатын жайлы топырақ, қолайлы шарт елдің өз денесінен шыққан. Өнердің іргесін қалайтын елдің өзі. Содан кейін мықты дүкен, сұлу күмбезді жасайтын — сол ел тірегіне нығын сүйеген өнершілер. Театр өнерін туғызатын негізгі шарт осы болғандықтан, біз қазақтың театрын жасауға кіріскенде ең алдымен сол театр ел өмірімен жалғаса алатын бола ма? Келешек заманда дәурендеп көркейе ала ма? Қалай жасап, қандай бағыт берсек, келешегінен үміт қылуға болады? Осы жағының барлығын да ойланып, өлшеп, ұғынып алуымызға керек. Мүмкін болғанынша өзге кейбір елде болған жаңылыс, теріс жолға түсірмеуіміз керек. Біз өнер, мәдениеттің барынша толып, пісіп, шалқып тұрған заманында театр мәселесін қолға алып отырмыз. Сондықтан өзгелер жүріп өткен іздің ішіндегі ең керектісін, ең дұрысын алуымызға керек. Қазақтың театр өнері біздің заманымызда басталғанына біз қуанамыз. Бірақ сол қуанышпен бірге бұл сияқты ірі өнердің келе-



шегі үшін жауапты екенімізді де ұмытпау керек. Сондықтан бұл мәселеге үлкен сақтықпен кірісіп, көп ойланып, ештеп бастау керек.

Өзге жұрттың өнімді театрының барлығы салт театры болған, елдің өмірі мен мінез-әдетін көрсететін, тіршілікке пайдасы бар реалистический театр болған. Олай болса, солар сияқты салт театры туғызатын шарт, қазақ топырағында бар ма? Бұл сұраққа елдің ескілігі мен бүгінгі тұрған қалпы, онан соң бүгінгі көрініп жүрген пьесалары жауап беруге керек.

Алдымен, елдің ескілігін қарайық:

Қазақ елінің ескілігі әдебиет жағынан қарасақ, мейлінше бай. Бай болғанда құр ғана саны көптігінен емес, түрі де, мағынасы да көп болғандықтан. Бірақ біздің қазіргі міндетіміз — жалпы әдебиетті қарастыру емес, ол әдебиет ескілігінің ішіндегі театрға ұрық болатын бұйымдарды қарау. Сондықтан Радловқа «Күншығыстың французы» дегізген қазақ елі, театр сияқты өнерге қандай бұйым қосуға жарайды екен, соны іздеуімізге керек.

Осы мақсұтпен заманның шаңы басқан ескіні тексеріп қарасақ, театр өнеріне елдің ескі салты, ескі өнері беретін жем өте көп дейміз. Біздің елде театр ерте күннен бар болатын.

Рас, ол замандағы өнер бүгінше театр деп аталған жоқ. Бүгінгідей мәдениет шеңберіне кірген жоқ. Бірақ бақытты ел театр деген шеңберді керек қылмайды. «Оның барлық ойын-жиын, қызық-сауығының өзі театр» — деген сөзді біреудің айтқаны бар.

Сол сөз қазақ елінің ерте күніне әбден үйлеседі. Шынында, ерте күнде ас пен тойда, ұлы жиында ізденіп келіп, өлеңмен, әнмен айтысатын көп ақындар өз заманында театр жасамай, не жасады? Солар жасаған сауық елдің құр қуанып, құр көңілін көтергенінен басқа, кәрі-жастың сай сүйегін босатып, аруағын шақыртып, барынша қыздырып, желіктірген жоқ па еді? Онан соң ұзататын қыздың тойында еркек пен әйел қажарылып алып, айтысатын жар-жар, салт ойыны туғызған театрдың өзі емес пе? Жар-жар мен бет ашар бүгінгі заманның сахнасына қою үшін ешбір қосымша керек қылмайды. Солар сияқты толып жатқан айтыс өлеңдерінің қай-қайсысы болса да қалай болса, солай қоюға болады.

Бұл ескіліктердің тағы бір қасиеті — барлығы да арнаулы әнмен айтылатын. Сондықтан жалғыз ғана драма-

лық театр емес, әнмен ойналатын операларға да емін-еркін жарайды. Онан соңғы көзге түсетін бір жері: дәл осы күнге шейін не айтыс өлеңдері, не жар-жар, беташар болсын,— барлығы да қалың елдің ортасында ұмытылған жоқ. Әлі де бұрынғы шарықты жанды өлеңдер болып келеді.

Осы күнге шейін ойын-тойда кездескен құда мен құдағи біріне-бірі «әриәйдай, бойдай талайды» айтса да айтыстың ырымын істеп, жол алып, жол беріседі. Осыларға бір азғантай ғана кесте қосылып, сахнаға қойылса, театр қалың қазақтың қанын қыздыруға жарайтын қадірлі өнер болып кетуінде дау жоқ. Себебі жаңағы айтылған өлеңдерін ел осы күнге шейін сағынып көксеп отырады. Егер бүгінгі театр жалғыз мұнымен қанағаттанбай, ел ескілігінен күлдіргі қызық бұйымдар алам десе, яки көп халыққа ой түсіріп, ақыл-сезімге татымдырақ дән беремін десе, ондайлар табылады.

Қазақтың көп күлдіргі әңгімесі белгілі қулардың айналасына жиналады. Мәселен, Семей аймағындағы атақты күлдіргілер: Шаншардың қулары, онан соң тапқыштық, шешендікпен аты шыққан Жиренше, Алдар Көсе бар. Бұлардың барлық өмірі толып жатқан комедия.

Ел сауығына ақыл, өсиет сияқты ой-санаға жем беретін үлгіні кіргізу керек болса, ертеде заман шеріп айтып сарнаған Асан қайғы, толғау айтқан Бұхар сияқты жырауларды тірілту керек. Тақпақ айтқан билерді естірту, жоқтау өлеңдерін айтқан ақындарды, қобызбен сарын айтатын бақсыны, сыбызғымен күй шығарған күйшілерді тірілту керек. Осылардың барлығының жайында толып жатқан сұлу әңгімелер бар. Соларға болымсыз ғана мәдениет ісін сіндірсе, әрі ел өнері тіріліп, әрі театрдың іргесі құрылады.

Онан соң бүгінгі күнде жаңа туғалы тұрған театр жалғыз ғана әдебиет ескілігін тірілтуді қанағат қылу керек емес, ескіліктің ән-күйін, қобыз, сыбызғысын да қайта ояту керек. Қазақтың өткен күндегі бір байлығы әдебиет болса, екіншісі — ән-күй. Біз қазірде мәдениет табалдырығына қазақтың әнін ғана апарып жүрміз. Нотаға салынса, ән ғана салынды. Париж бәйгісіне барған да жалғыз ғана ән. Біз әлі күйді тірілте алмай, ескере алмай келеміз. Жалпы музыка атаулы нәрсе елдің сезім байлығы мен ішкі жаратылыс қалпын білдіретін болса, солардың ішіндегі ең толғаулы, ең терең сырлысы — күйі.

Күйдің тіліндей бай тіл қазақтың әнінде жоқ. Бұл екеуінің қайсысы терең, қайсысы бағалы екенін елдің өзі әлдеқашан айырған болатын. Ел әңгімесінде күй тартатын сыбызғышыға есті қыздың бәрі ғашық болатын себебі — сол. Бұлай болса, бүгінгі театр ескілігіндегі күй мен әнді бір минут есінен шығармау керек. Бұларды тіршілікте ескі заманның өз аспабымен тірілту қажет. Жалғыз ғана домбыраны қанағат қылмай, қобыз бен сыбызғыны қайта тауып алу керек. Елдің кәрі замандағы өнерін алсақ, домбыраны ескінің елі менсінбеген. Домбыра киіз үйдің ішіндегі бесті-онды кісінің ғана тыңдауына татиды. Егер қазақ даласындай сар даланың, сары өзеннің күйін түсіру керек болса, ол уақыттағы ұлы аспап — сыбызғы, қобыз болатын.

Сол себепті қазақтың барлық әнші, барлық өлеңшісі қолына алған домбырасын «Екі шекті домбыра» деп қорашсынып, кемсініп сөйлейді.

Қазақтың ескі салты мен ойып жанындағы өлең сауықтың барлығы әп мен өлеңді аралас жүргізетін, сондықтан ел театры қалың елдің өмірімен шын жанасамын десе, ескінің суретін толық пішінді қылып құрауға міндетті екені даусыз. Өлең мен әнді қатар тірілтіп, театр жасауға айналсақ, «Қозы Көрпеш — Баян» сияқты ел поэмалары, «Бекет батыр» сияқты тарихи өлеңдер, барлығы да театрдың ішіне оп-оңай сыйып кетеді.

Міне, қазақ ескілігінің бүгінгі жас театрға тартатын сый-сипаты осы. Егер біздің театр осы сияқты мол қордың ішінен тесік моншақ сияқты асыл бұйым, асыл ұрықты тандап, танып алуға жараса, осы сияқты анайы топырақтың үстіне іргесін орнатып дүкен құрса, ол өнер әрі елдің өнері болып, әрі келешегін кең өріске беттеткен өнер болады. Егер соларды пайдалана алмай, ескерусіз тастап аттап кетсек, ол біздің мәдениет жолындағы балалығымызды, шікілігімізді білдіреді. Қайдан шығып, қайда баратынын білмейтін жолаушыға «жол болсыңды» кім айтады.

Сол сияқты көбелек қуған баладай аспапқа қарап қаңғалақтап жүрген театр болса, опың пішінін ұғу да жат болмайды. Бағыты мен мақсаты жоқ болып, жұрттың бәріне ұғымсыз жат нәрсе болып қалады.

Бірақ біздің театрдың бүгінгі белгілеріне қарағанда, бағытсыз, мақсатсыз болып адасатын сияқты емес. Мүмкін болғанынша, ескі күн мен бүгінгі күнін жалғастырып,

өмірге жанасатын театр болуға ыңғайланатын сияқты. Театр, жоғарыда айтқан, ел іргесіне орнап, бүгінгі кішкене белгілерінің бетімен кетсе, біз де салт театры өмірге жанасатын театр болады деп есептеу керек.

Жоғарыда қойылған сұрақтың ендігі ақырғысы: бүгінгі пьеса мен артист, бүгінгі театр туралы еді. Біздің білуімізше, қазіргі дәуірдің театры екі саламен өсетін сияқты; біреуі — қырдағы қалың елге ұғымды болатын елдің өз бұйымдарынан құралған ескіліктің белгілерін тірілткен ел театры, қырдағы театр. Мұндай театрдың ойпайтын нәрселері жоғарыда сапалған ел әңгімелері, көпке белгілі өлеңдерден, ойын-сауықтардан құралатын елге ұғымды жеңіл пьесалар, жеңіл репертуар болуға тиіс. Осы сияқты негізгі құрылатын театр болса, ол ең алдымен көшпелі болу керек. Жаздыкүнгі жайлауда, жәрмеңкеде, айт пен тойда ойналатын театр болады. Мұны жасаушы қала театрының артистері болуға керек. Солар жаздыкүнгі мезгілге ерте бастан елдің нағыз өз денесінен шыққан жар-жар, айтыс сияқтылардан әлденеше пьеса құрап алу керек. Әрине, бұларды қала театрында да ойнауға болады.

Бірақ көбінесе, арналатын халқы қалың елдің өзі болсын. Бүгінгі дәуірдегі театрдың бір сатысы, бір түрі осы болуға қисынды ғой дейміз. Осыдан бастасақ, театр өнеріне қалың елдің өзін әкеліп қосуға да мүмкін болмас па екен.

Бұдан соңғы екінші түрдегі театр — қала театры, аз да болса, оқыған сезімдірек, сыншырақ халықтың мәдениетті театры. Мәдениетті дегенге бұл театр Шекспир, Шиллер, Метерлинкті ойнайды деп есептеу керек емес. Ең алдымен мұның да ірге тіреген негізі — жаңағы театр сияқты қалың елдің өзі болу керек. Бұл театр да ел денесінен туады. Елге ұғымды театр болады. Көрсететіні — қазақ елі, қазақ қауымдарының әдет-салты, мінез-құлқы болады. Солардың өмірін барлық тілек-мақсұтымен, жақсылық-жаманшылығымен толық суреттеп көрсететін болады. Қазіргі уақытты алсақ, қала театры осы қалыпты болып құралып келе жатыр. Бүгінгі шығып отырған пьесалардың барлығы беттеген бет — осы. Көпшілігі ел тұрмысын, ел салтын көрсетеді. Не болмаса, қазақ қауымының ішіндегі кемшілікті, әдет мінезден уатып әр түрлі ауыр халдерді көрсетеді. «Алтын сақина» сияқтылар сондай пьесалардың мысалы. Бұдан соңғы

бір алуан пьесалар елдің артқы өмірін суреттейді. Мысалы: хан заманын көрсететін «Арқалық». Бұл аталғандардың барлығы да қалың елмен байланысы күшті болған, ел тіршілігінің жанды суреті сияқты нағыз салт пьесалары.

Біздің бүгінгі театр бұлардан басқа жаңа алуанды пьесаларды туғызып келе жатқаны да бар. Ол пьесалар — оқығандар өмірінен алынған, онан соң пьеса болып құралған ретіне айтатын дауым көп болса да, алған ортасына қарап бір жікке шығаратын пьесамыз «Қызыл сұңқарлар». Осы пьесалардың барлығы да ел өмірінен туған бүгінгі қазақ ортасының айнасы сияқты. Барлығы да салт театрының пішінін құрау үшін керекке жарайтын бұйымдар.

Бұдан кейінгі сатысында қазақ пьесалары қалың елдің өмірін көлемдей кең суретпен көрсетумен бірге, мәдениетті қауымның ақыл-сезіміне толығырақ жем беретін жаңа үлгіні де туғыза бастау керек. Әрине, мұның бәрі жазушының шеберлігіне байланады. Сөйтсе де сұлу әндей ескілік пен бүгінгі өмірді қосып, соның бәріне жарастықты жаңа үлгіні әдемі кесте сияқты қылып жамаса, қазақ театры алдынан да, артынан да кең өріс табар еді деймін.

Сондықтан бұдан бір-екі жыл бұрын «Қызыл Қазақстанның» бетінде қазақ пьесаларына баға берген сыншы: «Мұғалімнің қатын алып қашқанын көрсеткен пьеса — қазақ өмірі емес» десе, біз ол сөзін өрескел қате деп білеміз. Мұғалімнің қатын алып қашқаны болсын, яки бүгінгі төңкеріс оқиғалары болсын — барлығы да сол оқиғаларды көрсетумен бірге елдің салт-санасын, өмір қалпын көрсететін болса, барлығы да қазақ пьесасы болады.

Енді бүгінгі артист пен бүгінгі театрға келсек, әзір қазақша қалыптанған артист жоқ. Артист болуды түбегейлі мақсұт қылып соңына түскен де кісі жоқ. Біздің білуімізше қазақтан артист шығару үшін сол өнерге ыңғайлы кісілерді орыс артистерінің мектебінде оқыту керек. Онан соңғы бір үлкен шарт — бүгінгі театрдың басына кез келген кісіні қоймай, бір жағынан артист боларлық ыңғайы бар, екінші жағынан пьеса шығарып жүрген жазушыны қою керек. Бізде осы міндетті атқаруға жарайтын Жұмат сияқты бірен-саран кісілер бар. Бұдан соң Қызылорда сияқты жерде жасалатын театрда режиссер

есебіне жақсы артистерін, яки театр артистерін алу керек. Осы сияқты істермен қатар қатты көңіл бөлетін бір мәселе — бүгінде қазақтың ән-күйін жиып нотаға салып жүрген Затаевич сияқты күйшілер, онан соң әншілер туралы қазақ театрының жанында бұл адамдар не қылса да болу керек. Солардың өнері, еңбегімен біздің театрдың толық пайдалануы — қажет.

Ендігі бір ұсақ мәселе — театрдың іші, сахнасы туралы. Егер қазақтың өзіне арналған жаңа театры салынатын болса, менің ойымша, сахнасын бүгінгі орыс театрынан гөрі басқарақ істеу керек.

Біздің ел тұрмысынан алған пьесаларымыздың барлығындағы оқиға жерде отырып ойналады. Орыс сахнасында жерде отырған артист артта отырған халыққа көрінбейді. Сондықтан біздің театрда мойны ұзын кісі болмаса, қысқа мойынды кісі сорлы болады. Ойынның қызу жерінде түрегеп кету, я болмаса орындыққа шығып алу, тәртіп бұзу — барлығы да бүгінгі сахнаның кемшілігінен туады.

Тағы бір ескертетін нәрсе — біздің театрдың декорациясы. Жаңа театр қазақ өмірінің декорациясына бай болу керек. Табиғат суретін алғанда: алыстағы тау, дала, жайылып жатқан мал, алыста отырған ауыл, желідегі құлын, өрістеп бара жатқан қой сияқтылар болу керек. Жаздыгүнгі киіз үй, қыстыгүнгі жер үйлердің де көп суреті болу керек. Тоғай суреті болса, қалың жиын тоғай керек емес, жартасты өзек, тоғай, қайың тал керек. Сахнада төбешік, дөң жасаудың айласын табу керек.

Бұл сияқты шарттардың барлығы қазақтың өз театры боларлық салт театрын жасап, қыр пішінін толық көрсетуге зор себеп болады.

1926

## ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТ ТЕАТРЫ

Әдетте, театр туралы сөз болғанда ең алдымен сахна өнерінің жаны, көркі саналатын труппа жайынан сөйленеді. Труппада өзгеден бөлініп өзіне арнап белгілеп алған бағыт, түр, үлгі, арнаулы мінез бар.

Сахна өнерінің ең зор таянышы, ең бірінші қатардағы қымбатты қажет бұйымы труппа екені шексіз. Мұны екі-

нің бірі түсінеді. Сондықтан Қазақстан өз жеріндегі сахна өнерінің ірге тасы осы деп, өзге бұйымдары дайын болмаса да, ең алдымен Қазақстан мемлекет труппасын жасап отыр. Қазірде біздің труппамыздың екі жылдық тәжірибесі бар. Екі жасқа толғанда, басынан атқарған қилы-қилы заманы, жақсылық табысы бар. Сонымен бірге арыла алмай келе жатқан кемшілігі, олқысы да бар. Рас, театрдың жалпы кемшілігінің бәрін бірдей труппаға аударуға болмайды. Ойыншының шамасынан тысқары шығып кететін жағдайлар болса, оның бәрі үшін жас труппаны кінәлауға болмайды.

Бірақ сөз жалғыз ғана труппа жайында емес, қазақ елінің жалпы сахна өнері жайынан болса, ол күнде қайдан шықса, онан шықсып, кемістік болған пәрселерді атап өтпей болмайды.

Труппаның өзіне келсек, екі жылдық тәрбие арқылы тапқан табысы, бүгінгі қазақ елінің жас өнеріне сіңіріп отырған еңбегі, көруші халыққа беріп отырған қуанышты жақсы әсері өте көп. Бұның бәрін кейін толығырақ айтпақпыз.

Жалпы труппаның асылдығы хан қазынасындай болса да; өзге жағдайлардың тізесі оны шөктіріп, шірітіп жіберуге болады. Қысқасы, труппаның өсуі жалпы сахна өнеріне керек болған көп шарттардың түгел өсіп, түгел толық болуымен нық жалғасады.

Сондықтан мұндай шарттарды санамай, еске алмай, сынамай қоюға болмайды.

Екі жылдық тәжірибесінің соңында қазақ труппасы өзін кімге де болса елетіп, ескертуге жарап қалған сияқты. Труппаның бүгінгі табысына қарап, біз: «Шүйінші! Қазақтың сахна өнері туыпты» деген қуанышты айтуға болады. Бүгінгі труппа көп кемшілігімен қатар осы сөзді айтуға жарайды.

Бірақ труппаны сөз қылудан бұрын сахна өнерін қос қанаттап тартып, жылжытып өрлетуге себеп болатын өзге шарттары не күйде? Ең әуелі соны шолып өту керек.

Бұл жайда, ең алдымен, әңгіме сол труппа ойнап жүрген театр турасында болады. Артистер ойнайтын сахна, көрушілер отыратын зал туралы.

Сахна әрі пьесаны көріктірек қылып қойғызатын декорация, киім, бұйым сияқты шартымен зал ойын көруге келген халыққа тыныш, кең, жайлы отыратын көңілді жағдайларда емес.

Қазақтың қазіргі сахнасында ойналып жүрген пьесаларына қарағанда, театрға сол пьесаларға керек бұйымдарды табу, дайындап алу қымбат та, қиын да сияқты емес. Бірақ бұл көңілге солай екен. Іс жүзінде байқасақ бүгінгі театрға сол болымсыз жағдайлардың өзін де түгендей алмай отырмыз.

Бүгінгі біздің театрдың тарихи дәуірі де, пьесаларының арналған темалары да көбінесе нағыз қазақ тұрмысын көтермей, бояуын қалыңдатпай, әшекейлемей, бүгінгі тұрған қалпында айнаға түсіргендей реалистік жолында. Бұлай болса, әрбір пьесаның сыртқы көрінісі (декорация, киім, салым) түгелімен өмірдің толық айнасы болуы шарт. Шынына тарту, өмірдегі ұлы көрініске ұқсату керек. Осы жағынан қарағанда, қазір ойналатын қай пьесаны көрсең де ең әуелі киім-салым жағынан, сол киімдердің үлгісі жағынан қарағанда, көзге неше түрлі өрескел кемшілік, кедейшілік көрінеді.

Бір пьесаның бір бөлімінде қара киіп шыққан көк шапан екінші бөлімінде Көкенің үстінде, үшінші бөлімде тағы біреуде, ертеңгі ойында тағы жазған көк шапан, сол сусар бөрік кеш бойында тағы да бірнеше кісінің иығына жабысып шығады. Осы сияқты бір-екі, екі-үш тымақ та бөлім басы сайын бір құлағын жымырып алып, бастан басқа секіріп, алшысынан түседі де отырады.

Бұл — бір сәрі жұмыс. Екінші, үлкен бір кемшілік тағы да театрдың кедейлігінен туып отырған нәрсе: сахнада қазақ елінің әр жерінің әралуан үлгісі де еске алынбайды. Қазақтың әр жерінің тымағында, әйелінің бас киімінде орасан айырмалар бар. Бұл айырмыс Еуропа көзіне анық байқалмаса да, қазақ жайын білетін қазақ көзінде елеусіз, ескерусіз болмайды, бола алмайды.

Ақмола жағының тоқалы жаулығын салынып отырғанда, Арқалықтың жөңгесі бір ауылда, бір үйдің ішіндегі екі әйелдің бірі бола тұрып, Семей, Өскемен, Зайсанның кимешек пен шаршысып тартады; өмірде бұл еш уақытта болмайтын жұмыс. Қыз бөтен елге ұзатылып келген соң бас киімін сол елдің өз үлгісіне ауыстырады.

Осы сияқты бір үйдің ішінің еркектеріне де біріне бөрік, біріне тымақ кигізу мақұл емес. Ағайын деп көрсеткен киімнің бірін түркістанша, бірін семейше кигізсек, қайдан жақсы болады.

«Ревизордың» чиповниктерінің біреуіне француздың



XVIII ғасырдағы ақ шалбар, көк фрагын кигізіп, басына парик қаптап шығарса, орыс театрына қандай ұят масқара сияқты көрінер еді. Суреттілікке арналған сыншылдық (художеств. реализм) шарты оны істетпейді. Біз бұл уақытта жәрменкенің балағанына арнап ойышшық жасап отырғанымыз жоқ. Олай болса, бұл сияқты кемшілікті жою керек. Жоюдың қажет екенін әрбір артист өз ішінде анық түсіну керек. Ойнауыңмен, сөйлеуіңмен ғана емес, жалпы сыртқы көріністерің, үлгілеріңнің өзімен де пьесаның ішіндегі әңгімеге үйлесетін бірбеткейлік керек.

Жалғыз ауыз сөз айтпай, құр ғана сахнадан көп ішінде үндемей өтетін статист (мылқау ойыншы) болса, соның да киім үлгісі геройдың үлгісімен бірыңғай болу керек. Сахнаға сезгіштік, сыншылдық, жарастық үйлесімді талғай білетін мәдени үлгілік осындайда туады. Бұл үлкен негізді мәселе. Сондықтан сырт көзге, көпшілікке ұсақ нәрсе сияқтанса да біз әуелгі сөзді осыдан бастадық.

Осы сияқты жайды сахнаға декорация құру турасында да ескеру керек. Қазақтың кей жерінде үй ішіне Европа саймандары — шкаф, айна, темір төсек сияқтылардың кіргені бар. Ауқатты үйде осы болса, сол елдің ішіндегі кедей үйде кебеже, жүкаяқ, ағаш төсек сияқтылар болады.

Бұл сахна жайы болса, көрушілер отыратын залға қарағанда Европа театрының тарихындағы орта ғасырды көресің. Бүгінгі мемлекет театры ойынға келуші халыққа бір де қолайлы шартты беріп отырған жоқ. Ең әуелі сыртқы киімді шешетін жер жоқ. Зал толған бөрік, тымақ пен көмпиген қалың киім. Нөмірсіз орын, ойын басталғанша басылмайтын дабыр-дүбір, орынға таласқан шаң-шұң. Ыстық залда қалың киіммен отырып пысынап, тынышсызданған мазасыз халық. Сахна маңындағы бос орындарды жағалаған тентек балалар, кей уақытта емшек баласы да мемлекет театрының көруші халқының бірі болады. Ойын ортасында сықырлап есік ашылып, аяқтың сарт-сұрты басылмай жататын кездері бар. Кішкене тыныштық алып, енді сахнаға қарай бастағаныңда, артқа таман отырған кейбір ер жігіттің әмірлі дауыспен «қаттырақ» деп қойған айғайын да есітесің. Мінезсіз ел кейде дабырды өзі бастап алып, артынан

көпке шейін өзін-өзі тоқтата алмай, жағалай «шыш-шыштап» шыжылдап, ысқырып та жатады.

Осының бәрі онсыз да тыныштығы кетіп отырған артиске өкшесінен сұққан біз сияқты әсер етпесіне шара жоқ.

Ретсіздігін өзіне шаққандай болып, сол залдың өзіне жалтақтап қарайды. Кейде жаның да ашиды. Бүгінгі артисі баяғы роль жаттамай шығатын, залға құр мағынасыз мақтана қарайтын санасыз сөдегей ойыншы емес. Бәрі де міндетін зор түсінген өнер қызметкері, сапалы еңбекші.

Көп ойынын көрмесек те аз ғана нәрселеріне қарап, қазіргі мемлекет труппасынан алған алғашқы жақсы әсер сол болды. Труппа екі жасқа толған шағында, өз ортасында өнер нелерінің әралуан түрлерін көрсетуге айналған сияқты.

Жай өмірде күнде көріп жүрген көп-көп жан, сыртқы жүріс-тұрысы, әдет-мінезбен біріне-бірі өте ұқсас сияқтанса да шындап тексеріп, тесіле қарай келгенде, бірінен-бірінің айырмасы, жаттығы, шалғайлығы өте көп боп шығады. Өнер пырағына мініп өмірге келем деген артист те сол сияқты. Ішінен шынымен қыздырып желістіріп, өршелендіріп айдап тұрған өнер болса, әрбір артисте әшейіндегі қалпынан, әдеттегі шегінен шығып кетіп, өзге шын бір адамға ұқсайтын өзіне хас әдет-мінезі бар, қайта туғандай алуаны бөлек адам болу керек. Бұл жолда артист әдеттегі өз қалпына ұқсамау керек. Танымастық болып құбыла білу керек. Құбылыс бетте, денеде ғана емес. Жүректен, тереңнен шыққан толқындай болып келсе, нағыз бойды жеңген шындығы және айғызымен айқынданып шығу керек. Артист те ақын. Артист жыны келген бақсы есепті. Ақынша жүрек күйінен құбылып, бақсыша пішіні суып, шұғыл құбылыстарға тез ойнақтап ауысып шығып отыру шарт.

Осы күйлерді әрбір артист өзіне ғана қас болған ерекшелікпен шығару керек. Сонда ол ешкімге ұқсамайды да, оған ешкім ұқсай алмайтын болады. Бұл өзгешелік оның туыстан ала келген өзгешелігі сияқты — өнерінің өзгешелігі.

Осы шартқа үйлесуге шамасы жеткен артист болса, ол шын өнер иесі де, түр тапқан, қалыптанған артист болмақшы.

Егер артистің жекелік пішіні болмай, біріне-бірі ұқ-

сап, я болмаса бәрі қиылып бір үйретушінің ғана қалпынан соғылып, сол қалыппен таңбасын жоғалта алмай тұрса, ол өспегені, иә болмаса артистің өнерсіздігі.

Біздің труппаның бүгінгі қалпына келгенде, осы екі жайдың қайсысы басымырақ?

Әрине, әдейі труппа деп сөйлегенде, бүгінгі сахнаға шығып жүргендердің бәрі бірдей бастан-аяқ таланты ашылған, қалыптанған артист деп айтуға болмайды. Араларында сахнаның оқшау қызметкерлері, қосалқы болып жүрген кірмелері де бар. Әңгіме бұлар жайында емес. Түбегейлі қазақ сахнасының қызметкерлері болуға дайындығы бар азғана топ бар. Сөз солар жайында болу керек. Бұлардың сапы 7—8. Жаңағы айтылған екі саты басқышқа осыларды әкеп салыстырып байқасақ, төменгісінің шегінен бірен-сараны болмаса, көпшілігі өткен сияқты. Бірақ алдыңғыға толып жетіп болғаны да жоқ. Жаңа қалыптанып, өз орнын жаңада ғана дұрыстап тәрбиелей бастаған, мөлшеріне қарай көпшілігі бүгін болмаса ертең көңілдегідей шып мағыналы өнер несінің үлгісін береді деген үміт зор.

Ең әуелі артистердің әрбір ойнап жүрген пьесаларынан өздеріне төл ат сияқты қып алған меншікті типтері туғызып алған маңдай ойыншылар бар. Жалпы жайлары осындай болғандықтан, жеке артистің өз атына мініп, өркештеніп шығатын ойындарын түгел көрмей жеке-жеке сындарын толық айтуға болмайды.

Мен «Арқалықты», «Айшаны» ғана ойнағандарын барып көрдім. Бұл екі пьесаның ішінде, әсіресе, «Арқалық» қазақ ойыншыларының күшін өзінше, өз қалпына қарай екшеп, бірнеше ойыншыны барынша ажарландырып көрсететін болыпты.

Осы ретте өзге көп ойыншы тобынан жеке-дара болып шығатын Қара шешен роліндегі Серке, Арқалық ролінде Абылқай, Әжіхан роліндегі Қалыбек. Онан соң ұсақ рольдермен шығатын, бірақ алғанының тағы қайсысын болса да біріне-бірің ұқсатпай, көңілдегідей құбылып ойнайтын Елубай. Бұл «Арқалық» ішіндегі көп рольдерінің барлығынан днуананы әсіресе келістіріп ойнайды.

Осы айтылғандардың қайсысы болса да сыртқы ғана қозғалыс, бет құбылысымен ғана ойнамайды. Бәрін де шын толқынған жүрекпен ойнайтыны даусыз сияқты.

Өз ролінде әрқайсысы да сахнада сезім өмірін бас-

тарынан толық кешіріп, көрушіге де солай түсіндіреді. Көрушіні еріксіз мойындатып, бағындырып алып, қошеметпен күлдіруге де, бас шұлғытуға да жарайды.

Әрқайсысының ойында, пьесаның адамын өзінше емін-еркін түсінген қырағы зеректік бар. Әрбір ісі санаулы ерте күннен есептелген, бапталып дайындалған, барлық қозғалыстары мағыналы, маңызды, әсерлі. Осы сияқты белгілер әрбір артистің өнеріндегі негізгі бағытын іштей қалыптанған, айқын, ашық пішінді мінезін анықтап көрсеткендей болады.

Өнер құлағы көрінгендей, қай-қайсысының болса да туыстан алған өнер сыңы кім-кімге болса да бетін ашып, өзінің тесік моншақ екенін танытып тұр.

Осы ретте алған роліндегі Қара шешеннің мінезін, онан соң Дүрбі ханының мінезін көрушіге өте айқын, сұлу бояумен өте ұғымды қылып, түрлендіріп көрсеткен бірінші қатардағы еңбек Серкенікі сияқты.

Бұл әншейіндегі қозғалысы жоқ, отырысы көп, салмағы ауыр, салбыр, еріншек, кең қолтық, балпаң қазақты сахнада жап беріп тірілтіп жылпың қылып жібере алады. Солай болмай, театр сахна өнері болмайды. Біраз бояу бермесе, сахнада өнерлік пішін болмайды. Мінез әсем болмайды. Тегінде, ат үсті болмаса, жаяу күйінде, әсіресе, жерде малдасын құрып отырған уақытта қазақ — кісендеулі тұрған ат. Күн өзінің бір көрікті жылы шағын мына батырдың ақылды жылы көзінен білдіріп, танытып тұрған сияқтап ады. Төңбектеп алысқа шабатын жері қашық қазақ жүйрігінің кәрі қара қайратын Абылқай өзі де ұққан, ұқтыра да біледі.

Осының орайына, заманының жыны сияқты таусылмайтын арамдық, сұмдық несі Әжіханды Қалыбек те әдемі суреттейді. Көп жұрттан ұрланғандай, Ақтықтың бетіне тіктеп қарай алмай, сырт айнала беріп, сызданып суық қарайтын ала көз, бұл ханның бар жайын баян еткендей болады. Тура қарасқанда, төменшіктеп жерге қарай үзіліп, сүзіле береді де, мойын бұрылып Арқалықтың көзі тайғанда «алдадым, алдадым» деп кетеді.

Көп күлмейтін, көп шешіліп ағытылмайтын суық бетінде «ақ-қара» дегенінді талғамай, қара кесекке майды астарлап асағандай жаманшылық пен жақсылықты бір жерге үйіріп, бітімдестіріп, өз керегіне түгел жарата тып арсыздық, сезімсіздік сыры білінеді. Осымен қатар сыртқа өзін бояп, сылап, қылмытып, жылтыратып көрсе-

тетін жасама жарастық, машықтанған айдыны да бар. «Сен сонаны сүйт» деп, сыр бермейтін зіл менен салмақтайтын тасқағары анық, ашық әмірлер заманындағы хан билігін елестетеді. Таралған сымдай созылған, өзінше тәрбиелі маңызды хан. Қалыбек іштегі суық, арам ишетпен жалғасқан сырттың сыпайы жасама көріністерін әдемі бітімдестіреді. Мұнда мағынасы көп қалтарыс, бұлғағы мол ауыр мінезді трагедия геройларын әдемі ұғынатын қырағылық, тереңдік бар. Қай рольді болса да бойлап кетіп, тереңдеп барып ерекше толық ұғынатын сезімділік бар. Ілгері өзін-өзі көп тәрбиелесе, істеп жүрген істерін өзінің жүрегіне, миына толық қондырып алып, іштей көбірек толғайтын болса, мұның алдындағы келешек тіпті зор сияқты. Мағыпалы, іргелі, күшті суретшілік белгісі бар.

Өзінің таңдаулы роліне тап келгенде, осылар қатарлы тірлік көрсететін — Елубай. Бұл көрсеткен дуана, жалпы дуаналық деген нәрсеге жасалған қатал сын, ең қатал жаза сияқты. Әрине, өмірдің үлкен жауыздығы дуаналық емес. Ол шын дегенін бұзып-жармайды. Көбінесе, адам қауымында дуаналық сорлылықпен шектеседі. Бұл күнге шейін оның шала-мұла дәурені болса, бұдан былай ол жоғалады, өшеді. Сондықтан онымен үлкен құрал ұстап алу керек емес. Күлкі, мазақта пендені жерге жаныштап кетуге болады. Елубай осы құралды ұстанған. Ол дуаналықтың барлық дуанаша мағынасыздылығын, жауырынын бүрістіріп жіберіп, қалшылдап қызарып, күре тамырын адырайтып қатып тұрып, «Ақ» деп жіберіп, қызыл көздерін қайшыландырып, қылиландырып жібергенде, зал тегіс шашу шашқандай қуанады. Құлмейтін кісі қалмаса керек.

Дуаналыққа сол күлкі — өлім күлкісі. Елубай Түркістанның бар дуанасына сабақ болады. Бірақ дуаналықтың жаназасын шығарушы да сол Елубайдың өзі.

Елубай — қызу қанды, ащы мысқыл несі, ішінде сахна өнерінің қайнар көзі бар, жанды, отты ойыншы. Шынымен бабына келтіретін роль болса, Елубайдың іштен тасып шығатын қызуы өте мол. Мұнда өмір екпіні, өнер оты тіпті күшті сияқты. Сондықтан залды баурап билеп, бағындырып алатын албастысы барға ұқсайды.

Бірақ мұның хаупі салақтығында бола ма деймін. Рольдерін көбірек ойлап, іштей көбірек қорытып алмаса,

үстірт кететін жерлері болатын сияқты. Бұл жайын кейін айтамыз.

Бұлардың соңғы мен көрген ойындарда өздерін көңілдегідей жақсы ұстаған Жаңдарбекұлы мен Латып. Бірақ екеуінің ролі де өздерінің нағыз бойын түгел көрсететін рольдер болмағандықтан, бұлар турасындағы сөзді кейінге қалдырдық. Әр артисті өркештендіретін өз рольдері бар екен. Бұлар ойнайтын пьесалар мен барда ойналған жоқ. Сондықтан әзірге сөз ерте айтылатын, астын-үстін кететін сөз болуға болады.

Әзіргі сапағандарымыздың барлығы — жігіттердің арасындағы ойыншылар.

Қазақ труппасында саны аз болса да әйел ойыншылар да бар. Бұлардың ішінен Жанбике, Зура, Оразке, Исаның келіншегінің ойындары жақсы әсер етеді.

Жанбикенің үлкен, жақсы белгісі — өзін-өзі көп тексеріп, көп еңбек қылатын сияқты. Мұнда ауырды жеңіл қылып, берілместі аламын деген талап көп. Осы жағынан қарағанда, жігіттердің болсын яки басқа әйелдердің болсын бәрінің арасында ерекше қажырлы, барынша ықласын берген, еңбегі күшті, талабы зор ойыншы Жанбике екенінде дау жоқ.

Зура «Қаракөз» ролінде қайта туғандай болады деп, көп көрген көп сыншылар куәлік береді. Бірақ мен оны ол ролінде көргенім жоқ.

Қазақ труппасының пьеса, спектакльмен бірге жасап дәуірлеп келе жатқан сенімді жақсы күштері осы болса, осымен қатар, баяғы кәрі қазақ өнерінің анайы топырағынан келе жатқан асыл бұйымдай қадірлі ірі күштері тағы да бар. Бұл — Иса мен Әміре.

Иса желпініп, үзілмей соққан сар даланың желі сияқты, сол даладай кең, мол ақындықтың иесі. Бүгінгі Европа Исаның ақындығындай суырыпсалма, желермен, тұтқиыл ақындығын ақындық теңізі деп түсінер еді.

Осы күнгі Европаның сахна өнеріне мұндай сый жат болып, жоғалып кеткен. Бұл — сахна өнеріндегі таза қазақ тумасы. Құмды, желді даланың жан жаралған жайын төсті сыпырғысы сияқты молдап пішілген дала табиғатына үйлескен бір өнер. Бүгінгі қазақ сахнасында Иса әлденеше ғасырларды жиғандай, мәдениет тарихының әлденеше дәуірлерін бітімдестіргендей.

Мұның арты баяғы кәрі заманнан саналы толғау иесі жыраудан, ру бәсекесінде ат жарыстырғандай сөз жа-

рыстыратын айтыс ақындарынан келе жатқан суырып-салма. Бүгінгі тұрған орны сахна. Айтылып қалған сөздері әдебиет туындысы. Иса сахнадан үгіт айтады, сын айтады. Өзі түсінген мөлшерде сұлулықты, жарастықты жырлайды. Өлең жырмен әңгіме баяндайды. Табиғатты сипаттайды. Өлеңмен күлдіргі қалжың айтады. Жақсының сарынындай құбылып, бүктетіліп толқынған желдірменің әніне қосылғанда, шалқыған ақындық сөзін ту қып ұстап, заманды қазып келе жатқан өнер желмаясының шабысы елестегендей болады...

Жалпы сахна өнеріне Исадың пәмірлері жаңадан қосылған жат бұйым сияқты. Мұның өрісі театр жолында емес, ақындық, әдебиет тарихының бағытында сияқты. Бірақ бұл алғашқы қараған көзге ғана солай көріну керек.

Әйтпесе, қазақтың баяғы суырып-салып айтатын айтыс ақындарының үлгісі бұл заманға ауысып келгенде, әдебиет тарихынан да сахнамен туысуына керек, сол қажет.

Баяғы тойда, топта жырлайтын қазақ ақыны сол заманының сахна өнерін жасаушылар деп танылу керек. Әдебиетке олардан сарқылып қалған сөз болса болды, болмаса жоқ. Олардың қызметі алдында қарсы қарап құлағын түріп, тындап отырған көруші мен тындаушысына арналған болатын.

Қазақ сахнасы ол күнде жаңадан сөзбен күн көрген жоқ. Ақындық қоры мол болғандықтан тың, жаңа сөзбен жасаған.

Ел бойына мол боп біткен өнер, сахнаның сондайлық өзгеге жат бір түрін тудырған.

Тегінде, жалпы мағыналы ақындық, әдебиет қорына, жалпы мағыналы ақындық қазынасына өте үлкен мағыналы бұйым қосу қиын. Онысы өлең шығарған реттерінен, заңынан да көрінеді.

Бірақ суырыпсалма өлең көп алдында ақынның өз аузынан сол арада ғана шығып, арнаулы сарынға түсіп, домбырамен бірге қанат қағып алып ұшып келе жатса, ең әуелі өте әсерлі жарастық, үлкен әсерлілік сол шабысының өзінде деп саналу керек.

Әдебиет, музыка, сахна — бәрінің бірдей бас қосқан жері — осы. Адамдағы салтанатты, сымбатты өнердің өзгеге жат, бізге таныс бір алуан түрі, үлгісі — осы.

Бұл әдеттегі қарындаш ұстап қағазға жазып, мағы-

палы болып түрленіп, үкілі маржанды болып шығамын дейтін ақындықтың анда-санда ойыңға шығып бой жасағаны, балаша асыр салған ойпағы сияқты.

Ұғар болсаң, бағалай білсең, осы халінде, осы мину-тында бағала да, тамашала.

Және әдебиет болса, оның бәріп тасқа түсіріп таңбалап, ертеңгі тарих қолына тапсырған күнде ғана әдебиет деп бағалаймыз ба? Оған соң тасқа түскеннің де қаншасында қаншалық ұзақ өмір бар, оған кімнің көзі жетіпті. Бір-ақ күн үшін жазылып бір күнмен барлық өмірі таусылып бітетін сөз жоқ па екен. Жалпы жазба өнерінің ішінде осы күнде дүниені сөзге толтырып шығып жататын көп газеттердің бар сөзі бір-бір-ақ күн өмір сүреді. Жаңа газет келді, оқылды. Соған соң ұмытылды, өшті. Бүгінмен ғана өмір сүріп, ертеңгі күн дегенді білмейтін сөздер баспа жүзінде бір емес әлденеше. Ақынның суырыпсалма өлеңінің тағдыры ең жамап болғанда сондай-ақ болар.

Бірақ сол айтылған сағатында оның қызығы, жарастығы, тыңдаушыны сүйсіндірген әсері қай сөзден кем? Сол бір сағаттағы үлкен жанықпен жанып өткен жарастығының өзі де суырып салма өлеңге талай-талай баспадағы сөзден сонауғұрлым қымбат, сонауғұрлым әсерлілік беретіні бар емес пе?

Сахнадағы пьеса — осындай жалынды, жаңды сөздің несі; бұл ғасырдың сахнасына жат болып кеткен кеннен шыққан өнердің несі.

Рас, бұл өнер театр тарихымен ұзақ жасай бермейді. Мұны қолдан жасап ала алмайсың. Әр дәуірдің сахнасында Исалар туып отырса, осы түр қазақ сахнасының бір ерекше қызығы болып дәурен сүреді. Исасы жоқ болған заманда уақыт та үзіледі. Тағы бір Исаның келуін күтеді.

Бірақ Иса болған заманда театрдан қол үзуге, айырылуға керек емес. Мұның ісі арқылы қазақ сахнасына бір үлгілі жаңалық кірді. Сол салт традиция есебінде сақталу керек. Біз қазақ сахнасының Исасы бар заманын қызықты қымбат сыйы есепті түсінуіміз керек. Қолдан жасай алмайтын, оңайшылықпен қайта тумайтын сирек өнерді, біз — бүгінгі заманның адамдары мәдениетті елше кәдірлей, бағалай білуіміз керек.

Исадан соң өз жолында осы сияқты жайынан, қарапайымнан шыққан сұлу өнердің несі — Әміре.



Әміренің әнінде ақындық тазалықтың шамшырағы жанғандай. Жүрек тербетіп, қуантатып, аспандаған қуаныш белгісі, балалық жарастығы бар. Әміре әншіліктің ақыны. Әрбір ырғағанына жанын салған шыншылдығы көрінеді. Жүрегінің түкпірінде жылтылдап жанған өнер оты сезіледі. Сондықтан қазақтың қай түкпіріндегі қай алуан адамы болса да, кәрі-жасы, әйел-еркегіне қарамай түгелімен Әміренің әнін қуана, сүйсіне тыңдайды. Әміре мен Исаны күнде тыңдап, күнде көріп, бірде сөгіп, мінеп, бірде болымсыз сөзбен жұбатқан болып арлы-берлі қақпайлап жүрген біз сияқты қала адамы, оқыған қазақ — олар туралы соңғы сөзді айтудан бұрын, қалың қазақ тыңдаушысы не айтатынын еске алуымыз керек. Егер олардың артында қошеметшісі, мақтаушысы болып иін тірескен қалың елді көрсен, сол бізге тоқтау беру керек. Оны көре тұра өнерлі, сыншы кісімсіп, қыңыр кеудеге салып өрге сүйреу ұят. Ол — на-дандық белгісі. Қалың қазақ мақтаған өнерші — сыннан өткен өнерші, заманының қауымы өнерін таныған, қабылдаған өнерші. Рас, бір түр ғана елдің мақтауымен тойып, тұрып қалуға болмайды. Түріне түр қосқызу, ілгері бастыру, нағыз мәдениетті өнерге ұқсату жағынан көмек істеуіміз керек. Бірақ осының бәрін мыналардың кәдір-қасиетін танып бағалай отырып істеу керек.

Егер бүгінгі қазақ театры шынымен қазақтікі болсын десек, осы істеп отырған істердің ішінде қалың елге әрі ұғымды болып, әрі көбірек сүйсіндіретін түрлерін көтеріп ұстап, зор бағалау керек. Сахна өнеріне елді әкелін кіргізетін, жаңа өнердің көпшілікке атын таныстырып, затын жат қылмайтын ел мен театрды бір-біріне жанастыратын сондай қызметкерлер болады. Және қазақ театрының ел іргесіне, қазақтың анайы топырағына қаланғандығына даусыз сияқты бұйымдар үлкен белгі болады. Мұны театрдың маңызын дұрыс ұғынатын кісінің қай-қайсысы болса да есінен шығармау керек. Қазақ топырағында жасалатын мәдениетті театрдың бұл үлкен шарты деп саналу керек.

Жә. Біз бұл күнге шейін қазақ театрындағы өнерлілердің жақсылық белгілерін, ерекше көрікті көрінген қасиеттерін ғана айттық.

Сынсыз мақтау құр қошемет сөз сияқты болып кетуге де мүкін. Бірақ мен өз білген мөлшерімде бұл уақытқа шейін айтқан сөздерімді сынап айттым деп білемін. Әр-

бір дені сау сылшың бір беті жақсылықты атау болса, екінші беті, астары кемшіліктерін айтуға да арпалу керек.

Жаңағы мақталған труппа адамдарында сол жаңағы саналған жақсылықтармен қатар әзірше жетіспей келе жатқан кемшілік те бар. Енді соны айтайық.

Бұл жайда әуелгі сөзді соңғы тоқтаған кісім, Әміреден бастайық. Әміре Европа сахнасының оқымысты, білімді, мәдениетті әншісі емес. Ән салатын үлгісі, айтып жүрген сарғаны барлығы да әзіргі Әміренің жалпы дайындық шамасына қарағанда, мін деп айтатын нәрсе емес. Біз білген, көпке танылған Әміре осы пішінде, осы күйімен қалар да.

Әнінде таза дала сарынынан гөрі бояу кестесі басқарак, жаңарак көрінсе, ол Әміренің біреуден алған үлгісі, жұғындысы емес. Өзінің талаптынан ғана туған жаңалық. Бірақ бұл жаңалық европаша емес, қазақша. Әміренің айтуында дала әні жаңашалау сезімділікке боялған. Осынысын қазақ әнінің бір саты ілгері басқаны, көркеюге ұмтылғаны дейміз.

Әміре қай әнді болса да өзінше кестелеп, қошқар мүйіз салып, үкі, маржан тағып алады. Осы бағытын дұрыс, жақсы бағыт дейміз.

Бір-ақ кемшілігі: Әміре Семей әнін ғана айтады. Ән саны аз ғана. Таңдауы көп емес. Біразына екіншісі ұқсай береді. Өзіне бір нық қалып соғып алып, содан әрі аспай, жылжымай, тұрып қалатын сияқты. Анығында, бүгінгі халінде ол жалпы қазақ әншісі емес, Семей әншісі болып отыр. Қазақтың кең даласындай әр жерінің әні де кең қорлы, алуан, бөлек. Бірінен-бірінің кестесі қайшы, жат та болып шығатыны бар. Олай болса, қазақ сахнасының жалпыға бірдей әншісі сол Қазақстанның әр бұрышындағы әр үлгілерінің әрқайсысын да жақсы білу керек. Бір әнді Семей қалай салады, Ақмола, Қостанай, Түркістан қалай салады. Арқа әні мен Сыр бойының әні, Ұлы жүз бен Кіші жүз әндері, қазақтың романс сияқты ырғағы мол, сезімі зор Мұхит әні сияқты әндердің барлығы да Әміренің төл әні сияқты болу керек.

Әнді бір қалыппен үнемі созып айтпай, анда-санда желісін үзгендей, екшеп тастап, толқын артынан толқын соққандай сатырлатып айтатын құбылысы көп үлгі Атбасарда бар сияқты. Әміреге сол да жат болмау керек.

Әміреге тоғыз облыс Қазақстанның әрбір бұрышына

барып, жақсы әншіден ән үйреніп, түр жиып алып қайтып жүрсе де обал емес. Болмаса, Затаевич, Ковалев жиған, нотаға түскен әндерді толық пайдалану керек. Онан соң бірен-саран күйлерді әнге айналдырып, жаңа үлгі сияқты қылып ұсынып байқауға да болады. Не қылса да бір орында бір-ақ түрлі үлгімен, жалғыз Семей әндерімен қатып тұрып қалмай, кенею, молаю, өсу керек. Өскенде жалпы Қазақстан әншісі боламын деген мақсатты қолдану шарт.

Тегінде, труппаның қай адамына болса да үнемі бір-ақ қана қалып жасап алып, содан озбай тұрып қалуға болмайды. Көпшілікке жаққан, сүйсіндірген, бір үлгі түрің болса, бір қозғалыс, бір бет құбылысы болсын, қай-қайсысын болса да орынды-орынсыз жердің бәрінде бірдей қолдана беруге жарамайды. Онымен сол қызық көрінген өнерлік үлгінің өзін де тудыруға болады. Өзінді тез торып, берік шағындап, ұзамай тарылып қалуға болады. Түр үстіне түр табу, үлгі үстіне үлгі табу қажет. Қазір қазақ труппасы ойнап жүрген пьеса да шағын. Елге көрсететін өнерлерінің саны, өрнегі де аз ғана. Сол азғананы жаңа ажар қоспай қайта-қайта ұсына берсек, аз заманда жаңалық, жарастық ісінен айрылып, белгілі кәрі даңғыл жол сияқты болып, сары жұрт болып қалуға болады. Осыдан қатты сақтану керек.

Шеттен оқып білім табуға, өрнек қосуға болмаса да туа артист, туа өнерлі болып жаралған ойыншы өзін-өзі қатты тексеріп, қатты сынап отырса, жаңғырап, жасарып ілгері басуына мүмкін. Біз бүгінгі күнгі табыстарын мақтасақ, ертеңгі күні мұндай болмайды. Тағы да ілгері жылжиды, тағы түр тауып көркейеді, ұлғая береді деп сеніп мақтаймыз. Егер ертең де, бүрсігүні де осы күйінде тұрса, ол кейінгінің белгісі болар еді. Алдына қарай адымдап баспаған өнер әрқашан кейіндей бермек. Сен бір орында тұрғанмен, уақыт озып, заман ілгерілей береді. Сол уақытта алдыңнан қала бастасаң, кейіндегенің.

Осы реттен қарағанда, Елубайдың дуана болған уақыттағы құбылыстары «Айшаны» ойнағанда тағы да сондағы сияқты көз қылиландыру араласқан соң көрушіге «кешегісі» дегізгендей болды. Дуаналықтың мағынасыздығына, мағынасыз ажармен көз қылиландыру әдемі жарасса, ертеңінде ауруды бағатын молда соны істегенде, одан кейін «Еңлік — Кебектегі» Абыз соны істесе, онда жас ністі өнер емес, қатқақ жол, сары жұрт

сияқты болып қалады. Әрқашан өзіңнің дағдылы қалпың, дағдылы түсіңнен ауысып, екінші күйге кеткенде, алдыңғы істегеніңе артқыңды ұқсатпауға керек.

Осы сөзді Қалыбекке де айтуға тура келеді. Қалыбектің көзі әсерлі, бірақ бет құбылысында мұның да нық ұстанып қалған бір мақсаты бар. Ол әрқашан жоғарғы ернін жнырыңқырап, мұрны біткен кемнек шал болып сөйлейді, түсін де, дауысын да танымастық қылып өзгерте алады. Өз жанынан оқыс күлкі сөздерді де көп шығара алады. Тапқыш, өткір жүйріктігі бар.

Бірақ, Ажы да, Айшаның күйеуі де, онан соң Қызылорда базарына өгіз сатқан шал да, бәрі де бір кемнек шал болып кеткен соң, ойыншының қайталағаны сезілгендей болады. Алдына қарамай, артына көбірек айналып қала ма деген қауіп туады.

Латыпқа да үнемі аузын толтырып сөйлейтін күмпілдек, бопылдақ шалды тастау керек. Ойнап жүрген шалының бәрі бір мінезді шал емес. Мынаның маска қылып алған шалы, ақ шелегі түсіп саусылдап жүрген адал, аңқау, ақ көйлек шалға көбірек меңзейді. Даусына да құбылыс, ажарына да жаңалық керек.

Труппаның өзім көрген екі-үш ойышынан алған әсерім осы сияқты болды. Өзге артистерді көрнекті қылып шығаратын үйлескен, үйреніскен пьесаларының барлығын көргенім жоқ. Сондықтан өзгелері жайлы әзірше еш нәрсе айта алмадық

Труппаның, жалпы қарағанда, беретін әсері күшті, қуанышты. Айналасындағы шарттары қолайсыз, көріксіз, нашар болса да жаңа қазақ өнері жыбырлап, мәдениетті тіршілік белгісін көрсетіп, қаз тұрып келеді. Көркейсін, жасасын деген шын тілекті айтамыз.

Труппаға соңғы заманда қосылған бір зор жақсы жаңалық — қазақтың музыкасын, салт әндерін, сыбызғы, қобыз күйлерін сахнаға шығармаққа қам қылып Затаевич, Ковалев еңбектерімен толық пайдалануға беттеген көрінді. Бұл істің де шығуы мезгілді. Бірақ оның бетбағыты, бүгінгі қолданатын негізгі әдістері туралы музыка мәнін көбірек білетін біреудің сынына қалдырдық.

# ҚАЗАҚ ШАРУА ЖАСТАР МЕКТЕБІНЕ АРНАЛҒАН ПРОГРАММА ЖӘНЕ ТҮСІНІК ХАТ

## СУРЕТТІ ӘДЕБИЕТ ТУРАЛЫ

### Жалпы сөз

Әдебиет шығармаларын зерттеуде қолданатын әдіс Маркстің социалогиялық әдісі болу керек. Бұл әдістің шарты не? Шарты әрбір әдебиет шығармалары мен соның шығарушысын өз заманының көрінісі есебінде тексеру.

Сол әдебиет шығармасы алынған заманының шаруа жағдайы, саяси күйі қандай еді, оны оқушы қоғам тану сабағынан білген болу керек. Қоғам тану сабағы сол белгілі замандағы қоғамның дүниені түсінісі қандай, қоғам пікірлерінің толқындары қандай екенін білдіреді. Осы мағлұматтарға сүйеніп отырып, тексеретін жазушымыз қандай таптың тілегін, көңіл күйін, пікірі мен бағытын жырлайды. Соны айқындап ашу керек.

Бұл жайды ашу әрбір жазушының шығармалары социалдық жағдайдың қортындысы екенін білдіреді.

Сол шарттар, жазушы шығарған нәрселердің мазмұны не? Онан соң түр үлгісіне де өзінің таңбасын салады. Бірақ, бұл әдісті қолданғанда мынадай екі түрлі кемшіліктен сақтану керек.

#### Біріншісі:

Ақындарды әдебиет тарихының соқпағына салып алып өзге дүниеден жырып әкетіп тексеру, маркстілдік, социалогиялық тексерістің орнын, осы әдіс басып кетуге мүмкін. Бұнда кітап қашан шыққан, ақыны кім, ата-тегі кім, өз өмірі қандай? Осы сияқты нәрселер сабақ болып кетуге болады. Әдебиет бұйымдарының барлық қоғам тұрмысындағы бұйымдармен байланысы қандай, тарих жолындағы өсіп-өрудің қорғаушысы кім, қандай күш? Бұлар жайы тексерілмей бүктеме қалуға болады. Оқытушы бұған әкелетін болса қазіргі жастардың салт-санасына, заманына әрі заманы, әрі салт-санасы қайшы болған әдебиет шығармалары ұғылмай қалуға мүмкін.

#### Екінші қауіп:

Маркстілдік әдісін өте шалақ, өте саяз ұстанып барып, жалпы ғылыми жолды жайдақтатып жіберуде бұндай жарға соқпас үшін молдан пішкен терең қорытындыдан қашу керек. Бұл балаға ұғымсыз болып қалуға

болады, не болмаса ұмытылып қалады, әуелі кесіп айтатын соңғы қорытынды дегенді де бермеу керек.

Бұлардың орнына әрбір әдебиет шығармаларын асықпай, көп ойланып, бойлай тексеру қажет, бұндай тексерістің алдыңғы қатардағы жұмысы — әдебиет шығармаларының қоғам тұрмысымен ап-айқын болып жанапаны тұрған белгілерін байқауда. Содан әрі қарай басқыштай барып қана социологиялық реттеудің ауданы молаю керек. Мақсұт осы болғандықтан әуелгі жылдардағы тексеру:

Әдебиет шығармаларындағы мағына мен пікір (идея) шартты нәрселер, қоғам күйіне байлаулы нәрселер екенін байқатуға арналады.

Кейін екінші жылдың жартысынан былай ғана әдебиет шығармаларындағы түр мен үлгінің өзі де жаңағы сияқты шартты екенін тексеру дұрыс. Бірақ, бұл соңғы тексеріс қиын қызмет. Сондықтан бұны жұқалап, оңайлап алу керек. Және қолдануға оңай болған орындарға ғана жұмсау тиіс.

Маркстілдік-социологиялық әдісті әдебиетке қолданғанда тағы бір қаталық: әдебиетті тексеру жұмысын қоғам тану білімінің қайталамасы сияқты қылып жіберетіндік бар. Әдебиеттанудың орнына қоғамтану қайта оқылып, жаңа білім жамалмай бір орынды «сары жұрт» қылып қайта-қайта шиырлай беретін болуға мүмкін, орыс мектебінде де осындай кемшілік болатыны бар. Қазақта бұл тіпті мол болуға мүмкін.

Әдебиет сабағы қоғамтанудың қанжығасында кету қаупі бар. Рас, қоғамтану ғылымын қазақ топырағына әкеп қолдану қызықты. Өткен күнде қазақ хандары қандайлық қиянаттар істесе, қазақ жерлері қалай отарланды, қазақ даласында сауда капиталы қандайлық қожалық құрды. Бектер, билер, молда-қожалардың дәуірі қалай жүрді. Бұлардың барлығы туралы көп санақ, көп тарихи мағлұматтар табуға да мүмкін, бұларды білуге де керек.

Бірақ білгенде де оқушы бұл нәрселерді қоғамтану ғылымынан білу керек. Олай болса бұларды балаларға белгілі деп есептейміз. Екінші, сол санақ, сол тарихи мағлұматтардың қаншасы жиылса да құр өздері келіп, әдебиет шығармасына арналатын социологиялық шешуді бермейді. Сондықтан әдебиет шығармасын тексерер алдында әңгімеде не сөйлейміз?

Әңгіме белгілі дәуірдегі қоғам ішінде қандайлық көңіл күйлері болғанын анықтайды.

Ол күйлер шаруашылық саяси себептерден туған, сол кездегі қоғам түсінісінде болған негізгі сарындар (мотив), пікірлер бар. Осыларды жнып келіп белгілі шаруашылық: саяси жағдайдың себебінен құралатын пәлендей кейіпкер, пәлендей мінездер барлығын айқындау керек. Тексеріс осы қалыпта болса оқушыларға жаңа мағлұмат беріледі.

Және әдебиетті түсіну үшін маркшлдік-социологиясын дұрыс қолданған болады. Әдебиетті Марксше түсіну, бір дәуірдің құрғақ шаруасын ғана түсінуде емес, сол шаруа жағдайынап туған аз шығармалардың барлығының суретін қоса білуде. Қоғамның дүниені түсінісі қандай. Белгілі тап арнаулы дәуірде қандайлық көңіл күйі күйленді. Қандай себеппен сол заманда дәуір сүрді. Осындайлар анықталуға тиіс.

Тексеретін мәселелер жалғыз ғана әдебиет шығармасының мазмұнына арналмай, ақышның өзінің көзқарасы, өзінің көңіл күйі, қай таптікіне жататындығына арналу керек. Бұл мәселенің ішіне кіретін бөлімдер: ақын өз шығармасының ішіндегі қаһармандарына қалай қарайды? Қайсысын жақын көреді? Әр таптың адамдарын көрсеткенде шышшыл болып дәлелін көрсеткен бе? Қаһармандарын басқа түрлі қылып шығармай, осы қалыпта шығаруының мәнісі не? Осыларға көңіл бөлу керек. Және балаларға тема бергенде «Кедей мен байдың тартысы» деген сияқты томаға-тұйық тема бермей «пәлендей жазушы бай мен кедейдің тартысын қалайша көрсеткен, не себепті пәлендей қылып көрсеткен» деп беру керек. Үйткені жалғыз ғана әдебиет туындысына қарап кедей мен бай тартысының тарихын толық пішінін түсіру мүмкін емес. Қнып.

Төменде қазақ жазушылары мен солардың кейбір шығармаларының тізімі берілген. Бұл тізім қара шаруа жастарының мектебіне қолайлап жасаған тізім болғандықтан, көбінесе қазақ әдебиетінің соңғы дәуірлері алынды. Үйткені соңғы дәуірлердегі әдебиетте социалдық сарындары (мотив) айқынырақ көрінеді. Жастарға өте ескі күннің, кәрі замандардың ақындары оңайшылықпен ұғылмайды (себебін түсіндіру керек). Қай жылда әдебиеттің қандай дәуірлерін алып, қай-қай ақын-

дарды тексеру мәселесіне келгенде екі түрлі жайды еске алу керек.

1) Әдебиет дәуірлері қоғам тану ретінде оқылатын дәуірлерге дәл келсін. Сондықтан біз бірінші жылдың екінші жартысы «бұрынғы ауыл» деген темаға арналсын деп отырмыз. Оның алдында «бүгінгі ауылды» тексеру, баланы әдебиет санабына жетектеп кіргізу, баулу үшін қажет, үйткені бүгінгі күн балаға (кімге де болса) ең қызықты, ең ұғымды, ең әсерлі де күн.

2) Әдебиет туындыларын оңайынан бастап қиынына қарай жетектеген сияқты басқыштап беру керек.

Рас қазақ әдебиетінің айшаласы мол емес. Тереңдеген, түрленген де әдебиет емес. Бірақ, сүйтсе де бірінен-бірі қиыны, бірінен-бірінің оңайы бар. Шынымен тереңдеген ойшылдықты, сыншылдықты, қырағылықты керек қылатын сұлу шығармалар да бар. Социологиялық сынның тереңдеп өрістеп жұмсалуына жақсы материал боларлық шығармалар қазірде жеткілікті. Сондықтан ұғымдырақ болатындарды, салт-сана жағынан пайдалырақ болатындарды ілгері салып, ұғымға ауырырақ келетінін, салт-санасы көп сынды, көп реттеуді керек қылатын жазушыларды кейінге салдық.

Бірақ қазақ әдебиетінің мағыналанған дәуірі тегінде ұзақ емес. Үлгілі әдебиет жолына шыққанына 20-30-ақ жыл болды. Мектепте әдебиетті тексергенде біз осы аз ғана дәуірді алып, соны әр жылға бөлшектеп қарастыратын боламыз. Кей кезде баяғы, ескірек заманда мысалы, XIX ғасырдың басында болған ел қалпын әңгіме қылған уақытта, бергі заманда сол XIX ғасырдың аяғында жазылған сөздерді дәлелге алуымызға тура келеді. Өткен күннің көріністері деп алатынымыз болады. Бұлардың барлығы қазақтың ескі күнінен қалған, мағыналы үлгілі әдебиет шығармаларының жоқтығынан болады. Және шын суретті әдебиет ретіне кіретін болып жазылған мағыналы әдебиет шығармасы болса, діннің, кәрі заманның суретін беруіне мүмкін. Бұл жолды өзге жұрттың әдебиет жайындағы сабақтары анда-санда болмаса, ұдайы қолданбайды. Біз барымызбен базарлаймыз.

Сол мағыналы әдебиеттің өрісі аз ғана болғандықтан, аз ғана қазақ жазушыларын, көктемеге түсірмей, толығырақ оқытып шықпақпыз. Сол себепті әрқайсысының шығармаларының темасына қарай, ұғымға ауыр-жеңілдігіне қарай, суреттілік жақтарының түрленуіне қарай



және қоғамтану темаларына үйге келуіне қарай көп жазушыларды үш жыл бойында түгелімен оқытпақшымыз.

Бір жазушыға қайта-қайта айналып соғу, маркшлдік-социологиялық сыны үшін өте керекті. Былтыр оқып кеткен ақынды, артта қалды деп қоймай, биылғы жылда кездесетін ақын, жазушымен салыстырып тексеру — үлкен пайдалы жұмыс болады. Салыстыру арқылы әдебиет шығармасының социалдық шарттарға байланысулы екендігі айқындалады.

Әрбір жазушының мазмұнға, сыртқы үлгі-кестеге жанасуы қандай, кімше келеді, соларын да салыстыру арқылы анығырақ білуге болады.

Және бір жазушыны әр жылдағы мақсұтқа қарай, әр жылдағы балаларының піскендігіне қарай, әр түрлі жақтап сынап, әр түрлі көзбен тексеру — сол жазушы жайында баланың толық түсініс алуына себеп болады. Осымен центрлік әдісі мұқтаждықтан туды десек те, қажеттікпен сүйемелдегіміз де келеді.

Сонымен міндетті түрде болмаса да, ұсыныс ретінде мынадай тақырыптарды ұсынамыз.

### *Бірінші жыл*

1. Тақырып — бүгінгі ауыл, төңкерістің жемісін көріп отырған ауыл кедейінің әдебиеттегі суреттері.

2. Бұрынғы рушылдық жігіндегі ауыл, хап, би, батыр заманы, соның ілгері-кейінді жоқшылары.

### *Екінші жыл*

1. Азамат соғысының уақытындағы ауыл тұрмысы. Төңкеріске қатысқан қазақ жалпылары, төңкерісшілдері.

2. 16-жыл мен ескірек кездегі ұлт бостандығы жолындағы әдебиет. Сол кездегі ауыл күйі.

### *Үшінші жыл*

1. Октябрь төңкерісінен соңғы жылдар.

Сонымен қатар жүрген кеңес құрылысы. Жұмысшы табының соңына ерген ауыл еңбекшілері, жалпы батырақтары, алғаш соның бағытына талпынған бет.

2. 1905 жыл мен 1916 жыл арасындағы ауыл күйі. Ел арасындағы азғындаған мінездер, теңсіздіктер (социальное зло). Сол кездегі оқығандар қозғалысы. Ал-

ғашқы ұлтшыл, халықшыл оқығандар. Отаршылыққа қарсы ағым.

Бірінші жылдың алғашқы жартысында тіл тануға көп уақыт бөлінеді. Бұл кезде әдебиет жөнінен істейтін жұмыс:

Кішкене, жеңіл әңгімелерді, өлеңдерді, бірен-саран жеңіл повестерді оқуға болады, әңгімелер, повестер түгелімен бүгінгі ауыл, бүгінгі қала жайып, бүгінгі жаңа тұрмыс жайып баяндайтын болсын.

Бірінші жылда не оқылатынын біз программада көрсеттік. Бірақ бұндай тізімді шалақ ұғыну керек емес. Осыны ғана ұстанып, басқаға ауыспай қатып қалуға жарамайды. Ең әуелі бұл тізімді кеңейту керек, онан соң бір әңгіменің орнына екінші соған ұқсаған және соған да қолайлырақ әңгімені тауып алуға болады (бұл үшін оқытушы қазірде шығатын ілім журналдарын көп қарастыру қажет). Бүгінгі ауыл, бүгінгі құрылыс деген жайлардан жазылатын әңгімелер қазіргі журналдарда көп. (Жалғыз-ақ алғанда, шынымен жарқырап тұрған ашық әңгімені, шынымен суретті деуге жарарлық әңгімені таңдап алу керек).

Бұл жағынан қарағанда қазақ әдебиетінің жастығы, олақтығы, өте саяздығы көзге көрінбей қоймайды. Бірақ сүйікыл әдебиеттің өзінің ішінде мектепке керек нәрселерді сүріп алуға болады. Және бір ескертетін нәрсе, таңдап алынған әңгімелер балалардың жасына қолайлы келетін болсын.

Алғашқы жарты жылдың ішіндегі зор міндет: балаларды суретті әдебиетке қызықтыру. Соны оқуға ентелету, онан соң дұрыс оқуға үйрету. Осы мақсатпен ең алғашқы кездерде бала араласқан әңгімені, мүмкін болғанынша балалар қаһарманы болған әңгімені алу керек. Бұндай оқудың тұсында суретті әдебиеттің түрлі ғылыми, саяси әдебиеттен басқа болатынын байқату керек. Бұл үшін әр түрлі материалды алып салыстыру шарт.

Суретті әдебиетті жалғыз ғана мектеп ішінде емес, үйде де оқытуға тырысу керек, тәрбиенің, баулудың бір үлкен шарты осы екенін де естен шығармау керек. Үйде оқығанда балалар қай кітапты таңдап оқиды, ол жағына ерік берілгені дұрыс. Бірақ сонда да оқытушының міндеті:

1. Салт-сана жағынан зиянды болмайтын, пайда

келтіретін кітаптардың тізімін жасау керек, әсіресе мектептегі суретті әдебиеттің ішінде боғауызы бар, жалаңаш құмарлықты айқындатып шығаратын кітаптар болмағаны дұрыс.

2. Онап соң ұсыныс ретінде болса да — оқитын кітаптарды таңдағанда, балалардың белгілі жылда мектепте оқитын әдебиет сабағының бетіне байланысатын нәрселерді беру лайық. Әдебиеттің белгіленген жыл дәуіріне жанасатын кітаптар оқылғаны мақұл. Әрине, ең соңғы уақытта шығатын қызықты кітапты керексіз қылуға болмайды.

Оқылатын кітаптардың тізімі:

### *Бірінші жыл*

**Бейімбет** — «Бір адым», «Сарыала тон», «Шарифат бұйрығы», «От басында», «Сойқанды содырлардан», қысқа әңгімелер. Өлеңдерінен: «Мырқымбай», «Ел тәңірісі — жастар», «Айт, шүү», «Гүлденсе ауыл», «Жер тәңірісі — шаруа», «Бай».

**Сәкен** — «Жер қазғандар», «Советстан», «Ауыл байғұс, мінеки».

**Ілияс** — «Беташар», Түрксібке арнаған өлеңі «Е. Қ.»-та.

**Сәбит Мұқанов** — «Октябрьдің өткелдері», «Қызыл арқа», «Пионерлерге», «Шоқыптың шаруасы», «Ауыл тілегі», «Пионер», «Тұрмыстың тұлпары», «Балбөпе».

**Мүсірепұлы** — «Қос шалқар».

**Мұхтар** «Еңлік — Кебек».

**Абай** — «Болыс болдым мінекей», «Болды да партия», «Қалың елім, қазағым», «Аттың сыны», «Жігіттер, ойын арзан», «Адасқанның алды жөн».

**Бұқар жырызу** — толғаулары («Таң» журналында басылған).

**Батыр жырлары:** «Қобыланды, «Тарғын».

**Ел поэмасы:** «Қозы көрпені», «Қыз Жібектен».

### *Екінші жыл*

**Бейімбет** — «Құла жорға», «От басындадан», Сойқанды содырлардан», қойшы өлеңдерінен.

**Сәкен** — «Бандыны қуған Хамит», Қызыл сұңқарлар», «Күзді күнгі далада».

*Ілияс* — «Мамытовтың өлімі» (аударма).  
*Мүсірепұлы* — «Тулаған толқында».  
*Мұхтар* — «Қилы заманнан» (бөлімдері).  
*Абай* — «Төрт мезгіл», «Адамның кейбір кездері», «Өлең сөздің патшасы», «Аңшылық».  
*Мұрат ақын сөздері*.  
*Махамбет сөздері*. «Исатай жыры», «Бекет».

### Үшінші жыл

*Бейімбет* — «Кұлпаш», «Аштық құрбаны», аштық жылымен байланысқан өлеңдері, «Кедейге», «Бәрі де тыйылды», «Жәке».

*Сәкен* — «Экспресс», «Отарба», «Қара жер», «Қарлы аязда», «Баспахана», «Терушілер».

*Мұқанұлы* — өлеңдері.

*Мұхтар* — «Қанды түн», «Бәйбіше, тоқал», «Қараш-Қараш оқиғасы».

*Сұлтанмахмұт* — «Кедей», «Қала ақыны мен дала ақынының айтысқаны».

*Сәбит Дөнентайұлы* — «Уақ-түйектен».

*Абай* — «Масқұт», Лермонтовтан жасаған аудармалары: «Жолға шықтым», «Қарасам қайғыртар жұрт», «Сал демеймін сөзіме», «Қинжал», «Терек сыйы», «Қаранғы түнде», «Дума»; Пушкиннен: «Татьяна — Онегин».

*Максим Горький* — «Челкаш», «Сұңқар жыры», «Ана».

*Пушкиннен* — «Тас мейман», «Сараң сері», «Дубровский».

*Всеволод Иванов* — Төрт әңгіме.

*Лавренев* — «Қырық бірінші».

### Оқуға жаттығу

Оқуға жаттығу, оқи білу дегеннің өзі де өнер, ол да тәрбиені, баулуды керек қылады. Оқығанда жазушы берген жалпы суретті ғана, жалпы мағынаны ғана ұғынарлық қылып оқу емес, сөздің барлық нәзік ырғақтарына шейін айқындатып, елестетіп оқи білу керек. Балалар бұндай қылып оқи алу үшін бірінші шарт: суретті әдебиет шығармалары жеңіл құрылған, жеңіл жазылған болу керек. Әуелі сондайларды таңдап ала білу керек. Екінші:

Сондай оңай сөзді үлгілі қылып оқуға оқытушы тәрбиелеу керек. Әр түрлі қылып тапсырған міндеттер ба-

ланың оқуға жаттығу жағын көп ескерсін. Оқи білу: жалғыз тіл ғылымы мен әдебиет үшін ғана емес, ғылымның қай саласына барып, қай кітабын ұстасаң да — соған мұқтажсың.

Оқуға жаттығу жұмысы бірінші жыл бойы түгелімен (екінші жылдың да бас кезінде) — балалардың алдын ала дайындалуына байланады. Салған жерден бала әрі ашық оқитын, әрі ырғақты, әсерлі қылып, тыныстап, екпіндеп оқитын бола алмайды.

Кез келген газет, кез келген кітап болсын, ешқайсында алдын ала қарастырып, машықтанып байқап алмай, дұрыстап оқып кете алмайды. Егер оқытушы алдын ала дайындамай, балаларға томаға-тұйық қылып, пәлен әңгімені оқы десе, суретті әдебиет бұл баланың өзіне де, класқа да әсерсіз, жансыз болып оқылады.

Ұдайы жақсы оқитын балаларға ғана сүйеніп, ылғи соларға ғана оқыту да дұрыс емес. Бұл бір-екі балапы ұзатып әкетіп, өзгені артта қалдырған жұмыс болады. Әуелі жеңіл, ұғымды әңгімені алып, соны қатты да, ақырын да оқыту керек. Әрбір оқуда жылдамдық, анықтық, ырғақтық, оқығанда ұғушылық — қандай екенін байқау керек, әңгіменің ұғылмай, сезілмей шашау қалатын жері болмасын. Соған ұқып болу керек. Осы жағынан қарағанда іштен оқумен аралас, кейде біреудің оқығанын тыңдай білетін қылып та баулу керек.

Біреу оқып өзге тыңдағанда, балалар ұғымсыз сөйлемдерді, жеке сөздерді белгілеп, айрықша әсер еткен қызықты сөздерді еске алып, жалпы әңгіменің, жә мақаланың негізді мағынасын да түсініп отыратын болсын. Осыны зерттеу қажет.

Осымен қатар қара сөз бен суретті сөздің арасындағы оңай байқалатын айырмыстарға көңіл бөлгізіп, бақылату керек. Суретті сөздің өзін алсақ, жалғыз темасы, я мағынасына ғана үңілмей, суреттіліктің негізгі бұйымдары:

Сыпаттау, әңгімелеу, салыстыру, қайталау, суреттілеу сияқты белгілеріне де көңіл бөлгізу шарт. Әңгіменің ішіндегі ірі кейіпкерлердің ісін, сөзін байқаудың үстіне өзге қосымша, елеусіз орындағы адамдардың сөзін, мінезін де байқай отыру қажет. (Мысалы, «Сары ала тон» сияқтыларда) Осылармен қатар уақиға қай уақытта, қай орында болып отыр. Адамдардың пішініндегі ерекшелік қандай, соларды балалар белгілей отырсын. Кітаптың

ішіндегі осындай ұсақ бөлімдеріне көп тоқтап, жай жүру — жалпы әңгімені тұтасынан түсінуге бөгет қылмайды.

Қайта әншейінде баланың байқамай көктеп өтіп кететін жерлеріне ерекше ықылас аудартып, әңгімені толық түсінуге, әңгімені сүйгізуге әсер етеді. Суретті әдебиет туындысының, суреттілігі, әсерлігі, қоздыратын күші балаға ұғымды, қонымды болу үшін, әңгіме осы заманның жайынан алынған болуы тиіс. Бірінші жылдың жартысына «бүгінгі ауыл» деген теманың кіріп отырған себебі сол, сурет әдебиет осылайша алдын ала дайындалып барып оқылатын болған соң бірінші жылдың ішінде балалар, халық алдына шығып, өлеңдер, қара сөздер оқитын болады, (төңкеріс мейрамдарында, мектептің сауық кешінде, ауыл халқының алдында, жастар жиылысында). Өлеңге, қара сөзден өлеңге, суретті қара сөзден гөрі де көбірек машықтану керек, өлең екіні, ырғағы әлгіден гөрі де көбірек баулуды керек қылады. Бірақ алғашқы жылдың ішінде бала бұны да билей алатын, халық алдына шығу баланың сенімін нығайтып, желігін арттырады. Сонымен қатар оқуының сапасы артатын болады.

Бірінші жылдың екінші жартысында кітапты өз бетімен оқи алатын болып, баланың суреттілік алымы — қиялы артады. Оқыған кітабын өз басынан кешірген халдей, иіп оқитын күйге жетеді. Бұл кезде қоғамтану сабағынан алған мағлұматтар мен дәлелдер баланың пікірін өткен күнінің суреттеріне жапастырады. Әсіресе өткеннің әдебиетке түскен сәулесіне жақындатады.

Мысалы, Абайдың «Болды да партия» деген өлеңі сияқты. Не болмаса «Әділетсіз биге кедей арызшының сөздері» сияқты. «Шернияздың Баймағамбетке айтқан сөздері» сияқтылар.

Бұрынғы ауылда болған қияпаттардың бетін ашады. Қоғамтану сабағы бұрынғы хан мен бидің елге істеген қиянатын айтса, бұрынғы ел ішін партиямен бүлдірген болысты, атқамінерді айтса, әдебиет соған өзінің белгісін көрсетеді.

Осындай салыстырулар қоғамтану сияқты ғылымның сыпаттауымен, суретті жырдың сыпаттауында қандай айырмыстар барын байқайтын болады. Бұл екеуі екі түрлі білім есепті. Біреуі — өткен өмірді іспен, дәлелмен, айқын белгімен көрсету жолында. Екіншісі — сол өмірді

суретпен көрсетеді. Сол екеуін өзара салыстыру арқылы, бала әдебиет туындысын сынауға қарай аяқ басу керек. Суретші нені суреттеді? Кімді суреттеді? Қалай суреттеді? деген сұрақтардан: Суретшінің өзі кім? Дүниеге, айналаға қандай көзбен қараған суретші? Заманында кімнің даусына құлақ салып, қалай қарай жетектеді? деген сұрақты да тудырады (мысалы «Болды да партия» деген өлең осы жағынан қарағанда Абайдың атқамінер, ру басы, болыстар тобынан шыққандығын көрсетеді). Жаңағы сұрақтарға жауап тауып шешу. Айтқан уақытта — өмірді суретпен көрсетудің өзінде де социалдық белгілері бар екені айқындалады. Ақылды, қайғылы, сыншы кісі болып көрінсе де, Абайдың ру басы, атқамінер екені, Бұқар жыраудың хандық шашбауын көтерген ру биі екені айқын көрінеді, хан мен рушылдық іргесін сүйеп, жуаннан шыққан ақын жырласа, елді шенге сатқан төрелерді жамандаған, парақор билерді шенеген, халық ақыны, ауыз әдебиет жырлары екінші күйде бұқарашылдық күйді көрсететін болады. Ауызша әдебиеттің хандық пен билікті, болысты шенеген өлең жырлары хандық, биліктің қазақ бұқарасына залалды, керексіз, заманы өткен нәрсе екенін білдіру керек.

Екінші жылда балалар газет, журналды алдын ала дайындалып оқитын болу керек. Алдын ала дайындалғанда, тапыс емес жат сөздерді, терминдерді, қиын сөйлемдерді, кісі аттарын, қала, мемлекет аттарын іріктеп алатын болу керек.

Әуелде бұл жұмыс оқытушының көмегімен жергілікті оңай газеттерді оқудан басталады. Үйде алдын ала дайындалмастан келіп, класта дауыстап оқу екінші жылдың аяғында, тәжірибе ретінде қолданады. Міндетті жұмыс есебінде үш жылда ғана солайша оқылатын болады.

Екінші жылдың програмына драмалық әдебиет туындылары кіреді. Бірінші жылда «Еңлік — Кебек» сияқты пьесаның әрбір бөлімдері ғана оқылып көрілген болу керек. Оны қоғамтану сабағына жанастырып, ескі билік заманындағы әділетсіздік қиянатты көрсетілетін қылып, сондайдың мысалына әр жерін алған болады. Екінші жылда пьесаны жақсылап оқи білу дегенге көп көңіл бөлінеді, оқуда сезімді, пікірді анық көрсететін депе қозғалысы сияқтылар араласады, сондай әсерленген сөздер арқылы қаһармандар арасындағы қағысулар — ішкі, сыртқы тартыс-талас тіресулер айқындалу керек

(Мысалы, «Қызыл сұңқарлар»). Жаңағыдай қылып оқу шарт болғандықтан драма кітаптардың тұсында болатын қызмет — ауыр қызмет. Ерекше көп көңіл, уақыт бөлуді керек қылатын қызмет болады.

Үшінші жылда қандай жазуды болса да дайындалмастан анық қылып, дұрыстап, әсерлі қылып оқи алатын болу керек (бұл жыл бойы машықтандыра беру шарт). Жылдың аяғында балалардың барлығы да кітапты өз бетімен толық пайдалана білетін, өз бетімен еркін қызмет етуге жарайтын болу шарт. Кітаптан керегін ала білу, кітаптан алған дәлелге сүйену, тілмашша пайдалану, таблицалар мен справка берерлік қосымша құралдармен пайдалана білу керек.

Тілді байытуға өлең жаттаудың көп септігі тиеді, бірінші жылдың програмында Бейімбет, Сәкен, Абай сықылдылардың өлеңдері бар, одан басқа көп халық әдебиеті бар. Осылардан балалар өлеңдер жаттау керек. Жаттағанда әрине кез келген өлең атаулының бәрін жаттау емес.

Барлық оқылып шыққандардың ішінен балалар өздерінің таңдауы бойынша екі-үш өлеңді жаттайды, әрине төңкеріс ақындарының өлеңдерін, төңкерісті жырлайтын өлеңдерді жаттау керек. Әр бала өз бетімен таңдайтын болғандықтан, кластағы барлық балалардың жаттап алған өлеңдері көп болып шығады. Өлең жаттау екінші-үшінші жылдарда да болады. Жаттаудағы, оқудағы шарты бірінші жылдағы сияқты.

### Сөйлеуге жаттығу

Бірінші жылда сөйлеуге жаттықтыру: қойған сұраққа анық, толық жауап бергізіп үйретуден басталады. Тәжірибеге қарағанда, бұл жұмыс балаға оңай болатын көрінбейді. Жауап берудің арасында байланыс жоқтық: не бомаса (не жоқ) деген сияқты қысқа қайырғыштық, кейде сұраққа жанаспайтын жауаптар берушілік, ұдайы кездесседі, сондықтан бала қандай жауап берді, қалай берді, осы жағына оқытушы көп көңіл бөлу керек.

Баланың өзін де сол жолда ойландыру керек. Сөз ойдағы пікірдің құралы. Оны ойланып, күтініп қолдану керек екендігін миландыру қажет. Осымен қатар байқаған жоспарды байланыстырып, әңгіме қылып айта білу керек. Бұның мысалы, оқып шыққан кітапты әңгіме қылып айту, өмірде болған уақиғаларды (есіткені, бастап



атқарған уақиғаны, жол жүргенін, экскурсияға барғанын) әңгіме қыла білу шарт. Сонымен жылда, бірінші басқыш мектепте істелген іс ілгері созылып өрістейді. Бірақ бұнда әңгімелей білудің әдісіне көп көңіл бөлінеді, әңгімелеудің ретіне отчет беру де кіреді (болған істі ойша айту сияқты). Осындай машықтанулардан кейін алдын ала дайындатуды керек қылатын жайларды алу керек. Мысалы, алдын ала зәпескі, күнделік, протокол түрінде жазып алынған нәрселерді қорытып алып, солардың бойынша сөйлеу.

Осы жұмыстардың қайсысы сабақпен, қоғамдық қызметпен байланысады. Сондықтан бұндай істі істеу: сабақ жөнінде тапсырылған міндетті орындау, өткен сабақты қайта зерттеу, нә, келесіге мағлұмат жию есебінде болады. Бірен-саран сөзшең бала болмаса, өзге баланың көпшілігі өз пікірін толық айтып шығуға олақ, шорқақ келеді, сондықтан тәрбиешілік, оқытушылық мақсатымен анда-санда жнылыстар жасап, сонда балалардың әрқайсысының сөйлей білетіндік жайы қандай екенін байқау керек, анық, ұғымды, қысқа, тиімді сөйлеуге баулу керек. Әңгіме айтқызу, кітапты тығып қойғызуда осы мақсұтқа арналады.

Екінші жыл осы жұмысты ілгері өршітеді, бірақ бұрынғыдан қиындатып, тереңдететін болады. Енді сұраққа қайтарылатын жауап, дәлелді, салмақты жауап болу керек, бұған әдебиет шығармаларын тексерген уақытта машықтандыру дұрыс. Тапсырылған міндеттің сұрақтарына жауап бергенде кітаптың пәлен жерлерінен мысал алып, соған өзінің пікірімен дәлел қосарлау керек.

Үшінші жылдағы ең іргелі жұмыс: ауызша баяндама жасауға машықтандыру (тиісті мағлұматтарды жиып ала білу. Сонымен пайдалана білу. Баяндамасына қолайлы жоспар жасай білу, өзі тілеген уақытта айқын қорытынды шығару). Бұндай баяндамалар мазмұн жағынан да, сыртқы құрылыс жағынан да класта тексерілетін болады. Осылайша көптесіп пікір ауысу өте бағалы жұмыс деп саналады. Әркімді іске талпынтып қызықтыратын, шабандарға қозғау салатын, сыпшылық сезімін оятатын, өзара сынға үйрететін осындай істер болады.

Сол себепті бұндай іс үш жылдың үшеуінде де болу керек.

Әсіресе үшінші жылда өте қажет. Үйткені, бұл жылдың зор міндеті — сөйлеуге жаттықтыру.

## Жазу тіліне жаттығу

Жазу жұмысының бірталайы ауызша сөзге машықтанумен байланысады.

Ұғымсыз сөздерді, сөйлемдерді жазып алу. Сондай сөздерден тілмаш құрастыру, әдебиет шығармасын ұғыну, зерттеу жолындағы бірінші қатардағы жеңіл жұмыстар деп саналады. Екінші сатыдағы жұмыс — кітаптан сөз талғап алу (цитирование). Бұның алғашқы кездегі мақсаты: тіл кестесін (стилистика) байқату үшін, сұлу болып шыққан сыпаттауларды, толық болып айтылған пікірді, бояулы, ажарлы ашық сөздер сияқтыны жазғызу керек. Әрі таман басқан соң сөз талғап алу — әдебиет туындысын сынауға, зерттеуге дәлел есебінде пайдалану керек. Талғап алынған сөздер белгілі орынның салтын, белгілі адамдардың мінез-құлқын анықтауға дәлел есебінде алынатын болсын. Әдебиет сабағымен қатар, ел аузындағы мақал, мәтел, өлең, тақпақ сияқтыларды жазып алудың мәнісін зерттеп өтуге болады. Содан соң бүгін жазылып алынған өлеңді, бұрынғы, ескі тарихи өлеңдермен салыстыруға болады. Жазу тіліне жаттығудың бұдан арғы жұмысы, ой қызметіне қарай тереңдей береді. Бірінші қатардағы іс-жоспар жасай білуге арналады. Жоспардың мәнісі, пайдасы ой қызметіне тәртіп кіргізеді. Әрбір бөлімді, жікті біліп, жалпы байланыстар жасауға машықтандырады. Жоспарлаудың алдында істелетін іс: мазмұнды бөлім-бөлімге жіктеп, әр бөлімге ат қоя білу де, екінші кезектегі жұмыс әр бөлімнің арасындағы байланысты тауып белгілеп (негізді, үлкен байланыстар, ұсақ байланыстар), содан кейін басқыштаған үйлесімді айыру, оқушылар жоспардың схема түрін, тармақталған анық түрін — екі түрін де білу керек. Сыртқы үлгісіне қарағанда жоспар сұрақ ретінде, сөз басы жинақ ретінде, не болмаса ұсақ сөйлемдер ретінде болуға да мүмкін. Сұрақ ретінде болса жоспар анкетке ұқсайды. Оны толтыру әдісіне бала бір жылдың ішінде әбден дағдыланып алу керек.

Жоспарлау жұмысының ішінде сөйлемнің кестесін теру сияқты істер керек болса, бұған протокол жүргізу көп қызмет береді. Ең әуелі сөйлеушінің негізгі пікірін ұғынып, соған қарсы дау ретінде айтылған тиімді сөздерді сөйлеп алып, барлығын қысқа қылып қорытып жазуға түсіру — балалардың машықтануына үлкен пайдалы,

зор жемісті қызмет, бірінші жылда — ұсыныстар мен қорытындыларды ғапа жазатын қылып, протоколдың оңай түрін берген лайық. Бұлардан басқа пікір таласын көрсету жиылыстың жалпы суретін қағазға түсіру сияқты жұмыстар, жоғарғы кластарға міндетті іс болады.

Балалардың өз жанынан сөз шығару жұмысы әңгіме түрінен ұзамау керек. Әңгіме ең жеңіл, ең қолайлы түр өмірден алған әсері жаңа суретке ауысады. Қиял сияктанып жүрген нәрселер болмысқа, шындыққа бағынуға қажет болады. Оқушы өзі оқып шыққан әсерлі, суретті әңгіменің бетімен екпінденіп барып, әңгіме жазып тастауға болады. Осындай істердің артынан баланың шынымен өз жанынан сөз шығаруына тәжірибе жасау керек. Мысалға оқып шыққан әңгімені алып, соның тоқтаған, біткен жерінен арғы уақиғаларды жаз десе бұл балаларға өте қызықты, желікті жұмыс болады.

Әңгімені ілгері созуда қаһарманның ілгеріде боларлық халдерін алуға болады. Жаңадан кездесетін уақиғаларды құрастыруға болады.

Не болмаса, әңгімені жазушы бастаған жерден алмай одан бұрынғы кезден бастауға, яки жазушының тастап кеткен жерлерін әңгіме қылып таратуға да мүмкін.

Екінші жылдағы негізгі жұмыс — шығармалар жазу мен конспекті жасау. Шығарманы баяндама сияқты бір жақтап мағлұмат жиюды керек қылатын жайлардан беру керек емес. Баяндаманың қарасы да, аумағы да үлкен болады. Ол белгілі темаға арналған пікірді қорытуды керек қылады. Дәлелдеуді, екшеуді тілейді. Қиын болғандықтан баяндама жөніндегі жұмыстар үшінші жылға қалдырылды.

Жоспар жасай білудің артынан келетін жұмыс, конспект жасау.

Конспект кітап оқыған уақытта қажет (кітапты қолға қарындаш алып отырып оқу).

Кітап ішіндегі негізді жерлерді кітап алып, соны қысқа, жұмыр қылып жаза білу керек. Конспекті жасауға оқытушымен жасаған әңгімесі, мақаласы, жәй мақала, біреудің өмірбаяны сияқтылар. Жақсы материал болады, суретті қара сөзді конспектілеу қиын да, қолайсыз да болады, бірдемені тыңдаған уақытта да конспектіге машықтану керек. Оқытушы айтқан әңгіме, баяндама, схема күйінде болса да жазылып қалса, сол кейін қайтадан зерттеген соң, алғаш білімінің толық суретін

елестетуге жәрдем етеді. Сонымен қатар, шеттен алған білімнің қайсысын болса да конспектілеп алған болса, балаға баяндама жасау жеңіл тиеді.

Екінші жылдың ішінде баланың жазу тіліне жаттығуы бірталай өрістеніп қалған, машығы молайып қалған болады Сондықтан шақыру қағаз үшін, расписка сияқты кеңсе қағаздарының барлығын жазуға жарай алады.

Жанына шығаратын сөз жалғыз ғана әңгіме түрінде болмай (жанынан жазба әңгіме шығару) сипаттау түрінде болғаны мақұл. Сипаттауға қаһарманның мінезі сияқтыларды алуға мүмкін, көп көріністер, көп белгілердің ішінен негізгі арнауды таңдап алу (мысалы, әдебиет кейіптерін толық ұғыну) үшін әдебиет туындысының мазмұны тереңдеп тексерілген болу керек.

Үшінші жылдағы жұмыстың жаңа түрі есебінде қосылатын нәрселер:

1) Әдебиет мысалдарын салыстырып отырып, жарыстырған сын жасау.

2) Өз бетімен зерттеп шыққан материал жайында жазбаша баяндама дайындау.

3) Тезистер жасау.

4) Әдебиет тундысына сын жасап баға беру. Әдебиет сотын жасау (бұл ауызша сөз). Баға беру жұмысы жеңіл-ұшқары пікірге сүйенбей, көп ойланған, көп зерттелген мағлұматтарға сүйенетін болсын.

### **Әдебиет жөніндегі істердің қоғамға пайдалы іспен байланысуы**

Тіл мен әдебиет сабақтары қоғамға пайдалы істердің талай-талай түрлеріне табиғи жолмен кеңінен байланысуға болады.

1) Әр жерлерге кітап алып барып суретті әдебиетті, нә, басқа кітаптарды оқып, солардың жайынан әңгімелер туғызу. Бұндай істерді қызыл отау, сауатсыздықты жою мектебінде, қосшылар ұйымында жасауға болады

2) Кітапхана болған жерлерде сол кітапхана ішіндегі әр түрлі жұмыстар болады.

3) Ауыл тілшілерінің үйірмелерін жасап, солармен бірге қабырға газетін шығару мүмкін.

4) Сауатсыздықты жою жұмысына араласуға болады.

5) Ойын көрсету, әсіресе суретті кітаптарды ойнап көрсету керек. Әдебиет кештерін жасау керек.

6) Шаруа иелеріне өтініш жазып, хат жазып беретін болу керек.

7) Шаруа газеттеріне ауданның шаруасы жайынан, жалпы шаруа науқандары турасынан мақалалар жазып, байытуға да болады.

Біз бұнда қоғамға пайдалы жұмыстың тіл-әдебиет сабағына байланысатын кейбір-кейбірлерін ғана айттық.

Бұлардан басқа көп пайдалы жұмыстарды оқытушы мен оқушының күндегі тәжірибесі, басқа әлденеше күйлерде де кездестіреді.

### Әдебиет шығармаларын түр жағынан зерттеу

Маркешілдік социологиясын ғылыми құрал қылып, дұрыс қолданамын деген уақытта әдебиет туындысының жалғыз мазмұнын ғана зерттеп қою керек емес. Қазіргі қазақ әдебиетінде сын, айтыс сияқты сөздер болса, олардың барлығы да мазмұны жәйін ғана сөйлейді.

Социологиялық зерттеудің бір-ақ жағын ғана ұстайды. Әдебиетті шын ғылыми жолымен тексеремін деген уақытта, мазмұнға қосып, әдебиет түрінде социологиялық жолымен зерттеу қажет болады. Социология әдісі суретті түрдің (форма) өзінде шешетін болу керек. Белгілі кесте, үлгінің (стиль) өзі де, барлық бұйымдар да социологиялық шарттармен байланысты екенін анықтау қажет. Мысалы атқа мінер ру басының, малшының, оқығанның, жұмыскердің, сәудегердің тілдері, сөйлеу үлгісі бірінен-бірі басқа-басқа болатыны анық. Соны тексеру, сынау арқылы оқушыларға да айқын қылып көрсетуге де болады. Әдебиет шығармасының ішінде кездесетін суретті сөздерге қарап, жазушының қандай тапқа жақын екенін білуге болады. Мысалы, оқыған жазушылардың ішінде елдің, атқамінердің, мырза бозбаласының тобына жақындығы қандай, болмаса көпшілік бұқара, еңбекшіл топқа жақындығы қандай екенін білу қиын емес. Әдебиет өрнектерінің (жанрлардың) құрылысында (композициясында) социалдық шартқа байланысулы екендігін ашуға болады (мысалы Бұқар жыраудың толғаулары, Абайдың насихат өлеңдері — өз заманының сыпшысы, басшысы, ұстазы боламын деген топтардың қолданатын үлгісі болған... қазақ ескілігінен алған әңгімесі жырларының құрылысы да сондайлық социалдық шарттармен байланысулы).

Бірақ осы сияқты мөлшер сөздерді айтсақ та, бір

жағынан бұндай сынның қиып жұмыс екенін де ескертеміз. Жалпы әдебиет ғылымының ішінде әдебиет түрін (формасын) социологиялық жолмен реттеу әлі шығайып, тереңделіп, орнығып болған жоқ. Бұл жаңа ғылым.

Қолдана білмесе, алдын ала көп ойлапбаса, көпшілік тайғақ жолға түсіп кетуге болады. Іргелі ғылыми негізді жайдақтатып жіберу қаупы да бар. Мысалы ақынның өмірбаянына қарай салып, шыққан ортасын ғана біле салып, барлық шығармаларында не байдың, не қара шаруаның, не жұмысшының ақыны деп кететін қорытындылар болуға мүмкін.

Көлеңкеге қарап тон пішу сияқты қаталықтар, адаулар болуы мүмкін. Сондайлық болып қаңғымас үшін, әрқашан жазушысы кім дегенді бұрын алмай, жазылған шығарманы зерттеу керек. Оның суреттілік пішінін, құрылыс ретін сынау керек, құрылысын сынағанда: әңгімеленетін негізгі салаларды алып, солардың елеулі бөлімдерін айыру. Әңгіме құрылысындағы іргелі әдістерді табу. Жалпы үлгі кестесінің ерекше жерлерін анықтау керек. Сөзді, суретті әсерлі қылып шығару үшін жазушының қолданған әр түрлі шаралары бар, әдебиет туындысының тіл ғылымы жағынан сынауды керек қылатын бөлімдері бар. Бұндай мәселелерге келгенде, әрине, оншалық тереңдеп, алыстап кету қажет емес, ұйткені түр жағынан сынаудың (формальный анализ) өзі мақсұт емес. Түрін сынау, кейін келетін социологиялық сынға мағлұмат үшін, дәл басқыш үшін ғана керек. Және түрін сынау — әдебиет шығармасының мағынасы мен мазмұнын тереңдеп түсінуге себепші болады.

**Барлық оқу жылдарында ақындық түрін  
(поэтическая форманы) байқау ретінде  
мынандай программа ұсынамыз**

*Бірінші жыл*

1. *Өлең сөз бен суретті қара сөз.*

II. *Жеке ақындар шығармасы мен ауызша әдебиет (халық жыры).*

III. *Суретті шығарманың бұйымдары:*

1) Негізді тақырып пен қосымша тақырыптар.

2) Шығарманың қаһарманы.

IV. *Әдебиет шығармасындағы әңгімелеу әдістері.*

1) Сынпаттау (описание).

2) Әңгімелеу (повествование).

3) Әңгімелестіру (диалог).

V. *Сөзді суреттеу, кестелендіру әдістері:*

1) Тұспал сөз.

2) Ауыстыру (сравнение).

3) Көріктеу (эпитет).

4) Әсерлеу (гипербола).

5) Қызбалылық, сезімділік әсері бар сөз.

VI. *Ақындық сөйлеміндегі ерекшеліктер:*

1) Сөздердің тұрған орны, ауызша сөзде келетін орнынан басқаша болатындық.

2) Қайталағыштық.

3) Сөзді еселеп, асқынлатып сөйлегіштік — дамыту (нарастание).

VII. *Өлең сөздің бұйымдары:*

1) Өлең екпіні (ритм), ырғағы.

2) Ұйқастық.

3) Өлең шумақтары.

4) Такпақ, желдірме ретінде айтылған ауызша әдебиет түрлеріндегі өлең екпіні.

VIII. *Әңгімелі өрнектер мен сыршылдық өрнектерінің түрлері:*

1) Әңгіме.

2) Повесть (ұзақ әңгіме).

3) Батыр жыры.

4) Ертегі.

5) Әннің өлендері.

6) Ауызша әдебиеттегі әр түрлі салт өлендері.

### *Екінші жыл*

I. *Сөзді кестелендірудің әдісі:*

1) Тұспал сөздердің түрлері: теңеу, алмастыру.

2) Кейіптеу.

3) Өлең сөзді белгілі дыбыстармен күйлеу: ассонанс (өленде ылғи бір дауысты дыбыс келіп отыратын болғанда). Мысалы: «Ағасың, ақылы асқап асқармен тең»; аллитерация (ылғи бір дауыссыз дыбыс келіп отыратын болса, мысалы: қауым ең қара қазан қорқақ қоян, ніс келіп отырсындар ма, құдірет қалам).

II. *Өлең сөзінің қырлары:*

1) Өлең өлшеулері. Неше буынды өлең. Айшықтар, шумақтар, бұпақтар қандай.

2) Ұйқастық түрлері: егіз ұйқас, ұйқас, шалыс ұйқас сияқтылар.

III. *Сыршылдық өрнегі:*

Сезімділік. Әсерлілік жағынан қарағанда әр сатыда тұратын өлеңдер.

### *Үшінші жыл*

*1 Драмалық әдебиет туындылары:*

1) Күлкі пьеса (драмалық шығарманың құрылысы, кейіпкерлердің мінезін сынаудың әдістері).

2) Драма (қайғылы уақиға).

3) Поэма (жаңа замандағы әңгімелі өлеңдер). Бұл программа ақындық түрін байқау үшін деп ұсынылып отыр, қазірде тәжірибе үшін беріледі. Бұған оқытушылардың да, әдебиет мәселесін зерттеушілердің де қосымшалары, түзетулері болу керек. Жалпы қазақ әдебиетінің сабағын үш жылға концентрлік әдісімен алғандықтан мына түр жағын байқау жұмысында — сол концентр ретімен жіктедік, драманы біздің жоғарыдағы программamızда екінші жылда тексереді дегенбіз. Бірақ барлық программаның негізі концентр әдісінде екенін ұмытпау керек. Екінші жылда жалпы танысу, оқуға жаттығу үшін драманы берсек, үшінші жылда драма деген әдебиет өрнегін тереңдеп тексеретін боламыз.

1930

## **ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТ ТЕАТРЫНЫҢ ЖЕТІ ЖЫЛДЫҒЫ ЖӘНЕ АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ**

Қазақстандағы Октябрь жемісінің бірі — мемлекет театры өзінің барлық болмысымен қазақ пролетариатының қолындағы зор маңызды құралының бірі болуға тиіс. Мұның ұлы міндеті: сол пролетариаттың бақытты жаңа тұрмыс үшін алысып келе жатқан тартысын, қайратын суретті тілімен көрсетеді. Және жұртшылықты негізгі түбегейлі мұраттарының бетімен отырып, жас қазақ пролетариатының салт-санасына, ой-сезім жағынан дұрыс баулиды. Осы жөнде үлгі боларлықтай дұрыс әсер етеді.

Олай болса, театр өз айналасында болып жатқан қызулы зор тап тартысынан сыртта қала алмайды. Қайта сол тартыстың белсенді көмекшісі болып, тапсыз қоғам



жасап, социализмді құру ісінде өзінің бойында бар мағына, сана, сурет күштерінің бәрін ортаға салып түсуге, көрнекке шығуға міндетті.

Сол міндетті түсініп, өз ролін шамасынша адақтамақ болып, театрдың жаңа бағытқа талпына кіріскен жылдары соңғы екі-үш жыл болады. Бұл жылдар бойында театр жаңалық іздейді. Жоспарлы мақсат белгілейді. Сонда өзінің таптық саяси беті мен салт-сана, суреттік бетін белгілеп, жан-жақты, кең салалы төңкерісшіл театрдың өрісіне шығуға қадам басады.

Соңғы жылдар бойында ашық, айқын болып осылайша белгіленген ұлы жоспар — театрдың бүгінгідей жоспары әлі бүгінгі күнде де түгел адақтап шыға алмай, толық жеңе алмай келе жатқан өрі. Театрдың ішті-тысты қайта құрылысының ұлы бағыты осы болса, программаның максимум-минимумы да осыдан тарайды.

Бұл жайда осылай деп түсінуші жалғыз мемлекет театрының қазіргі басқарушылар коллективі, я Қазнаркомпрос қана емес. Қазақстан жұмыскер төңкерісшіл табының зор өнер ошағы — оның бірі театр скенін айтып Өлкелік партия комитеті де мемлекет театрының ісіне барынша көңіл бөліп отыр.

Басшы жұмысшылықтың театр ісіне бұл сияқты көңіл бөлуі жаңада болып өткен Өлкелік партия комитетінің пленумы мен Қазақстан кеңес жазушыларының бірінші пленумында тағы да нық, толық күйде көп талқыланып өтті.

Барлық жердегі қорытынды біреу-ақ. Ол — мемлекет театры Қазақстанда Октябрь тудырған үлкен мәдениеттің түрі ұлттық, мазмұны социалдық мәдениеттің — толық тәнді, ұлы мүшелі, мағыналы, маңызды дүкені болсын деген шартқа тіреледі.

Осы турадан қарап театрдың төңкерісшіл театр болу жөніндегі бұрынғы қалпы, бүгінгі ісі, ертеңге арналған талап мақсаты жөнінде біраз сөз айтып өтейік.

Театрдың қай кезін алсақ та алдымен көзге ілінетін, сөз болатын мәселесі — репертуар. Қазақ театры алғаш істей бастаған жылдарында репертуар жағынан көбінесе төңкерісшіл театр боламын деген ниетте болмады... Ол кезде төңкеріс тарихының тақырыбында жазылған «Қызыл сұңқарлардың» қазақ театрының сахнасында көрінуі театрдың таптық, саяси програмдық бетін көрсету емес. Қайта театр әдеттегі ұлтшылдық-буржуазиялық

қалпынан ауысып, програмнан сыртқары болған пьесаны көрсетіп, заманға тілегін білдіргендей болатын. Ол кездегі репертуардың көпшілігі төңкеріс күнін көрсетпейтін, сөз қылмайтып, көрушіні әдеби феодальный, патриархальный ауылға шақыратын жалған жасыл бояу боялған баяғыға қарай жетектеп, сонымен қалғытып-мүлгітпек болған репертуар болатын. Сол себепті театрдың ол кездегі пішінін белгілеуші пьесалар: «Қаракөз», «Алтын сақа», «Арқалық», «Қанапия», «Шарбану» сияқтылар болған.

Одан бері келіп ұлтшылдық ықпалынан құтылдым деген мезгілінде де біздің театр кеңес театрының сол күнде өз алдына қойған міндеттерін — жаңа адамды көрсетуі, жаңа герой туғызу деген міндеттерін толық атқара алған жоқ. Дәл 1930 жылға дейін кеңес репертуары, кеңес тақырыбы, күнделік құрылыс, күнделік тартыс тақырыбы деген тақырыптарға, репертуарға жарымады. Театрға ауыса алмады.

Ол жылдарда «Шахты», «Қызыл сұңқарлар» қойылып жүргені рас. Бірақ бұлар төңкеріс тарихының тақырыбы болғанмен де төңкерістің соңғы кеңес жағдайы, кеңес құрылысы тудырған жаңа адамдар жайындағы пьесаның 30-жылдар шамасында орыстың төңкерісшіл театрының өзіне қойған міндеттерін, тәжірибесін алсақ, граждандар соғысының тақырыптарын неше алуан күй пайдаланып жеңіп алған болатын. Енді сол күнгі құрылыстың неше алуан майдан, неше түлік сала-саласында істеп жүрген төңкерісші басшы — жұмысшыны, азаттанған әйелді, өсіп қаулап өрге басып келе жатқан жастарды көрсететін, поселкенің таптық тартысын, ауыл-поселкедегі пролетариат төңкерісінің табысын, жеңісін жыр қылып жатқан еді. Сондай кезде біздің театрдың граждандар соғысының бір-скі тақырыбымен ғана отыру мешеулік болатын. Өсудің тым шабан, тым баяу болып қалғанын көрсететін. Ал енді мұнымен театр әлі өзінің бұрынғыдан арылып, жаңа пішінге ие болғанын анық ашық көрсетіп болған жоқ.

Құрылыс жүзінде зор перелом және театрдың салт-саналық, саяси таптық пішінін, өзгеріс майданын айқып қылып ашатын өзгеріс «Майданмен» бірге туды. Драмалық жағынан кемшіліктері болса да, «Майданның» артынан туған «Тартыс» та сол «Майданның» бағытымен болып және адамды, төңкеріс адамын көрсетуге бет бер-

ген репертуарды көрсетті. Театрдың да ендігі өрісі, тереңдейтін тақырыбы не екенін нұсқап берді. Осы жылдарда театрдың үлкен табысы — Октябрьдің күш-қуатын, бойда барын суретті кейіпкер, образ жасауға кірісті. «Майдандар» бұл жағынан келгенде репертуарды ғана байытқан жоқ, актер образының проблемасын да театр алдына жаңа міндет есебінде ұсынды. Сонымен қатар театр өзіне драматург күшін жасауға кірісіп, бұл күнге шейін бірнеше жас драматургтерін өсіріп келеді.

Театр өз басшылығымен драма жазушылардың бригады құрып, соңғы жылдың ішінде «Октябрь үшін», «Турксиб», «Қолхоз үшін» деген зор тақырыптардың үлкен пьесаларын майданға шығарып отыр. Бұл пьесалар жайындағы сөз, сын, талқы жұртшылықтікі. Әзірше сондай жаңалықтардың шығуына себепші болушы театр екенін ғана айтып өтеміз. Драма жазушылардың арасына театр салған қозғау, үндеу, театр кіргізген екпін арқылы тағы бір зор пьеса «Шабуыл» да шығып отыр. Қысқасы драма театрының азығы арқылы болатын үлкен пьесалар бұрын жыл сайын бір шешілмеген түйіндей жоқтығымен дағдарып тұратын болса, бұл күнде ол кезең артта қалуға айналды. Соңғы жылдар табыстың бір зоры — жалғыз қазақ репертуары емес, енді театрдың орыс репертуарына ауыса бастауы. Әрине, мәселе құр орыс пьесасын қоюға ғана емес, оның беретін мазмұнын, образын, суреттілік жұмбақ проблемасын актер күшінің баурап жеңіп алуында. Бір жағынан қарағанда «Сүңгуір» — біздің театрдың үлкен олжасының бірі. Жеке жайларын бұл жерде сынамаймыз. Бірақ жалпы алсақ, біздің актер «Сүңгуірде» жаңа бір қалыпқа түсіп, соның өлшеуіне қарап ысылып, дүкен көріп шыққандай болды. Бұл күнде ол сүрініп-қабынбай етілген сын сияқты боп отыр.

Енді театр жаңа келген режиссер жолдас Насонов пен жас режиссеріміз Ғатауллин Шафқат екеуінің басқаруымен Коршунның «Астық» атты пьесасын дайындап жатыр. Пролетариат драматургиясында «Қорқынышпен» қатар екінші бір ұлы табысы деп танылған «Астық» пьесасы біздің актерге екінші бір үлкен сын. «Астықтың» артынан биылғы репертуарға кірген «Октябрь үшін», «Турксиб», Горькийдің «На днесі», «Ревизор» ойналмақ. Мұның ішінде орыс әдебиетінен алынған «Ревизор» мен «На дне» октябрьден соңғы төңкерісшіл пролетариат

майдандарын көрсететін «Турксиб», «Октябрь үшіндер» театрдың «Майдан», «Сұңгуірменен» басталған суреттілік, салт-саналы бетін көлемдірек, айқынырақ ашып, сол бетінде тереңденетін болады.

Театр осындай репертуар, осындай негізді жол, беттеген өріспен өзінің бетін аша барып, нық қалыппен ашық үлгісіп, театрлық мектебін белгілеу керек. Бұл жөнде жақын келешекті сөз қылсақ біздің театр әзірше жеке жайылыс тауып, жекеше бір түр шығарамын демейді. Біз әзір оқу дәуіріндеміз, өсу, іздену дәуіріндеміз. Бұл кезімізге ең қолайлы жол Ресейдің төңкерісшіл театрларының ішіндегілерінің бірен-саранын алып, солардың үлгі ұстаздығына ілесіп көру шарт болады. Осы ретте әзірше мазмұн, түр жағынан үлгі қылып ұстамағымыз «Вахтангов» театры мен «Төңкеріс» театры. Әрине бұл үлгі құр көзді жұмып байлапып кетуде емес. Қазақ театрының ұлттық тұрпатын сақтай отырып, өзіне үлгі алу болады. Сондықтан бұл күнгі театр үйінің жайынан айтпасақ та, келешекте болатын үйлердің жайын еске алып, ендігі театрымыз үлкен индустриялы техниканың театры болмағы шарт дейміз. Оның белгілері машиналанған декорация, неше алуан мол жарық, бояулар, спектакль радиолануы, тағы басқа неше түрлі болатын техникалық жаңалықтар болуға тиіс. Бұл айтылғандардың барлығы — мемлекет драмалық театрының үлкен жолы. Түпкілікті ұстап, ұсталып қалатын пішіні, мазмұн, түр жағы осымен белгіленеді. Бірақ қазіргі біздің театрдың міндеті жалғыз мұнымен бітіп, толып қалмайтын болып отыр. Қазақстан астанасының, қала берсе бар Қазақстанның бірден-бір театры осы болғандықтан, бұл өзінің жаңағы үлкен өрісімен қатар тағы бірнеше үлгілерді ала жүргізу керек болып отыр. Мысалы, бізде жастар-балалар театры жоқ. Бізде жеке опера, оперетта, музыка, комедия театры, я болмаса ұсақ түрлер театры да жоқ. Соның жоқтығынан біздің бүгінгі актердің көбі бір жағынан концерт күштерін де өз іштерінен шығаруға міндетті болып отыр. Бірталай актер, актер емес — әнші. Сонысы үшін алынған. Халық тілейді. Театр бірнеше жанрды араластырып, әрі драма, әрі ән-күй театры болып сол тілегенді береді. Түбінде бұл хал дұрыс болмау керек. Актерлердің бір бағытта өсіп тереңдеуі үшін, театрдың бір жолға шұғылданып алаңсыз өсу үшін жалғыз драмалық театры болып қана қалуына керек. Бірақ түбінде

осы күштерінің ішінде опера, ән-күй труппасын бөліп шығарып, жас зрительдер театрын бөліп шығарып, өзінен сондай жеткіншектер тудырып өсіріп шығаруы қажет. Бірақ бұл биылғы, я келесі жылдың ісі емес, бірнеше жылға созылады. Соған шейін концерт бүгінгі театрдың қосымша бір майданы болып тұра тұрады. Ендігі біздің міндет — ол концертті сақтай тұрумен бірге жаңағы екі-үш алуан болып түбінде айрылып шығатын труппа, театрлар мазмұн, түр әзірлеп береді. Мына үлкен театрды неше алуан репертуар бір сатыдан бір саты болып, осы бүгінгі күйге жеткізсе, ана болашақ театрлар үшін бүгін біздің еш нәрсеміз жоқ. Құр ғана жадағай «соло», «дуэт», я домбыра, я гармоньмен шығара салуға болмайды. Әрине солар үшін, онан соң бүгінгі театрдың бүгінгі концертпен қатар қолданатын керегі үшін енді біздің жазушылар, ақындар неше алуан комедия, әдеби сатира, немесе оперетта, музыка, музкомедия боларлық ұсақ түрлерді қолға алу керек. Бұл — бірінші керегіміз.

Бұдан соңғы екінші қажетіміз — бүгінде айтылатын ескі халық әндеріне әңгімелі өлеңдер салып беру де керек. Ескі әнмен бүгінгі машиналы техникалы мәдениеттің қалпын жырлау үйлеспейді. Бірақ ескі әндер — үнемі биылғы бір-бір ауыз-өлеңмен қалдыруға да болмайды. Ән мазмұнына қарай, заманына үйлестіре тақырыпты бір қысқа-қысқа әңгімелі өлең беріп жаңарту керек. Ол өлең ескі өмірлі, ескі салттың ауыртпалықтарын төңкерісшіл әдіспен таратып айтуға тиіс.

Үшінші мәселе — біздің газет-журналдар мен жазушылар ұйымы талқыға салып өтетін театрдың осында аталған негізгі мәселелерімен қатар тағы бір нәрсе қазақ театрына Еуропаның классик музыкасын, төңкерісшілдік интернационал музыкасын кіргізу реті. Бұлар шет жағалап осы күнде де кіріп отыр. Бірақ көпшіліктің түсінік ұғынысы бұл жөнде шабандая тартып жатқан сияқты. Бізге өз опера, оперетта, музкомедиямыз тұрмай тұрған кезде Еуропа музыка мәдениетінен жеке ұсақ туындылармен қатар қазаққа түсініктілеу болатын опералардың бөлімдерін алып қою мәселесі де тым жатырқарлық нәрсе болмауға тиіс.

Талқыға түсіп шешуді күтетін төртінші мәселе — қазақ сахнасына билеу өнерін кіргізуде хореография жайын жалпы күйде талқыға салу мезгілі де жетті. Құр

ғана қазақ бұрын білмеген екен деп жалпы мәдениетті адам баласының мәдени қазынасындағы бір үлкен жанды өнер саласының бүгінге шейін орнымен жоқ болуы зор кемшілік.

Бесінші мәселе — қазақтың оркестрінің жайы. Біз жалғыз домбырамен қанағат қылуға болмайтынды екінің бірі біледі. Олай болса қазақтың симфония артистерінің жайы да шешілуін күтеді. Осы айтылған мәселелердің барлығы — жалпы жұртшылықпен қатар театрдың бүгінгі ісінде алдынан күн сайын көлденең шығып, өзінің тұсауын кесуді керек қылып отырған жайлар.

1933

## Абайтану мәселелері

(1934—1940)

### АБАЙ АҚЫНДЫҒЫНЫҢ АЙНАЛАСЫ

Бұл мақалада біз Абай ақындығы туралы ертелі-кеш айтылып жүрген әртүрлі сөздегі әралуан жайлардың көбіне соқпаймыз. Біз көп тексеріліп зерттелмеген, сонылау бір саланы ғана сөз қылмақпыз. Ол — Абай ақындығының, Абай шығармаларының айналасы. Ақын өзі көріп, сезіп, өзі ойлап қорытқан өмір материалынан басқа әдебиет дүниесінен де көп бұйым алады. Абайдан қалған мұраның ішінде көп оқушыға даусыз боп, айқын сезілетін сыртқы әдебиеттер белгілері бар. Ол — Шығыс әдебиеттері мен Батыс әдебиетінен қосылған белгілер. Екінші, бұдан бөлек, ақынның өз тұлғасы сияқты боп қалыптаңған барлық әдеби мұраларынан бұтақша таралып өсіп, жырыла шыққан тумалар бар — әдебиет тумалары.

Қазіргі қарастыратынымыз осы екі жай. Қолденең тұрып көз жіберсең, бұл ақынның шығармалық еңбегі ұзын аққан ағын су сияқты. Я Сыр, я Ертіс десек соның ұзын арнасы бірде қазақ жайлаған жағаны, бірде Шығыс елдері, не европалықтар қоныс қылған сағаны сызып өтеді. Кейде тастақ, керіш арна мен көк шағыр мөлдір сулы Ертіс басындай боп, кейде құмды сар топырақты еспе арнамен жылжып, Сырдың ағынындай құла түсті боп ағады. Жолшыбай өзіне көп құятын әртүрлі тың арналардың неше алуан суларын сіміре барып, әр жерде өзінен де кейде көлшік, кейде өзен тармақ шығарып кете барады. Осы айтылған жағрафиялық теңеу, ақыннан қалған мұраны тарихи орын мәнін алсақ көңілге қонымды, үйлесімді теңеу сияқты көрінеді. Барлық Абай шығармалары Шығыс пен Батыстың мәдени, тарихи жапсарын, ой саналық шекараларын жүлгелей жүрген, қазақ даласының бір ағыны сияқты. Тағы бір теңеу, Абай

бала күнінде екі шешенің қолында қатар тәрбиеленгендіктен жеңгелері «Телғара» деп атандырған екен. Шыпында бұның ақындық өмірі де өзіндік, қазақтық қалпынан басқа жаңағыдай екі жағадан қатар нәр алу арқылы бір әдеби «Телғаралықпен» ерекшеленіп тұрған сияқтанады. Әрине, бұған қарап Абайдың өз пішіні, қазақ тұлғасы жоқ демейміз. Жаға—жаға да, арпа—арпа. Ұлы арпасы мен жол арнасының түп-түбімен шығып жатқан қайнар көздер ақынның негізгі қазақтық тұлғасын құрайды.

Екі анаға тел болуда екеуінен нәр алу болғанмен соны өзінше қорытып, өзінше сіңіріп пайдаланып отырып бала денесі өседі. Анадан алған сүттен бұның сапасы басқа. Физика-химиялық сипаттауы да өзгеше... Жоғарыдағы теңеулерге бұл қосымшаны тіркей отыру шарт.

Осымен Абай шығармаларының ішінен мен мұнда лап атой беріп тұрған Шығыс-Батыс ақындарына көз салайық. Әуелі Шығыстан бастаймыз.

Түн дүниесіндей тынысы ауыр схоластик медресесінде, Ахмет Риза имамның медресесінде болашақ ақынның оқу тәрбиесі басталады. Айналасы басқа сәлде, үске ұзын шапан киіп, көзді сүрмелеп, мұртты таңқита қырып, бес уақыт намаз, ораза, тарауық, иптар арасында таспиқ-шәһилил мен кер кеткен күндерін көріп, қайыр-ниязға құзғындай таласатын кәрі қалпең, қараңғы шәкірт, соқыр қазірет болады.

Сол күнде бұл ортаға ой, сезім, қиялдарының ешқайсысы бойұсына алмаған, үйлесе алмаған, қыр баласы жас талапкер дұғалық жаттаудың ара-арасында өз бетімен тімтіне бастайды. Бала қиялын, мыналар ортасынан, мыналар дүниесінен бөлегірек бір тұрғылар өзіне қарай бой ұрғызады. Жақсы жайлау өзгеше бір қоныстың шебі тартады. Науан, Шәмси, Сайхали...

Аттарын атап кеп: «Мәдет бер я шағыри фұрият!» деп, қыстығып «мәдет» тілейді. Аналарға «айғай ақыны», таратушы-демеуші ақын деп өзінше ат қояды. Сепеді. Үлгі, ұстаз қылмағы да солар. Араб, парсы, түрік әдебиетінің талайын шарлап тастаған бала ақын жаңағыларға еліктеп, ғаруз уәзіні (мәт уәзінімен) бәйіт, жыр жазады.

Иузи раушан, көзи гәуһар  
Ләгилдек бет үшін әһмәр... —



жыры сол күнгі іздену нәтижесі. Тілінде араб, парсы көп. Өзі танысқан Науаи, Құсайып Байқара, Бабыр, Мұқамбет Салиқ сияқты шағатай ақындарының ізін қуалай бастау. Алғаш талпынудың бұраң жолы өз тілінен, ана тілінен қашандатып әкетеді. Сұлуды Шығыс поэзиясының салтымен мәдіқтау. Бұл тілді ғана емес, өзеннің ұйқасын да, ырғағын да билейді. Жаңағы өлең қалыпты «рубәғи»— төрттік. Алғашқы үш жол бір ұйқасып, төртінші жол, келесі төрттіктің төртінші жолымен ұйқасатын өлең үлгісі. Қазақта жоқ араб, парсы үлгісі. Жыр ішіне кіретін «нузи», «көзи» деген сияқты бірен-саран түркі сөзі болса, оның айтылуы да басқаша. Араб, парсы поэзиясының әсері түркі топырағына көшкенде бұл тілді өкпеге тепкілеп, талқылап та, созғылап мәт уәзініне көндіруді дағды қылған.

Осы қалыпқа сынсыз бой иген жас ақын Абай да, «көзі», «жүзі» деудің орнына «нузи, көзи» деп майсандайды. Бұл өлеңін бәйіт ретімен (бәйіт деп өлеңнің екі жолын, екі мисырағын айтады) жіктесек ғаруз уәзінінің «пағилатун пағилат» схемасында: «мұғағылинн, мұғағылинн, мұпағылин, мұпағылин» болады. Бізше 16 буынды бәйіт.

Осы сияқты «әліп-биді» тәпсирлеу арқылы қызға жазған жастық хаты да, аяқ кезінде:

Үтір мен асты-үстілі жазу да бар,  
Болуға асты-үстілі көпсең өзің,—

деген қазақы әзілмен бітіп тұрса да, анығында жаңағы еліктеу белгісі боп шығады. Сырты он бір буынды, қазақы төрт жолды ақсақ ұйқас болғанмен де, бұл өлең де ғаруз өлеңмен жазылған. Уәзіні: «мұпағылинн, пәгулән».

Бұл кез Абайдың шағатай поэзиясына таза еліктеу ретінде ілеспек болған талабын көрсетеді. Онда тақырып, тіл, ырғақ, кейде ұйқас және теңеу, салыстыру суреттері (көзи гәуһар) бәрі де өз төркіні кім екенін танытып тұр.

Шығыс жағасына Абай ағынына құятын бір саласы — тұңғыш саласы осындай. Тегінде кітапшылаған, сиыр жорға жыр қазақ поэзиясына жалғыз Абай тұсында кірген жоқ, Ыбырай, Албан Асан, Мәшһүр, Ақан сері сияқты Арқа, Жетісу ақындары және әсіресе Сыр — Түркістан ақындарынан, Шортаңбай бастаған Шәді, тағы басқа көп ақынның шығармаларында бұл әсер көп.

Соның көбінде араб, парсының өз сөздері көрінумен басқа қазақтың «дейдісін «дейди», «көрдісін «көрди» сияқты сөздерді қосып қосылау көп болған. Барлығының өкше ізі, сол жаңағы Шағатай арқылы діп қыссалары пемесе «Шаһнама», «Жүсіп—Зылиқа», «Ләйлі—Мәжнүпдей» дастандар арқылы кірген ғаруз уәзініне барады. Қазақ әдебиетінің көлеміндегі ғаруз әсерін тексеру және соның бір жағын Абайға да тірей тексеру әдебиетшілердің алдындағы бір сыни проблемасы.

Абайға келгенде жаңағы айтылған өлеңдер өзінің шығыстық тұлғасын өзгертпейді. Абай аузында бұның қазақ ақыны екенін білдірмей, таңытпай тұратын нәрселер болады. Қорытылмай, сұрыпталмай, өз тәні бола алмай тұрған еліктеу, таза еліктеу.

Медресе түнінен саңылау іздеп, алғаш бұлқығанда жас ақын Шығыс поэзиясына осылайша шылбыр созады да, жаңағыдай жағаға бір соғады.

Басы осы. Содан әрі балалық күннің еліктеу үлгісін тастағанмен, өмірінің ақырына шейін Абай осы жағадан қол үзбейді. Абай ақындығының ішінде Шығыс арқауы ұзыннан-ұзақ тартылған желідей болып созыла келіп, ең ақыры 1902 жылы жазылған «Алланың өзі де рас, сөзі де распен» аяқтайды. 1902 жылы Абай өлеңінің сарқып кеп тоқтаған жылы. Сондағы көрген түбі жаңағы өлең. Бұл мұсылман дүниесінің ортасынан шығып, өзінше бастап, өзінше таныған ақынның бір алуан «Көкейкестісі». Шығыс поэзиясы, ислам діні деген сарының Абай шерткен құлақ күйі, соңғы аккордын осылайша қайырады. 1887 жылы «Масқұт» пен «Ескендір» әңгімелері жырланады.

Тегі Абай әңгіме, жыр жазбаған, оны бұның шәкірті есепті болған ақын ғана қолға алады. Абай өзі:

Батырды айтсам ел шауып алған талап,  
Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап.  
Әншейін күн өткізбек әңгіме үшін,  
Тыңдар едің бір сөзін мыңға балап...—

деумен әңгімелі жырды өзіне-өзі рұқсат етпейді. Бірақ сонымен қатар жаңағы екі жыр бар. Және, «Мың бір түннен» «Әзімді» жыр қып шығады. Бұнысы мұсылман дүниесінде жайылған сөздердің қазақ оқушысына ғыбат боларлық, үлгі-мәжіліс боларлық мысал-өсет айтам дегеннен шыққан. Ғарун Рәшит қалипа заманы мен

«Шаһнама» уақиғаларын алу құр «қызық әңгіме айға салайыннан» тумаған.

Содан әрі 1889 жылы «Қор болды жаным», 1891 ж. «Көзімнің қарасы» жазылады. Бұл өлеңдердің тұсында алғашқы ғаруз уәзіпімен жазылған шағатайша бәйіттердің жотасы қайта көрінеді. Бірақ енді ақын Шығыстағы «Тассауып» (сопышылдық) поэзиясының рухын, ішкі-тысқы үлгісін, негізгі сарынын терең түсіне бастаған. Сондықтан бұдан былай олар үлгісін қорытып, өз ырқына көндіріпкіреп, баурай алып қолданады. Өлеңі қазақ ақышының өзі-ақ айтарлық сөздер тәрізденеді.

Бірақ, азырақ бойлай қарасақ, махаббатты:

«Қор болды жаным...»  
«Тағдырдан келген зұлым...»  
«Бүгілді белім...»  
...Тағдыр етсе алла,  
Не көрмейді пәндә...—

деген сияқты сөзбен жырлау Шығыстың «Тассауып» ақындарының үлгісі «Ләйлі — Мәжнүн» махаббатының үлгісі боп көрінеді. «Көзімнің қарасындағы»:

Сенсің — жан ләззәті,  
Сенсің — тән шәрбәті.  
Сұлуды сүймәклік,  
Пайғамбар сүннәті...—

деген сияқты сарын да Шығыстан келіп тұрған леп. Тақырып махаббат болғанмен не қазақ, не Европа үлгісіндегі махаббат жыры емес. Сүйіспеншілікті тағдыр жазған, ол адам жанын жуып-шәйіп, тазартады. Денең қорлық көреді, зар шегеді. Сол арқылы жаның тазарады.

Тазарған жанмен құдайыңды, неңді таппсың деген соны ақындардың махаббат пәлсапасы бұл арада екі ұдайысыз, шіркеусіз ашық көрініп тұр. Соған орай тілдегі «зұлым», «бек бітті», «ләззәт», «шәрбәт» сияқтылар қиыстырылған.

Бұлардағы ұйқас пен ырғақ та өзге қазақы өлеңдей емес. Осы өлеңге арнап ақынның бәйіт күйінде күй шығарып, қырлап, өзгеше сөзбен айту да еске аларлық нәрсе. Мұны әсіресе: «Желсіз түнде жарық ай», «Қызарып, сұрланып» немесе «Айттым сәлем, қаламқаспен» салыстыра қарағанда ерекше боп көрінеді. Шығыс жағасының осылардан басқа бір саласы Абайдың діншілдік өлеңдерінен көрінеді. 1894 жылы жазылған:

А, құдай, бере көр,  
Тілеген тілекті,—

деген сияқты, немесе:

Алланың рахметін,  
Яр тұтып әрнеге  
Әррәһман ол атын  
Үйреткен жүмлеге...—

деген өлеңдері, баласы Әбіш ауырып жатқанда айтылған сыйыну, дұға, жалбарыну сөздері боп шығады. Бұлардың тұсында Абай — мұсылман. Мұсылман құдайына табынған «ғасп вәндә» өлеңі, дәрмен кеткен қарт көңілдің намаз артынан күңіреніп айтып отырған мінажаты, сынық кішік көңілдің қоңыр үнді дұғасы сияқты сезіледі. Бұл Абай басына келген соқпа күй емес. Көңілдің сынып, жамалып отыратын әлдеқалайы да емес. Өмірінің қысталаң шағында айтылған шыны. Дәл бұл жері ақын шығармаларында жарыққа шықпай, айтылмай, ашылмай да кете баруға мүмкін еді. Бірақ басына келген кезі мен қалы ішкі пердесін осы арада аша кеткен. Соңла ақын мен діндармың, мен пшанушымың деп отыр.

Бірақ осының бәрімен қатар Абай фанатик те емес. Мұсылманның көп молда, көп кітабы даттаған фанатик, схоластик дінді ұстапбайды. Шығыс жағасынан алған нәрдің бәрін Абай өз ақылымен, сыншы, ойшыл ақылымен, бірақ, әрине, сапашылдық жолымен өзінше қорытып алады. Бұған кірген бұйымдардың басы ислам діні, оған соң Шығыс поэзиясы және мұсылман ғылымының ілгері-соңғы ғұлама философтарының сөздері болады. Мысалы: 1895 ж. «Білай суға май бітпес қой өткенге»... деген өлең жазады. Мұнысы жаңа: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас»... деген қорытынды өлеңі ақынның діни философия ретімен сөйлеген сөздері сияқты.

Соңда басы ашық:

Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ  
...Құран рас, алланың сөзі дүр ол,—

немесе:

Тәуһліне жетерлік ғылымның шақ,—

деп:

Алланың, пайғамбардың жолындамыз,  
Бнтамызды бұзбастық иманымыз...—

деп, қатардағы көп діндар, көп мұсылманның бірі екенін даусыз, айқын көрсете отырып, солармен қатар, немесе:

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,  
Және сүй «хақ жолы» деп әділетті,—

дейді де:

Осы үш сүю болады иманы гүл,  
Иманның асылы осы үш деп сен таққиқ біл,—

деу арқылы, надан молдалардың үгітінен жырақтап шығып алып:

Руза, намаз, зәкәт, қаж талассыз іс,  
Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс  
Бастапқы үшін бекітпей соңғы төртті,  
Қылған менен татымды бермес жеміс...—

дейді. Мұнысы — өзі тұтқан ислам дінінің негізін сынып ақылмен, санашылдық пәлсапамен, мораль (мінезділік) пәлсапасымен сұрыптап аламын деген рационалшы ойшылдың ісі. Абай діншілдігінің түп қазығы, негізгі сипаты осы. Осындай «молда айтты», «кітап айтты» дегенге қалта қарап тұрып қалмай, әр жағынан түбіне үңгі қарайтын тімтіңгіш ой:

Өзгені ақыл-ойға қондырады,  
Біле алмай бір тәңіріні болдырады.  
Талып ұйқтап, көзіңді ашысымен  
Талпынып тағы да ойлап зар қылады,—

дейді. Бұл арада қараңғы сопылар көзінде Абай күпірлік жағасына да жақындап қалады. Шеттігіне іліне барып қайта оңалғанда айтатыны:

Көңілге шәк-шүбәлі ой алмаймын,  
Сонда да оны ойламай қоя алмаймын.  
Ақылдың жетпегені арман емес,  
Құмарсыз құр мүлгуге қоя алмаймын,—

дейді. Мұнда Шығыс ойшылының бірталай күнәкар қылатып күдіктері көрініп тұр. «Бес парыз», «Иман тағдыр» деп ой-сапаның бәрін тұмылдырықтап-тұмшалап тастайтын исламның тігіс-тігісі ыдырай бастап, бірталай сауыты жыртыла бастайды.

Абай имам Ғазәлидей сынып, мұсылман, ұя бұзар діндарға ұсай бастайды. Діні әрі-беріден соң Ғайса дініне де жақындап, өзінше ақыл діні бола бастайды.

Осы жайлары қара сөздерінде де айқын көрініп отырады. Міні, Шығыс жағасына Абайдың барлық тұлға

мазмұнына орнаған, поэзиялық, ой-саналық іргелері осындай. Аз нәрсе емес. Үстіңгі бір жамылышы ғана, бір қабат жұқа қабыршақ қана емес. Көңіліне орнаған терек тамырлы бұйымдар...

Сонымен өз тұсында, XIX ғасырдың екінші жарымында Шығыс ілімінде майданға шыға бастаған жаңашыл, рационалшылар діп реформашыларының шепіне араласады. Абай татардан шыққан Қаюм Насыри алдындағы Шиһабиди Мәржапиды қостайды.

Осы айтылғандай рационалшылық пен салт-сапа, ой-өнер жүзіндегі жартылаған жаңашылдыққа бейім болмаса, Абайдан Европа жағасының белгілерін көре алмас едік.

Абай Батыстың өнер мәдениет көрмесіне қазақ сахарасынап, Шығыстан шығып: сапар шегіп келіп, әдейі не барын, нендей сырлы екендігін танып қайтайын деген кісі сияқты. Бірақ шын өнер, шын мәдениетті көру мұң. Көрген соң дәмін татып, пәрін алған соң жым-жылас, түк жұқтырмай кету мүмкін емес. Басында кердең басып, тайталас түспек боп келген беті, біраздан соң өзгере береді. Рас, Европамен таныса келе:

«Шығысым батыс, батысым шығыс боп кеті» деген сөз, Абайдың ішкі дүшпесінің барлығы бірдей қопарыла өзгеріп кетті дегенді білдірмейді. Европаның ғылым, өнер, мәдениеті мұны барған сайын қызықтыра тартып, соңына шындап телмірткенін білдіреді. Өз ішін бермеймін деп жүрсе де ақын көп жанасу арқылы, бірқатар жаңғырып, түлей бастайды. Ой білімінде, ақындық өнерінде терендеп өсе бастаған сайын Европадан үлгі таңдап, нәр алады. Онысы Европа көрмесінің ішінде бұған ерекше көрінген кейбір жаңалыққа қатты қызығуынан басталады. Жаңалық ішінен жаңалық талғап, бұрын өзі көрмеген үлкен тұлға, «өзгеше туыс» іздеп, өз кеудесіндегі сынменен қыдырып келе жатқанда Абай Пушкин қасынап солғын қарап өтеді. Бірақ солай жеңіл жанап, ат үстінен жоғарыдағыша үстірт шолып өткенмен сол Пушкин маңынан іздегенін табады. Өз сыныпша «махабаты ашуға уланған» Лермонтовқа кеп үйіріледі. Мұны таңдана, талмаурай сүйеді.

Ел ішіндегі қаққы-соққы, алыс-жұлыстан кекесін мен ашу алып шығып ызамен сазарып, уайыммен уланып келгенде, Лермонтовтың құлақ күйі, бұның өз күйі, өз сарынындай болып дөп келе кетеді. Сонсоң Лермонтов-

тан әрі аударады, әрі үлгі алып күйіне күй қосады. Лермонтов сөзін өз сөзіндей нашаланып, мейірленіп, емірене жыр қылады да, өзінікі мен оныкінің шекарасын жойып, «мал басын» араластыра қосып, «еншілес» боп кеткендей болады.

Кей өлеңдерді мынау Лермонтовтікі дегендей қып үлкен ұқыптылық, дәлшілдікпен тырыса аударады. «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз», «Тұтқындағы батыр», «Жалау», «Қараңғы түнде тау қалғып» (Гете, Лермонтовтан), «Сал демеймін сөзіне ықыласынды» сияқты өлеңдер Лермонтовтың кім екенін танытам деп бұлжытпауға тырысып, басын ала жазған өлеңдері. Бұдап кейінгі «Терек сыйы» сияқты кейбір өлеңде «Қарасам қайғыртар жұрт бұл заманғы» деген Абай Лермонтов текстінен кейде кем, кейде ілгері соғып отырады. Бірақ дәлдікті ұқыптамайды. Ойында Пушкинге істеген тайталасты бұған да істемек болады. Лермонтовтың қара сөзбен роман қып жазған «Вадимін» бұл поэма қып өлеңмен аудара бастайды. «Демонды» өз түсінігіндегі эзезіл ғып жырлайды. Осы сияқты, Лермонтов оригиналына еркіншілік, зорлық мінездер бір емес, талай жерде көрінеді.

Міні, осылайша көп араласып, көп жаңасу арқылы Абайдың ақындық қиял-ойлары, шығармалық түр тақырыбы, негізгі сарындары енді көп жерде сол Лермонтов жырымен туысып, бірге жасасқандай болады.

Абайдың Европа ақындарынан жасаған аудармалары жоғарыда көрсеткендей, екі алуан болғанмен де оның бәрін түбі аударма деп бір бөліп, бір төбе қып шығарып қойып, енді екінші бір негізгі ерекшелікке көшеміз. Онымыз ақының Европа жағасынан алған нәр, жаңалықты қалай қорытып, қалай пайдаланғаны жайындағы сөз.

Абай Шығыс жағасына араласу арқылы, жоғарыда тексерілген махаббат жайындағы, көңіл-күйі жайындағы, дін-құлық жайындағы жырларды шығарса, Батыс жағасының өз кемесіне соққан ағымдарын қорытқанда да сол жаңағыдай бірнеше тақырып үстінде епбек етеді. Бұлары Лермонтовтан жасаған аударма емес, бірақ сол Лермонтов сияқты ақындардың үлгі желісін нық қорытып, керекке жарату белгісі. Осы жайға көз жіберіп байқасақ, Абайда Европалық төркіні бар, екі алуан өлеңді көреміз. Бірі — ашықтық жайының өлеңі (махаббат ли-

рикасы-, екіншісі — көңіл-күнің өлеңі (настроение лирикасы).

Араб, парсы сопыларының үлгісімен «Қор болды жаным» жазылса, Европа сыршыларының үлгісімен «Желсіз түнде жарық ай», «Қызарып, сұрланып» жазылады. Алғашқы түрдегі махаббат жырында табиғат араласпайды. Уәзін — ғаруз үлгісі, ырғақ — бәйітше. Мына соңғыларда бұрып қазақ поэзиясында құлағы көрінбеген басқаша, ала бөтен түрдегі бір сарын үстем боп шығады. Мұнда махаббат табиғат ұйқысына бөленеді:

Желсіз түнде жарық ай,  
Сәулесі суда дірілдеп...—

деген әсерлі, көрікті суретпен басталып келіп:

Тау жаңғырып ән қосып,  
Үрген ит пен айтаққа...—

деген сияқты қазақ ауылының түнгі қалпын бере отырып:

Тұрмап па еді сүйеніп,  
Тамаққа кіріп иегі,—

деген көрініске келіп, екі ашықтың табысу минутымен бітеді. Өлең, көрініс, жалпы сурет-тақырып Абайдың өзінікі. Бірақ махаббатты осылайша оттай ыстық, бір-ақ көрініспен жалт еткізіп, бір ғана елес еткізіп, аяғын көп нокатпен: «қалғанын өзің ұға бер» деумен, шұғыл тұжыра салумен бітіру — анық Европа романтикасының үлгісі. Ондағы жұмбақты сыр поэзиясының келте қайырғыш емеуріншіл лирикасының (интим лириканың) үлгісі. Бұл жырда:

Тыншығарсың сен-дағы  
Сабыр қылсаң азырақ...—

деп, тұқыратын Гете, Лермонтов сөзі білініп тұр. Осы айтылған күйге орай өлең ұйқасы қандай? Жеке-жеке әсерлі суреттер үздік-үздік леп бергендей жалт-жұлт етумен бірге ұйқаста қазақы өлең, не шығыс үлгісіндегі өлеңнің қалпын тастап, шалыс ұйқасқа ауысады.

Бірінші мен үшінші, екінші мен төртінші жол ұйқаса келіп, әдейі бір лықсып толқып отырған, ырғағы мол, күйлі ағымды тапқандай болады.

Дәл осы сарын, осы үлгімен жазылған өте шебер



«Қызарып, сұрланыпта» өлең жолдары мен сөздері аса бір сараңдық дәрежесіне жетіп қысқара беріп:

Елбіреп қалтырап,  
Жігіт пен ол қыз да...—

деген негізгі күйдің әмірі бойынша шолақ-шолақ бол алады да рақат түннің қысқа-қысқа күрсінуі сияқты сезіледі. Европа жағасынан Абай қорытып алған нәрдің бірі осындай болып, махаббат жырының өте шебер, өте пәзік, көркем үлгісіп туғызады. Көңіл-күйінің жырларында да осындай түр, сарып жағынан ерекше жанарып, Европа мастерларының жоғарғы сатыдағы жыр мәдениетін нық баурап, меңгеріп алғандық көрінеді. Онда да кейде көңіл-күйің, табиғат көрінісімен қабыстырып, ұластыра келіп:

Көлеңке басын ұзартып,  
Алысты көзден жасырса,—

деумен қатар:

Қуңгірт көңілім сырласар.  
Сұрғылт тартқан бейуаққа,—

деген жалып атады. Ойшыл мұңлы сыршылдың табиғат күйін беймезгіл шақпен (стихиямен) қабақ қағысып қабысуы.

Осылайша ретпен әп-күй, поэзия стихиясына бар денесімен құлай мүлгіп:

«Көңілім менің қараңғы бол-бол ақын,  
Алтынды домбыраңмен келші жақын»,—

деп бір тебіреніп кетеді.

Бәрін санауға орын тар. Қалайда осы үлгідегі өлеңдер Абайда өте көп. Сырт қараған көзге Абай көп үлгі, көп сарынды Европадан алып, ақындық таразысының сол жағын көбірек басқан сияктанып көрінетіні де осыдан. Көңіл-күйінің лирикасын Абай бертін келгенде тұтасымен Гете, Лермонтовша жырлайтын болып сол атақты романтиктермен туысып кеткендей болады. Европа жағасының нәрлерін қорытып өз тәні ғып алуда Абай осындай ірі мәдениет, ірі мастерлікке жеткен. Оларды аударса:

Елсіз жер тұрғандай боп қаққа мүлгіп,  
Бімдасып сөйлескендей көкте жұлдыз...—

деген тәрізді, бір алуан әсерлі, романтикалық сөздермен аударудан басқа, өз жырларын да осындай сумен суарып, соға бастайды. «Үстіне зәр төгілген құрыш, болат тіл» Абайдың өз тілі сияқтанып кетеді. Бірақ бұл айтқанның бәрі Абайдағы Шығыс жағасының із, сарынын жоймайды. Жуып-шаймайды. Тілде, үлгіде ғана қолданын өзінің шығыстық, қазақылық ішін сыртқа шығармауда тұтыпқан кестесі сияқты. Бұлар, Абайдың біз бұл мақалада сөз қылмаған қазақтық және жоғарыда саналған шығыстық тұлғасын ішкі папымын, бағыт, негіз дүниесін бұзбайды. Өзгертіп әкетпейді. Соны жарыққа, сыртқа әсерлі қып шығару үшін ұстанған әдіс, өрнек есепті болады. Рас кейде Европа үлгісі бұған айрықша тақырып ұсынатыны да бар.

Осы бітімді өлеңдерінің ішінде (мысалы, қысты сипаттау үлгісі сияқты) маған әсіресе ерекше көрінетін «Ақынға» деген өлеңі. Біздің көп оқушы ол өлеңінің аты осы айтылғандай боп тұрмаған соң ақындық жайындағы жыр екенін байқамайтыны да болады. Біздің сөз қылып отырғанымыз:

«Адамның кейбір кездері» деген өлең. Бұл Пушкин, Лермонтовтардың «Ақын», «Ақынға» деген өлеңдерін оқумен қатар, өзінен шығарып аналармен жарыса айтқан жыр. Тақырып Европа айтып жүрген үлгіден алынады да, жырлауда Абай ақынның, үздік пішіні айқын тұрған ақынның өз ағымы, өз бағасы беріледі.

Мақала мақсұты әдеби «Телқараның» Шығыс, Батыс сияқты екі жағадан алған, нәр көрген ұзып-ұрғасын атап өту. Түгел зерттеп қана, тексеру емес, сондай тексерушіге бір қысқаша нобай айту. Сондықтан бұл мақала толықпын деп шірене алмайды.

Мақсұт екі жағының ақынға берген бұйым, белгілерін атау болғандықтан Абайдың үздік тұлғасын, анайы арнасын, қазақы қалпын атап зерттегеніміз жоқ. Ол өз бетінде бір төбе сөз.

Енді бұл уақытқа шейін ақынның айналасы деген тақырыпты сөз қылғанда біз өзіне әсер еткен жайларды, өз қорына құйылған салаларды алып келдік. Бірақ ақындық айналасы Абайдың өзі алған нәрді санаумен түгелденбейді. Екінші қатарда тұрған тағы бір алуан мәселе Абайдың өзгеге берген нәрі турасында.

Бұл мәселеде біз Абай ақынның алдында, не төңкерістен бергі қазақ ақындарының еткен әсерін айтпай-

мыз. Ол айрықша, ұзақ талдауды керек етеді. Бергілер және дәл айналасы деген тақырыпқа сыя да қоймайды. Сондықтан біз Абайдың дәл өз тұсында, өз дәуірінде еңбек еткен бірнеше ақын туралы ғана қысқаша айтып өтеміз.

Оның екеуі Ақылбай, Мағауия — Абайдың өз балалары. Мұның екеуі де 1904 жылы, Абай өлген жылы өлген. Абайдан аталық, ағалық, ұстаздық тәрбие алудан басқа, оның өлеңі мен қара сөздерін, әрі оқушы, әрі таратушы, бағалаушы, тұтынушы болудан басқа, бұлар Абай басшылығымен өз жандарынан жырлар да жазған.

Бұлардың шығармалары арқылы Абай өзі істемесе де бойұрған бірталай тың еңбек туады. Абай оларға тақырып беріп, өлеңдерін сынайды, түзейді, қалай түзеудің жолын айтады. Дәліні айтқанда мыналар Абайдың ақын шәкірттері де, Абай алды оларға жазушылық мектебі сияқты болады.

Әдеби мектеп деген, ақынның өзі алған түр, өзі жырлаған тақырыпты ғана тебіндей беруде емес. Сол басшы ақын берген екпін бағыт, негізгі күйлерінің бетімен тың жол іздей өсуде. Ұстаз ақынның өзі айтуға үлгермеген, немесе заманында әдейі айтқысы келмеген жайларды тереңдеп үңгіп, бірталай өріске апарып тастауда.

Абай әңгімелі өлеңге қызықса да өзін-өзі әдейі тежеп, тынып отырған да Ақылбай, Мағауия романтикалы поэмаларды жазғыштайды, өзге үлгінің соңына түседі. Ақылбай «Дағыстан», «Зұлыс» деген поэмалармен, қазақ әдебиетінде Байрон, Пушкин үлгісін (олардың Шығыс поэмалары, Түстік поэмалары деп аталған романтик поэмаларының үлгісін) тұтынады. Мағауия да «Қасым» деген поэмада осы үлгімен бастап, аяғы қазақ тұрмысынан алынған тарихи жыр (Абылай жыры) немесе салт жыры «Еңлік — Кебек» жәйін жазады.

Осылардың бәріне Абай әңгіме желілерін талқылап беруден басқа, кейін өлең болып шыққан кезде жеке жолдарын түзейді. Әңгімедегі кейіптерін түзеттіреді.

Бұлардың барлығы ана ақындарға Абайдың нақтылы ұстаз боп, баулып, бастап отырғандығын көрсетеді. Олар шығармаларының ішінде аңқып тұратын адамшылдық, санашылдық үгіті, аздаған рационалшылдық, сонымен қатар кейбіріндегі діншілдік, қаншалық идеялары және осының бәрінің үстіне қосылған Еуропаның

әңгіме құру желісі, түр, бояу үлгілері — барлығы да мыналар арқылы Абайдың өз шығарма, өз тұлғасын мынадай айнала кеп қосымша бұйымдар қосыл тұрады. Абайдың бұрынғы өзінеп байқалған мүсінінен ары асыра, тереңдей түсінуге көмекші болады. Абайға шеттен құйған салалардан басқа, бұның өзінен шыққан тарау-тармақтың да осындай маңыз, мазмұны бар.

1934

## АБАЙДЫҢ ИДЕЯЛЫҚ-МӘДЕНИ ІЗДЕНУЛЕРІ

«Бақпен асқан патсадан  
Мнмен асқан қара артық.  
Сақалын сатқан кәріден,  
Ецбегін сатқан бала артық»

*Абай*

Сыншыл ойға көз сүзіп, бас иген, дінге сынның тұрғысымен қараған, халқының мәдениеті жолында аяпбай күрескен жалынды қайраткер, пысық, дүннеқор, мансапқор, алаяқ феодал ақсақалдардың ішінде серік таппай күйінген Абай қазақ елінің көлемінде ғана емес, сонымен бірге қазақ елімен іргелес жатқан шығыс елдерінің көлемінде де заманынан оза туған дана кісі болды.

Ғасырлар бойы үстем болып келген, схоластикалық медресенің және фанатик молдаларының орнын өткен ғасырдың аяғында келіп буржуазияшыл-діни новаторлық басқанда, Абай бұған сын көзімен қараған, сене қоймаған. Батыс мәдениетінің, әсіресе ұлы орыс халқы мәдениетінің игі ықпалы үшін де, Абай мұны қабыл алмаған.

Ауғанның Жәлелләтдіні мен Мысырдың Мұхаммед Ғабдүһианың ученелері де, керек десе сол тұстағы Ресей мұсылмандарының арасында дәріпті болған Исмаил Гаспринскийдің де ученесі Абайды өзіне еліктіре алмады.

Ешқандай негізі жоқ және түп асылы реакцияшыл панисламизмның қамқоршылары, қорғыштары жұртшылықтың пікірін теріске сілтеді, орыстың және батыстың мәдениетінен жұртшылық пікірін қашықтатпақ болды.

Құншығыстың барлық ескі заманғы тарихының ішінеп Абай өзіне рухани азық етіп араб-иранның классикалық поэзиясын ғана, «Шағатайдың» ескі әдебиетін ға-

на алды. Абай тек Фирдоусидің, Ғафиздiң, Саадидiң, Низамидiң, Науайдiң және Фзулидiң мәңгi өлмейтiн ақындық шығармаларын ғана қабылдады, соған бой ұрды.

Бiрақ Абай осылардың бәрiн бойына сiңiрiп алды да, жас кезiнiң өзiнде-ақ алдына қойған жоғары тiлектерiмен ол бұлардан асып кеттi. Ол, «Қаабаны» басқалардай Шығыстан, исламның адыра қалған жұртынан iздеген жоқ, Батыстан ғана iздедi, заманының түнектей қараңғылығын жарып отырып, ол өзiнiң жалғызаяқ жолымен сол Батысқа қарай бет алды. Оның жалғызаяқ жолы «халықтың даңғыл жолына», орыс халқының ұлы данышпапдығының «мұрасына» апарып жеткiзгенде, мiне сонда ғана ол жарық дүшпенi көрдi, бойына бақыт нұры ендi. «Бүгiнгi анайы тұңғыс, дала досы қалмақтың» iшiнде асыл мұраға алдымен келiп жеткен осы бiздiң Абай болар. Бүтiндей бергi шығыстағы елдердiң iшiнде бұл мұраға алдымен жеткен осы Абай ғана.

Ендi бүгiн халықтың және орыс классикалық поэзиясының кәусәр суымен суарылған оның мәңгi өлмейтiн шығармалары бiздiң көзiмiзге өткен заманның таң-тамаша қалғандай амалы болып көрiнiп отыр. Ол халық тарихының биiк шыңына жалғыз-дара шыққан тау ағашы сияқты. Орыс халқы мәдениетiнiң игi ықпалымен, әсерiмен тамашадай байыта отырып, өз халқының ғасырлар бойындағы рухани мәдениетiнен оның бiздiң заманға әкелiп жеткiзгендерi Абайдың атын мәңгi өшпестей дәрiптейдi, оның атын қазақтың классикалық мәдениетiнiң биiк шыңының ұшар басына апарып қондырды.

Қазақстанның зерттеу жұмыстары Абай мұраларының негiзiн дұрыс ұғынудың жолын кейiнгi жылдардың iшiнде ғана байқап отыр. Орыстың классикалық мәдениетiмен Абайдың байланысын түсiндiргенде, бұрын тек Абайдың Пушкиннен, Лермонтовтан, Крыловтан аударғандарын үстiрт атаушы едi де, сонымен жұмысын аяқтаушы едi.

Рас, өткен ғасырдың 80-жылдарында өзiнiң толып жатқан аудармалары арқылы, Абай бұлардың аттарын қазақ жұртына танытты. Тағы оның үстiне Татьяна мен Онегиннiң хаттарына ол өзiнiң күйiн қосты да, бұлардың аттары қазақ халқының лирика-эпостарындағы геройларымен бiрдей етiп дәрiптедi. Бiрақ Абай ецбектерiнiң мәнi, асылы мұнысында ғана емес. Абай өзiнiң шы-

ғармаларында бойына сіңіріп, толықтай игеріп алған европалық школаның, Пушкин школасының мәдениетін көрсетті.

Абайдың орыс мәдениетімен байланысып айтқанда бір ғана поэзияны атады да, бұл байланыстың өрісін тағы тарылтты. Ал, сонан келген, Абайдың сатиралық әйгілеу өлеңдерінің Салтыков-Щедриннің сатирасымен терең байланысып жатқанына қазір ешқандай күдік келтіруге болмайды. Оқудағы жастарға арнаған өлеңінде Салтыковтың және Толстойдың аттарын атауы да тегін емес.

Осылардың идеясын, мәдениетін игеріп алған соң ғана және алдындағы достары арқылы (Чернышевскийдің шәкірттері — Михаэлис, Гросс, Долгополов, тағы басқалар арқылы) орыс жұртшылығының алдыңғы қатардағы идеясымен танысқан ғоң ғана ол «Менің қағбам батысқа көшті» деп айта алды.

Орыс әдебиеті ғана емес, Европаның классиктері де, Сократтың, Аристотельден бастап Спинозаға, Спенсерге және Дарвинге шейінгі де философия нелері оған таныс болатын-ды. Ол, әсіресе, Европадағы ой-пікірлердің даму тарихымен көбірек айналысты.

Өзінің көңіл күйінің лирикасында, жаратылысының лирикасында, толып жатқан прозалық трактаттарында терең бойлай жататын өзінің рационалдык философиясын Абай кездейсоқ жасай салған жоқ, алдымен осындай бай школалардың оқуын өтіп алып, сөйтіп бұларды өзінің творчестволық өңдеуінен өткізген соң ғана жасай алды.

Керек десе оның діни-философиялық тақырыптағы идеалистік ой толғауларының сараң, шолақ ойлы Ислам аполегеттерінен қанша ілгері жатқанын да аңғару қиын емес. Мұның Спенсердің мораль философиясымен туыстас екені күмәнсіз. Бұл жайында мұнан да көпті айтуға болады — Абай творчасының және оның дүние тануының негізі турасындағы нағыз мәдени, ғылыми пікір Абай мұраларындағы эллинистік элементтермен де айналысуы тиіс. Біз бұл арада халық даналығының, Шығыс классикасының және Гректің антикалық (ескі) мәдениетімен тамырласып жатқан Европаның классикалық мәдениетінің тамашадай жымдасып біріккенін көреміз. Абай Сократ туралы философиялық трактат та жазған. Бірақ соның ішінде алдымен айта

кететін — ол «Ескендір Зұлқарнайын» және өзінің тәрбиешісі Аристотель туралы пікірге бай поэма жазды.

Ол тұста қазақтың баспасөзі жоқ-ты, кітап шығару мәдениеті қазаққа салт болып еңбеген-ді. Бірақ соған қарамай, Абай өзінің тірі кезінде-ақ халық арасында дәріпті болды, халқы сүйген ақыны болды. Оның шығармалары қолжазба күйінде-ақ тарап тұрды, әсіресе, атап айтатын нәрсе, Абай өлеңдерін қазақтың ақын, жыршылары халық әндеріне, Абайдың өзі шығарған күйлеріне қосып, ел құлағына сіңіріп жүрді. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында-ақ Абай маңына тұтас бір әдебиет школасының құрылуы — Абайдың кемеңгерлігін халықтың танығандығының белгісі.

Абайдың идеялық мәдени-рухани дүниесінің кеңдігі Абайдың ізін қуған ақындардың сюжетке бай романтикалық, тарихи алуан-алуан жырларында және тарихи батырлар поэмаларында жақсы көрсетілген. Бұл поэмалардың тақырыптарын екінің бірінде Абайдың өзі беріп тұрған. Мәселен, өзінің баласы, жас ақын Мағауияға ол Қауказдағы Шамиль көтерілісінің тақырыбын, сонсоң Ниль даласының бойындағы қапаушы жер иесінен құлдың (Медғат — Қасым) кек алу тақырыбын айтқан. Ол Ақылбай ақынға Дағыстаншылар жайындағы «Дағыстап») романтикалық-батырлық поэмадың тақырыбын және Зұлыстар («Зұлыс») тақырыбын берген. Өзінің шәкірті және досы болған Көкпай ақынға өз халқының өткен заманынан алынған тарихи поэмалардың тақырыбын берген. Әйел теңдігіне және жалғыз дара елдердің феодалшыл-рушылдықтың ескі ұйытқысына қарсы күресіне арналған поэмаларды да осы школалар тудырған.

Абайдың зор игілі әсері ақындардың ғана творчествосына тиіп қойған жоқ, ол толып жатқан өзінің оқушыларының ұғымына да, олардың мәдени талаптарына да әсер етті. Абайдың өз аузынан және жыршы досы Баймағамбеттің аузынан бірқатар Батыс жазушыларының шығармалары ауыздан-ауызға көшіп, бүкіл елге тарады. Мен өзім Баймағамбеттің өз аузынан Дюмадың «Үш мушкетер» деген романын, «Новарра Геприхы» деген романды, Үрістемнің дастандарын, Петр Великийдің және белгісіз авторлардың инквизиция заманынан жазған сюжетке бай бірнеше романдарын естідім.

Осы романдарды бастағанда, «Нидерланд деген жер-

лерде, Лейден деген қалада, инквизиция деген бір би болыпты» деп бастайтыны Баймағамбетті тыңдағандардың бәрінің де есінде болар; Абайдың белгілі досы қара танымайтын Баймағамбет құлағын тіге, соның аузына қараған тыңдаушыларға қызғылықты хикаясын міне осылайша бастайтын.

Зор ақын болған кісінің бәрі өз ортасын қалай білімді ету керек екендігін, өз ортасын әрбір үлкен ақын қалай құру керек екенін Абай өзінің пағыз кемесгерлігімен бүкіл мәдениетті жұртқа дәлелдеп шықты. Өзінің шығармаларын халық жүрегіне кеңінен ұғындыру, ілгерідегі жолын кеңінен ашып, прогрестің идеялық-мәдени болашағын көрсете отырып, халқының ақыл-ой парасатын жетілдіру — міне халық ақышының, классикалық ақышының мағыналы орны осында. Абай осылай болғандықтан ғана өз заманынан оза шыққан кісі болды, ол осылай болғандықтан ғана оның творчествосының күшті ағындары біздің адам баласының тарихы көрмеген заманымызбен тіл қатып, сөйлескендей болады.

Туыстас ұлы орыс халқының мәдениетін үйреніп, сол мәдениетті творчестволық түрде өңдеп, өзіміздің ерлік заманымызға сәй көркем шығармалар берілуі керек.

Халқынан және орыстың, Батыстың классиктерінің данышпандарынан үйренген Абай сияқты біз де өзіміздің социалистік әдебиетімізді сан жағынан ғана емес, көркемдік пен шебер жазылған шығармалармен байытуымыз тиіс.

Біздің алдымызда тұрған міндет осылай бола тұрса да, біздің шолақ ойлы, жеңіл мінезді сыншылар қазақ прозаиктерінің көбін мынау А. М. Горькийге ұсаған екен дей салады, ал қазақ ақындарының көбін мынаның Маяковскийге таразысы тең екен, сонымен үндес екен дейді. Осындай, әділ жанның қытығына тиетін, надан сыншылықты тастап, біздің мәдениетті сыншылар алдарына мына сияқты міндеттерді қойса: Қазақстанның ақын, жазушылары, өздеріңіздің ұлы заманыңызда орыс классиктеріне таразысы тең Горькийдің, Маяковскийдің шығармаларына ұсайтын шын көркем шығармалар берулерің тиіс. Абайдың Пушкиннен, Лермонтовтан үйреніп жазғандарындай, қазақтың ана тілінде, мәдени сатысы биік поэзияны тудырындар. Сіздердің шығармаларыңыздың шын өлшеуі қазақ оқушыларының ғана тапығаны болмай, бүкілсоюздық оқушының сыны болсын.



Ұлы интернационалдық совет жұртшылығы сіздерді де біздің бүгінгі дана кәриямыз Жамбылды сүйгендей сүйетін болсын. Союздағы барлық жазушылардың, барлық Совет Союзындағы халықтардың дана көсемі партияның бастауымен біздің Союз көлеміндегі мәдениетті жазушылармен үлгілі, игілі жарысқа түсіңіздер. Осы беттеріңізде кең болашақтың бетін ашыңыздар, өткен заманның ұлы классиктері — Пушкинде, Абайда болған, пролетариат әдебиетінің негізін салушы Горькийде болған, Ленин заманының алдына жан салмаған ақышы Маяковскийде болған кең көркемдік көлемге ие болыңыздар.

Біздіңше, Абайдың классикалық мирастарына қарайлағанда, біздің алдымызда тұратын мәселелер осылар болуы керек еді. Абай біздің дәуірден үлкен орын алғанда, өзінің творчествосының негізгі мотивтерімен ғана емес, идеялық, мәдени зерттеуімен де, мәселелерді және қазақтың көркем әдебиетінің жолдарын өз дәуіріне қарай дұрыс шешумен де оның творчествосы біздің заманмен үндесіп, тілдесіп жататындығынан.

1939

## АБАЙ ЮБИЛЕЙІ ТУРАЛЫ

Семей облысының жұртшылығы биыл Абайдың 95 жылдығын еске алуды мақсат етіпті. «С. Қ.» ның 4 январьда шыққан санында облыс істейтін бірнеше күрделі жақсы істер аталыпты.

Бұл 95 жылдық юбилей, 1945 жылы болатын, шыны зор — 100 жылдық юбилейдің алдындағы бір жақсы әзірлік ретінде өтсе аса бағалы болар еді.

1945 жылы болатын жүз жылдық юбилейді тегінде барлық союз болып атқарады. Мәскеудегі Жазушылар союзы мен баспасөз орындары, Абайдың жүз жылдығын биылдан-ақ ауызға алып отыр. Осы алдымыздағы күзге Қазақстанның жиырма жылдығы қарсаңында, Абай жинағын орыс тіліне жақсы қып аударып, бастырып шығаруды гослитиздат өз міндетіне алды. Онымен қатар мына 95 жылдық туралы да, біздегі жазушылар жұртшылығы мен ғылым орындары боп қолға алатын бірнеше міндеттер бар. Облыс белгілеп отырған істермен қа-

тар, осы биыл істейтін тағы бірнеше қосымша жұмыстар тұр. Бұл мақалада осы жөндегі ұсыныстарды айтайық. Ең әуелі Абайдың жүрген жер, туған жайларын еске алғанда, Семей қаласындағы екі үйді ғана айтып қою керек емес. Абай оқыған Ахмет Риза медресесі деген медресенің үйі де қазірде Семейде бар. Онда да Абайдың бір белгісін қою керек. Және Абайдың көп өмірі қырда өтсе, сол қырдағы жайларын да бұрынғы қалпына келтіріп, сақтау керек. Бүгін Абайдың зияраты тұрған «Жидебайда» Абайдың қыстауы бар. Соның төбесін қайта жаптырып, ішін бұрынғы қалпынша жабдықтап қойса қолдан келмейтін іс емес. Абайдың туған, тұрған жеріндегі бағалы бір музей соның өзі де бола алады. Онан соң Семейден 120 шақырымдай жерде, Ақшоқыда Абайдың 1895 жылға шейін тұрған қыстауы бар. Оны да түзеттіріп, сақтау қажет.

Ал, Абайдың зияратын айтқанда мрамор тас қою жақсы. Бірақ, сонымен қатар қабырының үстіне бюст (кескінін) жасатып қою, зияраттың айналасын темір шарбақпен қоршату да қажет.

Осы шаралармен қатар, Абайдың өмірін, ісін зерттеу ретінде де бірталай тың жұмыстар бар. Оның ең үлкені — Семейдің архивін тексеру. Жанарал, ояз кеңселерімен облыстық, ояздық соттар архиві Абай жәйінен көп мағлұматтар беруге тиіс еді. Әлі күнге дұрыстап тексерілмей келеді. Жалғыз Семей емес, Степной генерал губернатордың тұрған жері — Омбы қаласының архивін де зерттеу керек.

Бертіндегі Абайдың болысы «Шыңғыс» болса, 1880 жылдарда «Қоңыркөкше», одан арыда «Тобықты» болысы боп аталып жүрген, Абайдың жасырақ шағында Тобықты Қарқаралы округіне қарап, одан беріде Аягөз округі жасалған соң, сонымен араласып жүргені де бар. Архивтағы Абай жәйін жалғыз Құнанбаев деген фамилиямен іздеу керек емес. Кейде Өскембаев болып жазылып жүретіні де болу керек. Оны да ескере отыру керек.

Және Абайға жапасы бар мағлұмат жалғыз Ыбыраһым Құнанбаев жайындағы іс емес, өзге жақын ағайын ісінен, немесе араз дұспан ісінен көруге болады. Осы ретте Абайдың аға-інілері — Тәңірберді, Ысқақ, Оспан сияқтылар қатысқан істерді де зерттеу керек. Абаймен бірде дос, бірде жау болып өткен Оразбай Аққұлы ба-

ласының, Жиренше Шоқа баласының, тағы сондай бірталай адамдардың ісін де қадағалап қарау керек.

Архивте бұл айтқандардап бөлек, бір алуан мағлұматты Абайдың достары Михаэлис, Гросс, Долгополов жайларынан да іздеу керек. Осы адамдармен Абай сияқты кісілер туралы полиция бастықтарының оязға, ояздың жандаралға, жандаралдың корпуске жазған баяндама-мәлімдемелері болу керек. Оны да айрықша ескеру қажет.

Және Семейдің облыстық, қалалық неше алуан «справочник», «ведомость», «вестник» деген аттармен шыққан басқа кітапшалары болған. Солардап да Абай атының кездесуі мүмкін. Бұндайларды да жия жүру қажет.

Осы айтылғандар сияқты тағы бірнеше жазба белгілерден басқа, Семей қаласының өзінде де, қырда да Абайды көзі көрген кәрілер бар. Солардың Абай жайында айтқан үлкенді-кішілі ертегісінің бәрін де өз айтқан қалыптарына жазып, жиі беру қажет.

Міне, Семей облысы бастап отырған істерге осы айтылған қосымша жұмыстар ілесе жүрсе, біз 95 жылдық юбилейден көп табыс тапқан болар едік. Әрине, бұл аталған істерді жалғыз облыс емес, біздің жазушылар союзы мен ғылым академиясының филналы қоса атқарысу қажет.

1940

## АБАЙ ЖАЙЫН ЗЕРТТЕУШІЛЕРГЕ

Абай кешкен өмірді, Абай қалдырған мұраны таңу керек, зерттеу керек дегенді бәріміз де түсіндік. Күннен-күн, жылдан-жыл өткен сайын осы істерге көңіл бөліп, зер салушы саны молайып келеді.

95 жылдық бір бел болса, содап ары жүз жылдық деген үлкен бір жотаның жоны тағы көрініп тұр. «Белге ғана жетейікші» демесек керек. Үздіксіз, үрдіс тарта беріп, жүз жылдыққа шейін бірталай іс өндірсек дейміз.

Осы ретте көбіміз ескере жүретін бірнеше соны жайлар тағы бар. Ол Абайдың өзі ғана емес, сол Абайдың заманын, ортасын, үй тұрмысын, салт-дәстүрін, машық-мінезін білу деген сөз. Бұларды жалғыз Абайдың басы-

па ғана байланысты түрде ескеру емес, жалпы сол кездің бір кескіні, бір бұйым белгілері есепті ескеру керек.

Біз осы күні Абай жайып зерттеуді тараң түсініп жүрміз. Әр жинаушы, неқылса, ең әуелі Абай айтыптымыс, бірақ жазылмай, басылмай қалыпты-мыс деген өлең табуға құмар-ақ. Өзі соған бейімденіп, етпеттеп тұрған соң, орала кеткен өлең сөздің бәр-бәріне-ақ жабыса түседі. Сонымен, әзірше не көп, Абайдың ұмытылып қалған өлеңі-ақ көп. Жинаушыда кім көп, жоқ қараушы-ақ көп.

Жиналмасын демейміз, Абайға тиісті деп аталған сөздің, өлеңнің бәрі жинала берсін. Бірақ жинау бір басқа да, жариялау екі басқа. Зерттемей, жете танымай, құр ниетім жақсы еді деп жығыла бермейік.

Тегінде, Абай шығармасының аздығынан кенде боп жүргеніміз жоқ. Барын барша, бажайына барғыза алмаудан, зерттей алмаудан кендеміз. Және Абай өлеңдері халық ортасына жайылғалы көп заман болды. Содан бері Абайға еліктеп жазған аты белгілі де, белгісіз де, жас та, кәрі де, ақын да, жазушы да, еркек те, әйел де көп болған. Абай жазды өлең қыпты деп, жазды жырлайтын, екі жастың кездескенін жырлапты деп, соны айтатын, көңіл сырын айтатын, өмір арманын айтатын, ат пен құсты жыр ететін «өлең шығарғыштар» көп болған. Соның көбі, әсіресе Абай шәкірттерінен, шәкірттерінің айналасынан, молдалардан, талапкер жастардан көп шыққан-ды. Олар да Абайдың лұғатымен сөйлейді, Абайдың алған тақырыбын алады. Өздері және Абай заманына қапық, Абай өміріне өкшелес жүрген өмірдің адамдары. Бұлардың кейбір жолдары, кейбір ырғақтары Абай сөздеріне ұқсап қалып отыратыны болады. Әсіресе еліктеу деген нәрсе асыл нұсқаға түсі-түгі жағынан ұқсай бергіш болады. Міне, осындай жерлерде шын менен бұлдырдың арасын айыра алмай, өзіміз де алданып, жұртшылықты да жаңсақ хабарландырып, кейінгі зерттеушіні біржолата бөтен ізге салып, әуресарсаң етуіміз мүмкін.

Абай сөзі деген сөз бір-ақ жол болса да, Абайша шықса жарасар, Абайдың Абайлығы да сонда шығар. Осы Абай өлеңдерінің сапын көбейтейік деп өзеурегенше, бар сөзінің кенеуін кетірмейік деп көбірек ойланайық. Абай сөзін көбейтеміз деп, көбік етіп алмайық. Жауаптырақ қарайық. Бұл — бір сөз.

Ал, Абай жәйін зерттеушілерге өзгеше бағалы, өзі соны және үлкен ғылымдық, тарихтық қасиеті зор бір алуан істер бар. Енді бір кезек көңіл бөлгенде соған бөлсек екен. Ол Абайдың дәуірін танытатын мағлұматтар. Бұған үлкен де, ұсақ та нәрселер кіреді. Бірақ бәр-бәрі де Абай өлендерінің ішіндегі көп-көп өзгеше жолдардың сырын, нәрін, мәні-жөнін танытады.

Мысалы, қоғамдық жағынан ірірек жайларын алсақ, Абай заманындағы құн дауы, жер дауы, жесір дауы, партия, штат таласы, барымта, жүгініс, билік деген сияқты әңгімелер қандай ретпен басталып, қалайша аяқтаушы еді. Осыны құрғақ сөз қылмай, мысал әңгімелермен баян етіп, жазып алу керек. Пәлен жылғы, пәлен қоныстағы, пәлендей іс жөніндегі әңгіме деп жазылу керек.

Осы бетте Абай тұсында болған ас, той, құдалық, ат шабыс, үлкен күрес, айтыс сияқты жайлардан, Абай араласқан кездердеп тағы да өте конкретті мысалдар, фактілер жазылу керек.

Салбурын ұру, құс салу, салдық құру, сауық жасау, жау түсіру, ат жарату, ит жүгірту сияқты жайлардың өзінде де заман машығын көрсететін көп жаңалықтар бар.

Абай уақытында өліктің артын күту, қаралы болу, бата оқу, аза салу, ас беру сияқты әдеттер қандай еді. Осылар туралы тағы да айрықша уақиғаларды жазып алу қажет. Сол кездегі құда түсу, киіт кию, ұрын бару, қыз ұзату, ілу жасау, жол-жора, ырым-жырым қандай,—оның да көп суретін Абайға жапарған фактілермен мысал қып жазып алуға болады.

Абай уақытында үй-іші тұрмыс қандай? Көп қатынды, бәйбіше-тоқалды тұрмыстың кескіні қандай,—оны да жазып алу керек.

Онан соң қыстау, көктеу, жайлау, күзеу бар. Осындағы мал баққан көшпелі шаруаның не түрлі өзгешелік мерзім машығы, тәжірибе тәртібі бар,—оларын да мысалдармен жазу керек.

Осыған жалғас сол кездегі қазақтың ауа райын, жыл реңін білудегі, жат-жалаң турасындағы тәжірибелерін де жазу керек. Отамалы, сәуір, қыркүйек, құралай, тоғам, сүмбіле сияқты ай, күн мерзімдерін де ескеру қажет. Күзем, отар, күйек, соғым, неше алуан пауқан жәйі

жазылса,— ол да керек. Ұсақ белгілерден де талай бағалы мағлұматтар жиюға болады.

Фотографиялар қалған жоқ. Ендеше, Абай отыратын жазғы, қысқы үйлердің ішін түгел сыпаттау, бар бұйымын түгендеп, қай орында қандай пәрселер тұратынына шейін жазса,— ол да мейлінше қажет. Қысы-жазы киетін қысқы киімдер қандай, әйел не киеді, бала киімі немене,— бұл да тегіс керек. Тіпті, ер-тұрман, қару-сайман, жылқының таңбасы, қойдың ені, үй-ішінің ою кестесі — бұлар да қажет.

Міне, осы айтылған, тағы осыған ұқсаған талай-талай жайларды құрастырсақ, біз Абай заманын көп сынық айнаны жамап барып тапығандай, дұрысырақ тапыр ек.

Бұндайларды білу арқылы Абайдың көп өлеңінің қазіргі буынға, келер буынға түсініксіз, көмескі көрінетін ерекшеліктерін де жақсы танытар едік.

Бізде әлі күнге Абай дәуірі дегенді ғылымдық, конкрет түрде фактілерге толық етіп жазған ешкім жоқ. Жүз жылдық — осындай күрделі зерттеулерді талап ететін болады. Соған жаңағы жайлардың бәрі-бәрінің айғақтарын жию шарт.

Ол жұмыс және, әсіресе, Абай музейлері үшін аса қажет. Осыдан суреттер, әңгімелер, куәліктер де көп жиналады. Соның бәрі музейден орын алатын асыл бұйымдар болмақшы.

Зерттеушінің көбі енді осыған зер салса екен!

1940

## АБАЙДЫҢ ӨМІРБАЯНЫ

Абай осы күнгі Семей облысындағы Шыңғыс деген тауды жайлаған Тобықты руының ішінде, 1845 жылы туған. Абайдың өз әкесі Құнанбай, оның әкесі Өскембай, үшінші атасы Ырғызбай. Бұлардың барлығы да ру ішінде үлкен үстемдік жүргізген адамдар.

Өскембай — Ырғызбайдың өзге балаларының ішінде ең дәмелісі болды. Сол кездегі Кеңгірбай маңайындағы ағайып-туысқан, іні-баласының бәрінен пысық, епті болыпты. Өскембай Кеңгірбай қартайған кезде атқа мініді.

Өскембай өзінің ел менгеру әдісінде ең алдымен, Кеңгірбайдың көпті мезі қылған парақорлық мінезінен бойын қашаңдау ұстауға тырысқан көрінеді. Ру басылар ортасында сақталып қалған сөздің бәрінде: «Ісің адал болса, Өскембайға бар, арам болса Ералыға бар» деген сөз бар.

Бірақ осындай болумен қатар, Өскембай елді күшпен, зорлықпен ықтырып аламын деп, асқақ мінезді көп қолдаған.

Мысалы бір уақыт аулына жүгініске келіп отырған Мәмбетай деген кісіге ашуланып, мұршып кесіп алған... сияқты ісі жаңағы айтқанға дәлел.

Өскембай орта жасқа келгенде, баласы Құнанбай ер жетіп, атқа мінген. Құнанбай 1804 жылы туған. Құнанбайдың шешесі Зере, кісі ренжітпейтін жұмсақ мінезді әйел болған деседі.

1850 жылы, 72 жасында Өскембай өледі. Зере байынан кейін көп жасаған. Ол бертін келіп: 90-ға жетіп өледі. Мұның ақын болатын немересі Абайдың бала, бозбала күнінде аулының бәрі Зерені «кәрі әже» дейді екен. Кәріліктен құлағы есітпейтін болады. Балаларына дұға оқытып, үшкірте береді. Сонда өз қолындағы немересі, Абай, кәрі әжесінің құлағына өлең айтып келіп үшкіреді екен.

Құнанбай жасында әке-шешесі мен өскен ортасынап алған тәрбиеден басқа, оқу тәрбиесін көрмеген.

Мұның орайына жас күндегі өмірі, елдің ол кездегі дағдысы бойынша: батырлық, жорықшылық сияқты істерге көбірек ауған. Өзі құрбы жас жігіттердің ішінде ер, мықты найзагер болып та саналған.

Жасында осындай өмірге салынған Құнанбай кесек мінезді қатты адам болғанға ұсайды. Қаттылығы әншейін ағайынға ғана емес, әке, шеше, жанашыр жақынға да бір қалыпта болған сияқты.

Ел билеп, іс басқаруға келгенде, Құнанбай әкесінен өтімдірек болған. Мұның кісілікке толық ілінген кезінде Сібір даласы «1822 жылдағы Сібір қазақтарына арналып шыққан устав» бойынша өкірікке бөлініп, «өкіріктік приказ» билейтін болған. Өкіріктің бастығы аға сұлтан, приказдың қалған екі мүшесінің бірі үкімет чиновнигі болады (елдің көбі мұны Майыр дейді). Үшінші мүшесі кіші сұлтан атанады. Осы кезде Құнанбай екі жылдай аға сұлтан болады.

Бұрыннан өз орталарынан біреудің болуына көп тілеулес болып жүрген ру жуандары, Құнанбайдың аға сұлтан болуын Құсбек, Жамантайдың партнясынан, патша саясатынан дегісі келмей, «Құнанбай басының қасиетінен» деп кеткен сияқты.

Сол кездегі атқамінерлер аузындағы аңызға қарағанда, Құнанбай: «Қарадан хап болған» деп аталады.

Құнанбай аға сұлтан болған уақытта, өз еліне старшындыққа өзінің тоқал шешесінен туған, Майбасар деген інісін сайлаған. Майбасар тептек, ұрышпақ мінезді, сыйымсыз адам болған. Ел мұны адамшылық, ақыл мінез жағының қайсысынан болса да, басшы болып, ел меңгеруге жарайтын кісі деп білмеген.

Майбасар қылығының салдарынан Жігітек деген ру бастығы Бөжей болып, Құнанбайға өкпелі болады. Бірақ бірде аға сұлтан болып жүрген Құнанбай, әрі сырт елдерге атақты, әрі үкіметке салмақты болып ап, Жігітекті де, басқаларды да бойымен басып шыға берген. Сонымен алғашқы араздық, жаулық кейін ұзақ замандарға созылып кетсе де, Құнанбай тұсындағы алыстың бір буыны Жігітектің жеңілуімен бітеді. Құнанбай Жігітектің он жеті адамын Сібір айдатады.

Бұл кезде Абай ержетіп, ел меңгеруге кіріскен еді. Әкесінің Жігітекпен алысқан, Тоқпамбет үстіндегі, Мұсақұл үстіндегі төбелестерінде баларақ болса да, ер жете бастаған сайын, әкесі мұны ел сөзіне, ел ісіне жұмсай бастайды. Осы Құнанбай ісінің жоғарыда айтылған көп уақиға, көп тартыстары және барлық сол заманның мінездері ақын Абайдың бала күнінен бастап нық байланыса өскен ортасы еді.

Көп басты адамынан айрылған Жігітек талай заманға шейін «көзге қамшы тигендей» болып қалады.

Абай елді меңгеріп алған кезде, Құнанбай біртіндеп кеп ел сөзінен шыққан. Сонымен 72 жасында қажыға барып, қажыдан қайтып келген соң 8—9 жылдан кейін қайтыс болады.

Абай әкесі Құнанбайдың 41 жасында туған. Ақынның өз шешесі — Ұлжан. Тегі Құнанбай көп қатынды болған. Үлкен қатыны қыздай алған — Күнке. Бұдан туған баласы Құдайберді. Екінші әйелі Ұлжан — ол Құнанбайдың інісі Құттымұхамбетке айттырылған қалыңдық екен. Інісі өлген соң келінін алған. Бұдан туған балалары: Тәңірберді, Ыбырай (Абай), Ысқақ, Оспан. Үшінші



әйелі — Айғыз. Одан Қалидолла, Ысмағұл деген балалары болған. «Атадан алтау, анадан төртеу» дейтін Абай өлеңнің мәнісі осы. Төртінші әйелі — Нұрғаным. Бұдан бала болмаған.

Күнкенің жасы Құнанбайдан үлкен екен. Берірек келгенде жасы ұлғайып, күйеуін күте алмайтын болған соң, Құнанбай Ұлжанның қолына шыққан. Бірақ Ұлжанның туған балаларының бәрі бірдей өз шешесінің қолында тәрбиеленбеген. Үлкен баласы Тәңірбердіні жас күнінде Өскембай қолына алып өсіріпті. Ысқақты Құдайбердімен бірге Күнкенің қолында өсірген. Күнке ерте уақыттан бөлек ауыл болып кеткен.

Ұлжан мен Айғыз бір ауыл болып, Құнанбай осылармен тұрған уақытта, екі шешесінің ортасындағы тел баласы кішкене Ыбырай болады. Бұл екі шешесінен кейінірек Оспан, Ысмағұл деген екі бала туған. Бірақ бұлардың жасы Абайдан едәуір кіші. Айғыздың үлкен баласы Қалидолла болса, оқуда жүрген. Сондықтан Абай алғашқы балалық шағын екі шешесінің ортасындағы жалғыз баланың қалында өткізген. Екі шешеге бірдей бала болып жүргендіктен, сол кездегі үлкендері Абайға «Телқара» деп ат қойыпты. Кейін Абай ер жеткен уақытта бірталай жеңгелері ертеден қойылған атпен «Телқара» дейді екен.

Абайдың өз шешесі Қаракесек ішінде Бертіс тұқымы болады. Ұлжанның әкесімен бірге туысқан ағалары Қонтай, Тонтай қалжыңымен даңқы жайылған, белгілі мысқылшыл, тапқыш күлдіргілер болған. Бұл әдет Бертіс, Шаншар руына түгел жайылған мінез. Көрші ел, Шаншардың қулары дегенде: кісіні жазым қылып кететін ит-құсты сөз қылғандай сөйлейді. Жәрменке сияқты қалың жпындарда, бір жерде тобымен жнылып, күліп сөйлеп келе жатқан Шаншарды көрсе, көп елдің кісілері: «ойбай, Шаншар келе жатыр!» деп өрттен қашқандай дүркідей қашады екен. Бұл әдет Шаншардың мысқыл, мазаққа ұста болып, тауып айтқыш, өткір тілдігінен туған нәрсе. Қандай жапшық болса да мінін таппай қоймайды, мінін тауып алса түңлігін ұшырғандай қылып соқтығады. Сөз табуымен кімнің де болса есін шығарып, есеңгіретіп кетеді.

Осы Шаншардың бұрынғы-соңғы заманға шейін аузынан тастамайтын атақты «қуы» Тонтай болған. Тонтайдың барлық өмірі тұтас күлкі болып кеткен. Түгелі-

мен, бастан-аяк жеке-жеке күлкі әңгімеден құралады. Сол әңгімелерге қарағанда Тонтайлар қалың қазақ ортасының, үнемі көңлің көтеріп жүрген, таусылмайтын думаны, ұдайы қызық күлдіргісі. Бүгінгі Европа, Американың Чарли Чаплины, Бестер Китоны сияқты. Осы Тонтайдың інісінен туған әйел бала Ұлжан болады.

Ұлжан сабырлы мінезді кісі болған. Абай — балалық шағын сөз қылғанда өз шешесіне қатты ырза болып, Айғызға іші ренжіпкіреді екен. Анау күндестікті көп сыртқа шығарып, білдірмесе де, Айғыз сол жағынан белгі бергіш болса керек. Бұнысы — өзгемен бірге, көп қатынды семьяның зәрін татып өскендігін де сездіреді.

Ұлжанда тұқымының тауып айтқыш қалжыңшылдығы әбдеп болған. Анда-санда әлдеқалай айтып қалған сөздері қалжың болып, ел есінде ұмытылмай сақталып қалған. Ұлжан да өлерінде қалжың айтқан.

Тонтай өлерінде маңайына жиылып келіп отырған қожа-молдаларға қарап: «жазыла, жазыла қожа-молдалардан да ұят болды, енді өлмесек болмас» деп айтты деген сөз, екінің бірі білетін мәтел сөз сияқты болып кеткен.

Осындай тапқыштық және біреудің мінін ащы тілмен қатты түйрегіштік, пағашысы мен шеше жағынап Абайға да мол келген. Шынға келгенде: Абайдан қалған сөздің ішінде барлық ақындықтың шарты болатын жалынды жанды, өткір сезімді былай қойғанда, қалған сарынның ішінде салқын ақылмен сөйлегіштік көп пе, жоқ шапышпа тілді, соқтықпалы, ащы мысқыл, улы күлкіге бой ұрғандық көп пе? Бұл екі ортасын дәл кесіп-пішіп айыру, ұзақ тексеруді керек қылатын шығар. Бірақ біздің ұғынуымызша соңғы түрі көп сияқты.

Құнанбай жанның бәріне суық болған қалпында, өзінің балаларына да қатты, зілді болған. Сол қаталдық, зілін, ауыр өмір — бұйрығын жас шағында еріксіз орындап, Абай да әке мінезінің ауырталығын көп көреді, басынап көп кешеді. Ал Ұлжан мінезді адам болғандықтан орайы келгенде, өзінің бала, бауыр, қайын сияқтыларына мысқыл әзілді айта береді екен. Қалжыңмен жауаптасуды Абайға бала күнінен өзі де екен сияқты. Осының бір мысалы: Абайды сүндетке 8—9-ға ілініп, ересек болып қалғанда отырғызса керек. Сонда Абай қашып жылап «Құдай, бүйткенше қыз қып жаратпаған екенсің!» депті. Ұлжан соған: «Балам-ау, қыз болсаң ба-

ла таппас па ең, содан қыш боп па?»— дейді. Абай: «Ә, онысы тағы бар ма еді!»— деп уанады екен.

Абайдың ақындық жолында өзге талай жазушы, талай ақынның жолынан бөлек өзіне ғана хас, ерекше тағдыры болған. Ақындығындағы сол ерекшелік Абайдың бала күнінен бастап, соңғы өлер шағына шейін өзгеше шарттардың ішінде өткен ерекше өмірінен туған. Сондықтан енді қолға түскен азып-аулақ мағлұматтар бойынша Абайдың өз басының өміріне келейік:

Абай жоғарыда айтылғандай екі шешенің тел баласы болып жүрген, кішкене кезінде сырт мінез жағынан аңқау, нанғыш және тептектеу де бала болса керек. Бірақ сол кішкене күнінде өзге балалардан ерекше жері, үйге қонған қонақтың әлдеқалай айтқан ертегі сияқты әңгімелерін құлай тыңдайды. Жай өмірде пысық, ширақ емес аңқау болғандықтан, өз шешесінің аулындағы үлкендері: Құнанбайдың бұл баласынан да, Құнкенің қолындағы Ысқақтан көбірек дәме қылған. Ол Абайға қарағанда жас күнінен тықылдаған пысық, ширақ болса керек.

Абай он жасқа келгенде, әкесі Семей қаласына әкеліп оқуға берген. Бұдан бұрын қырда да біраз оқыған болады. Семейдегі алғашқы берген молдасы Ғабдұлжаппар деген татар. Артынан бұдан шығарып Ахмет Риза деген молдаға тапсырған. Екеуі де мешітте имамдық қылады. Және сол мешіттерінің жапында медресе болған. Оқушы шәкірттің көбі медреседе жатып оқиды. Оқу, әрине, ескіше, ылғи дін сабақтары. Соның барлығын да араб, парсы тілдерінде оқиды. Жалпы медреселерде кейінгі заманға шейін сақталып келген салтқа қарағанда: түрік оқу, жолшыбай ғана оқылатын қосымша оқу болу керек.

Оқушы мен оқытушының да барлық уақыты, түгелімен дін діңгегі сияқты болған арабша, одан қала берді парсыша болу керек.

Абай осы медреседе үш жыл оқиды. Оқуға өзімен бірге оқыған үлкен, кіші балалардың барлығынан сонғұрлым зейінді, ұғымтал және ерекше ықыласты болған. Дәрісте арабша кітаптан молдасының бір оқып, бір-ақ рет түрікшеге аударып берген сөздерін екінші ретте кітапқа қарамай өзі жатқа айтып шыға алатындай зерек болған деседі. Сонымен дәріс ретінде оқылатын сабақтарды ұғып, білу Абайға өзге балалардан

сонағұрлым оңай болған. Көп уақытын да алмаған. Сондықтан барлық артылған уақытты Абай өз бетімен өзі сүйген кітаптарын оқуға жұмсап, көп тімтіруге салынады. Өз бетімен оқитын кітаптары, араб, парсы, түрік жұрттарының ақындары. Одап соң сол тілдерде жазылған ертегі, дастан, хисса сияқты әдебиет мұралары.

Бұларды Абай, бала кезіндегі құлай берілгіш мінезі бойынша барын салып, көп оқыған болу керек. Оқуға кірген соң-ақ, балалық дегенді көп білмей, тез есейіп, ілім құған кісінің қалпына оңай түсіп кеткен. Оқыған кітаптың көбіне сынмен қарай білетін, сезімді оқушы бола бастаған сияқты. Өйткені, сол жылдарда Абайдың араб, парсы, түрік ақындарының ішінде өзінің әбден сүйіп, таңдап алған ірі ақындары болған. Солардың әр сөздерін оқып шығып, талай бәйіттерін ұзыннан-ұзақ жаттап алғандары да болған.

Сол бала күнінде жаттаған кей сөздері ұлғайып, кәрілікке жеткен уақытына шейін есінен шықпаған, ұмытылмаған. Абайдың 30 жасында туған баласы, Тұраштың айтуынша, балалары оқып жүрген кітаптардың ішіндегі кейбір сөздерді «Пәлен кітаптың пәлен бетінде» деп, жақылмай жатқа айтып отырушы еді дейді.

Осы сияқты белгілерге қарағанда Абайдың медреседегі оқуы көбінесе «Мұқтасар» сияқты діп кітаптары болмай, дені ақын сөздері болу керек. Ерте күннен әңгімелі, өлең сөздерге ерекше ынтық болып, қатты құмартқан талапты жас шәкірт, ақындық өнерін кәдірлейтін мінезді сол балалық шағынан ала шыққан.

Медресенің ауыр тәрбиесінде жүрген жас шәкірттің шып сүйетін жандары — Науан, Сағди, Қожа-Хафиз, Фзули сияқты ақындар болған.

Бұлардың сөздерін Абай бері келіп ұлғайған уақытына шейін тастамаған. Әрқашан оқып, әрқашан сүйсініп еске алып отырған.

Медреседе оқып жүрген кездерінде жаз болып елге қайтқанда қаладан ала қайтатын кітаптары тағы сол ақындар. Үй ішіне оқып беріп отыратыны да солар болған.

Өзі оқымаса да балаларын оқытып жүрген Құнанбай, бір баласы Қалидолланы орысша оқытып, Абайды мұсылманша оқытып жүргенде, соңғы баласына сопы Аллаяр сияқты ақындарды көп оқытып, өзі де тындай жүреді. Сол кезде Абайдан Ысқақ артық болады деген-

дерге: «Не күтсеңдер де осы жаман қарадан күтесіңдер ғой» дейтін сөзі Абайдың өз есінде қалған екен.

Ескіше оқыту тәртібі шынымен, «ннемен құдық қазғандай» өнімсіз оқу болғанда, Абайдың үш-ақ жыл оқуы сырт көзге аз оқу болса да, өзіне көп жаңалық беріп, көп жаңа дүниенің шетін анықпай сияқты. Алдымен ақындарды көп оқу себепті, Абай араб, парсы тілін сол үш жылдың ішінде жақсы біліп шыққан. Мұның белгісі, сол заманнан қалған бірен-саран өлеңдерінен білінеді.

Кітап жүзінен алған тәрбие мен жазба үлгілер бойынша ол уақыттағы өлеңге жарайтын тіл жалғыз ғана араб, парсы тілі деп біліп, Абай да алғашқы өлеңдерін араб, парсы тілдерімен Фзули, Аллаяр, Бабырша айтады. Балалық шағындағы өлең жазамын деген талабын:

Фзули, Шәмси, Сайқали,  
Науан, Сағди, Фирдоуси,  
Қожа-Хафиз бұ һәммоси  
Мәдәт бер нә шағири фәрияд!—

деп, өзі кәдірлеген ескі ақындардың аруағына сыйынумен бастайды.

Осы аталған аттардың өзіне қарағанда, шығыстағы көпке белгілі болған ірі ақындардың талайымен Абайдың ерте күнде танысып алғандығы даусыз сияқты.

Абай оқуды тастап елдің жас бозбаласы, жас жігіт болып жүрген кезінде де, осы ақындардан алған үлгі әсерден түгел айықпай, көкейінде көп сақтап еді. Сол кезде ұнатқан әйеліне өлең жазса әлгі ретпен кітапшалап жазады.

Әлиф деп ай юзице ғибрат еттім,  
Би балам дәртице нәсбәт еттім...—

деп «әліп», «би» мен жазған өлеңі, одан соң «юзи раушан, көзі гауһар, лағилдек бет үші әхмәр...» деген өлеңдері жас шағында қиялына қатты әсер етіп, тіл кестесінде өздерінің үлгісіне тартып алған, жоғарғы ақындар әсерінен туады.

Абайдың жас күнінен бізге жеткен өлеңдері жоққа тән. Тіпті азғана. Сондықтан бұл туралы ақынның өмірбаянының ішінде ұзақ сөйлеуге орын аздау. Бірен-саран пікір болса ақындық жәйін тексерген мақалада айтылады. Абайдың нағыз ақындық белгісін беріп, өнімді өлең жаза бастаған кезі жігіттік шағы өткен соң баста-

лады. Ол кездегі Абай-арабшыламақ, парсышыламақты теріс пәрсе деп түсінген.

Медреседе үшінші жыл оқып жүрген уақытта, Абай жалғыз мұсылманша оқумен тоқтамай Семей қаласындағы «Приходский школге» түсіп орысша да оқи бастаған. Бірақ, мұндағы оқуы ұзақ болмайды. Бас-аяғы үш-ақ аймен орысша оқуы бітеді. Үш жылмен мұсылманша оқуы доғарылады.

Жасы 13-ке толғанда, ерте есейіп, ақыл сезімі ашыла бастаған, өткір зейінді, ерекше таланты жас шәкіртке аз да болса оқу тәрбие беретін мектептің есігі жабылды.

Екі-үш жылдай қырдан гөрі тәуірірек үлгі беретін қалада болғанда, ақын болатын баланың алған жалғыз ғана пәрлі азығы: Шығыс ақындарын таңу, солардың сөздерін ынтасы ауып сүйіп, көксеу болады.

Осындай дүнне есігін енді ғана ашқалы жаңа ғана саңлау көріп келе жатқан уақытта, Абай, аздаған біліммен үлкен кісінің өміріне кіріседі.

Оқу, білім, кітап тәрбиесі сияқты нәрселер осы қалғаннан көп уақытқа шейін бұйырмаған ас сияқты болып Абайдан алыста қалады. 13 жасқа толғанда әкесі Құнанбай ел билеу жұмысына өзіне серік қылмақ болып, жаңа міндетке арнап, сол жолға баули бастайды.

Баласын оқудан ерте шығарып алуына себеп болған пәрсе: ел жұмысында өзіне серік болатын іні-баланың Абайдан қолайлысы болмағандығы. Бала болса да сол кезде Абай әкесі дәме қыларлық белгілерді көрсете бастаған сияқты. Барлық балаларына қатал, қатты сыншы болған Құнанбай, Абайдың өзгелерден артық екенін ертеден сезген деуге болады.

Баласын оқыта түспей, асығып алған себеп, жоғарыда Құнанбай өмірі туралы айтқан сөздерді еске алсақ, оңай ұғылады. Құнанбай өзі тұстас ру басылардың қақ жартысып өзіне қарсы тұратын жау қылып алып, көп өмірін сол жаулықтың жолында алыс-жұлыспен өткізген. Қарсысына шыққан ру басыларды үлкен тартыстың аяғында жеңіп алса да, сондағы ішке байланған мұз аналардың көбінің есінен кетпеген. Құнанбайдың өз істері, өз мінездері бір болса, екінші жағынан: сыртқа да, ішке де өмірі жүріп жуандап алған Құнанбайдың маңайында да талай сотқар туысқандары болады.

Бұлар Құнанбайдың ұлықтығына мас болып, «пәлен

ауылдың жігіті, түген жақсының туысқаны» деген атпен, шамасы келгенінше емін-еркін пайдаланған. Көп елді мазақтап, қорлап, орынсыз зорлық, қисынсыз жуандық істей берудің үстіне тіпті Құнанбайдың дос боп жүрген ру басыларып да қажытып алған. Сол Құнанбай қарсысында жүрген адамдар Құнанбайдың өзі ғапа емес, жаңағыдай жақыны, өреп-жараны дегеннің барлығына да жауығып, жирене қарайтын болған. Тартыс ретіндегі өшпендік жөнімен, Құнанбайдың жас баласын да өздерінің ертең алысатын жауы есепте біледі. Оны да дұшпан сапайды. Осының бір мысалын Абай өзі де айтады екен.

Бір күні жас бала өзен жағасында ойнап жүргенде, анадай жерде келе жатқан Байсал, Бөжей, Түсіпті көреді. Олар әкесімен араз. Бірақ Абай алдарынан көлдепеш шығады да, қол қусырып тұрып сәлем береді. Бөжей сәлемін алса керек. Байсал жақтырмай: «Аптұрғанның баласының сәлемін алып неғыласың?»—депті. Бөжей тоқтап, баладан: «Бізді көрсең сәлем бер деген әкеңнің үйретіндісі ме, жоқ өзің бердің бе?»—дейді. Абай: «Үйретінді емес, танып әдейі сәлем берейін, батаңызды алайып дедім» десе керек. Байсал сонда тағы да: «Жетпегірдің баласына тағы не бата беруші ек?»—деп жүре бермек болады. Бірақ, Бөжей жүрмей, бата берді дейді. Батасында, «жалғыз-ақ әкесінің мінезін бермесін» дегенді баса айтқаны, Абайдың есінде қалыпты.

Осы бала оқуды тастап әкесіне көмекке келеді. 13 жастағы Абай, әкесі берген бетпен ел сөзіне кіріседі. Әрине жас бала алғашқы аяқ басқан жерден келелі кеңеске кіріп кеткен жоқ. Ел жұмысын шет жағалап ептеп бастауына керек.

Сондықтан ең алғашқы жылдарында әкесінің «барып келінде» жүреді. Кейде қасына кісі қосып беріп, кейде жалғыз өзіне сөз тапсырып, келісім жасауға да ерік береді.

Абай жасына жетпей ұлғая бастайды. Балалық белгісін ерте жоғалтып, сөйлесіп жүрген үлкендеріне бала көрінбеу, олқы түспеу жағын көп ойлайды. Әкенің білігі, өмір талқысы және араласып жүрген үлкендері болсын, барлығы да Абайды оқудан алыстатып әкетумен тоқтамай, табиғи балалық қалпынан да жырып әкеткен.

Жас күнінен-ақ Абай өмірі әлденеше қиқы-жиқы,

шырға түскен. Ішкі балалық дүниесін оңды-солды соққыға алатын, теріс қалыпқа кептейтін, ерекше халдарға ұшыраған.

Өзінің дене қуаты мен ой қуатына лайық келмейтін салмағы зор міндеттер басына түскен соң, Абайі жаратылыстағы зеректік, талантылық сияқты өнерінің барлығын еріксіз осы жолға салған.

Ел кісісімен араласқанда, сөз керек, тапқыштық керек, кезеңді жерге келгенде, айла да, ашу да керек. Әрбір көлденең келген істің тұсында өзгелер не сөйлейді, не істейді. Бұрынғы билер не айтып, не істеген. Өз әкесі қайтеді? Оған қарсы адамдар не тәсілде? Осының бәрін Абай ел сөзіне кірісе бастаған соң-ақ тесіле қарап, толық ұғынып, жете білуге тырысады.

Сонымен балалықтан асып, бозбалалық, жігіттік жағына жеткен уақытта қазақтың ескі сөзі, ескі жол-жобасы, мәтел-тақпақ, ескі биліктеріне елдің мандай кісілерімен қатар түсетіндей білім алады. Бұл уақыттарда қазақтың ескі ақындары кемел шешендері, жорықшыл батырлары, ерлері болсын барлығының жәйіндағы әңгімелер Абайға таныс дүние болып қалған.

Қаладағы оқудан шығыс ақындарын сүюді, ақындықты сүюді ала келген Абайға, ендігі тәрбиеші ұстаз, қазақтың халық қазынасы болады. Осылайша ел даналығын танып, соны ерте қамту, жас талапкерге жаңа зор мектеп болады. Бұл жөніндегі азық білімді, ол әкесінен алмайды, халықтан шыққан шешен ділмәр, ақын, ескі әңгімешіден, көпшіліктен алады. Ең алғашқы, өлең жәйін баяндаған жырында Абай Шортаңбайды. Дулат, Бұқар жырауды ауызға алса, солардың өзін бала күнінен естіп, танып, жаттап, тіпті тамашалап өскенін сезуге болады. Әрине осындай ақындық мұраларымен қатар, мысал, мақал, аңыз, дастан, айтыс, жарыс сияқты өзге де неше алуан сан қазыпаны әжеден, анадан, қонақ жолаушылардан көп есітеді. Ол әңгімелердің, жырлардың көбіндегі ел зары, ел сыны, жуанның зорлығы, қыздың мұңы сияқтыны да көп естіп өседі. Осындай мұраларды сүю Абайдың негіз іргесін, қатал суық билер ортасында ғана қалдырмай, халық мұрасына бейім етіп жүреді.

Бір айтқанды ұғып алу, ұққанын ұмытпау, ел сөзіне соларды керекке жаратып, әңгіме арасына кірістіріп отыру, «жақсы» деген шешендерге көп жайылған салт



еді. Абайға да сол парыз сияқты болған. Жас жігіт сол білімді орнымен керегіне жаратып, келістіріп, көркейтпін сөйлейтін болады. Ел көзіне шешен сияқты көріне бастайды. Басында балалығының арқасында ел сөзіне қорғана кіріскен Абай, аз жылдың ішінде үлкен табыс тапқандай болып адымын ұлғайта бастайды. Бірнеше рет жол көріп, көзі қанған соң елдің «пәлен жақсы, түген жақсы» айла мен еп болмаса, өзге жалпы білімге, ақыл шалымға, өзінен соншалық артық емес екенін сезеді. Абайдың өзінен үлкен кісілерден өзіп кем санамауына себеп болатын тағы бір нәрсе — мұның оқуы барлығы. Ел кісілерінің көпшілігі Құпанбай сияқты, оқымаған адамдар болған уақытта, Абай олардың қасында өзін өзгереді көрген. Надан кісілердің ортасына келіп өлшескенде, өзінің үш жылдық оқуы дардай көрінген.

Бұған халық ескілігі, қазақ фольклорының мол байлығы қосылған соң, Абай аз заманның ішінде ел ортасындағы шешендік, жүйріктік, жарыс сөзде, өз қайратына сенген өршілдікпен құлаштайды.

Абай бұл кездерде үлкен-кішінің ұтымды, шешен жауап айтқанын тәуір бағалап, дау, талас, тартыс егесте өзі де сондайды айтып қалуды машық етеді. Бұны ылғи жәй сөз түрінде айтпай, кейде өлеңмен айтып жіберетіні де болады. Осы күнге шейін бізде Абайдың сөз байлығын лексиконың тексерген еңбек жоқ. Бірақ қазақшасын оқыған адамның барлығына Абай тілінің аса бір мол, бай тіл екенін тану қиын емес. Сол байлық Абайда бала, жігіт күнінен құралып, өсіп келген байлық. Және шешендік өзі де, тапқырлықпен кестелі сөзден, келісімді, ұтымды ойлардан құралғанда — ақындықтың бір ағайыны. Абай ақындығы оның жас кезінен көп мұралар қалдырмаса, «ол кезде Абай ақын емес еді» деу қата болады. Абай сол уақытта да ақын. Ақындығын жәпе мол қолданған, күнде сынға салып, күнде безеп отырған ақын. Онысы және өмір құрылысына күнбе-күн, қолма-қол ұштасып отырған ақындық. Ол, жүйрік шешен, әсем ұшқыр сөздің ақындығы. Көбінесе қара сөзбен айтылған тапқырлық, алғырлық. Бірақ Абай онда өзін «ақынмын» деп санамаған. Өлеңді де, дәл өлең түрінде, келелі тартыс үстінде аз қолданып, жәй ойып, қалжың, мысқыл түрінде көбірек айтып тастап жүрген. Әсіресе жігіттікке жеткен шағында қыз-келіншекке ар-

наған сәлем хат, қалжыңды көбінесе өлеңмен айта беретін болған. Бірақ ол кездегі өлеңнің көбін өзі де ескермей, өзге де көп елемей, барлығы ұмытылып қалған. Есте қалғанның бізде жиылғаны: «Әліп бимен» жазылған тілек хат. Сонан соң «Сап-сап, көңлім» деген өлең еді. Ол Сүйіндік қызына айтылған өлең екен. Бозбалалық шағында Абайдың қатты құмар болған әйелінің бірі осы қыз. Мұның аулына көктемде бір жыл барып түнеп қалғанда, өз аулымен екі арадағы өзен тасып кетіп, қайда барарын білмей қатты сасады. Қыздың аулы мен өзеннің бұл жағасында отырған елдің бәрі ол күнде Құнанбаймен қатты жауласып тұрған кезі болады. Көзге көрінсе, кем қойса сабалуды анық. Сөйтіп сасқалақтағанда Сүйіндік аулының қызметшісі Ербол деген жігіт мұны бір байталға мінгізіп, өзі өгіз мініп, тасып жатқан өзеннен өткізіп салады. Осы Ербол мен Абай кейін жақын болып көпке шейін сенісіп, достасып кетеді.

Абай — жас жігіт кезінен бері, тіпті, ұлғайып келген уақытына шейін, өз басынан махаббаттың көп романдарын кешірген адам. Сонда, әсіресе, жақсы көрген әйелдері — тоғай бойындағы Нұркен дегеннің қызы болады. Онымен Семейде Тінібай үйінде кездесіп бір ай бойы, барлық болыстық, партия істерін ұмытып, жүріп алған уақыттары болған. Сыбан ішінде сондайлық жақсы көріскен әйелі — Сабырбай ақынның қызы Қуандық. Бұл өзі де ақын қыз болған. Абай Аягөзге бір топ кісімен бара жатып, сол қыздың аулына қонады. Абайдың қасында Сүйіндік баласы Асылбек бар екен. Ол — Қуандықтың жездесі. Сол арқылы қалжыңдасып отырып, ақыры Қуандық пен Абай айтысып кетеді. Бұлардың айтысын Сабырбай үй сыртында тындап тұрады.

Ақын Абай ол кездегі қазақтың барлық басқа ақындарының үлгісімен ауызша айтатын, соған машықтанған ақын болады. Тегінде ақын емес кісі, бұрын ақын аты бар жүйріктермен өлеңмен айтыспайды. Ал Абайдың жаңағы ісі, оның бір жер емес талай жерде, жеңіл айттыққа батыл кірісе жүргенін дәлелдейді. Шешендік айтыстың қатарында ақындық айтыстың ілесе жүргенін сездіреді. Ол тіпті жазушы ақын болған кезінде, бертін уақытта да талай ұсақ өлеңін осылайша қолма-қол суырып сала айтатын. «Көкбайға», «Қыздарға», «Қара қатынға», «Масақбайға» деген сияқты толып жатқан эпиграмма, әзіл өлеңдері жазушы Абай емес, фольклор кө-

леміндегі Дулат, Шөже сияқты ақын боп жүрген бір кездерін, әсіресе жастық кездерін ашық таптырады.

Жаңағы айтылған әйелдер сияқты Абайдың жас күнінде қатты сыйлас болған, кейінде тәтті болып жүріп, әр кезде еске алып отыратын әйелінің бірі — Мұрын Таның қызы Тұржан сұлу екен. Бұл кейін сыбан ішіндегі Быжы деген Өзбекке тиіп тұрғанда, Абай әдейілеп барып амаздасып қайтып жүрген.

Мінеки жігіттік шағында осындай өзге көп жастың салтын қолданып, кейде ақындық өнерінің шетін шығара жүрсе де, Абайдың ауған жағы бұлар емес, ел келесіне ат салысқан шешендік пен алғыр, жүйрік, билік болады.

Сонымен ақыл ойға шешендік сезімділікке келгенде ерте ер жеткен жас жігіт, сол уақытта-ақ, өз ортасынан нығы асып, басып оза бастағанын сезгендей болады.

Жалпы ақылмен болжайтын сөздерге келгенде, біреудің айтып тоқтаған жерінің аржағынан жаңа саңылау табамын деп талап етеді.

Біреудің «таптым» дегеніне сынмен қарайтын, «жеттім» дегенін қанағат қылмайтын, аржағынан асырып түсіруге тырысатын талап Абайдың жігіттік шағындағы көптен бөлек ерекше мінезі сияқты. Осы пікірдің дұрыстығын дәлелдеу үшін, ел есінде қалған екі-үш мысалды айталық.

Тегінде Абай өзі жүрген ортада бастығы әкесі боп, барлық ол күндегі «жақсы» дегеннің шама-шарқын тез таниды. Оларда ескі паңдық, надан қара күш болмаса, нағыз адамгершілік, шыны талант қасиеттің аз екенін таниды. Елдің күйзелуі күшті екенін, халықтың сыншы жыршылары айтқан сөздерден әбден біле бастайды. Бұл жағынан қарағанда өз әкесі бір күш несі болса, соның қарсысында жуандарда да ешбір жағынан әбзәл, әулше емес екенін біледі. Ұрлық, пара, пәле қорлық оларда да бықып жатады. Жалғыз-ақ баларақ шағында бұның әкесі, өзін бұған танытқанда «сол елдің терісімен, тентегімен алысамын» деп, өз жағын дұрыс деп танытады. Абай бері келгенше осының шынын дәлелдеп тани алмай, әке ығында, еріксіз бағынумен келеді. Бірақ бертің кеп тапқында сол әкесінің достары мен өзіне де сыншы бола бастайды. Соларды ең алдымен, «күштімін» деген жақтары — жүйріктік шешендік, озғындық жағынан төцкеріп топамақ боп, соқтыға бастайды.

Сонымен Абай өз қайратына сенімді көзбен қарап өз ойына өзі не бола бастаған соң-ақ, ел ішінде кез келген шешеннің қайсысын болса да әңгіме ішінде бір сөзбен мүдіртіп кетпесе ырза болмайтын болады.

Балалық шағынан жаңа өтер-өтпесте, әкесінің жұмсауымен барып, сөйлескендердің барлығына да осы мінезді істей бастаған.

Абайдың жас жігіт кезінде Құнанбайдың көкше ішіндегі тұрғылас, дос кісісі Қаратай болған. Көп елдің сынынша шешен, жүйрік атаңған кісі. Сол Қаратай бір күні Абайдың өзі құрбы жас жігіттерімен жиналып отырған үстіне келіп, жастардың заманын жамандап, өз заманын мақтай бастайды. Сонда Абай бұл сөздерге көп дау айтып келіп, ақырында: «сіздің заманыңызда көрші елдің арасында бір қол кісі болып, жиналып алып түн қатып жүрмесеңдер, жалғыз-жарым кісі қатынаса алмаушы еді. Ұрлық, барымта, бұзықтық көп болғандықтан «әні алып кетті, міні алып кетті» деп, кемпір-шал, қатын-қалаш, жас бала тыныштықпен асын іше алмаушы еді. Сол заман да жақсы ма?» дегенде Қаратай дау айтып келіп: «менің заманым пайғамбарға жақын» депті. Бұған қарсы Абай: «Алатаудың басы күнге жақын, бірақ басында мәңгілік қар жатады. Сайында неше түрлі өсімдік, неше алуан жеміс шығады. Рахым, жақсылыққа алыс жер, алыс заман жоқ. Қайда болса да жетеді. Сіз пайғамбарға Қазрет Әлінің әкесінен жақып емессіз, ол кәпір болған» депті.

Осы сөзді Қаратай Құнанбайға келіп айтқан соң, әкесі Абай келгенде әдеттегі қаттылық, суықтығына салып көп сөз айтып ұрсыпты. Абай үндемей тыңдап алып сыртқа шығады. Сонда Қаратай келіп: «бала, қалай, қайсымыз жақсы екенбіз?» дегенде, Абай: «Бәсе қайсымыз жақсы екенбіз? Біздің тобымызға, ортамызға жалғыз өзің келіп ойдағының бәрін айтқанда, түгелімен қол қойып, тыңдағаннан басқамыз жоқ еді. Сендердің ортаңа келсек қыруар жанды жалғыз шалың ауызға ұрып сөйлетпейді» депті. Осы қағысудың тұсында, әке заманы мен бала заманының айырмасы ғана айтылып отырған жоқ. Екі буынның біріне-бірі қайшы, қарсы көзқарастары да танылады. Елмен елді атыстырып, шабыстырған, бұрынғы пәле басы «басшы» болыстарды сынаған, жақтырмаған сарып бар. Өзі ел мұңына, ел тілегіне жақып адам сезініп, «сол ел тілегіне

бейім болсаң, жақсысың, болмаса өзің де жақсы емессің, өзің билеп қалыптаған заманың да жақсы емес» деген сапалы жаңа жастың, жаңа адамның аңғары сезіледі. Осылайша бірін сынаудан бастап өз уақытындағы, өзінің аржағындағы үлкен жүйрік дегеннің әрқайсысына да ұрынып қалып отырады. Бәрінің де шама-шарқын сынап алып отырады.

Жаңағы сияқты біраз сөзбен Шорманның Мұсасымен де жанасыпты. Мұса — Құнанбай тұрғылас адам. Өз ортасының шешен жүйрік деген адамының маңдай бірі. Бір жылы Семейде Мұса Құнанбаймен бір мәжілісте отырғанда, (тегі Құнанбайдың сұрауымен болса керек) үйдегі балаларының атын атап Садуақас деген баласы барлығын айтады. Сонда Абай: «Бір адамға екі бірдей кісінің атын қояды екен! Ол Сағд бин Уақас деген әкелі-балалы екі кісінің аты емес пе?» — депті.

Осыдан Мұса Абайдың тілін еске алып қалса керек. Екінші бір жерде, Абайдың бірталай кісінің мәжілісінде кіршіме<sup>1</sup> ішіп отырғанда үстіне келіпті. Отырған жұртпен бірге Абай Мұсаны мәжіліске кіргізуге шақырғанда, ол: «жоқ бұл нәрсенің аты кіршіме, тегі ноғайдың «кіршімә» деген сөзінен болса керек. Сондықтан кіріспегенді мақұл көремін» депті. Бұл сөзге Абай: «менің ойымша, ең әуелі бұл сөз ноғайдың тілі емес, парсының «гәршама» «шамаға қарай» деген сөзінен болуға қисынды. Екінші, әрбір нәрсенің «ісіміне» қарай жисмин<sup>2</sup> ала ма, жисмине қарай ісмін ала ма?» «Алма» деген, жемістің аты, сол атына қарап алмайсыз ба?» — депті.

Осы сияқты жұрттың тапқыр деген кісілерінің құр атағына жығылмайтын, бойұсынбайтын ізденгіш, өр мінезді қасиетін Абай оқта-текте өз әкесіне де білдіріп жүрген. Бұл туралы мына бір әңгімені айта кетейік.

Ел ортасының бір үлкен жиынында Құнанбай көп ортасында сөйлеп отырған уақытта, Абай әлденеше оқталып бір нәрсе айтқысы келіп киліге беріпті. Сонда Құнанбай, «тек отыр» деп тоқтатып тастайды. Артынан ел арылып жиыннан қайтып келе жатқанда, әкесі Абайды шақырып алып, көп алдында көлденендегені үшін наразылық айтады. «Маған біткен саған да біткен екен.

---

<sup>1</sup> Кіршіме деген сөздің тегі орыстың коршма дегенінен шыққан. Ескі орыс тілінде ішкілік орны, қабақ көтер деген мағынада.

<sup>2</sup> Жисмин — заты деген сөз.

Алдыма кісі түсірмеймін деуші едім. Шіркін, Қаратай-ай, Бөжеймен де сол араз қып еді, сені осыған баулаған да сол ғой» депті. Абай көп көзінше әкесімен таласқан кінәсін мойнына алады. Содан кейін Құнанбай:

«Кезі келгенде айтпақ болып жүрген сөзім бар еді, соны айтайын:

«Ең әуелі — сен жұрттың бәріне күліп сөйлейсің. Жайдақ су сияқтысың. Жайдақ суды ит те, құс та жалайды, кісіге кәдірің болмайды.

Екінші: көріпгенмен жақын боласын, кісі талғамайтын желбегей жүрген кісінің басына ел үйрілмейді. Ел алатын қылық ол емес» депті.

Осыған Абай: «Қолында құралы бар бірен-саранға ғана тиетін шыңыраудағы судан да, қойшы-қолаңшы, жалшы-жақыбайдың бәріне бірдей пайдасы тиетін жайдақ су артық деп білемін» дейді. Екінші сөзге: «Қазақ ескі бір заманда қой сияқты болған, бір қора қойды жалғыз қойшы «айт» десе өргізіп, «шәйт» десе жусататын заман болған. Одан бері келе ел түйе сияқты болды. Бір шетіне тас тастап «шөк» деп дыбыстаған уақытында аңырайып тұрып барып, бетін бұратын болды. Енді біздің заманымызда ел жылқы тәрізді болды. Мұны, ақ қар, көк мұзда, қар төсеніп, мұз жастанып, етегін төсек, жеңін жастық қылуға шыдаған жылқышы ғана баға алады. Еңбек сіңірген адам ғана ие болады» депті. Әкесімен осы айтысқан сөзі Абайдың бұрынғы жуандардан біржолата бөлекше, өзгеше зор програмын көрсетеді. Алдымен әкесінен өзгеше болмақ. Бұдан халық мұңын ойлаған, халыққа адал еңбек етем, сонымен халық көпшілігімен қабыса «табысам» деген тілек бар. Осы сөздің артынан ол өзі тұстас ру басының жаңағы әкелерге ұқсаған, солар ортасына ұқсаған мінез-әрекеттерімен алысуға бекінеді. Ең алдымен әкенің ырқынан шығады. Өзін: «елге пайдалы адамгершілігі бар, әділ басшы болсам ғана, жақсы адам боламын» деп есептейді. Бұл жөнінде ол өз алдында, осындай ниетпен шыққан басшыны көрген жоқ еді. Өзі тұстастың бәрі де ескіше жуан еді. Сол ортадан үнемі етек бастыны, үнемі қара күштің қарсылығын көрумен күн кешеді. Бірақ олардың кәрісіне де, жасына да бойұсынбайды, ірге бермейді. Мен-сінбей алысумен кетеді. Кейде надандықтарын мазақ етеді.

Жаңағы сияқты мінездің белгісін Қаракесек Алшымбайға да көрсетіпті. Абай Алшымбай аулының күйеуі болады. Үлкен әйелі Ділдә, сол Алшымбайдың немере қызы. Ділдәні алғаннан кейін Абай Алшымбайға сәлем бере, амандаса барады. Қайтарда қайшы әдет бойынша «қалаған-сұрағаны бар ма» деседі.

Сонда Абай шұбар айғырдың үйірі деген бір қысырақты алғысы келгенді айтады. Мұны Алшымбай бере алмай, батамды алсын дейді.

Абай: «ондай батағөй шал өзімде де бар» деп, Алшымбайға бармай кетіпті. Өз тұсындағы ру басыларымен кездескенде жас Абайдың қолданатын мінезі осы сияқты. Ол көпшілігін менсінбейді, місе қылмайды.

Абай жаңағыдай өз талабын алға қойып шыққан кезде жалғыз Тобықты іші ғана емес, бүкіл қазақ даласының барлығында штат партия таластарынан туатын алыс-жұлыс өте көп еді. Оның түбі патшалық саясатының ру басылары ортасына әдейілеп егіп тұратын әрекеттік айналыстан болатын. Неғұрлым тартыс күшті болса, солғұрлым даланың ісі, ру басылар арқылы қалаға кеп сарқатын. Әмір несі болам дегендер дала мен қалада бірдей алысатын.

Патша үкіметінің қырдағы өкіл-ұлықтары бұрын ағасұлтан, беріде болыс, би, елу басы, старшын деген ортаның өзі де, өзгеше нәрсіз, шірік орта болатын. Абайдың бертінде жазған: «Болыс болдым, мінеки», «Болды да партия», «Бөтен елде бар болса», «Қалың елім, қазағым» деген сияқты көптен көп өлеңдеріне көз салып, ойлап қарасақ, сол ортаның жиренішті, құнарсыз сурет, мінездерін, әдет машықтарын — ақын таниды. Патшалықтың парақор ұлық-жандарал, ояз, начальниктеріне, адвокат, чиновник, тілмаштарына табынған жаңағы атқамінерлер — қоғамдық тірлікті ылайылаған неше алуан мін мен дертке толы еді. Ең әуелі патшалық заңоны, сот, әкімшілігі қазақ ішінде, атқамінер ортасының айла-тәсіл, салт-індетінен түк білмейтін. Бұлар мойындарына құрық түсірмейтін қашаған сияқты боп, олақ заңонды олай да, бұлай да алдайтын. Сондағы көп атқамінерге машық болған бір мінез өтірік арыз болатын. Өштескен адамнан, ең алдымен ауылда, қара күшпен қолмен есе алуға тырысады, ол болмаса, жауып мықтап жоймақ болса ұлыққа шабады. Онда, «кісі өлтірді», «ауыл шапты», «жер өртеді», «патшаны жамандады»—

деген сияқты неше алуан жалалар ойлап табу, сол үшін сот алдында жап беру, өтірік куәлар салу — жні кездесетін іс болатын. Немесе, бір жағынап жаңағыдай арыз беріп жала жауып қойып, артынан қыр жөнімен табысып, татуласып алып, сол жауын қайта барып сот алдына, жаңада қиялап өздері ақтау, бұрынғы айтқанын қайтару сияқты әдеттерде толып жатады. Өздері паракор, өздері қолдарына ұры ұстағыш, мөр басқыш, приговор бергіш, би, старшын ел басылары да сансыз көп болатын. Ұлықпенен жемтіктес болып, парамен «ақты» қара, «қараны» ақ дегізе алатын айлакерлер де мол еді. Сөйтіп, ол күндердің арыз, тартыстарын тексергенде кім кінәлі, кім ақтан күйген екенін айыру тіпті қиын болатын. Қөбінесе кінәлі жаза шекпей кінәсіз ақтай күйетін қалдар да аса көп еді. Әсіресе ел жуандарының тартысы момын елге, көпшілікке сор болушы еді. Әсіресе ел жуандарының тартысы олардың өзі емес, ел шығынымен, ел бейнетімен бітуші еді. Абай ел ісіне араласқанда, басында әке ырқымен кетіп, соның күндестерімен еріксіз жауласатын күнге душар болды. Сол әке мен әке достарының бала басына қалдырған ауыртпалығы зәрдей болса да, ол еріксіз сол тағдырына көнуге міндетті болды. Бірақ сол зәрді іше жүре, әділетсізді, қиянатты таныды. Өз ортасы ел қамы емес, ел сорына біткен жуандар ортасы екенін таныды. Соны жоғарыда әкесімен айтысқан жерде анық білдіреді. Енді күнсыз, залалды мінездермен алысып, тым құрыса пайдалы азамат болғысы келеді. Бірақ бұның ол жолын ұққан жуан жоқ. Олар өз машығына тартып, Абайдың өзін де бұрынғы өтірік пәле-жала жабумен жарға жықпақ болды. Солардан бас қорғау ретінде және бір жағынап жаманын жазалаймын, жөнге саламын деген талаппен Абай алысатын болды.

Сонымен осындайдан туатын талас-тартыс, жаулықтың астар жағы, екінші бір саласы үйез, жаңдаралдың кеңсесіне қарай ағылған көп шағым пішінінде болды.

Қалайда болса ел ішінде Абай өз бетіне жүре бастаған соң-ақ, аз уақытта-ақ талас-тартыстың кіндігі қалаға қарай ауысады.

Сонымен 28 жасқа келгенде Абайдың үстінен берілген партия басы жалақорлардың өтірік арызы, көп шағымы Семейдің кеңселеріне түсе береді. Абай бұған орай ешкімді де шақпайды. Бірақ арыздар бойынша



мұны жазаламақ болған ұлық 1872—73 жылдың қысында оны қалаға шақыртады.

Осы жолда Абай 12 үлкен іспен тергеліп, Семей қаласынан 3—4 айға шейін шыға алмай жатады. Бірақ жұмыс саны көп болып тергеуден тергеу болса да Абай бірде-біріне жығылмай ағарып, аман шығады. Біздің қолымызда Абайдың осы жолы тергелген істері қандай-қандай екені туралы мағлұмат жоқ. Бірақ кейін Абайдың өмірбаянын толықтырып, түгел тексеремін деген кісі осы жұмыстарды түгел қарастырып танысу өте қажет болады.

Сонымен Абай 79-жылдарға шейін бір жағы әкесінің ығында болса, екінші жағынан сол әкесінің басындағы міндеттерді амалсыз арқалайтын болды. Әкесінің барлық жаулары, барлық талас-тартыстары түгелімен кеп Абайды басады. Ел билейтін кісілікпен «сол кісілік» жолындағы партия майдапы, бас балуанға Абайдың өзін жырып шығарады.

Бұл жолда алғашқы жекеленіп шығу жаңағы 12 тергеуден басталуға керек. Сол тергеулердің тұсында Абай ұлық атаулының талайын көріп, барлығымен де, әлденеше халда кездескен болады.

Ұлық алдында жұмысты болу, бір ғана ұлықтың өзі емес, сол кездің көп-көп адвокат, тілмаш сияқтыларымен де кездестіру керек. Соның барлығымен араласу көп нәрсеге көзін қандырып, Абайға заң-закон дегендерді білдіру керек. Әрине осымен қатар орыс тілін білу, әлсіз жағын ұғыну, Абайға жаңа міндет сияқта-нады.

Қыр тартысын ұлық пен закон шеңберіне қай жағынан әкеп сыйғызуға болады? Ұлықпен қалай арбасуға болады? Осының бәрі Абайдың түгел ұғынып, толық білуіне қажет нәрселер сияқты көрінеді. Ел ортасында жетер өріс алар нәр болса бәрін таныған, баураған Абай, өзінің ойшыл, жүйрік сыншы ақылымен енді бұрынғыға қанағат етпей ілгері қарай дамуды жаңа азық, нәр табуды талап етеді. Арыз үшін, ұлық үшін емес, білім-тәлім, тәрбие үшін көксейді. Білсем, жетсем деген зор тілек, үлкен талап пайда болады. Бұл үшін орыстың тілін білу керек. Оқу, зерттеу, іздену керек.

Сонымен алғаш рет орыстың тілін іздеп, оқу біліміне барынша құмартып көңіл бөлу осы кезден басталады. Бұл уақытқа шейін Абайдың барлық орысша оқуы үш-

ақ айлық сабақпен біткен. Әрине, ол білім кейінгі күндерге Абайға азық болды деп айтуға болмайды. Орысша жағынан іздену жаңағы істің тұсында сол 27—28 жасынан басталады. Бірақ, алғашқы жылдардағы қарастыруда үнемі салынып іздеген іс емес. Қалада болған уақытта оқта-текте қарастырады.

1872—73 жылдардың қысы жаңағыдай боп өтсе де, Абай ел жұмысынан босай алмады. Құр тергеуге іліндіргені болмаса, жаулары да жеңе алмаған. Бұрын дос тұтып жүрген елі, әлі де болса мұның қасында қалған.

Бұл уақыттарда Абай қыр жұмысын жалғыз әкесінің ғана нұсқауымен жүргізбейді. Өз жанынан жаңалықтар тауып, өзі сүйген жолдарын да қолдана бастайды.

Абай әкесі қолданған, бұрынғы қара күш орнына зорлықтың ешбірін де қолданбайды. Жоғарыда әкесі тапқан мін көбінесе осы жағынан болу керек. Патшалық күшін Құнанбай қолданса да, сонымен қатар қыр жолымен, өз күшімен қол қимылын жұмсауда аса көп болған. Мысал үшін Қодарды өлтіруін еске алсақ та болады.

Сонымен Абай 29 жасқа толғанында, қарсысындағы ру басыларды ең алғашқы рет емін-еркін басып, жеңіп алады. Жеңгенінің белгісі өзімен көп алысқан, Оразбай Аққұлы баласының аулында болған сайлауға жанына туған-туысқандарынан ешкімді ертпей, өзі тапқан достарын қасына алып барып, үйдегі Ысқақ деген інісін болыстыққа сайлап қайтады.

Ысқақтың алғашқы болыс болғаны 1873 жыл, Абай сол Ысқақты ұдайымен үш сайлауда 9 жыл болыс қылады. Осыдан кейін оқта-текте болмаса Құнанбай баласы, Құнанбай немерелері болыстықтың үнемі иесі болады да, өзгенің бірде-біріне тимей қояды.

Абай осы кезге дейін өзінің ақын екенін білсін-білмесін бірақ өз басына ақындық іс екен, жол екен, уақыт бөліп, еңбек қылатын кең өріс екен деп білмеген.

Тегінде Абайдың жас шағында айтқан ірі өлеңдері өте көп болмау керек, ұсақ жағы көп. Оны да қағазға жазбай, орайы келген жерлерде қалжың сөз ретінде ауызша айта салып, артынан өзі де ескермей ұмытып қала берген.

Сөйтсе де қолға түскен бірен-саранның айтылған себептерін қарасақ, көпшілігі біреуді қалжың қылған, мысқыл, мазақ аралас өлеңдер. Бұларының бәрі де өлең

кылған кісінің көзіне қалжыңдап, күліп айтқан сөз сияқты. Абайдың ерте баста айта бастаған өлеңі осы тәрізделеді.

Екінші түрлі өлеңдері қыз-келіншекке жастық дағдысымен жазған хат өлеңдер, ол жайын жоғарыда айттық.

Одан соң жігіт күнінде Сүгірдің қызына құмар болып, «Ақ етің аппақ екең атқан таңдай» деген бір өлеңі болса керек. Бірақ ол өлеңін түгел білетін кісі кездеспеді.

Қүлкімен қалжың қылып айтатын өлеңді Абай бала күнінен бастаған көрінеді. 12 жасында бір жолаушы қатынға айтты деген бір ауыз өлең бұған дәлел. Сол уақытта-ақ мінегіш, мысқылшыл, кішкене Абай болашақ үлкен сатирик Абайды таптықандай. Кейін айтатын қалжың өлеңнің барлығы да осы бетпен өседі.

Осымен әр жылдар, әр жерде, кейде ұзақтау болса, кейде бірер ауыз ғана қалжың өлеңдер айта жүріп Абай жаңағы Ысқақ болыс болған жылдарға келеді. Бұл уақытта бір деген басшы кісі атанып, айтқаны кімге болса да бұлды боларлық дәрежеге жетеді. Болыс болып күндегі істі інісі бастағанда, өзі елдің сыртқы шеңберін ұстап, үлкен таразысын бағатын кісі болады. Кісілік, билік барлығының тұтқасы Абай болады. Дос атаулы да Абай басына үйіріледі. Ел ортасының дау-шарын, билік сөзін түгелімен өзі атқарып, өзі басқарады.

Осылайша сырт жағынан қарағанда біраз тыныштық сияқтанған халмен тіршілік еткен кезінде Абай өзінің, өзге әмірші биден өзгешелік пішінін таныта бастайды. Бұрынғы атқамінердің парақорлық, өз жағына бұрғыштық, әділсіздік мінездерінің бәрінен аулақ. Барынша әділ, шыншыл болуға тырысады. Өз ортасына бұл жағынан үлгі, ұстаз болғысы келеді. Осымен қатар енді ілім-білім өрісін табуға беттейді.

Жасы 30-дан асқан соң, бұрынғы азды-көпті білімін есіне түсіріп, орыстың тілін мықтап оқиды. Қалада жатып едәуір тіл білген соң, енді көп кітап оқуға кіріседі.

Содан біраз жыл өткенде Абайдың күндегі өмірінде үлкен орынды кітап алады. Кітапты тәртіппен, ретпен оқымаса да, пәлен жақсы, түген жақсы дегендердің сөздеріне, бірі артынан біріне ауысып, құмарлана қадалып оқи береді.

Бір жағы ел сөзі, ел жұмысымен жатса, екіншісі

әдейі қала кітапханасының кітаптары үшін де Семейде қысқы айларда ұзақ уақыт жатып алатын болып, өз-өзінен ізденіп, қармана бастайды.

Осымен 35—36 жастардың шамасында кітап қарастырудың жолында жүріп, Абай 1880 жылдарда Петербурдап айдалып келген төңкерісшіл, халықшыл Михаэлис деген кісімен таныс болады. Михаэлис ол кезде жас. Петербур университетінің студенті болып жүрген күнінде айдалған екен, атақты Чернышевскийдің жақын танысының бірі болса керек.

Сол Михаэлис Семейдің кітапханасынан Толстойдың кітабын сұрап тұрған Абайды көреді. Танысады.

Басында кітапханада кездесіп жүріп, артынан жақын таныс, тату адамдардың қалына жетеді.

Михаэлис осы барғаннан Семей облысынан қайта алмай 40 жыл тұрып, сол жақта өлген. Әуелгі кезде Семейдің өзінде тұрып, арғынан Өскемен қаласын мекен еткен. Міні осы уақыттардың барлығында, алғашқы рет таныс болып алған соң Абаймен ұдайы кездесіп, немесе хатпен хабарласып тұрған. Бертін келе Абайдың аулына қонаққа да барады. Аздан соң Михаэлис арқылы Абай 80-жылдарда айдалған басқа халықшылдармен де танысқан. Соның ішінде халықшыл адвокат — Грос, жас доктор — Долгополов сияқтылар болған. Грос айдалып келге соң, қазақтың ескі жобасы бойынша айтылатын билік — кесім сияқты ескі әдет-заңдарын жиып қарастыруға салынған. Сонымен бұ да Абаймен араласып, қырға шығып 3—4 айдай Абайдың аулында жатып қайтқан. Кейінірек уақытта Абайдың аулына Долгополов та келіп, қонақ болып жатып жүреді.

Абайдың қазақтан басқа, өзге ел адамдарымен танысуы жалғыз бұл аталған кісілермен бітпейді. Патшалық үкіметімен алысып, каторгіге айдалып, Сібірден қашқан Кавказ адамдарының да бірнешеуі Абайды тапқаны бар. Бұлардың ішінде Шамильдің баласы, Тәштемірдің баласы деген адамдардың да Абай қолына келіп, ат мініп, пұл алып кетіп жүргендері болған. Тәштемірдің баласын бір жаз бойы қонақ етіп, күтіп аттандырған деседі. Қазан татарынан шығып солдатықтан қашып, ел ішіне келген Ғабитхан, Қішкене молда деген кісілер елде Абайдың туысқаны сияқты бол

қазақтан қатып алып, біржола қазақ боп тұрып қалғаны да бар. Патшалық үкіметі бұл жөндерде Абайға қырын қарап, аулына бірнеше рет тінту шығартқан. Ал Долгополовтар шыққанда жасырын полиция арқылы қырда астыртын надзор жасатып қойғаны да бар. Бұл жай — соңғы жылдар Семей архивінен табылған «Долгополов ісі» деген істен әбден анық болып отыр. Абай өзіне білім берер, жаңалық айтар дос іздеген уақытта чиновник төреден іздемей, бертін келе ылғи жаңағыдай адамдарды дос тұтады. Соларды кәдірлейді. Солар арқылы өз мағлұматын зорайтып, осылар ұсынған кітаптарды оқиды. Бұл жағдай Абайдың өздігінен оқып өсу жолында — өзгеше жақсы жағдай болады. Керекті, дұрыс өнімді бағытпен барып, Европа мәдениетінің ең қымбат қазыналарына қол артуына себепші болады.

Осындай өзгеше достардың барлығының ішінде ең алдымен таныс болып, Абайға алдымен пайдалы әсер еткен кісі — Михаэлис. Михаэлистің істеген еңбегі көп болғандықтан, Абай кейінгі уақыттарда «дүниеге көзімді ашқан кісі Михаэлис» деп, алғашқы басшылық істеп, бет нұсқағандығы үшін өмір бойы алғыс айтып кеткен. Михаэлистің өзінің тексерген саласы табиғат ғылымы болса да (жердің жаратылысын оқыған) әр тарау жолдардан мағлұматтары болған мәдениетті адам, Абайға қандай кітапты оқу туралы шынымен үлкен ұстаз есебінде бағыт берген.

Бұрын қолына түскеннің бәрін талғаусыз, ретсіз оқып жүрген Абай, ендігі оқуын Михаэлистің ұсынысы бойынша үлкен тәртіпті ретке қойып, көркем әдебиет, сын, фэлсафа, тарих, табиғат ғылымдары, әлеуметшілік жайындағы кітаптарға шейін тарау-тарауымен, жоспармен оқитын болған.

Осы бетпен орыстың белгілі ақын-жазушыларынан Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Тургенев, Салтыков-Щедрин, Писарев, европа ақындарынан — Гете, Байрон; фэлсафашыл, табиғатшыл білгіштерінен — Спенсер, Спиноза, Луис, Дарвин, тарихшыларынан — Дрепер сияқты талайларды оқыған.

Алғашқы кезде оқығандарының көбі орыстың көркем әдебиет пен сыны болу керек. Көп заманға шейін қалада жатып оқып, кейінірек талай кітаптарды қырға да алып шығып, елде де қарастыратын болады.

Әдебиет тұсында жалғыз орыс жазушыларымен

тоқтамай, Европаның көпке жайылған романшыларын да оқыған.

Әр-беріден соң сол кітаптарды өз оқуымен қанағат қылмай, маңайындағыларға әңгіме қылып, айтып отыруды әдет қыла бастайды. Сол 35—40 жастың арасында өзі кітап қарастыра бастағанымен қатар, екінші баласы Әбдірахманды Семей қаласындағы үйездік школға оқуға береді. Бұл баласы кейін өндіріп ұзақ оқып кетеді.

Артынан біраз жылдан соң, үшінші баласы — Мағауяны да, әйел баласы — Күлбәданды да әкеліп, орыс школына береді.

Абай енді Семей қаласының үйез, жандарал, судьялар сияқты құр төрелікке мәз болған ұлықтарынан мүлдем басқаша адамдарды тапты. Ұлықтардан білімді, ой-санасы сонағұрлым жоғары тұрған Михаэлис, Грос сияқты зор білімді кісілердің мәжілістерінде болып, өзі де ғылым зерттей бастайды. Абайға жаңа жарық дүниенің шеті енді ашылғандай болады. Сонымен 1884—85-жылдары жасы қырыққа таман ілінгенде Абай дүниеден көп мағлұматы бар кісі болады. Әрнәрсе туралы, ғылым-философияға сүйенген арнаулы көзқарасы, сыны бар, әншейін ел кісілерінен сонағұрлым қырағы озған кісі болып, жекеленіп шыға бастайды.

Бұдан кейінгі Абай елге де құр Құнанбайдың баласы болмай ең алдымен өзге «жақсы» дегеннің бәрінен білімі, ақылы, сөзі мен өнері артық кісі болып таныла бастайды. Көптің ұғынып жүрген құр сөз «жақсысы» емес, Абай ең алдымен білгіш, кемел, шешен, жүйрік болып санала бастайды.

Енді өз елімен кейде келісіп, кейде келіспей жүрсе де, сырт елдердің сөз ұғарлық тәуір деген кісілері Абайдың атағын көп естіп, әңгіме-мәжілісіне құмар бола бастайды. Бұлардың ішінде өз ортасындағы басшылық үстемдікті нық ұстап қалам деп, өз уақытындағы әр алуан қоғамдық, шаруашылық жаңалықтарға бой сұнып ойыса бастаған адамдар да бар еді. Абай тегінде білім алып, өзге бұрынғы, ескі үлгідегі ру басыдан басқаша болғанда, сол ортаның өзін де өзгертіп, түзеткісі келеді. Елге пәле әкелуші емес, қоғамына пайдалы еңбек етерлік адамдар шығарғысы келеді. Сол өз ортасы өзінше жаңғырып, өнерленіп, жаңа заманға бұрынғылардан гөрі көбірек үйлесіп, мәдениетке ие болсын деп

тырысады. Осындай бағытын ұғар-ау деген адамдарды өз елінен де, басқа елден де тапқысы келеді. Өзіне қосарға алуға тырысады.

Сонымен көбінің өз тілектері бойынша Абай құда болып, кейбірімен сыйлас, тамыр, дос болады. Жалғыз Семей үйезі емес Қарқаралы, Өскемен, Аягөз айналасының ру басыларымен де жақындық таба бастайды. Абайдың атағы мен дәрежесі Тобықты емес, сап Тобықтыдай елдерге жете бастайды. Бұрынғы шешендік, зеректік, сыншылдықтың үстіне европаша жақсы, сенімді құрал тауып алған соң, Абаймен қай елдің мақтаған «жақсылары», атақты шешендері болса да, тіресіп сөйлесіп, пікір таластыруға жарамайтын болып қалады. Қай-қайсысы болса да, сыртқы даңқы зор болғанмен Абайға келіп кездескенде дүниені болжар білімі, шалымы жоқ болғандықтан Абайдың қасында білгіштің қасындағы паданның халінде қалып отырады.

Сонымен Семей қаласында болсын, басқа дуандарда болсын бірнеше үйез елдердің болыс, билері, бас қосқан үлкен съездерде Абай өзімен толық тең түсіп, толық мәжілісте болатын қазақ кісісін көре алмаған.

Бір Тобықты емес, өз туысындағы қазақтың қайсысынан болса да өзінің сонауғұрлым озып кеткендігін сезген. Осыны сезіп, ұғынуының арты, қазақ еліне әмір жүргізуші жуанның барлық жай-күйіне бұрынғыдан да өткір, қатты сынмен қарауды күшейтеді. Ел жайына, ел ортасындағы өз жайына болса да қанағат қылмайтын, заманынан озғын ойларды ойлай бастайды.

Абай енді тентек-тебіз, ұрлық-қарлық, алыс-жұлыс сияқты теріс мінездердің барлығы атқамінер тобына түгел жайылған мін екенін көреді. Сол терістіктерді түзететін тез болғысы келеді. Ұғарлық, ойланарлық санасы бар-ау деген кісілерге өспет, ақыл айтып ұстаз бола бастайды.

Сонымен 40 жасқа толған Абай енді өз ортасының ақылды, ақылшы басшысы болады.

Отыз жасқа шейінгі өмірі өз ырқынан басқарак, әке тізесімен өткен болса, ендігі өмірді, жаңа құрылған негіз, пікір бойынша жаңа мағыналы түрде өткізгісі келеді.

Осы соңғы мақсатқа қарай сусуына европа оқығандарына таныс болып, кітап жүзінен алған пікір, тәрбиесі де қосымша себеп болады. Сонымен қатар, ауысып, өз-

геріп келе жатқан заман жайындағы өзінің ойланған ойы, жаңа түсініктері әсіресе себеп болады.

Өз айтуынша «Отыздың ішінен бастап Европа оқымыстыларының көп кітаптарын оқып, қырыққа таман келген уақытта, бұрынғы дүниенің асты-үстіне шығып өзгеріп, «күншығысым күнбатыс, күнбатысым күншығыс болып кетті» дейді. Абай әрбір жақсы сөзді оқығаншың артынан, соның ағымына ақыл-ойымен терең бойлайтын әдеттер табады. Мәселен Будданы оқып шыққанның артынан: «Будданың сөзі қалай терең еді, жасымда кез келмеді-ау» деген сөзі, не болмаса өмір бойы Лермонтовты сүйіп: «Бұл махаббатқа уланған шың ақын, махаббатын улаған ашу» деген сияқты сөздері, бұның шығыс, батыс өнерін аса зор бағалай бастағанын көрсетеді.

Осы сияқты өзгерген сана, жаңарған ұғым, бағыт бойынша Абай енді өзі мінеген партия тартысынан айығып, аршылып шығуға тырысады. Бірақ ортасы мен айналасы Абайды бұдап түгел босатпайды. Еркін өзін билетпейді:

Ерте ояндым, ойландым жете алмадым,  
Етек басты көн көрдім елден бірақ,—

дейді.

Болмаса:

Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,  
Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме!—

дейді. Ақыл айтады, сөгеді. Көппен бірге өз мінін де теріп, өзін де жазалайды. Бірақ ем болмайды.

Осыдан соң сыртқы өмір бұның ырқына көнбей, қайта өзінің билігіне бұны еріксіз көндіріп, ескі жолға қайта тарта берген соң, Абайдың ойы мен ісі екіге бөлінеді.

40 жастан асқан соңғы Абай, бізге бір Абай емес, екі Абай болып кетеді. Біреуі — бұрынғы күйге үйлескісі келмей, заманның ортасынан озып шығып, сыншы, ұстаз, ақын, данышпан болуға айналған Абай да, екіншісі — күндігі өмірдің талқысы мен шырмауынан шыға алмаған, ел меңгеруші Абай.

Абайдың ішінде осындай екі тарау жол шығады. Бір жүрек екіге бөлініп, жыртылып айрылады. Заманнан ақыл сезімі артып, озған жалғыздың трагедиясы (қайғысы) туады. Сол қайғысы сыртқа шығатын бір жол бо-



лу керек. Абайдың ендігі ұғынуы бойынша сыртқы өмірі жеміссіз, ажарсыз, мағанасыз болса, оған өз ішінде толып жатқан жартылық бар. Ойына жиылған улы зар, үлкен мұң, қалың арман бар. Осының бәрін сырт көзге көрсетіп, іштегі өкінішке тыныс ем етерлік нәрсе, ақындық болады. Өлең болады. Сонымен 1884—86 жылдардан бері қарай Абайдың нағыз өнімді ақындығы басталады.

Енді бұл кездегі Абайға ақындық үлкен қадырлы мағынасы бар әлеуметтік қызмет, қоғамдық зор еңбек боп танылады. Ол — надандық, зорлық, жуандық, пәлеқорлық сияқты атқамінерлер мінезімен мықтап тұрып алысуға кіріскен еңбегі. Абайды кейінгі буынға және сол кездегі қалың елге, көпшілікке, саналы жастарға, нағыз кәдірлі Абай етіп көрсететін еңбегі. Ақындықты сыншы, тәрбиеші, қасиетті дос етіп ұсынады. Зұлымдық, надандықпен кектене алысады. Мін атаулыны көзге шұқып, басқа сабап айтады.

1884—86 жылдардан бастап Абай осындай өлеңге кіріседі. Бұлайша кірісуіне іштей себеп болған нәрселердің барлығын мәлімдедік.

Бірақ осы жылдарға жаңағы айтылған жәймен қатар, Абайдың ақындық еңбегіне сыртқы өмірдің үлкен бөгеттері тағы араласады.

Құнанбай балаларының дәуірі ұзақ жүргендіктен, барлық Ырғызбай деген рудың ішінде, болысы да, болыс емесі де түгелімен бақ-мастыққа салынып, орынсыз жуандық, орайсыз тентектік молаяды. Сонымен ел ортасындағы жалпы наразылық күшейеді. Ырғызбаймын деу: орынсыз еркелік, орайсыз тентектік, жуандыққа кепілсіз, шексіз берілген билет сияқты болады.

Сондай себептер жиылып келіп, және ру басылардың тек жүре алмайтын пәле іздегіш мінездері де себепші боп, Абайдың туыстары мен сол ел жуандарының екі арасынан зор тың тартыс туады. Абайдың өз басы кінәсіз болса да, тек отырайын десе де, жау жағы да, өз жағы да еркіне қоймайды. Жақындары пәлені бастап алып, салмағын Абайға әкеп тастайды. Күншіл, кекшіл, арамза атқамінерлер де Абайдың ақтығына, жазықсыздығына қарамай, арызбен шағым айтса, ылғи пәле басы қып Абайды атайды. Соны сүйрейді. Осы мінезді бұрын Абайға жақынмын деп жүрген кісілер алдымен бастайды.

Ең алдымен, бұрынғы дос болып жүрген Ербол, Жи-ренше, Күнту сияқты сенген адамдары кетеді. Осылар-дың ішінде Абайдың «Күн ашықта қойныңда» дейтін құнсыз, бұзақы ағайындарынан да қосылушы болады.

Кісілік, әкімдік болса оны таласып алатын да солар. Жаманшылық бұзық мінездерінен ел бүлінгенде пәле-ден бас сауғалап қашатын да солар. Өз мінездерімен Абай басына пәле әкеп тастайтын да солар. Мысалы, Шыңғысқа сол кезде болыс боп тұрған Ысқақ ойына келгенін істейді. Өз қолымен Жігітек ішіндегі көрпекті атқамінерлердің бірі Бұламбай дегенді сабайды. Тоғалак руынан Мақсытбай дегенді сабайды. Болыстың қатыны кез келген қостың семізін сұраусыз, тергеусіз ұстатып алып сойғызып жатады. Осындайлар бұларға жақын жүрген Жириенше, Оразбайларды да түгелдейді. Сондай кісілер болып жиылып кеп, Абайдан өтініш етіп Ысқақ-ты түсіруді сұрайды. Абай Ысқақ мінезінен өзі де жире-ніп, жаңағылардың дегенін істеп, оны орпынан түсірту-ге себепші болады. Бірақ, оның есебіне басқа біреуі сайланып, Ысқақтардың іс жүзіндегі үстемдігі қайтадан сақталып қалады.

Сондықтан сайлау басынан кете бере өздерінің біреуі сайланбаған, сол үшін өкпелі болған жаңағы Жириенше, Ербол, Абралы, Күнту бастаған бірнеше ру басылар біріне-бірі сыр шешіп, серт байласады. Енді Абайдың қарсысына бұрынғы досымын деген кісілердің өздері басшы боп, шығысатын болады. Қелесі сайлауға әзір-ленеді.

Бірақ, жаңағы сайланған кісілер болсын, өзге ел болсын, қай-қайсы болса да нақ сайлау күніне шейін сырттарымен баяғыша Абайдың ала көңілсіз досы бо-лып жүреді. Не істесе де бірде-бірін Абайға айтпайтын, сездірмейтін болып, барлық дос атаулысы түгелімен анттасып, баталасып алады. Істің бәрін жасырын істей-ді. Сонымен ел ішінде партия бары да білінбейді. Бұл айлакер атқамінерлердің ерекше шебер жасаған, кәдім-гі жасырын ұйымы болады. Басшылары іс пен сөздің барлығын бірнеше сепімді кісілеріне тапсырып, қалың елге өз ниеттерін, үлкен сырларын шашпай қойған. Елге сенбей бүркеп, тығып ұстаған.

Осымен 1884 жылдың сайлау күні болды.

Бұл сайлаудың алдында Абаймен алысушылар өз жағына әркімді, әртүрлі еп, есеппен тартады. Мысалы,

Оразбай көпке шейін Абайдан қол үзіп кетпей, мына-лардың сырын білсе де өзі қостамай, үндемей жүреді екен. Ол — малға бай да, тартысқа белді адамның бірі. Соны алу үшін Жиренше болыстыққа, Оразбайдың екі жақын адамын белгілейді. Бірі құдасы — Құнту, екіншісі құда әрі дос, ниеттесі — Абралы. Осының «бірін болыс, бірін кандидат қоямыз, күш, билік өз қолына келеді» деп тартады. Оразбай мұны шырға көріп, басында елікпейді. Абайдың әзірлігі бар шығар деп біледі. Бұған келіп сыр тартып ел бүлінбес пе екен, қалай болар екен?— дейді. Оны Абай тыңдамайды. Ойы тартыс емес. Оразбайдікін құр дағдылы пәле іздегіштік деп біледі. Оразбай сонан кейін аналарға қосылып кетеді.

Үйездің алдында елдің елу басылары болыс болатын кісіге тас салар жерде, Оспанмен бірге шарға түсетін болып ойда жоқтан Құнту Жоңға баласының аты аталады. Баталасып алған елу басылардың барлығы түгелімен тастарын Құнтуға салып жіберіп, бұл күнге шейін дайындалып келген болысты төңкерістің бетін Құнту болыс болып шыға келген жерде, бір-ақ ашады. Құнтуға кандидат қылып Абыралы баласы Арапты сайлайды. Абай жағының атағынан бірде-бір кісі ілінбейді. Бидің бәрін де ана жақ өзінен сайлайды.

Осы оқиға бұдан бұрын елге жанашыр достығым бар, үлгі берер еңбегім бар, адал, шыншыл ниетім бар, өзгелердей емес, жаманшылығым жоқ деп, келген Абайға үлкен, орынсыз қаза сияқты көрінеді.

Қаза, бөгде біреудің болыс боп кеткендігінен емес, өйткені Абайдың аулында жатып, соның дегенін істейтін сайлаушы үйез Тихонов сайлауды қайтадан бұзбақ болады. Бірақ бұған Абай көнбей, өзі бекіттіреді. Бұл іс Абайға ең алдымен адамгершілік қазасы болған сияқты. Досым деп жүрген кісінің барлығы түгелімен бір-ақ сағаттың ішінде жау екенін білдіріп, ол жаулықты сыртына шығармастан, іштеріне үлкен еппен жасырып жүріп кеп, қатты кеткені, Абайдың досқа сенгіш, таза көңілін мазақ қылып кеткен сияқты болады.

Абай, осы істің тұсында өмірдің де, барлық хиянатшыл достың да бұған қарап бетін тыржитып тұрған мінезін көрген сияқты болады.

Ел ішіндегі іс осыған келіп тірелген соң, кітап тәрбиесі, ой тәрбиесімен жаңа бағыт ұстанармын деп жүрген ниетінің барлығы уақытша еріксіз бөгеліп қалады

да, Абай амалсыздан тартыс, жаулықтың ортасында калады. Бұл уақытта Абай тоқтайын десе де, тоқтай алмас еді. Өйткені, өз кісілерін болыс қойып жеңіп алған ел, Құнанбай балаларынан есебін алу керек. Жеңгендіктің жемісін теру керек. Одан соң олардың ұғыпуынша Абай жағы қайта алыспай, кек алмай қоймайды. Сондықтан оны әлсіретіп, біржолата меңдетіп алу керек. Қырда түгел шыға алмасаң, ұлыққа шағып, соның күшімен жаныштау керек. Олай болса үстінен арыз беріп, әсіресе өздерінен сайланған болыс, бидің мөрін приговорын пайдаланып, қылмысты кісі қылып көрсету керек.

Мұның бәрі тынымсыз алыс, тоқтаусыз партия тартыс болмай қоймайды. Сонымен Абайдың ендігі алысы, бас қорғаудың алысы болады. Енді ерік өзіне тимей, тілесе де, тілемесе де, алысу керек болады.

Осымен 1884—86 жылдар түгелімен алыспен өтеді. Бірақ 80-жылдардан кейін Абай бір кісі емес, екі кісі болып бөлінеді дедік. Қайтадан еріксіз алысқа кірсе де, жаңағы жылдардың ішінде Абай бірталай өлең шығарды. 84—85-жылдар «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» деген сияқты бір-екі өлеңді ғапа туғызса, 1886 жылы Абайдың нағыз ақындыққа шынымен бой беріп, көп үңіле бастағанын білдіреді. Бұл жылда 16—17 өлең шығарады. Абайдың осы күнге шейінгі, баспаларында «халық туралы» деп жүрген өлеңдерінің көбі осы жылда өз ортасынан алғашқы рет қатты торыққан көңлінен шыққан сөздері болады. Сол өлеңдерінің ішінде:

Көңлім қайтты достаң да, дұшпаннан да,  
Алдамаған кім қалды тірі жаңда...—

деген сияқты талай-талай сөздерден Құнту болыс болатын сайлаудың алыстағы сарыны сезілгендей болады. Сонымен қатар бұл өлеңдерінің барлығы өзінің шын налыған, зары да сияқты. Бірақ бұл жылдарға шейін Абай өлеңді жазса да өз атымен жазбай, ылғи «Көкпай айтқан өлең» деп жүргізеді. Сондықтан зарланып жатқан Көкпайды аяп, кейде:

«Сорлы Көкпай жылайды,  
Жылайды да жырлайды.  
Жыламай қайтып тұрады;  
Мынау азған қу заман,

Қалыбында тұрмайды,  
Біреу малды ұрлайды,  
Біреу басты қорлайды,  
...болмаған соң  
Жылауына зорлайды»,—

лейді. 82-жылдардан бастап, осы 85—86-жылдардан Абай, Пушкин, Лермонтовтан бірен-саран өлендерді қазақшаға аударып та байқайды.

Бірақ, жоғарғы айтқан ретпен Құнту болыс болып алған соң; Абайдың үстінен арыз, шағым, ұлық кеңселеріне ойлағандай-ақ топырлап түсе бастады.

Өз атаған кісісі болыс болған соң, ру басылары осы жолғы қолына тиген әкімшілікті әбден пайдаланады. Сол ретпен өзіне ерген 400 үйін алып, Оразбай Шыңғыс болысынан бөлініп шығып, Бұғылыға қосылады. Бұрын бұл бөлініп шығам дегенде болыс боп отырған Құнанбай балалары мөр, приговор бермей өз ауқымынан шығармайтын. «Түбі» жаулық ойласа басқа болыста отырып алысып кетсе құрығымыз үнемі жете бермейді деп, андысқан кісіні өз қасынан шығармай қоятын, көп болыс, көп мықты жуанның есебі саясат болатын. Оразбайды бөлек болыс қып жібере қою Құнту, Жиреншелерге де түп есеп үшін керек. Құнанбай балаларына үнемі бар Тобықтының елін билетіп отырмас үшін, өз орталарынан бірер мықтыны аналардың құрығынан ұзатып жіберіп, соған Тобықты шеңберіндегі партияның бір қабырғасын сүйетіп, өздері соны арқа тіреу, бел қып отырып алысуға да дұрыс келеді. Құнтудың болыс болуы жеңген жаққа осындайда бір нәтиже береді.

Екінші, сол Құнтудың өзі де Құнанбай баласының қол астына қайта қарап қалмас үшін, өзіне ерген Жігітек, Бөкенші руларын алып, көршілес Мұқыр болысына шығуға жол әзірлеп қояды. Кейін мұны түсіретін мезгіл болғанда, Құнту өзіне қажет болатын мөр, приговорды сайлап жүріп, өзі болыстықтан түсісімен Мұқырға шығып кетеді. Бұл Құнту болыс болудың ең соңғы уақиғасы.

Бірақ, бұғап жетпестен бұрын, ол адамдар ең әуелі Құнанбай жағының барлық бұзарлары үшін, Абайды жазалауға кіріседі.

Осындай қызу тартыс үстінде «Құнанбай баласынан болыстық кетті» деген дақпырт, ұлық айдатқан Жігітек адамдарына да жетеді. Сонымен Бөжей заманынан

бері қарайғы жаулықты мықтап ұстаған Базаралы қашып келеді. Құнтудың болыстығына сеніп, «қайта ұстатпайды, ұлыққа көрсетпейді» деп бір сеніп, екінші енді орайы келсе, ескі кегін қуып көрмек боп та келеді.

Осы сияқты әр алуан түрде құралып келген уақиғалар алыстың түйінін шиелендіре береді. Тартыс қырда да, ойда да қатты қозады.

Осындаймен жүргенде, 1885 жылы Қарамола деген жәрмеңкеде ол күндегі әдет бойынша, бірнеше дуан бас қосатын шербешнай (төтенше) съезд болады. Осыған Абай да келеді. Бұл уақытта Тобықты ішінде Абайға жау болып шыққан кісілер, өздеріне іштей тілектес болатын атқамінерлерді басқа елден де тауып алған болады. Бұрын Абайдың өзге сырт елдегі достары көп болса, сол достарының қарсысында жүрген жаулары да бар еді. Енді Тобықты іші жіктеліп алғанда, солар шұрқырасып келіп, Абайдың Тобықты ішіндегі жауларымен табысып, тобын молайтады.

Шербешнай съезге жиылған топтың ішінде осы сияқты Абайға қастық ниет ойлайтын кісілердің барлығы Қарамолаға келетін жандаралдан Абайды жазалауды күтеді. Абай айдалар деп те үміт қылатындар болады. Сонымен жандарал келіп, тосып тұрған ел кісілерін жағалай жүріп әрқайсысымен танысып келе жатып, Абайға келгенде: «Партияшыл, ел бүлдіргіш Құнанбаев сенбісің?» дейді. Абай: «Мен» депті. «Неге партия қыласың» дегенде: «жалғыз мен қылмаймын дүние түгел партия, жанды-жансыз мақлұқтың барлығы да алыс-тартыспен тіршілік етеді. Тіршілік — күрес. Сіздің өзіңіз де партия қыласыз» дейді.

— Сені ел адамдары неге көп жамандайды,— дегенде:

— Олар көп, мен жалғызбын. Көп — жуан, әрқашан тентек, бұзық. Бұзық көппен алысқан жалғыз жаманатты болмай тұрмайды. Бірақ көп екен деп жаманның сөзін мақұлдау керек пе?— депті.

Абай өзге ұлықтарға істейтін мінезін осы жандаралға да істеген. Жалпы атқамінерлерше ұлыққа пара беру, жалынған дегенді Абай ешуақытта білген емес. Оны өз тұсындағы дұшпандары да айта алмайды екен. Қай ұлықпен болса да тең сөйлеседі. Елдің тыныштық іздеген тілегін жеткізе айтады. Және, әсіресе, ешбір ұлық

баса алмайтын ұрлық, шабуыл, құн дауы, жер дауы сияқты дау-шар атаулының бәрін де қалай шешіп, қалай аяқтау жолдарын, Абай барлық басқа адамнан артық біледі. Сол жолда ел-елге тыныштық тапқызып, мағынасыз құр алыс, бос пәледен құтқарады. Бұл өзінің де іздейтіні. Сондықтан ұлық атаулы бұның ақылына өзі келіп, өз әлсіздігін біліп келіп, амалсыздан қоңсы қопатын. Жаңағы жандаралша Абайға құлшынып, жазалаймын деп келіп, артынан жаңағыдай, мәдениетті түрде өзімен тең сөйлесетін Абайды көргенде еріксіз құралынап айрылып қалатын. Мына жандарал да Қарамола съезінде соны істейді: Абайды сөйлесіп, танып алған соң еріксіз келіп сол съезге төбе би қып өзі ұсынатын болады. Өзге шағымқор, шен құмар, парашыл атқамінердің, ешнәрсені шеше алмайтыны көреді. Ел арыздары шешілмесе кеңсеге тағы көп тілектер үйіледі. Сондайлардың себебімен Абайдың билігіне өзі құштар боп, өзге ру басыларға кеп: «съезді жақсы өткізіндер. Ұрыда ақысы кеткендердің ақысын толық әперіндер. Съезді жақсы өткізу үшін Абай сияқты кісіні төбе би сайландар» деп, Абайды шербешнай съездің төбе биі қылып, қайтып кетеді.

Бірақ съезд осылай өтсе де, Құнту болыс болып тұрған уақытта Абаймен ұстасқан ел тартыстан да, арыз шағымнан да тыйылмаған.

Сонымен 86-жылы көрсету қатты молайып кеткендіктен, Абайды қарсы жағы жер аудартуға да жақындайды.

Осы орайда Семей қаласына Ақмола, Семей облысының Корпус генерал губернаторы келеді. Абайға жаулық ойлағандардың арызы оның алдынан да жаңбырша жауады. Корпус бұл істерді көрген соң, Абайды жер аударуды бекітпекші болады. Бірақ, сол уақытта мұның қасында, Корпустың кеңсесін басқаратын Лосовский деген чиповник бар екен. Бұл бұрын Семей уезіне начальник болып, Абайды жақсы білетін адам еді. Сол араға түсіп, Абайды Корпусқа жолықтырып бетпе-бет сөйлестіріпті, Абай мұнымен де жай арызшы түрінде емес, жаңағы жандаралмен сөйлескендей, оқымысты кісіше еркін, тең сөйлесе керек; дәл не сөйлескені мәлім емес. Бірақ әңгіменің артынан Абайға: «Сен ортаңнан басың асқан адам екенсің» депті дейді.

Осы әңгіменің артынан бұрынғы жер аударылу де-

ген сөз қалады. Аздан соң Күнту өтірік шағымдары үшін болыстықтан түсіп, қызметті басқа кісіге тапсырады.

Бірақ, Семейде болып жатқан бұл түрдегі өзгерісті ел білмейді. Абай айдалатын болыпты деген, дақпыртқа нанған қарсы жағы осы кезде Абайдың Тәңірберді деген ағасының бір қос жылқысын тиіп алады. Алумен тұрмай топты жылқыны талап әкетіп, көбін қырып салады. Дәл осы уақытта Күнту болыстықтан түсіп қалады. «Назначеннемен» Абай жағынан болыс болады деген хабар келіп, пәле басы атқамінерлердің берекесі кетіп, қатты сасады.

Айдаудан қайтқан Базаралы тегі осы кезде кеп киліксе керек. Абайды әлсіреттік деп, бойына күш кіріп жүрген жуандарға бұл келіп екпін беріп жібереді. Сонымен Тәңірбердінің мыңға тарта жылқысын тиіп алған бетте, бата қимылдайтын әсіресе Жігітек болады. Шабуылға жігітін мол жіберген ел де сол. Оразбай, Күнту сияқтылардың өз бастары бұл уақиғадан сырт қалады. Жігітек жылқыны алған бетінде пышақ үстінен үлесіп әкетіп, бүтіл Қарауыл өзенінен өрлей, құлай отырған ел, жағалай сояды. Бұл іс, ол уақытта да естімеген ірі іс боп шығады. Күнту, Оразбайлардың өзі де қатты қорқанды. Болыстық тағы қолдарынан кетіп қалған. Ендігі тартысқа басшылық ету былай тұрсын, өздері бас сауғалай бастайды. Күнту Мұқыр болысына осы орайда шығады да Оразбай Құнанбай балаларынан татулық іздеп, бұрынғы кетіп қалған болысынан шығып, Шыңғысқа қайта кеп кіреді. Күнту құдасы болғандықтан, сол ұшырап кетеді деп араға дәнекер болмаққа қайта келеді. Құнанбай балалары бұны жуасып келген күйінде, қайта алуын алады. Бірақ Оразбайдың өз басына тимегенмен Жігітекті оқшаулап шығарып ап, қатты кек қуады. Алынған жылқыны Жігітек сойып, қырып, жеп қойған еді. Енді соның әр жылқысына екі бестіден төлеу кестіріп, қолма-қол тіздіріп алады. Тәңірбердінің шығынынан кірісі асып түседі. Бірақ, соған орай Жігітек тегіс кедей боп, тұралап тұрып қалады. Сол жылдар көшуге жарамай, қыстау-қыстау басында ошарлап жатақ боп отырып қалған ауылдары көп болады. Сонымен, Күнту болыс болғанның арты сол ру басылардың айдап салған көпшілігіне тағы бір ауыртпалық боп бітеді. Аман қалғанда пәлеге бастық болған ру басылардың



ұпайы түгел боп аман тұрады да, көпшілік ерін арқалап қалады.

87-жылы келесі сайлау болғанда, қалған Шыңғысқа Оспан болыс болады.

1884 жылдан соң елдің сөзінен безер боп, басын алып қашқан Абай жаңағы уақиғалар тұсында амалсыз кіріссе де, енді бір іспен сөзді іні, балаға тастап, өзі шамасы келсе кіріспеуге тырысады. Шынымен ел тыныштығын іздейді. Өз басы нәрлік еңбекке берілмек болады. Сондықтан Оспанға екі жақтағы болыстарға өкпелеп шығып кеткен ағайындармен татуласуды тапсырады. 89-жыл шамасында айтқандай ағайынның барлығымен табысады.

Абай ел жұмысын Оспанға тапсырып, өзі бір беткей ілім іздеу жолына, ақындыққа бой ұрады. 80-жылдардан бұрын кетіп оқуға кіріскен ақын кітабын ешуақытта да тастамаған еді. Сонымен бірге 86-жылдан кейін, 89-жылға жеткенше тағы да ел жұмысымен, кітаппен қатар өз өлеңдерін де жазып отырған. Рас, 87—88 жылдар көп өлең жазған жоқ. Бірақ дәл 86-жылдай болмады демесек, бұрынғыға қарағанда бұл жылдар да тегін өткен жоқ. Екі жылда жиыны оншақтыдай өлең жазады.

Сонымен 89-жылға келіп, сыртқы өмірінде әлгідей тыныштық, толас болған соң, мүмкін болғанынша бұрынғы арман қылған, мағыналы өмірін бастап көреді. Ең алдымен бұл жылда тағы да кітапты көп оқиды. Өз қолындағы кітаптары біткенде әдейі ат айдатып қалаға кісі жіберіп, Семей кітапханасынан жаңа кітаптар алғызып, оқығанын қайтарып жіберіп, жаңғыртып отырады.

Осы жыл Абайдың барлық ақындық қызметінің ішіндегі ең өнімді, ең жемісті жылы болды. 89-жыл 25 шамалы өлең жазылады. Бұл сөздерінің ішінде бұрынғыша өз ортасының өзі көрген кемшілік міндерін, қатал сыншы, үлкен ұстаз тілімен шенеп, тексеру бар. Сонымен қатар, махаббат жайындағы сөздер, табиғат суреттері, бас қайғысы да бар. Одан соң Пушкиннің Онегинін аудара береді.

Және осы жылдан бастап Абайдың білімі мен өсиетіне құмар болған, ел ішінің көзі ашық жастарына Абайдың аулы: үлкен білгіштің медресесі сияқты болады. Абай — ұстаз да, мұның алдына келген, сөз ұғатын, ынталы, талапты жастардың бәрі — шәкірт. Абай іні,

бала, ағайындарына мағыналы тәрбиеші бола бастайды.

Өз өмірінде көрген істерінің барлығы жеміссіз болып, ілгері бастырмағандықтан, енді сөз ұғатын жастарды жаңа жолмен өзі қиял қылған өнер-білімге және адамгершілік үгіттерге қарай жетектеп баулағысы келеді. Бұларға өз өмірін мінеп, басынап атқарған қата жұмыстарының барлығын жасырмай, бүркемей мойнына алып айтып отырып, ендігі жастың ол түрдегі өнімсіз жолдан аулақ болғанын тілейді. Ескі үлгіде қалма, өзгерген заманның жаңа түрлі басшысы болуға әзірлен дейді. Сондықтан өлең сөздерінде бір айтса, ауызша өсиет мәжілістерімен тағы да баулып, ылғи ғана сол атаған жаңа жолына қарай бастайды. Абай жалғыз өз өсиетіне қанағат қылмай, жаңағы жастардың сезім тәрбиесін толтырмақ болып, сол 89-жылы көбіне музыка үйретпекші болады. Сол мақсатпен Көкен еліндегі Мұқа деген скрипкашыны аулына алғызады. Тағы сол жылы Әсет деген ақынды да сақтайды. Осымен 91-жылға шейінгі өмірі Абайдың өзінше ең мағыналы өткізген жылдары болады. 90—91-жылдарда жиырма шақты өлең жазады. Сол уақыттарда жас шәкірт болып, әкесінің қолында тұрып, оқып жүрген Тұраш мынаны айтады: «Осы жылдарда мәжілісінде ілім сөзінен басқа сөз жоқ болды. Бар талапкер жастар болып сөзін тындап медреседегі шәкірттерше ақиқат олай емес, бұлай деп, бір-бірімізбен дауласып жатушы едік» дейді.

«Сол екі жылдың ішінде жоғарыда айтылған өлеңдермен бірге және де көп өлеңдеріне ән де шығарып еді. Ұстаздық қылып отырғанда бізге: малқұмар, мансапқұмар адам — адам емес деп ұғындырушы еді. Эрдайым сағынып, көкsep, қатты рахаттанатын уақыты: сөзді ұғар-ау деген адамдарға, жастарға, ілім сөзін сөйлеп, насихат айтып отыратын кезі болушы еді. Онда сөзге түсіп отырғанында шаруа судай ағып бара жатса да, қаперіне алған емес. Біреуі не шаруа айтып, немесе ел арасындағы партияның жайын айтып сөзін бөлсе кейіп, я ашуланып қалушы еді.

Сауданың, ақшаның есебі секілді есеп әңгімесі шықса аза бойы қаза тұрып, жеркенген кісідей болып мазасы кетіп «есептерің бар болса аулаққа барып есептендер» деп, өзі отырған үйінен қуып жіберуші еді дейді.

Осы айтылған сөздердің барлығы жалғыз Абайдың өз баласы емес, сол кездерде Абайдың тәрбиесінде болған көп адамдардың бірдей айтатын сөздері. Сондай өмір, осындай мағыналы, үлгілі жол, Абайдың барлық кейінгі өмірінде, айнымай ұстансам деген жолы болады.

Егерде ел ішінің бір қалыпта тұрмайтын тынышсыз, тынымсыз әдеттері осындай өмірден Абайды кейуақытта еріксіз тартып алмаса, Абай 89-жылдан бастап, соңғы күндеріне шейін өз өмірін осы жолмен өткізбекші еді.

Бірақ, ойлаған мақсат, ниеті бұл тұста түгелімен арман қылған өрісіне жете алмады. 90-жылға дейін тыныштық болып келіп дәл сол жылдың жазында, Оспан мен Оразбай қайта араздасып, жауласа бастайды. Абай басында бұл екеуін татуластырмақ болып арасына жүріп көреді. Бірақ екеуі де тоқтаса алмай, жауласып кетеді. Осы жаулық тоқтамайтын болып ұлғайып өсіп, тағы да Шыңғыстың шегінен асып Тобықтыға жетіп, Тобықтының лаңы басқа сырт елдерге де жаңадан жайыла бастайды. Ол араздықтың түбі тағы да Абайға кеп мықтап соғады.

Тартыс үстінде Оспан Оразбайды жазаға іліндірмек болса керек. Соны білген Оразбай қалаға қашып кетеді. Оспан ел ішінде билер съезін өз дегенінше өткізіп алып, қалаға Оразбайды қуа барады да, ояз кеңсесінің алдынан оны өз арбасына таңып алып, елге әкеледі. Бұрын зорлыққа бойұсынбаймын, көнбеймін деп тіресіп жүрген Оразбайға мынау істеген іс, «құлақ естіп, көз көрмеген» қорлық жаза болады. Содан ол, енді қайтып Құнанбай баласымен бітіспейтін, кескілескен жау болып, ант етіп кетеді. Оспан бұрыннан елді шошытқан қатал, тентек мінезі бойынша қарсыға шығар-ау деген Оразбайды жаңағыдаймен біржолата шошытып, жаныштап жібермек болады. Бірақ осы істеген ісінің арты көп арыз, көп қуғын болып, ең алдымен өзі болыстығынан түседі. Орнына кандидаты Арапты қоймай, сол кездегі долынжы би (бұл болыс пен кандидат екеуі де орнынан тайса, уақытша болыстық міндетін атқаратын бірінші би) Шәке деген інісін болыс қояды. Осы араздық жаулық арты Абайға ең зор дұшпандық, ең салмағы ауыр міндет боп тағы кеп ошарылады. Алдында Абай іс міндеттің бәрін Оспанға тастап, босандым деп қойып еді. Сол, Оспан жаңағы ұлы пәленің артынан, үлкен тартыс

енді молайып келе жатқанда, 1891 жылы өліп қалады. Мұның өлімі, Абай көрген қатты ауыр қазаның бірі болады. 92-жылғы өлеңдерінің көбінде Абай Оспанның өлімімен уланып, дерттенген жәйін, көп жерде сездіреді. Осы өлімнің өзіне арнап та өлең айтады.

Оспап өлген соң, барлық жаудың азабы мен елдің әлегі түгел келіп Абайдың жеке басына түседі. Еңбекке толық, тыныштық өмір бұзылады. Барлық ішкі қуат сезімімен бұрынғыны барынша жек көріп, жиреніп алған Абай қайтадан сол әуелгі қалыпқа келген соң, тіршіліктің бұл сыбағасын ас орнына у тартқандай көреді.

Бірақ қалай да болса кіріспесіне болмайды. Кірісу міндет болып алған. Өспет көкесп, мәжілісіп іздеген жастарға медресе есігі жабылғандай болады.

Осыдан кейін өлеңдері де бұрынғылар сияқты тыныштықпен отырып жазылмай, ерекше тынышсыздық, алыс-жұлыстың үстінде әр жерде жазыла жүреді.

Шынында осы жылдардан соң Абайдың өлеңімен қатар аудармалары көп орын ала бастайды. Жыл сайын жазатын жалпы өлең саны 10—12-нің шамасында болғанда, соның бірталайы аударма болады. Өмірінің аяқ жағына жақындаған сайын өз өлеңінен аударманың саны артық бола береді. Мәселен 86-жылдан соң ең көп жазған жылы 89-жыл еді. Сондағы барлық өлеңнің саны жиырманьың ішінде болса, ішінен бесеу-алтауы-ақ өзінікі. Қалғандары аударма. 91-жылғы жаулық тағы да ұзаққа кетеді. Осы тартыс бір ел емес, әлденеше түрлі жұмыстардың тұсында бола келіп, 98-жылға шейін созылады. Бұл екі арада, Абай өмірінде болған үлкен өзгерістер, 92-жылы Оспанның үйіндегі (бұл Құнанбайдың үлкен үйі болады) Еркежан деген келініп алады. Оспап өлгенде артында қалың дәулет пен үш қатышы қалады. Бірақ, ешбіреуінен бала болмаған. Оспанның үш қатынын, Тәңірберді, Абай, Ысқақ сияқты үш ағасы алып, ауылдары мен мал-мүліктерін де, келіндері отырған орындарға қарай бөлісіп алады. Көп сыбаға үлкен келін мен Абайға тиісті болады.

Еркежанды Абай өле-өлгенше аса жақсы көрумен кеткен. Мұны алған соң, өзге екі әйеліне көп жуымайды. Қыс болса олардың қыстаулары да Еркежан қыстауынан (Жидебайдан) алыс болады. Абай үнемі осы Оспап үйінде, үлкен ауылда орнығып тұрып қалады.

Еркежаннап басқа бұрын Абайдың екі әйелі бар еді. Біреуі — жоғарыда айтылған Алшымбай аулының қызы Ділдә. Екіншісі — тоқал алған Әйгерім. Алғашқы әйелінен: Ақылбай, Әбдірахман, Мағауния деген балалары болған.

Абай Еркежанды алмай тұрғанда, көбінесе Ділдәнің аулында болып, кіші әйелінің балаларын сол ауылда өз қасына алып жүріп, Мағауниямен бірге тәрбиелеген. Әйгерімнің қыстауы Аралтөбеде. Ол Еркежан қыстауынан 70 шақырым жерде болады. Өзі Оспан аулына орнаған соң, балаларының көбін қысы-жазы өзімен бірге ұстаған. Өз қолында болмаған баласы оқудағы Әбдірахман ғана.

Ол Семейде үйездік оқуды бітірген соң, Түменнің «реальный училищесіне» барып, соны бітіреді. Содан кейін Петербурға барып, Семейде үйез болған Лосовскийдің маслихаты бойынша, «Михайловский — Артиллерийский школға» түскен. Басында Абай «Технологический институтқа» түс деп, жіберген екен. Сабакка кешігіп келіп, түсе алмайтын болған соң, жаңағы Лосовский айтқан мектепке түсіп, соны бітіріп шыққан. Әбдірахман Абайдың қатты сүйеніш көріп, қатты үміт қылған баласының бірі болған.

Бұл жаңағы мектепті бітірумен де қанағат қылмай, енді «әскерлік артиллерия академиясына» түсемін деп жүргенде, костоед (құрт ауру) болып, 1895 жылдың гинуарында қызмет етіп тұрған жері Алматы (Верный) қаласында қайтыс болған.

Оспанның өлімінен соң Абайды қатты күйдірген өлімнің бірі осы болады.

Бұл баласы Абайдай әке өмірінің жалғыз бір үлкен жұбанышы болған. Соның, мұратына жете алмай ерте өлгені, артында қалған әкесін қатты қайғыға салған. Ел ортасында «етек басты көріп» талпынған, білім, мәдениет өзіне алыс болғанда, Абайдың аңсап, іздеп, көп күткені сол баласының келешегі еді. Шынымен көп үшін өнімді еңбек істеп, мағыналы адамшылық ұрығын шашады деген жалғыз үміті сол еді. Соның ерте өлгендігі Абайдың жүрегінен тағы да қатты толқынып келген көп зарды шығарады. Әбіштің (Әбдірахман) өліміне арнап айтқан өлеңдері, Оспанның өліміне айтқаннан да зарлы, шерлі сөздер болады. Бұл өлімде, осы кездегі бар-

лық басқа өлеңдеріне қайғы мен өкініштің, қалың арманның уытын жайғандай болады.

Әрине, бұл уақыттарда Абай нағыз қалыптанған ақынның өзі еді. Сыртқы өмірдің у қосып тартып жатқан сыбағасы бар. Өз ішінде, қалыптаып толған сыншы ақылдың, бұпы табынан ұзатып әкететін жалғыздығы бар. Оның үстіне жанына сүйеніш санап, тіршілігін жұбаныш қылған сүйікті жандарының өлімі бар. Осының бәрі жиналған соң, елмен алысып жүрсе де, Абай өлеңді өз жүрегінің тынысы сияқты қылып алған. Сондықтан, Лермонтовтай ақындардың өлеңдерін қазақша аударса, сол сөздерді құр ғапа сыртқы келісіміп сүйгендіктен аудармайды. Барлығын да өз жүрегіне түсінікті, өз халына жанасатын, өз қиялына дәл келетін, ерекше бір жақындығы болғандықтан аударады. Өзі шығаратын өлеңдерімен қатар, аудармалар, ақынның өз жүрегінен толқып шыққан қайғылы шердің де айнасы, толас тынысы сияқты болады.

Осындай болып қалыптанған ішкі өмірдің күйі Абайдың соңғы күндеріне шейін біржолата пығайып, орпығып алған сарын болады. Әредікте қыс болсын, жаз болсын ел сөзінен қолы босап, аз да болса, орнығып отыратын уақыт болса, 89—90-жылдардағыдай тағы да да тәрбиешілік, ұстаздық қылады.

Бұл уақытта жалғыз өсиетін айтпай, шығыс пен батыстағы өзі таныс болған бұрынғы-соңғы данышпан ғалым, ақын, жазушы атаулының бәрінен мысал келтіріп отырады. Сол ретпен, өзі оқыған қызықты, шебер романдардың көбін де өз тілі, өз аудармасы, редакциясымен әсем әңгіме қып айтып береді. Абай мектебінен тараған осындайлық жаңа, сопы әңгімелердің ішінде, өз уақытына жаңа болған «Мың бір түн», «Шаһнама», «Бақтажары», «Ләйлі — Мәжнүн», «Көрұғлы Сұлтан» сияқтылардан басқа, Европаның да талай романдары болады. Абайдың айтқанынан тараған А. Дюманың: «Үш мушкетері», «Он жылдан соңы», «Король қатып Маргосы», Пушкин әңгімелері және батыс Европада орта ғасырда инквизиция сотының заманын суреттейтін, «Қызыл сақал» деген роман, оған соң Америка, Африкада жабайылар ортасында күн кешкен, «жаһанкездер» жайындағы романдарда көп айтылатын болған. Абай тәрбиесінің тағы бір ерекшелігі — ол өзін «Шығыс адамы едім», «мұсылмап едім» деп дін тұсауына бағындырма-

ған. Жастарға үлгі тәлім етіп айтқанда, өлеңінде Толстой, Салтыков-Щедринді ұсынғаны сияқты, ауызша өсиетке де Сократ Хакім, Аристотель сияқтыларды көп атайды. Ұлттық тар көлемде де қалмайды. Сондықтан өзінің тәрбиесінде болған жас ақындарға әңгімелі поэмалар жазуға тақырыптар бергенде, құлашты тіпті кең жаяды. Көкпай сияқтыларға қазақ тарихының ескілігін баяндайтын тақырыптар берсе, Мағаунияға патшалықпен алысқан Шәмилдің жайын поэма еткізеді. Және сол Мағаунияға «Медғат — Қасым» деген поэмада, Африкадағы плантатор мен памыскер ер құлдың алысқанын әңгіме еткізеді. Ақылбайға Кавказдағы «Дағыстан» жәйіппан Африкадағы «Зұлыстар» жәйіппан поэма жазғызады. Міне жастардың ұстазы болған Абай ең алдымен осындай көркем тәрбиеші, аға ақын боп зор қызмет етеді. Бірақ жаңағы атқамінерлер пәлесі тағы да ырық бермейді.

Оразбаймен ұстасқан жаулық 91-жылдан бастап 1897 жылға жетеді. Бұл кезде Абайдың ел ұстарлық Ақылбай, Мағауния сияқты балалары, Кәкітай сияқты немере інілері жетсе де, Абайдың соңынан ерген ел, жалпы тартыс болсын, ел ішінің келелі кеңесі, билігі болсын, үлкен шербешнай съездер мен болыстық съездері болсын, барлығынан да Абайды босатпайды.

Жоғарыда біз Абай өмірінің сыртқы өзгерістерін санаған уақытта, көбінесе партиямен алыс-тартысты айттық. Бірақ, соның барлығымен қатар, Абайдың ел ішінде ең үлкен, ең дана, әділ басшы болғанын да еске алу керек.

Қарамолада бірнеше елдің бас қосқан съезіне төбе би болған сияқты, Көктұмадағы, Жетісу мен Семей облысының бас қосқан шербешнай съезінде, Абай тағы төбе би болған.

Мұндай жерде Абайдың білімі мен жүйріктігіне және көлденеңге айтатын шебер, әділ билігіне талай рет көзі жеткен атқамінерлер іштей жау болып жүрсе де, сырттай ешуақытта қарсылық көрсетпеген. Өз беттерінде ру араларының дау-шарын шеше алмайтын ұлық та, бұл сияқты «дала заңына» жетік адамға еріксіз жол беретін болған.

Сол шербешнайларда ақылдасатын елдердің, қашанғы істерін, қандай істерін қандайлық жол-жобамен қарау керек, соған жалпы ереже жасалады. Осы ережелер

көп байлардың ортасына салынып, тексеріліп өткен соң, қаулы болып бекіледі де: ақыры жұмысты тергейтін «третей билері» түгелімен сол ережені қолданады.

Міні осындай тәртіппен болатын шербешнайлардың қайсысына барса да Абай көбінесе төбе би болып, солардың ереже атаулысының барлығын өзі жазып, көптің сынына салып өткеріп отырған. Мәселен Көктума съезінде Абай жазған ереже 92 статья еді деседі. Бұл ережелердің барлығы да қазақ елінің ескіден келе жатқан жол-жоба, әдет-заңына, ескі билік салтына сүйеніп, елдің өз ортасындағы ғұрпына дәлденіп жасалады. Патша үкіметі қазақ елінің ішкі өмірін білмей, жалпы әкімшілік жұмысын, ешуақытта жөнге сала алмай қойған соң, жалғыз тапқан шарасы осы болатын. Абай болса елге жаны ашып, ел тыныштығын табу үшін осы істерге араласады. Ол жазып әкеліп ұсынған ережелер даушарды бітіруге аса қолайлы болғандықтан қосымшасыз, түзетусіз түгел өтіп отырған.

Осы тұста айтылған ерекшелігінен басқа, Абайдың би болуын көп-көп елдің тілейтініне тағы бір себеп, Абайдың билігі өзге ру басылардың парашыл, бұра тартқыш, билігінен басқаша болған. Дәл өз басы, өз алдына келген билікке шамасынша әділ болуға тырысқан.

«Басшылық, ұстаздық, ел түзеуші» тез болу жайында ұдайы айтатын тазалықты, Абай осы тұста өзі толық орындауға тырысқан.

Мұның белгісіне Абайдың сырт елдердің талай-талай үлкен дауларына билік айтуынан басқа, дәл өз елінің ортасындағы биліктеріне де мысал қылуға болады. Тобықты ішінде жер дауы, жесір дауы, құн дауы сияқты үлкен сөздер болғанда, Абайға келіп билік айтқызуға әрқашан жау жағы ынтық болады екен. Өзгені қойып, Құнанбай заманынан бері қарай, ұдайы жаулықпен күн кешірген Жігітек ішінің ру басылары да үлкен даудың тұсында алдымен сол Абайға баруға өзі ұмтылады екен. Тіпті дауласқан кісісі Абайдың тілеуіндегі адам болса да соны істейді екен.

Сондай істерге билік айтқанда, Абай әрқашан өзіне жақын кісілерге кесіктің ауыр салмағын баса салып, жау жағына кеңірек қарауға тырысады.

Мінеки, осындаймен 97-жылдарға шейін, Абай ел сөзімен ел жұмысынан шыға алмай қойғанда, көбінесе,



ел ішіне өз түсінігі бойынша, әділ билікпен, тыныштық орнатып, тым болмаса дау-шарды тоқтатармын деген үміт болған. Әйтеуір босатпайтын болған соң, «тым болмаса осымен бірдеме істеп болмас па екен» дегендей. Мұндай жолға Абайдың түскені осы соңғы айтылған жылдарда ғана емес, бұдан көп бұрын 80-жылдардан басталу керек. Бірақ, берірек келген сайын, ел сөзінен шынымен қашып жүрсе де, еріксіздік кірістірген уақытта көп еңбегін осы жаққа салады.

Болды да партия  
Ел іші жарылды,  
Әуремін, мен тыя,  
Дауың мен шарыңды...—

дейді.

Бірақ, 97-жылға шейінгі іс жалғыз бұл емес. Оразбайдың партиясы бір Шыңғыс, бір Тобықтымен тоқтамай, тағы үлкен ауданға, кең майданға шығып кеткен. Абай не қылса да, бұл тартыс тыйылмайды. Оразбай кегі сондай күшті болған. Үндемей отырайын десе тыныштықпен отырғызбайды. Еріксіз келіп түрткі салып, соқтығып, ерік алдына қоймай майданға алып шығады.

Оразбай өз болыстарымен қанағат қылмай, көрші болыстардың барлығының сайлауына барып, Абайға қарсы болатын елдің басын құрап, сайлау басында партия, тартыс шығарады. Сонымен жауы баратын болған соң ықтиярсыз Абай да барады. Балаларын, інілерін жібергеніне, бөтен елдегі достары қанағат қылмай, өзін керек етеді. Осындайдың әлегімен жүріп, 97-жылдың сайлауына келгенде, Абайдың үнемі арманды болып, өткізген өмірінің ең мағынасыз қорытындысы сияқты болып, бір үлкен уақиға туады.

Бұл уақиға Мұқыр болысының сайлауында болған. Мұқырға сайлаушы үйез келер кезде берісі Тобықты, әрісі барлық Семей үйезінің шеңберінде түгел партия болып, барлық болыстар қақ жарылып, жартысы Оразбай, жартысы Абай ниетінде жүреді. Оразбайдың бұл кезде байлығы асып, дәуірі Тобықты ішінде Абаймен қатар жүре бастаған уақыты болады.

Сонымен Мұқырдың сайлауы жақындаған соң, сол болыстағы Абайдың тілеулестері: «сайлауға өзін жүрмесек, болмайды. Оразбай келіп сүйген адамын болыс-

тыққа сайлап алып, басымызға бәле жаудырады» деп Абайды еркіне қоймай алып барады.

Екі жақ та осы елдің сайлауып бір ірі түйін деп білген болады. Шығында көп алысқан Оразбай бұл болыстың ішінде депдеп тұрады. Абай жағында бұрынғы барлық Қоңыр-Көкшеден, жалғыз ғана аз ғана ру Көкше қалады. Одан басқа Мирза-Жәкең деген ел, және бұрын Шыңғыстан, Құнанбай балаларынан қашып осында шыққан Жігітек, Бөкенші болсын барлығы да, Оразбай инетінде болады. Мұқырдың осы сайлауға шейін болыс боп келген Әбен де Оразбай досы. Ол мықты, ояр, берік адам болады. Бұлардың басқа Шыңғыстың өз ішінен және тіпті Құнанбай балаларының арасынан да Оразбайдың өзіне қаратып, астыртын тілеулес қып алған адамдары болады. Соның бірі — Абайдың ағасы Тәңірберді, бұл Оразбаймен құда. Және болыс боп тұрған баласы Әзімбай, сыртына шығармай, Абайға білдірмей, іштей Оразбайға ақыл да, сыр да қосып қояды. Сонымен Мұқырға ояз келіп сайлау болғалы жатқанда, өз елінен Оразбай да аттанады. Ол жолшыбай Тәңірбердінің аулына қонып, отырып: «Абай бұл топқа бармасын, барса бүлік болады» дейді.

Ақыры Абай да, Оразбай да сайлау басына барады. Оразбайға Әбен: «Елді алатынбыз. Бірақ, Абай келді. Енді тағы алып кетеді» дейді. Оразбай сонда Абайдың аз кісімен келгенін біледі. Және Әбен жағында ел күшінің көп жиылып тұрғанын көреді. Өзінің барлық ызакегінің орайы қайтатын бір кезеңі осы деп түсінеді. Сонымен Абай ұлыққа жолыққанша қол қимылын істеп жіберуді тапсырады.

Айтқанындай Абай келген жерде, Әбеннің өзі бастаған бір топ кісі бұның үйіне қаптап келіп, жабылып кетеді. Абайға таяқ тиеді. Әбендер Абаймен қоса Көкпайды да сабайды. Олар қашып оязға барады. Содан ояздың стражниктері шығып, мылтық атып барып, арашалап алады.

Бұл уақиға ел ішін астаң-кестең етеді. Шыңғыстың Абай үшін күйзелген жігітінің бәрі тегіс атқа мінеді. Жарым жұрт жол тосып, өз еліне қашып кеткен Оразбайды ұстап ап, өлтірмек те болады. Ашу үстінде әртүрлі ірі жаулықтың жолдарып келісіп қалысады.

Бірақ Абай оның ешбірін де қостамайды. Қол қимылынан елді тоқтатады. Жалғыз-ақ дәл осы күні Ораз-

байдың Тәңірберді аулына тілдесуге жіберген жапсызы сезіліп қалады. Абай осыны білген жерде: «менің жауым баурымда отыр ғой, бүйткен елде қайтып тұрам, кетем» деп атына міне, қасына жолдас болған бір жігітті ала күнбатысқа беттеп қашады. Артынан қуа келген Ысқаққа «бұл елде тұрмаймын, жоғаламын» дейді. Бірақ, құғыншылар шылбырына оралып, жетелеп қайта әкеледі. Барлық осы уақиғаның терең тамыры жалғыз партия таласында емес, одан әріде жатыр. Бұл жаңашыл Абайға ескішіл, діншіл, қараңғы надан феодалдардың өштігін де көрсетеді. Олар үшін Абайдың білімі, әрі өлеңі де жаңа жарық дүниені іздеуіне жат жапдық боп көрініп еді. Жуандардың шірік ортасы памысқа дақ салғанда өздерінің қаншалық нәрсіз, құнсыз екенін көрсетіп еді.

Осы уақиға үстінде, сол ру басылар ортасының іштей шірі бастағанын Абай жалғыз Тәңірберді мінезі емес, одан да жақын, тіпті өз баласы Ақылбай басынан да көреді. Өзімен өзі боп ойланып басылған соң, біртүрлі жуасып, шөгіп қалады.

Осы жай туралы ел әңгімелерінің айтатыны:

«Мұқыр уақиғасының артынан ағайын-туған, ел-жұрт, бала-бауырлары жиналып, «біз де пәлен-түглен етеміз, өлеміз, өлтіреміз, бітім жоқ» дескенде, Абай: «барша жамандықтан жамандық туады, жақсылық тұмайды. Мен жасымда, «қарғағанымды жер қыламын, алғағанымды зор қыламын» деп, ашуға да, айлаға да шырақ жағып түнегендей болғанмын. Мен алғашқы атқа мінгенде Жігітектің дәулеті де, дәурені де өзімізбен тең ел еді: солардың қанша жандарының айдалып, байлаңғанына, бірінің артынан бірі барамын деп, бейнет пен қазаға ұшырауына біздің тұқым себеп болған. Рас, өздерінің ұрлық, зорлығынан да болған шығар. Бірақ, Құнанбай тұқымының қатты зерттеп соңына түскенінен де болды. Сол Жігітек қаншалық торғайдай тозса да, бүгін астымда жатып аяғымды шайнауға жарады. Бұл— жаманшылықтан туған жаманшылық деп біліңдер. «Өлеміз, өлтіреміз, бітім жоқ» деген сөз дұрыс емес. Мен бұл бітімсіздікті қостамаймын!» деп, елді тоқтатты дейді.

Бұл уақыттағы Абай елден азайып, қайраттан кеміп, мал дүниеден тапшылық көрген жоқ-ты. Оразбай істеген іске бұрынғыдай, ой түспеген ашулы күн болса, ол

есе артық іспен, жазамен қарсылық көрсету, 97-жылда да қолынан келуші еді.

Бірақ өз көрген өмірдің жақсылық дегеннің барлығына Оразбай сияқты әншейін қазақтан, сонауғұрлым бөтен көзбен қарап, Абай жаңағы оқиғаны өзіне жаза санап, іштей әдейі қабыл алған сияқты. 80-жылдардан бастап екі кісі болып бөлінген Абайдың сыртқа көрсетіп жүрген тонын осымен өртегісі келеді.

98-жылғы өз айтқан өлеңдерінің көбі осы сөздерге ашық дәлел.

Одан соң сол тұстағы барлық ісі мен мінезі де, осы айтқан сөзді дәлелдейді. Өйткені, 98—99-жылдың қысында Оразбай Мекеге жүрмек болып Абайдан ырзалық алып кетемін дегенде, ырзалығын беріп, қош айтысады.

Одан соң 99-жылдың жазында землемер болыс-болыстың арасына меже салып, шек жүргізгенде, бұрын Мұқыр болысына Абаймен араздасып шығып кеткен және сол жылғы жанжалдың кіндік енесі болған Жігітек, жер-қоныс ыңғайы бойынша Шыңғысқа қарап қалады. Бұл оқиға болғанда ел әңгімесі бойынша Жігітек:

«Ашулы арыстанның алдына қол-аяғын байлап тастаған адамның ойын ойлады. Бірақ, Абай сол араз ағайынның бар адамдарын шақырып алып: «қырық жыл елдік, қырық жыл жаулық болмайды деген. Енді бұрынғы араздық, кекті тастайық» деп, Жігітекпен де шын тауласты дейді.

97-жыл оқиғасының тұсында бұрынғыдай ашуланбай, ашуланғысы келмей, кек аламыз деген жақындарын тоқтатып, өзінің де қатты өзгеруінің тағы бір белгісі Абай бұл жұмысты ұлыққа да шақпаған. Заң-закон арқылы кек алуды да іздемеген. Және 98—99-жылдың қысынап кейін Семейге біржолата бармайтын болған.

Жаңағы жылдарда бұрынғыдан біржолата тыйылмағына, өмірден суынып қажі бастағаны да себеп болған. «Алды үміт, арты өкініш» өмірден енді шын түңілген сияқты.

Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма?  
Бір бес күннің орны жоқ аптығарға.  
Қай қызығы татиды қу өмірдің,  
Татуды араз, жақынды жат қыларға?—

дейді.

Бірақ, Абайдың өз басы осы күйде болғанмен 97-жыл уақытасының арты Тобықты ішінде із-түзсіз өшіп қалды, партия, пәле, алыс-жұлыс тыйылды деп ойлау керек емес. Ру басы, атқамінер атаулыға ол: әуе мен су сияқты тыныс болып, қорек ететін талшығы. Сондықтан Абайдың өз бала, інілері де Абай жаңағыдай қарады деп тоқтап қалған жоқ. Енді солар кекті боп, солар қуғыншы болады. Аналар болса, күштерін ел келесін алуға салады. Абай мен Оразбайдың жас кездеріндегі әдіс, тартыс қайта қолданылады. Ел келесін алу деген, Тобықтының өз ішінде тілеулес, дос-жарды қай жағы көп алады, соның тартысы. Елді көп алғандық шербешнайларға тоғысатын билерді көп алудан білінеді. Биді молайтып басып алған жақ кесікті өз қолына алып, түпкі кекті сол кесік жазаларымен орындайды. Абайдың намысын, ісіп қуған іні, баласы барды осы шербешнайларға салады. Сол аталған шербешнайлардың барлығын да екі жағы бірдей би атаулыға мал мен пұлды кезек беріп, қатты шығындап жатады. Жалпы сол ортаның құнсыз, шірік, тозғын орта екенін парашыл билер ғана емес, сол пара беріп тартысып жүрген жақтардың өз мінездері де жақсы көрсетеді. Мысалы, Мағауия биге жеңген орайда Оразбайдың баласы Медеу мен Абай баласы Мағауияны ояздың тілмәші Омарбек татуластырады да, Абай көрген соққы үшін, жүз түйе айып-құн кеседі. Осының қырық түйесін Медеу Жігітек, Бөкешніден әпереді. Бір үлесін Әбенге төлетеді. Медеу, Оразбайдың өз бастары аман қалады. Жігітек бұларды, өз басып амандап қалды деп өкпелеп шығып, қайта кеп Абаймен табысуды содан шығарады. Ал Абайдың жақындары Абай көрген намыс соққысып малмен емдеп, ырза болысады. Абайдың «ел мінезі» деп ру басылар мінезін, өз ортасының мінезін алып торығып, зарлап жырлауы осы қалдардан туады. Ақын тіршілігінің ең ауыр қортындысы әсіресе сол 97-жылдарда және өзі тоқтаған жылдарда тіпті айқын боп шығады. Абай енді жылдан жыл өткен сайын түңіліп, шөге береді. Осы жылдарда Абай өлімді де ойлай бастайды. Сондықтан өзі кешірген ерекше дертті, өмірдің барлық қайғысын, екінші еске алып отырып, қазақ әдебиетінде мәңгілікке ұмытылмайтын: «Өлсем орным қара жерді» жазады.

98-жылы осы өлең жазылған соң ғана, өзінің бұдан бұрын жазған барлық өлеңдерін «жиналсын» деген. Біз-

ге бұл жұмыс қаншалық ғажап көрінсе де, осы 98-жылға шейін Абайдың өлеңдері бір араға топталып жиналмаған болатын. Абай өзі бір жазып тастаған өлеңін қайтадан жоқтап, жинап отырмаған. Әрқашан, кейде кітап оқып отырғанда, кейде жай бір ойлармен қозғалып отырғанда, қолына бір табақ қағаз бен қарындаш алып, айтпақ өлеңін, жазып тастайды екен.

Соны қасында отырған балалары, інілері, я жай адамдар болса да, қалтасына салып алып жүріп кетеді. Содан бірде-біреу жазып алып жаттайды. Кейбірін әнге қосып домбырамен айтып жүреді.

Өлең жазу қызметі осы сияқты болғандықтан, қазірде біздің қолымызға Абайдың өз қолымен жазылған жазбасының бірде-бірі де жетпей отыр. Барлығы да жігіттерінің қалтасында, қойшы-қонышында жүріп жоғалып біткен. Осы ретіне қарағанда: «Абай жазған талай өлең ешкімге мәлімсіз болып, біржолата жарық дүние көрмей, шығысымен жоқ болып кетпеді ме екен» деген де күдік туады.

Өйткені, жасынан біткен әдет бойынша Абай біреудің оғаш мінезін көргенде, ылғи қалжың, мысқыл өлең айтқыш болатын. Осындай сөздерінде әрқашан өз жапында жүрген жақындарын, ағайын туысқандарын мазақ етіп, солардың мінді мінезін күлкі қып айтады. Кейде қалжың қылып жазып өз қолдарына да береді. Сол кісілердің көбі қолына өлең түсісімен, өз мініп айтқан сөздердің көзін жоғалтуға тырысқан. Онан соң кейбіреулер Абайдың өзінен жалынып, жалпайып сұрап алып та жыртып тастайтын болған.

Мысалы Көкбайға, қыздарға шығарды деген өлеңдер осындай күйге анық ұшыраған. Онан соң тағы бір алуан өлеңдерінде жақып туысқан, жақып тұрғыластарын қатты мінеп айтқандықтан інілері мен балалары — ана кісілер өкпелер деп жасырып, жоғалтып жібергені де бар сияқты. Осындай өлеңдердің тұрасында еске алатын бір нәрсе: Абай кісі мініп айтып өлең шығарғыш болғанда, осы құралды ешуақытта нағыз жауына қарсы жұмсамаған. Өлеңмен мысқыл қылатыны ылғи жақын жүрген атқамінерлер болады. Сондықтан бұлардың Абай сөзін жоқ қылып жіберуі өзгеден сонауғұрлым оңай болған. Қайта өлеңдеріне қарағанда, Абайдың қара сөздері көбірек, түгелірек сақталған сияқты.

90-жылдарынан бастап ұстаздық, үгітшілік жолына

түскен соң, Абай өленді аз жазса да, қара сөзбен айта-тын өсиетті көп жазатын болған. Осы жинақта оқушының алдына ұсынылып отырған «Ғақия» деген өсиеттері сол 90-жыл мен 98-жылдың арасында жазылған. 91-жылдан соң өлеңмен айтпақ болған сөздерінің талайын қара сөз үгітіне айналдырып жіберген. Кей уақыттарда бірталай өлеңдерін, сол қара сөзде айтқан пікірлерінен шығарып, өлең қылып кеткені де бар.

Қалайда болса Абай соңғы 10—15 жыл ішінде осы сияқты бір жаңа түрді тауып, соған кейде өлеңнен де көп уақыт бөледі. Бұл кездерде Абай сөзін кәдірлі көріп, әрбір шыққан жаңа өлеңдеріне ыптық болып отырған ел оқушылары, қара сөздер шыға бастаған соң, мұны өлеңнен кем көрмейтін болып алған.

Қайта берірек келгенде ел ішіндегі оқушының барлығы да Абай сөздерін молдаларға ақша беріп жазғызып, көшіріп алып жүргенде ең алдымен қара сөзді тілейтін. Үйде отырып оқығанда да өлеңін қойып, ылғи ғана қара сөзін оқып, соған көп масаттанатын.

Тегі қара сөздер кім болса соның қолында кетпей, жазылысымен маңайындағы сауаттылардың қолына түсіп, соларда шашылмай, аман сақталып қалған сияқты.

Өз өлеңдерін 98-жылға шейін жигысы келмегені, Абайдың өлең сөзге өте үлкен сынмен қарап, үлкен шарттар қойғандығынан болған. Өлең Лермонтов, Пушкин сөздеріндей болмаса, одан берідегі сөздерді, өз сөзі болса да, толық қанағат қылмаған. Барлық қазақ әдебиетінің өзі білген ескілігінен жалғыз Марабай мен Шөжені ғана «пағыз ақын» дейді екен. Бірақ, Абай Мұхамбет, Мұраттарды естн алмаған сияқты.

Абай әдетінде бір жазған өлеңін қайта түзеп жазып, қайтадан қарастыру көп емес. Жалғыз ғана «Сегіз аяқ» деген өлеңінің басын қайта біртүрлі қылып еді деген сөз бар. Басқа жалпы өлеңдері туралы, «Қайта жазсам, бұдан жақсырақ, толығырақ болар еді» деп ғана айтады екен. Өлең сөзге келгенде азға місе қылмай, қатты сыпайтын Абай өз сөздерін сынаумен қатар, маңында өлең жазатын жастарға да сондай місез істеген. Тегінде Абайдың өсиеті, үгіттері, білімді, мағыналы кеңестері мұның маңына, өз тұсындағы талапты жастардың талайын жинаған дедік. Солардың ішінде бір талайдың ақын болғысы келгені де бар.

Ақындыққа, өлең шығарып көруге Абайдың іні, балаларының да көбі ұмтылған. Абайдың алды анық «әдебиет мектебі» болды.

Сол жас шәкірт ақынның бәрі де қысқа өлең, өсиет өлең айту Абайдың жолы, дағдысы болғандықтан, өздеріне бөлек бет іздеген сияқты. Сондықтан көпшілігі ұзақ, әңгімелі өлең жазады. Ақылбай «Дағыстан», «Зұлыс» деген поэмаларды; Мағауия «Медғат-Қасым», «Шәмил», «Абылай», «Еңлік-Кебек» поэмаларын жазады. Және Тұрағұл, Кәкітай сияқты жастардың Әбдірахман науқасына, өліміне арнап жазған ұсақ өлеңдері де көп. Бұлары қайғы-уайым өлеңдері.

Қазақ әдебиеті сол күнде баспа жүзінде шығып отырарлық жайға жетсе, Абай айналасынан, Абай мектебінен шыққан ақындар түгелімен Абайдың ізін баса шыққан күрделі әдебиет ағымын көрсеткен болар еді.

Абай бұл жастардың өлең жазуын өте қабылдаған. Бірақ бұлардың өлеңдеріне де, жалпы өлеңге қоятын қатты сынын түгел қояды. Сондықтан сөздері ұнамаған уақытта міндерін өлеңге қосып та жібереді. Мәселен, Көкпай, Әріптердің өлеңдерін еске алып:

Хат жаздым Әзірет Әлі айдағарсыз,  
Бізде жоқ алтын иек, сары ала қыз,  
Қәрілікті жамандап, өлім тілеп,  
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз...—

дейді... Алғашқы жолдағы «Әзрет Әлі, айдағарды» Көкпайға арнаған. Оның діпшіл, қыса жазғыш болғандығын жақтырмай айтқан. «Алтын иек, сары ала қызды» Сыбан Әріп деген ақын: «Зайда» деген қысасында, сұлу қызды сипаттаймын деп, «негі алтын, көзі гауһар» деп түсіне қарамай, асыл тастарды сапай берсе керек. Соған айтқан.

Қалайда болса осы айтылған мысалдар өлеңші боламын деген жастардың сөзіне, Абайдың қатты сынмен қарап, үлкен шарт қоятынын анық көрсетеді.

Абай сөздері көбірек жайыла бастаған соң Тобықты іші болсын, басқа көрші елдер болсын, барлығы да мұның жазбаларының ұдайы оқушысы, тыңдаушысы болады. Бұларға ол сөздерді жеткізетін жалғыз жазу ғана емес, қайта көбінесе домбырашы, әнші жігіт болады. Осы жағынап қарағанда Абай өлеңдерінің тыңдаушысымен, жаттаушылары, хат білегін арнаулы аз адамдар



ғана болмай, жалпақ ел болады. Фольклор мен жазба, баспа әдебиеттің жапсарында шыққан ақынның шығармалары әрі ауызша, әрі жазба әдебиеттің күйін бірдей кешеді.

Абай айналасында өлең айтып, ән саламын деген әнші, ақын болса, қыз-келіншек, жас-кәрі болса — барлығының да топта, ойын-тойда айтатын өлең жырларының көбі Абай сөздері, Абай өлеңдері болады.

Біз бұл уақытқа шейін Абайдың нәрлі еңбегін айтқанда, ылғи ақындығын сөз қып келдік. Енді осымен қатар, одан қалған мәдениет мұраларының ішінде үлкен, елеулі орны бар, композиторлық еңбегін де атау керек. Абай, өзі жақсы домбырашы болған. Қазақтың ескі ән-күйін жете білген, барынша сүйген. Елдің ән-күйін елти сүйіп айтқан:

Құлақтан кіріп бойды алар,  
Жақсы ән мен тәтті күй.  
Көңілге түрлі ой салар.  
Әнді сүйсең менше сүй,—

деген өлеңдері бұған дәлел. Және сол ән баян еткен ескі қалды ойлап, толғанып кеп:

Есіткендей болады,  
Құлағым ескі сыбырды,  
Ескі ойға көңлім толады,  
Тірілтіп өткен құрғырды,—

деген жолдары бұның өз еңбектерінің терек тамырлары, сол қазақтың өткен өнер мәдениетімен жалғасып жатқанын көрсетеді. Осы сияқты әр кезде, көп өлеңінде Абай ән-күйге талай-талай сұлу, мағыналы жырларын арнайды. Ол музыкаға ақын боп қосқан үні. Сонымен қатар Абай музыканың өзіне композитор болып та атсалысады. Абайдан қалған 16—17 ән бар. Бұлардың көбі өзі жазған жаңа әуезін, жаңа ұйқас, жаңа түрлі өлеңдеріне арналған әндер. Мысалы, «Сегіз аяқ», «Сен мені не етесің», «Қор болды жаным» сияқты 6, 7, 8 жолды өлең түрлерін шығарса, соларын жұрт құлағына жұғымды, сіңімді ету үшін қосарлық әнін де шығарады. Бұл ісі осы сияқты өлеңдерін өте даңқты, әйгілі қып әкетеді. Сол сияқты Пушкиннен аударған Татьяна, Онегин хаттарына да арнаулы әндер шығарады. Қазақ көпшілігіне ән-шейінде ұғымсыз тосаң көрінерлік орыс жастарының

аттарын, өмірін, сезімдерін мынау әндер арқылы аса түсінікті әсерлі және өте дақты етіп жібереді. 90-жылдардан бастап Онегин, Татьяна аттары белгілі аттардың бірі болады.

Абайдың композиторлық еңбектерінде де ақындық еңбегі сияқты сөзіне тиісті үлкен жаңа өзгешеліктер бар. Бұрынғы ауызша әдебиетке Абай көп еліктемей, жалпы қорын пайдалана отырып «сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел» деп, өзінше жаңа мазмұнды, жаңа түрлі өлеңдер жаза бастағаны сияқты, әнде де бұрынғы әнінен гөрі өзгереді түрлер шығарады. Бұрынғы әнді өзі, бұрынғы әдебиеттен сонауғұрлым артық бағалағанмен де, ендігі өз әнін жақсы-жамаң болса да жаңаша үлгімен айтпақ болады. Шырқауы, айғайы аз, көбінесе құлақ күйге ұқсаған қоңыр баяу әндер. Және әсіресе не бәйіт, не орыспен европаның камерный әніне, романстарына ұқсаңқырап келеді. Бұрынғы қазақ әнінен мүлдем басқаша әндер болады. Бұл да өзінше жаңа жол табам деген нық ізденудің нәтижесі. Абайдан қалған мәдени мұраның бұл да бір күрделі үлкен саласы боп саналады. Жеке әндерінің шығарылған жылдары, дәлді мәлім болмаса да әйтеуір жыны 1886 жыл мен 97-жылдар арасында шықты деседі. Тегі өлеңі қою шыққан жылдарда әндері де жарыса шығып отыратын сияқты.

Енді ақындығының соңғы жылдарына оралып келсек, Абай 99-жылы өлеңді едәуір жазады да, осы жылдан соң алғашқы жаза бастаған 80-жылдары өлең сандары тағы азая бастайды. Көп жазылған жылы 4—5 айтпесе екі-үш өлеңмен 1903 жылға келеді де, содан кейін бір-жолата өлең жазылмай қалады.

1903 жыл мен 1904 жылдың қысына Абайдың тірі қалған балаларының ішіндегі ең жақсы көргені — Мағауия, бұрын көптен әлсіретіп жүрген құрт ауруынан, төсек тартып жатып алады.

Мағауия әке ұғымынша да және өз ортасының көпшілігінің бақылауынша да, Абайдың барлық баласының ең жақсысы, ең ірісі деп саналған. Бұл ақындығының үстіне, ерекше мінезді кісі болған. Жасынан денсаулығы нашар болғандықтан, қаладан толық тәрбие ала алмаса да, әкесінің үнемі өз қасында ұстап, шын жақсылап тәрбиелеп шығардым деген баласы осы болатын. Елде отырып Европа тәрбиесін алған адамдай ақыл, мінез, адамшылығы түгелімен мәдениетті кісінің қалы-

бында болған. Бұл да әкесі сияқтанып, қырда отырып көп оқып, өзінен-өзі қарастырумен көп білім алып қалған еді.

Ел жұмысына кіріссе әкесінің міндетін өз мойнына алған. Жұмсақ мінезді болып, ел көпшілігіне аса сүйікті болған. Сол Мағауия 1903 жылы қыс бойы төсек тартып ауырып келіп, жазғытұрым қайтыс болады.

Абайдың өзі бұл өлімнен бұрып да өмірден қажып, талып ендігі тіршілігін артық пәрседей санай бастаған еді. Өз сыныпша ажарсыз, мағынасыз, өткен дәурені жалғыздық дертімен құлазытып, жүдетіп, тоздыруға айпалып еді. Соның барлығының үстіне Мағауия өлген соң Абай бір алуан ауруға айналады. Төсек тартып жатпаса да, отырып ауырады. Ешкіммен сөйлеспейді де, ешпәрсемен өзіп жұбатпайды. Ауруып емшіге де көрсетпейді де. Мұның бәрін керексіз деп біледі. Сонымен Мағауияның өлімінен кейін 40 күн отырып, 23 июньде 1904 жылы 60 жасында қайтыс болады. Абайдың сүйегі Жидебайда Еркежан қыстауының жанына қойылады.

## АБАЙДЫҢ АУДАРМАЛАРЫНА БЕРІЛГЕН ТҮСІНІКТЕР

1. Лермонтовтың «Скажи-ка, дядя, ведь не даром» деп басталатын «Бородино» атты өлеңінің аудармасы.

Оригиналда бұл өлең 98 жол, Абай аудармасында 20 жол. Бұл өлеңді Абай түгел аударды ма, аудармады ма, мәлімсіз. Өлеңнің аударылған жерлері жалпы мағына жағынан дәлге жақын болғанмен, бірақ Абай бұл өлеңді сөзбе-сөз аударуды аса құпттамаған көрінеді.

«— Да, были люди в наше время,  
Не то, что нынешнее племя:  
Богатыри — не вы!»

Абай:

«Ондағы біздің адамдар,  
Сендердей емес балаңдар»,—

деп аударды.

2. Лермонтовтың «И скучно и грустно» деп басталатын өлеңінің аудармасы. Лермонтовта бұл өлең 13, 14 жолдай, Абай тек басқы жолдарын ғана аударған сияқты. Лермонтов өлеңінің кейінгі жолдарын Абай аударды ма, жоқ па, белгісіз.

3. Абай бұл өлеңде «Евгений Онегиннің» бірінші тарауының X, XI шумақтарын (строфаларын) түгел аударыпты, XI шумақтың тек басқы 6 жолы ғана аударылған. Пушкин романында әрбір шумақ 14 жолдан болып отырады; Абай сол он төрт жолды шумақты, он төрт жолға сыйғыза аударған көрінеді. Абай оригинал мен аударманың мағынасы, көркемдігі сәйкес келуін ескертіп:

«После ей наедине  
Давать уроки в тишинені»—

«Ел аулақта оңаша қолына алып,  
Көңіліндегі сабағын айтып тыңар»—

деп аударады.

4. «Евгений Онегиннің» үшінші тарауындағы XXXI шумаққа жалғас келетін Татьянаның Онегінге жазған хатының жалпы сарынының аудармасы деуге болады. Бұл өлең Пушкинде 79 жол, Абайда 76 жол. Пушкин хаты:

«Я к вам пишу — чего же боле?  
Что я могу еще сказать»,—

деп бастаса, Абай:

«Амал жоқ қайттым білдірмей,  
Япыр-ай қайтып айтамын»,—

деп бастайды, хаттың:

«Зачем вы посетили нас?  
В глуши забытого селенья,  
Я никогда б не знала вас,  
Не знала б горького мученья»,—

деген жерін Абай:

«Келмесең егер сен бізге,  
Сау болмас па ем әлбетте?  
Болмасам ашына мен сізге  
Түспес ем мұндай бейнетке»,—

деп аударады. Сөйтіп Абай аудармасының сөзбе-сөз болуы қадағалап жатпағанымен, оригиналдың ақындық мағынасын айтып беруді құптаған.

5. Онегиннің Татьянаны жұбатып бақшада айтқан сөзінің жалпы сарыны аудармасы деуге болады. Бұл ау-

дармада Пушкин өлеңінің тек ұзын сарыны ғана сақталған көрінеді. Онегиннің торыққандығын Абай:

«Тәтті дүние көккімнен,  
Кетті менің, нан маған,  
Енді бізге бір өлімнен,  
Басқа түк жоқ арнаған»,—

деген сөздермен білдіреді. Романда Онегин Татьянаға жалпы тарыққандығы туралы айтқанмен, бірақ өлім туралы аузына бір де сөз алмайды.

«Мен жаралы жолбарыспын,  
Жұрттың атқан оғы өтіп,  
Мен сынық жап, жамағанмен  
Түзеле алман түрленіп»,—

деген сияқты бейне образдар Пушкинде жоқ. Пушкинде бұл өлең 70 жол болса, Абай аудармасында 76 жол.

6. Бұл өлеңді аударма деу қиын. Пушкин романындағы Онегин хаты Абай жазған Онегин хатына, тек сарыны жағынан ұқсастығы болмаса, мағына сөз жақтарынан әлдеқайда бөлек. Онегиннен көңілі суыған Татьяна бір князға тиіп қатын болып, сұлулығы, ұстамдылығымен жағымды болып жүрген кезінде Онегин көріп, Татьянаға құмарланып, ғашықтығын білдіріп хат жазады. Бұл хат романның сегізінші тарауының XXXIII шумағынан былай басталады:

«Предвижу все вас оскорбит,  
Печальной тайпы объясняя».

7. Онегин хатына жауап ала алмай, ақырында Татьянаның үйіне жетіп келіп, жалғыз отырған әйелдің аяғын құшақтай, өксіп құлайды. Сонда Татьяна Онегинге романның сегізінші бөлімінің XLIII—XLIV шумақтарында:

«Онегин, я тогда моложе,  
Я лучше, кажется, была  
И я любила вас, и что же?»—

деп бастап айтқан сөздерінің аудармасы деуге болады.

8. Бұл өлең аударма емес. Абай өз жанынан Онегин туралы жазған. Онегин туралы Пушкинде мұндай өлең жоқ. Бұл өлең Пушкин сарынымен жазылған көрінеді.

9. Онегинмен дуэльге жекпе-жек шығар түні Ленский жазған өлеңді (романның алтыншы тарауы, XXI шума-

ғынан екінші жолынап кейін басталып, XXII шумақпен бітетін жері) Абай осылайша бастап аударған екен. Бірақ жазбасы да, көшірмесі де табылмады. Мынаны әнге салып айтып жүрген жігіттердің аузынан алдық. Пушкинде бұл өлең ұзағырақ. Абайдың қанша жерін аударғаны мәлім емес. Чайковский операсында Ленский айтатын ария:

«Куда, куда вы удалились,  
Весны моей златые дни?»—

осы сөздермен басталады. Абайдың бұл аудармасы бірінші рет басылып отыр.

10. Романның төртінші тарауындағы Онегиннің бақшада жолығып, Татьянаның жазған хатына өз жайын айтып ауызша берген жауабының, сөйлеген сөзінің аудармасы. Бұл өлең Абайдың бұрынғы баспаларынан қалып қойып жүрген. Пушкинде Онегин сөзі ұзақ, бес шумақ (XII, XIII, XIV, XV, XVI) өлең, Абай Онегиннің Татьянаға айтқан сөзін түгел аудармай, 70 жолды 44 жолға сыйғызыпты. XII шумақтың

«Вы ко мне писали, не отпирайтесь.  
Я прочел души доверчивой признанья,  
Любви излишня»—

деп басталатын басқы жолдарын Абай:

«Хатыннан жақсы ұғындым сөздің бәрін  
Кірі жоқ, кіршігі жоқ мағыналарын.  
Жасырмай жастықпенеп, нанғыштықпен  
Айтыпты шыншыл тілің бар ішкәрің»,—

деп аударады. Абай осылай аударып келеді де, Онегиннің сөзіне арналған шумақтарды түгел аудармаған сияқты, басқа түгел аударма болса, оны біз білмейміз.

11. Бұл өлең Лермонтовтан аударылған болар деген жору бар. Лермонтовтың бөлек өлеңдері, поэмаларында Абай өлеңдерінде айтылған сипат, ұғым кездеспеді. Мүмкін, Абай Лермонтовты өте өзгертіп, өзінше бір сипат бере аударған шығар.

12. Бұл өлең Пушкин, Лермонтов, не Мицкевич сарынымен жазылды ма, болмаса Абай солардың бірінсіп аударды ма, шыншын білуге мүмкіндік болмады.

13. Лермонтовтың «Еврейская мелодия» деген өлеңінің аудармасы. Лермонтов Байроннан аударыпты. Бай-

роп Джордж Гордон (1788—1824) әдебиетте болған байроншылдық ағымына ең бастап жол салған ағылшынның атақты ақыны. Байроншылдықтың бір белгілері: қоғам тәртібі, заң-заңға көнбейтін, ақсүйектерді көзге ілмейтін күшті адамды көксеу. Лермонтов аудармасында бұл өлең екі шумақ, әрбір шумағы 8 жолдан. Абай өлеңнің басқы сегіз жолын ғана аударған, бізге белгілісі де осы. Өлеңнің соңғы төрт жолынан гөрі басқы төрт жолы дәлірек аударылған. Абай бұл аударманың сөзбе-сөз болуын аса қадағаламаса да, оригиналда кездесетін ұғымдар, бейнелерге сәйкес ұғым бейнелер тапқанын көреміз. «Душа моя мрачнаны» Абай: «Көңлім менің қараңғы» деп, «и если навек надежды рок унесы» «Егер сорым түбінен әкетпесе» деп аударады.

14. «Не верь, не верь себе, мечтатель молодой» деп басталатын Лермонтов өлеңінің аудармасы соңғы төрт жолынан басқасы жолма-жол дәлге жақын аударылған.

15. Бұл өлең («Ғашықтық іздеп тантима») Абай шығармасына бірінші рет кіріп отыр. Бұл жолдар Мұхтардағы Мүрсейіт қолжазбасының 151-бетінде. «Өзіңе сенбе, жас ойшылдың» аяғына жалғас жазылған екен. Біз сол тәртіпті қолданып сол өлеңнің артынан жібердік. Өлең аударма емес сияқты.

16. Бұл өлең Абайдың қолжазбаларында Буниннен делінген, ал 1933 жылғы баспасында Пушкиннен делінген. Бірақ, Буиннің, Пушкиннің қандай шығармаларынан аударылғандығы мәлім емес. Өлеңнің сарынына қарағанда Лермонтовтан аударылған ба деуге болады.

17. Лермонтов «Горные вершины» деп бастайтын өлеңін Гетенің «Вандерес Начхлид» деген өлеңімен аударған Гете Вольфганг (1749—1832) немістің атақты ақыны. Буын санының дәл келмегендігі болмаса, Абайдың бұл өлеңі жолы — жолына, мағынасы — мағынасына сәйкес келіп, көркемдік жағынан оригиналындай болып шыққан (Лермонтов өлеңіндегі) өлеңінің бірі.

18. Лермонтовтың «Молча сижу под окном темницы» деп басталатын «Плепный рыцарь» деген өлеңінің аудармасы. Бұл өлең Лермонтовта да бес шумақ, әр шумағы төрт жолдан Лермонтовта өлең жолдары он бір буыннан болса, Абайда да 11 буыннан. Мағына жағынан да дәлге жақын аударылған өлеңінің бірі.

19. Бұл өлең қолжазбада Лермонтовтан делінген.

Лермонтовтан аударылуы ықтимал, бірақ Лермонтовтың қай шығармасынан аударғаны мәлімсіз.

20. Бұл өлеңді Лермонтовтың «И скучно, и грустно» деп басталатын өлеңінің ұзын-ұргасының аудармасы деуге болады, өйткені Абай өлеңді өте өзгертіп жіберген көрінеді.

21. Бұл өлең қолжазбаларда Лермонтовтан делінген, бірақ Лермонтовтың қай шығармасынан аударылғанын анықтауға болмады.

22. Лермонтовтың «Печально я гляжу на наше поколение» деп басталатын «Альбомға» атты өлеңінің аудармасы. Абай Лермонтовтың бұл өлеңін сөзбе-сөз аудармай, жалпы мазмұнын ғана аударған көрінеді.

23. Лермонтовтың:

«Нет, я не требую вниманья  
На грустный бред души моей»,—

деп басталатын «Қинжал» деген өлеңінің аудармасы.

24. Лермонтовтың:

«Люблю тебя, булатный мой кинжал,  
Товарищ светлый и холодный»,—

деп басталатын «Қинжал» атты өлеңінің алғашқы он екі жолының аудармасы, Лермонтовта өлең 16 жол. Аяққы төрт жолын Абай аударды ма, жоқ па мәлімсіз.

25. Лермонтовтың «Исповедь» деген поэмасының үзіндісі. Лермонтовтың бұл өлеңінің басқа жерлерін Абай аударды ма, аудармады ма мәлімсіз.

26. Лермонтовтың:

«Я не хочу, чтоб свет знал  
Мою таинственную повесть»,—

деп басталатын өлеңінің аудармасы.

27. Бұл өлең Абайдың бұрынғы баспасының бәрінде де жоқ, бірінші рет жариялануы осы. Академиядағы Мүрсейіт қолжазбасында да бұл өлең жоқ. Мұхтардағы Мүрсейіт қолжазбасының 224-бетінен табылды. Абай бұл өлеңге «Қасиетті дұға» деп ат қойыпты; өлеңнің басқы он екі жолы Лермонтовтың «В минуту жизни трудную» деп басталатын өлеңінің аудармасы (Лермонтов өлеңі де он екі жол); сол өлеңнің:



«В минуту жизни трудную,  
Теснится ль в сердце грусть:  
Одну молитву чудную  
Твержу я наизусть»,—

деген жерін Абай:

«Өмірде тепкі жесем жазығым жоқ,  
Ешпәрсеге көңілім болмаса тоқ.  
Қайта-қайта оқысам бір дұғаны,  
Сөніп қалған жүректе жанады шоқ»,—

деп аударады. Ал өлеңнің «ерекше естен кетпес қызық қайда?» деген жерінен бастап, қалған он екі жолы Абайдың өзіне тән өлең көрінеді; Лермонтов өлеңінде айтылған ой, пікірді қосымша өлеңдермен Абайдың өзінше толықтырғаны байқалды.

28. Лермонтовтың «В минуту жизни трудную» деп басталатын «Молитва» деген өлеңінің екінші түрлі аудармасы. Бұл өлеңді Абай бірінде «өмірден тепкі жесем жазығым жоқ» деп бастаса, бірінде «өмірде ойға түсіп кем-кетігің» деп бастайды; бұл аудармалардың қайсысы бұрын, қайсысы соң аударылғаны мәлімсіз. «Өмірде ойға түсіп кем-кетігің» 1897 жылы жазылған. «Өмірден тепкі жесем жазығым жоқтың» қай жылы жазылғаны мәлімсіз.

29. Лермонтовтың «Выхожу я один на дорогу» деген өлеңінің аудармасы. Бұл өлең Лермонтовта да бес шумақ өлеңі. Абай өлеңнің шумақ ретін, мағынасын дәл беруді құнттаған көрінеді.

30. Лермонтовтың «Дары Терека» деген өлеңінің аудармасы. Бұл өлеңді Абай өзгертінкіреп аударыпты:

«Терек вост, дик и злобен,  
Меж утесистых громад,  
Буре плач его подобен,  
Слезы брызгами летят»,—

дегенді Абай:

«Асау Терек долданып, буырқашып,  
Тауды бұзып, жол салып, тасты жарып.  
Арыстанның жалындай бұйра толқын,  
Айдағардай бүктеліп, жүз толғанып»,—

деп аударады. Сөйтіп Теректің қаһарлы пішінін Абай өзінше сипаттайды, Лермонтовта жоқ («Арыстанның

жалындай бұйра толқын, айдағардай бүктеліп, жүз толғанып») сипат, бейнелер жасайды.

Лермонтовтың бұл өлеңі 76 жол, төрт бунақты, хореймен жазылған; өлеңің әрбір жолы 8 буышпан. Абай аудармасында бұл өлең 38 жол. Бұған қарағанда өлеңің кей жерлері аударылмай қалған сияқты, ал аударылған болса, өлеңің ондай жерлері бізге мәлімсіз. Лермонтов өлеңінің:

«Я привез тебе гостинец  
То гостинец не простой,  
С поля битвы Кабардинец,  
Кабардинец удалой.  
Он в кольчуге драгоценной  
В налокотниках стальных  
Из Корана стих священный  
Писан золотом на них»,—

деген жері Абай аудармасында жоқ. Мүмкін, Абай әдейі аудармаған шығар. Бұл бір өз алдына зерттеу керек қылатын мәселе:

«Я родился у Казбека  
Вскормлен грудью облаков»,—

дегенді Абай:

«Кавказдай құзда туған перзентіңмін,  
Бұлттың суын ішіп ер жеткенмін»,—

деп қадағалай аударғанын көреміз.

«Видал березу — сломилась она,  
Верхушкой к земле прислонилась она»,—

деп басталатын романстың аудармасы сияқты.

32. И. А. Крыловтың (1768—1844 ж.) «Дуб и трость» деген мысал аудармасы.

33. Бұл өлеңді Абай Крыловтың «Крестьянин в беде» деген өлеңінен аударған, оригиналда өлең 39 жол, Абай өлеңге тыңнан сөз, ұғымдар қосып, өлеңді толықтырып, аясын кеңітіп әкеткен көрінеді, сондықтан Абай аудармасында өлең 56 жол болып шыққан. Өлеңнің қазақтың жалпы ұғымына жатық болу жағы да ескерілген. Мысалы, «Қарыны да әбден ашады, ішеріне шай да жоқ» деген ұғым Крыловта жоқ. Абай оригиналдың кей жерлерін өзінше толықтыра аударса, кей жерлерін аудару-

ды қажет деп таппағанға ұқсайды. Крылов өлеңінде сөз болатын қаза көрген қара шекпеннің құда, көршілері — Қлимыч, Фома аттары Абай өлеңінде аталмай қалған.

34. Крыловтың «Бедный богач» деген мысалының аудармасы. Абай аудармасының сөзбе-сөз болуы қажет деп таппай, өлеңнің мазмұнын, жүйесін сақтағанмен, бірақ өлеңді өзгертіпкіреп аударыпты.

35. Крыловтың «Осел и соловей» деген өлеңінің аудармасы. Өлең көркемдік жағынан жатық аударылған. Бұлбұлдың сайрағанын суреттеу Абайда да, Крыловта да өлеңнің көркем, күшті жері. Крылов өлеңін, есектің бұлбұлға тіке жолығуынан бастайды. Абай өлеңіндегі басқы үш жол (тойған есектің сопырқап жүріп, шатқа барып бұлбұлға жолыққаны) Крыловта жоқ сурет. Абай бұлбұлмен есекті кенет жолықтырмай, шаттың ішінде жолықтырады. Сөйтіп бұлбұл мен есектің жолығуына бір ақындық жағдай туғызып алады. Бұл өлең Крыловта 29 жол болса, Абай аудармасында 28 жол.

36. Крыловтың «Вороненок» деген өлеңінен аударылған. Өлеңінің қысқаша мазмұны: бір қарға, қозы іліп алып кеткен бүркітті көріп еліктеп, қозыны кім ілсін деп насаттанып, қошқарға жармасады, тұяғы жабағыға ілініп қалып, босана алмай қолға түседі, қойшылар қанат, құйрығын кесіп, қарғаны балаларға береді. Абай аудармасында осы мазмұн сақталғанымен, өлеңнің кей жерлерін Абай өзінше толықтыра жазған. Аспаннан келіп құйқылжып бүркіт қозыны іліп алып кетті деп ғана қоймай, бүркіт қозыны:

«Құздағы қнын ұяға,  
Екпіні күшті ер үшін,  
Еңбек қылды жем үшін,  
Ұядағы балаға»,—

дейді. Крыловта мұндай сурет жоқ, бұл Абайдың өз қосымшасы. Крылов бұл өлеңінде өз заманындағы теріс қылықтарды көрсетпек болып, пағыз залымдар елді топ-топ құтылып жүр де, кейбір ақымақтар соларға еліктеп тұтылып жүр деген пікір айтса, Абай қарға сияқты қолдан келмес іске ұмтылғандарды шешіп, «Азат басың болсын құл, қолдан келмес іске ұмтыл» деген пікірді айтады. Сөйтіп Абай қарға мен бүркіттің ісінен Крыловтан басқа қорытынды шығарады.

37. Крылов «Стрелкоза и муравей» деген өлеңін Лафонтеннен аударған, Крыловтан Абай аударған. Бұл өлең Крыловта 42 жолдай, Абайда 36 жол.

38. Крыловтың «Музыканты» деген өлеңінің аудармасы. Абай оригиналдың мазмұнын сақтағанмен, сол мазмұнды айтып беруге қолданған сөздерді өзінше алып отырады, не оригиналда бар сөздерді тастап та кетіп отырды. Абай аудармасында «Кто в лес, кто по дрова» деген сөздер жоқ, «Битасы даусып білдірмек» деген сөздер Крыловта жоқ.

39. Крыловтың «Пестрые овцы» деген мысалының аудармасы.

40. Абай Крыловтың «Ворона и лисица» деген мысалынан аударған. Крылов Лафонтеннен аударған.

41. Бұл өлең бұдан бұрынғы Абай шығармаларының жинағында жоқ, бірінші рет Абай жинағына кіріп отырғаны осы. Бұл:

«Жұрт біледі, күледі,  
Сұрқия тілдің жаманы»,—

деп бұрыппап басылып келе жатқан «Ворона и лисица» деген Крылов мысалының екінші түрлі аудармасына ұқсайды. «Жұрт біледі» дәлірек аударма, «Боқтықта талтандаптың» аудармаға келмейтін жері көп.

42. Бұл өлең Абайдың өзіне тән өлең секілді.

43. Крыловтың «Лягушка и вол» деген мысалынан аударылған. Бұл мысалды Крылов Лафонтеннен аударған.

44. Крыловтың «Слон и моська» деген мысалының аудармасы.

45. Лермонтовтың «Демон» деген поэмасының:

«Печальный Демон дух изгнания  
Летал над грешною землею»,—

деп басталатын әуелгі бөлімінен және шайтанның Тамарамен сөйлескен сөздерінен аударған.

46. Лермонтовтың қай өлеңінен аударылғандығын білу қиын. Абайдың бұрынғы баспаларында «Лермонтовтан» деп келе жатқан соң, біз де сол жору дұрыс болар дейміз.

47. Бұл өлеңді Абайдың бұрынғы баспаларында «Лермонтовтан» деп келген. Бірақ Лермонтовтың қай

өлецінен аударылғандығын анықтауға мүмкіндік болмады.

48. Бұл өлең Лермонтовтың қай өлеңінен аударылғаны белгісіз. Бұрынғы қолжазбасы мен баспаларында Лермонтов өлеңі деп келе жатқан соң, сол мақұл болар дейміз.

49. Лермонтовтың «Парус» деген өлеңінің аудармасы. Бұл өлеңді Лермонтов төрт бунақты ямбымен жазған. Барлығы 12 жол, әр жолы 8 буыннан. Абай аудармасында бұл өлең 12 жол, бірақ өлең 7 буыннан болып келеді. Соңғы екі жол болмаса, аударма дәлге жақын.

«А он, мятежный, просит бури  
Как будто в бурях есть покой»,—

ды Абай:

«Қарашы ол бүлік, құдайдан,  
Сұрайды дауыл күші-түп»,—

деп аударарды.

50. Лермонтовтың «Утес» деген өлеңінің аудармасы. Абай аудармасы оригиналда 4 жолды, екі шумақты болып шыққан. Бірақ, бұл өлеңдерді сөз, мағына жақтарынан дәлме-дәл деуге болмайды. Абай өлеңіне «қыз» деген сөздің қалай кіргені де түсініксіздеу, оригиналда «қыз» деген сөз жоқ, «із» деген сөз бар. «Но остался влажный след»,— дейді Лермонтов. Оригиналдың бесінші жолындағы «Остался влажный след» деген ұғымды, Абай басқы шумақтың 3-жолында «қалды үміт» деген сөздермен айтып бергенге ұқсайды. Абайдың «Ночевала тучка золотаяны» «Қонады бір күн жас бұлт» деп аударғанына қарағанда, оригиналда жоқ, «қыз» деген сөзді қолдануы ғажап емес, немесе «із деген» деп, болмаса «із деген» деп аударуы да мүмкін, бірақ бұл үш жорудың мынасы даусыз деп кесіп айту қиын, толық дерек жоқ, сондықтан бұрынғы баспаларында, академиядағы Мүрсейіт қолжазбасында «қыз деген» болғандықтан, сол «қыз дегеннің» өзін қалдырдық.

51. Бұл өлеңді бұрынғы қолжазбалар мен баспаларында Лермонтовтан аударған деседі. Бірақ Лермонтовтың қай өлеңінен аударғаны туралы мықты дәлел жоқ, мүмкін Абай басқа бір ақын, жазушылардан аударған шығар, қалайда бұл өлең бәлеп өлеңнің аудармасы деуге әзірге дерек жоқ.

52. Лермонтовтың «На буйном пиршестве задумчив он сидел» деп басталатын өлеңінің аудармасы. Бұл аударма — еркін аударма. Өйткені өлеңнің кей жерлерін өзгертіп және жолдар қосып, аударма түбірінің мазмұнын өзгертіп әкеткен көрінеді.

53. Лермонтовтың «Вадим» деген қара сөзбен жазылған ұзақ әңгімесінің бірінші бөлімінің бірінші, екінші тарауларының жалпы мағынасын түгел аударып және үшінші тарауының бас жағын Абай осылай аударыпты. Абай өлеңінде оригиналдың тек ұзын-ырғасы ғана бар. Бірінші тарауындағы «Какая странная мысль принять имя раба за два месяца по Пугачева» деген сөздері және сол тараудың «Вадим оборачивался» деген сөздерден кейін басталатын акыры, Абай аудармасында жоқ. Осындай қалып отырған сөздері, ұғымдар аз емес көрінеді. Бұл қалып қойған жерлерді Абай әдейі тастап кетті ме, жоқ па? Ол жері бізге мәлімсіз.

«Вадимнің» бірінші бөлімінің бірінші тарауы «Батар күнге шымылдык көк бұлт кең» деген сөздермен басталса, екінші тарауы «елуге келген шашы бурыл тартқан» деген сөздермен басталады. Сол бөлімнің үшінші тарауы «бай: ер!» деді, артынан ере берді» деген сөздермен басталған көрінеді. Мүрсейіт қолжазбасында бұл өлең тарау-тарауға бөлінбей тұтас жазылған. Бізде өлеңді сол тұтас қалпында жіберуді мақұл көрдік.

## АБАЙДЫҢ ӨМІРБАЯНЫНА ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

Бұл жинақта Абайдың өмірбаяны бір қыдыру толықталып жазылса да, әлі де соған кірмей қалған қосымша материалдар аз емес. Бұл соңғы материалдар ақын өмірінің үлкен кезең, үлкен іс мінездерін баян етпесе де, оның ұсақ әдет-машықтарын білдіреді. Өмірінің әр кезіндегі әралуан жайдан айтып өткен бірен-саран пікірлерін білдіреді. Әртүрлі халдап алған әсеріп, соның орайына айтқан қалжың, сын, билік сияқты қысқа қайырымды сөздерін де көрсетеді. Және үлкенірек, маңыздырақ уақиғаларға сүйеніп, жазылатын өмірбаянының ішіне әдейі кіргізілмеген ұсақ фактілер кіреді. Абайдың ащылық, сауыққойлық сияқты мінездері, үй іші, қа-

тын-бала мен келімді-кетімді кісіге істейтін кейбір мінез, кейбір айтқан сөздері де осы бөлімге кіреді.

Бұл жолғы толық баспада көздеп отырған мақсатымыз — ақын жайында осы күнге шейін мәлім болған мағлұматтың бәрін жарыққа шығару. Сондықтан жаңағы сияқты үлкенді-кішілі қосымша материалдардың барлығын өз алдына бір бөлім еттік. Бұның ішіндегі сөздер, көбінесе Абайды көзі көрген адамдардың айтып берген, естегі сияқты әңгімелерінен тізілді. Оның ішінде Көкпай мен Тұраштың айтқан әңгімелері шамасынша желілі болып айтылған сөздер. Олар Абайды ең алғашқы сөздерін анықтап біле бастаған кезден сөз бастап беріге қарай жылжиды. Көкпай 1880 жылдан бастап Абайдың жолдасы, досы болған адам. Бірақ өзі сол ру басы ортасының адамы. Абай істеген іс пен мінездің барлығын құптаған, мақұлдаған адам. Өзі атқамінерлігімен қатар жасында ақып, әнші болса, бері келе молдалық та қылған. Сондықтан біз Абайдың дін жайындағы, билігі жайындағы, адамшылық үгіті жайындағы сөздерін келтіргенде, әдейі сол замандастарының Абайды түсінуі, бағалауы қандай болғанын көрсету үшін кіргізіп отырмыз. Абайдың баласы Тұраш дәл осы Көкпай сияқты. Бұл екеуінің ұғымынша Абай елдің «телісі мен тентегін бағамын, түзеймін деп, өз басын әуре етіп өткізген Абай ғана болып көрінеді. Шынында Абайдың уағыз өсиет айтып: «Адам болсаң сен ғана боласың, үміт қылатындарым сендер ғана» дейтін ет-бауыр, жақын жастары да осы Көкпай, Тұраштар болатын. Бұлардың Абайды бағалауы, түсінуі, үлгі етіп көтеруі қандай? Соны көпшілікке білдіру үшін және осымен қатар екеуінің де әңгімелерінің ішінде, әсіресе, Көкпайда ақын өмірінің әр алуан қызықты, ірі фактілерін білдіретін бағалы мағлұматтары бар.

Қосымша материалдардың бір алуанын бергендер: Мәдияр Түсіпұлы, Қорамжанұлы Қатпа, Архәм Ысқақұлы, т. б. Бұлар да Абайды көзі көрген адамдар. Әрқайсысы әр алуан жайда Абаймен кейде дос, кейде араз болып жүрген ауылдардың адамдары. Бұлардың әңгімелері желілі болып құралған, жыл мөлшерімен тізілген, кезегімен келетін әңгімелер емес. Абай жайындағы естігені мен білгенді жеке-жеке үзіпті, оқшау-оқшау әңгімеше айтып өткен сөздер. Ақынның өмірбаянына жапасатын материалдардың бір алуаны осылайша болғанын біз те-

ріс те көрмедік. Сондықтан бұлар айтқан әңгімелер сол айтылған қалпында үзінді-үзінді болып тізіледі. Оның ішінде кейбір адамдардың Абайға айтқан үлкенді-кішілі сөздері болса, олар да көрген қисынына қарай айтыла отырады.

## КӨКПАЙ ӘҢГІМЕЛЕРІ

1880 жылдан бастап, 1886 жылдарға шейін Абай әр кезде аз-аздап өлең жазып жүрді. Бірақ бұл уақыттағы сөздерінің барлығын «Көкпай сөздері» деп жүргізді. Кейін Омбыда «Дала уалаяты» мен «Серке» газеті шыққанда, бірер өлеңді тағы да менің атыммен жіберді. «Сорлы Көкпай жылайды, жылайды да жырлайды» дегені «мен» қалып қойып өзін айтып еді.

Осы қал 85-жылға шейін келді де, сол жылдың жазында ел жайлауға шықты. Абай аулының ең өрістеп баратын жайлауы — Бақанас өзенінің бойы еді. Соған қонағалы келе жаттық.

Көш жүріп кеткен еді. Біз Абаймен бірге бірнеше кісі болып артынан келдік. Осы жылы Абай аулында доктор Долгополов<sup>1</sup> та қонақ еді. Ауыл Бақанастың бойындағы Көлбейіт деген жерге қонып жатыр екен.

Абай қонып жатқан ауылды көріп, осы суретті өлең қыл деді. Мен біраз өлең қылып едім, жақтырмады да, өзі жазбақшы болды. Сонымен үй тігіліп болып бәріміз жайланған соң, Абайға келіп едім: «Өлең Көкшенің<sup>2</sup> бойынан асайын деді ғой» — деді.

Мен: «Асса басында, мен қолқаланып алған нәрсе емес еді. Енді өзіңіз ретін тауып қайта аларсыз», — деп қалжыңдадым, сөйтсем сол күні «Жазды күн шілде болғанданы» жазған екен, оқып берді.

Өзі жазған сөзіне ең алғашқы рет, аз да болса қанағат қылғанын көргенім сол. Менің қалжыңыма орай қылып: «Сен соғымыңа бір ту бие ал, мен енді өлеңімді өзім алайын» деді.

«Жаз» өлеңіндегі Абайдың суреттеген аулы — өз

---

<sup>1</sup> Долгополов — халықшыл революционер, Ресейден жер ауып Семейге келген.

<sup>2</sup> Көкше — Көкпайдың руы.



аулы. Байдың астындағы аяңшыл — Абайдың Әбдірақметтен алған «аяңшыл, күрең төбел аты». Айқайшы шалы: сол жылы өз аулымен көрші болып отырған Әнет Бармақ деген шал. Құс салып жүрген жас жігіттер өзінің балалары: Ақылбай, Әбдірахман болатын<sup>1</sup>.

Осыдан кейін өлеңді жиі жаза бастады. Тегінде өлеңді көп жазатын уақыты қыстыкүні мен жазға салым болатын. Кейін 89—90-жылдарда тыныштық алып отырғанда, көп әндерін де бір-ақ қыста, жазға салым шығарды.

Өзі біреуге ұзақ әңгіме, ұзақ жыр сияқты нәрселерді айтқызғанда ешуақытта басқа бөтен нәрселерге аумай, таза көңілмен, үлкен ықыласпен тыңдайтын. Және әрқашан сондайды тыңдап болған соң, сол нәрсенің мағынасы мен жөнін ұғындырып, сын айтатын. Сол ретпен: «Ақбала Боздақты» айтқанымызда, осы жырдың ішіндегі бір-ақ ауыз өлеңін жақсы көрді де: «мынаны шығарған кісі ақын» деді. Тегінде өлең ішінде бірер ауыз дәмді әдемі сөз табылса, сол үшін қатты риза болып қалушы еді. Жанағы өлеңде: Ақбала мен Боздақ, тау аралап келе жатса, алдарынан шағылысып жүрген құр, ұйғып жүрген екі түлкі кездесіпті. Сонда Боздақ Ақбалаға.

«Бір қораз, бір мекпен талда ойнайды,  
Адам түгіл хайуан мал да ойнайды;  
Құдайым бір нәрсеге бастап жүр ме,  
Алдымыздап кез келген аң да ойнайды»...—

депті.

Абай «осы сөзінен айтушының ақындығы білінеді» деп сынады.

Әрқашан Абай ақындық туралы сөйлегенде: «Ол — қуат, табиғат сыйы, құдай сыйы» деп құрметпен сөйлейтін. «Ақындық шабыты шын келгенде, адамды қайта тудырып жібереді. Ол келгенде адам жай жабайы адам болмайды»,— дейді.

Осы сөздің шындығы бәріміздің көзімізше, ел ішінің бір ақынның тұсында ақталғандай болады.

85-жылдың шамасында Қарамолада болатын шер-

---

<sup>1</sup> Көкпай «Жаз» өлеңіндегі, аты аталмай, жалпылап айтылған адам атаулының барлығын өзіңше атап, танытып, пәлеп-пәлеп деп береді. Бірақ біздің ойымызда бұл Көкпайдың өз топшылауы, өз шешуі. Дәліне келгенде, өзге шешуі ұқсаса да, тақ аяңшылығы мініп келген бәйге атындай аңқылдайтын байды Абай өзім дей қойды ма екен. Бұл тым надан бай, ол Абай болмас.

башнайға Абаймен бірге көп кісі болып келе жаттық. Ішімізде Байкөкше деген ақын да бар еді. Бір мезгілде Байкөкшенің түсіне Абайдың көзі түсті де: «Мына кәрінің жыны ұстап келе жатыр екен» деді. Айтқандай сол арада Байкөкше Абайға түнде көрген түсін айтып, ұзақ өлеңді шұбатып жөнелді. Түсінде Абайдың бірталай қиындық, қауіптен өтіп, мұратына қолы жеткенін көрген екен. Соны айтумен бірге өзінің жоруын да өлеңге қосып Қарамоладан жолы болып, алысқандарын жеңіп қайтатындарын айтты.

Абай ел ортасында өлең шығарып жүретін, «ақынмын» деген жігіттердің кейбіреулеріне кездескенде, солардың өз жанынан шығарған өлеңдерін айтқызып, ықыласпен тыңдайтын уақыттары да болушы еді. Бірақ ол ақындар өзіне өлең шығарып айтсын, басқаны өлең қылсын, сөздерін жай тыңдағаны болмаса, өлеңдеріне орай өлең айтып, айтысқа кіріспейтін.

Өлең айтқыш жігіттердің сөздерінде, нәр жұғын болса, дәмді сөзін көріп ырза болса, ондайлардың өлеңді көбірек айтқанын тілейтін. Кейбіреулеріне өлең қыларлық теманы да беретін сияқты еді...

Ұдайы жолдас болған уақытымда: орыс болсын, қазақ болсын, үлкен я кіші болсын, әрқашан мінезінде бояма болмай, шынымен келген кісіні жақтырушы еді. Бойын бағып, қымтырылып «пәлен көрінем, түгілен көрінем» деп қолдан пышын жасайтын мінезді көре бастаса, қытығына тигендей жақтырмай қалатын.

Ондайды кекетіп, мысқыл қылып, қалжыңмен өлең айтып жіберетін. Қалжың өлеңінің көбі маңындағы жұрттың осындай мінездерінен туады.

Бір күні осындайдың тұсында, өзімді де өлең қылды. Ел ішінің бір тобынан келе жатыр едік, жолда бірер сөз, бірер мінезді Абайдың жақтырмай қалғанын сездім. Ауылға жақындағанда Абай бізден озып кетіп еді. Үйге келсем қолына бір табақ қағаз бен қарындашты алып жазып жатыр екен.

«Не қылса да, өзімді өлең қылып жатыр-ау» деп ішіме сезік кіріп, қасына жетіп келіп едім, мына өлеңді оқып қоя берді:

Бұралып тұрып,  
Буыны құрып,  
Қнсайта тартып мұрыпын,  
Әсемсіп, сәнсіп,

Білгенсіп, бәлсіп,  
Әрнәрсенің орынын,  
Керенау, кердең бір керім,  
Жақпайды маған сол жерің! —

деп, өзімді өлең қылып қойыпты. Сонан соң жалынып отырып сұрап алдым да, көзінше жыртып тастадым. Өлеңін өзімнен басқа ешкім білген жоқ. Сол бір оқып шыққанда есімде қалғаны осы еді.

Жалпы өміріндегі мұрат қылған қиялы әділшілік пен дұрыстық болғандықтап, қазақтағы досы өтірігі жоқ, шыншыл кісі болатын.

Өтірік айтпай, шынын айтатын болса, мал ұрлайтын ұрыны болса да сүюші еді, ұрыдан алатын парасаты шынын айтқаны. Шындыққа, дұрыстыққа құмарлығын билікте анық көрсетіп жүрді. Билікке келгенде Абайдан әділ, таза, дұрыстығы күшті биді Тобықты іші бұрынғы заманда көрген жоқ деп айта аламын.

Абайдың билігіне, Абай тергеуіне әрқашан ел ішінде шнеленісіп, ұстасып жүрген жаулары құмар болатын. Сондықтан Абай айтқан билікті көбі, әрқашан сол жау жақтарының даулары туралы бола ма деп ойлаймыз.

Өзіміз көріп, өзіміз естіп, білген заманда жауына келіп билік айтқызу Абайдан басқа кісінің тұсында болды деп білмейміз. Тобықты ішінің өзге ешбір адамына дәл билік турасында, мұндай сенім болған жоқ.

Биліктегі әділдігімен қатар, осыған егіз сияқты бір мінез: Абайдың ерекше мырзалығы, жомарттығы, дүниеқор еместігі болатын. Жақын маңайдағы елде өз атағын есіткен: атышулы жүйрік ат, қыран құс, ит сияқты сауық аспаптары болса, Абай қалап та алады; қызыққаны кедейдікі болса сатып та алады. Бір жазда бес түйе беріп, бір бәйге ат алып, бес құлынды бие беріп, екінші ат алғанын көрдім. Солардың екеуін де сұраған екі кісіге өзі қызықтамастан беріп жіберді.

Тобықты іші: «бір досыңнан қызығып алып, бұлдап алған жақсыңды, үйіңе жеткізбей бір жақсы көрген адамың алып кетсе содан қызық не бар деп, Абай айтпап па еді», — деп аңыз қылысады.

Өзі шаруа басқарып қырда малдың санын, қалада ақша пұлдың санын ескерген емес. Қыр шаруасында ескерсе, жылқышы ғана ескеріп, жақсыдан айғыр салып, тесе мінілін ер батып кеткен арықтары болса сол жағын ғана ескеретін. Малшысына еңбек ақысын толық қылып

беріп, мықты малшы салуды ескеретін. Осындай басқа ауыл шаруасына істейтін қамы болушы еді.

Қалада болған уақытта ақшасының барлығын қасындағы атқосшы жігіті ұстайды. Одан «қанша қалды, неге ұстадың?»— деп сұрамайтын. Жалғыз-ақ «бітіп қалды» дегенде ғана, тыңнап ақша тауып, тағы қалтасына салып береді де отыра береді.

Аулы қысы-жазы өте қонақшыл. Әрдәйім күндіз-түні басып жатқан неше алуан кісі болады. Солардың ішінде «Абайдың түстігінен жейміз» деп ас аңдып келетін кедей-кепшікпен бірге ел-елдің: басты адамдары, ертекші, құсбегі, домбырашы, әнші, не болмаса тоғыз құмалақ, дейбі ойнағыш ойыншылары да жатады.

Абай қыстықүнгі бос уақыттарының бірталайында өзі оқып алған романдарды кейде ертек қылып, маңындағы жұртпен бірге, әсіресе, өзінің ұдайы қасында болатын ертекшісі Баймағамбетке айтып беретін.

Баймағамбет орыс романдарын бір айтқаннан жаңылмай ұғады. Ішіндегі европаша аттарды да жаттап алады. Содан кейін бірнеше күндер өткенде, өзі айтып берген ертектерін Баймағамбетке қайтып айтқызады да, ешнәрсеге аландамастан, бөліңбестен қайтадан түгел тыңдап шығады. Қатесі болса сонда түзеп береді. Содан анау айтып, таратып кете барады.

Осындай әдетпен қатар, Абай қырдың тоғыз құмалақ, дейбі сияқты ойындарына көп уақыт беретін. Әсіресе, көп салынып ойнайтыны тоғыз құмалақ болушы еді. Бұл ойындарға Тобықты ішіндегі ірі ойыншылардың ең ілгергі қатардағы бірі болып саналады. Ойнай-ойнай келе бірден-біреу озып, екшеліп келген соң, Тобықтыда бес-алты-ақ үлкен ойыншы шықты.

Солар: Қорпобай, Құттықожа, Қуаттың Құдайбердісі, Мақыштың Смағұлы дегендер еді. Абай осыларды кезек-кезек алғызып, кейде бәрін бір уақытта жиып, көп күндер бас алмай ойнап жатады. Артынан ойып тарқап әлгі кісілер қайтатын болғанда, дәулеті аз нашарларына: соғымдық тай, тайынша, қой, киім сияқты нәрселер беріп қайырады, осы сияқты ел ортасының көңіл сергітетін, қазақ сауықтарының барлығын Абай молынап көріп, толық қызықтады.

Аңшылық құру, бәйгеге ат апарып қосу; палуан апарып күрестіру; қаршыға, лашын салғызу; жүйрік ат пен мықты жігіт сақтап ұры түсіру; қасқыр соққызу; ақын,

әнші, күйшіні сақтап өнерді қызықтау сияқтының барлығын да өзі де көрді, бала-шілеріне де толық көрсетті. Осындай көп әдеттері маңайының барлығына үлгі болып жайылды.

Қыс бойы елсіз қалатын сыртында: бұғы, арқар, киік, түлкі болады. Абай көп кісі, көп жақсы құсбегі, мерген сияқты жақсы аңшылармен қостап, бірнеше үймен, көп соғым сойып барып бір ай, екі ай жүріп қайтады.

Бірақ берірек келгенде аңшылықты қойып, жоғарыда саналған өзге түрлі сауықтарға көбірек ауысты.

Бірақ, бұл істерінің қайсысы болса да, Абайдың жалпы тыңдаушыға айтып отыратын өсиет үгітіне, келе-лі мәжілісіне, кітап оқып, білім табуына көп бөгет болған жоқ. Бөгет болатын нәрсе болса ел сөзі, ел тартысы болды.

Абай Европа ғалымдарының ірі пәлсапамен жазылған кітаптарын оқығанда, өзінің басындағы ой-пікірлерінің ірге негізін аналарға оңай беріп жіберіп отырған жоқ. Жұртқа өсиет қылып, өз сөзіне мысал қылып сөйлегенде, әрқашан өз ақылының елегінен өткізіп алып айтушы еді. Көп насихатының түп қазығы: адамшылық, ақтық, әділет болатын...

## ТҰРАШ ӘҢГІМЕСІНЕН

Мен бала шағымда әкемді танығанда: жүзі жарқын ажары сыртында, көзі өткір; ашуы да, қуануы да жылдам, ширақ жанды адам еді. Мәжілісі қызықты. Ойын, сауықшыл, дастарқаны аса мол еді. Бір істі қызықтап отырғанды іздейді. Жай шаруасын ғана істеп отырмайды. Маған десе бала болсын, я үйіндегі қызметкер қатынның да болсын бір тәуір мінезін тауып отырар еді. Сүймеген адамымен ешуақытта жылы ұштаса алмайды. Ондай адамдармен бас қоспай уақыт еріксіз кез келсе, сол мезгілін абақтыдай көруші еді. Сыпайылық, сыйлық қылып, әдептіленіп, аяғының басынан, аузынап шыққан сөзін санап отыратын адамды жақсы көрмейді. Жарқын жүзбен, ашық көңілмен қытықсыз келетін адамды аңсап, сағынып, ондай адамды көргенде не баласы, немесе туысканы, бауыры келген кісідей қуанып қалар еді.

Менің бала кезімде әкем қандайлық жылы шыраймен ойнап, қалжыңдап отырса да қытығына тисе, ашуы

тез келгіш болатын. Сондай мінезінен ауылдағылар да, бәйбішелері де айғырмен ойнаған ат секілденіп, қорғаныштары кеуделерінен кетпей, қымсынып жүруші еді.

Өзім білген мезгілден бастап үйде отырғанда бірталай уақыттарын тоғыз құмалақ, дойбы сияқты ойындар алатын. Сонда таңертеңгі шайды ішкен соң бауырына жастығын алып, алдына құмалағын құрғызып, ойынға кіріп кетеді. Күндізгі келген ел арасының бас адамдары да ойынға кіріп кетеді. Құмалақтан кезек тимеген, я құмалақтың ойынына жаттықпаған іні, балалары секілділері өз алдына дойбы, карта сықылды ойынның дүкенін құрады. Сонымен бір шет елдің қабілетті адамы келіп қалмаса я бір үлкен жұмыс кездесіп қалмаса, ертелі-кешкі тамақтарынан басқаға бұрылмай, ойнап жатысады.

Бері келіп кітапты көп оқитын болған соң, уақытының көбін кітап алатып болды. Бірақ кейбір күндерде я кітапқа, құмарлыққа түсіп кетпесе, біреуге ертеқазып, я өзі айтып отыратын еді. Біреуге айтқызғанда: есітпеген ертегісіндей ыптасын сала тыңдап, бір сөзін қақпай, әбден айтып болған соң; айтушының адасқан жері болса қайтадан өзі айтып, түзеп беруші еді. Қазақтың ертегілерінде есітпеген, білмеген ертегісі кем шығар. Сонда: «қазақтың ескі ертегісінен, бұрын қай жерлерде жүргені; көршілес, күндес елдері қай жұрттар екені; діні, білімі қандайлық кезде шығарғаны, елдің ескі салты, арманы, кесіп-қаракеті не екені көрінеді» деуші еді.

Жас кезінде де, парсы жұртының: «Ямшид», «Қаһарман» секілді ертегі кітаптарын көп оқыса керек. Өзім көргенде «Мың бір түннің» кітабын оқып, алғашқы біздің елді «Мың бір түнмен» тапыстырған осы кісі.

Орыстың әңгімелі кітаптарын да көп оқып, көп айтып, елді романдармен таныстырғандығынан, біздің ел «Мың бір түніне» жалығып, романның қызығын күштірек көріп, соған әуестеніңкіреп кетті.

Жалпы жай отырған кезінде, ақылынан гөрі, махаббатын ардақтап, ақылдың суық сынынан қашып, көңіліне билетіп отырғыш еді. Айтпасақ та, не ойлап, неге риза яки немеңеге наразы болып жүргенімізді бұлкі еткізбей біле қоюшы еді. Көңіл сезіміне билеткіштігінің бір белгісі: жас баланы әлпештеп, шақырғанына бала ұмтылып келсе, қатты қуанып «қаны тартып, біліп тұр» деп

рахаттанады. Егер шақырғанына жатырқап: келмей, қашса өкпелеп, ашуланып қалушы еді.

1889 жыл үлкен әйелінен туған Райхан деген қызды ұзатып, үйдің ішінің бәрі жолаушы кетіп, үйде екеуміз-ақ қалдық. Сол жыл, артынан абайлап қарасам, ғылым жолына белсеніп шыққан жылы екен. Сонда таңертеннен кешке шейін бас алмай орыстың кітаптарын оқиды да, ара-тұра өлең жазып тастайды. Өлең жазарда ширек табақтай ақ қағазды алдына алып, қолында қарындашы, көзі жасаураңқырап (тегінде көзі жасаурағыш еді), әндетіңкіреп, күңіреніп отырады. Сол күңіренудің арасында есітер-есітпес қылып, күбірлеңкіреп келіп, жазып кеткен соң көп ойланып тоқталмайды. Алдыңғы жазғанын көп сызып түзетпейді де.

Кейде бір елден бөлек, ерекше мінез де шығарып отырады. Бір жылы Алдоңғар деген кәрі ұрыны, «ұрлығыңды қой» деп қасына көшіріп алып, Мәніке деген жастау әйел баласын теңіне қосамын деп асырап алған. Шайын қойып, төсегін салып беретін сол Мәніке.

Оңашада, Мәнікеге: мен қонақтарға сөйлеп-сөйлеп болған соң «Солай ма Мәніке?» дермін, сен «солай» деп қой деп үйретіп қояды. Кешке сөз ұғар ма дегендей адамдар қонақ болса, қазақтың ойында жоқ, ғылымның үлгілі сөздерінен сөйлеп келіп, осылай ма, Мәніке? десе, Мәніке «осылай» деді, «япырм-ай мынау баланың біліп отырғанын қарашы» деп, қонақтар таңырқап қалады. Мұнысы қазақтың ақыл-шамасына күлгені-ау деймін.

Кейде қонақтарға: «осы сөзімнің жалғанын тапсаңдар, көк бөркімді берейін» дейді. Онысы қонақтың қытығын тарқатып ойнағанының себебі.

Ұлғайған сайын ашуы азайып, жұмсақ тарта береді. Жасы ұлғайған адамның бәрі де жасып, қайрат, ажары кеміп жұмсармағы табиғаттың жолы шығар. Бірақ мына кісі осы жұмсарғандығын ардақтап, өзіне қасиет санады. Сондықтан бұл жұмсармағын бір жағынан өзі еңбек қылып тапты деп білемін. Өз әкесінің қайтпайтын қатты, суық мінезін мін сияқты көріп: «қорықпақ пен сүймек, от пен су секілді, бір жерге жпылмайды. Адам сүйген адамының ақылын ұғын, содан бәhre алады. Қорқытын, ұрсып айтқан ақыл дарымайды» деуші еді.

Сондықтан көз алдында қандай ойындарды ойнап, күліп шуылдап отырсақ та, бетімізді қақпай, еркелетіп

отырады. Егер алдынан қашып жаман деген адамымен ойнағымыз келгенін білсе, қатты ренжіп, ұрсып: «Адамға үш алуан адамнан мінез жұғады. Ата-анасынан, ұстазынан, құрбысынан, әсіресе, солардың қайсысын жақсы көрсе содан көп жұғады. Сендердің менен жақсы көріп, барғыларың келіп тұрған жақсы құрбыларың қайсы?»— деп, ондай жаман адамдардың мәжілісінен әйел баласындай қорғаштап, тыйып өсіргісі келді.

Мен білгенде: жалпы қазақтың байларыңша — ертемен малың айдап салып, кешке малдың алдынан шығатындары секілді мал, шаруасы үшін атқа мінбейді. Атқа мінсе ел ішіндегі топқа, кеңеске, ас, той сықылдыға бару үшін мінеді.

Көбінесе үйде отырғандықтан ба, я тыныштығын күтемін дегендіктен бе, әйтеуір еріншектік ертерек нектен, атқа мінуді әлден көп ерте азайтып, шәу тартты.

Үлкен үйдегі келіні Еркежаңды алып, сол үйге кірген соң дәулетінің молы да, ел ортасындағы үйі де сол болып, әмісе сол үйінде отырып, басқа үйіне окта-текте ғана келетін болды.

Топтағы, биліктегі мінезінен жалғыз айтатыным: я билікке тартысып, я аразымен бас қосқан жерде кінә айтысып, сөзін сарқа сөйлеп, суырылып отырғанын көргенім жоқ. Байлаулы жерінен қысқа, тұжырымды сөзді ақырын айтса, сол тоқтау болып қалушы еді.

Жалпы дүңнеқор, сараң еместігінің белгісі: өмірінде орайы қайтпайтып, бір соқпа бөгде кісілерге де көп көмек істеуші еді. Менің бала күнімде Кавказдағы атақты батыр Тәштемірдің баласы Үркітке айдалып барған жерден қашып, қасында екі жолдасы бар, қыстай біздің ауылда қыстап жатып, жаз шыққан соң әкемнен үш жақсы ат мініп кетті. Ол басында Тәштемірдің баласы екенін жасырып жүріпті. Жалғыз-ақ, ауылдағы бір жігітке ашуланып: «сені өлтірмесем Тәштемірден тумай кетейін» депті. Содан кейін Тәштемірдің баласы екені білініпті. Бұл адам туралы сол елдің тағы да Үркіттен қашып келгендерінен әкем сұрағанда айтқаны: «Барған соң, белгілі батырдың баласы тек отыра алмай, батырлықтың жолып ұстапса керек. Соған соң жау туысқандары терезеден атып өлтіріпті» деді.

Жыл сайын Үркіттен қашқан, көбінесе Кавказдағы Дағыстанның, Түріктің айдалған адамдары бірден, скіден келіп, кейі қыстап, кейі бір-екі ай жатып тынығып



бір-бір атқа мініп кетеді. Осындай ат мініп кеткен қашқындардың менің көзім көргендегісі 15 шамалы.

## АБАЙ ЖАЙЫНДА МӘДИЯР, ҚАТПА, АРҚАМ, Т. Б. АЙТҚАН ӘҢГІМЕЛЕРІ

Абайдың жігіт шағында аса жақсы көрген әйелінің бірі Керей Сағындықтың қызы екен. Бұл кейін Аржақтағы Әділхан төренің әйелі болады. Абай екеуінің тәттілігі көпке шейін үзілмеген. Бертін келгенде Әділхан өліп, сол әйел жесір қалып, өзге күйсуге тимей отырып, Абайға бір үлкен әдемі өлеңмен сәлем хат жазады. Бұл жесір қалған уақытта Абайдың соны тоқалдыққа аламын, Әділханның «қопасын» қыстау қыламын деген деп ниеті болған екен. Оған бір сәбеп бұрынғы жақындығы болса, соның үстіне жаңағы айтылған хат та қамшы болады. Бізге бұл әйелдің өз аты мәлім болмады. Өйткені, көпшілік төре қатыны болғандықтан «ханым» деп, тіпті кәдірлейін дегенде «Бүбі» деп атандырып кетіп дәл өз атын білуші кейінгі кезде сиреп қапты. Осы әйелдің өлең хаты, ол кездегі әйел аузынан шықты деген сөздердің бір көріктісі болғандықтан, біз тұтас келтірейік:

Ей, мырза, ғарып міскін сөзін тыңда<sup>1</sup>  
Болса да кем-кетігі жария қылма,  
Сайраған бақ ішінде бұлбұл едім,  
Кіріфтар бұл қафасқа қылды хұда.

Шаһизат көңіл қойдым жарлығыңа!  
Кең дүние душар болдым тарлығыңа.  
Ұжүтке<sup>2</sup> келгенім-ақ жазған екен,  
Хұдайым бұл қисматпен<sup>3</sup> зар қылуға.

Әзәлде мұны жазған қаһар фәләк<sup>4</sup>,  
Алладан өтінемін, қылып талап,  
«Лә тақдәттің мин рахмә тиллаһи»<sup>5</sup> деген аят,  
Қосылсақ ниша-алла құдай қалап.

<sup>1</sup> Бұл хат несі арабша, түрікше оқыған әйел. Сондықтан сол кездегі бір салт бойынша өлеңінде кітапшылаған сөздер мен жеке сөздер де көп кездеседі. Сонымен қатар кейбір қазақ сөздерін де кітапша айтып ұйқастырады. Мұндай жерлерін біз өз жазуыңша жібердік. М. Ә.

<sup>2</sup> Арабша — жаралған, жаралып деген мағынада.

<sup>3</sup> Арабша — тағдыр, құдайдың бұйрығы.

<sup>4</sup> Арабша — бұл жерде тағдыр, жазмыш деген мағынада.

<sup>5</sup> Арабша — құдайдың рақметінен үмітсіз болмаңыз.

<sup>6</sup> Арабша — хат.

Сізге жаздым бір намаз ғұсса зардан,  
Ренжу көңлімде бар, қайғы да арман.  
«Сәһилу фәлә тәһһәр»<sup>6</sup> деген аят,  
Нәзілдүр<sup>7</sup> хақ рахматы фарманынан<sup>8</sup>.

Зілһа<sup>9</sup> Жүсіп үшін әйләгән аһ!<sup>10</sup>  
Болар ма дертке дәрмен аһ, дарига?  
Бәндәңе ғибратларың көбдір Кәрім<sup>11</sup>  
Қылмасын ақырыңда хұдай рәсуә.

Худая кең дүниені әйләдің тар!<sup>12</sup>  
Шадлықтан халас<sup>13</sup> болып қыламын зар,  
Уә бәршә мүбтәләлік<sup>14</sup> бу қисматы,  
«Лә тақнату» айттан үмітім бар.

Өкініп өткен іске болмас пайда,  
Адамға ғифлы камил жолдас қайда?  
Әуелде раббим<sup>15</sup> жазып қойған болса,  
Қылады ғариф пенде пешік айла?

Айтқан сөз түбі қиын шаһнзатқа<sup>16</sup>  
Тұрамын көңіл бермей һиш тараңқа.  
Айналдым атаңыздың аруағынан,  
Ғайыпқа бұйырмаңыз жазған хатқа.

Үш жүзден ақылы асқан арыстаным!  
Бәндәден ғиғлі камил данышпаным,  
Мұратым Хаф тауының қақ басында,  
Қасымда туғаным жоқ, туысқаным.

Ғашықты ғашық көрсе көңіл тынар,  
Айналар ғамкин<sup>17</sup> көңіл көрсе дидар,  
Қафаста<sup>18</sup> пенде болған мен бір сабил<sup>19</sup>,  
Қараңғыдан қолыңнан келсе, құтқар.

Ішінде көп жапалақ сіз бір сұңқар,  
«Асылды асыл білер» деген сөз бар:  
Мнуәсі салбыраған бәйтерексің,  
Қонуға бұтағына үмітім бар.

<sup>6</sup> Арабша — сұраңыз, бірақ ренжітпеңіз.

<sup>7</sup> Арабша — өндірілген, жіберілген.

<sup>8</sup> Арабша — әмір, бұйрық.

<sup>9</sup> Жүсіп пайғамбарға ғашық болған қыз.

<sup>10</sup> Зар болған деген мағынада.

<sup>11</sup> Құдайдың бір аты.

<sup>12</sup> Еттің, істедің деген мағынада.

<sup>13</sup> Арабша — күр қалып деген мағынада.

<sup>14</sup> Арабша — кіріптар болу.

<sup>15</sup> Арабша — құдай.

<sup>16</sup> Арабша — асыл зат.

<sup>17</sup> Арабша — қайғылы.

<sup>18</sup> Арабша — қамауда.

<sup>19</sup> Арабша — бұл жерде болмаған деген мағынада.

Ақ сұңқар, сіз ішінде бір топ қарға,  
Жәй жатып қар қылмаңыз жалшыларға.  
Сайлансаң аға сұлтан тезірек кел,  
Білезік ауып кетер шар салғанда.

Сіз үшін мен ризамын айдалуға,  
Көңлім бар, бір орыңа сайлануға.  
Дидарың көзден ғайып тұрған бақыт,  
Көлеңкең табылмай тұр айналуға.

Бұл дүние сізден де өтер, бізден де өтер,  
Тез ғашық, мұратына жылдам жетер.  
«Қашан кемеліне келтірем» деп жүргенде,  
Бәндәден шалақ дүние өтіп кетер,—

деген. Бұл хаттан әйелдің тимектігін білген соң, Абай «аламынды» шын ойлайды. Бірақ ауыл-ауылдан дос-жары ол инетін мақұл көрмейді. Бөтен ел ішіндегі біреудің жесірін алып, мал дүниесімен жіктену деген оңай да емес. Соларды ойлап қайта қобалжыса керек. Осы себептерге қосымша ғып бергі айтушылар тағы бір әңгімені қосады. Онысы: «әйелдің Абайды қызықтырғаны өлең-хаты» деп біліп, Абайдың қатындары Қарасақау деген бір айтқыш адамға «сол өлеңінің мінін тап та айна депті» дейді. Қарасақау келіп, оқытып көріп, Абайға: «мынау адамның сенен басқа да жіп таққан адамы бар ғой, «білезік ауып кетер шар салғанда» дегені, сен бірнеше адаммен таласып, шарға түсіп барып аласың дегені ғой. Оның көңлінде бірдің өзі емес, көптің бірі екенсің, ұмтылып қайтесің?»— депті. Абай содан да тоқырапты деседі.

Абай жас уағынан бастап, қырықтар шамасына келгеніне шейін, әр жылы: қыстап салбурынға<sup>1</sup> шығып бүркіт салып, арқар, бұғы, киік атқызып, аңшылықты көп қызықтап жүрген. Бәшей, Сыбанбай, Қорғанбай дейтін кісілер Абайдың ұдайы салбурынға ертіп жүріп аң атқызатын мергендері де, Тұрғамбай деген саятшы, үнемі Абайдың өз құсын ұстайтын құсбегісі. Тобықтының жазғы жайлауы Шыңғыстың сырты. Сол өлке қыстыгүні елсіз болады. Аңның көбі сонда жүреді. Салбурынға шыққанда Абай соғымын, ат-тонып, жолдастарын сайлап ап, бірер айға тұтас кетеді. Саятшы інілерін, туыс-

<sup>1</sup> Ұзақ уақытқа аңға шығу.

қандарын, көңілдерін алып бір қос емес, бірнеше қос болып шығады. Кейде түлкі жүретін, ел арасындағы қиың тауларға барып та құс салады. Мұндайда көбірек баратыны Сыбан жеріндегі Арқат тауы. Бір рет сол Арқатқа Жиренше екеуі құс сала барады. Қастарында: атақты саятшы жігіт Абылғазы бар және Абайдың құсбегісі Тұрғамбай болады. Абай өзі де құстың сынын, бабын жақсы білген. Бірақ осы сапарда Тұрғамбай екеуі «Сарышолақ» деген құсты Абылғазы Жиреншеге ақыл салмай, айтқан кеңестері болса тындамай, өз беттерімен күйлейміз деп, тарс түлкі алғызбай қояды. Жиренше ақыл айтайын десе, Абай Тұрғамбайдан басқаның бабын тындамайды. Бір күні Тұрғамбай Сарышолаққа жем беріп, отырғанда, Жиренше Абылғазыдан ақырын «мынау ертең қайтеді?»— деп сұрайды. Абылғазы: алмайды, үстінен шығады дейді. Жиренше мұны өз сөзі қып, жай, өз бетімен «Сарышолақ ертең үстінен шығады, алмайды» деді. Дегені болады. Кешке Тұрғамбай құсты жемдеп отырғанда Жиренше Абылғазыдан: «енді қайтеді?»— деп сұрады. Анау: «Енді ұша түсіп жолға қонып қалады»— деді. Жиренше мұны да өз бетімен айтып қояды. Тағы дегені болады. Үшінші күні Жиренше: қайтсе алады деп сұрағанда, Абылғазы:— «кешке сойылатын қойдың бауыздау қапына байлап, мойын етіне отырғызып, жемсауы арқардың асығындай болып шыққаңда, байлап тастаса алады»— деді. Тұрғамбай кешке тағы ақ жем бергелі жатады. Абай Жиреншенің айтқаны келе бергенде бұрын ыза болып, егесіп, ақылын тындамаса да, енді келіп кеңес сұрайды. Жиренше жацағыны айтады. Абай сонда: «бұл не білуші еді, анау аузыңды ұрайын айтып отыр ғой, істе соның айтқанын» деп еріксіз мойындайды. Бұл аңшылар ортасының бір алуан бәсекесін білдіреді. Абылғазы өзіне ақыл салмаған соң, Абайды ең болмаса Жиреншеге мойындатып берейін деп әлгіні істейді.

Абай қыран бүркіт, бәйге аттың аса даңқы шығып мұны қызықтырғаны болса, кімдікі болса да я сұрап, я сатып алады...

Мұрын ішінде Бұлан дегеннің асы болып, сонда бәйгеден келген «Кедей құла» деген атқа Абай қызығып, алғысы келеді. Ат Молдаш дегендікі екен. Абай бес түйе

беріп атты алған жерде, Молдаш баласына ақылдасқан болып:— елімізге атымызды алдырдық деп барар ма екеміз, қайтер екеміз?— дегенде, Абай тағы бір ат бергізеді.

Осындай талай жерде талайдың жүйрігі мен жортақысын беріп те, сұрап та алып жатады. Сонан соң қалап сұраған көңілдесі болса көбінесе беріп те жібереді екен. Бұл бертін келгенге шейін көп қолданған дағдысы. Ол мінезді Абаймен қатар Оспан да жиі істейді екен.

Абайдың кейбір кесек терең сөздері, ел ішінде мақал, жора болып кеткені толып жатыр. Сондай сөзінің бір қыдыруын, ел кісілерімен бас қосқан жиында, я билік дау үстінде әлдеқалай айтып қап жүрген. Көк тұмадағы шербеишай үстінде Абайға амандасамын деп Сұлусарының болысы — Бәйеке, Қалбаның болысы — Бәкен, Шардың болысы — Үсен деген кісілер кеп отырады. Бұлар келгенде Абай ашылып сөйлемей, үндемей отырып қалады. Сонда Бәйеке: «Ыбырай, неге үндемейсің? Сен ұлық болсаң, біз де болыспыз» дейді. Соған Абай: «Ей, Бәйеке-ай! Биік мансап, биік жартас қой, оның басына еріпбей еңбектеп жылан да шығады. Екпін-деп ұшып қыран да шығады» депті. Үсен осы жөнде Бәйекені қалжақ етіпті. Сонда анау:—«сендерге не бітті? Қайта мен арқылы осындай жақсы сөз есіттің» депті.

Абайдың өз інісі Смағұл мен Әзімбай «Қаражырық» деген бір құс жөнінде даулы болады. Әзімбай бұл бүркітін басында Смағұлға тамыр болып беріп, артынан «орайын қайтармадың» деп бұзылады да алып қашып алады. Сол екеуінің дауына «тамыр болдың айтыс жоқ, қолдан бердің қайтыс жоқ» деп кесік айтыпты.

Қарабас Тоқа деген өзінің бір Мамайымен айтысып, бір құнан даулап Абайға келеді. Абай жауапкер жағын тыңдамастан «құнанын бер»,— деді. Тоқа сонда: Құнанын бергізбей тұра тұрып екіншіге дейін сөзімді тыңдашы дейді де, ұзақ дауды айта береді. Абай намазшамға дейін үндемей тыңдап кеп аяғында жауапкерге «енді сен құнанды берме!»— дейді.

Тоқа:— «Е, неге?» дегенде:

— «Құнан саған тиген еді, өзің сөзге саттың, бір дауда екі аласың ба?»— дейді. Осыдан исі Қарабасты Бірғызбай іші қырт атандырып кеткен.

Бір күні бай баласы мен кедей баласын салыстырып отырып Абай:— Бай баласы көп ішсе, ішіп үйренген,— дейді. Аз ішсе негізі тойған,— дейді. Кедей баласы көп ішсе көні кеуіп қалған дейді, аз ішсе шілдесінде шық көрмеген,— дейді. Осы кедей баласының құтылары бар ма?— депті.

Абай бір нәрсенің жөнінде іліп ала жөнеліп, ұтымды сөйлеп жібергенді үлгі қылады. Өзі кейде өлең, кейде мысқыл, кейде мақал тәрізді сөзбен сондайды көп айтады. Бір қыдыру адамды сондаймен сынап қояды.

Абай Қоңыр Көкшеге болыс болып тұрғанда бір күні Байкөкше ақып бұл отырған үйге кіріп келе жатады. Сонда Абай:

Тақыр жерге қауыздап шөп бітеді,  
Кей адамға мал мен бас көп бітеді,—

деп, осының аяғын отырғанша айтып жіберші дегенде, Байкөкше:

Кей жігітті пысық деп болыс қойсаң,  
Қашан түсіп болғанша жеп бітеді,—

деп отыра кеткен. Осы сияқты әдетпен Қияспай дегенді де сынаған. Қияспай — жарым естеу, дуаналау сыбызғышы. Үстіне киетіні тигулі киім емес қой терісі болсын, бұл болсын барлығын да ойып, тесіп бой бойымен борша-борша қып үстіне іліп жүреді. Оқта-текте қызық сөздер айтып жіберетін, жұртқа думан бола жүретін жұғымды мінездері де көп адам. Соған Абай бір күні:

Үстіндегі киімің,  
Киім емес қызыл шу,  
Жүрген жерің күнде ду,  
Уайым жоқ, қайғы жоқ,  
Атадан тусан, сендей ту,—

деп, аяғын өзің айт дейді. Сонда Қияспай:

Тамағым тоқ, уайымсыз,  
Жаным-ау менің өзім неткен қу!  
Әгей, әгәгәй!...—

дейді.

Осындай кем-кетіктер ішінде тағы бір көңіл бөліп, көмек етіңкіреп жүретін кісі Мұқаммараз деген жыңдылау жас жігіт болады. Соған бір уақытта:

Ауру астан болғанда, дау қарындастан,  
Мұқаммараз атандым бала жастан;  
Мұқаммараз дейтұғын шәйттан аты,  
Қандай молда қойды екен аямастан?!—

деді.

Осындай адамның бірі Еркежан үйінде жүретін Шәу-кімбай деген болған. Ол Оспан заманынан сол үйдің тезекшісі, қазаншысы болып ылғи жерошақ басынан кетпейді. Өзі ешкіммен сөйлеспей, жалғыз отырады екен.

Абай өзі шығарған, кейбір түрі және мазмұны өзгелеу өлеңдеріне арнап ән шығарған. Біз білген мөлшерде, мұндай әндерінің әзіргі сапы 16.

Ол мыналар:

- 1) Тәңірі қосқан жар едің сен.
- 2) Амал жоқ, қайттым білдірмей.
- 3) Сегізаяқ.
- 4) Көзімнің қарасы.
- 5) Қор болды жаным.
- 6) Бойы бұлғаң.
- 7) Ішім өлген, сыртым сау.
- 8) Айттым сәлем, Қаламқас.
- 9) Біреу біреуден артылса.
- 10) Көңіл құсы құйкылжыр, шар тарапқа.
- 11) Өлсем орным қара жер.
- 12) Сен мені петесің?
- 13) Ата-анаға көз қуаныш.
- 14) Сұрғылт тұмап дым бүркіп.
- 15) Сүйсіне алмадым, сүймедім.
- 16) Мен көрдім ұзын қайың құлағанын...

Бұл әндерінің біразы орысшадан аударылған өлеңдеріменен айтылады. Сондықтан, кейбірінде сол Абай кезінде айтылып, таралып жүрген орыс ән-күйлерінің жұғыны болса ғажап емес. Абайдың «мынасы өзімдікі, анасы пәлендікі» деп айтқан сөзін естіген кісі жоқ. Және өлеңіне қосылған әнді өзі дымбыраға тартып, үн қосып бірер айтып берген соң, маңайындағы жігіттер қағып алып кетеді. Содан әрі не күйде, қалай тарап, қалай айтылып жүргеніменен Абайдың көп жұмысы болмаған.

Бірақ осы ән шығару үлгісі, Абайға қарап өлең шығаруды машық еткен жастың көбіне және әсер етіп Ақылбай, Мұқамбетжан деген іні-балалары да бірнеше әндер шығарған. Ол жөнінде бұлардың өз арасында бірталай бәсске де бар екен.

Бір жылы Семейде Таңжарық дегеннің үйінде Мағауния бастаған бірталай жастар мәжіліс құрып отырды. Абай елде екен. Бір уақытта бұлардың үстіне Мұқамбетжан келеді. Әзіл, сауық үстінде бұлар «ән сал» деп Мұқамбетжанға өтініш жасайды. Ол өлең де, ән де шығарып жүретін адам. Сонда Мұқамбетжан домбыраға қосылып, бұрып аналар естіп көрмеген бір өлеңді өзгеше бір жаңа әнмен айтып береді. Жұрт үндемей тыңдап болған соң, біреуі «бұл кім әні, өлеңі кімдікі?»— деп сұрағанда Мұқамбетжан: «Абай ағамның жаңадан шығарған өлеңі мен әні» дейді. Бұл өлең соның алдында анау жастар қалада жүргенде Абай шығарған «Өлсем орным қара жер» екен. Сонда жастың бірі Абай шығарды дегенді естігенде: «Уһ, жүрегім жаңа орнына түсті ғой, өзім шығардым деп салама деп жаман шошымадым ба?»— депті. Өзі шамалас Мұқамбетжан шығарды дегенге қимаған бәсекелестік белгісі.

Абай жастарға өз әнімен қатар әсіресе елдің ескі ән-күйлерін үйренуді көп тапсырған. Өз тұсындағы атақты әншілерден Біржан, Әсет, Мұқа сияқтыларды қонақ етіп, аулында ұзақ-ұзақ уақыт сақтағаны да бар. Мысалы, Біржаннан ән үйрен деп өзінің тоқалы Әйгерімге де тапсырады. Бұл жасында ірі әнші болған әйел екен. Кейбіреулер Абай оны, әсіресе, әншілігіңе қызығып алған деседі. Сол Әйгерім жас шағында Біржаннан ән үйренгенін айтып кеп: «Абайдың айтуынша Біржан ақын емес, әнші еді. Ал әншілігінің ерекшелігі, даусы өте зор еді. Қыстауда отырып салған әні Тізесуға естілетін (бұл екі ара қозы көш жер. М. Ә.). Өзіме осыдан ән үйрен деп Абай тапсырды. Біржанды жаз бойы қонақ қып сақтады» дейді.

Ән, дауыс сияқтыны Әйгерімге Абайдың өзі де үйреткен екен. Тәңірбердінің Мақұлбай деген баласы өлгенде, Әйгерім Абай үйретіп берген дауысты айтып жүріпті. Кейін Әбдірахман өлгенде, келіншегі Мағыш деген келініне де Абай өзі жоқтау өлең шығарып жазып берді деседі.

Бертінде Әсет, Мұқаны қолына ұстап, балаларына да



ән салу, домбыра тартуды, скрипка тартуды үйреттірген. Мұқа Абай өлгенше қасынан кетпейтін жолдасы, әнші, домбырашысы болған. Абай әндерінің көпке тарап, алғашқы ерекшелік қалыптарын көп өзгертпей сақтап қалуына осы өз қасында ән салып, домбыра тартушылардың көп болғандығы себеп болады. Бұл жігіттер Абайдың өзге өлеңдерін де жай әнге салып көп айтпақшы болады. Жалпы Абай шығарған шығармалардың газет, журнал жоқ заманда көпке мәлім болуына да осы адамдар себеп болады.

Бұл кісілер Абайдың өлең сөзі ғана емес, жәй ауыз өсиет, билік шешендіктерін: «Абай сүйдеп еді» деп, мәтел, мысал етіп жая жүрген. Өздеріне Абай сөзін біліп, айтып отыруды ірі білім, жақсы үлгі деп санаған. Осындай кісілер Абайдың айтқан ертек, романдарын да тез ұққыш, көпке жайғыш болады. Абай айтып берген ертегілерді шындап, келістіріп жаюшы бір жағынан Баймағамбет болса, екіншіден осы жанағы адамдар да көп айтады. Сонымен бертін уақыттарда Абай айтуынан жайылған ертегі роман едәуір болды. «Мың бір түннен» басқа «Шаһнамадан», «Рүстем» жәйі, Европа романдарынан Александр Дюманың «Үш мушкетері», «Жиырма жыл өткеннен соң» дегені және «Он жылдан соң» яки «Виконт де Бражелон» деген романдары, «Король қатын Маргосы» да көп айтылушы еді. Орыс романдарынан Пушкин, Лермонтов әңгімелерінен басқа «Петр Великий» деген әңгіме айтылушы еді. Европаның қызық романдарынан «Черный бек Марта» орта ғасырдағы инквизиция сотының жайындағы бір әңгіме және Американың отарлауға барған ақ жұрттың адамдарының өмірін көрсететін «Таза жүрек» деген романдар айтылатын.

Өзі айтатын ескілі-жаңалы әңгімелермен қатар кейбір ақын деген жігіттерге тема беріп соны өлең қыл деп тапсыратынын Көкпай айтады. Осы сияқты Топай Бейсембай деген ақынға «Қозы Көрпеш — Баян» жәйін «қайта өлең қыл, түзеп айт» деген екен. Кейін Семей үезіне жайылған «Қозы Көрпеш» Жанақтың «Қозы Көрпеші» делінуші еді. Осының аяғын Бейсембай өзгертіп Қозыны өлтірмейтін қып, Баян екеуін мұратына жеткізіп шығарады. Абай осылай ет деп айта қоймаса да, ол өзі солай бұрып жіберген көрінеді. Бұның қайта ажарлауына Ақылбай да атасалысыпты деген сөз бар. Бейсембай-

дың айтуындағы көпке жаққан бір ерекшелік «Қозы Көрпеш» жырының көп жеріне ән қосып айтады. Сонда: ханымға Сарыбайдың өлімін естірту «Аңға да кеткен Сары-екем-ау!», «Қарабай мен Сақау қатын айтысы», «Ай, Таңсықтың жерге қоштасуы», «Қодардың жыры» сияқты жерлерінің бәрінде қызықты, әдемі әндер болатын. Жыр айтушы әнші болған кезде (мысалы Абайдың тағы бір әншісі Әлмағамбет сияқтылар айтқанда) «Қозы Көрпеш» ерекше бір әнді-күйлі жыр болып шығушы еді.

Семейдің ояз, жандаралы бертін келіп, Абайды таңыңқырай бастаған уағында, бұны патшалыққа қарсы ниеті бар, саяси сенімсіз адам емес пе екен деп те қағыстырған көрінеді. Оның бір белгісі 1885 жылы Долгополов жандаралдан Абай аулына баруға рұқсат сұраған уағында сезілген. Жандарал бұған рұқсат етумен бірге Семейдің оязы мен полиция бастығына қағаз түсіріп, артынап бақылау жасаңдар дейді. Аналар артынап «Долгополов Құнанбай аулына кетті, тапсырылған ісіңіз орындалды» деп жауап қайырады. Долгополов болсын, Абайлар болсын ол жылы жазда ел ішінде астыртын бақылауда болған сияқты.

Екінші, осы жөндегі бір елеулі факты 1902 жылы Абайдың аулына Семей қаласынан бір үлкен тексеру келеді. Бастығы Семейдің оязы Наброцкий болып, қасына пристав, урядниктерді, жәй стражниктерді ертіп көп қарулы топ болып келіп, Абай аулын қоршап тұрып үлкен тінту жасайды. Абайдың өзі отырған үйін әсіресе қадағалай тінтіп кеп, ақыры оның өзінің өнбойын да тінтеді. Содан Абай «іздегенің не?»—деп сұраған соң, аналар керек қылған қағазын айтады. Абай сонан соң Еркежанға: сенің қалтаңда еді ғой, бер мыналарға дейді. Еркежан шығарып береді. Сөйтсе поштамен келген бір хат екен. Семейде оны оқып, көріп жіберген екен. Абай ұлыққа көз қылғаны ма, жоқ шыны ма, әйтеуір сол хат жазушы жөнінде: «бұрын бір хат жазып еді, жауап бермеді ем. Менің ұлықпен теріс емес екеңімді білмейді. Қоймай жаза береді. Өзі арабшылап жазады. Не қылған шайқы адам екеңің білмеймін, қоймайды» депті. Қисынына қарағанда бұл хатты жазушы Мәшһүр Көпеев болу керек. Ол 1905 жылдың алдындағы қамда-

ну жөшімен Абайға саяси мазмұнды хат жазып, тамырын ұстап көрейін деген болу керек. Бірақ Абай бір жағынан хатына жауап қайырмайды және тінту келгенде әлгіні айтады. Хаттың дәл мазмұнын кейінде де ешкімге шешіп-айтпаған.

1904 жылы көктемде Абайдың Мағауния деген баласы өлді. Соның өлімінің үстінде Абай қатты толғанып отырып: «Мағаштың өлімі ерлік пен ездікті сынайтын өлім ғой!» дейді. Осы жайды баласының артынан тесіле ойлап, көңіл күйі ғып алған сияқты болады. Күннен күн өткен сайып сөздеп де, ас пен күтімнен де қаперсіз болып өзі де ұсына береді. Бұл уақыттарда «пәлен депті» деген, жартымды сөз қалған жоқ. Жалғыз-ақ алғаш Мағауния өлген күндерде ат қойып, жылап кеп, көрісіп жатқан көптің ішінде Дәулеткелді деген адам Мағаунияны жоқтаймын деп «бергішім-ай, бергішім-ай» деп жылап келе жатса керек. Сонда Абай жылау үстінде: «келе ғой, алғышым-ай, қайт дейсің-ай!» деп көрісіпті дейді. Осыдан басқа ешбір сөзі естілмеді. Сонымен Мағаунияның қырқы жақындаған кезде бұл төсек тартып жатпаса да астап, ұйқыдан, сөз дегеннен мүлдем тыылып қалады. Кейбіреулер: «Есінен айрылған емес пе екен?» дейді. Жақындары Абайдың өзінен де күдер үзе бастайды. Сонда Тәңірберді деген ағасы келіп:—«Қарағым, сенің үндемей кеткенің не? Бөтен дүниелік болайын дедің бе?»— деп жылайды. Сонда: «Ез күнде өледі, ер бір-ақ өледі» депті дейді. Аз күнде өзі де өлседі.

## МҰСЫЛМАНҚҰЛ ЖИРЕНШИННІҢ ӘҢГІМЕСІ

Абай үйіне барғанда үлкен демей, кіші демей, төре-қарасына қарамай баламен болса да бар көңілімен шешіліп ескі әңгімелерді айтып отырушы еді. Ондай әңгіме айтып отырғанда біреу көлденең бірдеме айтып әңгіменің шырқын бұзса әбден ренжіп қалатын. Барған адамды мейлінше күтетін. Қонаққа қол ашықтығы, ренжімейтіні ол кісіге бөлек біткен мінез сықылды еді.

Келген қонақ шаруасын қолма-қол айтып қалса, оны өте жақсы көретін еді. Ал ескі әңгіме, ертеке айтқан адамды жалықпай тыңдап, арасында бір жеріп теріс айтса, оны түзетіп отыратын.

Жас күнімде өз әкеммен еріп Абайдікіне бара беруші едім, Абайдың өз аузынан естіген әңгімелерім өте көп — олар қазақтың атақты батырлары, ақылды адамдары жайында; Иран, Араб, Қытай, Иунап, Рум<sup>1</sup> жұрттарының жайынан, батыс европа халықтары жайынан, адам сүйсінерлік жақсылық, ерлік жөнінде, я жап түршігерлік — айуандық жөнінде, я болмаса бір елдің мінез-құлқын мысал ету бұрынғы өткен ғалымдар жөнінде, ғылым, өнер, төңіректің төрт бұрышының хабарын сол кісіден есітуші едік.

Болмаса оқымаған бізге Аристотель, Сократ, Абуғали-сина сықылдылардың, Ескендір, Ақсақ Темір, Шыңғыс, Абылай жайындағы әңгімелерді қайдан білейік. Тіпті адам жоқта өз әйелімен, я ауылдағы бала-шағамен әңгіме құрып жадырап отырушы еді. Бірақ Абайдан естіген әңгімелердің мыңнан бірі ғана есте қалыпты. Сол есте қалғандарым — Абайдың Абылай және Ағанас пен Құнанбай туралы айтқандары.

## I

Абылай әкесінен кішкене күнінде жетім қалған екен. Абылай ұлы жүз Төле бидің қолында малшы болыпты. Абылай басына, үлкен сеңсең тымақ киіп түйе жаяды, үсті-басы далба-дұлба, қалай болса солай жүреді екен, сонда Төле би мұның аты Сабалақ болсын депті.

Бір күні Төле би ауылдан қеле жатса Сабалақ төрт тағандап ұйықтап жатыр екен. Сонда Төле би жолдастарына айтыпты: «мынау Сабалақ қалай ұйықтап жатыр, мұны білдіңдер ме» депті. Жолдастары — «би, біз қайдан білейік» депті. Төле би «бұл төрт ру елді билейді екен» депті. Сонан Төле кешке келгеннен кейін Сабалақты түйеден шығарып, жылқы бақтырыпты.

Бір күні Төле би мал сойып Сабалақты сынауға, «малдың басын пісіріп Сабалаққа беріңдер, қайтер екен» деп 3-4 адам жібереді. Барса Сабалақ алдарынан шығып сәлем береді. «Біз саған Төле берген басты жесін деп әкелдік» деп басты береді. Абылай аттан түсіп шапанын жайып, апаларға «өле жегенше бөле же деген, жасың үлкен ағасың, келіндер» дейді, апалар аттарынан түседі. Сабалақ қолын жуып, нышағын алып бір құла-

---

<sup>1</sup> Иунап — грек жұрты, Рум — Рим жұрты.

ғын біріне, бір құлағын біріне, екі көзін ойып екеуіне беріп, тілін өзі жейді. Басты жеп болғаншап кейін аналар Төле биге қайтып келеді. Сабалақтың жасы 18-ге келген екен.

Сол уақытта қазақ, қалмақ соғысуға жиналыпты. Мен де осы соғысқа ерсем екен деп Төле биден Сабалақ рұқсат сұрайды. Төле би «балам, қой, бір жерде өліп қаларсың»,— деп рұқсат бермеді. Абылай, «ата, барам» деп болмапты. «Жарайды, балам, барсаң бар»,— деп батасын беріпті. Сабалақты бір бәйге атқа мінгізіп, қазақтың көп қолына қосып қоя беріпті.

Қазақ қалмақ екеуі беттесіп соғысқа келіпті. Қазақтың батыры Қанжығалы қарт Бөгембай батыр жасы 80-ге келген екен. Қалмақтан жекпе-жекке бір қасқа атты батыр шығыпты. Қазақтан оған қарсы ешкім шықпапты. Сонан кейін Бөгембай мынаған ешкім бармадыңдар ма деп, өзі шапанын киіп, белсеніп майданға шығуға айпалады. Бұл кезде Сабалақ тұра шауып Бөгенге жетіп келіпті, «мен барайын, ата» деп. Бөген бетіне қарап тұрып — «барсаң бар балам» деп батасын беріп, астындағы аты мен қолындағы қияқ найзасын беріпті. Сонда Сабалақ «Абылай! Абылай!» деп ұран шақырып, жауға қарсы шауыпты. Екеуі де найзаны тіке салысыпты. Найза мен екеуі бірін-бірі алалмай, ат үстінен жағаласып қанжарласыпты. Сол жерде Абылай қалмақтың батырын жағасынан ұстап аттың үстінен жұлып әкетіп, бастан қанжарымен бір салып шауып, басын кесіп алып, Абылайлап ұран салып жауға кіріп кетіпті.

Қалмақтар мұны көрген соң қаша жөнеліпті. Қашқан қалмақтарды жау қашты деп қазақтар қиратып салыпты.

Қазақты бастап келген Шақшақұлы Жәнібек батыр мен Абылайдың атасымен бірге туысқан Әбілмәмбет хан екен. Соғыс біткен соң жаңағы қалмақтың батырын жыққан бала қайда депті Жәнібек пен Әбілмәмбет. Бір батыр Абылайды ертіп келіп, «міні, қалмақтың батырын жыққан бала, міні» депті.

Абылайдың өз аты Әбілмансұр еді, жауға Абылайлап ұран шақырғаншап «Абылай» атанып кетіпті...

## II

Құнанбай Ағанас батырдың қызын алғаннан кейін, Салпацқұлақ деген бәйге атын Өскенбай би сұратыпты.

Құнанбай атасы Ағанас батырдың үйіне келіпті. Құнанбайдың қайтатын мезгілінде Ағанас айтыпты:—«Балам не қалайсың? Алып кет!»— деп. Сонда Құнанбайдың жолдасы Салпаңқұлақ атты сұратыпты. Ағанас:

— Өскенбай қарадан хап болып туып еді, Салпаңқұлақ қара байырдан тұлпар болып туып еді, екі сертпен берем, ал, балам»,— депті. Бірінші, түнде жауға мініп шықпа, басы қатты еді, жазым боларсың депті. Ендігі серт бәйгеге қосқанда, қамшымен ұрып тартпа, желкесінің кежірі бар, тұрып қалушы еді», депті. Ертеңінде атты жетектетіп қоя беріпті.

Аз уақыт өтті, бір күні жылқыға жау тиді, бағанағы сөз қатерімде жоқ, белдеудегі Салпаңқұлаққа міне шаптым,— депті Құнанбай, келсем жау жылқыны айдап жіберіп, жол тосып, жасанып тұрған екен. Салпаңқұлақ бой берместен келіп жауға кіріп кетіпті.

Өзім білмей қалдым, қабырғамнан біреу найзамен салып кетіпті. Жығылып қалыппын, сүйтсем Барақ төренің төлеңгіті Қарақалпақ Қазбек деген батыр екен. Сол жығылып жатқанымда Ағанас батырдың айтқан сөзі есіме түсті, үйге қайтып бір айдай жатып әрең оңалдым,— депті Құнанбай.

### Абайдың ата-тегі туралы

Мәдениетті қоғамның ортасында болып өткен адам жайында ілгерінді-кейінді замандарда жазылатын тарихи сөздің бәрі сол адамның өз уақытынан қалған хаттар, естегілер, неше алуан документтер сияқтыдан құралады. Бұған қосымша болып әлгі адамның өзі жазған хаттар, өзі қалдырған күнделік дүниеліктер жәрдем етеді. Ондай мағлұматтар болған уақытта пәлен жыл, пәлен ай, пәлен күнде істелген іс, сөйлеген сөздің барлығының да жылы ізі суымайды. Көмескі, бұлдыр, екі ұдай сөзге айналмай дәл қалпында сақталады. Біз бұрын Абай жайында дәл бұндай күйіндегі, төрт аяғы түгел, толық документтер болмаса да, соған ұқсаған азды-көпті материалдар табылар деп есептеуші едік. Бұл ретте сенген қордың бірі — Абай кезінен қалған Семей, Омбы архивтері еді. Онан соң Абаймен араласы болған Михаллис, Долгополов сияқты адамдардың істері табылар, Абаймен жазысқан ерсілі-қарсылы хаттары шығып қалар деп сеніп едік.

Сол ретпен соңғы толық жинақты әзірлену жолында СССР Ғылым академиясы Қазақстандық филиалының инициативасымен Семей архивы, Алматы архивы жағалай қаралып шықты. Бірақ әлі күнге Абайдың дәл өз басына байланысты болған істердің ізін таба алмадық. Бірен-сарандап тапқан Құнанбай заманының істері мен Долгополов жайындағы мағлұматтар ғана бар. Оны тиісті жерінде осы сөздің ішінде келтіреміз.

Міне, Абайдың өмірбаянына азды-көпті жаңасы бар дерлік жаңадан табылған документ ретіндегі материалдың жәйі осындай. Бірақ осымен қатар документ те, жазба белгі де емес, жәй ауызша айтылған ұзақ сүре сөз, үзінді, естегі сияқты бір топ қосымша, тың әңгімелер жиылды.

Бұрын Абайдың өмірі жайындағы барлық сөздерді айтып берушілер Абайдың інісі, баласы, я жолдасы болған Кәкітай, Көкпай сияқтылар ғана еді. Соңғы кезде Абайды көзі көрген, кәрі құлақты адамдардың ішінен естіген, білгендерін ірікпей, бүкпей айтарлық көлденең адамның біразымен әңгімелесілді. Бұлардың ішінде Жігітек Мәдияр Түсіп ұлы деген шал болды. Құнанбай заманында Ырғызбай тұқымынан көп зорлық көріп келіп, бертінде Абаймен тату болып жақындасқан — Торғай деген елдің бірлі-жарым адамдары болды. Және Абай аулында басында қозышы, қойшы боп қызмет еткен, бертін келе Абайдың дос жақыны боп жүрген Қатпа Қорамжан ұлы да болды.

Әрине, бұлардың да айтатыны документ емес, ерте кездерден бері көп ауыздан өткен, әртүрлі болып өзгерген ұзын сүре сөз сияқты мағлұматтар. Бірақ солай болса да біз бұрынғы Абайдың ет баурынан шыққан жақындарының сөздеріне мыналар көп жаңалықтар жасар дедік. Соны уақиғалар қосар дедік. Осы үмітіміз көп жерлерде орындалғандай болды. Қазірде Құнанбайдың да, Абайдың да бұрын белгісіз болған көп-көп іс мінездерін білдік. Міні, Абайдың өзі мен тегін зерттеуге соңғы жылдар қосқан жаңалықтың жалпы жәйі осындай.

Абайдың өз әкесі Құнанбай, оның әкесі Өскембай, үшінші атасы Ырғызбай болсын — барлығы да Тобықты руының ішіне үлкен үстемдік жүргізген адамдар. Өз заманының жуан сіңір феодалы, ру басы, биі, ел ішінде ата тегі мен әмір иесі болып келген нағыз үстем тап өкілдері болады.

Ақынның үшінші атасы Ырғызбай — 1750 жылдарда, Ақтабан шұбырындыдан кейін Арқаға қарай сырғып ауған жолда, Ырғыз өзенінің жағасында туғандықтан, соның атымен аталыпты. Ырғызбай — Айдос баласы. Айдостың өзге балаларының ішінде Көтібақ, Торғай дегені, онан соң Айдостың туысқаны Жігітектің баласы Кеңгірбай дегені — барлығы да жаңағы жолдағы өзен, сулардың атымен аталған адамдар. Көтімалды өзен жағасында — Көтібақ, Торғай өзенінің жағасында — Торғай, Кеңгір өзенінің жағасында — Кеңгірбай туыпты.

Ырғызбай ер жеткен кезде Тобықты осы күнгі Шыңғыс тауының батыс шетіне келіп ілініпті. Бұл кезде Тобықтының басшысы да, әкімі де Кеңгірбай би (жалған аты Қабекен) болған.

Ырғызбай не би, не батыр сияқты болып, арнаулы бір өнермен ел алдына жарқырап шыққан кісі емес. Бірақ сөйтсе де, әке-шешесінің дәме қылғаны осы баласы болу керек. Өйткені шешесі айтты деген бір сөз

Шынжыр балақ, шұбар төс Ырғызбайым,  
Тоқпақ жалды торайғыр Көтібағым.  
Әрі де кетпес, бері де кетпес Торғайым  
Сірә де оңбас Тоғайым...

Бұл сөзге қарағанда Ырғызбайдың шешесінде ақындықтың бір шағым қуы болуға керек. Мүмкін бұдан басқа айтқан сөздері де көп шығар. Бірақ біздің құлағымызға тигені осы ғана. Ал, Айдосты өз ортасы «шөккен түйеге міне алмайтын жаман Айдос» деп бағалайды екен.

Ырғызбай тұсындағы Тобықтының ру басшысы Кеңгірбай дедік. Сол Кеңгірбайдың ағайын ортасында сүйеніш етіп, көмекші қылып алған інісі Ырғызбай болыпты. Сондықтан ол анда-санда ел ортасының құн дауы сияқты келелі сөздеріне де кірісіп жүргенге ұсайды. Кеңгірбай аса жемқор, парашыл бидің бірі болған. Мұның соңынан ертіп, баулып жүрген жақыны Ырғызбай да сондай дағдыдан аулақ болмаса керек. Ел есінде қалған әңгімеде байын кісі өлтіріп, еселі құнын ала алмаған бір жесір қатынның жоқтауының ішінде:

Мойны басы былқылдап,  
Ырғызбай жүрді араға,  
Кеңгірбай толды параға;



Параға алған сары атап,  
Тігілгей еді қараңа...

деген сөз жаңағы айтқанға дәлел. Осы Ырғызбайдың төрт баласының бірі — Өскембай. Бұл ақынның үлкен әкесі.

Өскембай Ырғызбайдың өзге балаларының ішіндегі ең дәмелісі болудың үстіне, сол кездегі Кеңгірбай маңайындағы ағайын-туысқанның бәрінен де пысық, епті болыпты. Өскембай Кеңгірбай қартайған кезде атқа мініді.

Өзі Ырғызбай сияқты Кеңгірбайдың жақсы көрген інісінің баласы болғандықтан, оның үстіне қалған елге әмірші бола аларлық шеберліктері білінген соң, Кеңгірбай қартайып, өлерінде Тобықтыға би болуға осы Өскембайға бата бермекші болады. Кеңгірбайдың өз балалары мен өз туысқандары құр бұзар тентек болып, Кеңгірбайдың өзінің де тіліп алмайтын болған. Осы туралы Кеңгірбайға Құнту ақын айтты деген мынадай сөз бар:

Алпыс асып жетпіске бағындың сен,  
Бұрынғы өткен құрбыңды сағындың сен;  
Жұрт тіліңді алады таласыңдай<sup>1</sup>  
Інің менен балаңа не қылдың сен?..—

дейді.

Кеңгірбай Өскембайға бата берерде ағайын ішінде тағы бір ақылдас кісісі Көтібақпен кеңескенде, о да Өскембайды ылайық көріпті. Бұл кезде Өскембай ру басылар ортасының түгел дәме қылған жігіті болуға керек. Өйткені сол кезде Алпыс ақын айтты деген бір сөзде:

Кер асқақтың кемелі Кеңгірбайым,  
Салаң күйрық, салпы етек Борамбайым,  
Ізі, жолы еліңе құтты болсын—  
Бесті айғырдай сақылдап Өскембайым,—

дейді. Әрі ру басылары көтеріп, әрі өзі дәме қылған соң, Кеңгірбай шақырып алып, Өскембайға бата бермек болады. Сонда жас жігіт өз туысқанының аздығын айттып «төрт сояу атанып едім ғой, Еркеңе бата берсеңізші» депті. Оған Кеңгірбай: «Ой, шіркін, мен өз баламды өзім көрмей тұрмын ба? Менің батам қонса тұсыңнан кісі оята алмас» деп, зілді, жуан болуды өсиет қылып, тапсырып кетеді.

Өскембай өзінің ел меңгеру әдісінде ең алдымен Кең-

<sup>1</sup> Талас — еншілес.

гірбайды көпті мезі қылған парақорлық мінезінен бойып қашаңдау ұстауға тырысқан көрінеді. Ру басылар ортасында сақталып қалған сөздің бірінде «ісің адал болса Өскембайға бар, арам болса Ералыға бар» деген сөз бар.

Бірақ осындай тәсілмен қатар кей кезде Өскембайда шектен шығып кететін ашу да бар болған. Елді жуан күш, үлкен сөзбен ықтырып аламын деп, кейде жәйін мінезді болып кетуі де бар. Мысалы, Өскембай бір уақыт аулына жүгініске келіп отырған Мамбетай деген кісіге ашуланып барып, мұрнын кесіп алған дейді.

Ол кезде үлкен ру басылардың бір дағдысы: екі ру ел арасындағы дауға «ара ағайын» деп көлденең елдің биіне билік айтқызатын әдет бар. Мұндай билік сол көлденең елдің биіне атақ, даңқ әперетін күш, бітіретін іс болады. Сондықтан ондай істер ел-елдің билерінің арасында алма-кезек боп, «сыйға сый» есебінде орайласып отырады. Бастас билер бірінің шәшбауын бірі көтеріп, жалпы феодалдық, билік үстемдігін сақтауда бұны үлкен тәсіл еткен. Осындай ретте өзге себептерге қосымша болып, Өскембайдың параға жығыла бермейтіндігі жәрдем етеді. Сонымен мұның алдына тобықты ішінің істерінен басқа, өзге көрші елдердің сөздері де келіп, бітім тауып жүретін болған. Бұл жәй Өскембайдың жалпы салмағын арттырып, өз елінің ішінде аса күшейтіп жібергенге ұсайды. Бірақ бұл айтқанға қарап, Өскембай елден тіпті түк алмаған деуге болмайды. Кейінгі әңгімешілердің айтуынша, Өскембай бері келіп ұлғайған уақытта аулы мен үйі, ағайын ортасының жиып үйі болды дейді. Сонда ел: «бидің сыбағасы» деп асып да, сыйын да әкеліп жататын болса керек. Әрине ол заманның биі арнаулы қаржы алмаса да «ел үшін істедім» деген қызметін текке істеген жоқ. Бірінің есебін бірімен орайластыру Өскембайда да болуға керек. Сол орайда жаңағы «сыбаға» деген нәрсе ол заманның салтын ойлағанда айрықша еске алатын іс болады.

Өскембай орта жасқа келгенде баласы Құнанбай ержетіп, сол атқа мінген. Бұл 1804 жылы туған. Өскембайдың айттырып алған бәйбішесі Зереден басқа тоқалдары, күң қатындары да көп болған. Зереден туған балалары Құнанбай, Құттымұқамбет және Тайбала деген қыз болған. Құттымұқамбет жас кезінде өледі. Сонымен Құнанбай. «бидің жалғызы» есептелген. Шешесі Зе-

ре кісі ренжітпейтін, жұмсақ мінезді әйел болған деседі.

Сол Зеренің қолында бұлар асырап алған бала Бостамбек те өседі. Біз Семей архивып қарастырған уақытта Өскембайдың осы Бостамбек деген баласының жөнінен бір үлкен мәлімет таптық. Бұл іс 1835 жылы «Омбының облыстық сотышың» тізімінде болған және «Аягөздің сыртқы өкіріктік приказынап» өткен жұмыс екен. Сол архив материалдары Өскембай, Құнанбай жөнінен және сол замандағы ел аралары, ел мінездемелері жөнінен едәуір фактілердің бетін ашады. Сол себепті біз бұл жерде Бостамбек ісіне көбірек тоқтаймыз.

Бұл істің тергеуі әуелі елден бастап, артынан Аягөздің өкірігінде тоқталып, содан 1835 жылдың аяғында, декабрьдің 12-нен 30-на дейін 18 күн бойында Омбының облыстық сотында тексерілген екен. Істің мазмұны Матай мен Тобықтының ел шабысқан жаулығын баян етеді. Сондықтан әуелі бұл істің өзіне көшпестен бұрын, бұл уақиғаның алдында сол екі елдің арасында ертерек кезде шиеленісіп келген біраз жайларды айтып өтейік. Тобықты Кеңгірбай тұсында Арқаның көп жерін кезіп кеп, Шыңғыс тауына орнайды. Шыңғыстың бұрынғы несі Матай болады. Сол Матайды Кеңгірбай тұсында Тобықты ру басылары алғашқы ірге тепкен жерінен тайдырмақ болады. Бұның арты көп шабуыл болған. Қазақ оқушысының көпшілігіне мәлім болған «Еңлік — Кебек» уақиғасы дәл осы алғашқы талас-тартыстың кезін көрсетуші еді. Ол заманда ел билеген бектер өз үстемдігін жүргізу үшін ру-руды бір-біріне айдап сала берген. Және сол тартыстары бергі замандарға шейін айықпай, желісі үзілмей келе берген. Өйткені Өскембай тұсында осы біз айтқалы отырған уақиға шықса, Құнанбай ұлғайып келген кезге Найман мен Тобықтының жер дауы тағы да үлкен сүргін, ұлы дүбір сөз болды. Бұның кей ұшқыны тіпті Абай ер жеткен кезге дейін де жетеді. Өскембай мен әсіресе Құнанбайдың жер жайындағы зорлығы жалғыз Тобықты емес, тіпті көршілес Найман (Сыбан, Матай) Керей, Уаққа да жеткен. Кейін Абай заманына көп-көп пәле тастаған. Абайдың өмір бойына таусылмаған «ата жаулығы» деген ескі «жаулықтың» көп тамыры сол Өскембай заманында жатады.

Жаңағы айтқан Омбы сотының ісіне даугер Өскембай, Құнанбай және Өскембайдың туысқаны Мырзатай-

дың берген жауаптары бар. Іс ретіне қарағанда даугер жақтың сөз несі — старшын Құнанбай, мұның айтуынша уақиға былай болады.

1835 жылдың жазында Өскембай аулы жайлауда отырғанда, бір түнде бұлардың жылқысына жау тиеді. Жау саны жүздегі кісі. Ол келген Садыр-Матай болысының қазақтары және Ресей қол астына ол кезде қарамаған Қаптағай, Матай болады. Бұрын Кеңгірбай мен Өскембайдан көп уақыт есе ала алмай келген Матай бұл жолы Найманның бірнеше сыбайлас руының басын қоса келген болу керек. Құнанбайдың жауабына қарағанда бұл жақ та күтініп жүрген сияқты. Өйткені сол түнде Өскембайдың 1300 қаралы жылқысын бағып жүрген жігіт саны отыз екен. Соғыс үстінде Матай қаша ұрыс салып жүріп, аңдаусызда қалың ел Өскембай аулының үстінен шығады. Бұның аулында қонақ болып жатқан жүргінші — казак орыстар бар екен. Солар мылтық атып, айбар қылады. Және жиі отырған елдің көп қолы «аттанға» шабады. Сонымен бұл түнде Матайдың соңына түскен қуғын жылқыны айырып алады. Бірақ осы түнде қуғыншы жағынан Мырзатай баласы Әзмұкамбет деген жігіт өледі (соғыста сол көзінен найза шаншылып, содан өлген). Матай бұл түні жылқы ала алмайды. Бірақ ертеңінде түнде сол ауылға тағы шабуыл жасайды. Өскембайларға соншалық кекті, ызалы боп келгенін көрсетеді. Екінші түндегі соғыста «аттанға» Құнанбайдың өзі де шауып, Матай алып кеткен жылқының соңынан қалмай қуады. Тобықты жігіттеріне «жылқыны түгел айырып алмай тоқтама» деген болу керек. Қалмай ұрысып отырып мың қаралы жылқышы тағы да түп-тұтас айырып алады. Және Матай жағынан Қожамберді Жапалақ баласы дегенді түсіріп алады. Бірақ бұның орайына осы түнде Матайлар енді Өскембайдың Бостамбек деген баласын өлтіріп кетеді. Бұған тиген Жұбаныш дегеннің найзасы.

Осымен өзге Матай Ресей қол астына қарамаған ел болып, ұлыққа жауап бермей кетеді. Барлық Матайдан осы шабуылдың жалғыз жауапкері болып, Құнанбай қолына түскен Қожамберді қалады. Омбы сотының ісінде жаңағы үлкен іс бойынша айыпкер боп тергелетін жалғыз адам да осы Қожамберді. Бұл әуелі Құнанбай аулында кісендеулі, керегеге таңулы күйде бір ай жатады. Содан кейін Қарқаралыдан тергеу шығып заседа-

тель Кузнецов жауап алғанда, Қожамберді әуелі Матай болып, Тобықтыдан жылқы ала келгенін мойнына алады. Бірақ артынан Аягөз приказына барып қосымша тергеуге ілінгенде алғашқы жауаптың барлығынан танады. Өскембай аулына жау тиген, тимегенін білмеймін, өзім үш кісі боп жоқ қарап келе жатқан жолаушы едім, Құнанбай ұстап алды. Аяғыма кісен салып, етімді отқа күйдіріп, «жалған жауап бер» деген соң, Кузнецовқа солардың бұйырған сөзін айттым дейді. Аягөз дәрігері қарағанда, шынында, Қожамбердінің денесінде отқа күйдіргеннің белгілері бар болып шығады. Тегі бұл істегі Қожамбердінің жауаптары сол Өскембай, Құнанбай заманында патшалық сотының алдындағы қазақ жауапкерінің ерекше әдеттерін айқын көрсетеді. Қожамберді соңғы жауабында: «ең әуелі көп Тобықтының ішінде жалғыз болдым, маған сүйеу боларлық Аягөз жағының бірде-бір кісісі болмады» дейді. Екінші ол кезде жалған айтуының бір себебі: «шыныңды айт деп үгіттеген молда да болмады» дейді. Сонымен Қожамберді сотты адастырып, жауапты неше алуан шатқалаң, бытқылға салады. Екінші жағынан сол кезде Тобықтымен тағы да өз бетімен ұстасып жүрген Арғын болысының қазағы Сары Айдарбекұлы деген мұның соңғы жауаптарын қостап ант ішеді. Осындаймен барып, сот Матай Тобықтының шабуылынан ешнәрсені ұға алмайды да, Қожамбердінің соңғы жауабы бойынша оны ақтауға бейімдейді.

Тегі құн дауының арты сотпен емес, ел ішінде ескі жолмен шешілген болу керек.

Құнанбай аулында байлауда жатып артынан Аягөз абақтысында болған Қожамберді сот алдында әлгідей бірде жауынгер, бірде жылаулар, бірде өтірік аңқау монтаны боп көрінгенмен, расында сол шабуылдың нағыз көрнекті жортушысының бірі болған. Елінің дәмелі ері сияқты көрінеді. Өйткені Құнанбай аулында тұтқында жатып, көресіні көріп, тергеуші ұлықтан да соққы жеп жүрсе де, Қожамберді жасымайды. Бір жағынан ұлықтарға жоғарыдағы сияқты «ақпын, саумын» деген «ақбезердің» жауабын бере жүріп Қожамберді өз жәйін, ауыр күйін дәйімі өлең етіп жатады. Бұл жағынан қарасақ, сот қағазындағы Қожамбердіге нағыз Қожамбердінің он екі де бір нұсқасы келмейді. Жауапқа жазылып жатқан шын сөз емес және не жазылып жатса да

есеп емес. Бұның ықпай, бұркенбей айтатын шыны өлеңінде:

Мінген атым астымда құла жорға<sup>1</sup>,  
Өзім болмай шығып ем осы жолға,  
Қырық бес жігіт ішінде қолға түстім,  
Амал, айла болар ма қалың сорға...

деп бастап кеп:

Ұлық . . . қояды артын таққа,  
Және бізді сабайды жаққа-жаққа.  
Туар айдың соңында бізді айдайды,  
Қарындасым сәлем де Бауырсаққа.

Бұл қылығың Бөлкебай жарамайды,  
Жүйрік қылған арбаңды қарамайды.  
Қаз мойынын қазақтың мінуші еді,  
Енді ат қып мінерсің қарағайды,—

деп ертең ұлықтың өзімен алысудан таймайтынын айта отырып:

Қысырақтың үйірі ақтан керше,  
Енді маған құдайым иман берсе,  
Мені алған Тобықты сені де алар,  
Қарамай-ақ, Серікбай, жүре берші...

дейді. Бұнда сол жорықтың басшысы, Құнанбаймен алысушы Серікбай болғанын айтады. Өскембайды жауламаққа бұларды елден алып шыққан да сол Серікбай екен:

Келді де қу Серікбай жылқыны алды,  
Теп-тек жатқан еліме бүлік салды.  
Құс төсектің үстінде жатқан басым  
Аяқ-қолым шегелеп байлап салды,—

дегенінен көрінеді. Тегі осы ру арасының жанжалын үдетуші Тобықтыда Өскембай болса, Матайда сол Серікбай болуға лайық. Осылардың жұртты бір-біріне айдап салып қоздырып жіберген себебінен, Қожамбердінің күні ел ішіндегі Құнанбайға, қаладағы Бөлкебайға түседі. Соларға бірде өтініш айтса, бірде ашынып кеп, қаты мысқыл, мазақ аралас егес айтады.

Айналайын Бөлкебай, шын берейін,  
Сомым әзір жоқ еді, соң берейін,

---

<sup>1</sup> Қожамберді өлеңі деген, асылы өлең болса керек. Бірақ біздің қолымызға тәуір түрі түспеді.

Бір несне аузымнан сөз шығыпты,  
Атым менен айыбына тон берейін.

Айтамын айт дегенде Бөлкебай хан,  
Хан болғанда жегенің қап-қара нан.  
Азар болса мал менен бас аларсың,  
Ұрайын шын епецді, шықты ғой жаң!—

дегені соған дәлел.

Ұлық алғашқы тергеуде Қожамбердіні ақтауға бейімделсе де артынан Өскембай, Құнанбай қағаздары бойынша абақтыда ұстап қап, бұл бірнеше жыл тұтқын-да болады.

Мінеки, ақын Абайдың дәл өзінің өміріне жанасы болмаса да, сол кездегі қоғамдық жайларға айғақ болатын бір документті, біз әдейі осылайша таратып айтып, толығырақ көрсеттік.

Осы уақиғадан кейін 13—14 жыл өткен соң, 1850 жылы 72 жасында Өскембай өледі. Бәйбішесі Зере байынан кейін көп жасаған. Ол бертін келіп, 90-ға келіп өледі. Абайдың бала күнінде аулының бәрі Зерені «кәрі әже» дейді екен. Кәріліктен құлағы есітпейтін болып немерелеріне дұға оқытып үшкірте береді. Сонда немересі Абай кәрі әжесінің құлағына өлең айтып келіп үшкіргенде, «құлағым тәуір болып қалды» деп разы болады екен.

Құнанбай әке-шешесі мен өскен ортасынан алған тәрбиеден басқа, оқу тәрбиесін көрмеген. Жасындағы барлық оқуы «әптиектің» ежесін білумен тоқтайды. Сонымен хатты да танымай қалады.

Мұның орайына жас күндегі өмірі батырлық, жау-жүректік, жорықшылдық сияқты істерге көбірек ауған. Қолға найза ұстап, астына жүйрік мініп жауға шапқыш, жау түсіргіш жігіт болған. Жасынан қайратты, шыдамды болғандықтан, бұл жолдағы талабы да далаға кетпеген сияқты. Тобықтының өзі құрбы жас жігітінің ішінде ер, найзагер болып та саналған.

Сонымен алыс жаққа аттанатын қартаң батырлармен бірге екі рет Құнанбай да сре кетіп, екі үлкен жорықта болыпты.

Құнанбайдың жас кезінде Тума Тоқпақ деген елдеп Көтібақ жылқы алып, соның арты шабынды болып, Тобықтыдан Тума Тоқпақ барымта әкетеді. Соны қуа барған қолдың ішінде Құнанбай да болып, үлкен ұрыста тұтқынға түсіп қалады. Бұл сапарда Құнанбай көп

бөгелсе керек. Өйткені үйде қалған жақышы көп тілеу тілегендіктен: «әкесінің мойнына салған бұршағы, шешесінің басына киген күндігі биттеп кеткенде зорға келіпті» дейді.

Құнанбай жасынан-ақ ауыр мінезді, қатты адам болған.

Жігіттіктің ең алғашқы қызу кезі өткен соң, ол әкесінің жолымен ел ісіне кіріседі.

Сонда жоғарғы айтқан мінездері кейінгі өмірінде де толық сақталғанға ұқсайды.

Елді бағындыру саясаты, дін тарату жолындағы зорлықтары — барлығы да жаңағы айтылғандай ауыр мінезінің белгісін көрсетеді.

Қаттылық пен қайрат жұмсап іс басқаруға келгенде, Құнанбай әкесінен салмақты болған. Мұның кісілікке толық ілінген кезінде қазақ даласы: «1822 жылдағы Сібір қазақтарына арналып шыққан устав» бойынша өкірікке бөлінген. «Өкіріктік приказ» билейтін болған. Өкірік бастығы — аға сұлтан, приказдың қалған екі мүшесінің бірі патшалық чиновнигі болады (Елдің көбі мұны Майыр дейді). Үшінші мүшесі, «кіші сұлтан» аталады.

Кейін Семей уезіне қарайтын Тобықты Құнанбай тұсында Қарқаралы өкірігіне қараған. Приказ шыққаннан бергі салт бойынша бұл өкіріктің аға сұлтаны ылғи төре тұқымынан болып келген еді. Құнанбай тұсында аға сұлтан болған төрелер Бөкей тұқымынан — Құсбек, Жамантай; Абылай тұқымынан — Шалғымбай деген төрелер болған.

Құнанбай Тобықтының бас кісісі болып өрлеп келе жатқан уақытта, қазақ ортасында төре мен қарапың жігі ашылып қалған уақыт болады. Бұл хан тұқымы әмірші мен ру басы бектердің билік үшін тартысқан таласы. Феодал тобының ішінде әкімшілік үшін алысқан әміршілердің жігі. Әрбір елдің Құнанбай сияқты басты жуандары «Төре қазақтың әресетін тілейді, берекесін тілемейді» деп тартыстың әр алуан тәсілін іздей бастаған кездері болады. Төренің сол ру басылардың қолдауымен жуан шығып жүргенін сезе бастайды. Оның үстіне әуелде хан мен төрені ұстаған патша үкіметі сол хан, төреге қарсы шыққан қалың бұқара қозғалысын (Сырым, Исатай уақиғасында) көріп алып, енді қалың елді ұстау үшін ру басыларын қолға ұстау керек деген саясатқа



ауған кез болады. Осында екі жақты себептермен әр рудың Құнанбай сияқты жуандары төрені сөз қыла бастайды. Бұл турада көп рулардың, көп басшылардың ынтымағы болуға да мүмкін. Сонымен ру басылар ортасында: «Қазақ әрежелі болса оңбайды, төре берекелі болса оңбайды» деген төреге қарсы қозғалыс белгісі білінеді.

Осы кезде Қарқаралының аға сұлтаны болып тұрған Құсбек төре мен бұрынғы аға сұлтан болған Жамантайдың партиясы басталады. Сайлау жақындайды. Ол кезде приказ сайлауына тас салуға жарайтын екі түрлі сайлаушылар болған. Бірі — пәлен сомадай алым төлейтін ауқаттылар, екіншісі — төре тұқымдары болады. Төренің 25 жасқа жеткені түгелімен тас салу правасына ие. Жаңағы сайлауда Жамантай сұлтан бола алмайды, Құсбек те жеңіліп, Құнанбай аға сұлтан болады.

Құнанбайдың осы сайлаудан кейін сол орында қанша уақыт болғаны белгісіз<sup>1</sup>. Қалайда болса Қарқаралы өкірігінде ең алғаш төре еместен сұлтан болған Құнанбай, сондықтан бұл оқиға Құнанбайдың даңқын көпке жайып жіберген.

Сол кездегі ел аузындағы аңызға қарағанда Құнанбай «Қарадан хан болған» деп аталады.

Оның мысалын мына сияқты бірер сөзден байқауға болады. Сыбан Кеңесбай деген ру басы Жарқымбай деген баласына өзі өлерде өсиет айтқан: «Төремен ел болма, екінші ел арасында сөз болса Сабырбайға ақылдаспай іс қылма, басыңа ұлық орманнан іс келсе, қарадан хан туған Құнанбайға ақылдаспай істеме» депті дейді. Осылайша Құнанбай жігінде болып, соның шәшбауын көтеріп, даңқын зорайтушылар әр жерде болған. Сондай таптың бір тілшісі Балта ақын.

Ол 1850 жылдарда Өскембай өліп, соған Құнанбай Көкшетауға<sup>2</sup> барып ас бергенде:

Атың шыққан Үрімнің қақпасындай,  
Айтқан сөзің кілемнің тақтасындай.  
Кешегі өтіп кеткен би Өсекем,  
Алтының тастап кеткен ат басындай.

Үш жүзді жыпып ас бердің,  
Келістіріп сәйкесін.

<sup>1</sup> Біреулер екі жыл, біреулер 4 ай болды дейді.

<sup>2</sup> Көкшетау — Қарқаралы ауданындағы бір таудың аты.

Арғышның өзін биледі,  
Алшысы мен тәйкесін,  
Келсең-келде кез болдың,  
Кейін де беріп қайтесің!,—

деп дәріптейді.

Осы сияқты дақбырттың барлығы сырт елге Құнанбайдың атағын зорайтып, өз еліне айдынын арттырып, әмірін екі қылғызбайтын дәрежеге жетті. Аға сұлтан болған бетінде Құнанбай көзге түсерлік жаңалық істеді ме, жоқ па? Бұл туралы көрнекті ештеме білінбейді. «Қара болды» деген ат болмаса елге жүргізген билікте, барлық істеген істің әдіс-саясатында жаңалық болмайды. Оны күтуге де керек емес. Қайта көп жерде Құнанбайдан Құсбек белгілі ел ортасына молырақ із қалдырды деуге болады. Өйткені Құсбек ұрыны қатты тыйған. Ел ортасында жан беруді тоқтатқан, өз бетін қатты ұстаған кісі болған деседі.

Бұған орай Құнанбай «жаңалығын» айтсақ, ол діндарлығы ғана болады, бұл ел ішінен зекет жиғызып, молда ұстатып, намаз оқу, ораза ұстауды жайған. Осымен бірге өз балаларын оқыту ағайындарының балаларын оқытқызу сияқты бірен-саран ісі бар.

Діндарлығы болса көп уақытта ұсақ фанатизм түрінде болған. Мысалы: насыбай атқан кісінің танауын тілу сияқты істер соған айғақ. Және дінді ел ішіндегі кейбір қатал билігіне құрал қылып пайдаланатын әдісі де бар. Сыбан ішінде Барақ деген төреге бір жиында насыбайды тастасайшы дегенде, ол «менің насыбайымды көргенше, еліңдегі келініңмен жүрген Қодарды көрсеңші» депті. Қодар деген бір момын адам жөнінде өсек таратып жүрген де сол атқамінерлер болады. Құнанбай еліне қайтқанда Қодардың ақ-қарасын тексермейді. Елді айдындырамын деп қара күшке салады. Тобықтының басшы кісілерін жиып алып, Борсақ ішіндегі Қодарды келінімен алғызып «шариғат жолымен хукім қылады» да, мойындарынан қосақтап түйеге асқызыпты. Сонда келіні өліп, Қодар өлмей, шала жансар күйде жатады. Құнанбай оның өлімін жалғыз өз мойнына алмас үшін Тобықтының қырық атасының ұлынан қырық жанды шығартып, сол араға «бұ да шариғат бұйрығы» деп қырық кесек атқызады. Қодарды сол көп ру басылардың қолымен өлтіртеді. Сонымен әмір Құнанбайдікі болса да, өл-

тіруші Тобықты жиыны атанып, Қодар жәй сөз де болмай қалады.

Дін жолындағы іс осы болса, Құнанбайдың ел билеу, жолындағы әсіресе Тобықтыны билеудегі ісі, оның мінез тұлғасын жаңағыдан көрі де толығырақ көрсетеді.

Құнанбай аға сұлтан болған уақытта өз еліне старшындыққа өзінің тоқал шешесінен туған Майбасар деген інісін сайлаған. Майсабар тентек, ұрышшақ, сыйымсыз адам еді. Ел мұны адамшылық ақыл-мінезі жағынан ел меңгеруге жарайтын кісі деп білмеген.

Сол Майбасарды старшып сайлаған соң, Құнанбай әкесіне ас берем деп Көкшетауға кеткенде, елде ұлық болып қалған інісі әуелде жұрттың күткен күдігінің үстінен шығып, ел ішін бүлдіре бастаған. Тілегенінше алым алу, жазықсыз кісіні жазалау, дүре соғу, көлденеңнен терісін айтқан кісі болса күшке салып, көңлін қалдыру сияқты істер шектен асып, көбейіп кеткен. Бірақ ру басылар наразылықтарын ішіне сақтап, Құнанбайдың келгенін күткен.

Бірақ Құнанбай көптің үмітін ақтамайды да көп ру басылар өкпелі болады. Наразының басы — Жігітек Бөжей. Осымен ағайын ортасы шиеленісіп, араздыққа бет алып жүргенде, Құнанбай бір болымсыз істі сылтау етіп, өкпе ұстап жүрген Жігітекті жасытып, ықтырып жібермек болып, баса қимыл істейді. Жігітек ішіне көп кісімен аттанып келіп, Бөжейді бастық қылып, барлық ірі кісілерін ұстатып байлатып алып тегіс дүре соққызады. Бұл оқиғаны толық жазып отырған себебіміз, осы істен бастап Құнанбай өмірінде де, кейін ел кісісі болып әкесінің орнын басатын ақын Абай өмірінде де ұзақ заманға созылған үлкен алыс-жұлыс, ірі араздықтың басы басталады. Ең әуелі Майбасардың старшын сайлануы үстінде бір кикілжің туған. Құнанбай аға сұлтан болып старшындық орнын босататын болған соң, ендігі Тобықты ішіндегі ұлықтық Бөжейге ауысатын сияқтанады. Сонда Майбасар Бөжейге: «Осы жолғы саған түскелі тұрған олжаны маған қи» деп қолқаланады. Бөжей бұған береді де, Майбасар старшын болады. Осы беруді кейінгі айтушылар екі түрлі шешеді. Біреулердің айтуынша, «Бөжей Майбасарды Құнанбайдан ажыратып өзіндік қылып алмақ үшін берген» дейді. Екіншілер «Құнанбай Майбасармен жөнді болмай жү-

ріп, осы старшындықпен өзіне қайтарып алмақ болады» дейді.

Майбасарға қарсы болған ру басы, көпшілігі кейін Бөжейге старшындықты қайта сұратады.

Оған Құнанбай: «басында өзің бердің, енді аламын десең, өзің сұрап, өзің ал» дейді. Ол сұрамайды. Майбасар орнында қалады да, Құнанбайдың атарманы болып жоғарыдағы көпшілік наразылығын туғызады.

Бұл кезде Тобықты ішінде Құнанбайдан басқа Көтібақ Байсал, Жігітек Бөжей, Түсіп, Көкше Қаратай, Торғай, Құлыншақ деген ру басшылар болған. Алғаш Жігітек пен Құнанбай шекіскенде бір жақта Жігітек жалғыз болып, өзге рулар Құнанбай жағында болады. Бұл тартыстың кезінде ел ішінде екі үлкен төбелес болған. Біріншісі «Тоқпамбеттегі ұрыс» дейді. Онда сол барлық өзге ру басыларып артынан ертіп алған Құнанбай Бөжей аулының үстіне келіп, Тоқпамбет деген жерде ұрысады. Саны аз, шамасы жоқ Жігітек жеңіліп қалып, басты адамдары қораға тығылады. Бұлардың ішінде Бөжей де бар екен. Құнанбай барлығын қорадан суыртып алып, дүре салғызып жүргенде біреулер Бөжейді де алып шығады. Құнанбай оны да дүреле деп бұйырады. Сонда Құнанбай жағындағы Пұшарбай деген кісі Бөжейдің үстіне жығылып ұрғызбай, араша тілейді. Құнанбай: «ендеше өзін де соғындар» дейді. Бұған Пұшарбайдың жақыны Байсал намыс қылады. Құнанбай онан сайып ерегесіп, арашашы Пұшарбайды да ұрғызып жібереді. Сонда Байсал бастаған бір топ адам Құнанбайды тастап, Жігітек жаққа шығып кетеді. Бірақ жеңіп алған Құнанбай Бөжейлерді байлап әкетеді.

Осындан соң Құнанбай мінезінен Байсалша сескеніп, түңілген ел Жігітек жаққа шыға береді. Сөйтіп алғашқыдан саны молая түскен соң қарсы жақ та қол қимылын істемек болады. Осымен «Мұсақұлдағы төбелес» деген екінші үлкен төбелес шығады. Бұнда қол қимылына Құнанбай жағы деңдей алмайды. Осындай соғыс, шабуыл арты екі жағының да арыз жаудырып, Қарқаралыдағы ұлыққа шапқылауына әкеліп соғады. Қарқаралы арғындарының ішінен Тәттімбет, Баймұрын дегендер Құнанбайды «татулас» деп бітім сұрайды. Бірақ аямасқа бекініп алған Құнанбай: «Бөжейлердің бойын кездетіп, үстіне көк шекпенді кигізіп айдатқанша бітпеймін» дейді. Бұны естіген Бөжей: «Көк шекпенді

біздің мырза пішкен жоқ, тәңірім пішкен, кімнің кнерін көрерміз» деп қарсылықты мықты ұстанады.

Содан осы жаулық арылмай, аяқтамай бірде салқындап, бірде үдеп созыла береді. Бір рет солғындаған әредігінде ара ағайын Құнанбай мен Бөжейді татуластырған болады. Табысу тұрақты болсын деп, екеуіне сол заманның осындайдағы тағы бір шарасы есебінде: «біріңнен бірің бала алыс» дейді. Ондайдағы көпке жайылған әдет, қыз алысып құда болу ғой. Бұлар оны істей алмайды. Өйткені аталары жақын ағайын. Бірақ сонда да бала алысады және алысатыны қыз. Бұл жерде оны бауырға салып, асырауға алады.

Осы ретпен Құнанбай өзінің Айғыз деген қатынынан туған бір қызын Бөжейге береді. Ол ауырып өледі. Бұл алысқанмен, татуласамыз дегенмен, Құнанбайдың жуандық зорлығы бәсеңдемейті. Сонымен аз уақыт ішінде татулық тағы бұзылып, бұрынғыша тағы жұлысып кетеді.

Сөйтіп жүргенде Бөжей өледі. Осы кездегі араздық скі жақтың қатын-баласының арасына шейін нық жәйлағанға ұқсайды. Өйткені Құнанбай Бөжейге бата оқи барғанда, Бөжейдің үш қызы дауыс айтып отырып, Құнанбайға:

Шұбарлығың жыландай,  
Жүйріктігің құландай,  
Арғы да атаң Ырғызбай,  
Айыпқа бердің бір қызды-ай...

деп кіналайды.

Сонда Құнанбай жағынан барған Сары апаң деген әйел отыра қалып дауыспен айтысқа кірісіп:

Мына да қарлар не дейді?  
Жақсыдан жаман көбейді,  
Жақсының қалған сарқыты ед,  
Ұрлап та көмдің Бөжейді,—

деп Бөжейдің жаназасына Құнанбайларды шақырмағанды кінә қып сөйлей жөнелді.

Бөжей өлгенмен Құнанбай, Жігітек жаулығы басылмайды. Мұсақұлдағы үлкен төбелес арты мол арыз болып ұлық қолына жиылған. Ондағы ел шабу, дүние

талау, адам жаралау сияқты үлкен істің бәрі жниылып келіп Құнанбайдың да аяғын шырмай бастайды. Және сол кезде Қарқаралы қазағының ішінде де Құнанбайды тентек санап, айыптаушы адамдар көбейеді. Бір жағы Тобықты арызы, екінші жағынан сол адамдардың қағазы қосылып ұласып келіп, ақыры Құнанбай тергеу ретімен Омбыға кететін болады. Жұрт бұны айдалады деп дәме қылады, солай шошиды.

Сонымен Омбыға кетер алдында Жігітекке өзі жалыншты болып «артымнан арыз бергізбе, мал дүниеден тілегенінді ал» дейді. Бұл кезде Жігітек сөзіне ие болып қалған Байдалы «арыз бергізбеймін» дейді. Бірақ соның орайына бұрын Құнанбайдың елден тартып алған көп қыстауларынан он бес қыстау алады.

Омбыға барғанмен Құнанбай айдалып кетпейді. Әлдеқандай түрменен ұлықпен келісіп, істерінің бәрін тоқтатып еліне қайтады. Келісімен Құнанбай бұрынғы ант-амаң, серт-уәденің бәрін ұмытып, өзі кетерде жау сапап кеткен елдерін бықырт тигендей қылады. Жігітекке өзі берген 15 қыстаудан он төртін қайта тартып алады. Бұның мінезінен түңіліп, бұрын Байсалша Жігітек жағына шығып кеткен жақын елі Торғай еді. Соны қатты жазалайды.

Бұл рудың басты адамдары Құлышпақ балалары екен. Соларға істеген жазасы Құнанбайдың кектенген адамынан ешбір қаталдықты ірікпейтінін көрсетеді. Ең әуелі мыналардың аулын шауып алады. Наданбай, Сыбанбай деген екі адамын шетке айдатады. Садырбай дегенін Қарқаралының абақтысына салғызады. Бұлардың артында қалған қатын баласына да жаза тартқызып, бастарын бір араға біріктірмейтін етеді. Әрқайсысының үйін жалғыз-жалғыздан бөліп апарып Құнанбайдың өз ауылдарының шет-шетіне қондырады. Бұнысы жауының артын тоздырып жіберемін деген саясат еді.

Бертін келе Құнанбай қарсысында жалғыз Жігітек болмай, өзге ұсақ, Торғай сияқты рулар да Жігітекке күш қосқан дедік. Олардың қосылуына себеп болатын Құнанбайдың ел ортасындағы екінші бір үлкен ісі тағы бар. Ол тобықты ортасында бұл қолданған жер саясаты.

Құнанбайдың өз елімен алысқан жаулығынан басқа көпке шейін ізі жойылмаған бір жұмыс осы жер тұрасында. Ертерек заманда Кеңгірбай, Ырғызбай тұсында Шыңғыс тауына келіп, Матайды күншығысқа қарай

сырып жіберіп, қоныс алып орналасқан Тобықты рулары соңынан үлкен аударысқа түскен. Бұл аударысты жасаушы — Құнанбай. Ол әуелі жалпы Тобықтының жер шегін молайтуға күш салады. Сонымен Шыңғыстың солтүстігінде күзеуі, оңтүстігінде (сыртында) жайлауы болған.

Тобықты, екі шетіндегі Уақ пен Керейді меншікті жерлерінен жылжытып тықсыра бастап, жылдан жыл өткен сайын жер өрісін молайта берген. Бұны істеуші Құнанбай. Көп жерді өзі көшіп жүріп алған. Жазғытұрым ерте жүріп, малы аз кедей ел Уақ жеріне келіп құдық пен қонысты меншіктеп, жазды күні Керейге барып жыл сайын оның жерінен де сондай сыбаға алып отырған.

Анау Бостамбек өлімінің тұсында болған Матай Тобықты арасындағы жер жапжалының арты да осы Құнанбайдың жуандап, күшейген кезінде кеп аяқтайды. Матайдан бұрын қыстау алып, дегенін істеп келген Тобықты жуандары енді кеп Керей, Уақ жерін алумен қатар Найман жерінен де өріс пен жайлау алады.

Найман мен Тобықтының жер дауын бері келген уақытта Құнанбай ұлық алдына салады. Ол екі елдің үлкен жынын жасайды. Екі жақ би, даугер шығарысып жүгініске отырады.

Найман бни Қисық деген шешен, мықты берік адам екен. Құнанбай бұған қарсы шешен болмаса да о жар, өр кеуде Доғал дегенді би қып сайлайды да, өзі даугер болып сөйлейді. Екінші жақтан патша ұлығына көз қылып Тобықтының Бәйіт деген адамына сол талас жерде тұрған бір ескі молаға күнде барып құран оқи беруді тапсырады. Бәйіт күн сайын қасына бір топ кісі ертіп барып молаға «атам бейіті еді» деп құран оқып қайтып жүреді. Құнанбай жер Наймандікі болса да қатар аққан Қос, Құндызды деген екі өзеннің Құндыздысы біздің жаққа қарай ағады, Қос — сендер жаққа ағады, осы бөлік болсып деп, өз дегенін істейді. Матай мен ертеден келе жатқан іргелі дауды тағы да молырақ жер алумен аяқтатады.

Ал Тобықтының өзі ішіне келгенде өз руы мен өзіне жақын руларды өзгеден гөрі құйқалырақ жерге орналастыруға тырысқан. Сонымен бұрын орналасып алған ұсақ рулардың көбін алғашқы ірге тепкен жерлерінен шетке қағып, қоныс аудартады. Олардың орындарына өзі қалаған жақын елдеріп орналастырады. Осы ретпен

талай ру өз орнып екіншіге беріп, өздері Құнанбай көр-сеткен жерлерден жаңа күзеу, жайлау, қыстау алысқан.

Құнанбайдың ұзақ жылға белгіленген қалыпты жоспары болған. Құнанбайдың алғашқы жоспары бойынша ата қыстауынан көшірілуге белгіленген елдің бірі Жуантаяқ деген ру екен. Өз дегенін істемек болып соларды көшіре келгенде, Құнанбай Жуантаяқтан бір сұлу қыз көреді. Айғыз деген сұлу екен. Бұның аулын көшірмей қалдырып, сол Айғызды өзі тоқалдыққа алады. Әрі ру ішіндегі әмірші, әрі жер несі үлкен алпауыт-феодалдың жуандық, зорлығынан аман қалған кейбір ел болса, осылайша парамен жап сауғалап қалған. Бірде старшын, бірде аға сұлтан болып жүрген Құнанбай әрі сырт елдерге атақты, әрі үкіметке салмақты болып ап, Жігітекті бойымен басып жыға берген.

Сонымен алғашқы араздық, жаулық кейін ұзақ заманға созылып кетсе де, Құнанбай тұсындағы алыстың бір буыны Жігітектің жеңілуімен бітеді. Құнанбай Жігітектің он жеті адамын Сібір айдатады. Бұл кезде Абай ер жете бастаған еді. Әкесінің Жігітекпен алысқан Тоқпамбет үстіндегі, Мұсақұл үстіндегі төбелестерінде баларақ болса да мынау тұста Абай ер жетіп қалған еді.

Құнанбай ісінің жоғарыда айтылған көп уақиға, көп тартыстары және барлық сол заманның мінездері ақын Абайдың бала күнінен бастап тегіс көріп, нық байланыса өскен ортасы болатын.

Құнанбаймен алысып жүрген көп адамынан айрылған Жігітек талай заманға шейін «көзге қамшы тигендей» болып қалады.

Құнанбай 72 жасында қажыға барып, қажыдан қайтып келген соң 8-9 жыл өмірін ылғи діншілдік құлшылықпен өткізген.

Құнанбайдың атағын көтере сөйлейтін ру басылары мен дін таратушы қожа-молда мұны мақтағанда Қарқаралыда мешіт салғызды, Мекеде қазақ қажылары түсіп жүретін «Тәкис» үй салғызды деп айтады.

Құнанбай шешендік сөзге, дау, кеңеске көп елден жүйрік болған. Өз тұсындағы Орта жүздің билерінің алдыңғы қатарындағы кісісі саналған. Ақмола, Семей, Жетісу сияқты губернияларда ел аузында қалған билер жайындағы ескілікте Құнанбай аты көп аталады.



Тобықты ортасында Құнанбай айтты деген сөздердің ішінде едәуір ойшыл адам айтарлық терең сөздердің мына сияқтысы бар:

1. Құл мен қожа майданда теңеледі; жас пен кәрі білімде теңеледі; бай мен кедей жомарттықта теңеледі; жақсы мен жаман өлгенде теңеледі.

2. Адамның қай мінезі өнері болса, сол мінезі айыбы болады.

3. Кісі айыбын айтпақтап оңай жоқ, өз айыбыңды өзің айтқаннан ауыр жоқ.

4. Өткен істен оңай жоқ.

5. Өтірік пен шынның арасы төрт-ақ елі, көзбен көрген шын, құлақпен естіген өтірік.

6. Жарлы кісі жаманар, жаманар да қуанар; жаман кісі жалынар, жалынар да жұбанар.

7. Арымнан жаным садаға, жанымнан малым садаға деген сияқты.

Құнанбайдың кім болғанын білмесек, Абайдың кім скеніп білу де қиын болар еді. Бірі әке, бірі бала болғанда бұлар әсіресе, бір тарихи дәуірде, бірыңғай қоғамдық, таптық жағдайда тіршілік еткен адамдар. Екеуінің сыртқы әдісі, жолдары басқа-басқа болса да түпкілігі бір. Құнанбай жайындағы материалдар көбінесе Абайды тапқа да жәрдем етеді.

1940

## БҰҚАР ЖЫРАУ

### БҰҚАР ЖАЙЫНДАҒЫ МАҒЛҰМАТТАР

Қазақтың XVIII-XIX ғасырларда тіршілік еткен Бұқар сияқты көп ақындарының өмірбаяны бізге толық мәлім емес. Ол кездерден қалған жазба белгі жоқ. Ауызша айтылған там-тұм сөздер болса, оның кейбір қатары бұл күндерге жетпей жоғалып, өшіп қалған. Және ауыздағы шала-шарпы әңгімеге қарап өмірбаянын тізу тегі мүмкін емес. Онда, адам жайында желілі тұтас сөз болмайды. Ел ішінде қалған, аңыз болған көп аузына ілінген бірен-саран сөз, мінез, істер ғана айтылатын болады. Қазақта жазба белгі сақталудан бұрын шыққан тарихи адамдардың бәрінің жайындағы сөздер осы күйде ғана қалады. Пәлен хан, пәлен би, пәлен ділмәр — пәлен-

дейлік ортаның, заманының тұрғысы болды деп кейінгіге үлгі ғып көрсететін сол адамдарды шығарған үстем тап болады. Соның кейінгі орынбасары болған таптар, қоғамдар сол сөздерді ескінің мұра, жарасы қып сақтап, сөз кезегіне құрал етеді. Хан мен биін көпшілікке жарықтық дегізіп қойып, сол бұрынғыларынан қалған пікір және артқылы-кейінгі қаналушы қауымның ой-сезімін тұсап отырады.

Сондай өз дәуіріндегі біртұтас салт-сананың жыршысы болған адамның бірі — Бұқар жырау. Бірақ оның өмірі туралы тұтасқан мағлұмат жоқ дедік. Сол себепті, оның кім болғаны туралы берілетін мағлұматта жамау-жасқау, үзінді-кесінді, шала-шарпы мағлұмат болады. Осындай хал Абайға шейін болған, бірқатар ақын Абай артынан шыққан, тағы бірнеше ақын туралы да еріксіз болады. Түк айтпай кетудің орнына, кейінгі уақытта толықталар деген үмітпен бір сөзге бір сөз жамау-демеу болар деген сеніммен, осы адамдар туралы өзіміз естіген азын-аулақ мағлұматтарды олардан қалған әдебиет үлгілерін тексеруден бұрын, қысқаша күйде айта отырамыз.

Осымен Бұқарға көшсек, бұл: XVIII ғасырда тіршілік еткен ақын болады. Сол ғасырдың соңғы жарымында, Орта жүзге хан болған Абылайдың жырауы деп аталады. Абылай 1772 жылы өлген. Бұқардың бұл ханнан кейін қанша жыл өмір сүргені мәлім емес. Бірақ Абылай ауырып, өлім үстінде жатқанда Бұқардың:

Қайырусыз жылкы бактырған ханым-ай,  
Қалыңсыз қатын құштырған ханым-ай,  
Үш жүздің баласынан үш кісі айтсам  
Қалар да ма екен жаның-ай,—

деген сөзі бұның Абылайдан бертін кеп өлгендігін көрсетеді. Бірақ Абылайдан жасы үлкен болу керек, онысы:

Абылай, сені мен көргенде,  
Тұрымтайдай ұл едің,  
Түркістанда жүр едің  
Үйсін Төле бидің  
Түйесін жайған құл едің.

деген сияқты сөзінен байқалады. Және бұдан басқа бірен-саран жерде де, омырау қыла сөйлегенде жасы үлкендігін сүйеу қылатын сияқты. Ал, Абылай 71 жасында өлген деседі. Одан үлкенірек болса, Бұқар XVII ғасырдың аяқ кезінде туған болу керек.

Бұл жырау деп аталады. Жырау демек, акын деу емес. Жыраудың ақын атаулыдан, жыршыдап бөлек, өз жанры бар. Бұның сөз үлгісі, шығармасы — «толғау». Жыраудың мақсаты, міндеті — «не болса сол көңіл ашар», «әлдене» дерлік сөзді айту емес. Ол заман сыны, мезгіл, дәуір болжалын, тарихи уақиғаның мазмұн бағасын сөз қылады. Көбінесе әрі жырау, әрі би болады. Олжа, табыс, абыройды ханмен қатар үлеседі.

Өзі хан қасына жуан рудың Арғынның қосқан «табан шөңгел биі» болуға лайық. Ол кез «ханнан қазық, биден тоқпақ» деген сияқты, «қолағашы мықты болса, киіз қазық жерге кіреді» дегендей, хан мен ру басы бидің әмір дәрежесіне тең, немесе артық жүрген күйді білдіреді.

Бұл жағынан қарағанда Бұқар, Орта жүз ханы Абылай болса, соның орталық елі, жуан бел руы — Арғын ішінен шыққан анық үстем тап адамы болады. Мезгілі, орыс патшалығына қарамай бөлек хандық құрып, жеке әмір жүргіземіз деген талаптың мезгілі болады. Бұқар сонда үлкен, қырағы саясаттың толғаушысы боп, әрбір сөзін ірі-ірі уақиғалардың, ірі мәселенің тұсында ғана айтады.

Сол сөздері жыраудың таптың қоғамдық мазмұнын көрсетіп, дәуірінің тарихи сырын ашады.

Осы жайларын шығармалары арқылы түсіну үшін енді сол толғауларына көшеміз.

### Бұқар сөздері

Бұқар айтты деген толғаулар оншалық көп емес. Кезінде көп болса да, бізге жеткені алтау-жетеу ғана. Соларының ішіндегі көрнектілері: «Керей, қайда барасың?», «Асанқайғы сөзіп шешуі», «Айпаласын жер тұтқан», «Ақсаннан биік тау болмас», «Ей, Абылай, Абылай», «Абылай орыспен соғысам дегенде айтқан толғауы» сияқтылар.

Бұл толғаулардың әрқайсысы Абылай мен Бұқар сияқты билер билігінің әрбір ірі кесек уақиғаларымен байланысады. Сонда Бұқар сөзі құр жыр, құр шешен сөз ғана болмайды. Ол не әкімшілік атынан, өкімет атынан айтылған билік («Керейге айтқаны»); не өкіметтің саяси бет мақсатын болжаған программ сөзі (Асанқайғы сөзінен туған толғау) немесе хан мен қараның арасы, билер арасы ажырасуға айналған кезде айтылған ашу,

қайрат, қара күш сөзі. (Ей, Абылай, Абылай). Тағы бір сөзі «Патшамен соғысамыз ба, жоқ па?» деген дүдәлдің үстінде билердің, кенесшілердің бетін көрсететін, тарихи талғаудан туған толғау болады.

Мінеки толғаудың айтылған кезі мен шешетін түйінді сөзі, мәселесінің өзіне қарағанда да Бұқардың қандай тап жыршысы екені ап-айқын көрінеді. Ол хан атынан билік айтады. Хан жүретін саяси соқпақ, бағыт не екенін белгілейді. Ірі саяси мәселе үстінде, хан байлауы қолайына жақпай бұның дегенінен теріс жайыла бастаса, ажар салмағына қарамай сол ханның өзіне де қарсы келіп, төс табандап тұрып басқа ұрады. Күлін көкке ұшырғандай қылады.

Ханға биліктің тізгінін берсе де, сол биліктің шылбырын әлі өз қолдарынан шығармаған билер, ру басылар, сол уақыттың әмірші, үстем табы осы Бұқарлар болады. Сондықтан бұның сөзі шешен түрде, күйлі тілмен айтылған байлау, үкім, программ болады. Әр сөзі әрбір тарихи уақиғамен байланысты. Сондай қысталаңның ғана үстінде туады.

Бұл тарихи жырларынан тақырып жағында оқшауырақ тұратын сөзі «Айналасын жер тұтқан» деген толғау ғана. Оның хан мен биге айтылмаса, бағындырып жүрген қарашы мен кейінгі өсетін жас буынға айтқан өсиет, үгіт сөз. Өсиеті: әмірші, басшы бидің, ақсақал — кәрі ру басының айтқан өсиеті. Соның салт-санасынан, таптық мақсатынан туып, өзгенің ой-сезімін тұсаймын, билеймін деген өсиет болады.

Бұқар сияқты үлкен ру басы бидің сол 18-ғасырда ой, сезімін билеген, кернеген арман күдік не, таптық тілек, талап не? Ол кез қазақ өлкесінің, Ресей патшалығына бағынуы бүгін болмаса, ертең болатын іс сияқтының жүрген кез. Бұрынғы ру-ру боп кешірген тіршілікте билеуші, қапаушы тап сол Бұқарлар болатын. Олар енді өлкені орыс алса, сол үстемдік қалымыздан айрыламыз деп қорқады. Бұндайлардың бір алуаны Кіші жүздегі сияқты сол патсаға бағынып шен, шекпен алып жатса, Бұқар сияқты бір алуаны Орта жүзде әлі де болса жеке, емін-еркін әкімшілік мүмкін болар деген талаппен жүрген-ді. Олар сол себепті орыс әкімшілігіне бағынуға қарсы. Ал қарсылықты, құр ру-ру боп кешірген күйде, ұзақ өріске апара алмайсың, сондықтан ортадан хан шығарып, соған көпшілікті бағындырып, әкім-

шілік басында ханмен қатар қарауыл тұрғыны өздері алып, өздері отыру керек.

Осы айтылған сөздердің барлығы Бұқардай жуан би феодалдың жоғарғы толғауларда сөз қылған тақырыптары ол екенін ашады. Сол тақырыптарды шешкенде, қандай таптың тұрғысынан қарап шешкендігін көрсетеді.

Сол жоғарғы, билеуші таптың тілегін-талабын бүктемей көрсетіп ұстаған ақын екенін Бұқардың жалғыз тақырыбы мен сөз мазмұны емес, толғауларының түрі, теңеулері, сырт қалыптары да байқатады.

Бұқар Асанқайғы сөзін шешкен толғауда:

Ханға жауап бермесен,  
Ханның көңлі қайтады:  
Қайтара жауап сөйлесем,  
Халқым не деп айтады?—

деп, хан мен халықтың арасындағы дәнекер сияқты боп, кішірейе сөйлегендей болады. Бір есептен осыған қарап қарашыл шығар деп ойлап қалуға да болады. Бірақ бұл елге, сыртқы арналған саясат сияқты әдіс. Сол өлеңнің өзінің-ақ ішінде:

Күндердің күні Абылай  
Есе тимес өзіне,  
Есіктегі құлыңнан,—

деп, хан билігіне қарсы боларлық бұқараны жауша пұсқайды.

Немесе:

Аталыдан би қойсаң  
Адаспас жол мен жобадан,  
Атасыздан би қойсаң,  
Босанбас аузы парадаң,—

деп әмір иесі аталылар болсын дейді де, оларды өзге топтан екшеп шығарады.

Көптеп өзінің әмірші тобын жырып алып сыбаға, жүлдені соныкі ғана қып қоймақ. Сондықтан билік, өсет сөздерді айтқанда тұтас көптің бәріне арнап айтпайды. Қайта көптің басынан асып, әмірші басшыға ұғарлық ділмар күйге, сыр мінез бастасына ғана арнап айтады. Мысалы Қерейге айтқан дауы: Арғын атынан айтқан омырау жуандық бола тұрса да, сол сөздің ішінде көпшілікке жұмбақ қып, билерге тұспал билік айтып, бітімін де ұсынып кетеді.

Абылай алдында сен бітсең,  
Құдандалы таныспын.  
Абылай алдында бітпесең,  
Атасын білмес алыспын,—

дегені, қыз беріп құда болып бітім тап дегені боп шығады. Неше түрлі құба жондатқан, бір-бірімен байланысы жоқ аламыш суреттерді термелеп, қат-қаттап:

Ақмырзамды өлтірдің,  
Ақ сойылмен төбелеп,  
Енді артыңнан шығайын,  
Жауған күндей себелеп,—

деп бір кетіп, немесе:

Сен бұзау терісі шөншіксің  
Мен өгіз терісі талыспын,—

деп алып арасына:

Абылай алдында сен бітсең  
Құдандалы таныспын,—

деген билік-бітімді қыстыра кетеді. Бұны Арғыннан Керейдің көбі бұғынып талқыға салмасын. Бірі іреп, бірі соймасын. Ол байламалы, тас-түйін билік боп қалсын, дейді.

Ол үшін көптің ұғынбай «не деді?», «не десті?» деп аңырып қалғаны мақұл.

Көпке ана сөз, мына сөздің жотасын қылтылдатып көп-көп керексіз салыстыруларды айтып, әдейі шаң қаптырып адастырып отырады.

Өснет сөздерінде де ұғынсын дегені көп бұқара емес. Оларға қайта ұғымсыз болғысы келеді. Онда да әр төбеден шаң беріп:

Қулық туған құлаша  
Құрақтанбас деменіз,  
Құландар ойшар қу тақыр  
Көлшік болмас деменіз,—

деп кеп, түйінді сөзіп бірен-саран жерге ғана көмбе-көмбе қып екшеп-екшеп тастап:

Ай не болар күннен соң  
Күн не болар айдан соң  
Құбылып тұрған байшешек  
Қурай болар солған соң  
Хандар киген қамқа тон  
Шүберек болар тозған соң  
Еңсесі биік кең сарай  
Кемтік болар бөлген соң

Байдың бос белбеуі  
Шұбалаңқы тартады  
Айдап жүрген малдан соң,—

деп көксегені, күңіреңткені не екенін тұспалдап өтеді.

Міне, осы соңғы келтірген мысалдың барлығы Бұқар толғауының түрі болса, сонысы түгелімен жоғарыда айтылған таптық мазмұнымен үйлесіп, ақын шығармаларының қоғамдық-тарихи мағынасы не екенін ашады.

1933

## МАХАМБЕТ

(1803—1845 ж.)

### Махамбеттің өмірі

Өтемісұлы Махамбет Исатай қозғалысының, ең ірі адамының бірі, Исатайдың нағыз қанды көйлек жолдасы екен.

Туысы Беріш руынан. Атасы — Өтеміс. Оның атасы — Құлмәлі. Мәлі деген, қазаққа бір соғыста қолға түскен тұтқын екен.

Беріш ішінде Тумас дегендер еншілес, туысқан ғып әкеткен. Мәлі тұқымы өздерін парсы патшасы Нәдіршеңнің нәсіліміз дейді екен.

Құлмәлі кейін өсіп бір бөлек ел болған. Орныққан мекені: Гурьев үйезі, Тайсойған деген жер.

Қазақ іші Құлмәлі тұқымынан би де, батыр да, шешен де шыққан деп, бұлардың түбіп затты десетін болса керек.

Өтеміс Айшуақ, Бөкей деген Қіші жүз хандарының тұсында қабырғалы би атанған.

Махамбеттің Бекмағамбет деген ағасы Жәңгір ханның үлкен биінің бірі болған. Ол Исатай — Махамбеттің Жәңгірге қарсы шыққан көтерілісіне қосылмай, бұларға қарсы қимыл істеген.

Махамбеттің өзі де жас күнінде Жәңгір ханның нөкерінде болған. Бірақ Исатай ханға қарсы шығысымен бұл барып соған қосылған.

Махамбет жаратылысында әрі батыр, әрі жырау-ақын, әрі күйші-домбырашы болыпты. Мінезі өте қызулы, әдіс-шеберлікті көп ойламайтын, бет алған жағынан қайтпайтын, қайсар ер адам болған.

Қозғалыс уақытындағы ісі де осыны көрсетеді. Исатай ел адамы ақсақалдарымен келелі кеңесте отырғанда, Махамбет айналадағы ауыл-ауылды аралап жүріп, өлең-жырмен жұртты қыздырып, желіктіріп артынан шұбыртып отыратын болған.

Сөзде өткір, шешен, қалжыңқой. Жақтырмаған нәрсесін бетің-жүзің демей, жара шауып — айтып салғыш болған.

Соғыс үстінде ерекше ер, айлакер. 1838 жылы Ресейлік жерінде Исатай отыз жолдасымен жатқаңда әскер қамайды. Махамбет өзгеден бұрын Исатай құтылсын деп екі жолдасымен оны қашырып жіберіп, өзі қалған серіктерімен бірқатар уақыт соғысып тұрып, артынан қаша ұрыс салады. Бір кезде бұны көзеп қуған әскер жақындап ұстауға айналады. Сонда Махамбет, астындағы бұлық көпшікті жарып жіберіп, ішіндегі мамықты жақындап қалған қуғыншылардың көзіне шәшіп құтылып кетіпті деседі.

Соғыста батыр, сөзде «от ауызды, орақ тісті» дегендей, жалындаған ақын, алғыр шешен болған Махамбет Исатай қозғалысының ең көрнекті кісісінің бірі.

Бұл көп жерде Исатайдың өзінен де қырағы, одан да батыр болғаны бар. Алғаш Жәңгірдің ордасын қамап, жеңуге айналғанда, хан бұларды алдап соза тұрмақ болады. Бір жағынан әскер күтіп, екіншіден бұларға кісі салып бітім сұрайды. Исатай сол жерде шынымен бітім сөйлесіп, келісу жолын іздеп алданып қалады. Дәл сол жерде Махамбет сенбей, бітімді керек қылмай, шабайық деп көп ұмтылыпты, бірақ Исатайды көндіре алмапты деген сөз бар.

Бірақ қазақтың Жәңгірдей ханымен соның ар жағындағы патса ұлығына қарсы шыққан Исатай қозғалысы сол Исатай өлген соң өрістемеді. Тез уақытта өшіп қалады. Махамбеттің ерлігі де, өнері де оны өршітуге себеп бола алмады.

Бірақ өршімеуіне кінәлі Махамбет емес, қозғалыстың өз ішіндегі көп қайшылығы болу керек. Ең әуелі бұл көтеріліс ханға қарсы шыққан би көтерілісі. Екеуі де бір үстем тап адамы. Сондықтан көпшілік бұқараға үнемі ұғымды, әсерлі болған қозғалыс емес еді, програмы не екені мәлім емес болатын. Оның үстіне дайындық жасалмай, шұғыл басталып тез сөніп қалды. Және үлкен сын кезеңде, дәл хан ордасын шабар жерде Исатай-



дың таптық сыны білініп, қолы батпағаны да көпшілікке ой салған болу керек.

Қысқасы, сонымен қозғалыс Исатайдың өлімі емес, одан бұрын да, Исатайдың өзі барда да шөгіп, сөніп бара жатқан болатын.

Махамбет бұрынғы, соңғы қазақ ақындарының ішіндегі ең бір күштісі деп саналуға тиіс. Бұның сөзі деген сөздің кесектік ірілігінен басқа, молдығы да жеткілікті екен. Бірақ көбі біздің тұсымызға жетпей жоғалған, ұмытылған.

Қозғалыс үстінде ақындық өнерін, жұртты қыздырар ұрап қылып жұмсаған Махамбет, қозғалыс біткен соң қашқыпдықпен күнелтеді. Бірақ қашып жүрсе де, іштегі қарсылығынан қайтпайды. Ниеттерінің іске аспағанын арман етумен болады. Талай жалынды өткір сөзді сол кезінде айтады.

Сондай сөзінің бірі Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі. Исатай өлгеннен соң Махамбет қуғында болған дедік. Сөйтіп жүрген қысылшаң кезінің бірінде ел ақсақалының бірнешеуі Махамбетті Баймағамбетке алып барып, ел ішінде жүруіне рұқсат әпереді.

Сонда Баймағамбет өлең айт деп тілек қылған соң жаңағы ұзақ жырын айтады. Махамбеттің ерлігі, ақындығы, кісілігі — барлығы да осы өлеңінен әбден көрінеді. Күнім түсіп, алдыңа кеп тұрмын деп Баймағамбеттен қаймықпайды.

Басына кеңшілік алғаннан кейін де Махамбет тыптыныш жүрмейді. Өкімет пен хан-сұлтандарға қарсы ел ішін үгіттеп жүреді. Өзінің жиренішін, жек көруін жасырмайды. Ең әуелгі бетінен қайтпайды.

Сонысы үшін өштесіп, кекті болған қазақ ұлығы — төре, сұлтандар бұны өлтіртеді.

Бұрын Махамбеттің досы болған Ықылас деген адам ақынның үйіне қонаққа кеп отырып, батыр қапылыста отырғанда Махамбеттің өз қылышымен басын кеседі. Осы істі істе деп жіберген өлтіртуші Баймағамбет деседі.

Махамбет 42 жасында қайтыс болған.

### Махамбеттің ақындығы

XIX ғасырдың алғашқы жарымы, қазақ өлкесінің тарихында, отар шабуылына қарсы шыққан ірі-ірі қозға-

лыстармен байланысты дедік. Сол үлкен қозғалыстың бірі Кіші жүзде болған Исатай — Махамбет қозғалысы. Бұл, ханға (Жәңгірге) қарсы және соның артында тұрған патша өкіметіне қарсы жасалған, би-батырдың ереуілі болады. Бұлардікі де сол жылдарда шыққан қозғалыс сияқты, өз артынан бұқара халықты ерткен.

Бұқараның еруі, Исатай — Махамбетті шын сол көпшілік басшысы деп түсінгендіктен емес. Жері кетіп, салық ауыртпалығына көп ұшырап, ұлық тепкісін көп көріп, жебір сәудегер құрығына шырмалу сияқты — көп қысымшылық-қиыншылықтың барлығы бұқара көпшілігін патша өкіметімен, оның агенттеріне қарсы ереуілге айдайтын болған. Осы жолда кім серік болса, сынамай талғамай еріп, қостап кететін...

Кейінгі уақиғалар алғашқы істің арты ғана. Тартыс жаман әкімшілік жүргізген ханмен, сол әкімшіліктің өзге жолы үшін алысқан би тартысы болады. Жалғыз-ақ осы тартыс басталу, аяқталуына жаңағыдай бір тап ішінің (қанаушы үстем тап ішінің) бүлігі сияқтанса да орта кезінде өз көлеміне көпті, бұқараны тартып, бір жағынан патша өкіметіне қарсы арналған отар қозғалысы, ұлт бостандығының тартысы да боп кетеді. Сол себепті бұл уақиға көптің жадында қалып, ұзақ үлкен жыр болып, кейінгі көп замандарда қалың елдің көңіліне ұдайы қозғау салатын уақиға болды. Себебі: бірталай кезінде бұл уақиға ханның (Жәңгірдің) тасасында тұрған патша өкіметіне қарсы беттеп еді. Көпшілік қозғалыстың сол буынын қадірлейді. Сол арқылы уақиғаға араласқан Исатай — Махамбетті де құрмет етеді. Даңқын зорайтады. Мына жағын сүйіп, дәріптегендіктен, олардың өзбасындық, таптық талап-тілектерін кейінгі бағалауда ескермей де қояды.

Және жеке бастарын салыстырғанда Исатай мен Махамбет дәл бір жерден шыға қоймайды. Барлық қозғалыстың ірі, ер басшысы болғанмен Махамбет өзін басшы демей, орынды Исатайға береді. Бас анау болып, мынау мойын есепті жүреді. Бірақ өз пікірін айтып, өз бетін көрсететін жерде бұл анадан гөрі өжет, батым және әсіресе, көпшілік, бұқарамен емеуріндес сияқтанады. Соғыс, шабуыл үстінде де, елге үгіт сөйлеп қол жиюда да Исатай ақсақал, бимен — басшы дегендермен болғанда Махамбет көбінесе бұқара-көпшілікті аралап, соларды үгіттеп ерту жағында жүреді. Қиыншылық, қыс-

талай үстінде айтқан сөз, тастаған ұраны да көбінесе осы көпке арпалады. Осымен Махамбет жырлары өз заманындағы ең қанды, ең әсерлі сөз боп, көпшіліктің өз үні, өз тілі, өз арман-талабы сияқтанып та жүрген. Махамбет ірі, алғыр ақын болғандықтан — үнемі өз тұрғысынан қарап, өз тобының ғана сезімін айтып қоймайды. Ол қозғалыс басшысы. Өзінің табынан басқа, көпшілікті де ертіп жүр. Сондықтан көп атынан сөйлеп кететін, көптің сезімін білдіріп кететін жері де көп. Өзге сипаттарымен қатар осы жағы әсіресе көпке жағымды, бағалы болған.

Кейінде, қазірде де Махамбет ақын есепті бағаланғанда осы ерекшелігімен көпке де жақын, көптің де ереуілшісі, айқайшысы, ұраншысы боп көрінеді. Қозғалыс бастығы болған батырдың бұндай ақын болуы оның бағасын арттырады.

Бірақ осы жәйін айтумен бірге Махамбеттің өз табы бар; ол табының таптық тұрғысы бар екенін, және Махамбет көп қимыл, көп сөзінде сол табының қарауылынан қарап іс қылатынын, сөз сөйлейтінін де ұмытпау керек.

Осы жағынан қарасақ Махамбет өзінен-өзі шыға қалған жоқ. Оның әдебиетте, тарихта да алды бар, басшысы бар. Соның бірі, салт-сана жүзіндегі төркіні — Бұқар жырау болды. Бұқар келешекке тастаған сөзінде «бөтеннен би келеді, күн қараңғы, хал қарап болады» деген саяси сарындарды айтып кеп, өз табының тұрғысынан қарап: «Хан мен би орнын қарадан шыққан» татымсыздар алам дейтін болады; есіктегі құл төрге шығады, көпшілік поқтадан басын босатып ап, есеге таласады» деген. Бұндағы негізгі екі сарынның бірі — патша өкіметіне бағынбай жеке хан әмірін сақтау, екіншісі — көпке тізгін бермеу, оны нық ұстап, баурап отырып керегіне жарату деген жолыңа артыңнан ерт. Тілеген бетіңе айдап сал, бірақ сыр ұшығын берме. Қайта көпке мақсатың ұғымсыз, жүрісің, ісің қыздырмамен айдап салу боп, ұран болсын, сөзің жұмбақ босып дейді. Осы Бұқардың өзі тұтыпқан жолы. Артында қалған сөзі де соны дәлелдейді.

Сол, «көпті артыңнан ерт, керегіне жарат» деген бағыт Махамбеттің де әрі іс, әрі сөз жүзінде бірден-бір нық ұстаған програмы. Сонда басшының өзі кім? Оған «Толарсақтан саз кешіп» деген өлеңде:

Тағыдай таңдап су ішкен  
Тарпаңдай тізесін бүгін от жеген.  
Тағы сынды мырза едік;  
Тағы да келдік тар жерге  
Таңдансаң тағы болар ма  
Төңірінің салған бұл іске?—

дейді. Ұстанған ісі, ойдағы ниеті бойынша бұл Бұқар ұранын қостап келген «мырза» еді.

Көнбек, бойұсынбақ емес еді. Өзінің көздегені бар еді. Онысы, өзінің жеке қалпын, бағынбастық қалпын, «тағы сынды мырза қалпын» қаймағын бұзбай сақтаймын деген мақсат еді. Бірақ ол Бұқар заманы бір сәрі, өтіп кетті. Бұл сол таптың адамы болса да, өзгерген тарихи жағдайдың ортасында іс қылатын болды. Қолындағы ту жығылып, сүйенген терегі сышып, құлдилап, құлап барады. Енді бұған соңғы рет тұяқ серпу, барымен бір-ақ бұлқынып көру ғана қалды. Сонымен Махамбеттің бар сөзі — осындай соңғы бұлқыну, соңғы тулаудың жыры болады. Бұл бұлқынғанда үлкен іспен, ірі екпінмен құлшынып-бұлқынған ісі бір-ақ іс болса да, барды салатын, құлаш керетін астан-кестектің, алай-түлейдің ісі.

Махамбет бар өмірін осыған сарып етті; сондықтан сөзі де үнемі осы бір-ақ түйіннің үстіне жиналған бір-ақ тақырыптың жыры боп шығады.

Саяси қоғамдық мазмұнымен тарамдалған тақырыбын алсақ, Махамбет айналып үйіріліп, ылғи бір-ақ жерді шырлайды. Бұған қарағанда Бұқар көп кезде, көп жәйді сөз қып, соның бәрі арқылы өз тұрғысын көлемді етіп, мол қып көрсеткен. Махамбетті онымен салыстырсақ бір-ақ жақты. Бірақ бұның сол көрінген бір-ақ жағының өзі ең ірі, ең әсерлі жақ еді.

Салт-сапа жүзінде жоғарғы үстем таптың көптен дайындаған қарсылығын бұл қолма-қол іске асырушы ақып болған. Бұныкі сөз ғана емес, ұлы дүбір іс, ала-сапырап тартыс. Жырының бәрі тұтасқан қимыл. Қан майдан үстінде көпті екілендіре сөйлеген: шабуыл, атой, ұран жыры. Ылғи сезімге соғып, ханға шабатын қыздырма жыр.

Сонымен Махамбет жырлары бір-ақ түйінге арналғанмен, ғасырлар бойында көпшілікке ұдайы үлкен дерт боп тұрған үлкен жарапың аузын жұлғаңдай болатын. Бүкіл XIX ғасыр әдебиетінде қимыл мен күрес жырын

Махамбеттей қып жырлаған өзгеше ақын болған емес. Алды да, арты да бір өзі сияқты.

Сол себепті, ілгергі, соңғы тыңдаушының бәріне де Махамбет жырының тақырыбы — біреу-ақ екені байқалмаған. Қайта сол қаспег деп саналған болуға да мүмкін.

Сонымен, осындайлық бір ғана тақырып Махамбет шығармаларында қандай-қандай көріністер береді. Енді соған ауысайық.

Бұл ретте алдым ала айтып өтетін пәрсс: тақырыбы біреу ғана болғанмен, ақын сол тақырыбын әр кезде әр түрлі баян етеді. Сонда бір кезінен, екінші кездің айырмасы: әр уақыттағы істің халіне орай. Содан туған ақын халінің айырмыстарына орай кеп отырады.

Мысалы алғашқы кезде бұлар соғысып жүреді. Ол кездегі көңіл екпінi, сөз тасқыны да бір алуан, өзгеше. Одан кейін жеңіледі. Бұдан туатын көңіл-күйі екінші түрде. Ең аяғында қашқын-пысқын болып, жүдеп-жадап жүріп хан, төреге жәй-күйін айтып, жәрдем дәмәтетін халге келеді. Ондағы күй-қалып тағы бір басқа. Міне, Махамбет шығармаларының осындай үш кезең, үш дәуірі бар. Тексеруді де осы ізбен беттету керек.

Сондағы бірінші жыр: «Ереуіл атқа ер салмай». Бұл өлең Махамбеттің барлық басқа өлеңдері сияқты ауызша айтылған, тыңдаушыға қолма-қол суырылып беріліп отырған өлең. Сол ретіне қарай: сапылдатып бір-ақ желдіртіп өткен — бір шумақ өлең. Мағына жағынан да барлық жыр бір-ақ ұзақ сөйлем есепті. Неше алуан қатар жарысқан, жеке-жеке суреттердің байлауы ең аяққы жолда — «ерлердің ісі бітер ме?» деген бір қайырмамен аяқтайды. Ауызша айтылған желдірме болғандықтан ұйқасы кейде келіп, кейде келмейді. Бір жерінде қат-қабаттап кетіп, өзге бір жерінде шанжау-шанжау түсіп, тырағайлап отыратын ұйқас — ауызша жырдың бір ерекшелігі. Және некұрым сөз ескек тартып борама боп, қыздырмаға айнала берсе, соғұрлым аяқтағы ұйқас бір орында тұрмай, айнығыш бола береді. Махамбет: Бұқар үлгісінің салт-санасы ғана емес, түрінде де осындай келетін жақындық бар. «Қыздырып, бойұсындырып, ертіп әкетем» деген ниетпен сөйлейді. Сондықтан ұйқасты, қыздырма сөздің құйылыс-тасқыны билейді. Ал қазақтың ертерек кездегі ауызша жырында екпін-тасқын аяқтағы ұйқастан шықпайды; сөз-сөздің басында келе-

тін дыбыстар күйімен, үндестік орайынан шығады.

Сонда:

Ереуіл атқа ер салмай,  
Егеулі найза қолға алмай,  
Ецқу, ецқу жер шалмай,—

дегендегі ылғи келетін «е» дыбысы — ауызша өлеңнің бар нәрі боп кетеді. Бұл дауысты дыбыстан құрылған үндестік болғанда «ассонанс» деп аталады.

Егер:

Тебіңгі терге шірімей  
Терлігі майдай ерімей

деген сияқты «т» дыбысындай дауыссыз дыбыстардан құралған үндестік болса оны «аллитерация» дейді. Махамбеттің қыздырамын, желпіндіремін деген ауызша үгіті осындай түрге бөленген. Бірақ бұндағы жыр ішіндегі көп көрнекті суреттер Бұқардыкінен басқа боп мағыналанған; ішінара бірімен-бірі байланысқан болады. Бұқарда көп түсінбесін деген аттама, аламыш, байламсыз суреттер әдейі келтірілетін. Сондай борасыны бұрқақтың ішінде әр жерге, ұққанға арнап көмбе көміп кететін. Сөз түйімін көптен алып қашу.

Ал мынада: сол көппен бір сапарда, тар кезеңде нық сүйесіп, «бір жеңнен қол, бір жерден сөз шығарам» деп тұр. Сондықтан енді Бұқар үлгісіндегі жалтартпа, тұспал керек емес, уақытша болса да көптің тілі боп сөйлеп бағу қажет. Сол көптің «өзі» боп тұрып, тұтас тамсандыратын қып сөйлеу керек. Бұның бәрі ақынның ұғымы болуын тілейді. Махамбет сол керекті дәрежеде ұғымды, көпке түсінікті боп, жақын боп көрінеді. Бұндағы:

Алты малта ас болмай,  
Өзіңнен туған жас бала  
Сақалы шығып жат болмай,—

деген.

Тебіңгі теріс тағынбай  
Темір қазық жастанбай,  
Ту талақай бастанбай,—

деген сияқты суреттердің бәрі іштей бір тақырып, бір мақсат, мағынаға бағынады.

Неше алуан сырты бөлек көріністің барлығы да — осы тартыс жолында жанын аямай еңбек еткен ердің кейпін суреттеп, толықтырады. Бұрынғы өлең-жырда әр жерден шаң беріп, басы қосылмай, бытырап жүретін суреттер мынада: қатты жымдасып, екшеліп, бір бас, бір тас боп алады. Ақынның көпке тастап отырған ұранындағы тілек-талап та сол. Бытырап, ыдырап жүрген ел басы қосылса, ойдағы басшы бастаса іс дәуірлеп, еңбек жанып көрікті көрініс шығар еді дейді.

Осымен «Ереуіл атқа ер салмай» деген жырдың ішкі-сыртқы құрылысы: табиғи-тұтас біткен, бірыңғай бүтіндікті білдіреді. Қысқа мезгілді, бір ғана қимылдың жыры болғандықтан, ол өзінше, бас-аяғы тұп-тұтас боп шыққан.

Жалпы Махамбет шығармаларының туысы, кезі әрдайым осыған ұқсас. Екпінді, келте, кесек бір қимылдың жыры да өзіне ұқсап: зымырап, шарқ ұрып, от шашып, іші-тысы бірдей тұп-тұтас боп тұрады.

Сонда «Ереуіл атқа ер салмайдағы» күй: «Талма, қажыма, салған сайын өршеленіп, өрлей бер» деген күй болады.

Ал «Толарсақтан саз кешіп» деген жыр тағы да алғашқы тақырыпты қозғайды. Сөз саптау, көрініс-суретті екшеу бұнда да сол тақырыбымен алғашқы өлеңдегідей — үйлес келеді. Бірақ, бұның тұсында уақиғаның беті өзгерген. Ақынның халі өзгерген. Ол енді соғыс үстінде емес. Сыртқы халі, жеңілушінің халі. Сондықтан қарсылық-ереуілін, ұранын басқа күйге айналдырып:

Ат басына соқтырып,  
Ата-енені сөктіріп,  
Нәлет болсын жігіттер  
Біздің осы жүрген жүріске,—

деген, қатты қарғыс, ашу серпінімен бітіреді.

«Арғымақтан туған қазанат» деген өлеңде Баймағамбет сияқты дұшпанның алдына келіп отырғанына қарамай бұрынғы арманды тақырыбын қайта өршітеді.

Исатайды өлтіріп,  
Қырсық та шалған біздің ел,—

деумен, сол Исатайдың жауы, алдында отырған Баймағамбетті бетке ұрады.

Ол алтын ердің қасы  
Ағайынның басы еді.  
Сеп кім едің:  
Жақсыдан туған жаман бар  
Күндердің күні болғанда  
Жарамды бір теріге алғысыз,—

деп баяғы тізбектеліп келетін, ішкі мағынасы бір дүспал көріністі — Баймағамбетке қарсы найза қып жұмсайды. Өзі бұрынғы жолы — жол, арманы — арман болған қалпында екенін білдіреді. Іс біткен, қазір бұның қолынан келер дәрмен жоқ, бірақ бұл осы жүрісте көпті де, бірді де талай талғап сынап шықты.

Соның ішінде:

Жаманнан туған жақсы бар  
Атасын айтсаң нағғысыз...—

деп бір қойса:

Айырдан туған жампоз бар  
Нарға жүгін салғысыз,—

деп тағы айтады. Дандайсыған талай мақтаулы жалғыздан да, көптен, төменнен де шығып озған — көп ердің қимылын қостайтыны бар. Көппен бірге жүріп, біте қайнасып, көп сынасу арқылы берген бағасы. Бұл жырында да батыр-ақын төзіп отырған жоқ, дегеніне жетпегенге өкініп қана отыр.

Осы сарынмен Баймағамбетке айтатын соңғы сөзіне келгенде онымен жағаласқан ата жау екенін айтады. Билік, үстемдік үшін тайталасқан тең-тұсы ежелгі дұшпан екенін айтады. Жеңілдім деп бас ұру жоқ, кішіреймек емес. Қайта:

Сендей нар қоспақтың баласы  
Маған оңаша жерде жолыксаң  
Қайраннан алған шабақтай  
Қия бір соғып ас етсем  
Тамағыма қылқаның кетер демес ем...—

деп тоқтайды. Бұрынғыша тізбек суреттерді (Қоспақтың баласы, шабақ, қылқан деген сияқтыларды) іштей байланыстырып, не қарсы қоюмен, не үйлестірумен байланыстырып отырып, алғашқы бір беткей ереуіл-қарсылық шабуыл сарышымен бітіреді. «Мезгіл өтіп кетті, бірақ дегенім болса нетер едім» деп ойдағысын айтады. Онысы, қозғалысының да ең үлкен түйіні болатын...



## БЕКТІК ҚҰЛАУҒА АЙНАЛЫП ӨНДІРІС КАПИТАЛЫ ДӘУІРЛЕЙ БАСТАҒАН КЕЗДІҢ ӘДЕБИЕТИ

(1870 жылдар мен 1905 жылдар арасы)

XIX ғасырдың екінші жарымындағы қазақ әдебиетін түсініп, талдау үшін, сол дәуірдегі Ресей топырағында болған шаруашылық, қоғамдық, саяси жағдайларды ұғынып алу керек. Бұл кезде қазақ өлкесінде болған тарихи жәй-күйдің көпшілігі, барлық өсу, өрістеу ретінде және өзгеру жолдарында, көбінесе, жаңағы айтылған Ресей ішінің халдерімен қатты байланысты болады, әрине бұл айтылғаннан осы дәуірдегі қазақ тарихы жекешілік ерекшелігі жоқ тарихи ауанның көлеңкесі ғана деген байлау жасау керек емес. Бектік, феодалдық қалпы, капиталды қалыпқа ауысқанда, құр сырттан кірген себепші арқылы ғана ауысады деу дұрыс емес. Маркс қисыны бойынша, бұл сияқты қоғамдық-шаруашылық құрылыстар әр жерде, әр дәуірде бірі орнына бірі келгенде, сол жердің өз топырағында болған тарихи үлкен процестердің нәтижесімен байланысы туады. Осы хал дүние жүзіндегі ұлттар, мемлекеттер, өлкелер, отарлар бар-барлығында да өзді-өз топырағындағы мерзімді мезгіл жеткенде айнымай, бұлжымай орындалатын өзгерістер, ауысулар болады. Бұл заңды бұрынғы-соңғының тарихы ешқашан аттап өте алмайды. Маркс қисынының осы қорытындысы — өткеннің көп-көп тарихын сынаудан, зерттеуден туған қорытынды. Сондықтан бұның көлеміне сыймай сырт жайылып кететін тарих тегі жоқ.

Қазақта да сол бектік қалпы капиталды құрылысқа да осы XIX ғасырдың екінші жарымында кеп ауысады. Ауысқанда жалпы Ресей ауқымында боп жатқан ірі-ірі шаруашылық, қоғамдық өзгерістердің салдарымен қатар өз топырағында, өз тарихының кезең-кезеңінде болған ірі жаңалық, өзгерістердің себебінен ауысады.

Олай болса, сол дәуірдегі Ресейдің өз ішінің шаруашылық, тарихи ерекшелігі не еді?

Сол ерекшеліктердің қазақ өлкесіндегі отарына қараған пішіні, бетке алған мақсаты не еді? Өлкеге не жаңалықтар кіріп, бұның топырағында қандай өзгеріс, өзгешеліктер туғызды? Осы жайларды қарастырып өту қажет.

Біз қарастырғалы отырған қазақ өлкесіндегі 70-жылдары Ресейде 60-жылдарда болған бірқатар қоғамдық,

тарихи өзгерістермен біраз байланысты болады. Ол өзгерістер не?

Алдымен Ресейде өндіріс капиталының құлаш ұрып өсе бастауы. Осу жолынан бұрын шабандап, кенжелеп қалып, батыстың өндіріс капиталының ізімен енді өрістеп, өңдей бастаған жаңа өндіріс капиталы Ресейде тарихи ретпен дәуірлейтін кезіне енді-енді жеткен болады. Патша өкіметінің бұл жөнде қол ұстасып бірігіп алып «отан өндірісін» жасаймыз деген талаппен батысқа бәс-таласа шыққан жаңа капиталшылар — өндіріс буржуасымен, капиталы енді өзіне «ұзын арқан, кең тұсау» шаруашылық қоғамдық құрылыс бұның талабына ескілік қалдықтары арқылы көп кедергі жасайды. Өрлеп, етек алып келе жатқан өндіріс капиталы ескілік қалдықтарының арасында сығылып, қыстырылып, жазыла алмайды. Тас қорған тар бесікке бөлегендей болып, керіле алмайды. Сондықтан енді ескі қалыптың бір қатарын бүлдіріп, тартысуын кесу керек болды. Әйтпесе өндіріс капиталы бұрынғы ескілік құрылыстың тар кемерінен асып төгілетін болды. Сонымен 60-жылдардың ең алдымен құл-крестьянды босатып, жерсіз, жемсіз қалған қалың крестьян тобынан өзі арзан, өзі мол қалың жұмыскер көпшілігін туғызудан басталды.

Бұрын бектің құлы, пұлы болған көп крестьян, жерден кетіп, өндіріс жұмыскері болған соң, өндіріс капиталы дәуірлей бастады. 60—70-жылдар деген кез Ресей өндіріс капиталының тайлақтап, құтыра, құлшына өскен кезі болады.

Сүйтіп тасы өрге домалап, дегені боп келе жатқан өндіріс капиталы қызылы толып, кемеліне келген сайын аранын аша береді. Ресей ішінде өз керегіне жарайтын жұмыскер күші, шикі зат құрып, сауда жолын, ішкі майданын түгел бунап, уысына сыйдырып алған соң, енді оңды-солдан, жақын мен алыстан, базар, отар неше алуан шикі зат дегендерді көксеп, аңсай бастайды. Сол ретте бұрынғы Ресейдің шалаштары боп тұрған Сібір, Қазақ өлкесі, Түркістан, тіпті арғы Қашқар, қала берсе жақын Қытай-манғұл өлкесі — бәр-бәрінде керегіне жаратпақ, көлеміне тартпақ болады. Осы жақтардың шикі затын, кенін, ен-байлығын ұдайы жемі есебінде үзбей алып тұруды талап етеді. Ол үшін бұрынғы бұл өлке-лердегі саяси қоғамдық шаруашылық құрылысты сол қалпында қалдыруға болмайды. Бұлар да жаңағы өнді-

ріс капиталының шарт талабына сәйкес келетін тәртіп орнауға тиіс, Ресей патшалығына шала қарағандай болып, әлі баяғы феодалдық қалпын сақтап келе жатқан өлкелер болса, ерекше ескі құрылыстар болса, енді соларды құлату, күйрету керек.

Осы кезде Түркістан Ресейге қаратылады. Қазақ өлкесінің билігіне көлемдірек күйде араласып жүрген ескі ұрап басы сұлтан тұқымы сияқтылар болса, енді солардың салмағын бұрынғыдан көрі басыңқырап, жаңа тәртіп ендіру керек болады.

Осымен 69-жылдың уақытша заңы шығады. Бұрынғы округке бөлінудің орнына ұсақтаған болыстарға бөліну шығады.

Қазақ өлкесінде үлкен жәрмеңкелер ашыла бастап, мал шаруасының заттары өндіріс капиталының керегіне толық жаратыла бастайды.

Фабрик, заводтың шығарған заттары өлкеге келіп базар табады, тұтынушы туғызады. Өндіріс капиталы өлкеде өзінің сүйеніш, таянышын табады.

Екінші жақтан, Ресейдің өз ішінде күннен-күнге молайып бара жатқан жерсіздік, жоқшылық, аштық бар-ды. Қанағыштық пәлелеріне оптыққан крестьян тобы молайған-ды. Өндіріс капиталистері өлкеге әкеп, керегіне жаратпақ болып, осы жаққа қарай аударыстыра бастады. Осылармен қатар Сібір, Түркістан жолдары сияқты үлкен жолдар салады. Ол, өндіріс капиталының сол күнгі өсу, даму жолындағы сенімді көлігі.

Осындай боп өңдей бастаған капиталдың омырауы өлке тұрмысының қай саласында болса да айқын-айқын сезіле бастайды. Бір күйді бір күй жетектеп кеп, аз заманның ішінде неше алуан орасан жаңалықтар пайда болады. Сол заман адамының таптық санасында, тартыс програмында да бұрынғы заманнан басқаша, ерекше жаңалықтар пайда болады.

Ең әуелі, дегенін істеп келе жатқан өндіріс капиталы бір сатыда бұрынғы аға сұлтандық сияқты әкімшілікті жойып, оның орнына болыстықты шығарып еді. Бұл — бұрынғыдан икемдірек әкімшілік болды. Бірақ түбінде бұл әкім, бұл тәртіптің бәрі де өндіріс капиталының туындысы, соның қызметшісі болғандықтан, ағын күннен күн, «бұрынғынан икемденіп, үйлесе бер» деген шарт қойылып, салмақ салынуға тиіс еді.

Сол себепті ендігі әкім жаңалыққа неғұрлым көбірек

үйлесетін болса, солғұрлым қолайлы агент болып саналуға тиіс.

Әкім тіл білсе, сауда қылса, тілмаш болса, қалаға қолайлы, базарға бейім болса, сонысы жаңалықтың табысы болуға лайық. Өзгерген уақыттың бел баласы сол болуға тиіс.

Сонымен ендігі заманның қазақ ішіндегі үстем табы сыртымен де, ішімен де осылайша өзгерген. Қалпын да, пішінін де осылайша өзгерткен болады.

Тағы бір күй: өндіріс капиталының тұтынушысы көпшілік те баяғы ескі топ, ескі қалыппен отыра беруге болмайды. Аздап мәденилену керек. Капиталды құрылыстың ыңғайына бейімделіп, аздаған оқу-білім алуға керек. Сондықтан Европа үлгісінде мектеп ашып, жас буынды жаңа дүкен ішінде тәрбиелеп, өндіріс капиталының жаңа үлгідегі агенттерін шығару қажет. Осымен қатар қазақ балаларына арналған төмендегі саты мектептер салына бастайды. Тілмаш пен шала оқытушы әзірлейді.

Бұған қайшы келетін, ескілікке тартатын шығыстың қияс, қыңыр қарсылығы бар. Ол — ислам діні. Соның әсерімен алысып, мүмкін болса қазақ өлкесі, қазақ елінен соның да тармағын жазу керек. Бұдан туатын миссионерлік (қазақты христиан дініне шоқындыру сияқты). Аздап берілетін оқу-білім, орысша тәрбие — түптің түбінде көпшілік көшін осылай бұруға тиіс.

Міне, Ресей тарихының 60—70-жылдары әкелген жаңалықтары осылар болатын.

Осы жағдайлар ішінде, отар болған өлкенің өз топырағында туған жаңалықтар не? Бұрынғыдан қалған қалдық, ескі күй, сарын не? Сонымен қатар сол бұрынғыға және оның қалдықтарына қарсы қайшы боп шыққан өзгешелік не?

Қоғамдық тұрмыстағы салт-санадағы билеуші үстем таптың күйі, көбінесе, енді осы жаңғырған заманның қалпымен үйлесу, келісу жағына ауысады. Сонымен ортақ тіл таппақ, соның аңғарына қарай жөңкілмек болады. Бұл күйді қостаушының өзі қазақ ішінде бір-ақ түрлі тап емес, әралуан. Соның бір тобы бұрынғы бектік дәуірінде үстемдік алып келген аталы жуан аруақ сүйектері. Енді соның алдыңғы қатары заман топын киіп, әуесіне басу үшін, жаңада айтылған өзгешелік, жаңалықтың бәрін қостау жолына шығады. Әкім болу-

мен қатар, оқып білім алу, сауда қылу, ұлықпен үйлесу, дегеніне елді көндіру, базарды қостау, өндіріс капиталының тәуір тұтынушысы болу талабына қарай басады. Рас бұл таптың арты бұрын өзі жеке дара әмірші болған, жуан бел ұру басы еді. Сондықтан бұрынғымен байланыс жағына келгенде, бұлардың ескіден ала келген бұйым, жұрнағы бар. Бұрынғысын кесіп, жаңаға қарай өтпек, соған өтеді де. Сондықтан ескілікке қарсы тұрып шенейтіні бар, бірақ сонымен қатар сол ескі, мұның ішінде қимайтыны да бар, осы жағдайға қарай бұл таптың адамдарының өзі де әралуан боп өз таптарының, әр табының күйін әралуандау айтатыны бар.

Әдебиеттегі осы күйдің мысалын Мұрат, Шортапбайдан бір көрсек, Абай, Алтынсарыұлынан тағы көреміз. Бұлардың кейбірі ескіліктің көлеңкесінде қап, құр соны қимағандықты айтса, екінші біреулер әралуан жолмен үйлесуді, құптауды мақұл көреді.

Бұл мезгілдердегі шаруашылық жаңалықтарды алсақ, өндіріс капиталының ықпалы қазақ өлкесінде, қазақтың өз топырағында шыққан капиталшы, буржуа, ұсақ буржуа сияқты неше түрлі жергілікті сәудегерді туғызады. Бұның бірталай таптары қазақ өлкесіндегі қала-қалаға орнайды.

Немесе Жайық, Ертіс сияқты егістердің отырықшылықтың құйқалы тұтас іргесі болған өзендер бойларына жақындап кеп ірге тебеді. Тағы бір алуандары қыр-даланың өзінде де болады. Жергілікті қазақ капиталшы сәудегерлері мал шаруасының заттарымен оборот жасап, өндіріс капиталының ұдайы агенті болады.

Жергілікті капиталдың, алғашқы сома жиып, қор жасау дәуірін осылар атқарады. Бұлардың саудасы мен қарекеті — алыс даланың мал мен шикі затын базарлар, қалалар, жәрмеңкелерге жеткізу. Және Ресейден келген өндіріс заттарын ен далаға жәйіп, тарату. Өзен жолдары, шойын жолдар сияқты арқалы көліктің бойларына апарып табыс қылу. Тіпті болмаса Орынбор, Сібір, Нижний сияқты ұлы жәрмеңкелерге апарып қолма-қол өткізу болады. Осындай агенттер арқылы келетін малдың бір шеті Қытайдан, Түркістаннан да келетін. Қазақтың өзінен шыққан сәудегерлермен қатар жергілікті татар, өзбек, орыстан шыққан сәудегерлер де сол қазақ сәудегер капиталшыларының қарекетін істейді.

Осы сәудегердің бәрінің істейтін әдіс-машығы бір-алуан. Сол өз дәуірінің ыңғайына қарай өте қомағай-жылмаң (ростовщический) капиталдың қалпында болған «Тиынға, тиып» пайда, «қызыл бұзауға бұл беру», «өсімге сома беру». Неснеге бұл беріп биылғы бұзауды ендігі жылы тана, одан арғыда құнан өгіз қып алу сияқты шексіз қомағай сонда болады. Бұрын қалаға кәсіп іздеп кеп, артынан сауда арқылы байлыққа жеткен үлкен-үлкен қала байлары жалғыз қала емес, қырда да, ендігі өзгерген жаңа шаруашылық әлеуметтік күйдің ортасында және нық орып тебе бастайды. Пысық сәудегер, байдан шыққан болыс, әмірші де пайда болады. Бір болыс, бірнеше руларды өзі меңгеріп жүретін, бір жағы «базар», екінші жағы елдегі «ажар» сияқтыларды қос қалтасындай пайдаланатын болады. Ойда ұлықты алып, қырда бұрынғы ру басы жуанға не қыз беріп, не қыз алып «ойы», «қырын» бірдей өңгере шабады. Бері таман баса бастаған сайын осыларға елдің бұрынғы бегі мен неше алуан ру басылары, үстем табы үйлесуге қарай, еліктеуге қарай, ілесем дегендей боп бой ұра бастайды. Капиталдана бастаған феодал, феодалдықтан буржуалыққа қарай аттап өткісі келген ру басылар молаяды. Бұндайлар — іштей, өзінше бір бастарында неше түрлі қайшылық қос қыртыстықты ала жүрген аламыш тап. Бір шеті — баяғы ескі феодалдық, би-батырлық төркін. Екінші жағы — фабрик, заводқа қолын арта отырған сәудегерлік-жаңашылдық. Үшіншіден, осы жаңағы соңғының барып нық сүйейтіні — отар елдерінің әсіресе жақын шығыс капиталшыларының ұстанған тартыс негізі — діншілдік, исламшылдық. Сол ретте қазақтың шыққан жаңа капиталшы, жаңа буржуа, татар, өзбек капиталшыларының либерал топтары сияқтанады.

Бір жағынан «исламшылдық», «түрікшілдік» сияқты тартыс әдісін түсіне бастайды. Сонымен қатар дүние ғылымын оқып, сырт қалпын түзеп, Ресей капиталымен бәсекеге жарау үшін, жаңа оқу жәдитшілдік сияқтыларды да шет жағалап қостай бастайды.

Бұл империализм қалпындағы капиталшылдықпен жалғаса туған шығыс топырағындағы жаңа тартыс әдісі болатын. Жаңа қалыптанып келе жатқан жергілікті буржуалардың, енді екшеле бастаған топтың салт-сапасы туғызған ғаламаттар осы болатын. Міне, осындай тап-

тың алдыңғы қатардағы санашылығы татар — мұсылман ғаламында Шагабуддин Маржани, Қайым Насыри, Ысмағұл Гаспринский сияқтылар болса, қазақта Абай, Алтынсарыұлы сияқтылар да біраз қазақ ерекшеліктерін ала кірген либерал буржуаға айналады. Рас барлық Абай шығармасы ол емес. Ол бас кезінде, төркін жағында феодалдан шығып кеп, осыған қарай ауысады. Және сол өз табы сияқты көп қайшылық қос қыртыстықпен келген болады...

Ішіндегі қайшылықтар болса, ол сол таптың барлық XIX ғасыр бойында, немесе одан да арғы кезде басынан атқарған ескі қалыптарының қалдықтарынан туады. Абай сол қазақтың өз топырағында болған неше алуан ұзақ процестердің қорытындысып жарыққа шығарған. Бұның шығармалары бір-ақ қана өзі өмір сүрген дәуірдің айнасы емес, сол өз дәуірімен қатар бұрынғының да «кім болғанын» толық ұғынып, терең талдаған қорытушы болады. Жаңа өрлеп келе жатқан омырау тап өмірден үлкен сыбаға аламын деген талап сеніміне қарай өткен-кеткеннің бәрін болсын, өз тұсындағыларды болсын, әр кездің өз тұсына жеткен қайшылық, қарсылықтары болсын соның бәрін де тесіле қарап, екшеп-екшеп өтеді. Әрқайсысына өзінің көзқарасын, сынын айтады. Бұл таптың санашылдарында белгілі программ сияқты таптық талап, тілек бар.

Мысалы Абай, Алтынсарыұлы сияқтыларды алсақ, ұдайы қолға алатын тақырыптары: оқу (ғылым-өнер іздеу), Европа үлгісіндегі мәдениетке жету, бала тәрбиесін (өз табының кейінгі жас буынының тәрбиесін) үлгілі, жаңа мектептер арқылы жүргізу; сауда сияқты сенімді орын, байлық әперетін кәсіптерді қостау...

Осымен қатар қараңғылыққа тартып, кейін шегіндіріп, заманға ілестірмей қоятын дін фапатизмінің орнына сол дінге ақылмен, сынмен қарайтын рационализм дінін ұсынады. Алтынсарыұлының діні — бұрынғы көп діндердің негізінен қорытылған — мінез-құлық түзеу діні, Абай діні — ислам діні, ислам құдайының жолынан туған мінез пәлсапасы боп шығады. Бірақ бұлардың тобы саяси-әлеуметтік құрылыста патша үкіметінен қысым көрмейді. Қайта содан сыбаға алып, соның өзіне қоңсы қонған тап. Сондықтан ол тап ақындары төңкерісшіл қарсылық тақырыбы мен төңкерісшіл сарын сияқтының ешбіріне де жоламайды. Қазақ өлкесінің олар кезінде отар боп

жатуы да бұлардың сана-сезімінде әсер етпегендей болады.

Бұлардың дәуірінде келіп жеткен ескілік қалдықтары (әдет-салт, ескі үлгілердегі қоғамдық қалыптар, ескі үлгідегі санашылдар) болса соның бәрін де найзаға іліп, түндігін ұшыра соқтығып отырады.

Осымен бұл дәуірдің ақындары, әсіресе, Абай жалғыз өз тұсының айнасы ғана емес, өзінің алдындағы бірқатар заманды да сөз қылып, суретке басып, өзі де танып, өзгеге де нық танытып кеткен ақын болады. Сондай ірі ерекшелігіне қарап, жиынды білім беріп бұрынғының өмірін танытып, дәулетті таптың сырын ашатындық жағынан Абай бүкіл ХІХ ғасыр әдебиетінің ең үлкен тұрғысы боп саналады. Көп жағынан қарағанда, сол ХІХ ғасырдың барлық ұзын бойында ілгеріде туып өсіп, жәйіліп келген әдебиет үлгілерінің барлығы өздерінің үлкен, ұлы қорытындысын Абайдан кеп табады.

Абай өзінің алдындағы дәуірлер ғана емес, артқы, келешек уақыттың бірқатар кезіне де үлкен тұрғы, қарауыл биік есебінде оқшауланып тұрады. Бергі заманда Абайдың ығында, қолтығында өсіп, соның көлеңкесінде өткен бірқатар ақындар бар. Бұлар Абайдай көп сала, көп өрісті, мол тақырып, терең мазмұнды болмай, Абай соғып өткен тақырып, мазмұнның кейбірлерін ғана алып, соны сарып етумен өтеді. Кейбірі Абаймен я тұстас, я бер жағында бола тұрса да, Абайдағы қос қыртыстың, жаңалыққа шалыс қараған сыңар қыртысын ғана алып, ескіні құптау, жақтаумен қалатыны да бар. Осындай ХІХ ғасырдың аяғы, ХХ ғасырдың басы сияқты жапсарда өскен ақындар Алтынсарыұлы, Әбубәкір, Шәңгерей, Мәшһүрлер болады.

Бұл топтың ішінен жекешерек тұратын Шәңгерей. Ол — патша үкіметінен атасы Жәңгірлер сіңірген еңбек үшін «Борсыдай» жер-мүлік (имение) алып, сонда тоқтық пен тыныштыққа бой ұрып жатқан ақсүйек, алпауыт. Бұның жыры — ылғи бас уайымы мен көңіл-күйінің сазы.

Оңаша оқу боп, төрт түлігі сай молшылықтың ортасында жатып «заманды», «алыстағы ағаны», «асыл айнаны», «қос аяқты», «өтіп бара жатқан дәуренді» сағып етіп, жалғыздықпен күңіреніп жатқан бір алуан сарыншыл ақынның қалпын көрсетеді.

Сыртынан қарағанда, тап тартысынан, жалпы қоғамдық тақырыптардан да оқшау тұрған кісі сияқтанады.



Ал, шынында, бұның күйі — орны мен қалпына ырза боп, тоқтық қызыққа кен, үлкен мүлік, дәреже несі қазақы буржуаның күйі болады.

1905 жыл төңкерісінің алдында әлеумет тіршілігінің әуесіне кірген жаңа пікір, сапа, ағындардың бәріне әдеби сырт беріп, өзінің көңіл-күйін ғана білген кісі боп отырады. Бірақ шынында сол ағынымен жаңалықтан көптің бетін кейінге серпіп, өзі қостаған құрылыстың көлеңкесінде ұстап қалам деген тоқтық қалыптың жыршысы болады. Бесінші жыл төңкерісінің артынан шыққан жаңа үлгідегі ақын жазушы бұлар тобынан шықпайды. Оларды майданға әкеп шығарған қоғамдық, шаруашылық, саяси күйлердің басқаша боп жаңғырып өзгеруі. Сондықтан олардың өздері де қыр үлгісіндегі қазақ емес, оқыған, Европаланған, қызмет несі боп жүрген қала туындысы болады. Олардың байшыл-ұлтшыл оқығандар боп қалыптануларында таптық досы, тұстасы да сол қала туындысы, қала ықпалындағы жергілікті буржуалар болады.

1933

## ШОРТАНБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ

Шортанбай шығармалары XIX ғасырдың 60—70-жылдарында кеп шыққан бір ағынды көрсетеді. Тарихи, қоғамдық жағынан алғанда, бұл түрдегі әдебиет шығармалары XIX ғасырдың алғашқы жарымында болған үлгілерден басқаша боп, өзгеріп кетеді. Өз тұсында болған қоғамдық, таптық, шаруашылық өзгерістердің нәтижесі әдебиетте бір Шортанбай смес, осының тұстасы болған Мұратты, кейінірек қалыптанған Абайды, тағы басқалары да — бұрынғыдан басқаша, ерекше сарынмен жырлауға бейімдетеді. Үстем таптың жарымы алдыңғы дәуірдің өзінде де патша үкіметінің нық таянышы боп алған еді. Мына кезде сол тап түгелімен жаңалықтың кілеміне түсіп, ұлық та, сәудегер де, бай да, жуан да өздері боп алған. Бектік қалпы, феодалдық құрылысы өзгеріп, ру тіршілігінің де іргесі ыдырай бастаған. Қазақ өлкесі бір жағынан отарға жер беріп, саудаға, жәрмеңке базарға малын беріп, өндіріс капиталының тұтынушысы болып, өз топырағында өндіріс капиталының агенті болатын сауда капиталын, жылмаң капиталды да

(ростовщический капитал) туғызып тастаған еді. Қазақтың бұрынғы феодалы енді буржуаланып, сәудегер байға мал несі, шеп несі, жер, су, мүлік, сома несі — қанаушыға айналған. Бұлардың алдыңғы қатары, жаңашыл либерал буржуа кейпін алып, тіл білген, заң білген, ұлықпен отасқан, баласын орысша оқытқан, тілмаштықты мұрат қып базарға, қала үлгісіне бой ұрған топ боп бастайды. Бірақ алдыңғы дәуірде ру басы мен бектің біразы Исатайға ұқсап, өлкенің отарлыққа қарсы арналған қимыл қозғалыстығына қатысқаны да бар еді. Сондай топ бұл күнде әлеумет майданында роль ойнамаса да, сол ескі күйді ұмытпай, жаңалықтың ешбірін қабылдамай, әлі де баяғы еркіндік, жеке билік дәреже, одап бергі көтеріліс — қозғалыстар ұранын ұмытпай, жадына тұтып отырушы еді. Олардың соңғы күйі жалғыз осылардың ғана күйі емес, көпшілік бұқараның да күйі болатын. Өйткені жаңалық неше алуан жолмен тұрмысына араласқанда, ауыртпалық салмағының бәрін бұқараға сала келген.

Жері кетуші, көп алым-шығын төлеуші, сәудегердің, жылмаң (ростовщический) капиталдың сорғысында боп (бұзауға ақша ап) қалушы, жем болушы сол көпшілік болатын. Ол жаңалықтан бірде-бір игілік көрген жоқ. Бірақ, барлық ауыртпалықты, қорлық пен езгіні көруші сол болады. Жаңалықтың игілігін көруші азғана ғана бай, жуан топ.

Сондықтан, әлі жаңалыққа түгел үйлесе алмай, ес ала алмай, бұрынғы дәрежесінен айырылып, шөгіп бара жатқан, аздаған феодал ескішіл ру басшылар, өзінің шетке қағылып қалуы арқылы тапқан наразылығын — жаңағы көпшілік бұқараның наразылығына әкеп қосады.

Міні, Мұрат пен Шортанбай бір жағы көпшілік бұқарамен байланысты боп, екінші жағынан көбінесе жаңағыдай паразы феодалмен байланысты боп — өлкедегі қоғамдық наразылықтың жыршысы боп шығады. Бұлар жоғарыда айтылған шаруашылық, әлеуметтік, саяси тұрмысқа кірген көп ірі жаңалық, өзгерістерге қарсы болумен бірге сол өз тұсындағы тұрмыстың ұсақ белгі, ұсақ өзгерістерін де жақтамайды. Шошынып, тыжырынып, немесе күрсініп отырып сынап, шенейді.

Сол үстегі халге ырза болмай, алдыңғыдан ерте бастан түңіліп, шошып, артына қарай шегіне күңіренгенде, олардың аузынан шыққан сөздің бәрі «зар» боп,

мұн, уайым, заман уайымы боп шығады. Уақытындағы көп зардың, көп дерттің бірі боп дін жайы да араласады. Дін әлсірейді деген уайымды шығарып, үй іші тұрмыстың бұрынғы феодалдық, рушылдық заманындағы қалпы өзгеріп бара жатқанын зар етеді. Осы сияқты жалпы күйлерді Мұрат пен Шортанбай екі алуан сарыпмен баян етеді.

Мұраттың қалайша жырлағанын әзірше тексермейі өз тұсына қалдырып, біз енді Шортанбай шығармаларына көшейік.

Бұның жырының жалпы аты «зар», зар заман. Жеке өлеңдерінің өзіне қойған аттары: «Тар заман», «Бала зар», «Опасыз жалған», «Осынша азды ел неден», «Байды құдай атқаны» деген сияқтылар болса, соның өзі де бұның тұсындағы әдебиет бағыты қандай өріске бет алғанын көрсеткендей болады. Шортанбай жоғарыда айтылған ескішіл, феодал-жуанның көңілдесі, мұндасы, санашылы боп көпшілік бұқараға қарай аяқ басқанда, ең алдымен діншіл, ескі салт-әдетшіл, ескі жоружыл боп кеп араласады.

Бұның осы ерекшелігі, шығармаларының ішкі мазмұны мен сыртқы қалпынан тұтас көрінеді. Көрінгенде, әсіресе Бұқармен салыстырған уақытта оқшауланып, өзгешеленіп кеткендей болады. Бұқар өз тұсында көпшілік-бұқараға ұғымсыз, түсініксіз боп арнаулы өз тобына, өзінің тұстарына ғана сөйлесе, Шортанбай шамасы жеткенше сол көпшіліктің бас аяғына түгел ұғымды болуға тырысады.

Сондағы нық ұстаған таяғының бірі — дін. Қожа, молда, ишан, сопы атаулының ұғымындағы қараңғы наным — фанатизм діні.

Атамыз адам пайғамбар,  
Топырақтан жаралды:

Малдан зекет бермеген  
Аузына құдай кірмеген,—

деп «Бала зардың» ырғағын осыдан бастайды.

Қазақ әдебиетінде дін сарынын алғаш бастайтын ақын осы Шортанбай болса, бұл өзі мұсылманшылықты исламның дін кітаптарынан алған адам болады. Ең алғаш жазып жырлаған, оқыған ақында осы болуға ылайық. Бірақ соның кітап жолындағы ұстазы, үлгісі:

Орта Азия мен иран, араб сопылары. Орта Азия топырағында XII—XIII ғасырларда жарыққа шығып кейінге көп ғасырларға желісін тартып келген «тас жауып» сарыны қазақ әдебиетінде Шортанбайды өз мүриті қып алған сияқты. Әрине бұның себебі құр ғана сліктеу емес. Бір кезде «сопылық» ақындығын туғызып өрістетіп келген Орта Азиядағы шаруашылық, қоғамдық, тарихи жағдай — Шортанбай тұсында қазақ топырағында да, өзіне лайықты жағдай тапқан болу керек. Ол жағдай жоғарыда айтылған, Шортанбай шығармаларын тудырған, Шортанбайдың салт-сана, бағытын тудырған жағдай болады.

Осы жағынан қарағанда Шортанбайдың зар-замандарының көп үлгі, көп сарыны Қожа Ахмет Яссауидің «Дивани кикметіне» ұқсайды. Сондағы сияқты Шортанбай да қазіргі өз тұсындағы өзгеріс, жаңалықтың барлығын «ақырзаман пышаны» деп көрсетеді.

Һәр нәрсенің болжалы  
Бірте-бірте таянды.

Алдаушы жалған дүниенің  
Алдайтұғын бұлы бар,—

демектің барлығы, бұл дүниеден ақыр заман ғаламаттарың іздеу. Басы осыдан басталып, Шортанбайға сұмдық боп көрінген неше алуан «жаман» пышан, құбыжық белгілер кетеді. Соның бірі:

Зәкүп айтып қатып тұр  
Қойыңда жатқан ерінс.  
Зарланып тұрған әйелдер,  
«Қосылғам жоқ» деп теңіме.

Тағы бірі:

Қайыр кетіп байлардан  
Бұзауға ақша беріп тұр.  
Пәлен теңге торпақ боп  
Тыныға тынып болып тұр.

Ел билеген жұрттан тағы осындай белгілер көреді:

Елу басы — он басы  
— Ол шайтанның жолдасы...  
Ендігі байға мал бітсе,  
Шайдан басқа асы жоқ,  
Жақыннан басқа қасы жоқ,  
Ендігінің мырзасы —  
Залымдардың сырласы,—

боп шығады.

Жаңалық арқылы бұйыр, бақ, байлық алған әмірші таптың халі осы. Осылар үстемдік қылған заманның неше алуан бұрынғысы үйлеспейтін жат, құбыжық кейпі осы. Сонымен қатар өзі алғаш үйлескен, үн қосқан тобының мұңын көпке, бұқараға шақпақ боп келген, сол себепті бұқараға шаққанда әуелі сол бұқараның өзінің өз мұңын айтып, оның да қышыған жерін қаси кетеді.

Онымен күйі қосылып, жалпы наразылықты айтпақ болған соң әуелі көптің жері кетіп, күйзеліп жатқанын айтып:

Кедей қайтып күн көрер?  
Жаз жатақта жатқаны,  
Жаздай арық қазғаны  
Күздей пішен шапқаны:  
Ішіп-жемдік болмайды  
Оны-мұны тапқаны.  
Аш-жалаңаш бейнетпен  
Жүдеп арып, талады.  
Бір ешкісі бар болса —  
«Шығып» деп тілмәш алады.

Кедейге салып «шығынды»  
Араны бидің тояды.  
Қағаздатып бұзауын,  
«Ноғайына» қояды...

деп жалшы, батырақтың таптық жоғын жоқтап та кетеді.

Бірақ бұларға қарап Шортанбайды төңкерісші, жаңа бағыттағы тап наразылығын білдіруші, я тұтас бұқарашыл ақын деуге болмайды.

Жаңа бағытқа түсіп үстемдік алып кетіп бара жатқан жуан шонжар мен жаңашыл сауда байына, есінен, мүлкінен, бұрынғы жоқ дәрежесінен айрылып, құлдилап бара жатқан, бұрынғы үлгідегі феодалдың мұңын әкеп, сол бұқараға көпшілікке шағады. Сол шағым үстінде онымен ұғыстыратын тіл таппақ болады. Соңы барып, жаңағы бұқара күйін қорғай өтеді. Бірақ сол көктей шаншып көп мұңның бәріп ең әуелі жоғарыда айтылған жаман ғаламаттар, ақыр заман ғаламатынша айтпақ болатын.

Қасиет кетті төреден  
Әділдік кетті билерден.

деп кеп, бұрынғы жақсы би кетіп ендігі би азғындады демек үшін.

Кенеуі жоқ кей билер  
Құр зорлайды таппаққа,—

деп, сөзінің түп мазмұнында бұрынғы ескі би, ескі хан, ескі заман дәуренді жақтайды. Бірақ ол оралмайды. Сондықтан дінінді күт, тағы ескі тұрмыс салтыңды күт:

Атаңды сыйла апаңмен  
Мекені іздеп таппаққа,  
Ұмытпасаң тобаңды  
Түскенің дүзу соқпаққа,—

дейді.

Жаңа заман байын мінеп-шенегенде жалпы байлық, қанағыштық қалпын еске алып, жоғарыдағы бұқараның жоқшысы боп қана жырлай ма, жоқ әлде?

Малдан зекет бермеген  
Аузына құдай кірмеген  
Қайыры жоқ сараңды,—

деп, немесе:

Қайыр кетіп байлардан  
Бұзауға ақша беріп тұр,—

деп соның түбі:

Залым туған сұмырайлар,  
Осылай жұртты еміп тұр,  
Шолақ иттей діңкілдеп,  
Бір-біріне жетем деп,  
Аласұрып өліп тұр,—

дегенде айналып, сараң, мейірсіз байларды ғана аямай жамандау боп кете ме, онысын айыру қиын емес. Негізгі таптық тұрғысы бойынша бұл бай, қанаушы таптан әні алыс ақын емес. Ең болмаса қожа, молда есебінде бұқараны қанайтын бір тайпы.

Бұл байларды дін жолымен зекет беріп, мейірлі мырза болмайсың деп, бұрынғыдан өзгесін, сенен бұрынғының дәуренінде өзі де артық еді,— дейді.

Және осы жәйдің бәрін көпке жеткізе айтып, көптің наразылығы қып сөйлейді. Сол себепті өлеңінің түрі де бұрынғы үлгілерден басқарған, өзгерген болады.

Бұл шығармалар тұтасымен көп оқушы, көп тыңдаушыға арналған, сынау сөзбен, үгіт өсиет сөз. Өсиеті көбінде ескі дін үгіті. Сондықтан ең алдымен тілі мен әнінде «пайғамбар», «зекет», «меке» немесе: «Оллаһ ағызам құдай біледі» деген сияқты, болмаса үнемі «за-

лым» деген сияқты сөздердің өзі де арнаулы үгіттік мақсұттан туған. Көппен ұғысу үшін бұл сөйлегенде ылғи ұғым тілімен сөйлейді. Бұқарша «ұқпасаң қой» дегендей қып, аламыш суреттерді көбейтпейді де, тізбейді. Сондықтан бұның жыры ескі жыршылар әдебиетіндегі шешендік, ағындылық, алып ұшпалық көріктерінен айрылған жабайы тақ-тақ өлең боп қана көрінеді.

Оның есебіне бұл ылғи қолға ұстатып, көзге көрсететін, күндегі өмір көрініс мысалдарын айтып, солардың сынын көбейте береді. Олар ақышның көпке ұғымды болам деген талабы үшін ең қолайлы.

Сол орнықты, тиімді, желілі мағынаға, таптық мұратқа әбден қалыптанып, нық байланып туған сөз болғандықтан, бұнда өлең ұйқасы да орнықты өлшеулі қалыптарға соғылып отырады. Үнемі айнамайтын бір төсекпен келіп, не қысада ұйқасы көрініп тұрған болады. Сөздің сырт келісімін сонша қумайды. Оған ішкі мағына, мазмұн толық жетсін дейді. Сол себепті дыбыс күйлеу, шындықты тауып ұйқас үшін астын, үстін әкете беретін аллитерация, ассонанс бұнда болмайды.

Бұл түр мазмұнымен үйлеседі. Барлығы жиылып кеп Шортанбай шығармаларын: ескілік үшін; жаңа жолмен, діншілдік жолмен, жаңа қауым жинап кеп алысамын деген діншілдер және азғын феодал тобының жыршысы айтқан сөз қып шығарады.

1933

## ӘБУБӘКІР

### Өмірі мен ақындығы

Әбубәкірдің өмірі туралы біздегі мағлұмат азғана. Бұ да жәй-күйі тексерілмеген ақынның бірі. Оның шығармалары да қазақ баспасөзінің бетінде жарыққа шықпаған.

Сақталып қалған сөзі: 1905 жылы Қаримов баспаханасында Негметжан Негматуллин бастырған «Әдебиет қазақия» деген бір кітапша ғана. Бұдан басқа жазғандары бар болса да, бізге мәлім емес. Әлі жиналып басылған жоқ.

Өмірі турасындағы үзілді-кесілді хабарларға қарағанда, ол: Кіші жүз ішінде жетіру, кердері болады. Бергі

аталары Тарын. Ел іші мұны атасыз деп аңыз қылады-мыс. Әбубәкірдің өз ауылы Жайық алабы. Жезбұғы суының жағасында, Бударин қаласының тұсында туған.

Сол жерде «Әбубәкір ағашы» деген жалғыз ағаш әлі күнге оның мекенін білдіреді. Тарын шетінен өлеңші-ақын келеді деседі. «Өлеңші баба — Тарынға қоныпты» деген көрші елдерінің аңызы бар. Ақындықтың несі болады деген ескі нанымның салдары.

Жасында ескіше бірқатар жыл оқу оқып, соның артынан молдалық қылыпты. Сол себепті бір кезде бала молда атанып жүрген.

Сондай молдалық ретінен бе, болмаса басқа себеп түрткі болған ба, әйтеуір Әбубәкір ұдайы өз мекенінде тұрмай, бір уақыт Түзтөбенің қасында Томар өткел деген жерге келіп тұрған.

Алғаш молда болған жылдарында өзі құрбы көп молда не істесе соны бұ да істеп: «Жаназа шығару, садақа алу» сияқтыларды да кәсіп ете жүрген.

Томар өткелге келген соң, сол аудандағы Сейіт Нұр-мұқамбет баласы, Сейіт Қадырәлі баласы, Сабыр Бай-әділ баласы дегендерге және басқа да солар сияқты төрелер, билерге жыршы, қостаушы боп жүрген.

Бұл кезде молдалық қалып, жаңағы сияқты кісілерді бірде мақтап, бірде шенеп, көңіл ашар ақын атанып, кәдімгі жыршының кәсібіне түскен.

Солармен жалғаса жүріп өз кезіндегі әкімшілік несі, мүлік несі адамдардың да бірқатарын көрген, білген сияқты. Орынбордың сәудегер, бай татарларының біразымен де білісе жүрген. Тағы бір кезде ауылшай мен болыстарға қазақша пәсір болған уақыты да бар.

Сонымен жасы 60 шамасына келгенде ХХ ғасырдың басында қайтыс болады.

Өз уақытында да, кейін де, Әбубәкір ел ішінде даңқты ақын болған. Сөздерін жазып алып, жаттап алып көпшілікке оқып, соның үгітін тыңдаушыға миландырамын, сіңіремін деп пайдаланатын қауым аз болмаған. Ақындық қуаты күшті болмаса да, Әбубәкірдің таптық тұрғысы, салт-санасы өте айқын болғандықтан өз табы бұл шығарған сөздерді жаңды сөз есебінде пайдаланады. Көпшілікке бұның атын зорайтып, дәріптеп асыл сөздің несі деп түсіндірмек болады. Өзі молда, шығармасы жазылып басылған сөз болады. Айтқан жәйі, тақырыбы көпшіліктің көз алдындағы күнделік жәйлар болады.



Соны қазбалап, термелеп, көп шұқылап айтады. Жиып келгенде, өлеңінде заман жәйінің көп ерекшелігі саналып, тергеліп өткен сияқтанады. Кейде олақ тілмен айтса, кейде оқта-текте тауып айтып қалатыны да болады. Және осындай күйде жазылған сөзінің барлығы айнымастан бір-ақ бағыт, бір-ақ мақсұтқа арналған. Ол мақсұты: молданың, ұстаздың, сыншы-ойшының үгіті боп шығу. Заманындағы басалқа айтқан қария, ұстаздық еткен үгітші билер болса, солардың сөзін жыр қылады. Ел ішінде өте-мөте ұғысқанда сондай топпен ұғысады. Күйлеген, көксеген салт-санасы да солардікі.

Осылайша болу, Әбубәкірдің: бас нзегіш, мақтағыш тобын көбейтеді.

Жаңағы үгітші, сыншы, күдікшіл қария, молда, қажы, сопы, ескі би атаулының бәрі де Әбубәкірдің тыңдаушысы, қостаушысы болады. Бұлар әкімшілікке не болмаса да, қоғам билігінде шетке қағылысыңқырап отырса да жалпы салмақтан айрылмаған. Ескінің қалдықтарының ішінде, жаңағы көп жерде соққы беріп отыратын мықты түбірлер еді. Әбубәкір осылардың сөзін сөйлеп, солардың мұңына бейім мұң айтқан соң, жаңағы қауым өзінің салмағы меп әсеріп көпке жұмсап Әбубәкір үгітін өз үгіттері қып жұмсаған. Ел ішіндегі даңқтылықта Әбубәкір осы қауымға борышты.

Бірақ, осы жәйі, бұның таптасы кім екенін, салты-санасы не екенін де ашып береді.

Оны анығырақ түсіну үшін жырларына көшейік.

«Әдебиет қазақияда» басылған үлкен жырының бірі «өз өмірі туралы сырқау боп жатқанда» айтқан сөзі. Бұл өлең, көп жағынан ақынның өз өмірбаяны боп келеді.

«Әуелі туганнан соң бірге жеттім  
Еңбектеп екі жаста төрге жеттім  
Үш пенен төрт жасымда тілім шығып  
Шүлдірлеп ата-ананы ермек еттім,—

дегеннен бастап, өзі жасаған жыл-жылдың бәрін санай-санай келіп, аяғы сол күнгі тұрған жасы жиырма жетіге жетеді.

Бұл жасқа келгенінше өмірінде елеулі орын алып, естө қалған халдер не, соны санайды.

Мысалы 14-15-ке келгенде:

Қосылды мәжіліс молдаммен  
Жақсыға жақын болдым алла деген,—

деп тәрбиеші жетекшісі, үлгісі де молда болғанын айта кеп:

Жел кірді көңіліме он бесімде,  
Айдады ерікке қоймай жел-несібе,  
Ол күнде ойлағанның бәрі қызық  
Түседі адасқаным енді есіме,—

деп өлеңшілікке берілгенін, молда қасынан кеткенін біраз өкініш қыла сөйлеп кеп:

Алтынды жерге төктім уыстаған,  
Ерліктен ғылым артық ту ұстаған  
Тап болдым он алтымда бір мінезге,  
Топ көрсе жеті мүшем құрыстаған,—

дейді. Бері келіп ғылым-өнердің жақтаушысы бола отырып, ерте кезде ол жолдан ақындық жетектеп, тайғанын тағы айтады.

Бұл өлеңіндегі өз өмірінің ерекше бір кезі қып, жұбаныш ете сөйлейтіні:

Он тоғыз жиырманың бәрі қатар,  
Жаманның қайда барса таңы атар.  
Белгілі халық үстінде жақсылармен,  
Бір жүріп, тізгіп түйіп, қылдым сапар,—

деген жері. Бұнысы, өзі шыққан жері аласа болса да үстем таптың тобына кіріп, соның көңіл ашар думаны болғанын және жоғын жоқтаған санашылы болғанын баян етеді.

Сол жәйін әсіресе:

Мен тұрмын жиырманың жетеуінде,  
Жаманның жүргенім жоқ жетегінде  
Белгілі жақсыларға ой салысып,  
Жаманның басы жүрді етегімде,—

деген сөзімен анықтап кетеді. Өмірбаянында ақын өзі кіммен болып, кім арқылы қандайлық күш алғанын айтады. Соны мақтан етеді.

Бұл өлең содан ары әралуан кезбе ойларды термелеп кетеді. Көбі өзіне айтқан және басына өзінікіндей дерт келген мұндастарына айтқан жұбату сөз болады. Жұбаныш қылатын бір үлкен діңгегі дін. «Бұны алла жібереді, ол бендесіне жіберетін қазасы, сыны. Оны кім көрмеген, әуелі пайғамбарлар, әулиелердің көргені де осындай болған» деген өсиеттерге сарқады. Дін атынан жұбату, үгіт айтатын молда, қарияның сарынына басады.

Сонымен өзінің өмірін, дертін өзгеге тыңдатып, жұртқа үлгі қалдырмақ болады.

Қазақ әдебиетінде, өмірбаянын бір жастан бастап, дәл бүгінгі тоқтап тұрған жеріне тізбектеп, жалпылап санап шығу жалғыз Әбубәкір туғызған түр емес. Бұның бір түрі, ауызша айтылған «Тарғын» жырында да бар. Бірақ соны Әбубәкір пайдаланғанда жаңағы түрлі бас сырларын ашып, содан ғибрат туғызам деген мақсұтпен айтады. Мазмұны: «Жаста ғылым ізде, содан білім алып өнер тап, сонан соң жақсыға ілесіп — жақсы бол; көптен кейін қалма, өрле де үске шық» дегенмен бітеді. Осы жәйлерін ұғымды қып сөйлемек, сондықтан ақындық күйіне терең сурет-көрініске ұмтылмайды. Бар сөзін өсиеттік жағынан, мағына жағынан ұғымды қылмаққа тырысады. Тілі: тақ-тақ жадағай, екіншісі бірі сөйлеп жүрген тіл. Қолына қалам ұстап отырып, жекеше еніп, үніліп отырып жазған өлең. Сондықтан бұнда айнымайтын бірқалыптық бар. Оқушыға арналған. Тыңдаушыны көріп отырып айтқан емес. Желдірме де, үлкенді-кішілі, айнымалы шумақ та жоқ. Өзінің бірқалыпты жорға емес, жортақы құрғақ үгітіндей: айнымайтын бірқалыпты — төрт жолды ұйқасы бар. Соның көп жерін ұйқастырғанда үнемі қайталап отыратын: «Білдім-білдім», «жеттім-жеттім» деген сияқты; бір орында көп тереңдеп тұратын олақ ұйқасты да қолданып кетеді.

Ескі, баяғы сияқты боп қалған тозған үгітті, тозған тақырыпты қайта тебіндеу — өлеңіне де ағын, екпін бермейді. Бір ұйқас, бір сарынмен «сары жұртты» қайта-қайта шиырлай бергенге ұқсайды.

Ескілікті жақтап, соны даттаумен отырған қария-молда өсиетте де жаңа сөз айтпайды. Ол жаңалықтың бар түріне қарсы да, ескіліктің не күйіне болса да бас шұлғиды.

Тарихи жағынан қарағанда бұл түрге де: өзіндей өзгерісі жоқ, тұрақты бір қалыпты әкеп телиді.

Осы өлеңнен көрінетін тағы бір ерекшелік — Әбубәкір көбінесе «мен-мен» деумен келеді.

Бұны шығарған орта, сол кезде дәл үстем таптың өзі боп тұрғандар емес. Қайта солар шығу арқылы, бұрынғы орын, дәрежесінен айрылып қалған, бұ күнде «ұсақтаған бай», «ұсақтаған ру басы», «тұғырдан түскен би», «әл-куаты кетіп, ескісіне жармаса беруді ғана білетін қария» болса, Әбубәкірдің ортасы сол болады. Егіп жүрген

«жақсылары», «бастылары» да сол. Бұл ұсақ байшылық салт-санасының ортасы.

Ондағы ақын-ділмәрдің бәрі бас мұңын айтқыш, жекеленгіш, дарашыл бола береді. Әбубәкірдің жекешілдік, екшеле бергіштік сипаты, көп келетін «мен-мені» де осыдан туады.

Мен-меншілдік Әбубәкірде жалғыз бұл өлеңде ғана емес, өзгелерінде де осындай. Не қылса да өз жәйін, өз ойын, өз мұңын айтқысы кеп тұрады.

Сондықтан: «Мынау өлең өз өмірінің жайы ғоймен» деп айтпай кетеді деген сұрау орынды болмайды.

Жалғыз бұл тұс емес, өзге көп жағынан да, басқа өлеңдерінің бәрі осы алғашқы өлеңмен үйлес, бітімдес келеді. Өлеңіне қарап Әбубәкір пәлен-пәлен өзгерістерге, алуан-алуан жолдарға түсіпті деп айта алмаймыз. Оның сөзінің бәрі бірқалып, бір мазмұн, бір түрден көп айнымайды.

Сол себепті түр жәйінен айтқан жаңағы сөзден, кейінгі, өзге өлеңдерінің де ерекшелігі боп қала береді. Оларын түр жағынан тексеру оқушылардың өз міндеті болуға тиіс.

Біз Әбубәкірдің салт-сана жағы мен таптық тұрғысындағы ерекшеліктерін толығырақ байқау үшін басқа бір-екі өлеңінің мазмұн сарынын қысқаша шолып өтеміз.

Сонда, Әбубәкірдің өз тұсындағы қоғам құрылысына көзқарасы қандай екенін білдіретін өлеңінің бірі: «Еменшілік заманды» жоқтаған.

Бұның басы:

Бісіміллә деп сөйлесем,  
Тілге жәрдем бере көр,  
Тіл жаратқан жалалым  
Жанға жәрдем бере көр,  
Жан жаратқан жалалым,—

деп барлық кітапшыл, діншіл, шала оқулы ақындардың үлгісін тұтынып, құдайына сыйынудан бастайды. Тегі Әбубәкірдің барлық өлеңінің басы осымен келеді.

«Еменшілік заман» деп ол өткен күннің өзіне қызықты, қымбат болған күйлерін санамақ. Бүгінгі заманға айтатыны:

Қайғылы болды заманым,  
Заманым солай болған соң,  
Тайғақ болды табаным

Патсадан жәрдем болмаса  
Түзеуге жоқ-ты амалым,—

деп заманының ауыртпалығын, соған наразылығын айта отырып, «Патсадан жәрдем болмаса» дегенді айта кетеді. Бұл жері екі ұшты. «Патсасы» құдай болуға ылайық, бірақ Әбубәкір осы сөзді әдейі алады. Бір жағынан тұсындағы әмірші «патсасын» айта кетуден де жат емес.

Оны кейінгі бір өлеңінде:

Патсаға қызмет қылдық жолға кіріп,  
Бұ қазақ жуасыды қолға кіріп  
Бұрынғы надандықты жерге тастап,  
Түзелді осы күні ғылым біліп,—

деген сөзімен білдіреді. Заманға жалпы наразылық айтумен қатар, бұл патса үкіметінің өзіне қарсы сөйлемейді.

Абай туған шаруашылық-қоғамдық жағдайда туып, сонда өскен Әбубәкір сол Абайша тұрғыдан қарамайды. Қазақтың өз ішіндегі көрініске наразы. Бірақ әкімнің үлкеніне келгенде қиялап өтеді. Қарсымын демейді. Екеуінің де тобының тұрғысы солай. Бір кісі билеген, патса билеген әмірге негізінде қарсы емес. Сондықтан жаңағы жаратушы патса мен әмір несі патсаны егіз қып, парлай сөйлеу бұның жырында болуға лайық. Ол жалпы көзқарасында, салт-санасында болған қайшылық, қос-қыртыстықтың айнасы.

Әмір несі патсаға солай дей отырып, бұл өзге жөндегі наразылықтарының бәрін санайды.

Асыл заттар қор болды,  
Мықтыға нашар зор болды.

Қараның ұлы хан болды  
Құлдан туған паң болды,—

деп, өзі қостаған тобының күні кетіп, оның орнын жаңаның мықтылары алып келе жатқанын арман етеді. Бұл «мықты»— Абайдың шенеген, жерлеген мықтылары. Ол да өз тобымен бәсекеге түскен. Жаңа би, жаңа пысықтарға осылайша қарсы болған. Әбубәкірдің қорашшынып; жақтырмай отырғаны да сол жаңа топ.

Бірақ мұның көргені жалғыз ол ғана емес. Бұрын өзі сыйынып, даттап жүрген «шын мырза», «шын бекзада» деп жүргендері де бір қалпында қалмапты. Олар да заманға үйлесіп, сыбағаға сатыла бастапты:

Аруакты ердің тұқымы  
Дұспанменен дос болды.  
Балдағы алтын құрыш болат  
Балалар ойнап тас болды,—

деп сөйлейді. Әбубәкір өзі билеуші, әмірші болған емес. Солардың шашпауын көтеруші болған. Ал Абай ертеден келе жатқан әмірші, жуан тұқымнан еді. Ол сол, жаңағы Әбубәкір айтқан «дұспанменен дос болды» деген адамның бірі. Бұның тобының алдыңғы қатары жаңалыққа қоңсы қонып, үйлесіп тағы да бұрынғысындай сыбағалар алған.

Сонда ылғи осылардың артқы күнін даттап жүріп, жұртында қалған Әбубәкірлер, кейде жаңағыдай күйді де шығарып қояды.

Осы сияқты болған өзгерістің бірі:

Атаны билеп ұл кетті,  
Қожаны билеп құл кетті.  
Баласы келсе он беске  
Ата-анадан күн кетті,—

деп, жалпы зар заман сарынына түсіп, «адам мінезі өзгерді» деген тақырыпты да қозғай өтеді.

Сол сияқты көп-көп жерлерді санап, олардан да, «береке-қайыр кетті» дейді.

Жақтайтыны не?

Мыннан жылқы айдаған,  
Жүзден бие байлаған,  
Атаны бала құрметтеп,  
Ағаны іні сыйлаған,  
Сақтаған таза имаңды  
Зекетпен пактеп жиғанды,—

дейді. Немесе:

Ақсүйектен хап қойып,  
Аксақалдан би қойып  
Төресін гадыл жолдаған,—

дейді.

Сонда бұл заман кімнің заманы?

Дұспанды көріп ысқырған  
Ер қазақтың пірі екен.  
Қазақты тегіс басқарған  
Әбілқайыр хан екен.  
Ұрыға шыбық соқтырған,  
Халыққа тыныштық таптырған  
Хандардың салған жолы екен,—

дегенді айтады. Көкसेгені, кешегі хан Әбілқайыр заманы, соның хандығы болады. Онысы өзі қостап жүрген би-төренің әкелерінің, аталарының заманын жоқтау. Солардың бүгінгі билікке араласа алмай отырған кейбір мешеу тобының жоғын жоқтау боп шығады.

Шынында Әбубәкірдің шығармаларындағы таптық-қоғамдық мазмұн: осындай азғана таптың санашылы болумен аяқтайды.

Сол бағыт-програмын «Замананың опасыз халіне» деген өлеңінде бұрынғыдан да анықтап айтады.

Бұрынғы өткен билер сондай еді  
Қақ жарған қара қылды қандай еді,  
Қызығып дүниеге жол айтпаған  
Ақылы жаңып тұрған шамдай еді,—

деп келіп:

Әкімдер жаңа өспірім жастан болды,  
Басына ұрылардың бостан болды.  
Қой бағып, торсық емген топыраштар  
Бұл күнде қол жеткісіз аспан болды,—

дегенді айтады. Жаңадан келіп, бұрынғының орнын басқандарды осылайша көрсетеді.

Бұлардың тұсында туып, ақынды күйзелтетін күйкі көрініс не?

Билік қадірсіз болды. Сопылық жерде қалды; секершай екінің біріне жем болды:

Бү күнде қатын-қалаш пақыр малай,  
Мырзамен қатар ішті дәулеті сай,—

деп, сол сияқты кебіс-мәсі де екінің біріне тиді.

Тағы да қор болушы кім?

Қор болған бесіншіде сұлтан-төре,  
Көрген жап тұрушы еді аяқ өре  
Бір адам сұлтанмын деп елге келсе  
Ат беріп барушы еді жүзін көре,—

дейді. Сонымен қатар:

Қартайды батырларым ашу жайлап  
Дұспанға қылыш сілтеп кезенген жоқ,—

дейді. Міні, айналып келе жоқтайтыны осылар. Жаналық кеп жойғанда осыны жойды.

Орнына не берді?

Дау менен ер талабы сауда болды,  
Түйеміз қатар-қатар арба болды.  
Тар шалбар, қынамалы бешмет киіп  
Әлхамды шала білген молда болды,—

деп келіп:

Тар шалбар бешмет шықты қынамалы  
Жігітке шапан киген ұнамады,  
Сары жез самауыры тағы шықты  
Мәшһіне шүмегі бар бұрамалы,—

дейді. Бұл тұста Әбубәкір қайшылыққа ұрынады. Өзі ғылым-білім дей отырып, соның туындыларына қарсы әрекет істегендей болады. Бірақ бұл бары емес:

Патсаға қызмет қылдық жолға кіріп,  
Бұ қазақ жуасыды қолға кіріп.  
Бұрынғы надандықты жерге тастап,  
Түзелді осы күнде ғылым біліп,—

деуімен жаңағы сарынынан қайта қайтады. Ананы айтуы негізінде соған қарсы болу емес. Шай екінің біріне ас болды, мырзаның асы еді деп көптен қоруыштағаны сияқты: өнер, мәдениет туындысы, жаңа киім, сән-салтанатты да көпке қимайды. Таңдаулыларынан ғана көргісі келеді. «Сенің не теңің» дегендей қылады. Сондықтан шенейді.

Сол сияқты ғылымын да көптікі демей, ала білетін бірдікі, бастыныкі демекке керек. Әбубәкір шығармаларының бағыт-мазмұны, тақырып түрі осындай.

Бұл Абай кешірген дәуірдің ақыны. Заманы бір. Таптық тұрғылары да жақын. Сондықтан жоғарыда айтылған көп жайлары Абайдыкіне ұқсас шығуы ғажап емес. Сонымен қатар екеуінде айырмыс та бар. Ол негізде болмаса да тақырып-тәсілден, сол тақырыпты суретті өнер көлемінде қалыптауынан көрінеді. Мысалы: Абайдың алғашқы дәуірде жоқтағаны бұрынғы күшті феодал күйі болса, сонысын ол атап айтпайды. Ханды да, бұрынғы биді де «сол бола қойса, соның заманы келе қойса» деп шақырмайды.

Бірақ жақтағанда сол таптың күшін жақтайтыны даусыз. Жалғыз-ақ осындай көзқарасын айтқанда олардың өзін атамай отырып, соларға тайталасып жүрген бәсекеші жаңаларды мүйіздейді, ылғи осылардың теріс пішінін, мазақ пішінін суреттейді. Тартыстың шебер түрі. Оның орайына Әбубәкір жалпылаған, құрғақ санаумен ханды, биді, батырды түгел айтып бос мақтауды көбейте береді.

Нені айтса да Абай: терең шомып, кең суреттеп, көрінісін түгендеп, бағасын таныта айтады. Және өлшеу біледі. Тартымды болам деген жерінде сыр ұшығын бер-



мей тұспалдап қана қояды. Әбубәкір көп нәрсені санағыш, бірақ еш нәрсені де көкейіне қондырмайды. Сыдыра жортып, өте береді.

Өлеңінің тіліндей, бірқалыпты айнымас тақ-тақ ұйқасындай мазмұны да жадағай, жайдақ. Шегі жоқ көп сөзінде, әдебиет өнерінің көркемдігі жоқ. Саналған тақырып көп болса да, сайлы боп көріктелген бір көрініс, бір тұтас пікір де жоқ.

Дәуірі анықталмаған, тарихи орны белгіленбеген азғана топтың кезеген ақыны, ой-өнер жүзінде де қыдырыстап, үдере көше береді. Сонда көп ықтияры өзінде де емес. Бастаушысында. Бұл шашбау көтеруші, қостаушы ғана; сондықтан өз сөзіне өзі тіреліп, тобының қолындағы қайшылықты көрсетіп, неше алуан қайшылық, қос қыртыстыққа да ұшырап отырады.

1933

## ШӘҢГЕРЕЙ

Шәңгерей жақында өлген ақын болса да, әлі өмірбаяны жиналып реттелген жоқ. Қолымыздағы қысқаша мағлұматтарға қарағанда ол 70-тің ішіне іліне бере 1921 жылы қайтыс болған. Өзі Кіші жүзде, Бөкей ордасында, Исатай, Махамбет тұсында хандық құрған Жәңгір ханның немересі. Бөкей ханның тұқымы. Арғы атасы 1730 жылы Кіші жүзді Ресейдің патша үкіметіне бағындырған Әбілқайыр.

Содан бері Бөкей, Жәңгір бар-барлығы да хандық құрумен келген. Сол хандық Шәңгерейдің әкесі Сақыпкерейдің тұсында ғана қалады. Бұның өзі де әкесі Жәңгір өлген соң Ресей патшасына барып «хан лауазымын» алып қайтып, біраз әмір жүргізіп тұрған.

Қазақта хандық құрған төрелердің ішінде осы Бөкей тұқымы, әсіресе Жәңгір сияқтылардың «лауазым, сән» дегенді түзеуі күштірек болған. Жәңгірдің тұсында хан сарайы деген сарай боп, ол жерде хан қасында уәзір сияқты билері, молда, ишан, қожасы боп, қала салтымен тұрмыс, сән жасап, шарифат жолымен әкімшілік, билік жүргізбек боп, талап етілген. Соның көбі: баяғы салттың, бұрынғы жораның жоқшысы болған. Исатай сияқты билерге ұнамай белгілі Исатай көтерілісі туған.

Бірақ Исатай жене алмаған, жеңілген. Сонымен хан да, хандық тәртіп сәні де сол қалпында қала берген. Қайта бері келе, онысын бұрынғыдап да үдеткен. Керегін «шығын» деп, алым қып елден алып отырып, мешіт сарай салдырған. «Нарындағы көк сарай» дейтін сарайды Жәңгірдің ақын немересі Шәңгерей:

Нарынның қызыл құмында  
Ай белгілі ақ мешіт,  
Алпыс бөлме, жүз есік  
Салынған екен көк орда,—

деп жырлайды.

Шәңгерейдің әкесі Сақыпкерей осы орданың несі боп, хандық жүргізген. Бұның ақын болған баласы Шәңгерей осы «көк ордада туғамын» деп жырлайды.

Бес жасқа шейінгі балалық дәурені әке-шеше ауқымында өткен. Бұл бес жасқа ілінгенде әке-шешесі өледі. Көп мүлік, дүниенің несі боп қалған хан баласы жетімдік көрмейді. Өсе келе оқу оқиды. Мұсылманша, орысша да білім алады. Орыс оқуын реальный школ мен Кадетский корпус дейтін әскер төрелерін дайындап шығаратын мектепте ме, осылардың бірінде оқиды. Бірақ мектеп тауыспай, ғылым іздеу жолынан қайтып мырзалық, серілікке беріледі.

Балалық дәурені ата мекені Нарында өткенмен, бертін келе Шәңгерей онда тұрмайды. Еділ бойына жақындап кеп патша өкіметінен таңдаулы қоныс алады. Онысы «Борсы» деген (көл). Борсы дейтін үлкен өлке — алпауыт мүлкі (имение). Бұндай орын орыс ішінде ақсүйек, дворяндарға: патшалыққа істеген еңбегі үшін берілетін сый-мүлік еді.

Шәңгерей өзі ұлық боп, іс істемесе де аталарының сіңірген еңбегі үшін осындай қоныс алады да, Самар губерниясындағы орыс дворян-ақсүйектерінің тізіміне жазылып, қазақтан шыққан бірінші дворян боп өмір кешеді. Алған жеріне 30-40 үйлі қазақ қонсы әкеліп, ортасына солардың несі боп өзі отырып, сәнді қып үйлер салғызып, алмалы тоғай, бау-бақшалар орнатып, көліне құс шүйгітіп, тоғайына тазы жүгіртіп — әрі қазақша байсері, әрі орысша дворян-ақсүйек боп өз бетінше кең сайрап-тіршілік етеді.

Сондайлық сүт үстінде қаймақ қып, еркімен шалқытқан өмірінің жалғыз уайымы — үй іші тұрмысында бол-

ған деседі. Жасында сүйіп, ынтық боп алған әйелі 30 шамасында қайтыс боп, соның өлімін өмір бойына аза қылып күңіреніп, мұң етумен өткен. Екінші қатын алмаған; баласы да болмаған.

Көп қазақтап жырақ шығып, оңаша жатқан бай-помещик тұрмысына бұл соншалық мәз-ырза кісі боп көрінгісі келмейді. Қанағат қыла алмай, жұбаныш таба алмай қалған адам сияқтап ады. Шығармаларында көп күйлеген күйі осындай күй. Өмірде де тоқтық, тыныштық, молдыққа бөгіп, өмірін ажарламақ үшін жүйрік ат, қыран құс, алғыр ит, әнші-ақын жігіттер жиып бір зауық етеді. Ағайын-туғандарының балаларын алғызып тәрбие беріп, оқу оқытады.

Міне, осындай қала байы, өнерлі алпауыт болған күйін екінші жақтан жоғарыда айтылған ескі сері-мырзаның күйімен үйлестіріп, араластырып тұрып келіп, 1921 жылы өз ажалынан, сол Борсыда қайтыс болады. Шаруасын, мүлік қазынасын, бұрыннан қоңсысы, қызметшісі, батырағы боп келген Борсы кедейлері Кеңес үкіметінің себебімен өз қолдарына алады.

Енді ақындық жәйіне келсек, Шәңгерей ақындыққа салынған кісі емес. Артында сақталып қалған өлеңі өте азғана. Бірақ сол аз өлеңі де, бұның қатардан жоғары, ірі талантты ақын екенін көрсетсе де, Шәңгерей өзі бой салып, көңіл бөліп еңбек етпеген. Мына азғана өлең ұзақ өлеңінің әр кезінде әлдеқалай жазыла салған сияқты.

Жазылған, арналған тақырыптары да, бұның өз өмірінің, бас халінің кезең-кезең жайларынан ғана туып, соның айналасынан ұзамай аяқтап отырады. Сонымен шығармасының бәрі — өз өмірі, өз сезімі, өз қиялының туындылары ғана болат та, Шәңгерей өзі қазақ әдебиетінде бірінші рет көрінген дарашыл, сыршыл ақын болады. Өз басы, өз көңілімен ғана болған дарашылдығын өлеңдерінің ат, тақырыптары да көрсетеді.

Сондай үлгілері: 1) «Алалы сақа атысқан» — Нарында өткен балалық шағын жыр қылу. 2) «Сұңқардай шалықтаған тас ұяпың» — көңіл лирикасы, өлім күйі. 3) «Ғаламға он сегіз мың патса болсам» — көңіл сыры — асықтығының күйі. 4) «Бір ағаға» туысқан төресіне жазған өз көңілінің сыры — қиялы. 5) «Құдыққа құлан құлаған» — өлім күйі — өмір пәлсапасы. Міне Шәңгерей-

дің әр кезде жазған азғана өлеңінің тақырып, сарыны осылар.

Ақын өз тұсында қозғалған, көптің ойын алған әлеуметтік-саяси мәселелердің ешқайсысына да көңіл бөлмейді. Қөрмегендей болады. Оның орнына қиялға, сезімге, сырға шомады. Әлденендей тұманды ой, күңгірт мұңға кетеді.

Бірақ қоғамдық тақырыпты сөз қылмауып, атамауын — таптық халден, тартыстап оқшау тұрған бөгде нәрсе деп түсіну дұрыс емес. Сол күнбе-күнгі жайлардан сырттап жүруінің өзінде де үлкен таптық сыр бар.

Шәңгерей бір жағынан орыстың дворян табының адамы. Олар құлап бара жатқан тап еді де, XIX ғасыр аяғында XX ғасыр басында, сол құлау алдындағы күйректік, сарындамашылыққа түскен еді. Алдыңғы қатар сезімшіл өкілдері пеше түрлі қараңғы күңгірт сезімдерге бой бұрып, діни мистикаға да, елесшілдікке де (символизмге) берілген еді. Бұлардың алды 60-жылдарда өндіріс капиталы дәуірлей бастап, сонымен қатар ескілік іргесіне таланған дворян тыныштығы бұзылуға айналған кезде-ақ көріне бастаған еді. Өз тұсындағы төңкеріс, жаңашыл топтардың екпін, айдышыпан сескеніп, Борсыдай (именне) мекендеріне барып жатып, әлеуметтік тақырып дегеннің ешбіріне жоламай, өз бақшаларының ішінде кешірген өз бастарының сезім-қиялын ғана жыр қылумен өткендер бар. Бүкіл 60—70-жылдағы дворян, ақсүйектер поэзиясы осы күймен өткен. Қалың бұқара, қара шаруа атаулының жаңашыл санашыл боп Некрасов, Салтыков-Щедрин, Чернышевскийлер «Шойын жол» сияқты жырлармен майданға шыққанда жанағы өз бұрышына тығылып, өз ішіне үңілген күйрек, сыршыл дарашыл ақындар «Гүл», «Бұлбұл», «Көбелек», «Қарлығаш», «Махаббат», «Сәждә», «Өлім» деген тақырыптарды ғана жыр еткен болатын.

Осы сияқты қоғамдық мазмұндардан кету, сыртынан қарағанда олардың тап тартысынан бас бұруы сияқты көрінеді. Бірақ шынын, сырын байқай келсек бұл ол ғана емес. Ең әуелі, ана әлеуметтің қанын қоздырып отырған төңкерісшіл тақырыптарға қарсы, сондай әдебиет ағымына қарсы — әдейі ереуіл жасап, қыр көрсетіп, «сен оны айтсаң мен бұлай шегінемін» деп әдейі шегіншектеп бұққан болады. Онысы тәсілі. Ал програмдық ипетіне келсек осындай: қиял, сезім, сыр, бас мұңы дегендермен зама-

нындағы жастың, жалпы оқушының ой-сезімін тұсамақ, сонымен күндегі тартыстап алаңдатып, басқа жаққа бұрып әкетпек. Айналып кеп әлеумет әуесіне тыныштық орнатып, сол арқылы өз тыныштығың, өз тоқтығың сақтап қалмақ болады. Бұл үлгідегі сарындамашылдық (романтизм) дарашылдық — бәрі де төңкеріске қарсы, реакция тобының, құлауға айналған бай, ақсүйек тобының күйі болады.

Біздің әдебиетте Шәңгерей осы бағыттың, осындай әлеуметтік, таптық күйдің жыршысы.

Бүгінгіден ол да қашады. Тындаушы, оқушысын да жалтартып бұрып әкетпек болады. Құлау алдындағы күйректік, сарындамашылдық бұнда да мол. Күнгірт қиял, мұңды сарын, өлім күйі бұның да табиғи қалынан туған тарихи шыны. Орыс үлгісінде ақсүйек болу арқылы туған ерекшелік осы деу керек.

Бұл ретте Шәңгерейдің алған: «асықтық», «өлім», «көңіл сыры», «қиял» сияқты тақырыптың бәрі — бүкіл дүние тарихындағы, байшыл, ақсүйек, күйрек ақын атаулының барлығының тақырыптары болады. Тарихи халдері осындай кезеңге тақағанда бәрінің де «құлақ күйі» осы болған.

Сонымен қатар Шәңгерей қазақтың ақыны. Бұның таптық орнында, қоғамдық қалпында, өз бойында да қазақ төресі болғандық бар. Өзі кешегі хан тұқымы. Қазақ тарихының көрнекті кезеңдерінде «жақсы-жаман» атқа ие болған топтың санашылы. Бүгінгі халі де жаман емес, олқы емес. Бірақ ендігі бұлдыр күн күдік туғызады. Жүрегін қобалжытады. Сондықтан сол бүгінгінің соқталы тақырыптарымен, шаншулы жерлеріне соққысы келмейді. Өзге де қажамаса екен дейді. Бұ да бір басқа мекен сая тауып, сонымен өзгенің ықыласын алдандырсам дейді.

Оқушысы қазақ. Сол себепті қазақтың бойын ерітетін «құлақ күйін» бұл бұрынғыдан, өткен тарихтан таппақ болады.

Оған өзі сеніп отырған жоқ. Алданып жұбана да алмайды. Бірақ сүйтсе де тыңдаушыны сонымен балқытпақ, қалғытып-мүлгітпек. Еркінің әуенін алып, тәтті жыр қып, күңіреніп шертіп бермек. Бірақ ескі қалып бұны зарзаман ақындарынша тартпайды. Ол арасын өте айыра түсу қажет. Шын зарзаман ақындары өздерінің надандық, ақаулық қалпымен сол «жоқтау-көксеулеріне» сеніп

жырлаған. Шынында сол ескі заман қайта оралмас па екеп деген, «оралса жақсы болар еді-ау» деген аңқау паныммен жырлаған. Ал Шәңгерейге ескілік олай көрінбейді. Өз кезегіне соның әуенін, үлгісін ғана алады. Бұған бөлейтін мазмұн сарыны тіпті басқа.

Ол ескіден де, жаңадан да пәленді ала ғой демейді. Дей алмайды. Бұл сарындамашылдыққа біткен: тұманды, мағлұмсыз ғана бір тұлға. Дағдарыс үстіндегі, құлар алдындағы күр елту, сенделу. Шығыс таба алмай, тығырыққа қамалудың күйі. Сондықтан ол ескіліктің өзі соғып өтетін күйлерін өзіне де жол қыла алмайды. Өзгеге де ұсына алмайды. Дәме мен дәрмен, сенім мен үміт те бұны тастаған. Дәл осы жағымен Шәңгерей, кейін кеңес уағында шығатын ұлтшыл-байшыл сарындамашыл, дарашыл ақындардың басы болады. Жоғарыдағы «өлім», «асықтық», «көңіл сыры», «қиял», «ескілік елестері» — барлығы сол кейінгілердің де әрі тақырыбы, әрі негізгі сарыны болатын. Бұл үйлестік қалай болса солай туған үйлестік емес. Төркіні, тамыр-түбірі бір болғандықтан туған үйлестік.

Шәңгерейдің осы айтылған тақырып-мазмұн жайындағы ерекшеліктерінің барлығын — шығармаларының түрі, тілі, құрылысы да баян етеді.

«Алалы сақа атысқан» деген өлеңде ардақтаулы бай ұлы, мырза ұлының туысын, балалығын суреттейді. Өз балалығы, өз туысын:

Сол көк орданың ішінде...  
Ата-ананың зауқынан,  
Қай жылы тамыз ішінде,  
Шығып ана қарынан  
Мүлкі болдым пән дүние,—

дейді. Өзінің дүниеге келісін «жиһан» — қош келдің деп қабыл етті дейді. «Пән дүние», «жиһан» сияқты кітап — араб сөздері, мәдениетті ақынның, талғаулы, таңдама тілмен сөйлеймін деген — дарашыл, сәншіл, сыршыл ақынның әдетін көрсетеді. Ақын тілге бай, бірақ талғамы өте зор. Түрге, күйге, сыртқы көрініске, үн атаулыға қатты зер салған ақын. Мағынадағы пық басар орны жоқ аламыштыққа тілдегі мағынасы аз, бірақ күйі күшті термелеген аламыштық орай кеп отырады. Мазмұн жағында сезімді жыр қылатын сыршыл ақын тілде сәнді сүйеді, үн жарастығын іздейді. Жалпы үн үйлестігін құру, бай-

ланысы күшті терең мағына бермейді. Бірақ Шәңгерей ол жағын көп іздемейді, ол құлақ күйіп ғана шертпек.

Осы жәйді жоғарыда саналған өлеңінің бәрі де дәлелдейді. Әсіресе «Бір ағаға» деген өлеңде ылғи «а» дыбысымен тізілген резонанс: алып ұшқан, аспандаған кердең, кербез күйді көрсетсе де, мағынасы көптірген жадағай, саяз ғана нәрсе болады. Сарнап тұрған үн бар, бірақ өніп тұрған нәр аз. Табиғи хал.

Алған тақырыптарының көбін Шәңгерей осылайша үкілеп-тұмарлап, айшық сала сөйледі.

Сөзден бедер салып, зергерлік жағын көп бағып, жалт-жұлтын күшейтеді.

Кейде сондай тілдегі шеберлік, тілмен құралған сурет шеберлігіне де айналады. Онда Шәңгерей, өзінің ірі суретшіге лайық болған талантын көрсетіп те кетеді.

Сұңқардай шалықтаған тас ұяның,  
Болжаған жер қияны, ер қиялым  
Мерт болған арыстандай айға шапшып,  
Қайғылы қайтып болған шер қиялым.  
Жер-жебір, жермен-жексен болайын деп,  
Сен тұрсың кезеңінде пән дүниенің,—

деп қиялына арнап көңіл сырын шығарады. Бірақ, тілдегі үлкен кесек суреттермен қатар мағына мазмұн: «өлім», «қиял» боп астарлана береді. Белгілі айналып соға беретін «пән дүние», «көңіл шері» ескілік әулеттеріне бөлініп күңіренген үн сияқтанып шығады.

Ескіні пайдалануы осы қалыпта болады. Сыртымен ғана ескі «құлақ күйі» боп шығады.

Осындай сұлу кесек суреттің бірі — балалығын айтқан өлеңнің ішіндегі «қосаяқтың» суреті. Оны сарышыл ақынның үлгісімен балалық қиялына жарастырып, сағымдандырып, көтеріп суреттейді. Шын қосаяқтан гөрі сұлулық, сән іздеген дарашыл қиялдың жасаған қосаяғы болады. Өз басының көңіл-күйі, сезімі солайша елестетуді тілейді. «Қосаяғы» оңаша мүлік-мекенінде жатып, жырлаған дворян ақындарының «қарлығыш», «көбелектері» сияқтанып шығады.

Жекешіл, сыршыл сезімнің бұл ақындардан шығысы осылайша болу керек.

Сондай бұлдыр сезіммен өмір кешкен, тоқтық-тыныштық ақынына жеке-дара бас қайғысы да керек. Ол жолы болмаған махаббат.

«Ғаламға он сегіз мың патса» бол десең де, «алтыннан асқар таудай тақ құрылса да»:

Олардың бәрін тастап сені алар ем,  
Бір өзің, ел Нарында аман тұрсаң,—

дейді. Сондай қып аспандатқан асығына айтқан сөзі де, байқап қараған уақытта, сөз жалт-жұлтына бойұрып кеткен сияқты.

Адамнан артық екеп ақыл-айлаң,  
Ажары ақ бетіңнің асқан айдаң  
Адасқан арық қудай болдым асық  
Айдындай ақ төсіңе асыл айнамаң,—

деген сөздер жаңағы сағымдандырып, көтеріп, шынды айтпай мұнар қуа сөйлеген жәйді білдіреді. Бас шерін алғанда орыс ақындарынан да қазақы үлгіге қарай бойұра сөйлейді. Үн, сарыны ескішелеу келіп, тілді үндестік заңымен ескі қордан теріп ап кеп, «ақ төсің» деп толғанады. Салыстырған суретінде «ай», «аққу», «айдын» деп көптіріп әкелген, дәлдіктен алыс тұманды айшық көп. Есенгірете айтқан боп, жалғыз, сөз күйін қуып кетеді. Бұндай жерде Шәңгерей қазақ әдебиетінде бұрын болмаған өрістерді табады. Күйлі сөздің күштісін айтқан ескек ақынның бірі болады. Қазақ поэзиясы бұның шығармалары арқылы суретті-күйлілік тапқандай болады. Бұл дыбыс күйлілігіне жанасатын сөз.

Бірақ құлауға айналған таптың дағдарысты мазмұны мен күйректік, үмітсіздігін — бұл сыртқы күй жеңіп, меңгеріп кете алмайды. Толық күшті ырғағымен, Шәңгерейдің өзі айтқан:

Кең сарай сахарада өтті күнім,  
Тас болат тар қапада шықпайды үнім.  
Жалғыздық жанға батса шер тарқатқан  
Қобыздай күңіренген қайран тілім,—

дегені боп, бір үнді қобыз сарыны боп қала береді.

1933

## К ТРЕХЛЕТИЮ КИРРЕСПУБЛИКИ

Сегодня исполнилось три года со дня объявления Автономной республики трудящихся Киргизии. В истории нашей революции этот день отмечен днем фактиче-



ского раскрепощения ранее угнетенных туземных масс Киргизского края от бывшей царской колонии.

В истории же киргизского трудового народа этот день знаменует собой реальное воплощение в жизнь его идеалов и стремлений на пути освобождения от колониального гнета и великодержавной кабалы. Перенеся последние пытки самодержавия, вылившиеся в дикие формы мобилизации киргиз на тыловые работы в 1916 году и усилившийся режим полицейских держиморд в степи, доходивших до абсолютного попрания всех прав его как народа, трудовая масса киргизского населения в тумане грядущих дней тогда еще инстинктивно чувствовала приближение восходящего солнца свободы и над его унылыми степями. И в последние дореволюционные годы в сознании обитателей этих полудиких степей тогда же бродили чаяния о свободе и заветные мечты о далекой «Автомонии» (так киргизы произносили слово автономия). Начиная с того момента, киргиз своими внутренними переживаниями постепенно втягивался в орбиту революционной жизни. В первые же годы революции он уже реагировал всеми фибрами души на все события, происходившие на видимом ему политическом горизонте.

Правда, не все события он понимал правильно, потому и представлял себе значение многих из них очень смутно. Некоторые события до слухов степняков доходили в легендарной форме и служили сюжетом весьма распространенных фантастических рассказов, где беллетрист-киргиз в качестве полумифических героев выставлял на сцену «большой бека» и «меньшой бека», как двух противников, борющихся насмерть...

Прошло немного времени с тех пор, и мы теперь видим выросшую в дыму и пламени революционных событий, выросшую на наших глазах стройную фигуру молодой республики трудового народа, занявшего уже свое место в семье остальных ранее угнетенных, а ныне точно так же освобожденных национальностей Российской республики.

Его республика оформляется, крепнет на наших глазах и как цельный государственный организм пускает глубокие корни в толщу трудовой массы, устанавливая непосредственную связь и тесное сотрудничество с ней в деле создания своей государственности, близко стоя-

щей к непосредственным интересам и жизненно бытовым особенностям той же самой массы.

В близости этой республики, этой новой государственности по своему духу, по своим принципам и намеченным задачам к трудовой массе нет сомнения не только у сознательных слоев трудящихся, но даже и у степняка. Справедливость этих слов выясняется не путем теоретических рассуждений и не путем предположительных догадок, а путем несомненных фактов роста политического правосознания, пролетарского чутья и роста симпатии к власти Советов. Вопреки злостной агитации и навешанным ложным мыслям предыдущих контрреволюционных правительств против Советской власти, огромное большинство трудовой киргизской массы судит весьма логично и трезво по тем результатам, которые достигнуты им во времена каждого из этих правительств. И в этом отношении для него является вполне очевидной та огромная разница, которая существует между властью Советской и властью эсеров и остальных контрреволюционеров различных мастей.

Факты существования автономной республики, во главе которой стоят представители этого трудового народа, существование бесчисленных льгот для кочевого населения сообразно хозяйственно-бытовым особенностям при несении государственных повинностей, существование судов, построенных по национальным признакам, точно так же соответственно укладу его жизни, повсеместное привлечение кирбедноты в ряды милиции, в органы административного управления с целью приближения власти к толще трудовых слоев, и, наконец, начавшиеся недавно государственные мероприятия по урегулированию земельных отношений киргиз с казачьим и крестьянским населением с целью удовлетворения земельных нужд коренного населения, в первую очередь,— служат прежде всего живой агитацией за Советскую власть и бесспорным фактом о несомненной близости власти Советов к интересам трудящихся всех угнетенных национальностей.

Что значат такие крохи, обещанные комитетом учредительного собрания и Уфимским совещанием контрреволюционных групп, работавших под лозунгом возврата к черной реакции и возрождения единой неделимой России, в сравнении с перечисленными выше

реальными достижениями при Советской власти, в этом вполне трезво разбирается реалист-степняк. Ему помогает разбираться в этом не наша агитация, а наши действия. Логика прошлых событий и анализ мероприятий сегодняшнего дня раз и навсегда определяют для киргиза его путь, его направление и разрешают для него вопрос, на чьей стороне должна быть его симпатия.

Представшая перед ним дилемма: капитал или труд — была ясна для него. И он ныне уже всецело приобщился к труду.

В этом нет преувеличений, нет восторженного пафоса, это есть объективное изложение действительности нашим языком, языком обыкновенной плебейской прозы, которым мы говорим о всех наших недочетах и достижениях с одним и тем же спокойствием.

1923

## ТҮСІНІКТЕР

### АДАМДЫҚ НЕГІЗІ — ӘЙЕЛ

Мұхтар Әуезовтің қаламалды туындыларының бірінен саналатын бұл мақала 1917 жылы жазылған.

Мақала 1966 жылы «Лениншіл жас» газетінің 8 июньдегі 111-санында «Адамшылық негізі — әйел» деген атпен әзірлеп, бастырған — ҚазГУ-дің қазақ әдебиеті кафедрасының сол кездегі аспиранты Рымғали Нұрғалиев.

Мақала жазушының 12 томдық шығармалар жинағының 11-томында (1969 ж., 7—9 беттер) жарияланды.

### ОҚУДАҒЫ ҚҰРБЫЛАРЫНА

Мақала 1917 жылы жазылған. «Лениншіл жас» газетінде (1966 жыл, 23 июнь) ҚазГУ-дің аспиранты Рымғали Нұрғалиев жариялаған.

Мақалада жас автордың тұңғыш қалам тартуында-ақ оның ой-пікірінің түпкі гуманистік, патриоттық сезім тұрғысында жазылғаны: «Қашан да болса адал махаббат, ақтыққа жастай шөлдесе, сағынып талпынса елін сүйеге, адамшылыққа жетпекші емес пе?»— деген ой байламынан-ақ сезіліп тұрады.

### ФИЛОСОФИЯ ЖАЙЫНАН

Мұхтар Әуезовтің «Философия жайынан» деп аталатын аса қызықты, мазмұны күрделі мақаласы Семей семинариясында оқып жүрген балаң жігіт шағында жазылған. Бұл мақаланы аздаған қысқартумен жазушының жпырма томдығына алғаш рет ендіріп отырмыз.

Қазақ тілінде философия саласында тұңғыш рет жазылған осы тұстағы тырнақ алды еңбек десе болғандай. Семинарияда оқып жүріп-ақ Мұхтар Әуезов сол кездегі философия ғылымының жағдайымен, оның даму тарихымен зерттей танысып, іздену үстінде өзінше тұщынып түйген ойларының желісін біршама жүйелі түрде баяндауымен де ерекшеленеді. Адамзат баласының ғұмырлық рухани азығына айналған пәлсапалық ғылымның ақыл-ойды дамыту жолындағы атқарар ізгілікті қызметі жөнінде: «...адам баласының ақыл жолындағы тарахиятын (прогресін) философия билейді»,— деп пайымдаса, екінші жағынан философия ғылымының салалары мен тарауларын жүйелеп барып, арнайы таныстыратынын да көреміз.

Мұхтар Әуезовтің балаң шағында-ақ философиялық ой-пікірлер төркініне қызығып, бұл салада ерте талаптанып тырнақ алды мақаласын жазуына ықпал еткен жағдайдың бірі — автордың өмір кешкен рухани ортасы, әсіресе, Абай аулы мен сол тұстағы қазақ жеріндегі алдыңғы қатарлы мәдени орталықтардың бірінен саналған Семей қаласының рухани өмірінде жатса керек. Өйткені қазақ халқының ұлы ойшыл ақыны Абайдың көп жылдар бойы өз маңындағы ақын шәкірттерімен, төңірегіндегі тыңдаушыларымен ұлы ғалымдар, хақымдер айтқан пәлсапалық ойлар жөнінде әңгімелесіп, қызықты сұхбат құрып, сырласу кешін өткізгені туралы «Әш-шархият» жинағында (1914 ж. 225-бет) Н. Рамазановтың арнайы атап

өтетіні бар. Осы себепті болса керек Абайға өмір бойы үзеңгі жолдас болған шәкірт ақын Көкпайдың:

Тарихтан неше түрлі Абай сөйлеп,  
Өзгелер отырады аузын жұмғап.  
Бір барсаң мәжілісіне кеткің келмей...  
Хақимдей Аплотондай аңырап тұрған.  
Келбеті іліміне лайықты,  
Апырмау, мұндай адам неғып туған,—

деп еске алуы да Н. Рамазанов пікірін шып-шындап тұрғандай. Міне, осындай сұхбаттасу кешіне қатысқандар тобының рухани ортасы, олармен тікелей қарым-қатынаста боп өскен бала Мұхтарға онда айтылған пәлсапалық ой-пікірлердің әсер етуі, философияға қызығуын оятуы мүмкін пәрсе. Бұл тіпті мақалада жас автордың Абай сөзін тілге тірек ете сөйлеуінен де, немесе дүниауи ғылымдар өз дәлелдерін өз суретімен (конкретный), ал философия ғылымы болса сөз суретімен (абстрактный) беретін ерекшелігін аңғартуынан да байқалып тұр.

Автор дін мен философия жолының бітімсіз қарама-қарсылығын ескерте отырып: «...адамдағы терең ойды тәрбиелеп жетілтетін — философия. Сол себепті философия — адамшылық жолындағы қараңғы қалтарыстарда қолға ұстайтын шамшырақ»,— деп оны терең танып үйренуге, түбінде оның өркендеп өсуіне зор сенім артады.

Бір ескертіп пәрсе: автор философия ғылымының даму тарихын сөз еткенде оны екі дәуірге бөле қарайды да, соңғы дәуірді Кантпен аяқтайды. Бірақ осы оймен шегеленіп қалмай: «Ақыры Канттан бергі философия көзге түсерлік жол тауып кете алған жоқ... философияның тарихын тексерушілер бұл уақытта үлкен адым істеуінің алдындағы мезгілі деп есептейді. Мұның анығын келешек заман көрсетер»,— деп пікір білдіруіне қарағанда, шамасы жас автордың сол тұстағы көптеп шыққан философиялық әдебиеттердің ықпалында болғандығы байқалады... Шынында немістің классикалық философиясының даму жолында айтарлықтай ірі дәуірі боп саналған Гегель мен Фейербахтың философиялық жүйесі өмірге келді. Ал соңыра философия тарихындағы шың мәніндегі революциялық төңкерісті марксистік философия ғана жасап, табиғат, қоғам және адам ойлауының жалпы ортақ заңдылықтарын ашу арқылы пағыз ғылыми дүниетанымға айпалып отыр.

XX ғасырдың ұлы жазушысына айналған Мұхтар Әуезовтің бүкіл творчестволық өмірбаяны мен ғылыми-творчестволық ізденістері марксистік ғылыми дүниетаным негізінде гүлденіп, шешек атуына оның бүкіл творчестволық болмысы куә. Осы себептен де Мұхтар Әуезовтің жас шағында «Философия жайынан» деп аталатын мақаласы жалпы жазушы танымының, ғылыми-творчестволық ойының эволюциялық өсу жолында елеулі мәні бар туындыларының бірінен саналады.

## ҒЫЛЫМ ТІЛІ (Научный термин)

Мақала жазушының 12 томдық шығармалар жинағының 11-томында (1969 ж., 10—14 беттер) жарияланған.

Бұл мақаласында М. Әуезов ғылыми термин мәселесіне үлкен

қоғамдық-әлеуметтік мән беріп, оның халықтың мәдениет, өнерінің, жалпы қоғамдық дамуының келешегіне шешуші ықпал жасайтындығын дүние жүзі елдерінің өсу жолдарын, жалпыхалықтық мәдениеттің даму ерекшеліктерін саралап, сыпаттау арқылы дәлелдеп береді. Сол кезеңде Орта Азия халықтарының, соның ішінде қазақ оқығандарының арасында етек алып, арбау салып жүрген «пантюркизм», «панисламизм» сияқты идеялардың халықтың шын тұрмыстық мүддесіне жат скенін, олардың «қазақ мәдениетінің жолын өрлетіп, жұрттықтың бойын өсірмейтіндігін» ашып айтады.

## ОҚУ ІСІ

«Оқу ісі» деп аталатын бұл мақала 1918 жылы жазылған.

Мақалаға автордың қараңғылық түнегіне қамалған туған елін мәдениетке жетелеудің басты буыны — оқу, ағарту саласындағы күнделікті қажеті мен міндеті жайындағы ой-пікірі желі болған. Қазақ арасында ашылған мектептер мен ондағы оқытушылардың жағдайы, оқу ісінің түзу жолға қойылуы жолындағы ой-тұжырымы баяндалған.

## ЕСКЕРУ КЕРЕК

Бұл мақала 1918 жылы жазылған, жазушының 12 томдық шығармалар жинағының 11-томында (14—17 беттер) басылды.

Бұл мақаласында М. Әуезов қазақ халқының ертеден қалыптасып келген тұрмыс қалпының, қоғамдық құрылысының түрлі қайшылықтарын, кемшіліктерін сынап, солардың негізгі себептерін дәл тауып, дұрыс көрсете алған: «Біздің жиішіске атаның балалары жуаннан бөтен іс істемек түгіл, содан бөтен ой ойлауға да болмайды. Жуанның ісінің, ойының беті — пашарға діндей. Бұның түбі, ойланып қараған кісіге, — құлдық» — дейді автор. Егер алғашқы, 1917 және 1918 жылдың бас кезінде жарияланған мақалаларында М. Әуезов қазақ өмірінің түрлі ауыртпалық қайшылықтары халық сапасының, мінез-құлқының, ғылым, мәдениетінің есегендігінен екенін көрсетумен шектелсе, бұл мақаласында автор сол кесел-кемшіліктердің түпкі негізі — тап қайшылығы туғызып отырған қоғамдық құрылысқа тікелей байланысты екенін өте дұрыс түсініп, енді сол таптар қайшылығы мен әлеуметтік теңсіздікті жойып, «жуан зорлықшылды не қылса да елден айырып, әлсіретуге тырысу керек... нашарды өрге тартып, теңдікке алу» керек деген тұжырым ой айтып отыр.

## ҚАЗАҚ ОҚЫҒАНДАРЫНА АШЫҚ ХАТ

1919 жылы мұғалімдер семинариясын бітірген М. Әуезов Семейде Совет өкіметі орнаған бойда өкімет ісіне белсене араласып, 1919—1921 жылдары губерниялық атқару комитетінде (губревкомда) бөлім бастығы, губерниялық халық билер кеңесінің бастығы, губерниялық атқару комитетінің председателі қызметтерін атқарған. Сол жылдары Семей губерниялық атқару комитетінің органы ретінде шығатын «Қазақ тілі» газетінде редакторлық қызметте де болып,

жазушы күнделікті шаруашылық, әлеуметтік, ұйымдастыру мәселелеріне арналған саяси-публицистикалық мақалаларды үзбей жазып жариялап отырған.

Совет үкіметінің алғашқы жылдарында интеллигенцияны жаңа үкімет жағына, шаруашылық, әкімшілік істеріне тарту мәселесіне байланысты В. И. Ленин: «Задача коммунистов внутри «ГОЭЛРО» — поменьше командовать, вернее вовсе не командовать, а подходить к специалистам науки и техники («они в большинстве случаев неизбежно пропитаны буржуазными мирозерцанием и привычками», как говорит программа РКП) чрезвычайно осторожно и умело, учась у них и помогая им расширять свой кругозор»... (В. И. Ленин. Соч. т. 32. стр. 120—121)— деп жазған болатын.

Ұлы көсемнің осы пікіріне үн қосу ретінде және күнделікті үкімет ісінің мүддесіне сай жазылған бұл «...ашық хат» «Қазақ тілі» газетінің 1920 жылғы 5 февральдегі 15 санында жарияланған. Мақалаға «Мұхтар» деп қол қойған.

## БҮГІНГІ ЗОР МІНДЕТ

Бұл мақала «Қазақ тілі» газетінің 1920 жылғы 31 декабрьдегі 112 санында жарияланған нұсқасы бойынша еіп отыр. Мақалаға «Мұхтар» деп қол қойған.

Мақала 1967 жылы жазушының 70 жылдық мерекесі қарсаңында «Қазақстан мұғалімі» газетінің 28 сентябрьдегі 39 санында жарияланған.

## ҚАЗАҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ МІНДЕТІ

Бұл мақала «Қазақ тілі» газетінің 1921 жылғы 14 январьдағы 115 санында жарияланған. Мақалаға «Мұхтар» деп қол қойған. Мақала басқа еш жерде жарияланбаған.

## ЕГІНГЕ ДАЙЫНДАЛЫҢДАР

Бұл мақала «Қазақ тілі» газетінің 1921 жылғы 18 февральдегі санында жарияланған нұсқасы бойынша алынып отыр.

Бұл мақалада автор совет өкіметі орнап, халықтың егіншілік кәсібімен айналысуына өкімет тарапынан жағдай жасап отырғандығына байланысты ел ішінде өкіметтің күнделікті іс-шараларының орындалуына қажетті міндеттерді халық арасына түсіндіріп, насихаттайды.

## ҚАЗАҚСТАН ЕЛШІЛЕРІНІҢ ХАБАРЫ

Бұл мақалада 1921 жылғы «Қазақ тілі» газетінде жарияланған. Мақала совет өкіметінің жергілікті орындарда жүргізіп отырған күнделікті іс-шараларын халық арасына мәлім етіп, түсіндіріп, еңбекшілерді белсеніп іске кірісуге шақыру, үндеу мақсатында жазылған.

## ХАЛЫҚ ӘДЕБИЕТІ ТУРАЛЫ

Бұл мақала «Халық әдебиеті туралы» деген атаумен 1924 жылғы «Жас қаират» (Ташкент) журналының 3—4 санында жарияланған нұсқасы бойынша ешқандай өзгеріссіз сол қалпында жіберілді.

Мұхтар Әуезов — Одаққа әйгілі үлкен фольклорист ғалым. Халық ауыз әдебиетін зерттеумен қатар оларды жинастырып 20-жылдары газет-журнал беттерінде жариялауға қызу атсалысқан.

1924 жылы Орыс Географиялық Қоғамының Семей бөлімшесіне мүше болып, сол қоғамды басқарушы ұйымының орынбасарлығына сайланған тұсында Бұхтарма мен Қытай қазақтарының халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинауға арнайы экспедиция ұйымдастырады. Әрі өзі осы жылдар ішінде «Қазақ әдебиет тарихы» деп аталатын халық ауыз әдебиеті туралы тұңғыш ғылыми монографиялық еңбегін жазуға кіріседі. Міне, осындай үлкен еңбекке даярлық пен материал жинастыру әрекеті М. Әуезовті халық ауыз әдебиетінің тұзы бар кезінде уақыт өткізбей жинап қалуға шақырған арнайы мақаласын жариялады. Бүгінде жоғарғы оқу орындарында әр жылы студенттерден құрылатын фольклорлық экспедиция шығару идеясын фольклорист ғалым сол тұста-ақ айтқан еді. Осы себепті әлі де тұздығы кетпей тұрған кезде халық ауыз әдебиетінің асыл үлгілерін жинау үшін «мейілінше, халық ауыз әдебиетін жинауға қолайлы бар адамдар, оқыған шәкірттер... және жинаушы шәкірттердің аса күш салып жинайтын ескі халық арасына өлеңдері көп тараған ақындық өлеңдері, олардың өмірі, қай уақытта болғандығы туралы мағлұмат жинауға кірісуі керек»,—деп сол тұста-ақ қазақ елі тұрмысының ерекшелігіне орай ескі мұраны жап-жақты жинастыруды үлкен міндет ретінде көтерген азаматтық үнін сезінеміз.

## ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР

«Қобыланды батыр» деп аталатын көлемді зерттеу мақаланың өз кезі үшін едәуір ғылыми методологиялық таяныштарға сүйеніп жазылғандығы көрінеді. Бәрінен бұрын автордың эпос дамуында халық қиялы мен арманының күрделі қызмет атқаратындығын баса көрсетуі назар аударарлық.

Қобыланды ел қиялының сондайлық қылып көтерген, келістіріп зуреттеп, шеберлеп әңгімелеген сөзінің бірі. Шеберлеп әңгімеленгені жарлық батыр әңгімесінің ішіне кіретін адамдардың мінез-қалпын голық қылып шығарудан, батыр жорығын сұлу қылып жырлауымен білінеді,—деген жолдар осы пікірді дәлелдейді. Жырдың көркемдік кестесі де осы тұрғыдан талданған. Қобыландының, құртқаның тұлғасын кең салыстырып, олардың ұнамды тәрбиелік, ғанымдық мәнін ашуға талаптануы — мақаланың бағалы тұстары. Жалпы М. Әуезов эникалық аңыздауларды көркем сөз өнері ретінде білгені бұл еңбегінен де айқын танылады. Сондай-ақ жырдың түп негізін тарихи оқиғалармен салыстыра қарауға ниеттену де ғылым тексерулердің тұрақты шарттарының бірі боп табылады. Қобыланды батырдың жасаған дәуірін, эпос оқиғалары мен тарихи істердің шкі байланысын табуға көңіл бөлуі де осындай мақсаттан туғаны түсінікті. Автордың бұл тараптағы пайымдаулары сол кездегі фольклортану ғылымында орын тепкен концепцияларға байланысты.



Ол қисын—XIX ғасырдың екінші жартысында орыс топырағында туған «тарихи мектеп» теориясы болатын. Бұл теорияның негізін В. Ф. Миллер өзінің «Очерки русской народной словесности» 1897 деген белгілі еңбегінде салған еді. «Тарихи мектеп» теориясы фольклор шығармаларының өмірлік түбірін нақтылы зерттеу мәселесіне ерекше назар аударды. Бұл оның пайдалы жағы еді. Сонымен қатар ол теорияның жаңсақ жерлері де болды. Мұның бастысы—тарихи қайраткерлері мен эпос қаһармандары арасындағы айырмашылықты елемей, екеуіне теңестік белгісін қоюдан көрінетін. В. Ф. Миллер және оның теориясын жақтаушылар орыс былиналарындағы атақты кейіпкерлердің бәрінің де қалайда тарихи дәуірін және прототипін іздеуге ден қойды. Міні осы концепцияның салдарын М. Әуезовтің «Қобыланды батыр» деген еңбегінен де байқаймыз. Мақалада Қобыланды, Сайын ескілді эпос қаһармандарының бейнесі Алтын Орда заманында жасаған осы атас тарихи адамдардан алынған деген тұжырым басым.

«Қобыланды батыр» жырында айтылатын Қазанды Еділ бойындағы Қазан қаласы деп ұғу да әлгі пікірімен сабақтас. Бүгінгі фольклортану ғылымы эпос қаһарманының тұлғасын тарихи адамдардың көшірмесі емес, халықтың эпикалық санасы, үміт арманы, тарихи оқиғалар табиғатына өзіндік түсінігі, бағасы негізінде жасалған бейне деп қарайды...

«Қобыланды батыр» мақаласының басқа да кейбір терминдерін фольклортанудың жиырмасыншы жылдардағы деңгейімен байланысты қарасақ, мәселенің мәнін тереңірек түсінеміз. Мақалада жау елді «кәпір» деп атағандық жалпы эпикалық дәстүрдің шеңберіндегі ұғым екенін де ескерте кету артық емес.

Жазушының шығармалар жинағының XV томына бұл мақала 1925 жылы «Таң» журналының 1-санында (119—120-бет) және 2-санында (115—118-бет.) жарияланған нұсқасы негізінде сілдіріліп отыр.

## «ШАНШАР» ЖУРНАЛЫ.

Бұл мақала 1925 жылы РКП(б)-ның Семей губерниялық комитеті мен губерниялық Атқару комитетінің органы ретінде шығып тұрған «Таң» журналының 3 санында жарияланған. Мақала соңында «М» деп қол қойылған.

Жазушы 1945 жылы өзінің ғылыми-сын еңбектерінің тізімін жасағанда, соның ішінде «О народном юморе и юмористическом журнале» (критическая статья напечатанная в журнале «Таң» 1924 г.)—деп көрсеткен. (Архив ЛММА, папка № 271, стр. 24). Мұнда «1924 жыл» деп көрсетуі жай жаңылыс кеткендіктен болу керек. Үйткені «Таң» журналының алғашқы саны 1925 жылы март айында шыққан. Жалпы осы жылы журналдың бас-аяғы төрт номері шығып, сонымен тоқталып қалған.

Жазушының бұл атап отырғаны осы «Шаншар» журналы атты мақала екендігі даусыз. Үйткені М. Әуезов сол 1925 жылы «Таң» журналында қызмет істеген. Яғни, 1924 жылы Ленинград университетінің бір курсын аяқтап, жазғы каннкулінде Семейге келгенде, жергілікті үкімет орындарының өтінішімен бір жыл қалып, Қазпедтехникумда, губерниялық партия мектебінде сабақ беріп және

сол «Таң» журналының техникалық редакторы болып қызмет істеген. (ЛІГАОРСС, фонд № 7240, опись № 7, дело № 119).

Бұл мақала «Ленниншіл жас» газетінің 1967 жылғы 11 февральдегі санында М. Әуезовтің туындысы ретінде аталып жарияланған болатын.

## ЖАЛПЫ ТЕАТР ӨНЕРІ МЕН ҚАЗАҚ ТЕАТРЫ

Бұл мақала қазақтың тұңғыш профессионалды театрының (1926 жылы 13 январьда Қызылордада) ашылуына байланысты жазылып, «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы 8, 9, 10, 11, 15, 17 февральдегі 30, 31, 32, 33, 36, 37 сандарында жарияланған. «Мұхтар» деп қол қойған.

Мақала жазушының өзі қайтыс болғаннан кейін 1962 жылы шыққан «Уақыт және әдебиет» атты жинағына (13—33 беттер) енген.

Мақаланың алғашқы газеттегі нұсқасы мен соңғы жинақтағы басылымын салыстырып қарағанда, біраз айырым өзгешеліктер байқалды. Атап айтқанда: «Уақыт және әдебиет» жинағындағы басылымда мақаланың газеттің 11 февральдегі 33 санында жарияланған бөлігі (екі подвал 12 колонка), яғни: «Шекспир театрынан соңғы заманда жалпы Европа театры заман өткен сайын түр тауып көрмей берді»...—деген сөйлемнен бастап, «...Жоғарыда саналған елдердің театрларына қарасақ, көпшілігі өз бастарынан екі түрлі күй кешірген...»—деген сөйлемге дейінгі аралық түгелдей түсіп қалған.

Сонымен қатар газеттік нұсқадағы: «...Енді жоғарыда айтылған сөз бойынша театр тарихын қарағанда, осы өнердің грек топырағында тууына қандай шарт, қандай халдер себеп болды?»...—деген сөйлемнен жинақтағы басылымда (14-бет) «тууына» деген сөз қалып қойған.

«...Себебі: бұл театрды туғызған жалпақ елдің әдет-салты мен ұғым нанымы, жалпақ елдің бәріне бірдей, ортақ мүлік болып саналатын ескілікті грек театры бір жағынан елінің ұлттық пішінін айқын көрсетіп, екінші жағынан, жалпақ елге бірдей болған діни әдеттен туған»—деген сөйлемнен жинақтағы басылымда (14-бет) «...елінің ұлттық пішінін айқын көрсетіп, екінші жағынан...»—деген сөздер түсіп қалған (19-б.). «...Шіркеу драмасын ойнайтын артистер алған міндетін дұрыс атқарып, репетицияға адал келіп тұруына інжилді кеудесіне ұрып, аяқ береді екен»...—деген сөйлемнен жинақтағы басылымда «...Шіркеу драмасын ойнайтын»—деген сөздер түсіп қалған.

Ал, «...Сонымен Эсхил заманындағы драмаға араласатын ойнаушылар үш кісі болған. Содан кейінгі замандарда драмаға кірушілердің саны көбейе берген»—деген сөйлемдер жинақта: «Сонымен Эсхил заманындағы драма араласқан ойнаушылар үшінші кісі болған. Содан кейінгі замандарда драма көрушілердің саны көбейе берген»... (16-бет) деп өзгертіліп, әуелгі мағынасынан өзгеше ұғым беріп тұр.

Сондай-ақ, алғашқы нұсқадағы «деген» сөзі жинақта «деп» (13-бет) болып, «емес»—«жок» (14-бет), «тесе»—«неке» (16-бет), «Заманда»—«уақытта» (16-бет), «өзінде»—«өзі» (16-бет), «парызын»—«парызы» (17-б.), «салттан»—«салтанат» (18-бет), «жамалған»—«жамаған» (18-бет.), «тіршілігін»—«тіршілігі» (18-б.),

«сезімді»—«сезікті» (18-б.), «алмасақ»—«алсақ» (18-б.), «панымынша»—«панысынша» (19-б.), «жнылып»—«жіберіліп» (19-б.), «әдеті»—«әдеттер» (19-б.), «қалпын»—«жалпы» (20-б.), «сақтап»—«сақталып» (20-б.), «малшы»—«жалшы» (21-б.), «екіншісі»—«скінші» (22-б.), «болды» — «болған» (22-б.), «тілегі»—«тілектері» (22-б.), «театрдан»—«театрда» (22-б.), «де Льертенің»—«дель ертенің» (24-б.). «үйлесуге» — «үлесуге» (24-б.), «Гамлетің» — «Гамлет» (24-б.), «патшаның»—«бақшаның» (25-б.), «елдің ескілігі мен бүгінгі қалпы» — «елдің ескілігімен, бүгінгі қалпымен» (28-б.), «өлендерінің қай-қайсысын»—«өлендерінен қай-қайсысы» (29-б.), «айтқан ақындарды»—«айтқандарды» (29-б.), «соларға»—«солар» (29-б.), «қосып»—«тосып» (32-б.), «театрда»—«театр» (32-б.), болып, т. с. с. өзгертіліп, мақаладағы кей сөйлемдердің бастапқы мағынасына нұқсан келіп тұр.

Сондықтан біз мақаланың алғашқы газетте жарияланған нұсқасын негізге алдық. Мақала аздап қысқартылды.

### ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТ ТЕАТРЫ

Бұл мақала қолжазба күйінде Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында сақталып келіп, 1964 жылы «Жұлдыз» журналында жарияланған болатын. Мақаланың жазылу датасы қойылмаған. Журналдағы басылымға алғысөз жазған сыншы Қ. Қуандықов мақаланы 1927 жылы жазылса керек деген болжам айтады. Мақаланың қай жылдары жазылғандығы өз мазмұнынан-ақ айқындалып тұр. Сондықтан ол көп талас тудыра қоймайды. Тек нақтылай түссек, мақаланы 1927 жылы емес 1928 жылы жазылды деуге болғандай. Үйткені мақаланың ішінде «Қазірде біздің группамыздың екі жылдық тәжірибесі бар. Екі жасқа толғанда, басынан атқарған қилы-қилы заманы, жақсылық табысы бар»...— деген сөйлемдер кездеседі. Мұнда автор «екі жасқа толған» деп 1926 жылы ашылған театрдың группасы туралы айтып отыр ғой.

Мақала журналда жарияланған нұсқасы бойынша алынды.

### ҚАЗАҚ ШАРУА ЖАСТАР МЕКТЕБІНЕ АРНАЛҒАН ПРОГРАММА ЖӘНЕ ТҮСІНІК ХАТ

Қазақстан Оқу Комиссариаты білім кеңесінің шешімі бойынша 1930 ж. Қызылорда қаласында «Қазақ шаруа жастар мектебіне арналған программа және түсінік хаттар» деп басылып шыққан.

Онда шаруа жастар мектебінде қоғам тапу сабағынап, химиядан, математикадан, әдебиеттен нені оқыту, қалай оқыту туралы бөлек-бөлек түсініктер берілген, әр жылға арналып программа жасалған.

Программаның 102—114 бетіндегі қазақ әдебиеті пәніне арналған «Суретті әдебиет туралы» деп аталатын бөлімін жазған авторлардың бірі—М. Әуезов. Программаның бас жағында сол тұста әдебиет мәселесімен айналысып жүрген бұл кісіден басқа да бір қатар адамдардың аты аталады. Олар: Майлыұлы, Марғұланұлы.

Жазу стиліне, сөз саптау машығына қарағанда программа текстінің алғашқы негізін салған М. Әуезов деп топшылаудың қисыны бар.

Әдебиет пәніне арналған бөлімнің кіріспесінде авторлар әдебиет жөніндегі ілім-білімнің қоғам тану ғылымының бір бөлшегі екенін айта келіп, әдебиеттің әлеуметтік, қоғамдық өмірдегі қызметіне тоқталады. Көркем туындылардың дүниеге келуіндегі, әдебиетті зерттеудегі совет жазушылары мен әдебиет зерттеушілерінің негізгі ұстанар методологиялық әдісі — марксистік әдіс болатындығы программада түсінікті тілмен айқын баяндалған. Жазушыны, ақынды зерттегенде оны әдебиет тарихының жалаң соқпағына салып, өзге дүниеден жырып әкетіп зерттемеу керек, қайта қоғам өмірімен тығыз бірлікте, сонымен сабақтастыра отырып зерттеу керек болатыны айтылады.

Программада қазақ шаруа жастарының үш жыл ішінде қазақ әдебиеті саласының негізін біліп, негізін үйрету қажет екені көрсетіліп, сол үш жылдың әрқайсысында жастарға қазақ әдебиетінен қандай дүниеліктерді таныту керек болатыны түсіндіріледі. Мәселен, бірінші жылда өтілетін негізгі тақырыптың бірін авторлар «бүгінгі ауыл — төңкерістің жемісін көріп отырған ауыл күйінің әдебиеттегі суреттері» деп атайды. Екінші, үшінші жылда оқытылатын сабақтың көлеміне келгенде, программаны жасаушылар қазақ әдебиетіндегі дәуірлеу мәселесін ұсынады. XIX ғасыр тұсындағы әдебиет, 1916 жылғы ұлт бостандығы, отаршылдыққа қарсы күрес кезіндегі әдебиет, Октябрь төңкерісінен соңғы жылдардағы әдебиет деген сияқты программада қазақ әдебиетін айқын-айқын таныстыру бар.

Программа авторларының назарынан қазақ фольклоры да тыс қалмаған. Бірінші жылғы программада мұндай шығармалар қатарында «Қобыланды», «Тарғын», «Қозы Көрпеш», «Қыз Жібек» сынды әйгілі жырлардың аты аталады. Өткен заман әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі Бұқар жырау шығармалары да сол бірінші жыл үйретілетін сабақтардың қатарына енген.

XIX ғасырдағы әдебиет негізінен Абай өлеңдері мен Махамбет жырларын қамтиды. Қазақ совет әдебиеті ақын-жазушыларының ішінен программаға шығармалары енгендер: Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Мүсірепұлы, Мұхтардың өзі, Мұқанұлы. XX ғасырдың басындағы әдебиеттің ірі өкілдерінің ішінен программаға құрастырушылар Сұлтанмахмұт пен Сәбит Дөнентайұлын енгізген.

Бұл программаның бір ерекшелігі аударма әдебиеттің кейбір өкілдері қазақ әдебиеті көлемінде оқыту керектігін ұсынып, бұл салада оқылатын шығармалардың да нақтылы тізімін береді. Орыс тілінен аударылған М. Горький, Пушкин, Всеволод Иванов, Лавреневтің бірқатар шығармаларының аты үшінші жылы оқылатын оқу программасы қатарында аталған. Сондай-ақ Абайдың Пушкиннен, Лермонтовтан аударған бірқатар өлеңдері де осы шығармалар қатарында үшінші жылғы программаға енген. Оқуға жаттығу, тіл үйрету, сөйлеуге жаттығу, жазуға жаттығу да программаға қамтылған.

## ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТ ТЕАТРЫНЫҢ ЖЕТІ ЖЫЛДЫҒЫ ЖӘНЕ АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ

Мұхтар мен Орымбек деп қол қойылған бұл мақала «Әдебиет майданы» журналының 1933 жылғы 2-санында жарияланды.

Жазушының 20 томдық шығармалар жинағына да осы мақала негізінде бірлі-жарымды қысқартулармен ендіріліп отыр.

Мақала Қызылорда қаласында тұңғыш рет ашылған қазақтың ұлттық театрының дүниеге келгеніне жеті жыл толу қарсаңындағы театр коллективі мен Қазақстан жазушылары, ақындарының алдына қойылып отырған творчестволық міндеттері тұрғысынан авторлар өз ойлары мен ұсыныстарын ортаға салу мақсатында жазылған.

## АБАЙ АҚЫНДЫҒЫНЫҢ АЙНАЛАСЫ

Мұхтар Әуезов зерттеулерінде, әсіресе абайтану тарихында «Абай ақындығының айналасы» деп аталатын күрделі мәселелер көтерген мақаланың алар орны бөлекше. Өйткені Абайдың қайтыс болуына 30 жыл толуына орай жазылған бұл мақала ұлы ақынның өмірі мен творчествосы жайында ұзақ жылдар бойы жинастырған, іздестіріп зерттеген, тапы-білген ой-пікірлерін қысқаша түрде жүйелеп қортындылаған әрі программалық мәне бере жазған күрделі еңбегі болатын-ды.

Мақаланың жазылу алдындағы екі түрлі жағдайды еске алу керек: оның бірі — Мұхтар Әуезов Семейдегі оқытушылар семинариясынан соң Ленинград университетін аяқтар шағына дейін-ақ орыс әдебиеті, сол арқылы жалпы Европалық әдебиетті терең меңгеріп, бұл әдебиет әлемінен Абайдың творчестволық байланысы жайлы аса күрделі құбылысты дендей зерттеп, түбегейлі баурай түскен тұсы еді. Екінші жағынан, Абай мұрасының Шығыс мәдениетімен қарым-қатынасы жайында да тереңдеп іздестіріп, ой-толғаныста жүрген шағы болатын. Бұл әсіресе САГУ-дің аспирантурасында оқып жүрген кезінде Шығыс тілі мен түркі тілді туысқан халықтар әдебиетімен тікелей шұғылданып, сол тілдерде жазылған әдебиеттерді еркін оқып баурай алатын дәрежеге көтерілді. Бұл туралы М. Әуезовтің шығыс халықтары әдебиетін танып-біліп тереңдеуі қаншалықты өскенін оның 1929/1930 жылдардағы аспиранттық жылдық есептері мен ғылыми жетекшісі проф М. Ф. Гавриловтің М. Әуезовке берген жазбаша мінездемелерінде жақсы айтылған.

М. Әуезов бұл жылдары:

Ғылымды іздеп,  
Дүниені көздеп,  
Екі жаққа үңілдім,—

деп ұлы ұстазы Абай ескерткендей Батыс пен Шығыстың рухани қазына көздерін қоса меңгеріп толысу үстінде алғаш рет Абай мұрасының рухани нәр алған үш саласы жөніндегі іргелі тапқымының негізін қалады. Бұл осы тұстағы қалыптасу үстіндегі абайтану саласындағы зерттеу еңбектерінің ішінде өзінің концептуалды таным болып енуімен де ерекшеленеді.

Абайдың бұл екі жағалаудан алған рухани қазына көздерін М. Әуезов «Абайдың өзгеден алған нәрі» деп бөле-жара даралап көрсетеді. Ал Абайдың ақындық өнер мен ойшылдық тұғырына қонған тұсынан соң, ақындық дәстүрінің үдере дамуын «Абайдың өзгеге берген нәрі» деп атап, өз алдына жеке жүйелеп жіктейді. Міне, осы арада автордың бұл мақаланың көздеген мақсаты жайында арнайы түрде: «зерттеушіге бір қысқаша побай айту»,— деп ескерткенінде елеулі мән-мағына да жатыр. Себебі соңғы кездердегі абайтану тари-

хындағы зерттеулердің осы таным тұрғысынан жүйеленіп, бірнеше күрделі тақырыптарға: «Абай ақындығының айналасы», «Абайдың әдеби ортасы», «Абай мұрасының рухани нәр алған көздері», «Абайдың әдеби мектебі», «Абайдың ақын шәкірттері», «Абайдың ақындық кітапханасының көлемі мен жаңы» деген күрделі проблемалардың о бастағы ілкі тәркіні де М. Әуезовтің осы мақаласындағы ой-пікіріне негізделген болатын-ды. Сондықтан да бұл мақалада көтерілген кейбір күрделі пікірлер соңғы кезге дейін пікір таласының өзекті желісіне айналып келуі жай нәрсе емес еді. Қаншалықты пікір таласына түскенімен 30-жылдарда М. Әуезов тарапына сөз болған бұл тақырыптардың бәрі де тамырын тереңге салған танымдар екенін бүгінде бүкіл абайтану тарихи саласында жазылып келе жатқан ғылыми еңбектер тобы айғақтауда.

Бұл мақала М. Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағына 1934 жылы «Әдебиет майданы» журналының 11—12 санында жарияланған нұсқасы негізінде жіберілді.

### АБАЙДЫҢ ИДЕЯЛЫҚ-МӘДЕНИ ІЗДЕНІСТЕРІ

Мұхтар Әуезов «Абай жолы» эпопеясын жазу үшін ұлы ақын шығармаларының нәр алған рухани көздерін айқындап барып, олардың Абай творчествосындағы алар орнын алдын-ала зерттей отырып ой қорытуы қажет болды. Бұл тақырып әсіресе ғалымның абайтану саласында ұзақ жылдар бойы жүргізілген ғылыми ізденістерінде басымдық жатты. Алға қойылған зор мақсат тұрғысынан дәл осы мәселеге орай М. Әуезов абайтану саласында жүргізілген ғылыми зерттеулерінде әр қырынан келіп, дүркін-дүркін пікір білдіріп отырды.

Бұл мәселені ғылыми негізде тереңірек танып-білу жолында «Абайдың мәдени ізденістері» («Әдебиет майданы» 1937, № 7), «Идейно-культурное искание Абая» (Қазақстанская правда, 1939, 23 июля), «Абайдың идеялық-мәдени ізденістері» («Әдебиет және искусство», 1939, № 7) деп аталатын мақалалар циклінде өзінің көзқарасын айқын танытты. Ал 1945 жылы Абайдың жүз жылдық юбилейіне арналған Қазақстан Жазушылар Одағының салтанатты Пленумында жасаған «Абайдың өмірі мен ақындығы» (ақынның 100 жылдық юбилейінде жасалған баяндама) туралы баяндамасында (ЛММА архиві, № 411 папкі, 1—24 бет) өз ойының түпкілікті қортындысы ретіндегі пікірін: «...дана ақынның өз халқынан және жалпы адам баласының өнер, ой байлығынан алғап үш үлкен салалы түп-төркіні барын байқаймыз:

Бұның біріншісі — қазақ халқының есте жоқ ескі заманнан жиып сақтап, өсіріп келген өз даналығы, халықтың ауызша әдебиет қоры. Ақын Абай осы қордан көп нәр алып, сол арқылы өз өлеңін көп көркейтті.

Екінші бір қол артқан қазынасы — араб, парсы, түркі тіліндегі шығыстың көркем классик поэзиясы.

Үшінші үлкен нәр, мол азық алған зор саласы — орыс халқының мәдениеті және сол арқылы Европа мәдениеті. Осы соңғы өріске құлаш созу Абай заманы үшін әрі жаңа тарих, жаңа дәуір басы, әрі және үлкен ұзақ кең майдан келешек еді», — деп жария етеді.

1939 жылы Абайдың қайтыс болуына 35 жыл толуына орай алдын-ала жазған «Абайдың идеялық-мәдени ізденістері» деген зерттеушілік ойға бай мақаласында М. Әуезов алғаш рет ақын мұрасы-

ның рухани нәр алған қайнарлары арасында орыс, Европа мәдениетінің басым жатқан ерекшелігін айрықша атап өтеді. Абайдың ақындық кітапханасының Европалық жағына молырақ аялдап, Абайдың орыс классиктерін мейлінше терең танып-білуі себепті, «Бүтіндей бергі шығыстағы елдердің ішіне бұл мұраға алдымен жеткен осы Абай ғана» деген тұжырымға келеді. Ол тұста-ақ зерттеуші Абайды тек орыс классиктерімен ғана шектемей, оны бүкіл орыс мәдениетімен тұтас алып, жан-жақты тереңдей қарастыру міндетін алға тартты. Әрі осы міндетті өзінің «Абай жолы» эпопеясында біршама орындап та шықты. Осы мақсатты жүзеге асыру жолында «Абайдың идеялық-мәдени ізденістері» деген мақаласы ғалымның абайтану саласында жүргізіп келген ізденістерінің өзекті буындарының біріне жатады.

Міне, М. Әуезовтің ғылыми-творчествосында елеулі орны бар «Абайдың идеялық-мәдени ізденістері» деп аталатын бұл мақала жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 15-томына «Әдебиет және искусство» журналының 1939 жылғы, № 7 санында жарияланған нұсқасы негізінде жіберілді.

### АБАЙ ЮБИЛЕЙІ ТУРАЛЫ

1940 жылы Абайдың 95 жылдық мерекесіне орай республика көлемінде ұлы ақын мұрасын насихаттау, зерттеу, деректер жинау жолында әр салада-ақ даярлық жұмыстары жүріп жатты. Бұл тұста Мұхтар Әуезов «Абай» романын жазу үстінде ұлы ақын жөніндегі атқарылар жұмыстар мен архив деректеріне, жаңа мәліметтерге, әсіресе зерттеушілік ой-пікірге айрықша назар аударуда болатын. Ақын юбилейіне орай Абай шығармаларының барынша толықтырылған екі томдық толық шығармалар жинағын баспаға даярлап, ақын өмірі мен творчествосы жайлы көптеген тың деректерді ендірді.

Осы тұста М. Әуезов баспасөз арқылы Абай туып өскен ортада, әсіресе Семей облысы көлемінде атқарылар нақтылы жұмыстар мен архив деректерінің көзіне, оларды іздестіруге қозғау салады. Осы мақсат тұрғысынан жазылған М. Әуезовтің «Абай юбилейі туралы» деп аталатын мақаласы «Қазақ әдебиеті» газетінің 1940 жылғы 5 январьдағы санында жарияланған нұсқасы негізінде жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 15-томына жіберілді.

### АБАЙ ЖАЙЫН ЗЕРТТЕУШІЛЕРГЕ

Бұл мақаланың Абайдың туғанына 95 жыл толу мерекесіне орай жазылуының белгілі себебі де болатын-ды. Өйткені М. Әуезов Абай мұрасын танып білу жолында алдына екі түрлі мақсат қойды: Біріншіден, Абай, туралы романдар циклін жазуға даярланса, екіншіден, ұлы ақын мұрасын ғылыми тұрғыдан терең зерттеу жұмыстарын жүргізуді көздеді. Мұның үстіне Абайдың жүз жылдық юбилейін өткізу мерекесі де жақындап келе жатты. Ол жайында да ой түйіп, ресми орындарға өз ұсыныстарын айту міндеті де тұрды.

Жазушы «Абай жайын зерттеушілерге» деген мақаласында жұртшылық пазарын бір жайтқа айрықша аударады. Онысы — ел ішінен Абай айтыпты-мыс деген дақпыртпен ақын өлеңі деп жинастырыла бастаған өлеңдер тобына аса сақтықпен, сын көзімен қарауды ескертуі еді. Абайдың Абайлығын танытар өлең жолдары болма-

са, оларды ақын мұрасы ретінде қарастырудың реті жоқ деп ескертуі дәл бүгінге дейін ғылыми мәні бар пікірге айналып отыр. Себебі, біздер Абай өлеңінің аздығынан жапа шегіп отырған жоқпыз, қайта Абай өлеңінің мән-мағынасын тереңдей ашын зерттей алмауымыздан кемтарлық көріп жүрміз деп қарады.

Бұл жылдары М. Әуезов әсіресе ұлы эпопеясын жазу үстінде қолда бар бүкіл деректер көзін қайта қарап сұрыптап екішгенде, тағы да Абай өмірін, ақын заманының бар болмасын тереңдей танытатын нақтылы деректер көзіне әлі де ділгірлігі арта түскенін сезді. Абай заманын танып-білуге аз да болса септігі бар дерек атаулыны ірілі-ұсақтығына қарамай жинастыра беруге мұрындық болумен бірге бұл әрекетке өзі де тікелей қызу араласып, жинастырған деректер көзін атақты эпопеясында қаншалықты пайдаланғанын жазушы архивіндегі деректер (ЛММА архиві, № 28, 29-папкілер) айғақтайды. Жазушының жинастырылған санқилы деректер көзінің нәтижесі: «Абай заманын көп сынық айнаны жамап барып танығандай, дұрысырақ таныр ек», дейтін образды меңзеуінде терең шыныдық бартып-ды. Өйткені Абай заманының табы түскен тарихи демін аталмыш деректер негізіне сүйенгенде ғана: «Абай өлеңдерінің ішіндегі көп-көп өзгеше жолдардың сырын, пәрін, мәні-жөнін танытады»,— деп бұларға айрықша мән бере қараған. Мысалы, Абайдың саяси— әлеуметтік лирикаларында терең әшкереленетін штатқа түсу, билікке таласу қазақ атқамінерлерінің бойындағы келеңсіз психологиялық өзгерістердің әлеуметтік тамырын дәл басып танудан туған:

Бір сөз үшін жау болып  
Бір күн үшін дос болып,  
Жүз құбылған салт шықты.

Бет бергенде шырайың сондай жақсы,  
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың,—

цеген образды ой оралымдарында қатпар-қатпар астар жатыр. Мұны дәлдеп танып түсінудің кілті, әрине, «Жаңа низам ережесінің» отаршылдық мүддедеп туған саяси астарын ашып барып түсінбейінше оның мән-мағынасына ене алудың өзі қиын. Абай заманын, ақын өлеңіндегі ұятты сыншыл сарынды да жазушы осы аталмыш деректер көзінің негізінде ашып отыратынын көреміз. Міне, осы жайларды ескерген М. Әуезов Абай заманын, ақын өлеңінің табиғатын танытатын ірілі-ұсақты дерек атаулыны жинастырып, хатқа түсіруге шешуші мән бергендіктен де аталмыш мақаланы жазған.

«Абай жайын зерттеушілерге» деп аталатын мақала алғаш рет «Екпінді» газетінде (1940, 17 шілде), 1967 жылғы «Абай Құнанбаев» монографиясында және жазушының 12 томдық шығармалар жинағының 11-томына (151—253 бет) жарияланды.

### АБАЙДЫҢ ӨМІРБАЯНЫ

Мұхтар Әуезов жазған Абай өмірбаянының екінші нұсқасы 1940 жылы ұлы ақын шығармаларының екінші рет жарияланған толық жинағының 2-томында басылды.

Абай өмірбаяны М. Әуезов тарапынан төрт рет түбегейлі түрде қайта жазылып (1933, 1940, 1945, 1950 ж. ж.) өңделгенде, көптеген тың деректермен толығып, ескірген мағлұматтарды қысқарту проце-



сінде Абай өмірбаянының екінші нұсқасының алар орны да өзгеше. Өйткені 1936 жылы М. Әуезов Абай жайындағы романдар циклін жазуға бел байлап, алдын-ала даярлық ісіне тікелей араласысымен-ақ ұлы ақын өмірі мен творчествосы туралы ұзақ жылдар бойы тірнектеп жинастырған көл-көсір материалдарын қайта қарап, мүлде жаңадан сұрыптап талдауға кіріседі.

1933 жылы Қызылорда қаласында Абайдың тұңғыш толық жинағын жариялап, алғаш рет Абай өмірбаянын жазуда қолда бар деректерін сұрыптап, бір жүйеге түсіріп, іріктеу үстіндегі тәжірибесі де, ақын өмірбаянының екінші нұсқасын жақсартып, мейлінше толықтырып, белгілі бір жүйеге түсірудегі ғылыми-творчестволық тәжірибесі де бұ істе өз нәтижесін беріп жатты:

Абай өмірбаянының екінші нұсқасын қайта толықтырып, соны деректермен жетілдіру, жазу үстіндегі әрекеті мен «Абай» романының алғашқы кітабының қосарланып қатар жазылуы кездейсоқ нәрсе емес. Өйткені М. Әуезов соңғы жылдарға дейін Абай туралы зерттеулерінің екі салада қатар жүргізіліп, бірін бірі толықтырып отырғанын атап өтеді. Мұндай әрекет тіпті 1933 жылғы Абай шығармаларының бірінші басылымы мен 1939—1940 жылғы екінші басылымының аралығында жүргізілген ізденістердің нәтижесінен де айқын байқалады. Мысалы, 1936 жылы Абай өмірі мен творчествосы туралы өз қолында жинақталған деректерді қайта қарап сұрыптап, бір жүйеге түсіргеннен кейін-ақ іле-шала Абай өмірбаянының екінші нұсқасын жазуға даярланумен бірге дәл осы тұста «Телғара» деп аталатын Абай туралы роман жазып жариялайтынын баспасөзде хабарлайды («Қазақ әдебиеті», 1936.). Дәл осы тұста кейін «Абай» романының екінші кітабында творчестволық зор шабытпен суреттелетін Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан аударылып, арнайы ән шығарылған «Татьянаның қырдағы әні» деген атпен жарияланған үзінді арқылы жазушы өз күшін байқап та көреді. Әрі мұның өзі Пушкиннің жүз жылдық юбилейіне орай жариялануында да белгілі мән бар еді.

Автор Абайдың ғылыми өмірбаянының екінші нұсқасын жазудағы алға қойған мақсатының бірі: «Ақын жайында осы күнге шейін мәлім болған мағлұматтардың бәрін жарыққа шығару» (Абай Құнанбайұлы. Толық жинақ. 2-том. Алматы, 1940, 317-б).— деп мәлімдейді емес пе? Осы себепті болса керек, 1933 жылғы басылымдағы Абай өмірбаянын үстінен қайта қарап, түбірлі өзгерістер ендіреді. Онда айтылған көп деректер мен мағлұматтарды қысқартады. Олардың орнына Абай өмірі мен творчествосы жайында табылған жаңа деректерді молырақ қосып, тіпті өз танымындағы бұрынғы ой-пікірлеріне көптеген өзгерістерді батыл ендіріп отырғанын мына фактілерден көруге болар еді:

1) Екінші нұсқаға (1939—1940 жылғы) жаңадан соны таным тұрғысынан ендірген Абай өлеңдері: «Тайға міндік» (35 жол, 146 бет); «Өмірді алла беріпсің» (15 жол, бұл «Әбдірахман өлгендегіге» қосылған, 182-бет); «Әбдірахман өлгенде оның әйелі Мағышқа Абай шығарып берген жоқтау» (106 жол, 182-бет); «Әбдірахманға» (26 жол, 183-бет); «Әбдірахман өлімінен соң өзіне айтқан жұбатуы» (40 жол, 184-бет); «Әбдірахманның келіншегі Мағышқа Абайдың айтқан жұбатуы» (62 жол, 185-бет); «Қарға мен түлкі» (59 жол, 213-бет); «Жүрек — теңіз, қызықтың бәрі асыл тас» (12 жол, 229-бет); «Сап, сап, көңлім, сап көңлім» (59 жол, 231-бет); «Қатынын қалай демес ақсақал бай» (12 жол, 234-бет).

2) Текстологиялық жағынан қайта қарастырып өлеңдегі кейбір сөздерге сілтеме арқылы берілген түсініктер де біршама орын алған. Мысалы, 80—81, 84—85, 92—93, 97, 99, 119, 136, 143, 146, 154, 159, 165, 169—170, 173, 176—177, 218, 225, 227, 232, 387-беттер.

3) Абай өмірбаянына жаңадан табылып қосылған қосалқы деректер де молыға түсті. Мысалы, 387-бетке 3 беттей жаңа мағлұмат беріледі.

4) Абай жайында айтылған жаңа естелік әңгімелер ретінде 401-бетке 17 бет көлеміндегі Мадияр, Қатпа, Әрхам, Тұмабай айтқан деректер де алғаш рет қосылып отырғанын көреміз.

5) Абай жазған кейбір өлеңдердің қай тұста, не себепті, кімге арналғандығын жаңадан анықтап, оларды ақын шығармаларына берілген қосымша түсініктемедегі 323, 327—328-беттерде берген.

6) Кітаптағы Абай өмірбаянының беттерінде жол-жөпкей қосылып, өзгертіліп отырған көптеген қосалқы дерек мағлұматтар да жиі ұшырасып отыратынын кітаптың: 330—333, 335, 338—339, 341, 349, 352—355, 358, 362—364, 369, 371—372, 374, 376—377, 382, 384—385, 387—388-беттеріндегі қолтаңбалардан анық көрсө болғандай.

Міне жоғарыда мысал ретінде аталып өткен қосалқы дерек-мағлұматтардың бәрі де автордың өз қолымен жазылған қолтаңба асыл түпнұсқасы ретінде Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылым кітапхана (ОФК) қорындағы № 1913 папкіде сақталып қалған. Кітап бұрын автордың өз меншігінде болуы себепті де (кітап титулының бетінде Мұхтар, 3 январь, 1934 жыл» деген қолы бар) кітап үстінен редакциялап, өзгерістерді, қосалқы деректерді қосумен қатар, кітаптың көптеген беттеріне жаңадан жазылып қосқан әрі оны тиісті беттерге желімдеп жапсырған қолжазбаларының көлемі 76 бетке созылады.

Абай өмірбаяны мен өлеңдеріне де көп өзгерістер ендірген. Әсіресе өлеңдерге текстологиялық түзетулер қосып, сөздерді, өлең орындарын ауыстыру, өлеңнің жазылған жылдарын, тіпті кейбір оқиғалардың болған жеріне дейін қайта қарап анықтауға көп күш, уақыт жұмсағаны сезіліп тұр. Ерекше атап өтер бір жайт: 1933 жылғы тұңғыш толық жинақ латын әрпінің жаңадан ендірілген тұсында әрі корректорлардың бұл әріпке әлі де дағдылана алмауы себепті қатекемшіліктер көптеп кеткенін М. Әуезовтің өзі де атап өтетіні бар. Осы себептерді қатты ескерген әрі тағы да текстологиялық ізденістер жүргізген Мұхтар Әуезов бұл басылымдағы Абай өлеңдерінің әрбір бетін өз қолымен редакциялап, айтарлықтай мол түзетулер ендіруі — Абай өлеңдерінің басталқы табиғи қалпына келуінде өзекті буынға айналды.

Осы кезекте тіпті жер, су, елді мекен, ру, кісі аттарының өзіне дейін зор өзгерістер ендіріп, оларды Абай өмір кешкен саяси-әлеуметтік тарихи оқиғалармен табиғи қалыпта ұштастырып, шындықты нақтылы танып-білуге ұмтылған зерттеуші ізденістері анық байқалады. Мысалы, Абай өміріне тікелей қарым-қатысы бар жер, су, елді мекен атауларының жалпы саны 1933 жылғы басылымда 20 ға жетсе, 1940 жылғы басылымда ол 41 ге жетіп, жаңадан 21 атау анықталып тыңнан қосылуы тек осы саладағы ізденістің өзі қаншалықты дәрежеде болғандығын айғақтап тұр.

Ал Абай күнделікті тұрмыста тікелей қоян-қолтық араласып, көптеген оқиғаларда бірге болған әртүрлі рудан шыққан жеке кісілердің өзі 1933 жылғы басылымдағы өмірбаянда 106 ға жетсе, 1940 жылғы жазылған өмірбаянда оның саны 166 ға дейін көбейген. Яғни

бұл адамдардың 105-і жаңадан анықталып қосылғандар, сол әлеуметтік ортада ұлы ақынмен аралас-құралас өскен белгілі кісілер болып шығады. Бұл жолы ақын өмірбаянының алғашқы нұсқасынан 45 адам аты әртүрлі себептерге байланысты қысқартылған. Міне, қарап отырсақ өмірбаянда қамтылған кісі аттарындағы өзгерістердің өзі айтуға оңай болса да, Мұхтар Әуезовтің Абайдың ғылыми өмірбаянының екінші нұсқасын қайта жаңғыртып жазу үстінде ғұмыр бойы тірнектеп жинастырып, қорландырып келген деректер мен мағлұматтар көзін қаншалықты дәрежеде қайта сұрыптап, талдап қорытқан, ең қажетті, өзекті дегендерін қайтара екішеп қалыптастырған творчестволық ғылыми ізденістерін анық танытады.

Абай өмірбаянының екінші нұсқасын жазу үстінде 1933 жылғы басылым үстінен жүргізілген өзгерістердің өзі көлемі жағынан алғанда қолжазбада 76 бет. Бұл арада біз автордың кітап бетіне де жазып ендірген көп қосымшалары мен өзгерістерін еске алып отырған жоқпыз. Тіпті айта берсе, мұның өзі де көп өзгерістерді танытады. Өйткені кітап бетіндегі көптеген қысқартулар мен жаңа қосымшалар кей тұстарын қайта редакциялап қысқартқан не толықтырған жерлер, көптеген сілтемелердің (балақ жазудағы) қайта өңделіп жаңғыртылуы, һашия ретінде жазылған қосалқы пікірлер осы салаға қосылады. Осылардың бәрі де кейінірек машинкаға басылып, қайтадан редакцияланып, біршама өзгерістерге ұшырағаны байқалады. Өйткені автор даярлап, баспаға тапсырған машинкаға басылған қолжазба нұсқа сақталмауы себепті, біз ол өзгерістерді тек қана автордың 1940 жылы жариялаған өмірбаян нұсқасы мен 1933 жылғы басылым үстінен жүргізген қолжазба жазуын бір біріне салыстыру арқылы ғана біле алмақпыз.

1933 жылғы басылым үстінен жүргізген қолтаңба жазуларында кейбір деректер, ұғымдар, редакциялаған тұстар 1940 жылғы Абай өмірбаянына енбей, түсіп қалған жерлері де ұшырасады. Мысал ретінде атап өтер болсақ, 1933 жылғы басылымның 170-бетіндегі балақ жазуда: «Әбсәмет — Алматының адамы. Мағауия соның үйінде жатып, күтімге, көмегіне қатты ырза болып Абайға хат жазған», — деп алғаш рет Әбсәметтің кім екендігін анықтап, Абайдың «Әбдірахман науқастанып жатқанда» (А, құдай, бере көр») өлеңінің жазылу тарихын, дүниеге келу себебін алғаш рет нақтылап ашатын аса құнды дерек-мағлұматтардың 1940 жылғы басылымға енбей қалуы жоғарыда аталған себептің төркінін айғақтағандай. Осы аса құнды, Абай мен Мұхтар Әуезовтің өз өмірбаяндарына тікелей қатысты жаңа деректің 1945, 1950 жылғы Абай басылымдарында да берілмей келіп, оның тек «Абай жолы» эпопеясының соңғы кітабында мольпан, кең суреттелетінін көреміз (қараңыз: Мекемтас Мырзахметов, Әбсәмет жннің... «Қазақстан мұғалімі», 1979, 9 февраль; «Лениншіл жас», 1981, 1 шоль).

Абайдың тұңғыш толық жинағында (1983 ж.) Абай өмірбаяны мен барлық қосалқы деректер «Түсіндірме, қосымшалар» деген тақырыппен берілген бөлімде: «Абай жазған өлеңдердің қашан, қалайша жазылғандары туралы түсіндіру қосымшалар», «Абайдың туысы мен өмірі» деп аталатын екі тақырыпқа ғана жіктеп орналастыруы себепті бүкіл Абай жайлы деректер тобы бір-ақ жерге шоғырландырылып берілгені көрініп тұр. Ал Абайдың ғылыми өмірбаянын екінші рет қайта жазу үстінде жаңадан іздестіріп тапқан деректер тобын көлемі мен алар орнына қарай қайтадан сұрыптап, жіктен, бірнеше тақырыптарға жүйелеп салалаған. Бұл әрекеттегі айтарлықтай ерек-

шеліктің бірі — Абайдың ғылыми өмірбаянын жазуда пайдаланудан артылып қалған материалдарды өз алдына жеке тақырып ретінде бөліп беруінде жатыр.

Абай өмірбаянының екінші нұсқасында ақын туралы жинақталып қорланған дерек-мағлұматтардың жіктелу, жүйелену тәртібіне көз жіберсек, тіпті мұның өзі сегіз салаға бөлініп күрделене түскен қалпын танытады. Бұл сегіз саланың әрқайсысын жеке-жеке тақырыптармен атап, бір жүйеге түсіріп беруі — Мұхтар Әуезовтің Абай өмірі мен творчествосы жайындағы танымын мен ол деректерді талдап біліп меңгеруі соншалықты тереңдей түскен білгірлікті аңғартады.

Әуелі «Абайдың өмірбаяны» өз алдына дараланып беріледі де (мұндағы көлемі 55 бет), мұнан қалғандары қосалқы деректер ретінде өз алдына жеке топтастырылады. Олар: яғни Абайдың өткендегі ата-баба, туыстары туралы деректерді «Абайдың ата тегі туралы» деген атпен бір бөлек берсе, ақын өмірі мен шығармалары жайындағы естелік ретіндегі мағлұматтарды өз алдына жеке топтастырып «Абайдың өмірбаянына қосымша материалдар» деген айдармен береді. Мұның өзі: 1) Көкпай әңгімелері, 2) Тұраш әңгімелерінен, 3) Мәдияр, Қатпа, Әрхам, тағы басқалар айтқан әңгімелер, 4) Мұсылманкүл Жиреншиннің әңгімесі: а) Аблай туралы айтқаны, ә) Құнапбай мен Ақанас батыр туралы деп әрі қарай жіктеліп кетеді.

Абай шығармаларының 1939—1940 жылы жарық көрген екі томдық толық жинағының екінші кітабы тұтастай Абай аудармалары мен қарасөздерін қамтыды. Алғаш рет Абай аудармаларына (Пушкин, Лермонтов, Крылов) арнайы түсініктеме берілді. М. Әуезов өзінің осы саладағы ізденісі мен танып білуінің тереңдеуі себепті бірден 53 аудармаға түсініктемесі жазып, оларды дербес түрде «Абай аудармаларына берілген түсініктер» деген айдармен жеке тақырып етіп бастырған.

М. Әуезов өмірбаяны туралы деректердегі кісі аттарына, әсіресе олардың кім екендігі мен Абайға қандай дәрежеде қарым-қатынасы барлығына айрықша көңіл бөле бастайды. Мұның себебі, көбінесе бұл тұста Абай жазған арнау өлеңдердің кімдерге арналып жазғанын анықтауға кеп тіреледі, әрі көптеген арнау өлеңдердің жай-жапсары, сыры осы басылымда молырақ ашылған еді.

Зерттеуші Абай өмірбаянының екінші нұсқасын жазу жолында, әрі «Абай» романын жазуға даярлану үстінде негізінен ел аузында айтылып жүрген деректерді жинастырып сүйеніп етумен бірге бұл тұста архив деректеріне де ден қойып іздестіре бастады. Осы мақсатпен Алматы, Семей архивтерін сүзіп қарау арқылы Абайдың орыс достары жайлы және т. б. мағлұматтарға толығырақ қаныға түседі. Әсіресе қазақ даласына отаршыл үкімет ендірген 1822 жылдан 1868 жылға дейінгі билеу жүйесіндегі ерекшеліктерге, осы билік жүйесі тудырған көптеген билік атауларына, олардың өмірге ену жолы мен қазақ арасындағы ескі билік жолындағы ұғым-танымдардың өзгеріске түсіп, адам психологиясында туындаған әрқилы көріністерді баурай танып білуі де осы тұста тереңдей түсті. Бұл кезде М. Әуезовке Абай өмірбаяны мен ақын жайлы жазылар романдар циклінде арнайы суреттелетін, әсіресе Құнапбай заманы мен Абай тұсындағы билік жүйесіндегі ерекшеліктен келіп туатын билік атауындағы жаңарып туындаған өзгерістердің эволюциялық даму жолын терең танып білу міндеті алға қойылды.

1933 жылғы өмірбаянда Абайдың ата тегі, бабалары, нағашы

жұрты молырақ сөз етілсе, 1940 жылғы өмірбаянда бұларды қысқартып, оның орнына Құнанбай заманындағы жағдайды танып білуге көбірек үйіледі. Абай өмірі мен оның творчествосындағы іштей байланысты, ақын өлеңдеріндегі басты сарының өзі жасаған тарихи қоғамдық шындықтан туындаған табиғатын ашуға күш салады. Өйткені Құнанбай мен Абай арасындағы яғни әке мен баланың дүниетаным, бағыт-бағдарындағы қайшылықты тудырған әлеуметтік-тарихи заман тамырын ашып, Абайдың қалыптасу жолын ұғыну үшін де бұларды терең танып білу талап етілді.

Зерттеуші Құнанбай заманында-ақ отаршыл үкіметтің әуелі төрелерді ел билеу ісіне пайдалануын, келе келе оларды билік ісінен шетке қағып, бейтарап ұстау мақсатын терең сезініп, мұны Құнанбайдың аға сұлтан болуына жол ашқан саяси-әлеуметтік себептердің нәтижесі деп таныды. Ал аға сұлтандық дәуір (1822—1868 жылдар арасы) қазақ арасындағы билік атауларына алғаш рет өзгерістер ендірді. Енді патша үкіметі ірі руларды әлсіретіп, ұсақтап билеу саясатын алға қойды да, 1868 жылғы «Жаңа нызам» ережесін бекітті. Жаңа билеу жүйесі өмірге мықтап енді де, тағы да билік атауларында айтарлықтай өзгерістер ендірді. Отаршыл үкімет қазақ елін іштеп ірітіп ұстау жолындағы көздеген саяси мақсатына жетті. «Жаңа нызам» ережесінің өте нәзік түрде ендірілген әрі территориялық принципке құрылған түпкі саяси мақсатын патшаның белгілі отаршыл генерал-губернаторы Гродековтей ешкім де ашып айтқан емес. Міне, М. Әуезов Абайдың бүкіл саналы өмірі осындай айла шарғысы ерте ойластырып құрылған билік жүйесінде өтуі себепті, осы тұстағы билік жүйесінің саяси-әлеуметтік табиғатын терең танып білуге ерекше мән берді. Жалпы Абай өмірбаянының төрт нұсқасында 52 билік атауы қамтылса, оның «Абай жолы» эпопеясында 83-ке жетуі жай ғана айтқанға оңай, болмаса оның әрбірінің тарихын танып білудің қаншалықты қиынға соғары белгілі жайт.

Бұл процесті білмейінше Абайдың саяси-әлеуметтік лирикаларындағы, әсіресе ел билеуші болыстар мен ұсақ атқамінерлерді өлтіре сынаған сатиралық өткір сарындағы өлеңдер табиғатын, осы ел билеу нәтижесінен шығарып барып айтатын ақын ойын танып-білудің өзі мүмкін емес еді.

Міне, Абай өмірбаянын жазғандағы М. Әуезовтің Абай өлеңдерінің әлеуметтік мотивін ақын жасаған өмір шындығымен байланыстыра отырып ашуда ұстанатын принципін жоғарыда аталған жағдайлардан көреміз. Бұл туралы тіпті М. Әуезовтің өзі архивтегі қолжазбаларының бірінде: «Қазақ еңбекшілерінің отаршылдық аппараттан көрген есесіздігі, теңсіздігі. Абай өмірі мен шығармаларын зерттеуде, оның тұсындағы сол отаршылдық аппараттың қалпын, құрылысын, жоғары төмен әкімшілік орындарын, өкілдерін айрықша толық талдап түсінудің қажеттілігі. Бұлардың — атшабар, старшын, елубасы, бн, болыс, тілмаш, ояз, жандарал, адвокат Абай шығармаларында көп орын алатыны. Сол патшалық отаршыл аппараттың жайын оқушы жұртшылыққа толық түсіндіретіні» (ЛММА архиві, 335-папкі, 1—2 бет), — деп айрықша шолып атап өтетіні де бар. Осы себепті, М. Әуезовтің Абай өмірбаянын жазғандағы төрт нұсқаның ішіндегі айырмашылықтар мен өзгерістердің сырын терең танып ашып отыру, олардың себебін білу — абайтану тарихы үшін керектің керегі болып табылады.

Мұхтар Әуезовтің шығармаларының 20 томдық шығармалар жинағының кезекті 15-томына «Абайдың өмірбаяны» ұлы ақын шы-

гармаларының 1940 жылы латын әрпінде жарияланған нұсқасы бойынша жіберілді.

## БҰҚАР ЖЫРАУ

Қазақ әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі Бұхар жырау Қалқаманұлы туралы М. Әуезовтің бұл зерттеу-мақаласы М. Жолдыбайұлы, Қоңыратбайұлдарымен бірге жазған әдебиеттің оқулығы кітабында (ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы. 7-класқа арналған. Алматы, 1933. 15—19 б.) жарияланды. Жазушы архивында сақталған кітапта (ЛММА. КҚР — 1, п. № 379, 1—168 б.) өзі жазған тарауларының басына көк қарындашпен «Мұхтар» деп жазып қойған және осы кітапты кейін бастап-аяқ түзеткен, көп тұстарын сызған, өшірген, жаңадан толықтырулар да қосқан. Кітап жпектерінде қызыл, көк қарындаш, күлгін сиямен сызған әдеттегі өзіне тән белгілері де көп. Бұл кітапты қайта бастырар болса басқаша жазуды жоспарлағандықты көрсетеді. Оң бесінші томға сол басылым өзгеріссіз күйінде жіберіліп отыр.

## МАХАМБЕТ

Жазушының бұл зерттеу мақаласы Махамбеттің өмірі, Махамбеттің ақындығы деген тарауларға бөлінеді. Алғаш рет М. Жолдыбайұлы, Ә. Қоңыратбайұлымен бірігіп жазған кітапта (ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы. 7-класқа арналған. Алматы, 1933, 19—27 б.) жарияланды. Архивындағы сақталған кітаптағы (ЛММА. КҚР — 1, п. № 379) түзетулер — «Бұлардікі де сол жылдарда шыққан Кенесары қозғалысы сияқты өз артынап бұхара халықты ерткен» дегенді өшіріп, орнына «Бірақ қозғалыстың басшылығы Исатай мен Махамбет, бп, батырдың қолында болды» деп жазғаны сияқтылар еді. Көп тұстарды сызып, біраз сөз, сөйлемдерді өзгерткен. Түзетуден алдыңғы басылым сол калпында он бесінші томға ұсынылды.

## БЕКТІК ҚҰЛАУҒА АЙНАЛЫП, ӨНДІРІС КАПИТАЛЫ ДӘУІРЛЕЙ БАСТАҒАН КЕЗДІҢ ӘДЕБИЕТІ

*(1870-жылдар мен 1905 жылдар арасы)*

1933 жылы Алматыда жарияланған «ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» деп аталатын оқулықта ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ еліндегі саяси-әлеуметтік тарихи өмір шындығы мен осы кезеңдегі ақын-жазушылар творчествосындағы әлеуметтік басты сарынның туу, пайда болу себебін шолу түрінде болса да оқушыға алдын ала ұғындыру мақсатымен «Бектік құлауға айналып, өндіріс капиталының дәуірлей бастаған кездің әдебиеті (1870 жылдар мен 1905 жылдар арасы)» тарауы (47—53-бет) арнайы берілген.

Оқулықты авторлар коллективі М. Жолдыбаев, М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаевтар бірігіп жазған. Бірақ оқулықтағы тарауларды қай

автордың қай тарауды жазғаны атап көрсетілмеген. Бір жақсысы жазушы архивінде сақталған (ЛММА архиві, № папка 379) осы оқулықтың беттерінде өзі жазған тарауларды М. Әуезовтің арнайы белгілеп көрсетуі көп жеңілдіктер береді. Дегенмен кейбір тарауларды әлі де анықтай түсуді қажет ететін жақтары да баршылық. Соның бірі — «Бектік құлауға айналып, өндіріс капиталының дәуірлей бастаған кездің әдебиеті (1870-жылдар мен 1905 жылдар арасы)» деп аталатын шолу тарауы қай автор тарапынан жазылғаны беймәлім күйде. Бұл шолу ретінде берілген тарауда негізінен «Жаңа низам» ережесі өріс алған тұста әдебиет майданына келген, Абай өмір кешкен саяси-әлеуметтік кезек көбірек сөз болуына әрі жазылу стиліне қарағанда М. Әуезовке тән сияқты. Әрі мұның үстіне М. Әуезов жазған «Абайдың өмірі мен ақындығы» деген тарауда: «...қоғамдық жаңалықтары не скенін біз XIX ғасырдың екінші жартысына арналған жалпы мақалада айтқамыз» (ЛММА архиві, № папка, 85-бет), — деп сілтеген ескертуіне қарағанда да бұл тарауды кім жазғаны анық сезіліп тұр.

Оқулықтың шолу тарауында XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ жерінде патша үкіметі ендірген 1822 жылғы аға сұлтандық билік жүйесінің орнына 1868 жылғы «Жаңа низам» ережесі енгені көбірек сөз болады. Бірақ бұл соңғы саяси реформа патша өкіметінің зарарлы билік жүйесі болатын. Міне, әдебиет майданына осы тұста келген Абай шығармаларында осы саяси-әлеуметтік жағдай барынша реалистікпен суреттелуіне назар аударып, сол тұстың тарихи әлеуметтік жағдайымен оқушысын алдын ала тапшыстырады. Осы таным кейін Абайдың ғылыми өмірбаянын төрт рет қайта жазған және ақын мұрасы жайлы зерттеу ойларын қорытындылаған монографиясы мен «Абай жолы» эпопеясында жүйелі де, толық баяндалып, суреттелді.

Әрине оқулықтың шолу тарауында да бір кезде кең өріс алған тұрпайы социологиялық танымның іздері жатыр. Бірақ Мұхтар Әуезовтің абайтану саласындағы еңбектерінде сол тұстың әрқилы себептерімен сырттан енген бұл залалды өгей танымның іздері ғалымның Абай мұрасы саласындағы соңғы жылдардағы іздену, толысу процесінде сейілген тұмаңдай ыдырап, із-түзсіз жоғалды.

## ШОРТАНБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ

М. Жолдыбайұлы, Ә. Қоңыратбайұлымен бірігіп жазған кітаптағы (XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы. 7-класқа арналған. Алматы, 1933, 53—59 б.) М. Әуезовтің бұл зерттеу-мақаласы Шортанбай өмірінен, өз заманын түсініп бағалаудағы оның ақындық ерекшеліктерінен мағлұмат береді. Архивында сақталған кітаптағы белгілерге қарағанда мақаланы қайта өңдеп, толықтырып жазбақ болғандығы көрінеді. Жазушы топтап, жинақтап, шағын зерттеуінің өзімен-ақ ақын жөнінде мол түсінік, ұғым бере білген.

## ӘБУБӘКІР

М. Әуезов осы зерттеу-мақаласында Әубәкірдің өмірі мен ақындығын әңгіме етеді. Мол деректерді пайдалана отырып ақын бітіміне

лайық танытқыштық мағлұмат беруге әрекеттенеді. Мұнда да жоғарыда аталған кітап (ЛММА. ҚПР — 1, п. № 379, 99—102 б.) бойынша едәуір түзету, өзгертулер, әр түрлі сызу, белгілер бар. Он бесінші томға сол түзетіп, өзгерткен варианты жіберіліп отыр.

## ШӘҢГЕРЕИ

Бұл зерттеу-мақала да алғаш рет М. Жолдыбайұлы, Ә. Қоныратбайұлымен бірігіп жазған кітапта (XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы. 7-класқа арналған. Алматы, 1933, 102—108 б.) жарияланды. Басқа мақалалары сияқты кітап болып шыққаннан кейін мұны да көп түзетіп өзгерістер енгізген, сөз, сөйлемдер астын сызып, тұсына белгілер қойған. Он бесінші томға сол кітап бойынша жіберілді.

## КИРРЕСПУБЛИҚАНЫҢ ҮШ ЖЫЛДЫҒЫ

М. Әуезовтің «Қирреспубликаның үш жылдығы» деп аталатын орысша жазылған мақаласы алғаш рет Семей губкомының тілі болған «Степная правда» газетінің 1923 жылғы 16 июльдегі санында жарияланған.

Жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының XV томына бұл мақала 1972 жылы «Простор» журналының 2-санында жарияланған нұсқасы негізінде жіберілді.



## МАЗМҰНЫ

### МАҚАЛАЛАР, ЗЕРТТЕУЛЕР

Адамдық негізі — әйел . . . . .	7
Оқудағы құрбыларына . . . . .	9
Философия жайынан . . . . .	11
Ғылым тілі . . . . .	16
Оқу ісі . . . . .	19
Ескеру керек . . . . .	23
Қазақ оқығандарына ашық хат . . . . .	27
Бүгінгі зор міндет . . . . .	30
Қазақ қызметкерлерінің міндеті . . . . .	34
Егінге дайындалындар . . . . .	36
Қазақстан елшілерінің хабары . . . . .	40
Халық әдебиеті туралы . . . . .	42
Қобыланды батыр . . . . .	45
«Шаншар» журналы . . . . .	54
Жалпы театр өнері мен қазақ театры . . . . .	59
Қазақстан мемлекет театры . . . . .	85
Қазақ шаруа жастар мектебіне арналған программа және түсінік хат . . . . .	100
Қазақстан мемлекет театрының жеті жылдығы және алдағы міндеттері . . . . .	119
Абайтану мәселелері . . . . .	126
Бұқар жырау . . . . .	256
Махамбет . . . . .	262
Бектік құлауға айналып, өндіріс капиталы дәуірлей бастаған кездің әдебиеті . . . . .	272
Шортанбай шығармалары . . . . .	280
Әбубәкір . . . . .	286
Шәңгерей . . . . .	296
К трехлетню Кирреспублики . . . . .	303
Түсініктер . . . . .	307

### Мухтар Омарханович Ауэзов

#### СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ

#### В ДВАДЦАТИ ТОМАХ

#### Том пятнадцатый

#### Статьи и исследования

(На казахском языке)

Редактор *К. Узақбаева*. Художник *Т. Мухатов*. Художественный редактор *Б. Маширапов*. Технический редактор *Н. Сайфуллина*. Корректор *Э. Тулгасва*.  
ИБ 3568.

Теруге 18.07.84 жіберілді. Басуға 04.12.84 қол қойылды. УГ17331. Қалпы 84×108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. № 1 баспа қағаз. Қаріп түрі. «Әдеби». Шығынқы басылыс. Шартты баспа табағы 17,2+0,5 вкл. Шартты бояу келемі 17,4+0,5 вкл. Есепті баспа табағы 18,4. Тиражы 10 000 дана. Заказ № 1070. Бағасы 2 с.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің Халықтар достығы орденді «Жазушы» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспектісі, 143-үй.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің «Кітап» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің Кітап фабрикасы, 480124, Алматы қаласы, Гагарин проспектісі, 93-үй.

М. Әуезов Ташкентте болған Азия, Африка елдері қызматкерлерінің конференциясында сөйлеп тұр.  
1958 жыл.



М. Әуезов Қазақтың Мемлекеттік университетінің оқытушылары мен студенттерінің арасында. 1948 жыл.





М. Əuezov жұмыс үстінде. 1940 ж.

М. Əuezov студенттер арасында. 1948 ж.





М. Әуезов Москвада болған студенттер мен жастардың фестивалына қатысқан Ирак, Иран жастарының арасында. 1957 ж.

М. Әуезов жазушылар арасында. 1949 ж. Солдан оңға қарай: Ілияс Омаров, С. Михалков, М. Әуезов, А. Софронов.





М Әуезов СССР Жазушылар одағының II съезіне қатысқан Қазақ-  
стан жазушылары арасында Декабрь, 1954 ж.